

ЖОҒАРЫ



БІЛІМ

Ж. Смағұлов

# XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы

Оқулық

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ  
Астана–2017

ӘОЖ  
КБЖ  
Қ

*Баспаға Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынған*

**Пікір жазғандар:**

**Кәкішұлы Т.** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Жартыбаев А.** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Әділова А.** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Жарылғанов Ж.** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Смағұлов Ж.**

**XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы:** Оқулық. – Астана, 2017. – 480 бет.

**ISBN**

Оқулықта қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеп-зерделеу барысында тұжырымдарған негізгі мәселелерді оқыту басты нысанаға алынған. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өткен ғасырдағы әдеби мұраны игеру жолындағы зерттеулер жүйеленіп, қазақ әдебиеттануының туу, қалыптасу дәуірлері сараланған. Сол арқылы ұлттық әдебиет туралы ғылымның жеке сала ретінде қалыптасу жолындағы ізденістері мен іркілістері, жетістіктері мен кемшіліктеріне қазіргі кездегі өскелең талап деңгейінде баға берілген. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір де назардан тыс қалып жүрген қазақ библиографиясы мен сынының тарихы және ғылыми мектептердің қалыптасу жолдары туралы тың ізденістер жасалған. Оқыту құралдарынан талап етілетін әдіснамалық және әдістемелік жұмыс түрлері де толық қамтылған.

Еңбек жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, магистрлер мен әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы мәселелерін зерттеушілерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ  
КБЖ

**ISBN**

© Смағұлов Ж., 2017

© «Фолиант» баспасы, 2017

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	5	
<b>I БӨЛІМ. ӘДЕБИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ АРНАЛАРЫ</b>		
1-ТАРАУ. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы фольклортану.....	16	
2-ТАРАУ. Ғұмырнамалық зерттеулер мен өлең сөздің теориялық мәселелері.....	34	
3-ТАРАУ. Ә. Бөкейханұлы – әдебиеттанушы ғалым.....	47	
<b>II БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТУУ ДӘУІРІ 1900-1904 ЖЖ.)</b>		
1-ТАРАУ. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеудегі ізденістер .....	65	
2-ТАРАУ. Әдеби мұраны игерудің өзекті мәселелері (1920-30 жж.) .....	98	
2.1. 1920-1930 жылдардағы фольклортану мәселелері .....	101	
2.2. Әдебиет тарихының 1920-1930 жылдардағы зерттелуі.....	141	
3-ТАРАУ. Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасы .....	175	
4-ТАРАУ. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір .....	216	
<b>III БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ .....</b>		267
1-ТАРАУ. 1940-1955 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуы мен дағдарысы .....	267	
2-ТАРАУ. 1956-1970 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеттануындағы ізденістер мен іркілістер .....	323	
3-ТАРАУ. Ұлттық әдебиеттанудың 1970-1990 жылдардағы даму арналары.....	368	
<b>IV БӨЛІМ. ҚАЗАҚ БИБЛИОГРАФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ</b>		
1-ТАРАУ. Ұлттық библиографияны жасаудағы алғашқы қадамдар.....	379	
2-ТАРАУ. Қазақ библиографиясының қалыптасу жолдары .....	397	

**V БӨЛІМ. ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕР**

**1-ТАРАУ. Т. Кәкішұлы және қазақ әдебиеті сыны**

тарихының зерттелуі .....413

**2-ТАРАУ. Қазақ әдебиеттануындағы ғылыми мектептер** .....437

ҚОРЫТЫНДЫ .....464

ӘДІСТЕМЕЛІК ДӘЙЕКТЕМЕЛЕР .....468

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР .....475

Репозиторий қарғу

## КІРІСПЕ

Басқа қоғамдық ғылымдар секілді қазақ әдебиеттануы да ұлттық көркем әдебиет туралы жеке ғылым саласы ретіндегі қалыптасу жолын тексеру, бастан өткерген тарихи дәуірлеріндегі қол жеткізе алған жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда саралауды қолға алды. Онсыз қандай да болсын ғылым саласының өсіп-өркендемейтіні белгілі. Әсіресе кешегі кеңестік дәуірдегі тоталитарлық жүйе кезіндегі маркстік-лениндік әдіснамаға сай артық-кем айтылып, қағидаға айналып кете жаздаған қателіктердің орын алу себеп-салдарларын бүгінгі күн тұрғысынан таразылауды заман өзі талап етіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда ұлттық әдебиеттану ғылымының бастан өткізген негізгі кезеңдері, яғни туу, жетілу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадам болып табылатыны анық. Өйткені, ұлттық әдебиет туралы ғылым белгілі бір білімдер жиынтығы мен әдеби құбылыстарды танып-білу құралы ретінде өзінің ұғым-түсініктері теориясы, әдіснамасымен бірден қалыптаса қойған жоқ, қиын-қыстауға толы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешірді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеу жолын қоғамдық ой-сананың жетілуіне орай алғашқы ғылыми және теориялық ой-пікірдің ояну, көркем әдебиетке байланысты ұғым-түсініктердің қалыптасу, әдеби мұраны жинап жариялау, зерттеу процесіне сай кезеңдерге бөле отырып тексерудің, әдіснамалық тұрғыда толық жетілуін саралаудың практикалық та, теориялық та мәні бар. Оның ішінде тууы мен қалыптасу дәуірлерін бастан өткерген XX ғасырдағы әдеби мұраны игеру жолындағы зерттеушілік ізденістерін, ұлттық әдебиеттің ғылыми тарихын жасау мен дәуірлеудегі қадамдарын саралаудың маңызы зор. Ол бір жағынан ғалым Сантьяго айтқандай, «Тарихтан тағылым алмаған ұрпақтың сол тарихты қайталауға мәжбүр болмауы» үшін де керек.

Негізінен ұлттық әдебиеттанудың тарихи жолы турасында алғаш пікір айтқан ғалым Е. Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына

## КІРІСПЕ

көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі», – деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде заманның талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне ана тілі мен әдебиетінің мектептер мен оқу орындарында оқытыла басталуына сай алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді [1, 35]. Профессор Т. Кәкішев қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу жолдарын белгілі бір дәуірлерге бөлгенде, сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бір-бірін толықтыра дамитынын ескере отырып, үлкен үш кезеңге жіктейді. «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі. 1938-1985 жылдар аралығы», – деп көрсетеді [2, 3]. Сын тарихына тән бұл үш кезеңнің қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолына тікелей қатысы бар. Себебі әдебиет сыны өзінің туу дәуірінен бастап-ақ сол әдебиеттің тарихы мен әдеби-теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл тұрғыда орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолын зерттеушілердің бірі П. А. Николаевтың: «Попытка систематического исторического обзора знаний о литературе первоначально осуществлялась на материале критики» дегені дәлел бола алады [3, 7]. Ал оның арғы өзегі В. Г. Белинскийдің «Орыс сынының тарихи жолы мен даму жолын шолу дегеніміз, орыс әдебиетінің тарихын еріксіз шолу», – деген ойына саяды.

Е. Ысмайылов пен Т. Кәкішевтің қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірін Қазан төңкерісінен кейін бастауының тарихи себептері де жоқ емес. Оған басты тірек болып отырғаны – қазақ фольклоры мен әдебиет тарихын тексерудегі негізгі жұмыстар 1920-1930 жылдардағы оқулықтар мен алғашқы монографиялық зерттеулерде, ғылыми мақалаларда жүзеге асуы. Алайда, әдебиет туралы ғылымның тууы үшін ең әуелі әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық көзқарас пен ой-пікірлер қалыптасуы керек. Бұл – белгілі бір уақыт аралығын талап етіп, ұзаққа созылатын күрделі процесс. Себебі белгілі бір шығарма немесе ақын шығармашылығы туралы бағалаушылық мәндегі көзқарасты білдіретін алғашқы ойлар мен

түсіндірмелер жинақтала келіп нақты айтылғанда ғана әдебиетті өнердің бір түрін екенін танытуға кірісетін әдеби-теориялық ой-пікірлер мен ғылыми ұғымдарға айналады. Бұған, яғни әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікір мен ғылыми ұғымдардың қалыптасу процесіне, қоғамдық өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлардың әсерінен халықтық ой-сананың оянуымен қоса өркендейтін әдеби мұраны жинау, жариялау және игеру жұмыстары жетекші роль атқарады. Сондықтан кез келген халықтың әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолын сөз еткенде оның бастаулары болған әдеби-теориялық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғаш айтылуы, олардың бір жүйеге түсуі, жинақталуы, ғылыми ұғымдардың қалыптасуы қай кезден басталды, халықтың қоғамдық сана-сезімдеріне қалай ықпал ете алды, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар қандай еді деген проблемаларға жауап іздеуіміз қажет.

Міне, осы тұрғыдан келгенде қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу тарихын түрлі дәуірлерге бөлген жоғарыдағы екі пікірді нақтылай түсуге тура келеді. Біздің ойымызша, ұлттық әдебиет туралы ғылым тарихы былайша жүйелеген дұрыс секілді. Бірінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғы шарттардан тұратын арғы бастаулары, яғни тарих алдындағы дәуірі. Бұл ежелгі дәуір әдебиетінен бастап ХХ ғасырға дейінгі уақыт аралығына созылды. Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Ол 1900-1940-жылдар арасында жүзеге асты. Үшінші кезең – қалыптасу дәуірі. Бұл 1941-1970 жылдар аралығын қамтиды.

Қандай да болсын ғылым саласы бірден туып, қалыптаса қоймайтынын ескеретін болсақ, онда әдебиет туралы ғылымының алғашқы адымы қарапайым ой-пікірден, алғысөз бен түсіндірмелерден, ғұмырнамалық деректерден, халық тарихына байланысты ақпарлар мен мәлімдемелерден, шығарманың мәнін ұғып, сөзін тамашалаудан басталып, өзінің тууы, қалыптасу процесіне дейін ұзақ жолды бастан өткереді. Ғалым А. С. Курилов бұл турасында «Вопрос о том, когда и как возникла и сформировалась литературная наука в той или иной стране очень существен. Это вопрос об исторических далях национального литературоведения, его самобытных истоках и источниках. Это вопрос о времени и характере его включения в региональный и всемирный литературоведческий прогресс. Это наконец вопрос о своеобразии перехода определенного круга знаний и представлений о литературе, свойственных каждому народу, в науку о литературе, когда данная литературоведческая мысль отставая от национальной по своим представлениям, понятиям и форме выражения приходит к достижениям и открытиям, которые получают общенаучное

## КІРІСПЕ

признание, становится всеобщим достоянием», – деп жазады [4, 2]. Ендеше, көне түркі жазба ескерткіштерін хатқа түсіруден бастап Шоқан, Ыбырай, Абай заманына дейін созылған ұзақ дәуірді қазақ әдебиеттану ғылымының тууына дейінгі тарих алдындағы дайындық кезеңі деп алу заңды болмақ. Бұл проблема қазіргі қазақ әдебиеттануында Т. Кәкішұлы, Ж. Смағұловтың монографиялық еңбектері мен «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» талатын екі томдық академиялық басылымда өз шешімін тапты.

Ал туу дәуірін XX ғасырдың басынан бастауымыздың да негізгі жоқ емес. Халқымыздың мәдени, әдеби, ғылыми табыстарын тек Қазан төңкерісімен ғана байланыстырып, тарихи тамырларымызды жоққа шығарумен келген еуропацентристік және ұлттық нигилистік пікірлерді түзететін, кеңес өкіметінің орнауымен ғана құрсаулап қояр шектеушілікті қоятын уақыт жетті. Қайта ол табиғи даму эволюциясына сай дұрыс өркендеп келе жатқан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге «пролеткультты», «тұрпайы социологизмді», маркстік-лениндік әдіснама қағидаларын араластырып, аласапыран қылып жіберді. Бұл – бір. Екіншіден, профессор Т. Кәкішев қазақ әдебиеті сынының төңкеріске дейін туғандығын ғылыми тұрғыда толық дәлелдеп берді. Егер сын әдебиеттанудың үш саласының бірі болатын болса, онда оның да жеке пән болып туа бастағаны деп қарау керек. Біздіңше, бұл – дау тудырмайтын шындық. Ендеше туып, қалыптасып, енді жан-жақты даму жолына қадам басқан ұлттық әдебиеттанудың бастан өткерген тарихи жолын ғылыми саралау бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі екені анық.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу тарихында XX ғасырдағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге үлес болып қосылды деп табылған мақалалар мен баяндамалар, зерттеу еңбектер мен оқулықтар, монографиялар кешенді түрде объективті аналитикалық талдау және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы қарастырылуы керек. Осыған сай замана талабы мен идеология қыспағындағы қате теориялардағы көзқарасқа («пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым») ұшыраған мақалалар мен зерттеулер де салғастырмалы және салыстырмалы түрде сараланды.

Тарихи шындыққа сай баға беру бағытын ұстай отырып, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына орай жазылған еңбектердің жетістіктері мен бүгінгі таңдағы талап-тілек бойынша қателік болып табылатын тұстары таразыға алынды. Сол арқылы ұлттық әдебиеттанудың бастауы, қайнар көзі болған әдеби мұраны игеру процесін хронологиялық тұрғыда жүйелей отырып, туу, қалыптасу кезеңдеріндегі ізденістері мен іркілістерін, қате концепциялар мен



теорияларға қарсы күресте теориялық және методологиялық принциптерді меңгеру жолындағы табыстары мен кемшіліктеріне нақты баға беру көзделді.

Өзінің қалыптасу тарихын жан-жақты терең зерттеп алмай тұрып бірде-бір ғылымның толық мәнде қалыптасып, алға қарай дамуы мүмкін еместігі жалпыға мәлім жай. Себебі, ол зерттеулер сол ғылымының қол жеткізген жетістіктерін жақсылап меңгеруіне көмектесе отырып, одан әрі дамуына ықпал жасайды. Бұл жағдайдың әдебиеттану ғылымына да тікелей қарым-қатынасы бар. Егер орыс әдебиеттану ғылымының туып-қалыптасу тарихын зерттеуде ауыз толтырып айтарлықтай табысқа қол жеткен болса, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолындағы бастан өткерген тарихын тексеруге арналған монументальды ғылыми еңбек жоқ десе де болады. Сондай-ақ кейбір ұлт республикалары да өздерінің ұлттық әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолын зерттеуде тың қадамдар жасады. Солардың ішінен М. И. Машинскийдің «1920-1930 жылдарындағы белорус әдебиеттану ғылымы мен сыны» туралы докторлық диссертациясын, И. Я. Колчановтың «Мордва әдебиеттану ғылымы мен сынының қалыптасуы», ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолын сын тарихына байланысты қарастырған татар ғалымы Э. Р. Бориеваның, өзбек ғалымы Б. Назаровтың кандидаттық диссертацияларын атар едік. Сонымен қатар В. Р. Щербинаның, С. Машинскийдің, А. С. Бушминнің, Г. М. Фридлендердің, П. А. Николаевтың ғылыми еңбектерінде, А. Н. Иезуитовтың, Л. М. Земляновтың мақалалары мен ұжымдық жинақтарда әдебиеттану ғылымының теориялық және методологиялық проблемалары ғылыми тұрғыда тексерілуімен қатар, таяуға дейін бүкілкеңестік деп аталған әдебиеттану ғылымының туып, өркендеу жолдары мен қалыптасу тарихы жан-жақты зерттелгенін көреміз. Бізде әдебиеттанудың методологиясы жайында арнайы жазылған еңбек әзірге жоқ болғанымен, оның негізгі талап-тілектері, эстетикалық шарттары мен принциптері әдебиет тарихының жасалуына және теориялық еңбектердің жарық көруіне байланысты сөз арасында мол айтылып келе жатыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу тарихы, ондағы әдеби мұраның игерілу мен зерттелуі проблемасы көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихында» біршама сөз болады. Әдебиет сынының жеке жанр ретінде даму жолымен қосақтала баяндалып әрі шолу ретінде берілгендіктен, тек 1920-1930 жылдардағы зерттеу жұмыстарының негізгі сипаттары аталып өткен. Алайда, сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірлердің жинақтала айтылуы мен әдебиет тарихын зерттеу, дәуірге бөлу жұмыстарының қорытындысы дәрежесінде көрінген оқу құралдары мен оқулық-хрестоматиялардың жекелеп

## КІРІСПЕ

тексерілуін құптарлық құбылыс деп қана емес, сонымен қатар, бұл саладағы жазылатын ғылыми зерттеулерге негіз болатын жоба деп бағалаған дұрыс болады.

1940 жылдардан бері жарияланған ғылыми-зерттеу еңбектерінде біз сөз етіп отырған проблема туралы ғылыми пікірлер аз кездеспейді. Солардың ішінен М. Әуезовтің, Е. Ысмайыловтың, С. Мұқановтың, М. Ғабдуллиннің, М. Қаратаевтың, Б. Кенжебаевтың, Қ. Жұмалиевтің, Т. Кәкішевтің, С. Қирабаевтың, Р. Бердібаевтың және тағы басқалардың монографиялары мен ғылыми зерттеу еңбектерін атар едік. Бұл еңбектер қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына белсенді ықпал жасаумен қатар, біз сөз етіп отырған проблеманың бұрын-соңды сөз болуын әңгілемеген уақытта, оның өсу жолын да шолып өтіп отырды.

Егер академик А. С. Бушминнің «Теория литературы и методология науки о литературе должны рассматриваться как два раздела и два аспекта теоретического литературоведения, тесно связанных, глубоко взаимообусловленных» деген пікіріне сүйенсек, әдебиет туралы ғылымының туу, қалыптасу жолы туралы ғылыми ойлар теориялық еңбектерде де біршама айтылатынын байқар едік [5, 27]. Оған нақтырақ айтсақ, 1920-1930 жылдарда әдебиет теориясының мәселелерін зерттеуге соны қадам жасаған еңбектерден басталған ұлттық сөз өнерін ғылыми тұрғыдан тексеру саласындағы жұмыстарды толықтыра отырып жалғастырып әкеткен Е. Ысмайыловтың, Қ. Жұмалиевтің, З. Ахметовтің, З. Қабдоловтың, М. Базарбаевтың, М. Дүйсеновтің, Р. Нұрғалиевтің монографиялық зерттеулері айқын дәлел болары анық. Сол сияқты қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің проблемалық мәселелерін көтерген ұжымдық жинақтар мен қазақ әдебиеттану ғылымын сөз еткен мақалаларда көңіл аударарлық ойтұжырымдар кездеспейді емес.

Оқулықтың негізгі мақсаты – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы ояну, өсіп-өркендеу, кемелдену процесін зерделеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу кезеңдерін анықтау, яғни бастан өткерген тарихи жолын бүгінгі таңдағы жаңаша көзқараста зерттеу. Оны егеменді ел болуымызға байланысты ұлттық мүддеге тамыр тартып отырған талап-тілектерге сай соны әдіснамалық ізденістерді, әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тарихи тұрғыдан таразылау және пайымдау. Ол үшін оқу құралында мынандай негізгі және көкейкесті мәселелер төңірегінде ой қозғалды:

XX ғасыр басындағы әдеби мұраны игерудегі алғашқы ізденістер мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің басты бағыттарын анықтау, яғни:

- әдеби мұраны игеруден басталған ұлттық сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи ой-пікірдің бағыт-бағдарын анықтау;

- ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихы мен теориясының мәселелеріне байланысты туындаған алғашқы ізденістерін нақтылау;

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі, яғни 1900-1940 жылдар аралығындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі басты бағыттар, ізденіс жолындағы табыстарына мен іркілістеріне тән сипаттарын саралау; көркем әдебиетті зерттеудегі ізденістер мен іркілістер, оқулықтар мен қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасын айқындау, яғни:

- ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осы кезеңдегі жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда таразылау;

- қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мен дәуірге болу мәселесі жолындағы ізденістер мен іркілістерді саралау;

- әдебиет теориясы бағытындағы ұлттық таным-біліктің негізгі сипаттарын айқындау;

- ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікірде орын алған қате теориялар мен көзқарастардың сыр-сипатын ашу, кері ықпалын әдіснамалық тұрғыда ашу;

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі, яғни 1940-1955 жылдар аралығындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі даму мен дағдарысты, 1956-1970 жылдардағы қол жеткізе алған табыстар мен кеңестік идеология әсерінен туындаған олқылықтарды саралау, яғни:

- қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолындағы маркстік-лениндік әдіснаманың әсерін тарихи шындыққа сай жаңаша бағалау, жетістігі мен кемшілігін сараптау;

- ұлттық мүддеге сай мақсатты жазылғандықтан ғылыми айналыстан шығарылып тасталған зерттеулердің әдебиеттану ғылымын қалыптастыру жолындағы мән-маңызына баға беру.

Бұл еңбек – қазақ әдебиеттану ғылымының ХХ ғасырдағы туу және қалыптасу тарихын жан-жақты зерттеуге арналған нақты қадамдардың бірі. Нақты айтар болсақ, ғылыми тұрғыда зерттеу нысанасына алынуы өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының еншісіне тап келеді. Сол себептен де болар, оның тарихи қалыптасу жолы түрлі кезеңдерге бөлініп, әр дәуірінің өзіндік басты кескін-келбеті, ізденістері мен іркілістері, жетістіктері мен кемшіліктері біртұтас жүйеде сараланған жоқ. Республикамыздағы ЖОО-дарында бакалавриатта «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», ал магистратура мен философия докторын (phD) дайындайтын докторантураларда «Әдебиеттану

ғылымының өзекті мәселелері» және «Салыстырмалы әдебиеттану», «Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттар» аталатын пәндер оқытыла бастады.

Бірақ осы пәндер бойынша бүгінгі таңға дейін ешқандай оқулық немесе оқу құралы жарық көрген жоқ. Әзірше бұл салада саусақпен санарлықтай ғана оқулық пен ғылыми басылымдар ғана бар. Атап айтар болсақ, Ж. Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» атты оқу құралы (Қарағанды, 1995) мен «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (Алматы, 1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (Қарағанды, 2005) монографиялары, Т. Кәкішев пен Ж. Смағұловтың «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты оқу-әдістемелік құралы (Алматы, 2006), С. Жұмағұловтың «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991)» монографиясы (Қарағанды, 2008), А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (Алматы, 2009) атты еңбегі және ұжымдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (Алматы, 2008) атты екі томдық академиялық басылымдар жарық көрді. Ал оқу құралдарынан Ж. Смағұлов пен Қ. Қалыбекованың «XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы сын, әдебиеттану, библиография» (Қарағанды, 2014), Ж. Смағұлов, С. Такиров, Қ. Қалыбековалардың «XX ғасырдың қырықыншы-алпысыншы жылдарындағы сын және әдебиеттану» (Қарағанды, 2015), Ж. Смағұлов, С. Такиров, Ж. Рүстемовалардың «Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау» (Астана, 2014, Қарағанды, 2015,) атты еңбектер ЖОО-ларындағы оқу үдерісінде пайдаға жарауда. Сонымен қатар осы оқулық авторының ұзақ жылдар бойы бұл ғылыми тақырыптың сан түрлі мәселесіне арналған «Тарихтан тағылым» (Қарағанды, 2014) аталатын 2 томдық ғылыми мақалалар жинағы бар. Осы зерттеулердегі ой-тұжырымдарға сүйене отырып, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептердің қалыптасу жолдары мен қазақ библиографиясы мен қазақ әдебиеті сынының тарихының зерттелу жағдаяттары арнайы түрде мақсатты қарастырылды. Бұл – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде назардан тыс қалып келе жатқан көкейкесті мәселелердің бірі.

Оқулықта ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қоғамдық өзгерістерге сай өркендеу ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, қалыптасу кезеңін айқындауда дәуірге бөлген өз жобамызды ұсындық. Онда кезінде еуропацентристік көзқарасқа сүйенген маркстік-лениндік әдіснама мүмкіндік бермеген, оны арқау еткен ұлттық нигилистер жоққа шығарумен келген қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі бағыттарын ескере отырып жүйелеуді негізге алдық. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғы шарттардан тұратын дәуірлерінің басты ерекшеліктері туралы

ғылыми білімдер жиынтығын топтастыру арқылы беру басты мақсат ретінде ұсталды. Ал ұлттық әдебиет туралы жеке ғылым ретінде туу кезеңі – 1900-1940 жылдар, қалыптасу дәуірі – 1941-1970 жылдар аралығында өтті деген жүйені дәлелдеуге ұмтылғанда, осы уақыт кезеңіне жататын барлық ғылыми ізденістерді қамту ойластырылды.

Бұдан бұрынғы жарық көрген монографиялық зерттеулерімізде көне дәуірден бері жалғасқан әдеби мұраны игерудегі ізденістер XIX ғасырдағы қазақ ағартушы-ойшылдарының және басқа да ұлт зиялыларының фольклортану, әдебиет тарихы мен теориясы салаларындағы зерттеу еңбектерінде қандай дәрежеге дейін өсіп ұлттық ғылымның тууына негіз болғаны ғылыми сараланғаны белгілі. Солардан жалғастық тапқан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі орыс әдебиеттану ғылымындағы мифологиялық, филологиялық, тарихи-мәдени мектептеріне тән теориялар мен әдістердің айқын көрініс таба бастауы салыстырмалық тұрғыда қарастырылып, әдеби теориялық ой-пікірдің алғашқы қадамдары тарихи негізде пайымдалды.

XX ғасыр басында ғұмырнамалық зерттеулердің көбеюі, ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориясының мәселелерінің нақты сөз бола бастауы, библиографиялық бағытта алғашқы қадамдардың жасалуы қазақ әдебиеттану ғылымының туғандығын дәлелдеді. Бұдан соң ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің төңкерістен Ұлы Отан соғысына дейінгі аралықтағы ізденістері мен іркілістері жаңаша көзқараста зерттелді. «Пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым» теориясы секілді көзқарастардың зиянды әсері, маркстік-лениндік әдіснаманы игеруге душар болған қиын-қыстаулы жолдары ғылыми мақалалар мен еңбектерді ғылыми сараптау барысында тарихи-салыстырмалы түрде талданды. Ұлттық мүддеге сай өркендеуге ұмтылған ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің бұлармен бітіспес күреске түсе отырып, әдебиет туралы ұлттық ғылымды туғызғандығы тұжырымдалды.

Қазақ әдебиеттануының даму мен дағдарысқа толы қалыптасу дәуіріндегі қол жеткізе алған жетістіктері мен кемшіліктері маркстік-лениндік әдіснама құрсауында және идеологиялық қыспақта болғандықтан түрлі бұрмалаушылықтарға жол бере отырғанымен, «бір адым алға, екі адым кейін» жүруге душар болса да, жеке ғылым саласы ретінде толық қалыптасқандағы ғылыми тұрғыда қарастырылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеу басқа да қоғамдық ғылымдарға тән әдіснамалық бағыт-бағдардан тыс тұру мүмкін емес. Олардың тексеру нысанасы бөлек бола тұрса да белгілі бір қоғамдағы нақты дәуірлерді ғылыми тұрғыда қарастыруда әдіснамалық негіздері мен әдіс-тәсілдері

## КІРІСПЕ

сәйкес түсіп жататыны белгілі. Сонымен қатар әлемдік және марксизм-ленинизм ілімінің қағидаларын қайта қарастырып жатқан орыс әдебиеттанудағы соны ізденістер басшылыққа алынды. Әдебиет туралы ұлттық ғылымының туып, қалыптасу жолында еңбек ете жүруімен қатар, оның бастан өткерген тарихы туралы да азды-көпті пікір білдірген қаламгерлер мен ғалымдардың – М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Т. әкішев, Р. Бердібаев, Ө. Нарымбетов, З. Ахметов, М. Атымов, Р. Нұрғали, Д. Ысқақұлы, К. Сыздықов, А. Ісімақова Ө. Әбдиманұлы және т.б. еңбектеріндегі батыл болжамдар мен түйінді тұжырымдар негізге алынды. Соңғы жиырма жыл ішінде тарихымызды қайта таразылап жатқандағы әдіснамалық, теориялық және әдістемелік сипаттағы көзқарастар да сыншылдық және салыстырмалық мақсатта ескеріліп отырды. Соның негізінде ұлттық мүдде мен мақсат-мұраттарға сай жазылған ғылыми зерттеулерге жаңаша баға берілді.

Бұл еңбектегі ой-тұжырымдарда қазақ әдебиеті тарихының көптомдығында, әсіресе оның әр дәуіріне сай берілетін әдебиеттану мен сынға арналған тарауларындағы жаңаша көзқарастағы саралаулар пайдаланылды. Сонымен қатар, ұлттық әдебиет тарихы мен теориясы мәселелерінің ғылыми тұрғыда зерттелуі тарихын, жеке дарындар шығармашылығының тексерілуі жолдарын оқыту және зерттеу барысында қолдануға болады. Бұл бағыттарда соны қадамдар жасау үшін ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу жолындағы ізденістері мен іркілістерін ескеріп отырудың ғылыми тұрғыдағы маңызы зор екені анық. Сонымен бірге бұл еңбектің кейбір нәтижелері бізде азырақ сөз болып жүрген қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық және әдіснамалық мәселелерін тереңдете қарастыруға мүмкіндік береді. Ал бұл бағыттағы ғылыми ізденістер жасау қазіргі әдебиеттануда кенжелеп қалып отыр. Әзірге тілге тиек етеріміз, орыс тілінде жазылған Н. Жұбаньшпековтің «Проблемы сравнительно-тиологического изучения литературы» (Алматы, 1995), М. Маданованың «Путь Ауэзова в страну Бальзака» (Алматы, 1997), «Актуальные вопросы литературной компаративистики» (Алматы, 1999) және Ж. Смағұловтың «Әдебиеттану әдіснамасы» (Қарағанды, 2014) атты еңбектері ғана.

Оқулық жоғары оқу орындарының филология, журналистика факультеттерінде фольклористика тарихы, қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы, әдеби сынынан жалпы курстарды жүргізу барысында олардың зерттелуіне қатысты мәселелерге орай да қажеттілікке жарай алады. Қазіргі таңдағы кредиттік оқыту жүйесіне сай студенттер мен магистранттардың негізінен

ғылыми еңбектермен жұмыс жасайтыны назарға алынды. Олардың оқып-біліп қана қоймай, пәнге байланысты білімдер жүйесіндегі меңгергенін зерттеу жұмыстарына да пайдалана алуына бағыттау мақсаты көзделді. Оқулықтың әр тарауы мен бөлімінің соңында берілген сұрақтар, тапсырмалар және пән бойынша тұтастай ұсынылған зерттеу жұмыстары үшін тақырыптар және тесттік бақылау материалдары түбегейлі болып саналмайды. Кез келген оқытушы олардың басты бағыттарын негізге ала отырып, өз қалауынша басқа нұсқасын жасауға толық құқылы.

Репозиторий Қарғу

## I БӨЛІМ. ӘДЕБИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ АРНАЛАРЫ

### 1-ТАРАУ. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы фольклортану

Қазақ әдебиеттану ғылымының жеке ғылым саласы болып алғаш танылып, туу кезеңін бастағанға дейінгі сонау ертедегі түркі заманынан басталған тарихи алғы шарттар XIX ғасыр ерекше орын алады. Қазақ хандығының Ресей қол астына кіруінен басталған тарихи оқиғаға толы бұл кезең өте күрделі еді. Отаршылдық саясат ұстанған Ресей қазақ даласын толық жаулап алып, Орта Азия елдеріне беттеу үшін әскери-ғылыми экспедициялар шығарды. Олар қазақ халқының жерін, географиясын, тарихын, этнографиясын, әдет-ғұрып, салт-санасын, әдебиетін, тілін – бәрін де зерттеуге тиісті болды. Басында басқыншылық саясаты күшті болған бұл экспедициялар кейіннен таза ғылыми сипат алды да, ол XX ғасыр басында қазақтың әдеби мұрасының жиналып-жариялануына, ғылыми тұрғыда зерттеле бастауына жетекші

роль атқарды. Олардың зерттеу нысанында тарихи-этнографиялық сипат басым болды, әсіресе көңіл аударғандары фольклорлық мұраның ен байлығы еді.

Қазақ халқының фольклорлық мұрасын ғылыми-зерттеушілік мәнде жинау мен жариялауда, бағалаушылық сипатта пікір білдіруде орыстың фольклорист, этнограф, ориенталист ғылымдары аса зор еңбек сіңірді. Олар туралы бүгінде оңаша отау тігіп, жеке ғылым саласы болып қалыптасып отырған қазақ фольклористика ғылымында зерттеліп, лайықты бағасы берілді. Сондықтан, XX ғасыр басында әдеби мұраны зерттеуге жол басшы бола алған ең елеулі деген еңбектерді атап өтсек те жеткілікті.

Фольклорлық мұраның біраз үлгілері мен алғашқы деректерді орыс саяхатшысы, географ Н. П. Рычковтың 1770 жылы шыққан «Күнделік жазбалары», П. С. Палластың «Пу-



тешествия по разным провинциям Российского государства» (ч. I., Спб., 1773) және А. И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орди степей» (ч. 1-3. Спб., 1832) атты еңбектерінен кездестіреміз. Бұл ғалымдар қазақ халқының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салтын көбірек зерттегендіктен де тұрмыс-салтқа байланысты халық өлеңдеріне айырықша көңіл аударған. А. И. Левшин қазақ өлеңдерін жанрлық жағынан батырлық жырлар (эпос пен тарихи жырлар), тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер деп үш топқа бөледі. Қазақ халқының бүкіл өмірінің поэзияда табылатынына, ақпа ақындық-импровизаторлық қабілеті мен өнерсүйгіштік қасиетіне байланысты алғашқы ой-пікірлерді де осы кітаптардан кездестіреміз. Аталған еңбектердің шығыстану ғылымындағы басты ғылыми жаңалығы мен маңызы патша үкіметінің отарлау саясатынан туындаған «қазақтар мәдениеті жоқ, тағы халық» деген менсінбеушілікке соққы беріп, қазақ халқының тарихын, географиясын, этнографиясын ғылыми тұрғыда зерттеуге деген жаңа бағыттағы көзқарас пен ой-пікір туғызуында еді. Міне, сондықтан да XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласын зерттеушілер фольклорлық мұраны жинау, жариялау, орыс тіліне аудару, басып шығару жұмыстарына ерекше көңіл бөлді.

Егер Л. Ф. Костенконың «Туркестанский край» (т. 1-3, Спб., 1880), А. Н. Харузиннің «Киргизы Букеевской орды» (вып. 1-2, М., 1888), Н. И. Веселовскийдің «Киргизские рассказы о русских завоеваниях в Туркестанском крае» (СПб., 1894), А. Вамберидің «Очерки Средней Азии» М., 1868), И. И. Крафттың «Сборник узаконений о киргизах степных областей» Оренбург, 1889), И. А. Кастаньенің «Древности киргизской степи и Оренбургского края» Оренбург, 1910), Н. И. Гродковтің «Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области» Ташкент, т.1, 1889) атты кітаптарында ауыз әдебиеті үлгілері халық тарихы мен этнографиясына байланысты қарастырылған болса, таза фольклортану мәселесіне арналған еңбектерде фольклорлық мұраның көптеген көлемді нұсқалары жарияланды. Атап айтсақ, В. В. Радловтың «Образцы народной литературы северных тюркских племен» (ч. V, СПб., 1875), «Образцы народной литературы тюркских племен» (III т. СПб., 1870), И. Березиннің «Турецкая хрестоматия» (3 т. СПб., 1890), Я. Люотштың «Киргизская хрестоматия» (Ташкент, 1883), А. Васильевтің «Образцы киргизской народной словесности» (Оренбург, 1897, 1905), Н. Н. Пантусовтың «Образцы киргизкой народной литературы» (Казан, 1909), Ә. Диваевтың «Сборник материалов для статистики Сыр-

Дарьинской области» (т. I-XV., Ташкент. 1891-1915). Т. Н. Потаниннің «Казак-киргизские и алтайские предания, легенды, сказки» («Живая старина» 1917. II-III шығуы) атты еңбектерінің алатын орны ерекше. Бірақ басты мақсат жинау, жариялау, орыс тіліне аудару болғандықтан, тек таныстыру, бағалау сипатындағы пікірлер ғана айтылып, халықтың фольклорлық мұрасы ғылыми тұрғыда жүйелі зерттелмей қалды.

Орыстың фольклорист-ориенталист ғалымдарының әдеби мұраны игеру саласына сай еңбектерін ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихына байланысты сөз еткенде, басын ашып алатын бір мәселе бар. Олардың зерттеу нысанасы казак фольклоры болғанымен, ұлттық фольклористиканың өкілі болып есептелінбейді. В. Радлов немесе Г. Потанин казак фольклористері емес. Казак ауыз әдебиетін зерттеуші – орыс фольклористері. Олардың еңбектері Ресейдің отары болып отырған казак халқының ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірінің туу, даму жолында басты қадамдар болып табылмайды, керісінше, біршама дамып қалған орыс фольклористикасына барып қосылған үлес болып саналады. Сол себептен де олар казак фольклорына бүкілресейлік ғылым тұрғысынан қарады. Олардың зерттеулері ұлттық ғылыми ой-пікірдің нақты мәнде кө-

рініс бере бастауына себепші болды, жетекшілік бағыт берді. Міне, сондықтан да біз өз ұлтымыздан шыққан сыншы-әдебиетші, зерттеуші ғалымдарымыздың ұлттық әдебиеттану ғылымын тудыру жолындағы еңбектерін ғана арнайы қарастырамыз да, орыс фольклорист-зерттеушілеріне жұмыс жүйесіндегі сөз етілер проблемаларға байланысты жерде ғана тоқталып отырамыз. Келешекте казак фольклоры мен әдебиет тарихы орыс ғалымдарының зерттеуінде деген проблемалық мәселе қойылар болса, тәуелсіздік алғанға дейінгі «жауырды жаба тоқып», бірсек те білмеген болып келген миссионерлік, ұлы державалық үстемшілдік, еуропацентристік секілді көзқарастардың ғылыми жұмыстардағы бұрмалаушылықтарының сырын тарихи шындық тұрғысынан айта аламыз. Сонда ғана ұлы Шоқан бастап айтқан бұл көзқарастардың түпкі мақсатын анықтап, соңғы кезге дейін «А. Левшиннің еңбегі ғылыми құндылығына қарамастан, автордың казак халқына байланысты кемсітерлік эпитеттерді қолдануы салдарынан оқырманға бір қолайсыз әсер етеді», – деп жалтақтай айтып, сырғытып кете беруден арыламыз [6, 50]. «Маған бүкіл казак даласы ән салып тұрғандай» (Г. Потанин) деген секілді пікірлерді мақтана айтып, мәнін түсіндіре алғанда, енді «биенің сүтінен жасалған арақ ішіп, үш күн

бойы есін жинай алмай келе жатқан» (А. Янушкевич), орыс фольклорист-ориенталист ғалымының «қазақ өлеңінің мәні жоқ, көбі көріксіз, олардың ән айтқаны қойдың маңырағаны секілді» (А. Левшин) деген секілді пікірлер айтуының негізгі себеп-салдарын ашатын уақыт жетті. Бұл – қазақ әдебиеттану ғылымында назардан тыс қалып жүрген мәселелердің бірі.

Қазақтың әдеби мұрасы туралы орыс саяхатшыларының алғашқы жолжазбалары мен сипаттамалары болмаса, мардымды жұмыстар жүргізілген жоқ, олардағы пікірлер таныстырмалық, түсіндірмелік мәнде болды. Алайда қазақ жерін түгелдей жаулап алуды мақсат тұтқан отаршылдық саясат күшпен жүргізіле бастады да, қазақ елін зерттеуге мол мүмкіншілік ашылды. Осы отаршылдық саясат әкелген елеулі жаңалықтардың әсерінен қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-санасының өсуі, орыс ғалымдарының зерттеу саласындағы ыждағатты еңбегі, оқу-білімге, мәдениет пен ғылымға деген ұмтылыс XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында ұлт зиялыларының алғашқы әдебиеттанушы өкілдерін қалыптастырды. Олар орыс ғалымдарының жетекшілік бағыт-бағдары көмегімен әдеби мұраны игеру проблемасына араласа бастады. Бірақ бұл кезеңде Ресейдегі

әдебиеттану ғылымының алға озып кете қойғаны шамалы да еді. Әдеби-теориялық ой-пікір поэзия саласында біршама өркендегенімен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде филологиялық мектеп пен тарихи-мәдени мектеп енді ғана аяғынан қаз тұра бастаған болатын. Оның өкілдері орыс әдебиеті тарихын зерттеу мәселесін көтеріп, әдеби мұраны игеру мәселелерін енді қолға ала бастаған еді. «В России собирание народных памятников началось, по мнению Пыпина, в XVIII веке и было «бессознательным». Конечно, «бессознательность» собирания и описания материалов народного творчества преувеличена... Однако научные принципы исследования этих материалов только начинали вырабатываться», – деген А. С. Куриловтің пікір оған нақты дәлел [7, 11]. Міне, батыс еуропалықтар Ресейдің отар өлкесі санаған қазақ даласында орыс фольклорист-ориенталист ғалымдарының фольклорлық мұраға баса көңіл аударулары да сондықтан. Ұлттық фольклортану ғылымы үшін ғылыми мәні зор, зерттеушілік сипаты айқын ой-пікірлер де, таныстыру мақсатында көріп-естігенін жалпылама баяндап шығу да, нәсілдік кемітушілікке сүйенген миссионерлік көзқарастағы шындыққа сай келмейтін тұрпайы топшылаулардың да кездесіп отырғандығы соның әсерінен деп ұғу керек.

Орыс ғалымдары алғашқыда қазақ фольклорын жинап-жариялауда жергілікті жердегі сауатты, тіл білетін адамдар мен тілмаштық қызмет атқарған татар-башқұрттардың көмегіне сүйенді. Бұл іске ерте кезден бері сөз өнерін қадірлеп, олардың хатқа түсуін, кітап болып шығуына ынталы халықтың зиялы қауымы белсене ат салысты. «Осыған байланысты назар аударарлық жағдай, – деп жазады Ш. Ыбыраев, – қазақ арасынан да ауыз әдебиеті мұрасының ғылым алдындағы маңызын түсініп, оны шұғыл жинауға кіріскен білімді адамдардың, орыс зерттеушілеріне толымды-толымсыз мәлімет берушілердің (информаторлардың) саны көбейе түсуі. Әсіресе Шыңғыс Уәлиханов, Ахмет Жантөрин, Әбдуәлі Дербісалыұлы, Бейбіт Дауылбайұлының еңбектерін атап өту орынды. Олар ескі жазбаларды жинаумен қатар, ел арасындағы жыршы-жырауларға сұрау салып, өлең-жырлардың ішіндегі ең шұрайлыларын дұрыс таңдай білген, әрі орыс зерттеушілерінің назарын ең алдымен соларға аударған» [8, 36]. Ш. Ыбыраевтың осы пікірін негізге алатын болсақ, бұлар халық ауыз әдебиетін жинап қағазға түсірушілер ғана емес, орыс тіліне аударушылар да болады. Орыс фольклорисінің аударып отырған адамның көмегімен жазып алуы мен сол ұлт өкілінің аударуы – екеуі екі басқа дүние.

Біріншісінде аударып отырған тіл білетін адамның поэтикалық көркемдікті ұғынуына байланысты таза творчестволық жұмыс арқылы дүниеге келеді. Осы кезде зерттеушілер назарына көбірек түскен және аударылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бес түрлі аудармасының көркемдік деңгейінің әр түрлі болуы бұған айқын дәлел. Бұл – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдеби мұраны игеру мәселесіне орай көрініс таба бастағанының айғағы еді.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы әдеби мұраны жинап-жариялауға, зерттеуге қатысқан қазақ оқығандары көп болды деп жалпылама айта бергеннен гөрі, Е. А. Алекторовтың, А. Н. Харузиннің, В. М. Сидельниковтің өте мол мағлұмат беретін библиографиялық көрсеткіштеріне және басқа да еңбектерге сүйене отырып, әдеби мұраны игерудегі зерттеу әдістерінің көрініс табуына орай оларды үш топқа бөліп қарастыру керек. Олардың бірінші тобына жататындар – фольклорлық мұраны жинаумен шұғылданған орыс фольклористеріне мәлімет берушілер, яғни жоғарыда айтылғандай – информаторлар. Бұлардың көпшілігінің аты-жөндері бізге мәлім емес. Себебі, орыс ғалымдары өзі аударып жариялаған материалды берушілер туралы мардымды мәлімет қалдырмаған. Мы-

салы, Г. Потанин мен Ә. Диваев өздері жинаған материалдарды кімнен алғандығын көрсетіп отырса, В. Радловта ондай дағды жоқ. Бұл топтағылардың қатарына Г. Потанин мен Н. Ф. Костылецкийге аса мол материал жинап берген – Шыңғыс Уәлихановты, Н. Ф. Костылецкийге фольклорлық қолжазбалар жіберген шәкірттерінің ішінен Х. Өскенбаев, М. Бүркітбайұлы, С. Ақайұлы, Т. Ханғожиндерді, Ә. Диваевқа көмектесіп көптеген қолжазбалар берген Е. Ақынбеков, К. Амалдықов, М. Шақтыбаев және т.б. көптеген адамдарды атауға болады. Бұлардың әдеби мұраны жинап-жариялауға қосқан орасан зор еңбегі қазақ фольклортану ғылымында сөз арасында ғана айтылып, фольклорлық үлгілерді алғаш жинаушы, орыс тілінде аударушы ретіндегі тұлғалары зерттелмей қалып отыр.

XX ғасыр басында әдеби мұраны игеру жұмыстарымен шұғылданушы қазақ зиялыларының екінші тобы – фольклорлық үлгілерді жинап-жариялауға көмектесе отырып, өз атынан да жариялаушылар. Бұлар туралы мәліметтер біршама бар. Олардың ағы-жөні орыс ғалымдарының еңбегінде ғана емес, өздері жинаған материалдарды жариялаған орыс және алғашқы қазақ баспасөзі бетінде, әртүрлі жазбалар мен жинақтарда сақталған. Олар «Дала уалаятының газеті», «Киргизская

газета», «Акмолинские ведомости», «Санкт-Петербургские ведомости», Ресей Географиялық қоғамының әр түрлі бөлімшелерінің жазбаларында өздері жинаған көптеген әдеби мұра үлгілерін жариялады. Бұл топтағылар – М. Ибрагимов, Т. Сейфуллин, А. Әбдірахманов, Б. Әдіков, М. Ж. Көпеев, Ж. Айманов бастаған жиырмадан астам адам. Сонымен қатар «Орта жүз» (О. Әлжанов), «Найман», «Ұмытылған» (Ш. Құдайбердиев), «Гүлбат», «Барон Кадо», «Степняк», «Қыр баласы», «Туземец» (үшеуі де Ә. Бөкейханов), «Бабай бүркіт» (О. Әлжанов) және «Павлодар елінің қазағы М. У.» деген секілді бүркеншік атпен жариялағандар да бар. Бұл топтағылардың саны әлдеқайда көп. В. М. Сидельниковтің 1969 жылғы библиографиялық көрсеткішін бір ғана «Дала уалаяты газетінің» библиографиялық көрсеткішімен (1996) салыстыра қарағанда Жәке Тұрақов, Ысқақ Шүленбаев, Мейрам Жанайдаров, М. Ботпаев, т.б. да фольклор жинап-жариялаушылардың есімдері осы күнге дейін белгісіз болып келгенін байқадық. Оған В. Сидельников көрсеткішіне енбей қалған алғашқы қазақ журналистері, публицисттері Ш. Ибрагимов, Д. Сұлтанғазин, А. Құрманбаев, Р. Дүйсенбаев және «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы көзқарастан аттары аталмаған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов бастаған және тағы басқа да арыстарымыз-

ды қоссақ, бұл топтағылардың саны көбейе түсетіні сөзсіз. Олардың мақалалары мен еңбектерін көрсетпеу ғана емес, оны орыс ғалымдарына апарып таңу секілді фактілердің орын алғаны байқалады. Сол кездегі ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тамаша жетістігі дәрежесінде көрінетін Ә. Бөкейхановтың «Туземец» деген жасырын атпен жазған «Қобыланды батыр жырындағы әйелдер» атты мақаласын В. Сидельников Ә. Диваевтікі деп көрсетеді.

Әдеби мұраның жиналуы мен жариялануында жүргізген жұмыстарының тарихи маңызы аса зор бұл екі топтағы қазақ зиялыларының зерттеушілік көзқарасы әлемдік әдебиеттанудағы филологиялық мектептің талап-тілегіне сай келеді. Әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихында XIX ғасырдың басында Германияда пайда болған бұл мектеп 1840 жылдардан бастап Ресейде орын тепкен болатын. Біздің ойымызша, қазақ фольклорын зерттеген орыс фольклористері осы мектептің әдеби мұраны жинау, жариялау, кітап етіп бастырып шығару, жазып алған нұсқаның варианттарын салыстыру және өңдеу, басқа тілге аудару, түсініктеме жазу секілді әдістерінің шеңберінде ғана жұмыс жасады. Олардың ықпалы әдеби мұраны игеру саласында жұмыс жүргізген осы екі топтағы қазақ зиялыларына тиіп, филологиялық мектептің

ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде көрініс табуына себеп болды. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы филологиялық мектептің өкілдері секілді бұл екі топтағы қазақтың алғашқы фольклористері де әдебиеттің қоғамдық құбылыс ретінде даму заңдылығы мәселесін назардан тыс қалдырды. Бұлар нақты көрініс табуға ұмтылған ұлттық әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге зерттеу жұмысын жүргізуге өте мол материал дайындап берді. Филологиялық мектептің қазақ топырағынан шыққан өкілдерінің XX ғасыр басында ұлттық әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолындағы сіңірген еңбегінің маңыздылығы да осында.

Міне, осы екі топтағы қазақ зиялылары қазақ фольклорының мақсатты түрде жиналып-жариялануы, ғылыми тұрғыда зерттелуі проблемасын көтерді. Соның нәтижесінде эпостық жырлардан «Ер Тарғын», «Қисса Қарабек батыр», «Хикаят Көрұғлы сұлтан», «Қамбар батыр», лиро-эпостық жырлардан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», қиссалардан «Шәкір-Шәкірат», «Бозжігіт», «Сал-сал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» т.б. және «Біржан-Сара» айтысы, ертегілер, мақал-мәтелдер жеке кітап болып шығып, оқырман қолына тиді. Осы XIX ғасырда жарық көрген 260 кітап, XX ғасыр басында 1917 жылға дейін шыққан 300-ге тарта кітап

әдеби мұраны игеру саласындағы жұмыстардың үлкен олжасы болды. Бұл әдеби мұраны жинау-жариялаудың осы кезде ерекше қарқынмен жүргізілгенін танытады.

Әдеби мұраны жинап-жариялаудағы осы алғашқы ізденістер мен табыстар қазақ зиялыларының енді бір тобының әуелі түсіндірмелік, таныстырмалық сипатта пікір айтуын туғызды да, кейін ол ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге ұласты. Сондықтан XX ғасыр басында көрінген қазақ фольклористерінің үшінші тобына халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жариялаумен шұғылдануымен қатар, оны ғылыми тұрғыда зерттеу жолында еңбек еткен зерттеушілерді жатқызамыз. Бұлар филологиялық мектептің зерттеу әдіс-тәсілдерінен қарағанда тарихи-мәдени мектепке тән бағыттағы зерттеу талабына сай еңбек етті. Батыста француз ғалымы И. Тэн (1828-1893) негізін салған бұл мектептің зерттеу әдісі Ресейде академик А. Н. Пыпин (1833-1904) тарапынан қолдау тауып, әдеби мұраны зерттеуде тарихилық принципін басты негізге алған болатын.

Әдеби мұраның тарихилығы қағидасы XIX ғасырдың екінші жартысында М. Бабажанов, Б. Дауылбаев, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев еңбектерінен бастау алса, енді ол XX ғасыр басында Ә. Бөкейханов, О. Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, А. Құрманбаев, Д. Сұл-

танғазин, Ш. Құдайбердиев, М. Ж. Көпеев тағы басқалардың фольклортану саласындағы тарихи-этнографиялық мақалалары мен еңбектерінде көрініс тапты. Бұлардың бәріне бірдей тоқталып жату мүмкін емес және олар қазақ фольклористикасының тарихын тексерген еңбектерде қарастырылды. Әйтсе де оларда ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің методологиялық мәселелерінің қандай дәрежеде көрініс тапқаны мақсатты түрде қарастырылмағандықтан, ғылыми сипатына тоқтала кету артық болмайды.

Бұл әдебиетші фольклористердің еңбектерінде әдеби мұраның тарихилығы принципі екі түрлі бағытта көрінді. Біріншісі – тарихи-этнографиялық сипаты басым еңбектер. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бір сипатын, яғни зерттеуге деген ұмтылыстың ғылыми арнаға ұласар жолындағы ізденістің көрінісін танытады. Олардың мақалалары фольклордың тұрмыс-салт жырлары және мақал-мәтел, жұмбақ секілді жанрларына арналуы, этнографиялық сипаттың басым болуына әсер еткен. Сол сияқты эпикалық жырлар мен қиссаларды кітап етіп бастырып шығару барысында тарихи-этнографиялық сипат басым болғанын аңғару қиын емес. Мысалы, Т. Сейдалин мен С. Жантөрин құрастырып шығарған «Қазақ өлеңдері» атты фольклорлық жинақ сол кездегі елеулі оқиға болды. Құ-

растырушылар үлкенді-кішілі он жеті фольклорлық үлгіні кіргізе отырып, бұл жинаққа фольклорлық жанрлардың әр түрін қамтуға ұмтылған және тақырыптық, мазмұндық, көркемдік ерекшелігін ашу мақсатында этнографиялық тұрғыда қарастырған.

Бұрын да белгілі бұл жайларды термелеп айтып отырған себебіміз – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ХХ ғасыр басында фольклорлық асыл қазынамызды игеру барысында толық оянып, орыс әдебиеттану ғылымындағы мәдени-тарихи мектеп бағытына сай жұмыс жасай бастағанын дәлелдеу. «В истории культурно-исторической школы был период неосознанных, стихийных тенденций, когда преобладала литературоведческая практика. Эта практика наметилась еще в трудах писателей и ученых XVIII века и характеризовалась двумя моментами. Прежде всего – это был интерес к древнему периоду отечественной поэзии. Второй момент – интерес к народному творчеству. Это был период собирания и издания материалов народного творчества: песен, былин, пословиц, поговорок», – деп жаза келе ғалым А. М. Крупчанов бұл кездегі фольклорлық мұраны игеру белгілі бір ғылыми жүйедегі зерттеу әдісі бойынша емес, оның тәрбиелік және әдеби мәнін танытуға ұмтылатын жалпыламалық сипатта болатынын ашып көрсетеді [9, 12]. Бұл біз үшінші

топ деп бөлектеп көрсетіп отырған қазақ фольклористерінің алғашқы кездегі еңбектерінде фольклортану тура осындай дәрежеде көрініс тапты. Алайда осы зиялылардың фольклорлық мұраны игеру саласындағы еңбектерінің арқасында қазақ даласында филологиялық білімдер системасы кенінен таралуы анық байқалды да, әдеби мұраға ғылыми тұрғыда қарау тенденциясы қалыптаса бастады. Ғылыми түсініктер мен ұғымдарды меңгере бастаған эстетикалық таным-білік зерттеушілік мәнге ие болуға ұмтылды, сыншылдық ой-көзқарас белгілі бір шығарма немесе мәселе төңірегінде нақты пікір білдіре бастады.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ХХ ғасыр басында фольклортану саласындағы тарихи да ғылыми мәні зор ізденістерін орыс фольклорист-ориенталистерінің еңбектерін қоса қарастырсақ, бірталай жетістікке қол жеткенін байқар едік. Алайда, ол фольклорист ғалым С. Қасқабасовтың ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы зерттеу еңбектерге шолу жасай келіп: «Бұл кезеңде қазақ фольклористикасы ғылымның жеке саласы ретінде толық қалыптасып болды», – деген тұжырым жасауына негіз бола алмайды [8, 146]. Рас, орыс ғалымдары мен жергілікті ұлт зиялыларының орасан зор еңбегінің арқасында фольклор-



лық мұраның көптеген үлгілері жиналды, жарияланды, ғылыми тұрғыда зерттеу жұмысы қолға алына бастады. Бірақ, оларда ең құрығанда қазақ фольклорының толыққанды классификациясы да жасалған жоқ. Сондықтан С. Қасқабасовтың бұл пікірі шындыққа сай келмейді. Әдеби-тарихи, әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өз салалары бойынша ізденістерге енді қадам басып жатқан уақытта, фольклорды толық зерттеп біттік деуге болмайды. Фольклортануды әдебиеттану ғылымының пәндері қатарына жатқызбағанымызбен, оны да зерттейтін сол ұлттың әдеби-тарихи және әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі екенін ұмытпаған абзал. Біздің ойымызша, қазақ фольклористикасы ғылымының туып, қалыптасу кезеңі ХХ ғасырдың алғашқы жартысының еншісінде. Ал бұл кезеңде сол болашақ зерттеулерге ұласатын ғылыми ізденістердің алғашқы соқпағы салынды, фольклорлық мұраның мол қоры жасалды.

Фольклорлық мұраны жинап-жариялауда табысты қадамдар жасалуына алғашқы қазақ баспасөзінің қосқан үлесі аз емес. Орыс тілінде шығып тұрған басқа да баспасөз орындарымен қоса, «Дала уалаятының газеті» әдеби мұраны молынан жариялады. Бұлар әдеби ғана емес, қоғамдық және саяси-әлеуметтік

ой-пікірдің орталығы болды десе, артық айтқандық емес. «Жалпы «Дала уалаятының газеті» 15 жыл ішінде, шамамен 704 рет шыққан, оның 331 номерінде фольклорлық материалдар жарияланған» болса, ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында бұл үрдіс ерекше қарқын алды. Бұл дегеніміз ауыз әдебиетінің қыруар байлығының хатқа түсіп, зерттеушілік бағытта жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, газет бетінде әдеби мұраны жинап-жариялаудағы негізгі мақсат туралы мәселенің бетін ашуға деген пікірталастың тууы да ұнамды құбылыс болды. «Қыр баласының» (Ә. Бөкейханұлы) фольклорлық шығармаларды жариялаумен шектелмей, әдебиет тарихына да көңіл аударуды ұсынып, ақын-жыраулар шығармаларын бастыруды қолға алу керектігі туралы ұсынысы әр түрлі көзқарастағы пікір айтылуына себеп болды.

Ә. Бөкейханов ұсынысына байланысты оны жақтап Х. Сеңгірбаев және «Ш. Ч.» деген автордың, оларға қарсы А. Шонаев, Е. Наурызбаевтардың пікір білдіруі, әдеби мұраны игеру мәселесі бүкіл халықтық сипат ала бастағанын байқатады. Сонымен қатар, газеттер әдеби білімді насихаттауға, таратуға еңбек сіңірді. Осы кезде жарық көрген кітаптар мен оқулықтарға жазылған қысқаша хабарлама, рецензия, әр түрлі сипат-

тағы мақалалар соның айғағы. Олай болса, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басы ұлттық әдебиеттану ғылымын туу дәуіріне жеткізген тарихи алғышарттарға толы елеулі бір кезең болды деген тұжырымға келеміз.

Бірақ әдеби мұраны зерттеуде болмай қоймайтын мәдени-тарихи мектептің алғашқы кезеңі туралы Л. М. Крупчановтың жоғарыдағы пікірінде айтылғанындай, қазақ фольклорын игеру саласындағы жұмыстар тек жалпыламалық сипаттан аса алмай қалды десек, тарихи шындыққа қиянат жасаған болып шығатыны анық. Жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай басқа ғылым саласы секілді әдебиеттану да әр халықта өзіндік ұлттық ерекшеліктермен қалыптасады. Сол жинау-жариялау, кітапқа басып шығару, мақалалар жазу секілді жалпы мәндегі жұмыстардан ғылыми тұрғыда жүйелеу, әдеби талдауға апаратын жолдар бастау алады. Оны біз халқымыздың ғұламалары саналатын Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ә. Бөкейханов секілді ұлы тұлғаларының шығармашылық мұрасындағы ғылыми-зерттеу еңбектерінен көреміз. «XIX ғасырдың 60-80 жылдары ұлттық фольклористика жалпы филологиялық ғылымның өзінше саласы ретінде көріне бастады. Дәл осы кезден бастап қазақ фольклоры ғылыми мақсатта жиналып, академиялық немесе арнаулы

жинақтар енді ғылыми тұрғыда зерттеле түсті. Жаңа қалыптаса бастаған қазақ фольклортану ғылымының көш басында халқымыздың ұлы перзенттері Ш. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев болды», – деп, қазақ фольклортану ғылымының тарихын зерттеушілер бұл тұлғалардың еңбектерін монографиялық тұрғыда сөз етуі де сондықтан [8, 100]. Бұлардың еңбектерінен XX ғасыр басында әдеби мұраны игерудегі тарихилық әдісінің ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде анық көрініс тапқан екінші бағыты айқындалады. Себебі, тарихи-этнографиялық бағытқа қарағанда, бұл бағытта тарихи-мәдени мектептің талаптарына сай келетін тарихилық принципі айқын көрініп, әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді еуропалық деңгейде байқата алған тереңдік танылады.

Қазақ даласына жетекшілік бағытта ықпал жасай бастаған Еуропа және орыс мәдениеті мен әдебиеті, оқу-білім мен ғылым жаңалықтары ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің жандана түсуіне шешуші роль атқарды. Ағартушылық идеясының күшейе түсуі, эстетикалық талап-талғам мен таным-біліктің өсе түсуі, алғашқы қазақ баспасөзінің пайда болуы, жазба әдебиеттің қалыптасуы әдеби мұраны жинау, жариялау, бастырып шығару жұмыстарына игі әсер етті.

Бұлар келіп әдеби мұраны ғылыми тұрғыдан тану мәселесін күн тәртібіне қойды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып табылатын тарих алдындағы алғышарттарға толы XIX ғасырдың II жартысындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты кемеңгерлердің тұлғасынан жалғастық тапқан осындай ғылыми танымдық биіктіктерге қол соза бастағанын айтқан уақытта, алғашқы қазақ баспасөзінің сіңірген еңбегінің зор болғанын атап көрсету керек. Шын мәніне келгенде, олар ояна бастаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, педагогикалық-ағартушылық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің орталығы болды. Оқу-білімге, мәдениет пен өнерге, ғылымға деген ұмтылысты күшейтті, әр түрлі дәрежеде білім алған қазақ оқығандары мен ел ішіндегі парасатты ақыл-ой иелерін ұлт мүддесі үшін қызмет жасауына бағыт берді. Жаңа туған жазба әдебиетті, Абайдан басталған сыншыл реализмді, ағартушылық бағытты насихаттау арқылы әдебиеттің көркем өнер саласы ретіндегі қоғамдық мәнін өсіре түсті. Ұлттық сыншылдық-эстетикалық ой-пікірге кең өріс ашты. Қоғамдық әлеуметтік мәселелермен қатар, әдебиет және тіл туралы өзекті мәселелер көтере алған сыншылдық ой-пікір мәнді арна табуға ұмтылыс жасау барысын-

да әдебиетті ғылыми тұрғыда тану проблемасын кейде нақты, кейде жанама түрде болса да айтып қалып отырды. Сонымен қатар, ғылыми тұрғыда жүйелі болмаса да мұраны жинап-жариялау жұмыстарына бүкіл халықтық сипат тудырды, көптеген әдеби нұсқаларды жариялады, олардың ғылыми зерттеле бастауына мұрындық болды.

Міне, осы айтылғандардың барлығы басты мәселеге, яғни XX ғасыр басындағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдеби-теориялық, эстетикалық талап-талғам мен таным-білікті көтеру арқылы филологиялық білімдер жүйесінің кеңінен таралуына шешуші жағдай туғызды. «Дала уалаятының газеті» ел ішіндегі мектептердегі оқыту жайы, қазақ тілінің тазалығы, оның емлесі және ережелерін жасау, орыс алфавитіне көшу, араб тілінде төте оқу секілді мәселелерге арналған мақалаларында тіл білімінің өзекті мәселелерін көтере алуы оған айқын дәлел. XX ғасыр басында қазақ баспасөзі әдеби-теориялық және сыншылдық ой-пікірдің кең өріс алуына ықпал жасады. «Дала уалаятының газетін» шығарушы тұңғыш журналистер А. Құрманбаевтың, О. Әлжановтың, Р. Дүйсенбаевтың, Д. Сұлтанғазиннің тіл мен әдебиет туралы публицистикалық мақалаларында қазақ тілінің тазалығын сақтау проблемасы өте қатты көтерілді. Ал тіл таза-

лығы дегеніміз сыншылдық, әдеби-теориялық ой-пікірге тікелей байланысты. Себебі, қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің ең бірінші негізі таза, табиғи ұлттық тілі болуы керектігі айқын сезілген еді. Осыны терең түсінген алғашқы қазақ публицисттері қазақ тілінің тазалығы мәселесінде біршама нық позиция ұстады. Олар әдеби-теориялық талдау жасап жаңашылдық сипатын ашып бермесе де Абай мен Ыбырай шығармаларын әрдайым үлгі ретінде ұсынып отырды. А. Құрманбаевтың «Қазақ тілі хақында», Д. Сұлтанғазиннің «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз», «Қазақ тілінде жазу тұрасында» атты мақалаларының негізгі айтар ойы Абай мен Ыбырай салған прогресшілдік жаңа жолды, поэзиялық жаңа үлгіні ұстауға шақыру болды. Бұл мақалалардағы зерттеу нысанасына алынған еңбектердің фольклорлық үлгілерді жинап-жариялаған кітаптар екенін ескерсек, тіл білімі ғылымы саласында да ізденістердің болып жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Қазақ баспасөзі бетінде тіл тазалығын сақтау үлкен проблемалық мәселе ретінде жан-жақты талқыға түсуі, орыс классиктерінің шығармалары мен Абай, Ыбырай өлеңдерінің жариялануы сыншылдық, әдеби-теориялық ой-пікірдің өріс алуына әсер етіп қана қоймай, қазақ поэзиясы туралы ғылыми мәндегі

жаңа әдеби-теориялық көзқарасты туғызды. Қазақ поэзиясындағы «ескі» және «жаңа» өлең туралы салыстырмалы пікірлердің айтылуы, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми сипатта көрінуінің алғашқы белгісі секілді. «Түркістан уалаятының газеті» қазақ кітаптарындағы араб, татар, парсы сөздерімен шұбарланған өлеңдерді сынап, «қазақ тілінің қандай жарасып, бір-біріне жабысып тұратынын», өлеңінің әуезді келіп, белгілі бір ырғаққа құрылатынын таныту үшін Орынбай ақынның өлеңін мысалға ұсынады. «Дала уалаятында» А. Құрманбаев Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық», «Жаз», тағы басқа өлеңдерін «қазақ өлеңі мен поэзиясының тамаша үлгісі» деп бағалай отырып, «Сал-сал», «Зарқұм» сияқты қиссаларды сынға алады. Ал Д. Сұлтанғазин орыс әдебиетінен өнеге алуды нұсқаған Абай, Ыбырай жолының жаңашылдығын ашып көрсету мақсатында Шортанбай ақынның «Зар заман» өлеңін мысалға алып, тек тіл тазалығы жағынан ғана емес, мазмұны мен идеясының алға ұмтылған дәуір талабына сай келмейтінін сынайды. Автор сол кездегі қазақ поэзиясындағы екі бағыттың бар екенін ашып берді. Шортанбай, Дулаттарда заманына қарсылық сарыны басым болса, Абай, Ыбырайлардан келешекке сену, өнер-білімге, ғылымға үндеген ағартушылық идея басталғанын салыстыра тұжырымдайды.

Классикалық мұраны жинап-жариялауда оның көрнекті ақын-жазушылары туралы бағалаушылық мәндегі ой-пікір баспасөз бетінде біршама айқын көрініс тапты. Орыс тіліндегі баспасөз айтарлықтай ештеңе жариялай қойған жоқ. Себебі, орыс фольклорист-ориенталист ғалымдарының басты сипаты тарихи-этнографиялық бағыт болғандықтан да олар классикалық мұраға онша көңіл аудара бермеді. Оларда Орынбай мен Шөже айтысы, Жиренше, Асан Қайғы туралы аңыздар, Байтоқ ақынның Жәңгір өлгенде айтқан өлеңі секілді кейбір үлгілер ғана жарияланды. Бұл салада, яғни ұлттық әдебиет тарихына байланысты мәселелерді көтеруде, «Дала уалаятының газеті» біршама еңбек сіңірді.

Газет бетінде ақын-жазушылар шығармаларын жариялау ісі қолға алынды. Бірақ, ол көп емес. Негізінен «Түркістан уалаяты газеті» мен «Дала уалаяты газетінде» кейінгі басылымдармен салыстырғанда өлең, жыр онша көп те емес. Абайдың «Болыс болдым, мінекей», «Жаз», Ыбырайдың «Нұржан бидің оқудағы баласына жазған хаты», «Жаз», Мәделіқожаның өлеңдері басылып шықты. Сонымен қатар, газет тіл-әдебиет мәселелерін сөз еткен мақалаларда көрнекті ақын-жыраулар туралы бағалаушылық мәндегі пікір білдіріп отырды. М. Ж. Көпеевтің «Баянауылдан хабар» («ДУГ», №48,

1889) атты мақаласында және Х. Көкеновтің «Баспаханаға хат» (№1, 1890) мақаласында Абай поэзиясы туралы алғаш рет баға берілді. «Қазақтың өлеңшісі хәм ақыны» деген мақалада Орынбай, Арыстан ақындар туралы деректер келтіріледі. Ақын-жазушылар туралы ғылыми мәні бар пікірлер газеттегі қазақ тілінің тазалығы мәселесін көтерген мақалаларда көбірек ұшырасады. «Дала уалаяты газетіндегі» Д. Сұлтанғазиннің «Біздің қазақ тілі турасында бес-алты ауыз сөз» (№6, 1890), О. Әлжановтың «Қазақтарға пайдалы кітаптар» (№39, 1894), А. Құрманбаевтың «Қазақ тілі турасынан» (№27, 1889) және тағы басқа да мақалаларда Ы. Алтынсарин өмірі мен сіңірген еңбегі туралы деректер, «Қазақ хрестоматиясы» кітабының маңызы және қазақ тілінің тазалығы туралы көзқарасына байланысты нақты пікірлер кездеседі. Мысалы, «Қазақ тілі турасынан» атты мақалада: «Қазақша тілдің қадірден жетіктік екенін Алтынсарин бір-ақ ауызша сөзбен айтып қойған жоқ еді. Тағы да өзінің қылған ісімен анықтап көрсеткен еді. Мәселен, таза қазақ тілімен бүкіл бір кітап жазып шығарған еді. «Қазақша хрестоматия» жазып шығарған еді, яғни әртүрлі үлгілі сөздерді жазып шығарған еді. «Сөз басы», «Түлкі мен қарға», «Жаз» хәм ғайри өзге өлеңдерінің ішінде бөтен халықтың сөздері

араласпаған. Басқа да өлеңдерінің сөздері, қазақша тілдердің, өлеңдердің һәм жырлардың үлгісі... Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің жолымен жүрсе жарайды», – деп, сол кездегі «Сал-сал», «Зарқұм» сияқты кітаптармен «Қазақ хрестоматиясын» салыстыра қарауын ғылыми ойдың жемісі деуге болады. Бұл секілді ой-пікір газетте біршама кездеседі.

Абай, Ыбырай және басқа ақын-жыраулар туралы бұл секілді бағалаушылық мәндегі ой-пікірдің айтылуы, ұлт әдебиеті тарихының елеулі тұлғаларын таныту және бағалау жолындағы ізденістері ғылыми тұрғыда талдау жасауға барардағы қадамдардың бірі еді. Оның кейбір нышандары газет бетінде көрінбей де қалмады. Мысалы, «Қазақ тілінде жазу туралы» деген Д. Сұлтанғазиннің мақаласында: «Қазақтың бұрынғы заманда шығарған өлең-жырын осы соңғы замандағы жыр-өлеңмен салыстыра, қазақ тілінің өзгергені көрінеді. Бұрынғы Едіге Тоқтамыс хан жырларын байқап қарағанда һәм соңғы уақыттағы Шортанбай ақынның «Зар заманын» қарағанда, Едіге жырларының сөзі тым аз, өңкей қысқа-қысқа, бағзы жырларының сөздері жырға да келмейді, жырмен осы күнде қазақтар көп өлең шығармайды, бір мұңлы-зарлы нәрселер турасында болмаса, осы күнгі ақындар жыр-

ды менсініп көп айта қоймайды. Осы күнгі өлеңдердің көбі ұзақ болып әнге келеді», – деп Едіге жыры мен Шортанбай өлеңдерін салыстыру әдебиет тарихын тануға деген ғылыми ойдың мәнді ұмтылысынан хабар береді [10, 170]. «Дала уалаятының газетіндегі» ғылыми бағалаушылық мәндегі бұл секілді ой-пікірдің көңіл аударар кетерлік бір ерекшелігі, сөз етіп отырған жырау, ақын-жазушылардың қайсыбірінің көзі тірісінде-ақ таныстырылып, ұлттық мәдениет пен әдебиеттегі орнына лайықты өз бағасын ала бастауы еді. Бұл әдебиет тарихы деген ұғымның орын теуіп, оны ауыз әдебиетінен бөлектей қарауға әсерін тигізбей қалмады.

Қорыта келгенде, әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікір, әдебиет тарихы мен теориясының мәселелерін танымдық тұрғыда батыл көтере алғанын көреміз. Бағалаушылық мәндегі ой-пікір айтылуы, ұлт әдебиет өкілдерінің шығармаларының жариялануы мен жарық көруі, қазақ поэзиясы жанрлық түрлері мен құрылысы жағынан сөз бола бастауының әдебиеттану ғылымының туғанға дейінгі дайындық кезеңі үшін маңызы зор болды. Себебі, олар ұлттық әдеби-тарихи, әдеби-теориялық бағыттағы ойлау жүйесінің нақты көрінуін, жаңаша теориялық ұғымдар мен көзқарастың жинақтала бастауын, ғылыми-зерттеушілік таным филологиялық білімдер ба-

ғытында өзіндік ерекшелікпен дами бастағанын дәлелдейді. Сондықтан ұлттық әдебиеттанудың туу дәуіріне қадам басқан кезіндегі ғылыми ізденістер мен барлаулардың өсу дәрежесін байқататын мәнді бір бастаулары бола білді деп бағалау керек.

XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиеттану ғылымының негізгі арналары туралы ойымызды қорыта айтар болсақ, бұл әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікірдің жетілу кезеңі болды. Ол әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріне жол бастағанын дәлелдеп берді. Әдеби мұраны тарихи және теориялық тұрғыда тануға ұмтылған ғылыми таным-біліктің әрбір қадамы ізденістер сипатындағы үздіксіз өсу жолында болды. Қандай да болсын жекелеген әдеби-тарихи проблеманы, ғылыми теория мен ұғым-түсінікті зерттеуге деген ұмтылыс сол бағыттағы әдіснамалық талдауға барар жолдағы бастапқы

қадам болатыны белгілі. Сол арқылы әдебиетті тарихи және теориялық тұрғыдан тану бағытындағы білімдер жүйесі қалыптаса бастайды, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдында өзекті міндеттер қояды. Егер бұған зерттеу нысанасы етіп алынып отырған негізгі материал ұлттық әдеби мұра екенін қоссақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуірін біршама ғылыми жетістікте бастағанын байқаймыз. Әрине, әдебиет туралы ұлттық ғылым ретінде толық танылуы әлі алда еді. Бірақ сол жолдағы қажетті жағдайдың толығымен қалыптасқаны анық көрінді. XX ғасыр басында ұлттық әдебиет тарихы мен теориясын ғылыми тұрғыда тану жолындағы сәтті ізденістер мен барлаулар жасай алған әдеби-тарихи, әдеби-теориялық, сыншылдық ой-пікірімен ұлттық әдебиеттану ғылымы туу дәуірін осы сипаттағы соны қадамдармен бастады.

### Тапсырмалар

1. Қазақ фольклорын зерттеудегі әлемдік ғылыми мектептер мен теориялар.
2. XX ғасыр басындағы кітап шығару мәселелері.
3. Жылнамалар мен шежірелердегі ғылыми және әдеби танымдық деректер.
4. XX ғасыр басында әдеби мұраны игерудегі басты бағыттар.
5. Фольклорлық мұраны игерудегі алғашқы қадамдар.
6. Орыс ориенталист-фольклористері және фольклорлық мұра.
7. Қазақтың ағартушы-ойшылдарының ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі.
8. Фольклорлық мұраны игерудегі мифологиялық мектептің әсері.
9. Алғашқы қазақ баспасөзі және фольклорлық мұра.

## I БӨЛІМ. Әдеби мұраны зерттеудің негізгі арналары

10. Д.Сұлтанғазин еңбектерінің ғылыми және тарихи маңызы.
11. «Дала уалаяты газеті» және ұлттық фольклорлық мұра.
12. Қазақ зиялыларының әдеби зерттеудегі жаңашылдық ізденістері.
13. Алғашқы қазақ көсемсөздеріндегі фольклортану мәселелері.

### Негізгі әдебиеттер:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академия баспасы, 1961. – 376 б.
2. Бушмин А.С. Наука о литературе. Проблемы. Суждения. Споры. – М.: Современник, 1980. – 334 с.
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-II том. Алматы: Қазақ университеті, 1997, 1998.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.; Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
5. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.; Ұлттық әдебиеттану әлемі.– Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005. – 317 б.
6. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 34 б.
7. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I-II том. – Алматы: 2008. – 646 б.
8. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2008. – 560 б.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
4. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.;
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. 1 том. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1948. – 440 б.;
6. Қазақ фольклористикасы тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 430 б.
7. Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов в XVII-нач. XX в. – Алматы: Наука, 1971. – 634 с.
8. Сидельников В. М. Устное народное творчество казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 174 с.



9. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 179 б.

10. Крупчанов Л. М. Культурно-историческая школа в русском литературоведении. – М.: Просвещение, 1983. – 223 с.

11. Баландин А. И. Мифологическая школа // Академические школы в русском литературоведении. – М.: Высшая школа, 1975. – С. 514.

12. Николаев П. А., Курилов А. С., Гришунин А. Л. История русского литературоведения. – М.: Высшая школа, 1980. – 349 с.

Репозиторий Қарғу

## 2-ТАРАУ. Ғұмырнамалық зерттеулер мен өлең сөздің теориялық мәселелері

Әдебиет туралы ұлттық ғылымының тарихы жан-жақты зерттелген, туу, қалыптасу жолындағы ізденістер мен іркілістерден тұратын зерттеу әдістері ғылыми тұрғыда сараланған елдердің ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірінің даму жолына көз салсақ, әдеби мұраны игеру үдерісінде әдебиет тарихы мен теориясының мәселелері де қоса қарастырылып отырылатыны байқалады. Әрбір елдің әдебиеттану ғылымы өзіндік ұлттық ерекшелікпен дамидыны белгілі болса да, қазақтың ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірі ғылыми өркендеудің бұл жолын бастан кешірмей қалмады. Әдебиет туралы ғылымның туу дәуірінің алғашқы жылдарында негізгі арналар табуға ұмтылған бұл кезеңге тән ізденістерде әдебиет тарихы мен теориясының мәселелері кейде арнайы түрде, кейде жанама мәнде айтылып қалып отырылды. Ғылыми тұрғыда арнайы зерттеу мақсатты түрде қойылмаса да ғылыми-зерттеушілік, әдеби-тео-

риялық ой-пікір әдебиет тарихы мен теориясын тексеру мәселесін көтеріп, болашақ зерттеулерге апаратын шешуші қадамдар жасады.

Әдеби мұраны игеру саласындағы қандай да болсын мәселені сөз еткен мақалалар мен еңбектер қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып саналатын кезеңде белгілі бір мән атқарғанымен, әдебиет тарихы мен теориясының күрделі проблемаларын бірден жан-жақты әрі терең сөз ете алған жоқ. Дамудың эволюциялық кезеңдерін бастан өткере отырып, жалқыдан жалпыға, жалпыдан жалқыға қарай тексеру заңдылықтарына орай ғылыми сапасы арта түсті. Сондықтан әдебиет тарихына тікелей байланысты жұмыстар мен еңбектерді бір бөлек, теориялық мәселелерге арналған зерттеулерді бір бөлек алып қарастыру керек.

Ұлттық әдебиетті тарихи тұрғыдан тану мәселесін классикалық мұраны игеру жұмыстары деп шартты түрде атасақ, ғылыми-зерттеушілік

ой-пікір айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенін байқауға болады. Оны анықтау үшін әдебиет тарихына, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылығына қатысты жинау-жариялау, зерттеу саласындағы еңбектерді ұлттық әдебиеттану ғылымын тудыруға тигізетін ықпалына орай бірнешеге бөліп, қандай бағыттарда жүргізілгенін білудің мәні зор. Бұл біріншіден, әдебиет тарихын зерттеудің арғы бастауларының қайдан өріс алғандығын танытса, екіншіден, ұлттық әдебиеттану ғылымы туу дәуіріне классикалық мұраны игеру барысында қандай дайындықпен келгендігін дәлелдейді. Біздің ойымызша, классикалық мұраны игеруде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үш түрлі бағытта танылды.

1. Ғылыми бағалаушылық мәні басым зерттеушілік ой-пікірлер.

2. Әдеби мұраны жинап-жариялау, бастырып шығарудағы ізденістер.

3. Ғұмырнамалық сипаттағы зерттеулер (биографизм).

Фольклорлық аңыз, әпсана, хикаят, тарихи жылнамалар мен шежірелерде бірлі-жарым болса да әдебиет өкілдерінің аталуы, халық аузында авторы белгілі ән-өлең, жыр-толғаулардың жүруі бағалаушылық мәндегі ой-пікірдің оянуына себеп болды, олар туралы қызығушылықты, өнерпаздық тұлғасын танытуға деген ізденісті туғызды. Бұл келіп олардың халық тарихындағы, әдебиет пен

мәдениетіндегі орны қандай деген бағыттағы түсіндірмелік зерттеулер жасауға әкелді. Ең маңыздысы бұл – бағыттағы ізденістер қазақ халқының фольклордан бөлек әдебиеті бар екені туралы танымдық мәні бар ұғым тудырды. Рас, бұл бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің фольклор мен әдебиеттің айырмасын анықтауға өресі жете бермеді. Оған әлі ерте де еді. Сондықтан фольклор мен әдебиет тарихының мәселелері араласа жүрді. Бұл бағыттағы мақалаларда тарихи-этнографиялық сипаттың басым болуы және сыншылдық-эстетикалық ой-пікір мен ғылыми-зерттеушілік көзқарастың қатар жүруі де сондықтан. Алайда, қазақ әдебиеті тарихының көрнекті өкілдері сөз болуы барысында олар туралы ғылыми бағалаушылық мәндегі ой-пікір айтылмай қалмады. Әдебиет тарихының нақты зерттеу нысанасына айналмауынан бұл бағыттағы ой-пікір жалпыламалық мәннен аса алмады. Бұл турасында орыс ғылымы Л. М. Крупчанов: «Однако в истории культурно-исторической школы был период неосознанных, стихийных тенденций, когда преобладала литературоведическая практика. Эта практика наметилась еще в трудах писателей и ученых XVIII века и характеризовалась двумя моментами. Прежде всего – это был интерес к древнему периоду отечественной поэзии... Второй момент – интерес к на-

родному творчеству. Тем не менее эти два момента не определяли специфики научной системы в литературоведении, так как носили слишком общий характер», – деп жаза келіп, әдебиет тарихын зерттеуде тарихилық принципін туғызуға себеп болатын ұлттық поэзияның ерте кезеңіне көңіл аудару керек екенін атап көрсетеді [7, 12].

Ғылыми бағалаушылық мәні басым мақалалардың жазылуы, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарих алдындағы кезеңі үшін өте қажетті проблеманы қолға алуға қозғау салды. Ол ұлт әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларының баспа жүзін көруі, яғни кітап етіп шығару, әдеби жинақтар шығару мәселесі еді. Ол баспасөз бетінде: «Ұзақ жақсы әңгімелерді кітап бастыратын орынға жіберіп, кітап қылып бастырған жарар еді. Газетке өлең мен ертегінің қысқарақ, ғибрат алуға лайықтысын жазса жарар еді», – деген сипатта айтылмай да қалмады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жинақтары, лиро-эпостық жырлар, батырлық жырлар, қиссалар, шежірелер, аңыз-хикаялар баспа жүзін көруі кітап бастыру жұмысының біршама жолға қойылғанын байқатады. XIX ғасырда жарық көрген 260 кітаптың бірнеше мың данамен жарық көруі эстетикалық талап-таламның өсе түсуіне әсер етумен қатар, филологиялық білімнің тара-

ла бастауына ықпал жасады. Өйткені, бұлардың қатарында таза әдеби үлгілермен қатар әртүрлі хрестоматиялар, сөздіктер, оқып-жазуға үйрететін құралдар, әліппелер мен оқу құралдары т.б. бар еді. Сонымен қатар, әдебиет тарихына тікелей қатысты классикалық мұрадан жеке ақын-жыраулар шығармаларының кітап болып шығып, оқырман қолына тиюі құптарлық құбылыс болды. Әсіресе, XIX ғасырдағы бұл үрдіс XX ғасыр басында ерекше қарқын алды. Қазақ әдебиетінің ерте дәуірінің өкілдерінің шығармаларының шығуы тарихи танымның өсе түскенін көрсетеді. С. Бақырғанидің шығармалары «Хакім ата» (1846, 1857, 1858, 1888), «Тағы ғажап» (1856), «Әулие Мария туралы кітап» (1878) деген атпен, Абу Әли ибн Сина шығармалары «Хикмет сөздер» (1864, 1886, 1889), «Ибн Сина қиссасы» (1881) деген атпен және Қожа Ахмет Яссауидің «Диван и Хикметі» (1893, 1901), софы Аллаярдың «Мұрад алғарифині» (1859, 1895), Ш. Баһауддиннің «Тән азығы кітабы» (1865), Нәсрединнің «Қисса Рубғұзы» (1859, 1891) шығуы оған айқын дәлел. Әдебиеттің кейінгі дәуірлеріндегі шығармалар да назардан тыс қалған жоқ. Ғабдолла Мұштақтың (Ғ. Қарашев) «Көкселдір», «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары» (шыққан жылдары белгісіз) жинақтарында Шалкиіз, Жанұзақ жырау, Асан қайғы,

Қазтуған жырау, Байтоқ ақын, Шәңгерей Бөкеев өлеңдерінің жарық көруі, оларды танытуды ғана емес, зерттеу мақсатында жинастыру жұмыстары да жүре бастағанын көрсетеді. Ғасыр соңында Д. Бабатайұлының «Өсиетнаме» (1880, 1897), Ш. Қанайұлының «Шортанбайдың бала зары» (1888, 1890, 1894, 1897) қайта-қайта басылуы сол кездегі отаршылдық саясатқа сай саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты халық сұранысын бір байқатса, екіншіден, ұлт әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде танылулары да біршама жоғары болғаны көрінеді. Ақын-жазушылар шығармаларының кітап болып шығуына орай нақты зерттеушілік ой-пікірдің туа бастауына бұлар туралы жазылған сын мақалалар, рецензиялар жетекші роль атқарды. Олар классикалық мұраны жариялаған әдеби жинақтарды немесе ақын-жыраулар кітаптарын сыншылдық тұрғыдан қарап бағалаушылық мәндегі пікірлер де білдіріп отырды. Негізінен XX ғасыр басында сыншылдық-эстетикалық таным ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірмен тығыз араласып, бұлар бір-бірін толықтыра, сабақтаса дамығаны байқалады. Оның ішінде туу дәуірінде тұрған сыншылдық ой-пікір өзінің жетекшілік ықпал жасауымен ерекшеленеді. Өйткені, «бұл кезеңдегі әдеби сын элементтері әлі де болса жалпы саяси-экономикалық, тарихи-

әлеуметтік мәселелермен қабаттаса айтылып, мәнді арна табуға ыңғайы бар екендігін» танытқан болатын. Осы жалпы мәселелермен қоса, сыншылдық ой-пікір әдеби мұраны ғылыми тұрғыда қарастыру жайына жиі-жиі барып тұруы заңды екені айтпай-ақ түсінікті. Себебі, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікір секілді, әдеби сынның да басты сөз етер нысанасы әдеби мұра еді.

Классикалық мұраны игерудегі ендігі бір игі қадам ақын-жазушылардың өмір жолын жазу арқылы шығармашылық мұрасына бару болды. Бұл бағыттағы алғашқы бастаманы «Түркістан уалаятының газеті» салған еді. Газет редакторы Шаһмардан Ибрагимов Жетісу генерал-губернаторы фон Кауфманның Ш.Уәлиханов басына құлпытас орнату туралы жарлығын жариялау барысында ұлы ғалымның кім екенін қазақ еліне танытуды өзінің парызы деп білген де ол туралы ғұмырнамалық сипаттағы мақала жариялаған. Рас, мақалада Шоқан еңбектеріне ғылыми-зерттеушілік тұрғыдағы көзқарастан гөрі, оның орыспен қазақ ортасына бірдей сыйлы екендігін тілге тиек ету арқылы ғалымдық, өнерпаздық тұлғасын таныту басым. Мақала авторының ұлы ағартушының өмірін жақсы білетіні айқын танылып тұрғанымен, еңбектерінің ғылыми мәні туралы нақты ой-пікір білдіре қоймаған.

Егер де орыс ғалымдардың Шоқанды шығыстанушы ғалым ретіндегі бағалаған пікірлері сәл кейінірек айтылғанын еске алсақ, мақала шоқантану саласының тұңғыш ізашары деп ойлау керек. Сонымен қатар, оны тек шоқантануда ғана емес, ұлттық әдебиеттану ғылымының классикалық мұраны ғұмырнамалық бағытта тексерудің алғашқы соқпағын салған еңбек деп те бағалауымыз қажет.

Бұл мақалаға қарағанда Шоқан өмірбаянын толық және жүйелі түрде бере алған зерттеу «Дала уалаятының газетінде» «Ш. Ш. Уәлиханов» деген атаумен жарияланды. Мақала ұлы ғалымның туғанына 60 жыл толуына байланысты жазылғандықтан өмірбаянына қатысты деректер түгелге жуық қамтылған десе де болады. Шоқанның туған жері мен оқуы туралы қысқаша таныстыра келіп, орыс ғалымдарымен, әсіресе, П. П. Семенов-Тянь-Шанскиймен танысқан соң шығыстану ғылымына келуіне, қазақ даласын зерттеу ісіне белсене араласуына басты себеп болғанына тоқталып өтеді. Саяхатшы ғалым ретінде Жоңғарияға, Ыстықкөлге, Құлжаға, Қашқарияға барған сапарларындағы зерттеулерін орыс ғалымдары жоғары бағалағанын, шығыстану ғылымы үшін орасан зор үлес болып қосылғанын айта отырып, ғалымдық тұлғасын танытуға ерекше ден қояды. Мысалы, Қашқарияны

зерттеу жолында өлтірілген А. Шлагинвейт пен М. Полодан басқа ешкім бұл өлкені зерттеу ісіне тәуекел ете алмағанына тоқтала келіп: «Сол заманда мұндай жайларға бармақтың өзін таңғажайып ертегі деп білуші еді», – деп жазады. Сол секілді Петербургтегі өмірі, ғылыми-білімді молынан игеру жолындағы ізденгіштігі, ыждағаттылығы, университеттерден өз еркімен барып дәріс тыңдап тұрғандығы сол кезде жоғары бағаланып, «Ресей бұл парасатты қазақтың жиһатына жаны ашып, ықылас қойып, тәрбиелеп басып шығарып отырғанына» ерекше көңіл аударады. Шоқан еңбектерінің басты сипаты «бұрынғы өткен хабарларды жазатұғын ғылымға һәм халықтардың мінез-ғадеттерін баян ететін ғылымға» (тарих пен этнография. Ж.С.) арналғанын айтып, өмірінің қысқа болғанына өкініш білдіреді де, бұл секілді еңбектер әр түрлі ғылымды меңгерген адамның қолынан ғана келеді деген тұжырым жасайды. Бұдан Шоқанның энциклопедист-ғалым ретіндегі тұлғасын бағалау анық көрініп тұр. Газеттен бұл мақаланы басу арқылы Шоқан салған жолды, оның ғылымдағы ісін және қазақ халқына жасаған қызметін басқа оқыған азаматтарға үлгі-өнеге етуге деген идеясы анық танылады.

Ұлт әдебиетіндегі көрнекті тұлғаларды ғұмырнамалық бағытта зерттеуде осы газетте жарияланған

«Минакиб Ибраһим Алтынсарин» аталатын азасөз (№33, 1889) ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихы мәселелеріне шындап көңіл аударып бастағандығын байқатады. «Оренбургский листок» газетінде басылған некрологтың (1888) аудармасы болғанымен, бұған дейін жоғарыда айтылғандай тек ғылыми бағалаушылық мәндегі ой-пікір білдіру мақсатында тек сөз арасында ғана айтумен шектеліп келген Б. Алтынсарин өмірі мен шығармашылығын, педагогтық қызметін қазақ жұртшылығына алғаш рет жүйелі түрде таныстыра алуымен құнды болды. Ұлы педагогтың өмір жолы мен атқарған қызметтерін, мектеп ашудағы жанқиярлық еңбегінен хабардар ете келіп: «Алтынсарин орыстардың әр ғылым-білімдерін біліп, қазақтан бір мінезді, ақылды, данышпан, қазақ халқына һәм Ресейге пайдалы бір қызметтегі адам еді. Жақсылығын айтқанда, Алтынсарин қазақ арасына әуел Еуропаның білім-ғылымын шашқан һәм халықтың Ресейге ықыласын ашқан бір артық жан болды», – деген пікірдің қазақ баспасөзінде жариялануы Б.Алтынсарин мұрасын ғылыми тұрғыда тану жолындағы зерттеу ісіне қозғау салмады деп айта алмаймыз [10, 153]. Минакиб орысша жазылып, алғаш орыс тілді баспасөз бетінде жарық көргенімен, оның авторы қазақ ұлтынан екені анық

байқалады. Ол Б.Алтынсаринның педагогикалық көзқарасының қалыптасуына В. Григорьев, Н. Ильминский, Л. Толстойлардың әсер етуі мен қазақ елін оқу-білімге, өнер-ғылымға үндеген ағартушылық қызметін бағалаған тұстарында айқын танылады. «Дала уалаятының газетін» шығарушылар оны аударып басуды өздеріне парыз санаған. Бұл минакибке Н. Ильминскийдің «Б. Алтынсарин туралы естелік» атты кітабының қатысы жоқ. Ол кейін Қазанда 1891 жылы шыққан «Акмолинские ведомости» газетінде «Б. Алтынсарин – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы және зерттеуші» (№33, 1889) деген мақала да жарияланған. Осы үш газетте де мақалалар бір номерде, яғни 1889 жылғы №33 санында жариялануында бір сыр бар. Негізінен қазақ оқығандарының арасында Б. Алтынсарин тұлғасы кеңінен танымал болған. Оны «Қазақ хрестоматиясының» (1879), оның «Мақтубат» деген атпен шыққан нұсқасының (1899) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1897), «Шарият әл-ислам» секілді оқулықтарының қазақ-орыс мектептерінде үздіксіз пайдалануы толық дәлелдейді.

Ұлт әдебиетінің тарихи даму жолына көз сала бастаған алғашқы қадамдарда ғұмырнамалардың, яғни биографизмнің танымдық сипаты – белгілі бір ақын-жазушы

шығармашылығын тарихи тұрғыда зерттеудегі жолашар боларлық маңызымен құнды. Орыс әдебиеттану ғылымында да әдебиет тарихына барар жолды Державин, Фонвизин, Пушкин туралы биографиялық очерктерден басталады деп санайтыны да сондықтан. Егер ғұмырнамалық сипаттағы мақалаларды әдебиеттану ғылымының туу дәуіріне әкелер жолдағы бір саты десек, ол XX ғасыр басында Абай ғұмырнамасын жазудан басталған үлкен жолға жалғасқан ізденістердің алғашқы соқпағы еді. Әрине, оларда сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дәрежесіне сай таныстырмалық, халық мәдениеті мен әдебиетіндегі орнына қарай бағалаушылық көзқарас басым жатты. Бірақ мәселе – олардың ғылыми сапасында емес, ұлт әдебиетінің өкілі туралы тарихи танымдық бағыттың басталуын дәлелдеуінде.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басында ақын-жазушылардың шығармалары баспасөзде жариялануы, әдеби жинақтар мен кітап болып жарық көруі, әр түрлі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларда ғылыми бағалаушылық мәндегі пікірлердің айтылуы, ғұмырнамалық сипаттағы зерттеулердің шығуы көне жазба ескерткіштер кезеңінен бастау алған эстетикалық таным-біліктің ғылыми-зерттеушілік мәндегі ой-пікір дәрежесінде толық оянып, ұлттық әдебиеттану ғылымының

тарих алдындағы кезеңінде әдебиет тарихын тексеруде болашақ іргелі зерттеулерге апаратын өзекті проблемаларға бара алғандығына куә боламыз.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір классикалық мұраны игеруде оның тарихының мәселелеріне барып, көрнекті өкілдерін зерттеуде осындай дәрежедегі алғашқы ғылыми тұрғыдағы барлаулар жасап жатқанында, әдеби-теориялық бағыттағы ізденістер де көрінбей қалмады. Бұған дейін әдебиеттің сөз өнері ретіндегі сипатын ашу мақсатында тек жалпылама мәнде айтылып келген бірді-екілі көзқарас пен практикалық дәлелдеулер енді нақты талдау жасау мен жанрлық түрлерін анықтау жолында соны қадамдар жасай бастауға ұмтылыс танытты. Әдебиеттің тарихы мен теориясының бірін-бірі толықтыра, сабақтаса отырып қалыптасатыны жалпы өнерге тән құбылыс. Бұл Н. Г. Чернышевский: «История искусства служит основанием теории искусства, потом теория искусства помогает более совершенной, более полной обработке истории его; лучшая обработка истории послужит дальнейшему совершенствованию теории, и так далее, до бесконечности... Без истории предмета нет теории предмета; но и без теории предмета нет даже мысли о его истории, потому что нет понятия



о предмете, его значении и границах», – деп жазған болатын [11, 265]. Ендеше әдебиетке тарихи тұрғыда қарау көзқарасы туындаған уақытта әдеби-теориялық ой-пікірдің кенже қалуы мүмкін емес еді.

Кез келген халықтың ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңіне дейінгі тарих алдындағы дәуіріне көз жіберсек, әдеби-теориялық көзқарастың оянуы әдеби-тарихи ой-пікір мен эстетикалық таным процесінің басты құралы саналатын ғылыми ұғымдардың өріс алуына, әдеби білімдер системасының қалыптасуына жол ашу арқылы ғылыми сипат алуына әсер ететінін байқаймыз. Себебі «теория становится научной только тогда, когда в ее основе лежат научные понятия». Олай болса, әдеби-теориялық көзқарас әдебиетті өнердің бір түрі ретінде танып, оның жанрлық ерекшеліктері мен даму заңдылықтарын ашуда тұрақталған ғылыми ұғымдарды тудырып, теориялық білімдер системасын құрайды. Алғашқы айтылған ғылыми теориялық көзқарастағы пікірлер бірте-бірте толыса келіп, әдебиет атты сөз өнерінің барлық болмысы мен құрылысын, жанрлық табиғаты мен стильдік ерекшеліктерін ғылыми-зерттеушілік сипатта түсінуге ықпал жасайды. Мысалы, орыс әдебиеттану ғылымында XVIII ғасырдағы әдеби-теориялық көзқарастың өріс алуын алсақ та жеткілікті. Орыс

әдебиеттану ғылымының бастаулары болып саналатын Лаврентий Зизанийдің «Грамматика словенска», Милетий Смотрицкийдің «Грамматика», Макарийдің «Риторика», Феофан Прокоповичтің «Поэтика» және «Риторика» деп аталатын еңбектерінен басталған әдеби-теориялық көзқарас Ресейде орыстық ғылыми теориялық ой-пікірдің өріс алуына себепкер болып, Ф. Прокопович, В. К. Тредиаковский, М. В. Ломоносов, А. Д. Байбаковтар поэзияны тек пен түрге бөлудің алғашқы поэтикалық жүйесін жасады. «Теоретические вопросы решались тогда в основном на стихотворных текстах... и в наибольшей мере отразили интенсивный рост теоретико-литературной мысли», – деп атап көрсетілгеніндей, орыс әдебиеттану ғылымының тууына өлеңтану жұмыстарының қатты әсері болды [3, 17].

Әдеби-теориялық ой-пікірдің алғашқы кезде әдебиеттің поэзия саласына, оның жанрлық түрлеріне байланысты көрініп, өркен жаюы әрбір ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңіне тән құбылыс десе де болады. «Стихование всегда составляет сердцевину науки о литературе» деген нақты айтылған пікірге сүйенетін болсақ, қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби-теориялық ой-пікірдің оянуы да осы өлеңтанушылық көзқарасқа тікелей байланысты болғанын байқар едік.

Оған XIX ғасырда қазақ даласында әлеуметтік, қоғамдық ой-сананың өсуі мен халық творчествосы үлгілерін жинау, жариялау жұмыстары, қазақ баспасөзінің жолға қойылуы шешуші ықпал жасады. Қазақтың халық поэзиясының жанрлық табиғаты туралы теориялық тұрғыдан алғаш ғылыми пікір білдірген алдыңғы қатарлы орыс ғылымының көрнекті өкілдері, ориенталист-этнограф ғалымдар болды. И. Березин, В. Радлов, Г. Потанин, А. Васильев, Н. Пантусов, А. Алекторов және тағы басқалар қазақ ауыз әдебиетінің асыл мұраларын жинап, жариялау процесі барысында қазақ халқының өнерпаздық дарындылығы, әсем ән мен келісті мақамға, өрнекті ырғаққа құмарлығы, поэтикалық қасиеті, жеке ұлттық поэзия ретіндегі жанрлық табиғаты, аңыз-ертегілері мен эпикалық жырларында тарихи деректердің мол болатыны туралы түсіндірмелік мәндегі пікірлер білдіріп отырды. Осы ғалымдардың қазақтың халық поэзиясы үлгілері жайында таныстырушылық мақсатында келтірген аз да болса салыстырмалық мәндегі ойларында сөз етіп отырылған әдеби-көркем материалдың қазақ фольклоры екенін қосатын болсақ, бұлар қазақтың оқыған, көзі ашық адамдарының әдеби-теориялық ой-пікірін қалыптастыруға игі ықпал еткен жетекші факторлардың бірі болды. Орыс фольклористерін халық поэзиясы-

ның саф алтындай тазалығы мен көркемдігі, жанрлық түрлерінің молдығы қатты таң қалдырғаны белгілі. Қазақ поэзиясының табиғаты мен өлең құрылысы жайындағы алғашқы теориялық пікірді В. В. Радлов айтты. Қазақ поэзиясы үлгілерін салыстыра қарай отырып, өлең және жыр деп бөледі. Қазақ өлеңіне сипаттама және ең алғаш анықтама бере келіп: «Қазақ өлеңі төрт жолды шумақтан құрылады. 1, 2, 4 жолдары ұйқасып келеді. Әр жол үш ырғақтан тізіледі, екпін ырғақтың басы мен аяғына түседі», – деп нақты мысалдар келтіреді. Қазақ өлеңінің жанрлық сыр-сипатын ғылыми терең ашып бермесе де В. Радлов бұл пікірі арқылы басқа фольклористерге қарағанда теориялық тұрғыдан алғанда жаңа қадам жасады. Себебі, Қазан төңкерісіне дейін орыс фольклористерінің басты мақсаты халық творчествосын жинау, жариялау болғаны мәлім.

Фольклорлық мұраны игеру саласындағы осы тәріздес игі қадамдардың жасалуы нәтижесінде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір фольклортану саласындағы келешек ізденістерге кең жол ашатын үлкен бір мәселені шешіп алды. Ол – халық ауыз әдебиетін жанрға және түрге бөлуде жасалған алғашқы классификацияның тууы еді. Бұл Ә. Диваев пен М. Ж. Көпеевтің еңбектерінен көрінді.

Қазақ фольклорын жинап-жариялау мен зерттеуде орасан зор еңбек сіңірген Ә. Диваев өзінің жинаған материалдарын баспаға әзірлеу барысында оларды жанрлық сипатына орай 8 топқа бөліп орналастырады.

1. Животный эпос (үлгі сөздер);
2. Былинный эпос (дастандар);
3. Сказочный эпос (ертегілер);
4. Легенды, сказания, предания (аңыз-әңгіме);
5. Пословицы и поговорки, загадки (мақал сөздер мен мәтелдер, жұмбақтар);
6. Демонологические рассказы;
7. Свадебный ритуал (үйлену салты өлеңдері);
8. Похоронный ритуал (жерлеу салты өлеңдері).

Бұл қазақ фольклорына жанрлық тұрғыда классификация жасаудағы алғашқы жоба еді. Бұған дейінгі фольклористер қазақ ауыз әдебиетінде екі-үш жанр түрі бар екенін айтудан аса алмай, жанрлық жіктеулерге бара қоймаған еді. Кейбір жанрлар араласа жүргенімен Ә. Диваевтың осы алғашқы классификациясы фольклорлық мұраны игеру жұмыстарын ғылыми мақсатта жүйелі түрде жүргізуге жасаған мәнді қадам болды. Фольклорлық мұраны жанрлық сипатына орай жүйелегенде Ә. Диваев оны ішкі жанрлық түрлерге бөлуді жинаған материалдарды орналастыру барысында жүзеге асырған. Мысалы, жерлеу салтына байланысты өлең-

дерді көңіл айту, жоқтау, жылау деп бөліп, әрқайсысының бірнеше үлгілерін келтірген. Фольклорист өз еңбектерінде академиялық бағыт ұстап, тарихи-этнографиялық зерттеулерге ден қойғандықтан, өзі жүйелеген кестедегі жанрлардың басты сипатын ашу жағына бара бермеген. Сол сияқты халық поэзиясын эпикалық, көңіл күй өлеңдері және драмалық деп үшке бөлген уақытта да алғашқы екеуіне мысал келтіріп, халық поэзиясының табиғатын бағалаумен шектелген. Кейбір жанрларды тақырыпқа бөлуді де Ә. Диваев алғашқы боп қолданды. Ол ертегілерді тақырыптық жағынан 5-ке бөлсе, мақал-мәтелдерді 50 тақырыпшаға жіктейді. Бұлар ғасыр басындағы фольклортанудағы соны ізденістер мен тың қадамдар екенінде дау жоқ. Біз бұл жерде Ә. Диваевтың кеңес дәуіріне дейінгі еңбектерін ғана сөз етіп отырмыз. Кейінгі зерттеулерінде бұл бағыттағы ғылыми ойларын тереңдетіп әкеткені мәлім. Сол кездегі қазақ баспасөзі бетінде Ә. Диваевтың зерттеулеріне жоғары баға беріліп, бірнеше мақалалар арналуы да ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесінің мәнділігін көрсете түседі.

Өзі жинастырған фольклорлық үлгілерді хатқа түсіру барысында бір жүйеге келтіруге талап жасаған М. Ж. Көпеев болды. М. Ж. Көпеев қалдырған «Қара мес», «Қара кітап» аталатын қолжазбалардың танымдық құндылығы бүгінге дейін маңыз-

ды екені ақын мұрасы ақталғаннан кейін тіпті де сезіле түсті. Әдеби мұраны жинап хатқа түсіруде саралап-сұрыптап, зерттеушілік тұрғысындағы бағалаушылық көзқараста түсініктемелер жаза отырып, үлкен жауапкершілікпен қараған.

М. Ж. Көпеев ауыз әдебиеті мұраларын жинастыру барысында оны жанрлық сипатына байланысты топтастыру арқылы жүйелеуді арнайы мақсат етіп қойып, ғылыми-зерттеушілік көзқараста қараған. Оны, яғни фольклорлық мұраға классификация жасауға деген өз жобасын, жинаған материалдарын орналастыру тәртібі барысында жүзеге асырған. Сонда ақынның фольклорды жүйелеген нұсқасы төмендегідей болып шыққан:

1. Үлгі сөз.
2. Бата.
3. Жар-жар.
4. Беташар.
5. Сыңсу.
6. Жоктау.
7. Қара өлең.
8. Қайым өлең.
9. Айтыс.
10. Бақсының сөзі.
11. Өтірік өлең.
12. Жақсылардың мысал сөзі.
13. Тақпақ.
14. Мақал-мәтелдер.
15. Шешендік сөз.
16. Лиро-эпос.
17. Батырлар жыры.
18. Шежіре.
19. Тарихи аңыздар.

Әрине, бұл жіктеуде белгілі бір ғылыми жүйелілік пен Ә. Диваев

жасаған нұсқадағыдай әдет-ғұрып, тұрмыс-салт түріне қарай ортақ тақырыпқа біріктіру жоқ. Сол себептен де жеке жанрлар мен түрлер араласып отырған. Бірақ, сол кездегі фольклорлық мұраны жинау жұмыстарында оны тақырыптық және айтылу мазмұнына сай осылайша топтастыра отырып жүйелеу ісі сирек кездеседі. Ендеше М. Ж. Көпеевтің фольклорды әр түр мен жанрға жіктеген осы нұсқасын сол кездегі зерттеушілік ой-пікірдің дәрежесінде бағалап, алғашқы классификациялардың бірі деп санау керек. Өкінішке орай, ақын жинаған фольклорлық мұраның қол жазбасы сол кезде жарыққа шықпай, тіпті бертінге дейін М. Ж. Көпеев шығармашылығына деген кереғар көзқарастың әсерінен өз бағасын ала алмады.

Тұжырымдай келгенде, әдеби мұраны ғылыми тұрғыда зерттеуде кейінгі іргелі еңбектерге табан тірер негізгі арналардың сыр-сипаты осындай дәрежеде болды. Бұл «Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқы сауатсыз, мәдениетсіз ел болды» деген секілді нигилистік пікірлердің түбегейлі қате екенін дәлелдесе керек.

## Тапсырмалар

1. Алғашқы ғұмырнамалық зерттеулердің ғылыми сипаты.
2. Шоқан тану ілімінің алғашқы баспалдақтары.
3. Жазба әдеби мұралардың жариялануы мен зерттелуі.
4. В. Радлов пен Ә. Диваевтің қазақ фольклорының жанрлық түрлері туралы зерттеушілік ой-пікірлері.
5. М.Ж. Көпеев – фольклортанушы.
6. Қазақ фольклорын классификациялаудағы ізденістер.
7. Қазақ поэзиясының құрылысы туралы теориялық ізденістер сипаты.
8. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы бастаулары.

## Негізгі әдебиеттер:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: ҒА баспасы, 1961. – 376 б.
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б., Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
3. Бушмин А.С. Наука о литературе. Проблемы. Суждения. Споры. – М.: Современник, 1980. – 334 с.
4. Николаев П.А. Возникновение русской науки о литературе. – М.: Наука, 1975. – С. 320.
5. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.,
6. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
7. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-II том. – Алматы: Қазақ университеті, 1997, 1998 жж.
8. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
9. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I, II том. – Алматы: 2008. – 646 б.
10. Қазақ фольклорының типологиясы. - Алматы: Ғылым, 1981. – 307 б.

## Қосымша әдебиеттер

1. Аль Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы: Ғылым, 1993. – 455 с.
2. Курилов А. С., Пигарев К. В. У истоков русской науки о литературе. // Возникновение русской науки о литературе. – М.: Наука, 1975. – С. 42-72.

## I БӨЛІМ. Әдеби мұраны зерттеудің негізгі арналары

3. Сүбіханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспа-сөзіндегі жарияланымдар. – Алматы: ҒА баспасы, 1961. – 154 б.
4. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы: Қазақстан, 1971.-180 б.
5. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Алматы: Ғылым, 1983. – 294 б.
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б
7. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 379 б.
8. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: – Мектеп, 1976. – 374 б.
9. Көпеев М. Ж. Таңдамалы. 2 томдық. Алматы: Ғылым, 1990.
10. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
11. Радлов В. Алтын сандық. Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
12. Қазақтың халық творчествосы. (Ә. Диваев жинаған материалдар). Алматы: Ғылым, 1989. – 416 б.

### 3-ТАРАУ. Ә. Бөкейханұлы – әдебиеттанушы ғалым

Әдебиеттану ғылымында академиялық зерттеу мектептері қалыптасқан елдердің зерттеу еңбектерімен қатар қоюға болатын алғашқы ғылыми сипаты айқын мақалалар да жазыла бастады. Ол – қазақ халқының ардагер перзенттерінің бірі Әлихан Бөкейхановтың «Туземец» деген жасырын атпен жазылған «Қобыланды» жырындағы әйелдер» деп аталатын мақаласы. Бұл – ұлттық әдебиет туралы ғылымның арғы бастауларынан бері келе жатқан ғылыми ізденістер жолында нақты бір көркем шығарманы ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық тұрғыда тұтастай алып талдаған алғашқы еңбек. Шоқанның өзі жазып алған эпостық жырларын тарихи, ғылыми тұрғыда сөз еткенімен, теориялық талдауларға бара бермегені белгілі.

«Ұлтшыл-алашордашыл» атанған арыстарымыздың соңғы кезге дейін ғылыми айналымға қосылмай келген еңбектері секілді, бұл мақаланың да ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді дамытудағы үлесі назардан тыс қалып келді. «Қобыланды батыр»

жырын немесе қазақтың эпостық жырларын кейіндегі кеңес өкіметі тұсында монографиялық тұрғыда қарастырған фольклористика ғылымындағы еңбектердегі басты тұжырымдарға негізгі өзек болған ойлар осы мақаладан туындап отырса да, белгілі себептермен сілтеме жасау құрметіне де ие бола алмай қалды. Қоғамды қайта құруға байланысты жанаша көзқарастың әсерінен алғаш рет «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988) атты еңбекте С. Қасқабасов «XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ фольклористикасы» деген тарауында сөз етіп, ғылыми ой-пікірдегі маңызын ашып берді. Соның өзінде Ә. Бөкейханов туралы ештеңе айта алмай, амалсыздан «Туземец» мақала авторының лақап аты, В. М. Сидельниковтың айтуынша авторы Ә. Диваев. ...Сол уақыт үшін әрі озық, әрі баспа бетінде ашық айтылмайтын ойларды батыл көтергені үшін өз есімін жасырып, «Туземец» деп қол қойған», – деп қорқа-қорқа барған [8, 138]. Қалай дегенмен де қазақ фольклорының зерттелу

тарихы туралы еңбекке Ә. Бөкейханов еңбегін жасырын атымен болса да енгізді.

Бұл мақаланың ғылыми сипаттағы мазмұны мен көтерген проблемасы сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің деңгейін көрсететінін айта келіп ғалым С. Қасқабасов: «Мақалада қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілген. Бұлар: эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мерзімі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі», – деп жазады. Біз бұған толығынан келісеміз. Өйткені, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кезде нақты сөз етуге ұмтылған басты мәселелерінің өзі осы болатын. Тыңнан қосылғаны – жырдың образдық жүйесіне теориялық талдау жасаудағы алғашқы қадамның көрініс табуы. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бұған дейін тарихи-мәдени мектептің тарихилық принципі бойынша фольклорлық жырдағы тарихи оқиғалардың көрініс табуын, жырдың алғаш рет пайда болуын, аңыздық желілер мен тарихи деректер бойынша қарап келген болатын. Мақала авторы оны жырдың сюжеттік құрылымынан іздейді. Басқа жыр-аңыздар мен тарихи дерек-

терді салыстырмалық тұрғыда қарамауының себебі де осында.

«Мақаланың басты концептуальдық идеясы, – деп жазады одан әрі С. Қасқабасов – қазақ тұрмысы мен мәдениетіне ислам ықпалының күшеюі заңды деген ой». Бұл – Ә. Бөкейханов еңбегінің зерттеушілік мәнін дұрыс таныған пікір. Өйткені, мақала авторының ғылыми-зерттеушілік көзқарасында тарихи-салыстырмалық бағыттың басты белгілері нақты орын алған. Тарихи-салыстырмалық әдебиеттану әдеби мұрадағы екі дінділіктің (двоеверия) көрініс табуын арнайы зерттеу проблемаларының бірі етіп қойған болатын. «Немало затруднений – причём не только западноевропейским, а и русским исследователям – доставляло истолкование так называемого «двоеверия» – смешения языческих элементов с христианскими. Оно наблюдалось как в средневековой европейской литературе так и в фольклоре», – деп жазылғандай, бұл мәселе орыс зерттеушілерінде әртүрлі бағыттағы пікірталас туғызды [12, 273]. Әдебиеттегі екі дінділіктің көрінісі туралы ғалымдардың бір тобы, әсіресе славянофилдар, халықтың христиан дініне деген ықыласы мен ынтасы шамандыққа негізделген дүние-танымды (языческую культуру) ығыстырып шығарды да, олардың белгілері әдеби мұрадағы мифтік таным мен образдарда



ғана қалды деп есептесе, мифолог әдебиетшілер шамандық дініне негізделген аңыз-жырларды ерекше құрмет тұтқандықтан христиан діні мифтік образдардың сыртқы белгілерімен ғана ұқсасады деп тапты. А. Н. Веселовский бастаған зерттеушілер бұл екеуіне де қарсы шыға келіп, жаңа діннің догмалық қағидаларын халық бірден қабылдауы мүмкін еместігіне сүйене отырып, шамандық пен христиандықтың бір-біріне үстемдік етуі үшін күреске түсуі барысындағы дүниетанымдық көзқарас әдеби шығармаларда көрініс табатынын, олар бір-бірін толықтыратынын, жаңа ескінің өзіне қажетті деп тапқан белгілерін алмай қоймайтынын айтады. Олар тұрмыс-тіршіліктің өзгеруіне байланысты шамандыққа тән мифтік ұғымдар ескіріп, жаңа дінге тән сипат қабылдап өзгеріске түседі деген тұжырымға ден қояды. А. Н. Веселовский жаңа фантастикалық образдар жасау үшін шамандық мифологияның ерекше дамуы қажет емес екенін айта келіп: «Если в такую умственную среду попадает остов какого-нибудь нравоучительного аполога, легенда, полная самых аскетических порывов, они выйдут из него сагой, сказой, мифом», – деп жазады. Мақала авторы «Қобыланды батыр» жырын зерттеуде осы А. Н. Веселовский бастаған ғалымдар позициясы тұрғысынан қарайды. Оны

автордың: «В былине ярко обрисована глубокая симпатия народа к своим старым верованиям, поневоле уступающим место и значение новым мусульманским. Герой Кобыланды тотчас же навлекает на себя и свой народ бедствия, как только перестает следовать старым верованиям. Но язычество уже довольствуется лишь пассивным участием в жизни, предоставив деятельное направление и судьбы и поступков человека мусульманству, введшему в жизнь неумолимый закон предопределения. Мы выбрали эту интересную для изучения киргизов и их культуры былинку «Кобыланды», для рассмотрения типов киргизской женщины, как более подходящую по своей популярности и относительной правдивости. Никакая другая былина не может лучше ответить на интересные вопросы, чем «Кобыланды», благодаря ее положению на рубеже двух верований народа – на вопросы о киргизке-язычнице, о том, как стала она мусульманкой, и о взглядах на женщину киргиза-мусульманина и киргиза-язычника», – деп жазуы анық көрсетеді [13, 320]. Әрине, мұндағы киргиз дегеннің қазақ екені түсінікті. Еңбек орыс тілінде жазылғандықтан және орыс тіліндегі басылымда шыққандықтан автор солай алуға мәжбүр болған. Сол сияқты ескі наным-сенімді, бұрынғы

дүниетанымдық сананы қазақ даласын зерттеген орыс фольклористері секілді шамандық деп алмай, тарихи-салыстырмалық әдебиеттануға сай «язычество» деп алуы да соның дәлелі.

«Қобыланды батыр» жырының шығу кезеңін анықтауда да осы тарихи-салыстырмалық талдау тұрғысынан келеді. Ол үшін қазақ халқының қалмақтарға қарсы соғысы өте ұзаққа созылып XVII ғасырға дейін келгенін тілге тиек ете келіп, жырда осы қалмақтарға қарсы соғыс суреттелетінін айта отырса да, жырдың ең алғашқы айтыла бастауының басты белгісін сол кездегі басқа зерттеушілер секілді тарихи оқиғаның орын алуымен байланыстыра қарамайды. Керісінше, жырдағы образдардың жырлану сипатына орай халықтық дүниетанымның көрініс табуына үңіліп, жырдың алғашқы шыққан уақытының белгілерін табуға ұмтылады. Бұл сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін үлкен жаңалық екені даусыз. «Қазақтардың мұсылман болған уақытында шыққан бұл жыр, – деп көрсетеді автор – шамандықтың көп белгісін сақтап қалған, ендеше бұл жағдай сол замандағы қазақ шамандықтан исламға көшкен тұсын бейнелейді. Бұл жерде, тіпті шамандық өте әлсіреген болса да, қазақ халық наным-сенімінің екі элементі бой көрсетіп тұр». Кейінде

кенес дәуіріндегі әдеби мұраны игеру саласындағы ізденістерде «Қобыланды батыр» жырының шыққан кезеңіне байланысты пікірталас 1940 жылдардың соңына дейін созылып, оған М. Әуезов, М. Ғабдуллиндерге дейін араласқаны белгілі. Ендеше XIX ғасыр соңында әдеби мұраны игерудегі зерттеушілік бағыттағы ой-пікір қандай ғылыми биіктіктерге дейін қол созғаны өз-өзінен түсінікті. Жыр ислам діні ене бастаған кезден бастап жырлана бастады деген ойды шығарманың сюжеттік желісі бойынша кейіпкерлерге сипаттама беру барысында үнемі ескертіп отырады.

Ә. Бөкейханов мақаласының әдеби мұраны игеру жолындағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін анықтау үшін негізгі сөз еткен мәселелері мен қосқан жаңалығын атап көрсету қажет.

1. Ә. Бөкейханов өз мақаласы арқылы көркем шығарманы құрылысы мен сюжеттік желісіне қарай талдаудың алғашқы үлгісін салды. Бұл бұрын таныстыру, бағалау және тарихи арналарын ашудан әріге бара алмай жүрген ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін үлкен жаңалық болып табылады.

2. Көркем шығарманы образына орай талдауға тұңғыш қадам жасалды. Жырдағы образдар жүйесін сөз еткенде баяндаушылық сипаттан көрі іс-әрекетіне, сюжеттік-компо-

зициялық құрылысындағы алатын орнына қарай талдау, сол арқылы шығарманың айтар ойы мен тәрбиелік мәнін ашуға деген ұмтылыс басым. Ең бастысы – әйелдер образын бір-бірімен салыстырмалық тұрғыда талдауы. Аналық, Қарлығаш және Құртқа, Қарлыға-Құртқа бейнелерін бір-бірімен салыстыра қарастыруда, бұл образдарды жасаудағы шамандыққа негізделген мифтік дүниетаным мен ислам дініне сай жырды шығарушы көзқарасын ашуда, қазақ әйелінің қоғамдағы орнын анықтауда зерттеушілік мақсат ұстайды. Жырдағы қазақ әйелдерінің тағдырына ислам дінінің әсеріне, әйелдерге деген мұсылмандық көзқарасқа сыншылдық тұрғысынан келуінен сол кездегі әйелдер тендігі туралы қоғамдық ой-пікірдің әсері анық байқалады. Жырдағы образдар жүйесін сөз етудің нәтижесінде Ә. Бөкейханов ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге шығарма кейіпкері деген ұғым енгізді. Қобыланды бейнесі арқылы тарихи, Көктен кемпір, Құртқа образдары арқылы мифтік кейіпкер деген түсініктің орын алуына бастама салды.

3. Әдеби шығарманың тарихқа қарым-қатынасы мен шыққан кезеңін анықтауда бұрын тарихи оқиғаның жырлануы мен шежіредегі тарихи деректерді, аңыздық желілерді қатар алып жүрген тарихилық принципіне жаңа бағытты, яғни көркем

шығарманың өзі арқылы, ондағы образдардың жасалуындағы көзқарас арқылы зерттеуді бірінші боп қолданды.

4. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде айтылып келген әдеби мұраның халықтығы проблемасын белгілі бір шығарманы талдау арқылы ғылыми негіздеді. Әсіресе, ол Қарлыға образын сөз етуде анық көрінеді. Бұрын нақты образдың жасалуындағы халықтық көзқарас деген мәселе сөз болмаған еді. Расында да Қарлыға бейнесі басқа батырлар жырында ұшыраспайды. Аналық, Қарлығаш бейнелерін жасаудағы ислам дінінің, Құртқа, Көктен кемпір образдарын сомдаудағы мифтік ұғымның ықпалын қазбалай айтқан мақала авторы Қарлыға бейнесіне келгенде, оны өз бақыты үшін күресуші, ол үшін ештеңеден тайынбайтын қайсар жан деп түсіндіреді. Мақаладағы Қарлыға бейнесіне байланысты айтылған баға кейінгі зерттеу еңбектерде қайталана айтылып, әлі күнге дейін келе жатыр. «Несмотря на ее безумную отвагу, чудовищные жестокости и кажущуюся бессердечность, народ признал Карлыгу, – деп жазады Ә. Бөкейханов – за нормальное явление при наличии непосильных и крупных препятствий к восстановлению попранных прав женщины, видя в ней не безнравственное чудовище, а свою надежду на лучшее будущее киргиз-

ской женщины... Народ не отказался признать за нею право на это счастье, что не мог сделать мусульманин Кобланды» [13, 326].

5. Ә. Бөкейханов өз мақаласында образ жасаудағы автор шеберлігі деген мәселені тұңғыш рет сөз етті. Қобыланды батырға лайық жар іздеудегі автор позициясын «Автор не удовольствовался в выборе подруги для своего любимого героя обыкновенным мерилом, а поставил ее в совершенно исключительное положение. Он как будто сознавал, что иначе она не играла бы никакой роли в жизни героя, усвоившего себе мусульманский взгляд на женщину», – деп түсіндіреді. Мақала авторы жырдың фольклорлық шығарма екенін біле тұрса да оны алғашқы шығарушының образ жасаудағы шеберлігінің халықтық көзқарасқа сай келуімен байланыстыра бағалайды. Мысалы, мына пікір сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін үлкен жаңалық екені даусыз. «Надо отдать должную справедливость таланту и образительности с полным знанием воспеваемой им жизни и ее представительницы. Он совершенно справедливо не стал искать героиню среди своих соплеменниц-мусульманок, которые как более восприимчивый элемент народа, уже давно превратились под давлением религии в робких и забытых существ,

утерявших способность к личной и самостоятельной жизни. Автор вернулся за героиней к оставленному язычеству» [13, 322].

6. Шығарма сюжетіндегі негізгі және әсерлі эпизодтар мен оны жырлаудағы жыршының іс-әрекетін, орындаушылық шеберлігін тығыз байланыстылықта қарастырады. Бұл жерде Ә. Бөкейханов шығарманың авторының позициясы және оны жырлаған жыршы көзқарасы деген мәселені көтереді. Образ жасаудағы автор позициясы мен орындаушы жыршы шеберлігінің сәйкес келуі жырды айтудағы басты шарт болуы қажеттігіне көңіл аударады. «Мұндай тұрғыдан батырлар жырын талдау қазақ фольклорында жатқан көптеген рухани байлықтарымызды аша түсетініне көз жеткізуге болады. Ислам тарихынан, грек эпосынан мысалдар келтіру, Мұхамедтің қызы Фатима мен күйеу баласы Әли, Баба түкті шашты Әзіз туралы аңыздарды пайдалануда жыр мазмұнын қысқа қайырып отырып, тұлғаларға мінездеме беруде Әлихан Бөкейхан үлкен әдебиетші, сыншы, тексттің терең білгірі екендігін танытады».

Ә. Бөкейхановтың бұл мақаласы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің таза ғылыми мәнге ие болу жолындағы ұмтылысының үлкен дәрежеде көрінуін дәлелдеді. Оны фольклор туралы ұлттық ғылымның ғасырларға созылған тарих

алдындағы кезеңінің аяқталғанын, енді туу дәуіріне нық қадам басуға бет алғанын байқататын ғылыми маңызы жоғары еңбектерінің бірі деп бағалау керек.

1903 жылы Петербургте «Ресей. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың XVIII томы қазақ халқының тарихына арналып, «Киргизский край» деген атаумен шықты. Осы томның «Қазақ аймағының тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері», «Қазақ аймағының территория бойынша орналасу тәртібі және оның этникалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деген тарауларын Ә. Н. Бөкейханов жазды. Қазақ халқының мәдениеті мен өнерін, әдебиетін сөз ете келіп, Әлихан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әдеби мұраны ең алғаш рет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп бөледі. Ауыз әдебиетінен көптеген халық жырларын атап келіп, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына әдеби талдау жасайды. Жазба әдебиет өкілдері деп Ноғайбай, Шортанбай, Шөже, т.б. ақындарды атап Абайға арнайы тоқталып, оны қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттағы жаңа әдебиеттің көш басшысы деп бағалайды. «Енді қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты – формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе бейнелеуде) арынды

көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қазақтарға түсініктерінен) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады», – деген пікірді классикалық мұраны ғылыми тұрғыда игеру жолындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде мәнді жаңалық деуге болады. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістің елеулі бір қадамы екені анық.

Осы кезеңдегі ғылыми бағалаушылық мәнде жазылған мақалаларды қарап отырсақ, жеке ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін ашу арқылы әдебиеттің халықтығы, ұлттығы мәселелерін танытуға деген талап байқалады. Әрине, шығармашылық дүниетанымның көрініс табуы секілді күрделі мәселеге бара қойған жоқ. Бірақ, Ә. Бөкейхановтың жоғарыдағы пікіріндегі Абайды жаңа ағымның өкілі деген уақытында сыншыл реализмді айтып отырғанына, ал жанр, форма мен мазмұн мәселелерін сөз етуі, ақын творчествосына талдау жасауға деген ұмтылысты байқатады. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің классикалық мұраны игеру барысында жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай нақтылыққа бой ұра бастағанына айқын дәлел.

Бір айта кететін жағдай, тәуелсіздік алғанымызға дейін Ә. Бөкейханов есімін атауға тыйым салынған кеңес дәуіріндегі талап-тілекке сай бұл томдағы Абай туралы пікірлерді орыс ғалымы А. Н. Седельниковке апарып таңып жүрген тұжырым абайтану ғылымында әлі күнге дейін орын алып отыр. Еуропацентристік көзқарасқа әбден мойынсұнып, бізге барлығын орыстар жасап берді деп өзімізді өзіміз мансұқ етіп келгеніміздің бұл да бір мысалы. XVIII томдағы қазақ әдебиетінің тарихы, оның көрнекті өкілі Абай туралы пікірді А. Н. Седельниковке апарып таңғанда, оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы басқа орыс фольклористермен салыстырғанда жартымды ештеңе жазбағанын да естен шығардық. Оның қазақ даласын зерттеудегі негізгі нысанасы географиялық жағдайлары мен жануарлар, өсімдіктер дүниесі, этнографиясы болған. Әзірге бізге белгілі еңбегі «Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» деп көрсетіліп жүр. Бұл – біз жоғарыда сөз еткен XVIII томдағы Ә. Бөкейханов жазды деп отырған тарау. Оның авторы Ә. Бөкейханов екенін мына дерек дәлелдей түседі. Осы тараудағы Абай шығармашылығы туралы айтқандағы «Семей әншілерінің ауызынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады» деп жазған пікірін

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі «Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласында «1899 году в Кокенской волости киргизский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» под аккомпанемент его скрипки», – деп нақтылай түскен болатын. Ә. Бөкейхановтың басқа да ғылыми еңбектерімен тарихи және стильдік жағынан салыстыра зерттесе көп сыр ашылатыны анық. Өкінішке орай, бұл тарау 1995 жылы шыққан Ә. Бөкейхановтың таңдамалы жинағына енгізілмеген.

Бұл томдағы қазақ әдебиетін сөз еткен тарауды Ә. Бөкейханов жазған дегенде Әлихан мен Абай бір-бірін білген бе деген мәселе туындайды. Бұл, әсіресе, Абай өмірбаяны туралы алғаш жазылған К. Ысқақов пен Әлихан мақалалары төңірегінде жиірек айтылып жүр. Бұл мәселені шешіп алу – абайтану ғылымы және Бөкейханов мұрасын зерттеу үшін ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қалыптасу жолын көрсетуде де маңызы бар. А. Н. Седельников жазсын, Әлихан жазсын әйтеуір Абай тұлғасы орыс жұртшылығына осы еңбек арқылы танылды ғой деп «жауырды жаба тоқып» кете беруге енді болмайды. Бұған Әлихан, Кәкітай мақалалары мен басқа да еңбектерді сөз еткенде әлі де тоқталамыз. Әзірше, осы томдық-

тағы мақалаға байланысты кеңірек сөз етіп көрелік.

Біздің ойымызша, Әлихан Абаймен көзі тірісінде кездескен және пікірлес болған. Оған екі түрлі дәлеліміз бар. Бірінші. Әлихан 1894 жылдан бастап Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмыстарына белсене араласып, 1896 жылы толық мүшелігіне қабылданып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. Осы қоғамның Семей бөлімшесін ашуға ат салысып, оның статистика комитетінде Г. Потанин, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, Е. П. Михаэлис және А. Құнанбаевпен бірге мүше болады. Қазақтың екі данасының бұл комитет атқарған жұмыстар барысында таныс болмауы мүмкін емес. Комитет құрамында Е. П. Михаэлистің болуы да көп жайды аңғартады. Е. П. Михаэлис қайтыс болғанда «Қазақ» газетіне (1914, 1944) жазған «Офат» деп аталатын азасөзінде Абайдың «Өлсем орным кара жер сыз болмай ма» деген өлеңін келтіріп, осы өлең жолдарымен аяқтауы жақсы сыйлас адамдар болғанын байқатады. Осы азасөздегі «Қазақтың жалғыз ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле өлгенше «менің көзімді ашқан, маған жанашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отырушы еді», – делінген пікір де көп жайды аңғартады [14]. Батыс

Сібірлік Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің «Запискинің» 1914 жылы Е. Михаэлиске арналған VIII шығуында «Қазақ халқы да Михаэлисті жоқтайды» деп Әлиханның осы азасөзін атап өткен.

Екінші. Көкшетау мешітінің имамы атақты Науан хазірет (Наурызбай Таласов) пен осы мешіт жаңындағы интернат мұғалімі Шаймерден Қосшығұловтың Ресейдің отаршылдық саясатына, діни мекемелерді, мектептерді, мешіттерді жауып, дін иелерінің мұсылман дінінің шариғат жолымен қызмет жасауына тиым сала бастаған жаңа тәртібіне қарсы күрес ұйымдастыру мақсатында жер-жердегі ел сыйлайтын адамдармен байланыс жасады. Бізге Ш. Қосшығұловтың Абайға жазған екі хаты белгілі. Алғашқысы – ақынның баласы Турағұлға беріп, ол «шылым орау» үшін болыс Р. Құдайбердинге беріп, тініткен кезде соның қалтасынан шыққан хат. Екіншісі – Абай Семейдің уезд бастығы Навроцкийдің қатысуымен Арқат почта бөлімінен алып берген хат. Абай үйін тініту – 1903 жылы болған оқиға. Науан Хазірет пен Ш. Қосшығұлов бастаған адамдардың қазақтарды орыстандыру, шоқындыру саясатына қарсы іс-әрекеті ертерек басталған болуы керек. Абайға жазылған екінші хатта Ш. Қосшығұлов Семейдегі жәрмеңкеде болатын кездесу мен Жетісу жеріндегі кеңес туралы

жазғанда Абай бұлар жайлы бұрын хабардар болғаны байқалады. Сонымен қатар, полиция Науан хазірет пен Ш. Қосшығұловты тұтқындағанда мешіт пен интернаттан жүзден астам гектографқа басылған қолжазба кітапшалар тауып алған. Бұл турасында Ә. Бөкейханов: «Лет 6 тому назад, по доносу волостного писаря, уволенного киргизом-управителем, администрация познакомилась впервые с казахской (еңбекте киргизской. – Ж. С.) прокламацией, напечатанной на гектографе и получившей широкое распространение в степи. В этой первой казахской прокламации авторы на арабском и казахском языках призывали детей Алаша подняться, как один человек, против посягательств русского правительства на религию – ислам и против попытки обратить казахский народ в «крестьян» и православную веру. Эта основная идея прокламации богато иллюстрировалась частными фактами обрусительной политики... В связи с этой прокламацией были проведены впервые политические обыски у известнейших казах, у мулл и учителей, были арестованы библиотека и переписка» деп жазады [13, 74]. Міне, осы прокламациямен Ә. Бөкейханов алғаш рет Абай ауылында танысқан. А. уезінің қазақтары Қ. және Б. дегендердің сол уездің священнигінің өздерін және дінін қорлағаны үшін жазған

шағымына Архипастырдың «дерзкий кляузник киргиз забыл, что он живет не в Турции, а в России, православно-христианской. Оставить без последствий», – деп жазып, жауап бермегенін мысалға келтіріп өтеді де прокламациямен қалай танысқанын айтады (Мұндағы Қ. мен Б. деген Ш. Қосшығұлов және Абайға жазылған хатта аталатын З. Баширов болуы мүмкін. – Ж. С.). «В глубокой степи, за 700 верст от Сибирской ж.д., сидя в гостеприимной юрте богатого казаха, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности, о Л. Н. Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный казах, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкатулку, где он держал свой архив и вынул оттуда бумагу, передал мне. С нее я и снял вышеприведенную копию. Оказалось, что казахи все знали ее содержание и, не желая обидеть подозрением мой рассказ, они высказали мнение, что они, т.е. русские писатели, вероятно не русские, особенно Л. Н. Толстой. Все они должны быть мусульмане, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, казахи», заметил один старик», – деп нақтылайды [13, 74]. Осындағы Л. Толстой мен басқа орыс ақын-жазушыларын жақсы білген ауыл Абай ауылы болуы ықтимал, ал беделді қазақ Абай болуы да мүмкін. Өйткені Ш. Қосшығұлов саяси мәнді



үгіт қағаздарын және хаттарын ел тыңдайтын сыйлы, көзі ашық, оқыған-тоқығаны көп, халық мұңын ойлайтын адамдарға ғана жіберген. Олардың ішінде әзірге белгілері Баянауылда – Садуақас Шормановқа, Зайсанда – Кеншіновке, Семейде – Абайға жіберілген. Әрине Ә. Бөкейхановтың Абай ауылында болғаны әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді. Қалай дегенмен де Әлихан Абай шығармашылығымен тек Кәкітай арқылы танысты деу тым күмәнді. Алғаш рет Кәкітайды 1900 жылы көріп танысқан Әлиханның 1904 жылы «Абай өлеңдерін кітап қылып басындар» деп бірінші болып хат жазуы да бұл томдағы тараудың авторы Ә. Бөкейханов екенін дәлелдей түседі.

«Дала уалаятының газеті» бағалаушылық мәндегі ой-пікірді зерттеушілік арнаға бұруға ықпал жасауға ұмтылды. Оны Ә. Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген атпен «Басқармаға хат» деген тақырыпта жарияланған мақаласынан туған пікірталас дәлелдейді. «Қазақ халқының ежелден келе жатқан өлең-жыры бар. Кім білмейді, қазақ ақындары Шортанбай мен Шөжені, Орынбайды, Найманбаланы, Сырым керейден Күлембайды һәм ғайырларын? Қазақтарға осы ақындардың қайсысының сөз күшті, білуге жөні бар ма? Шерниязды ойласақ, қызыл тілдің арқасында жаны қалған. Шөже

Қарынбай секілді сараң кісіден сый алған», – деген Ә. Бөкейханов көзқарасында классикалық мұраны жариялау, әр ақынды өлеңі мен өнеріне сай бағалау, зерттеу, әдебиет тарихындағы орнын белгілеу мәселесі көтеріліп отыр [15]. Сондықтан да газет бетіне ақын-жазушылар шығармаларын көбірек басу қажет деген ұсынысы да заңды. Бұл эстетикалық таным-біліктің ғылыми арнаға бой ұрғанын, ұлттық әдебиетті тарихи тұрғыдан тануға ұмтылыс жасауының тағы бір белгісі. Бұл бастама тарихи-этнографиялық тақырыпта газетке мақала жазумен шектеліп жүрген А. Шонаевтың «Баспаханаға хат» («ДУГ», №26, 1889), І. Наурызбаевтың «Баспаханаға хат» («ДУГ», №29, 1889) секілді мақалаларында қолдау таппады. «Бұл ақындардың көбісі сый алу үшін өлең шығарды» дегенді тілге тиек етіліп, басты назарды фольклорға бұрғысы келетіндердің пікірталасын туғызды. Олар «бұл ақындардың өлеңдерінің газет оқытындарға еш пайдасы жоқ. Олар өлеңді сый-сияпат алу үшін ғана айтады. Әсиет сөз емес», – дегенде газет оқушылар мүддесі тұрғысынан келді. Алайда, бұл да ізденіс. Тек олардың эстетикалық талап-талғамы әлі де болса фольклор төңірегінен ұзай қоймағандығы байқалады да, классикалық мұраны бағалауға өресі жете алмай жатқаны сезіледі. Бұл – эстетикалық таным-біліктің ғылыми

мәнге ауысу жолында ескі көзқарас пен жаңаша түсінудің арасындағы болмай қоймайтын қайшылық.

Ә. Бөкейхановтың бар мүмкіндігінше классикалық мұра үлгілерін көбірек жариялау арқылы ұлт әдебиетінің өкілдерімен таныстыра беру керек деген ұсынысын Х. Сеңгірбаев деген автор қолдаса, редакция атынан жазылған «Газетшілерден» деп аталатын мақалада («ДУГ», №30, 1889) нақты тұжырымдалған. Онда ауыз әдебиеті үлгілері мен жазба әдебиет шығармаларын салыстыра қарап бағалауға деген ниет жатыр. «Себебі ақындар көңілдері жүйрік, өлеңді көбіне ойламастан шығарады, сонда да өлеңдері әуенге келіп, жақсы ұйқасып дәмді болып шығады. Осыдан көрініп тұр, ақындардың не сөз турасында болса да өлең-жырмен келтіріп айтуға халдарының келетіні. Мысалы, атақты ақын Шортанбай дайын сый алу үшін өлең айтқан жоқ, халықтың пайдасы үшін, халықтың мінезі көтерілуге себеп болар ме екен деп, қисса раушылы қылып «Зар заманды» шығарды, үш бөлек қылып халықтың, заманның, мәнін келтіріп», – деген бағалаудан ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өзінің туу процесінде әдебиеттің халықтығы деген күрделі мәселені сөз етуге ыңғайлана бастағанын аңғару қиын емес [10, 162]. Бұдан әдебиет тарихы деген ұғымның кең қанат жайып, оны зерттеу проблемасы төңірегінде

ізденістер туып жатқаны байқалады. Тек ізденістер бар жерде ғана пікір таласы туып, қате көзқарастар болатыны белгілі. Неміс ақыны Гете айтқандай: «Кім ізденсе, сол адасуға мәжбүр болады».

Әдеби-теориялық ой-пікірдің әдеби мұраны игеру барысында нақты көрініс таба бастағанын байқатамын еңбек – Ә. Бөкейхановтың «Қобыланды жырындағы әйелдер бейнесі» атты мақаласы. Автор ауыз әдебиеті туралы жалпы түсінік бере келіп, оның жанрлық түрлері мен халық өнерпаздары туралы таныстырмалық мәндегі пікір білдіруден бастайды. Халық фольклорының мазмұны мен түрі алуан түрлі де сан жағынан едеуір көп екенін айта келіп: «Бұлардың ішіндегі ең бастылары – эпикалық және лирикалық өлеңдер... Қазақтың ауызша поэзиясының айрықша белгісі – лиризм. Әрбір өлең, тіпті эпикалық та, шығарушының өмірге деген субъективтілік көзқарасын, оның үміті мен идеясын аңғартады, сонымен бірге ол барынша тарихи шындыққа жақын келеді», – деп жазады [13, 319]. «Қобыланды батыр» жырындағы образдарда бұл секілді теориялық түсініктеменің өз кезеңі үшін мәні зор екені түсінікті. «Мақала авторы қазақ фольклорында лирикалық және эпикалық шығармалар бар екенін, олардың негізгі белгісі лиризм мен тарихилық екенін, жырдың

қандай жағдайда орындалатынын, жыршылар мен орындаушылардың екі типті екенін және олардың фольклорлық шығармаға өз әсері болатынын қысқаша болса да тиянақты айтып берген». Бұл мақала ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің жана ұғымдарды меңгере отырып, көркем шығарманы құрылысына және образдар жүйесіне қарай талдауда алғашқы кадамның жасалғанын дәлелдейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын зерттеуді жеке дарын шығармашылығын ғұмырнамалық бағытта сөз етуден бастаған әдеби-тарихи ой-пікірдің бір жүйеге түсіп нақтылана бастағанын көрсететін зерттеу ретінде Кәкітай Ысқақовтың 1909 жылы Петербург қаласында бастырған «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» жинағына жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы саналып жүр. Рас, бұдан бұрын алғашқы қазақ газеттері мен Мүрсейіт қолжазбалары арқылы халық арасына тарап жүрген Абайдың ақындық даңқының одан сайын көтеріле түсуіне жинақ пен мақаланың маңызы зор болды. Ол біріншіден, Абайдың өмірбаяны, ата-тегі, әлеуметтік ортасы туралы біршама толық мағлұмат берсе, екіншіден, ұлы ақын поэзиясының сыншыл реалистік бағыттағы ағартушылық және жаңашылдық сипаты-

мен таныстыра отырып, ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясының жас өкілдеріне Абай өнерін үлгі етті.

К. Ысқақов жазған деп саналатын осы ғұмырнамалық мақала Абай мұрасын зерттеушілер тарапынан өз бағасын алды. Ғ. Сағди, Б. Күлеев, Ә. Қоңыратбаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов т.б. зерттеу мақалалары мен ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтану ілімінің алғашқы бастауы саналып, К. Ысқақов ұлы ақын өлеңдерінің жинағының тұңғыш құрастырушысы ғана емес, ең бірінші болып ғылыми пікір айтушы ретінде де қарастырылған. «Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуда М. Әуезов сүйенер жазба дерегі тек қана К. Ысқақов жазған Абайдың қысқаша өмірбаяны жайлы дерек қана болатынды» деп атап айтылғандай, кейіннен М. Әуезовтің Абай ғұмырнамасын ғылыми тұрғыда зерттеуіне табан тірер негізгі нұсқа болуының өзі мақаланың ғылыми-зерттеушілік сипатын ашып тұр деп бағаланды.

Тарихи шындыққа көз жіберсек, К. Ысқақовтың ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеуде жазған бұл мақаласының орысша нұсқасы сәл ертерек жарық көрді. Мақала Ә. Бөкейхановтың авторлығымен 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланғанда «Абай Құнанбаев» (некролог) деген және

орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела...» деп басталатын жинағына 1907 жылы «Абай Құнанбаев» деген атпен жарық көреді.

Қазақ зиялыларының еңбегін әділ бағалау тұрғысынан келсек, Абайдың 1909 жылғы жинағының шығуына Ә. Бөкейханов Турағұл мен Кәкітайдың Абай шығармаларын бастыруды қолға алмақшы екенін, өзінің осы іске басшылық жасамақ ниеті бар екенін атап көрсете келіп, ақынның өмірбаяндық деректерін К. Ысқақовтан алғанын ескерте кетеді. Орыс тілінде шыққан бұл мақалалар Ә. Бөкейханов атымен шыққанымен, оны Т. Жұртбаев Ә. Бөкейхановтікі деп көрсеткенімен Абай ғұмырнамасын алғашқы жазушы К. Ысқақов деген пікір әлі де болса өз күшін жоя қойған да жоқ. Оны Т. Кәкішев өз еңбегінде ғылыми дәлелдеп те берді. Сондықтан оған қайталап барып жату артық.

Ә. Бөкейхановтың ғұмырнама-лық мақаласында әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденісі ретінде танылатын екі түрлі мәселеге ерекше көңіл аударылған. Біріншіден, Абайдың дін иелеріне арналған өлеңдеріне түсіндірме жасай келіп, ақынның ағартушылық, жаңашылдық идеясын ашып берсе, екіншіден, Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жыл

мезгілдеріне байланысты туған өлеңдері қазақ поэзиясында үлкен жаңалық болып саналатынын көрсете отырып, табиғатты жырлау Еуропа ақындарында ерекше орын алатынымен тығыз байланыста қарайды. Абай творчествосының ағартушылық және жаңашылдық сипатын көрсету мақсатында айтылған бұл пікірлердің абайтану ғылымында алғаш айтылғанын былай қойғанның өзінде, ұлы ақынның өмірі мен өнерін, сол арқылы қазақ поэзиясының кескін-келбетін орыстың әдебиет сүйер қауымы мен қазақ оқығандарына таныстырудағы рөлінің өзі зор.

Мақаланың К. Ысқақов жазған деп саналатын қазақша нұсқасында бұлар кездеспейді. Сонымен қатар, Ә. Бөкейхановтың өз мақаласында «Абаем переведен на киргизский язык «Евгений Онегин», особенно в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинял мотив. В 1899 году в Кокенской волости киргизской певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» аккомпанемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает «Письмо Татьяны», Адылхан указал на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он певец-ахын Пушкин который воспел, как Татьяна «слу» (красавица) полюбила жигита Онегина, которому и написала письмо. В тот

же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней как мудрец», – деп жазуының ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму жолы үшін үлкен мәні бар [16, 5]. Бұл біз жоғарыдағы тарауда сөз еткен 1903 жылы Петербургте «Ресей. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деген көп томдықтың XVIII томындағы Абай туралы ғылыми пікір білдіріп, оны жазба әдебиетінің көш басшысы деп бағалаған тұжырымның иесі бұрын айтып жүргендей А. Н. Седельников емес, Ә. Бөкейханов еді деген ойымызды дәлелдей түседі. Онда Ә. Бөкейханов Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хатын» тыңдауға болады деп атап тұрып жазған болатын. Ә. Бөкейхановтың Көкен болысында болдым деуінің өзі қызық дерек. Ол Абай мен Әлихан кездеспеді ме екен деген ойға жетелейді.

Ә. Бөкейханов мақаласын ғасыр басындағы әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің көріну дәрежесіне сай бағаласақ, бұл еңбектер – шын мәніндегі ғылыми зерттеу. Қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын дарындар туралы алдыңғы тарауда сөз еткен ғұмырнамалармен салыстырғанда, бұлардың салмағы өзінің ғылымилық сипатымен

ерекшелене түсетіні сөзсіз. Бұл тұрғыдан келгенде мақала мен аударманың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі жаңашылдық сипаттарына көңіл аудару қажет. Ол үшін бұрын сөз еткен ғалымдарды қайталамай, тек негізгі проблемалық мәселелерді ғана атап өтсек те болады.

1. Ұлы ақын Абайдың ата-тегі мен өмірбаяны естелік деректер келтірілген үлгіде тұңғыш рет жазылып шығып, әдебиет тарихын зерттеуге бастама жасалды.

2. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің, XVIII-XIX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы мен шығыс ақындарының, әсіресе озық үлгідегі орыс әдебиет өкілдерінің Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуына тигізген игі әсерін, өнерге деген эстетикалық көзқарасын қалыптастырудағы ықпалының мәнін ашуға деген ұмтылыс көрініс тапты.

3. Абай поэзиясының күдіретін таныту, ақындық әлемін жан-жақты көрсету мақсатында К. Ысқақов пен Ә. Бөкейханов жинақтағы өлеңдерді 17 түрлі тақырыпқа бөліп жүйелей отырып құрастырады. Академик М. Әуезов: «Жинақтағы жасалған жіктеулер дәл, дәлді емес» деп атап өткендей онша сәтті шықпаса да, осы жинаққа дейінгі қазақ кітаптарында бұл сипаттағы тақырыпқа бөліп құрастырудың кездеспейтініне көңіл аударсақ, жинақтың жаңашылдығы

көріне түседі. Себебі, бұл Т. Кәкішев айтқандай «Ақын шығармаларын, оның үстіне тұңғыш рет жарық көрейін деп тұрған Абай жинағын, белгілі бір жүйемен топқа бөлу әншейін іс емес, творчестволық процесс...».

4. Абай өлеңдерінің қазақ поэзиясындағы жаңашылдық келбетін танытуда ойлылығы мен әсемдігін ашу үшін ғылыми-зерттеушілік сипаттағы талдаулар жасап, нақты пікірлер айтылған. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап» т.б. өлеңдеріне тақырыптық және идеялық мағынасы жағынан жасаған талдаулар көңіл аударарлық. Абай өлеңдерінің құрылысы мен көркемдігі туралы терең талдау жасамаса да, Абайдың қазақ өлеңіне жаңа түрлер қосқан жаңашылдығы үнемі аталып отырады. Осындағы өлеңдерге жасалған ғылыми-теориялық талдаулар қазақ әдебиеттану ғылымында тек Абай өлеңіне ғана емес, қазақ поэзиясына жасалған алғашқы талдаулардың бірі екенін ескермеске болмайды.

5. Абайдың өлеңді өнер деп түсінуі мен өз айналасына ұстаздық,

ақындық үлгісі туралы да біршама дұрыс ой қорытады. «Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастағаннан-ақ бұрынғы надандық пен өлеңді өнер орнына жұмсамай, ғибрат үшін айтпай тіршілік орнына айтқандықтан да өлеңнің қазақ ортасына бағасы кемігендігін айтып», өзі олардың айтқанынан басқаша жолмен жүруге шақырғанын, өз төңірегіндегі жастарға да осы жолмен жүруге ықпал еткеніне ерекше көңіл аударады.

Міне, әдеби-тарихи ой-пікірдің күрделене түсіп нақты арнаға, яғни әдебиет тарихындағы ерекше тұлғаларға байланысты айтыла бастауында осындай келелі мәселелердің сөз етілуі – сол кездегі ғылыми ізденістердің мәнін көтере түсері анық. Сол себептен де Ә. Бөкейханов Абай өмірбаянын тұңғыш рет жазушы ғана емес, алғаш зерттеп ғылыми пікір айтушылардың бірі деп қарау қажет. Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану жолында алғашқы болып қалам тартқан, Абайтану деп аталатын үлкен жолдың соқпағын салған тұңғыш зерттеуші санау керек.

## Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Ә. Бөкейханұлы және абайтану ілімінің алғашқы қадамдары.
2. Ә. Бөкейханұлы және «Дала уалаяты» газеті.
3. Ә. Бөкейханұлы – әдебиетші ғалым.
4. Ә. Бөкейханұлы және ұлттық фольклорлық мұра.
5. Ә. Бөкейханұлының сыншылдық-эстетикалық ой-пікірі.
6. Ә. Бөкейханұлы және қазақ баспасөзі.
7. Әлихан Бөкейханұлының «Қобыланды» жырындағы әйелдер» мақаласының ғылыми және тарихи маңызы қандай?
8. Халық шежіресі мен тарихының мәселелері және Ә. Бөкейханұлы.
9. Ә. Бөкейханұлы еңбектеріндегі ұлттық әдебиет тарихы мәселелері.
10. Ә. Бөкейханұлының әдеби теориялық ой-көзқарастары.
11. Ә. Бөкейханұлының ұлттық ой-пікірге қосқан жаңалығы неде?
12. Ә. Бөкейханұлының ұлттық әдебиеттану тарихындағы орны.
13. Ә. Бөкейханұлының әдеби бүркеншік аттары қандай?

## Негізгі әдебиеттер

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.; Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
3. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 34 б.
4. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.
6. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том. – Алматы, 2008. – 646 б..
7. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-II том. Алматы: Қазақ университеті, 1997, 1998.
8. Ысқақов Д. Сын сонар. – Алматы: Рауан, 1994. – 238 б.
9. Жұмағұлов С. XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. (1956-1991 жж.). Қарағанды: Гласир, 2008. – 552 б.

## Қосымша әдебиеттер

1. Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. – Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б.
2. Әдеби мұра. (Құрастырған Ү. Сүбханбердина). – Алматы: Жазушы, 1970.

## I БӨЛІМ. Әдеби мұраны зерттеудің негізгі арналары

3. Академические школы в русском литературоведении. – М.: Наука, 1975.
4. Абай тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
5. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 560 б.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 290 б.
8. Алаш ақиықтары. 5 томдық. – Алматы: Алаш, 2006.
9. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы, 1964. 315 б.
10. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
11. 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым. 1997. 390 б.
12. С. Мұқанов. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
13. Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 367 б.
14. Қазақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 397 б.
15. Қазақ филологиясының мәселелері. – Алматы: ҚазМУ баспа, 1979. – 131 б.
16. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 430 б.



## II БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТУУ ДӘУІРІ 1900-1904 ЖЖ.)

### 1-ТАРАУ. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеудегі ізденістер

Қазақ халқының тарихында ұлы өзгерістер мен қиын-қыстауларға толы XX ғасыр туды. Ресейдегі қоғамдық-саяси оқиғалар ғасыр басындағы ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық ой-пікірінің әлеуметтік мәселелерге батыл араласа бастауына ықпал жасады. Ол отырықшылық пен көшпелілік, ел басқару ісіне араласу, жер және заң-закон, ұлттық тәуелсіздік, дін, оқу-ағарту секілді заман алға тартқан күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, халық мүддесі тұрғысынан шешуге талпынды. Қазақ зиялыларының ауызбірлігінің болмауынан әр түрлі бағыттағы пікірталастар туғанымен, қоғамдық ой-пікір өркен жая дамып, ұлттық сана қазақ даласына ене бастаған капиталистік қоғам талаптарына сай табылуға ұмтылыс жасай бастады. Осының барлығы жинақтала келіп ғасыр басындағы қазақ баспасөзін

туғызды, олар осы қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналды, ұлттық публицистиканы дамытты. Сонымен қатар, баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, XIX ғасырда жанрлық сипат алуға ұмтылған әдеби сынды тудырды, ол көркем әдебиеттің дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Жазба әдебиет өркен жайып, жанрлық түрлері дамыды, қазақ лирикасы мен прозасы жана көркемдік ізденістерге ұмтылды. Фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды, әдеби жинақтарға енді, жеке кітап болып басылып шықты. Осыған сай әдеби сын да әр дәрежедегі эстетикалық биіктерге қол соза бастады. Кітап шығару ісі қызу қолға алынды. XX ғасырдың алғашқы 20 жылы ішінде 500-ге тарта кітап жарық

көрдi. Олардың iшiнде халық ауыз әдебиетiнiң үлгiлерi, кiссалар, әдеби жинақтар, әлiппелер мен оқу құралдары, сол кезеңдегi ақын-жазушылар шығармалары, т.б. бар. Класикалық мұрадан Әбу Әли ибн Сина, Қожа Ахмет Яссауи, Шортанбай, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Д. Бабатайұлы, М. Мөңкеұлы шығармалары кiтап болып жарық көрiп, рухани қазынаға айналды.

Орыс әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолын зерттеушiлер XVI-XVII ғасырдағы Ресейдегi әдеби-теориялық ой-сананың өсуiне, филологиялық бiлiмнiң көтерiлуiне, бiрiншiден, поэзия теориясы, яғни өлеңтану саласындағы зерттеушiлiк жұмыстар әсер еттi десе, екiншiден, «другим важным моментом, ускорившим этот процесс, явилось введение книгопечатания. Надо отметить, что вообще введение в европейских странах книгопечатания повсеместно оказало огромное, если не сказать решающее, влияние на развитие и распространение знаний, в том числе и научных» деп жазады [3, 23]. Бұл тұрғыдан келсек, жоғарыдағы қазақ ақын-жазушыларының шығармаларының әртүрлi жинақтар болып жарық көруi, қазақ әдебиетiнiң тарихының мәселелерi сол кездiң өзiнде-ақ қолға алынғанын байқатады. Ол өз тарапынан қалың оқырман қауым мен қалыптасып келе жатқан қазақ интеллигенциясына

ғылыми-зерттеушiлiк ой-пiкiр мен сыншылдық-эстетикалық көзқарас қалыптастырғаны даусыз.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетi оқулықтар, өлең кiтаптар, қазақ тiлiнiң тазалығы, басылып шыққан халық ауыз әдебиетi жинақтары туралы рецензия мен сыни мақалаларды көп жариялау арқылы әдеби-тарихи ой-пiкiрдi толықтыра түстi. Бұл тұрғыда айрықша көңiл аударатын бiр мәселе – қазақ тiлiндегi оқулықтарға деген талап-тiлектiң күшеюi. А. В. Луначарскийдiң «Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тiл бiлiмiне арналған оқулықтардың өзi сыншылдық-ғылымдық ой-пiкiрмен сабақтасып жатады» деген пiкiрiне сүйенсек, М. Нұрбаевтың «Қазақша әлiппе», «Ғалия» медресесi шәкiрттерi шығарған «Әлiппе яки төте оқу», Қ. Қожықовтың «Әлiппе», М. Кәшiмовтың «Ақыл кiтабы» (1903), «Әдеп», «Үгiт» (1907), М. Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әлiппе» (1910), А. Байтұрсыновтың «Тiл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915), М. Дибердиевтің «Қазақ балаларына қирает кiтабы» (1910), А. Андамасовтың «Қазақша оқу кiтабы» (1912), Т. Жомартбаевтың «Балаларға жемiс» (1912), С. Көбеевтің «Үлгiлi бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы мен қазақтарға арналған орыс тiлiн үйрену үшiн букварьлар, оқулықтар, сөздіктердiң

шығуы құптарлық құбылыс болды. Сыни мақалалар оқулықтардың педагогикалық сипаты мен таза қазақ тілінде болып балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде Ы. Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгіге ұсынып отырды.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеттануындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің толыса түскенінің айқын көрінісін М. Сералиннің «Шахнамеден» аударған «Рүстем-Сұһрапқа» жазған «Сөз басы» атты зерттеу мақаласынан көруге болады. Автор Фирдоусидің өмірі мен творчествосын және дастаны туралы өз көзқарасын білдіріп, шығыстың классикалық мұрасының жазылу тарихын, басқа тілдерге аударылуы мен зерттелуін таныстыру мақсатын көздеген. Сол себептен де аудармашы ретінде тек текстімен ғана жұмыс істеп қоймай, аударуға кірісу барысында көп ізденіп, көп оқып, мол дайындықпен келіп, ғылыми пікір айта білумен де құнды.

Зерттеу нысанасы қазақ әдебиеті тарихының мәселесі немесе қазақ ақыны, оның шығармашылығы болмағанмен, бүкіл әлем әдебиетшілері назар аударған «Шахнама» сияқты классикалық мұраны қазақтың қалам қайраткерлерінің аударуы мен зерттеуі төңкеріске дейінгі қазақтың ғылыми-сыншылдық ой-пікірінде үлкен жаңалық еді. Өйткені «Шахнаманың» тарихи маңызын

ашуда кейбір салыстырмалар жасай отырып тиянақты пікір айтуға ұмтылуы, басқа аудармашылар мен зерттеушілер туралы мол дерек келтіруі нағыз ғылыми-зерттеушілік сипаттағы мақала екенін көрсетеді.

М. Сералин шығармашылығын зерттеушілер назарына толық ілінбей жүрген осы мақалаға ғалым Т. Кәкішев «Сын сапары» монографиясында жан-жақты тоқтала келіп, ғылыми-сыншылдық ой-пікірді қалыптастыру жолындағы жаңашылдық сипатын ерекше атап: «Әдебиеттану ғылымының элементтері анық көрінетін, зерттеу еңбектерге тән болатын бірқыдыру детальдарға бой ұрған зерттеу», – деп бағалайды [2, 183]. Қандай да болсын ғылымның бірден қалыптаса салмайтынын, оның ішінде әдебиет туралы ғылымның туып-жетілуі әдеби-теориялық ұғымдар системасының қалыптасуы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсуіне тікелей байланысты болса, қазақ баспасөзіндегі осындай құбылыстар қазақ әдебиеттану ғылымы өркендер мәнді арна тапқанын көрсетеді.

Қоғамдық ой-сананың осылайша өсуі мен әдеби сынның шешуші қадамдар жасауы әдеби-тарихи және теориялық бағыттағы ой-пікірдің ғылыми сапасының арта түсуіне әсер етпей қалмады. Әсіресе, әдебиет сынының ғасыр басындағы ұлт әдебиетінде үш түрлі бағыт бар екенін анықтап беруі жетекші роль атқар-

ды. Сын «ескі» және «жаңа» өлең туралы мәселе көтеріп, бұрынғы «Зарқұм», «Сал-сал» сипатындағы өлеңдер мен «керекті-керексіз сөздің бәрін өлең қылып терген, кейіп жоқ, келісім жоқ» «қатын ойбайды» қатты сынап, үлгі-өнеге алатын бағыт ұлы Абай салған жол деп көрсетіп берді. Міне, осы кезде өзінің туу дәуіріне қадам басқан ұлттық әдебиеттану ғылымының алдында «бізде ұлттық әдебиет қандай деңгейде? Оның өткен тарихы қандай? Ол қай кезеңдерден басталды және көрнекті ақындары кім?» деген міндетті түрде шешіп алуға тиісті өзекті сұрақтар қойылды. Жалпы қандай да болсын елдің әдебиеттану ғылымы өзінің туу жолын осы секілді сұрақтарға жауап беруден бастайды. Өйткені, бұл сұрақтарға жауап беріп алмай, ұлттық әдебиеттің тарихи даму жолы мен негізгі ерекшеліктерін, басты кезеңдерін зерттеу мүмкін емес. Бұлар секілді проблемалық сұрақтарды шешу кейде жалпыдан жалқыға немесе жалқыдан жалпыға қарай даму заңдылығына орай жүргізіледі. Өзінің туу дәуіріне дейінгі тарихи алғы шарттарға толы дайындық кезеңіндегі қол жеткізген дәрежесіне сай әр ұлттың әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі бұл сұрақтарды өз деңгейінде шешеді. Мысалы, орыс әдебиеттану ғылымы бұған өлеңтану саласындағы әдеби-теориялық бағыттағы зерттеулер

жүргізу арқылы келді. Бұл секілді маңызды сұрақтарға жауап бере алған әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ұлттық әдебиет туралы ғылымның туа бастағанын дәлелдеп шығады да, қалыптасу дәуіріне дейінгі ізденістер мен іркілістерге толы сапарын бастайды.

Бұл секілді күрделі сұрақтарды ғасыр басындағы әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің оңтайлы шешіп алуына, сол кездегі қоғамдық ойдың қазақ халқының шығу тегі және тарихы туралы ғылыми-танымдық маңызы зор мәселені көтеруі өз ықпалын тигізді. Баспасөз бетіндегі ғылыми публицистикалық сипаттағы мақалалар халық тарихын, тұрмыс-тіршілігін, шығу тегіне байланысты аңыздар мен шежірелерді, дүниетанымдық көзқарасын, этнографиясын сөз етуінің әсері болмай қалмады. Себебі, авторлар халық тарихы туралы жазу барысында оның мәдениеті мен әдебиеті туралы өз ойларын да айтып қалып отырған. «Айқап» журналындағы К. Бәтешұлының «Қазақ шежіресі» (1911, №3), С. Ғаббасовтың «Тарих қазақ жайынан» (1915, №14, 15), М. Қазақұлының «Ғылым бабынан» (1911, №1), Қ. Жастабановтың «Тағы да қазақ жері жайынан» (1912, № 4, 5, 6), Д. Қашқымбайұлының «Кел, қазақ, ел болайық!» (1911, №6), «Қазақ халқы тарихын уә шежіресін сұраушыларға» (1912, №11), Ғ. Мұ-

саның «Қазақ жайынан» (1913, №13, 14, 17), «Тарих» (1914, № 4, 5, 6, 7, 8), М. Сералиннің «Қай заман қазақ Ресейге қараған» (1911, №1), «Қазаққа тарих керек пе?» (1912, №7), М. Ж. Көпеевтің «Туысқан бауырларға бір насихат» (1912, №7,8), «Қазақ» газетіндегі М. Дулатовтың «Алаш не сөз?» (1913, №15), «Тарихи жыл» (1917, №212), Ғ. Мусиннің «Жетісу қазақтары жайынан» (1914, №58), «Түрік баласының» «Қазақта муфтилік мәселесі» (1913, №11), «Тарих жайынан» (1913, № 2, 3, 5, 9), Ө. Бөкейхановтың «Шәкәрімнің түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар шежіресіне» жазған сыны секілді мақалалардың танымдық сипаты мол болды. Ол әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің өткен ғасырда жинақтаған аздықөпті тәжірибесін пайдалана отырып, ұлт әдебиетін тарихи тұрғыда тану мәселелеріне батыл баруына үлкен демеу болды. Сондықтан ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің негізгі бағытынан еуропа және орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихында болып өткен мәдени-тарихи мектептің тарихилық принципінің белгілері анық көрінді. Өйткені, жалпы мәдениетпен халық тарихын сөз еткен мақалаларда әдебиет мәселелерінің қоса көтерілуінің өзіндік себебі де бар. Оны бұл кезеңдегі қазақ зиялыларының әрі тарихшы-этнограф, әрі әдебиетші-сыншы, әрі мәдениеттану-

шы-публицист болуынан деп білу керек.

Міне, қоғамдық ой-көзқарасты халық тарихын тануға деген осы тәріздес ізденістері әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің ұлт әдебиетінің тарихи тамырларын таныту, зерттеу жұмыстарын қолға алуына өз әсерін тигізбей қалмады. Ұлттық әдебиет, оның тарихы туралы пікір әуелде оқу-ағарту, оқулықтар жазу, қазақ тілі, оның тазалығы мен емлесі туралы мәселелерді сөз еткен мақалаларда қосақтала аталумен көрінеді. «Айқаптағы» Х. Уалиолла «Тіл сақтаушылық» деген мақаласында: «Қазақ халқы тілге, әдебиетке кедей емес, бірақ басы қосылып құралмағандықтан білімсіз самарқау жатыр», – деп әдебиет тарихын зерттеуді тезірек қолға алуға шақырады. Ал Ғ. М. (Ғ. Қарашев) өзінің «Тіл-әдебиет» деген мақаласында: «Тіл-әдебиет бір милләт үшін әлбетте керек. Оның керектігі турасында жазылмақ сөздердің бәрінде бұл орында жазып бітіру мүмкін емес. Ол турада неше том кітаптар жазса да аз... Біздің де өзімізге айырым тіл-әдебиетіміз, әлбетте, бар. Жоқ болса оны болдыруға, көміліп жатқан мол қазынаны дүние жүзіне шығаруға, үлкен-кіші баршамыз да борыштымыз һәм міндеттіміз», – деп, әдебиеттің халық өміріндегі орны мен маңызын түсіндіре келіп, оны таныту жолында жұмыс жасауды

насихаттайды. Мақаладағы ғылыми-зерттеушілік көзқарас «бізде әдебиет бар ма, бар болса ол қандай?» деген сұрақтар төңірегінде ой қозғауды мақсат тұтқан. «Тіл-әдебиет бір милләттің жаны һәм рухы. Әдебиеті болмаған милләт – тілі шықпаған жас бала. Тіл-әдебиет дүниедегі барлық бақыт-сығадаттың, ғылым-өнердің, дін уа мәдениеттің асылы», – деген секілді пікір білдіруі ұлт әдебиеті тарихын тануға деген таным-біліктің өсе түскенінің бір айғағы.

Жоғарғыдағы сұрақтарға нақты жауап беруге деген ғылыми ізденіс Ә. Бөкейхановтың «Мұсылман сиезі» атты мақаласынан анық байқалады. Автор мұсылман сиезінің заңындағы мекемелерде қағаз татарша жазылсын деген шешімге үзілді-кесілді қарсы шығып: «Біздің тілді қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біздің кітап жазып, газет, журнал шығара бастағанымызға осы 3-4 жыл ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта», – деп Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, т.б., барлығы 18 өлеңді мысалға келтіріп – «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, «Тарғыннан» һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», – деп жазады [17]. Мақалада ақындар

мен оның өлеңдері қазақ тілінің бар екенін дәлелдеу мақсатында алынғанымен, ғасыр басындағы ақындарды таныстырып өтудегі танымдық сипатымен құнды екені айтпаса да түсінікті.

Қазақ баспасөзі бетіндегі бұлар тәріздес және тікелей әдебиет мәселесіне арналған сыни мақалалар ұлт әдебиетін тануға деген ұмтылыстың ілгерілей түскенін дәлелдейді. Әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ғылыми-теориялық түсініктер мен ұғымдарды меңгеруді қолға алып, әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тексеру мезгілі туғанын анықтап берді. Осының дәлелі ретінде қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің туу дәуірінде шешіп алуға тиісті жоғарыда айтылған проблемалық сұрақтарға нақты жауап беруге ұмтылды.

Бұл тұрғыдан келгенде ғасыр басындағы әдеби-тарихи ой-пікірдің назары ең алдымен ұлы Абай шығармашылығына түсіп, әдебиет тарихын зерттеу жолындағы қадамын сол төңіректен бастауы заңды еді. Өйткені, оған Абай даңқының халық арасына кең тарауы бір әсер етсе, екіншіден, әдебиет сыны қазақ әдебиетіне ұлы ақын салған жолды молынан насихаттап, сол кездегі жазба әдебиеттің басты бағыт-бағдары Абай салған жолмен өркендеп бара жатқан еді. Сондықтан Абайтану ғылымының бас-

таулары саналып жүрген алғашқы мақалаларды ұлт әдебиетін тарихи тану жолында шешуші қадамдардың бірі санау керек.

Тарихи шындыққа көз жіберсек, К. Ысқақовтың ұлы ақын мұрасының 1909 жылы жарық көрген алғашқы жинағындағы алғысөз ретінде берілген мақаласы абайтануда алғашқы еңбек деп саналып келді. Мезгіл жағынан және ғылыми тұрғыда алғанда Абайды алғаш зерттеуде жазылған мақала орыс тілінде сәл ертерек жарық көрді. Мақала Ә. Бөкейхановтың авторлығымен 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланғанда «Абай Құнанбаев» (некролог) деген және орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела...» деп басталатын жинағына 1907 жылы «Абай Құнанбаев» деген атпен жарық көреді. Бұл мақалалар туралы осы еңбектегі Ә. Бөкейхановтың ғылыми мұрасы туралы беттерде сөз етіп кеткендіктен қайта тоқталып жату артық.

Ә. Бөкейханов пен К. Ысқақовтың басты мақсаты – тек Абай шығармаларының жинағын шығару ғана емес, өмірі мен шығармашылығы туралы алғы сөзді қоса бастыру арқылы ұлы ақынның дүниетанымы мен ақындық өнерін ғылыми тұрғыдан таныту, тереңірек ашып көрсете отырып, өнер қуған, өлең

қуған жастарды үлгі-өнеге алуға да шақыру. Егерде Абай өлеңдері М. Әуезов айтқан үш жолмен: «Бірінші жолы – баспа арқылы; екіншісі – халық арасында ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі – қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар боп көшіріліп тараған» болса, Абай поэзиясының жаңашылдық сипаты мен ағартушы-демократтық бағыттағы прогрессивтік жолының тек өз айналасына ғана емес, оң-солын енді танып келе жатқан қазақ интеллигенциясына, әдебиет саласындағы жастарға тигізген ықпалы зор болғаны даусыз. С. Торайғыров «Айқап» журналындағы «Қазақ тіліндегі өлең кітаптар жайынан», «Өлең һәм оны айтушылар» атты сын мақалаларында Абай поэзиясының үлгі-өнеге аларлық мәнін ерекше атай отырып, «Зарқұм», «Сал-сал» сияқты хикаялар мен «Ахырет», «Әдебиет өрнегі» секілді жинақтарды сынап, қазақ поэзиясының алға басуда ұстайтын бағыты – Абай жолы, Абай өнегесі екенін баса айтуының сыры осында жатыр. «Біз енді бас қатырғыш дін тақылеттерінен арылып, Еуропа мәдениетіне суарылған жаңа өнерлі тілді жасайық, ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді, Абайдан үйренейік, онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйренейік», – деген нақты пікірінен ХХ

ғасыр басында ұлт әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыда тану Абай шығармашылығынан басталғанын байқаймыз. Абайдың қазақ поэзиясына игі әсерін кейін А. Сегізбаев «Абайдан бұрынғы ақындар мен Абайдан соңғы ақындарды салыстырсақ, Абайдан соңғы ақындардың сөздері тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп Абай кейінгі ақындарға жөн сілтеп, бетін түзеген», – деп жазады.

Кеңес дәуірінде қазақ зиялыларының төңкеріске дейін жазған мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымында аталмай, егер аталса теріс көзқараста түсіндіріліп келді. Бұл еңбектердегі жеке ақын-жыраулар туралы айтылған әрбір пікір мен әр автордың өзіндік ой-көзқарасы әдебиеттану ғылымы мен сынының өсу дәрежесін көрсетіп қана қоймай, әдеби-теориялық және әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің әдебиет тарихына байланысты нақты айтыла бастағанын байқатады. Бұл жолда «Қазақ» газетінде жарияланған А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың Абай творчествосына байланысты шыққан мақалалары осының айғағы. Абай өмірбаянына байланысты деректер К. Ысқақов берген нұсқадан туындап жатса да әр автор ақын поэзиясына, оның жаңашылдығы мен ағартушы-реалистік сипатын танытуға өз пікірін, өз ойын білдіруге ұмтылған. Сол кездегі қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің Абай творче-

ствосын танытуға, насихаттауға қалам тартудағы басты мақсаты – ақынның өнерпаздық тұлғасын барынша ашу, өнер қуған жастарға Абай жолын нұсқау. Абайдан үйренуге шақырумен қатар, жазба әдебиетінің негізін салушы ретінде әдебиет тарихындағы орнын белгілеу де болған. Себебі, әр түрлі жинақтарға кірген ақын-жырауларды былай қойғанда, жеке жинақтары шыққан Дулат пен Шортанбай творчествосынан көрі Абайға ерекше көңіл аударулары ағартушы-демократтық идеяның барынша өріс алып бара жатқанынан болса керек.

Ұлы ақынның классикалық мұрасы жайында өз пікірі мен бағасын айтуға талпынған А. Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласының ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы ерекше. Автордың айтуына қарағанда Абай өлендерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кемеңгерлігі «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы – соңғы заманда біз білетін ақын болған жоқ» деп бағалана келе, «тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды» [18]. Мақала Абай поэзиясы табиғатының қыр-сырын түгел ашып бермегенімен, бүгінгі таңда Абайтану



аталатын ғылымында сала-сала болып зерттелген басты ерекшеліктерін тап басып танып, нақты пікір білдірген. Біріншіден, Абай өлеңдерінің жаңаша леппен, өзгеше өрнекпен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айырықша атайды. «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады» деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. А. Байтұрсынов «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін «Сөз түзелді, халқым-ау, сен де түзел» деп Абайдың өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуында орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Мақаланың ғылыми-зерттеу еңбек ретіндегі мәнін танытатын құнды жері – Абай поэтикасын тереңдеп қарастырған тұсы. Тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарын жазған, кейін

әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты еңбек жариялаған А. Байтұрсыновтың білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрылысы мен жүйесіне жетік екенін байқалады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» орыс әдебиетінің әсері арқылы ұққан Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуы өлеңді өнер деп бет бұрған кезеңінен басталғанын дәлелді түсіндіреді.

«Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» Абай өлеңдерін «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін түгелдей тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэтикасындағы ой шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ. – Ж. С.) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірлерінде Абай өлеңдеріне теориялық тұрғыдан ғылыми талдау жасау ниетімен қоса, ақынның новаторлық тұлғасын таныту мақсаты да жатыр. Мақаланың «Абайды қазақ баласы түгел танып, тегіс білуі керек! Абайды қолымыздан

келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» деп аяқталуы да сондықтан.

Қазақ әдебиетінің тарихын ғұмырнамалық мақалалар төңірегінде таныту жолында М. Дулатовтың «Уақыт» газетіндегі «Ибрахим ибн Құнанбаев» (1908, №383) және «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақ ақыны» (1913, №9), «Абай» (1914, №67), «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов» (1914, №71,73-77), «Хазірет Сұлтан» (1913, №16-17) секілді мақалаларының маңызы зор болды. «Қазақ ақыны» – Ақмолла ақынды, «Хазірет Сұлтан» – Қожа Ахмет Яссауиді, «И. Құнанбаев» – Абайды оқырман жұртқа таныстыруды ғана мақсат тұтқан мақалалар. Бұларда ғылыми-зерттеушілік ойдан көрі насихаттау, үлгі ету жағы басым болса, Абай мен Шоқан туралы қалған екі мақала әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми ой-пікірдің әдебиет тарихын сөз етуге ойыса бастағанын байқатады. Себебі, бұларда ғұмырнамадан көрі әдебиет тарихының мәселесі нақты қойылған. М. Дулатов «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтықтан. Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде

өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасалмақ емес», – деп жазған уақытында халық тарихы мен әдебиетін жоққа шығарып отырған жоқ, керісінше зерттелмегенін айтып отыр. Оны тексеру біздің ескеретін бірінші борышымыз деп атап көрсетуі де сондықтан. М. Дулатов бұл жолда алғаш назар аударатын ақын деп ұлы Абайды атайды. «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттылығы сол. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ, ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай», – деп қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді Абай өмір сүрген дәуірдегі жаңа жазба әдебиеттен бастауды ұсынады.

М. Дулатовтың ұлт әдебиеті тарихын зерттеуді қолға алуды көтерген идеясы «Ш. Ш. Уәлиханов» аталатын мақаласында да орын алған. Бұл – ұлттық әдеби-тарихи ой-пікірдің қалыптасу жолында Шоқан туралы ғылыми-зерттеушілік сипаты жан-жақты танылған құнды еңбек. «Дала уаялаты газетіндегі» Ш. Ибрагимов-

тің мақаласы ғұмырнама дәрежесінен аса алмаса, бұл мақалада Шоқанның өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеушілік тұрғыдан бағалау айқын танылады. Ұлы ғалымның ата-тегі, балалық шағы, білім алуы, орыс достары, саяхаттары мен қызметі, зерттеу еңбектері – барлығы да жүйелі түрде сөз етілген. Зерттеу мақаланы жазу барысында автор Г. Потанин, Н. Ядринцевтердің естеліктері мен Ш. Ибрагимовтің мақаласына сүйенген және қажет жерінде олардың пікірін келтіріп те отырған. Негізгі ой Г. Потаниннің Шоқан туралы айтқан пікірінен туындап жатса да, ұлы ғалымды: «Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ әдебиетіне бірінші негіз құрушы болмақ еді, бірақ заман хәм тағдыр офа қылмады. Шоқан арманда кетті», – деп бағалауы көңіл аударарлық. Бұл мақалалардың қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі үшін орны зор, себебі, әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікір ұлттық жазба әдебиеттің негізін қалаған кірпіш Абай екенін, алғашқы негізін құрушылардың бірі Шоқан екенін анықтап алды. Сондықтан «Қазақ» газетіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы жарияланған мақалалардың мақсаты осы газетті зерттеуші Ө. Әбдиманов айтқандай тек «ел көсегесін көгертуге өмірін арнаған халық ұлдарын жұртқа таныстырып, өлмес ісін кейінгіге паш ету» ғана емес, олардың өмірі

мен шығармашылығын зерттеу арқылы әдебиет тарихын тексеру мен бұл саладағы жұмысқа жаңаша баптама салу да еді [19, 146].

Қорыта айтқанда, К. Ысқақов, Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен творчествосын танытуға деген талап-тілек те анық көрінді. Сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерген және сыни мақаламен салыстыра қарағанда, бұлар – ғұмырнамалық негіздегі ғылыми-зерттеушілік сипаты нақты танылатын еңбектер. Сол себептен де ұлт әдебиетінің дарынды өкілдері Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаев шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалауда, әдебиет тарихындағы және мәдениетіндегі орнын белгілеудегі алғашқы қадам деп қарасақ, классикалық мұраны зерттеудің бастауы мен сара жолға апарар негізгі соқпағы Қазан төңкерісіне дейін-ақ көріне бастады деген тұжырымға келеміз. Себебі, әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі алғашқы еңбектердің ғұмырнамалық сипатта болуы заңды. Орыс сыншысы В. Г. Белинский «источник творческой деятельности поэта есть его духа, выражающийся в его личности, и первого объяснения духа и характера его произведений должно искать в его личности», – деп жазған болатын [20, 308]. XX

ғасырдың басындағы ғұмырнама-лық зерттеулердің кейінгі әдеби-тарихи бағыттағы монографиялық еңбектерге жолбасшы болғандықтан, қазақ әдебиеттану ғылымын тудырудағы тарихи маңызы зор еді. Францияда Ж. Ж. Руссо, Германияда Г. Гердер, Ресейде А. Н. Пыпин және басқалары әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі ғұмырнамалық зерттеулердің, яғни биографизмнің, әдебиет тарихын ғылыми тексеруге апаратын жетекшілік ролін айрықша атайды. Биографизм негізінен аса дарынды тұлғалар туралы болады да, сол арқылы әдеби дамудың басты кезеңдерін айқындайды. Бұл – әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу проблемасына апарар бірден-бір жол. Сонымен қатар, ақын-жазушылар ғұмырнамаларының жазыла бастауы, олардың шығармашылығына баға берілуі көркем шығарманы әдеби-теориялық тұрғыдан талдауға әкеледі.

Бұл секілді мақалалардың шығуы ұлт әдебиетін тануға, оны өркендетуге, тарихын зерттеуге деген көзқарастың таралуына себепкер болды. Семей, Омбы және Торғай қалаларында әдебиет кештерінің өтуі оған айқын айғақ. Әдебиет кешін Семейде Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар екі рет өткізсе, Торғайда Ғ. Албасов, Қ. Жабағин деген азаматтар ұйымдастырды. Біздің ойымызша, әдебиет кештерін өткізу тек ойын-

сауық үшін емес. Олардың басты мақсаты, бір жағынан елге рухани азық беріп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді ұмытпауды насихаттаса, екіншіден – сол кездегі мақалаларда атап жазылғанындай «қазақ ұлтының басқа елге сіңісіп құрып кетпеуі үшін» өз әдебиеті мен тілін қадірлеу мен тану арқылы ұлттық сананы дәуір талабына сай ояту. Өйткені, «Оян, қазақ!» ұранының бүкіл қазаққа арналып айтылғаны белгілі.

Әдеби-тарихи ой-пікірдің тіл мен әдебиет тағдыры туралы және ғұмырнамалық негіздегі ғылыми мақалалардағы, әдеби кештер секілді иті шаралардағы ұлт әдебиетінің тарихын зерттеуге деген ізденісі жемісті қадам болды. 1915 жылы Семейде өткен әдебиет кешінде Р. Мәрсеков сөйлеп, қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасап берді. Ол «Қазақтың» 1915 жылғы №112, 113 сандарында «Қазақ әдебиеті жайынан» деген атпен басылып шықты. Мақаланың негізгі мақсаты ұлттық әдебиеттің өткені мен бүгінгі хал-жағдайын саралай отырып, ғылыми тұрғыда зерттеу болғаны байқалады. Бұл мақалада әдеби-тарихи ой-пікір ұлт әдебиетінің тарихын дәуірге бөлу мәселесіне тұңғыш қадам жасады. Ол әдебиеттану ғылымының туу дәуірінің алғашқы жылдары үшін аз олжа емес еді.

Р. Мәрсеков қазақ әдебиеті тарихының даму кезеңдерін үш дәуірге

бөліп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін танытуға ұмтылады:

1. Қазақтың ескі ауыз әдебиеті;
2. Алғашқы жазба әдебиетінің басталу кезеңіндегі ауыз әдебиетінің кері кете бастаған дәуірі;
3. Жаңа әдебиет дәуірі.

Әдебиет тарихын осылайша дәуірлегенде автор хронологиялық тәртіптен гөрі, әдеби дамудың негізгі бағыт-бағдарына орай жүйелеуді ұстанған. Алғашқы қадам жасап отырған еңбектен оны талап ету де орынсыз. Ең бастысы, осы кезеңдердегі қазақ әдебиетінің қандай дәрежеде болғанын зерттеушілік көзқараста танытып беруінің өзі үлкен табыс еді.

«Бірінші дәуір, – деп жазады Р. Мәрсеков, – ескі замандағы қазақ арасына жазу тарамай тұрғандағы кез, ол заманда қазақ өз алдына тұрып, кең далада еркін дәурен сүріп, ойлауға уақыт кең, сөз сөйлеуге тіл еркін болған заман» [21]. Осы анықтамадан сезіліп отырғанындай, автор алғашқы дәуірге қазақ даласының Ресейге қарағанына дейінгі кезеңді жатқызған. Бұл дәуірдің негізгі белгісі ретінде шешендік өнер мен суырып салмалық дәстүрді тілге тиек етіп, олардың ауыз әдебиетін дамытудағы маңызына жан-жақты тоқталады. Мысалы, Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Қаражігіт билердің айтқан сөздерін дәлел ете отырып, ауыз әдебиетінде халық

даналығы мен тұрмыс тіршілігі жатқанына зерттеушілік тұрғыда көңіл аударады. Импровизаторлық өнердің ауыз әдебиетіне тән дәстүр екенін дәлелдеу мақсатында Орынбай, Кеншімбай, Болық секілді ақын өлеңдерін мысалға келтіре отырып талдау жасайды. Негізінен бұл дәуірдегі қазақ әдебиетін шешендік, импровизаторлық және музыкалық өнермен байланыстыра отырып қарауды мақсат тұтқан.

Автор «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманы» деп атаған екінші дәуірге Ресейге қарағаннан бастап Абайға дейінгі кезеңді жатқызған болуы керек. Жазба әдебиеттің белгілері осы дәуірде жазудың шығуына байланысты көріне бастағанын айта отырып, оның дамуы күрес үстінде болғанын, діни сарын мен шығыстық желідегі шығармалардың тым басым болып, ұлт әдебиетінің өзінің басты сипаттарынан айырылып қала жаздауға дейін барғанын дәйекті түрде сөз етеді. Ұлт әдебиетінің көркемдік дамуда осындай тығырыққа тірелуінің себептерін іздестіреді. Алғашқы себебі қазақтың өз еркінен айырылып, отаршылдық саясаттың күшейе түсуінен деп көрсетсе, екіншіден, мәдени дамуда артта қалудан деп түсіндіреді.

Міне, осындай қиын-қысталаң жағдайда тұрған ұлттық әдебиетке көркемдік дамудың жаңа жолын көрсетіп берген Абай болғанын ай-

тып, «Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталады», – деп жазады. Абайды осы үшінші дәуірдің басы деген уақытта ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде айтылып жүрген «жаңа жазба әдебиеттің көш басшысы» деген көзқарасты зерттеушілік тұрғыда қарастыруды мақсат тұтқаны байқалады. «Абайдан бері һәм одан үлгі алған кейінгі жастарымыздың ыждағатымен әдебиетіміз түзу жолға түсті. Енді мұнан былай сөз қадірі ұлғайып, өлең керектігі байқалып, өзге жұрттарда қандай болса, біздерде де сондай болар», – деп алдағы күнге зор сенім артуы оны анық дәлелдейді.

Р. Мәрсековтің мақаласындағы бұрынғы және жаңа әдебиет туралы көзқарастың ғылыми негізделуі зерттеушілік ой-пікірдің ғылыми сипатқа ауысу жолындағы мәні зор. Орыс әдебиеті тарихын дәуірге бөлудің өздерінің алғашқы қадамын В. К. Третьяковскийдің поэзияны «О древнем, среднем и новом стихотворении российском» (1755) деп бөлген еңбегінен, оны дамыта келіп орыс әдебиетін хронологиялық жолмен «первый период от начала X века до половины XV в., второй до начала XVIII в., а третий заключает в себе произведения российской словесности до нынешнего времени», – деп 1808 жылы И. М. Борн ұсынған жүйеден бастайды [22, 133]. И. М. Борн өз жобасында алғашқы

дәуірге Ресейге христиан діні мен жазу кірген X ғасырдан татар-моңғол шапқыншылығы біткенге дейінгі XV ғасырды жатқызса, екінші кезеңін I Петр заманымен байланыстырады да, үшінші дәуірді XIX ғасырдан басталды деп көрсетеді. И. Борнның бұл дәуірге бөлуді ұсынған жүйесін ғасырға жуық уақыт өткен соң ғалым А. Н. Пыпин «до ордынского нашествия, от конца ордынского ига, образования Московской Руси и до второй половины XVII века, литература нового периода от второй половины XVII века до современности», – деп үш дәуірге бөліп, нақтылай түскен болатын [23, 308]. Бұлармен салыстыра қарағанда, Р. Мәрсековтің ұлт әдебиетінің тарихын дәуірге бөлудің әдеби-тарихи ой-пікір дұрыс бағыт ұстағанын байқаймыз. Әдеби-тарихи шолу ретіндегі сипаты басымдау болғанымен «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласының әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің даму тарихындағы орны да ерекше. Ол қазақтың ұлттық әдебиетінің бірнеше дәуірлерден тұратын тарихы бар екенін алғаш рет ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Сол арқылы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге жаңа бастама салып, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар жасады. Оның бұл саладағы ізденістері сол кездің өзінде-ақ көріне бастады.

«Қазақ» газетінде жарияланған «Н» (Н. Құлжанова болуы керек. – Ж. С.)

деген автор жазған «Әдебиетімізге көз салу» деген ғылыми-зерттеу мақала – ғасыр басындағы аздаған жылдардың ішінде-ақ әдеби-тарихи ой-пікір ғылыми ұғымдарды меңгеруге батыл кірісе алғанына нақты мысал. Ол көркемдік дамудағы әдеби байланыс, озық үлгілерден үйрену арқылы жанрлық тұрғыдан өркендеу, тарихи сабақтастық принципіне сай дәстүр мен жаңашылдық, әдебиет тарихын тексеру сияқты проблемаларды нақты көтеруінен анық танылады. Автор бұл мәселелерді жаңа қалыптасып келе жатқан қазақтың жазба әдебиетін өркендету жолында кімнен үлгі алуымыз керек, ұлт әдебиетінің ендігі бағыты қандай болуы қажет деген сұрақтар төңірегінде ой қозғау арқылы шешуге ұмтылған. Бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің ендігі ұстар бағыты еуропа әдебиеті екенін айтып, үлгі-өнеге алу жолындағы еліктеу барысында әдебиетіміздің ұлттық сипатынан айырылып қалмау жағын ойлау керектігіне көңіл аударады. Әдеби өркендеуде басқа елдің әдебиетіне еліктеудің болмай қоймайтын құбылыс екенін ғылыми дәлелдеуі ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде жаңалық екенін айтуға тиістіміз. Шағатай әдебиетіне араб, парсы әдебиетінің ықпалын айтқан уақытта Ә. Науаи секілді ірі ақындардың Ширази, Сағди, Хайям сияқты классиктерден үйрену арқылы өз әдебиетін

дамытқанын айтуы – бұрын кездеспеген соны пікір. Сонымен қатар үлгі-өнеге алу жолындағы еліктеу, жаңашылдыққа ұмтылу барысында әдебиеттің өзіне тән ұлттық сипаттан айырылып қалмауы қажеттігін ескертіп, осман түркілерінің еліктеуге қатты ден қойып, өз әдебиетіндегі ұлттық дәстүрлерін жоғалтуға дейін барғанын мысалға келтіреді.

Автор басқа ел әдебиетіне еліктеу мен үлгі-өнеге алудың осындай жетекшілік және кері әсері болатынын дәлелдеп алғаннан кейін, қазақ әдебиетінің не себептен Еуропадан үйренуі керек екеніне тоқталады. «Өйткені Еуропа мәдениетінің бар асылы – рух сыны – дух критицизма, – деп жазады автор, – бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді жаңа көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Абай – адабиятымыздың атасы, бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе, Абай үшін ғараб, ғажам (парсы) жолы ашық еді». Бұл пікірден ғасыр басындағы ұлт әдебиетін өркендетуге бағыт-бағдар беру ғана емес, әдебиет тарихына зерттеушілік тұрғыдан қараудағы көзқарас та танылып жатқаны айтпаса да түсінікті. Оны жоғарыда сөз еткен мәселелермен сабақтастыра отырып: «Ұлт әдебиетін майданға шығармақ

үшін ең әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы адабиятымызды жиып бір тәртіпке белгілі сарынға салмағымыз, өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз керек», – дегенде ұлт әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуді көтеріп отырғаны анық. Автордың «бір тәртіпке, бір сарынға салу керек» дегендегі негізгі айтпақ ойы осында жатыр.

Мақаланың ұлттық әдебиет туралы ғылымының туа бастаған кезеңіндегі елеулі ғылыми-зерттеу еңбек екенін айтқан уақытта, әдеби-тарихи ой-пікірге қосқан тағы бір жаңалығын айтпай кетуге болмайды. Ол – ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеру бағытында мәнді арна табудағы ұмтылысында, басқа мақалаларда кездесе қоймаған әдебиеттің халықтығы мәселесі. Ғылыми-теориялық тұрғыда негізделме қаралмаса да автордың әдебиет қашанда ел өмірімен тығыз байланыста болғанын, алдағы әдеби өркендеуде де бұл үрдістен айырылмау қажеттігіне тоқталуын көңіл аударарлық ой қорытындысы деу керек. Нақты айтсақ, «адабият хәр қашан тұрмыспен айырылмай қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың хәрбір сазына адабият жаңғырық – саз қайтарсын, халықтың хәр бір қайғысын адабият айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, адабият тұрмыспен берік байлаулы болсын», – деген тұжырымның

танымдық қана емес, ғылымилық мәні де зор. «Әдебиетімізге көз салу» мақаласы шын мәнінде әдебиетке ғылыми-зерттеушілік тұрғыда көз салып, бар-жоқты түсіндіруге, келешегін түзетуге ұмтылды.

Қорыта айтқанда, ұлттық әдебиетті басқа да қоғамдық-әлеуметтік мәселелермен бірге қарастырған мақалалар мен ғұмырнамалық сипаттағы зерттеулер, әдебиет тарихының мәселесін нақты көтерген ғылыми мақалалар қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің туу дәуіріндегі алғашқы қадамдарын нық басып, енді толысу, нығаю жолына бет алғанын дәлелдеп берді.

Ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір фольклортану саласында да соны ізденістер жасап, ғылыми тұрғыда тексеруде көңіл аударарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Қазақ баспасөзі бетінде фольклорлық мұраның көптеген үлгілері жарияланды, жеке кітап болып шықты, ол эстетикалық таным-біліктің өсе түсуі мен рухани мұраны танып-білуге деген халық сұранысына, оқу-білімге ұмтылған талабына сай келді. Қазақ кітаптарының тарихын зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, ғасыр басында 322 кітап қазақ тілінде жарық көрген екен. Олардың көпшілігі фольклорлық шығармалар екені түсінікті. Егер XIX ғасырда фольклорлық мұраны жинап-жариялау жұмыстарында жалпыламалық



сипат басым болса, енді жанрлық түрлерге сай топтастыру мен жүйелеу ісі анық көрініс тапты. Бұл тұрғыдан келгенде орыстың ориенталист-фольклорист ғалымдары А. В. Васильевтің «Образцы киргизской народной словесности» (Орынбор, 1900, 1905), Н. Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казах-киргизского наречия» (Қазан, 1900, 1901, 1902, 1904), М. Н. Бекимовтің «Материалы к изучению киргизского народного эпоса» (1904), Н. Ф. Катановтың «Материалы к изучению казах-киргизского наречия» деген жалпы атаумен 1900-1904 жылдар аралығында шығарған 7 бірдей кітабын т.б. еңбектерді атай кету ләзім. 1900 жылы А. Е. Алекторов шығарған библиографиялық көрсеткішінің де танымдық мәні зор болды. Фольклорлық үлгілердің жеке кітап болып шығуы мен әдеби жинақтарда мол орын алуы бұлар туралы сыни және зерттеушілік сипаттағы мақалалардың жазылуына түрткі болды. Оларда фольклор тарихы мен теориясының мәселелері де қозғалып, ғылыми бағытта тексеруге өз ұлтымыздың өкілдері де қызу араласа бастады. «Қазақ» газетіндегі А.Баржақсиннің «Мақалдар» (1915, №120), Ж. Басығариннің «Өлең-жыр, әндер» туралы (1914, №61) деген секілді мақалаларында фольклорлық мұраны зерттеу мәселесі көтерілсе, Г. Потанин, Ә. Диваев туралы мақалаларда қазақ фольклорының

зерттелуі туралы ой-пікір ашық көрінеді. Ал басылып шыққан шығармаға сын айта отырып, ғылыми сөз ету Ә. Бөкейхановтың «Қара Қыпшақ Қобыланды» мақаласынан байқалды. Автор сын деп ат қойып айдар таққанда, бұл жырдың 1914 жылы қазақ тілінде М. Тұяқбаев бастырып шығарған нұсқасын сын көзімен қарап, артық-кемін сөз етуді мақсат тұтқан. Әйтсе де ғылыми-зерттеушілік көзқарастағы талдауға барған тұстары да жоқ емес. Ол мақалада екі түрлі мәселені сөз ету барысында танылады. Алғашқыда автор «Қобыланды батыр» жырының тарихқа қарым-қатынасы туралы ой қозғап, Шәкәрім шежіресі мен Шоқан жазып алған «Манаста» кездесетін деректермен салыстырады. Қобыландының қай кезеңде өмір сүргенін анықтау үшін Тоқтамыс хан, Едіге би, Ақжол би, Әз Жәнібек хан өмір сүрген кезеңдерге барлау жасауда зерттеушілік көзқарас айқын сезіледі. Бұл туралы ойын қорыта келіп автор: «Қобыландыда» ақын қосқан тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді. Қобыланды батыр Ақжолға тұстас болса, оның жорықтары XV ғасырда болған. Жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс салты анық көрініп тұруға лайық. Тарихтың сарын жолы екіге бөлінген: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны соғыс

істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. Шәкәрім шежіресінің малданғаны осы жол. Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыста, орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің жемісі. Анық тарих – осы екіншісі», – деп жазады [13, 313]. Ал екінші көңіл аударған мәселесі – жырдың халық арасына бұрыннан танымал нұсқасы мен осы басылған вариантын салыстыруы. Жыр мазмұнына және өлең жолдарына қосылған қосымшаларды салыстыра келіп, нақты мысалдар келтіріп, «мұның бәрін бейшара жыршы өзінен қосып, жырдың көркем түрін бұзған...». «Тілге жеңіл, жүрекке жылы, теп-тегіс жұмыр келген айналасы» деген Абай сынына жанасатын өлең мынау беттерде», – деп бет сандарын көрсетеді. Сол секілді кітап шығару мәдениеті туралы сөз қозғап, әсіресе, кітаптағы Қобыланды батыр суреті орыстың атақты үш батырына ұқсап кеткенін айтуы өте дәлелді шыққан. Бұл секілді пікірлердің айтылуы ғасыр басындағы қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттануы қандай биіктіктерге қол соза бастағанына айқын дәлел.

«Айқап» журналында фольклор туралы ғылыми-зерттеу мақала жарияланбаса да А. Байтұрсыновтың «Кітаптар жайынан» (1911, №1), Ғ. Мәмековтің «Өлең-жырларымыз туралы» (1914, №2), А. Баржақсин-

нің «Ашық хат» (1914, №5), белгісіз автордың «Баспашылдық дүниесінде» (1914, № 23) т.б. мақалаларда әдебиет тарихына қатысты мұраны игеру проблемалары көтеріліп отырылды.

Өзі жинастырған фольклорлық үлгілерді хатқа түсіру барысында бір жүйеге келтіруге талап жасаған М. Ж. Көпеев болды. М. Ж. Көпеев қалдырған «Қара мес», «Қара кітап» аталатын қолжазбалардың танымдық құндылығы бүгінге дейін маңызды екені ақын мұрасы ақталғаннан кейін тіпті де сезіле түсті. Әдеби мұраны жинап хатқа түсіруде сарапап-сұрыптап, зерттеушілік тұрғысындағы бағалаушылық көзқараста түсініктемелер жаза отырып, үлкен жауапкершілікпен қараған. Сол кездегі ғалымдар секілді М. Ж. Көпеевте фольклорды этнографиялық тұрғыдан қарап жинау дәстүрі сақталған. М. Бөжеевтің дерегіне сүйенсек, ақыннан қалған мұра 30 томдай болады екен.

М. Ж. Көпеевтің зерттеушілік көзқарасында әдебиет тарихының мәселелері де тыс қалмаған. Ол көптеген ақын, жыраулардың ел аузында айтылып жүрген өлең-жырларын хатқа түсіріп, олар туралы деректер мен кейбіреуінің тұлғасына бағалаушылық мәнде пікір білдіріп отырған. Бұқар жырау, Ақан сері, Сұлтанмахмұт, Абай, Ақмолда, Шернияз, Балта, Мәделіқожа, Көтеш,

Шортанбай, Шөже, Орынбай, Сақау, Соқыр Ажар, Жанкелді, Мағауия, т.б. ақындардың шығармаларын жазып алып, өз қолжазбасынан орын беруі, әр ақын мен оның келтірген өлеңінің қай жағдайда айтылуы туралы түсініктеме жазуы әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірінің жоғарылығын көрсетеді. Оны ұлы Абай поэзиясындағы өсиет-нақыл мәндегі өлең жолдарын ыждағаттылықпен сұрыптап алып «Абай афоризмдері» деп бөлекше топтастыруы тағы да дәлелдей түседі. Бұл – шын мәнінде ғылыми-зерттеушілік ізденісті талап ететін творчестволық жұмыс. «Мұның өзі де оның әдебиет жайлы түсінік білімінің молдығын байқатса, екіншіден, қазақ әдебиетіне қатысты көп деректердің шоғырлануының өзі-ақ Мәшһүр жазбаларының қанша маңызды екенін айқындай түседі» [8, 388].

Шығыстың әдебиеті мен тарихын жетік білген, оқымысты ғұлама

*Ақынды айт Ақмолда мен Ыбырайды,  
Үлгісін өнер-білім жұртқа жайды», –*

деген өлең жолдарымен білдірсе, енді бірде Құнанбайұлы Ыбырай марқұм айтыпты ғой деп, «Адам бір боқ көтерген боктың қабы» деген өлеңінен үзінді келтіре отырып: «Соңғы ел білімдарлары – бұл. Адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де ішіп-жемекті

атанған М. Ж. Көпеев жеке ақын-жырау туралы бағалаушылық мәндегі пікір айтқанда Ақан сері жайында «заманның сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» десе, Бұқар жырауды «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі екен. Бір сөз білмейді, тек көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен», – деп, Абылай ханның ақылшы биі және өз сөзін қаймықпай айтар үлкен жырау екенін бағалайды. Бұл пікірдің Бұқар тұлғасына байланысты әлі күнге дейін айтылып келе жатқанын ескерсек, ғылыми құндылығы айтпаса да түсінікті.

Мәшһүрдің әдеби-тарихи ой-көзқарасын сөз еткенде ерекше көңіл аударғаны Абай шығармашылығы екені байқалады. «Дала уалаятының газетінде» Абайдың көзі тірісінде-ақ пікір білдірген Мәшһүр ақын өз ойын бірде:

аз қылды... Аз жеуді, аз ұйықтауды,  
аз сөйлеуді мұрат тұтты», – деп осы өлеңді философиялық көзқараста талдап, Абайдың ғұламалығына ден қояды. Бұл да ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге Мәшһүр ақынның айтарлықтай үлес қосқанының бір белгісі.

Әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиетті тарихи тұрғыдан тану жолында жекелеген ғылыми ұғымдарды, түсініктерді және проблемаларды зерттей бастауы теориялық, методологиялық талдауға барар жолдағы алғы шеп болды. Қазақ баспасөзі бетінде сол мезгілдегі ақын-жазушылар шығармалары, басқа халықтар әдебиеті туындыларынан аудармалар, шыққан кітаптарға сын мақалалар мен рецензиялар жариялануы XX ғасыр басындағы әдеби-теориялық ой-пікірді жанрлық ұғымдармен байытты. Прозалық және драмалық шығармаларды сөз еткен сыни мақалалар терең ғылыми талдауларға бара қоймағанмен, олардың жанрлық ерекшеліктеріне назар аударып отырды. Бұның теориялық ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына, сол арқылы филологиялық білімдер жүйесінің таралуына игі әсері болды. Қазақ тілінің тазалығы мәселесінің көтерілуі әдеби-теориялық ой-пікірге қазақ өлеңін зерттеушілік тұрғысынан қарап, ескі және жаңа өлең туралы ізденістер жасауына себепкер болды. Осыған байланысты ескі шағатай тіліндегі және араб, парсы әдебиеті әсерінде туған мұраларға сын көзімен қарап, ұлт әдебиетінің келешек дамуына кері ықпал етеріне ғылыми-зерттеушілік көзқараста көңіл аударды. Бұл әдеби-теориялық ой-пікірдің әр халықтың әдебиетінің

өркендеуі үшін сол ұлттың әдеби тілінің де жетілуі қажеттігін ұғына бастауы еді.

Қазақ тілінің тазалығын сақтау мен қазақ поэзиясындағы «ескі» және «жаңа» өлең туралы көзқарас «Айқап» журналында күрделене түсіп, нақты ғылыми сипатта көрінді. Журнал бетіндегі мақалалардың қазақ әдебиет сынын тудырудағы жетекшілік рөлі туралы жан-жақты зерттелгені белгілі. Сондықтан орынсыз қайталамай қазақ поэзиясындағы «ескі» және «жаңа» өлеңге деген көзқарас анық сезілетін С. Торайғыровтың мақалаларына қысқаша тоқталсақ та жеткілікті. «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаласында автор қазақ поэзиясының жалпы кескін-келбеті мен даму жолына шолу жасауды нысанаға алған. Өткен ғасыр соңындағы әдеби-теориялық ізденістер көрсетіп бергеніндей ағартушылық бағытқа бет бұрған қазақ поэзиясының «Бұрынғы «Зарқұмдарды» құмға көміп, «Сал-салдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырында ескі достарына қош айтыса бастағанын» айтқан уақытта С. Торайғыров қазақ өлеңі өсіп-өркендеп кетті демейді [24]. Керісінше, түр мен мазмұны сай келген, көркемдік сапасы жоғары, идеялық айтар ойы терең мағынаны өлеңдердің әлі де болса аз екеніне ерекше көңіл аударады.

Автор «күндікке ізденіп, өзінше ойыңнан ұйқасыңқырап шыққан керекті-керексіз сөздің» бәрін көркем шығарма деп тануға, «кейіп жоқ, келісім жоқ «қатын ойбайды» өлең деп бағалауға қарсы шығады. «Милли шиғыр», «Әдебиет өрнегі», «Ақырет» деген өлең кітаптардағы өлеңдерден нақты үзінділер ала отырып, оларға «Қайда қиысқан назым? Қайда көңілге, тілге ұнау, теп-тегіс өрескелсіз өлең?» – деп өлең сөздің теориясына лайық талап қояды. Мақаланың басты мақсаты қазақ тілінің тазалығы мен өлеңтану саласы болғандықтан, С. Торайғыров қазақ поэзиясындағы «ескі» және «жаңа» өлең туралы көзқарасты тереңдете отырып, жаңа сипаттағы өлең қоғамдық өмірдегі негізгі мәселелерді сөз ететін мағыналы да көркем болуымен қатар, соны тақырыптар мен жаңа идеяларды жырлайтын, шын мәніндегі «анық аксүйек, аты жоғалмайтын «өлең» деп, «өнер» деп атайтын» әдеби туынды болуын талап етеді. Ал «қазақтың исі де жоқ құр «қатын ойбай» өлеңдер жазу сән болып бара жатқандығын» қатты сынап отырып, бұл сияқты өлеңдер ұлттық поэзиямызды не поэтикалық көркемдік тұрғыдан, не идеялық, тақырыптық жақтан да көркейтпейтінін ашық айтады. Сұлтанмахмұт қазақ өлеңінің қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарды жырлаған жаңашыл идеяларға толы

болуын талап еткенде Абай поэзиясынан үлгі-өнеге алуға шақырады. Қазақ поэзиясының ендігі ұстар бағыты мен жолы Абай бастаған ағартушы-демократтық жол ғана болуы керектігін дұрыс тұжырымдап берген. Абай шығармалары мен «қатын ойбай» өлеңдердің құрылысына теориялық талдаулар жасалмаса да мақаланы сол кездегі жаңа ояна бастаған ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде ерекше орны бар еңбек деп бағалаған дұрыс сияқты. «Біздің әдебиетіміз жетілген жұрттардікіндей азуы алты қарыс емес... Алдыңғы туғандарды көш жүре түзелер, жоқтан бар жақсы, біздің неміз жетісіп тұр деп жүген-кұрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастан түзете беру керек» деген пікірінен қазақ поэзиясының бағыт-бағдарын айқындап, жақсы-жаманын тезге салып отыратын әдеби сын мен теориялық талдаулардың қажет екенін аңғартқанын байқаймыз. С. Торайғыровтың өнертану, өлеңтану саласындағы әдеби-теориялық көзқарасы «Өлең һәм оны айтушылар», «Жаңа кітап» секілді басқа да мақалаларында жалғастық тапты. Бұлар да қазақ поэзиясының әдеби-теориялық тұрғыдан зерттеу нысанына айнала бастағанын дәлелдейтін құнды еңбектер болды.

С. Торайғыров мақалаларына тән әдеби-теориялық ой-пікір «Қазақ» газетіндегі Ә. Бөкейхановтың «Ән,

өлең һәм оның құралы» (1914, №67) мақаласынан да байқалады. Автор өнердің жалпы адамзат қоғамындағы орны туралы ой қозғай келіп, өлеңді, яғни әдебиетті, музыка өнерімен сабақтастыра қарайды. Бұл туралы өз пікірін М. Лютер, Гете, Шопенгауэр, Бетховеннің айтқан ойларымен дәлелдеп отыруы ғылыми сипат танытқан. Поэзияның эстетикалық мұраты мен халық өмірімен тығыз байланыстылығын зерттеушілік тұрғыда саралайды. Зерттеу нысанасы қазақ өлеңі болмағанымен жалпы өнердің, оның ішінде өлең өнерінің «адамның ақылын оятып, молайтып, қорытып беруші ең жақсы ақылшысы – жіңішкелікке, төменшілікке, бірлікке, татулыққа, сүйіспеншілікке ең бірінші оқытушысы, үйретушісі» екенін айтқан уақытта Абайдың «Өлең – сөздің патшасы» өлеңінен үзінді келтіре отырып қорытындылауы ұтымды шыққан. Ә. Бөкейханов жалқыдан жалпыға қарай зерттеу заңдылығына сүйене келіп, поэзияға әлемдік деңгейдегі әдеби-теориялық ой-пікір тұрғысынан келуі, әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі филологиялық білімдер жүйесін меңгеру жолындағы талпынысын байқатады. С. Торайғыров пен Ә. Бөкейхановтың мақалаларының сол кезеңде қазақ ортасына кең тараған баспасөз беттерінде жариялануының тағылымдық мәні зор болды. Олар әдебиетті теориялық тұрғыдан

тануға ұмтылған таным-біліктің өсе түсуі мен филологиялық білімінің кең таралуына өз үлесін қосты. Бір айта кететін мәселе, М. Әбсәметов «М. Дулатов. Шығармалары» атты кітапта жазған түсініктемесінде «Арысұлы» деген лақап есімнің иесі А. Байтұрсынов деп көрсетеді. Сол сияқты Ө. Әбдиманов та осы есіммен жарияланған «Роман не нәрсе?» атты мақаланы А. Байтұрсынов жазды деп қарайды. Бірақ, Ә. Бөкейхановтың 1995 жылы шыққан таңдамалысын құрастырушы С. Аққұлұлы «Арысұлы» деген бүркеншік есімнің иесі Ө. Бөкейханов екенін дәлелдеп, осы жинаққа бұл екі мақаланы да енгізген. Сол себептен біз де олардың авторы Ө. Бөкейханов деп алып отырмыз.

Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туа бастау шағында әдеби-теориялық көзқарастың әдеби-тарихи ой-пікірден кейін қалмай, осылайша қанаттаса бірге дамуына бір жағдай ықпал етті. Ол теория мен практиканың арасындағы керіарақтың болмауы еді Практика жүзінде негізделмеген теория ғылыми дамымаса, теориямен зерттеушілік бағытта жинақталмаған практика өзін-өзі қайталауға ұшырап, дағдарысқа түсетіні белгілі. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өнер, әдебиет, роман, поэма, мысал, драма, т.б. туралы теориялық ұғымдарды меңгеруі жолына қарасак, олардың көркем әдебиетте көрініс табуы

мен ғылыми сөз болуы тығыз байланыстылықта жүріп отырды. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезені үшін маңызды еді. Өйткені: «Любое понятие, в том числе и о литературе, только тогда получает право на жизнь, когда связано прямой познавательной зависимостью с соответствующим явлением реальной действительности» екені анық [3, 42]. Сол себептен де осы орыс әдебиеттану ғылымын зерттеушілер: «Для того чтобы новые, западноевропейские понятия о литературе прочно вошли в русское теоретико-литературное сознание, необходимо было познать написать на русском языке такие произведения, такие стихотворения, которые бы не только соответствовали этим понятиям, но были бы приняты читателями и литературной общественностью», – деп жазады. Оларда өлеңтануда теориялық көзқарас алға кетіп қалып, өлең практика жүзінде ескі славяндық дәстүрде жүрген еді. Орыс әдебиетінің көркемдік және жанрлық дамуына В. К. Третьяковский мен М. В. Ломоносовтың орыс өлеңіне реформа жасауының зор көмегі болғанын жоғары бағалайтындықтары да сондықтан. Ол әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптаса түсуіне ықпал жасады деп табады.

Бұл тұрғыдан келгенде ХХ ғасыр басындағы әдеби-теориялық ой-пікірде көбірек сөз болған да, сандық жағынан біршама жазылғаны да ро-

ман болды. А. Байтұрсыновтың ұлттық әдебиетті жанрлық өркендету мәселесін қойып, өркениетті елдердің озық дәстүрінен үйренуге шақырған «Білім жарысы» аталатын мақаласы жарияланды. Автор Еуропа білімпаздары мен ғалымдарының өз ұлтының әдебиетін дамытуы үшін қандай шаралар ұйымдастырғанын тілге тиек ете келіп, Нобель сыйлығын тағайындалуы сырын түсіндіріп, ел басшылары мен ауқатты адамдарды осындай істі қолға алуға шақырады. «Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайық деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе қазақтың да қолынан келеді», – деп, бұл байлық көбейту немесе атақ шығару үшін емес, халыққа қызмет жасау мақсатында жүргізілетін игілікті іс екенін түсіндіреді. Ахмет Байтұрсынов сөз еткен игі шара қолдау тауып, Ахмет Оразаев мақала көтерген бастаманы құптап, мұндай жақсы іске жол ашу керектігін айтып, білім жарысынан озып келгендерге бәйге тігетінін хабарлады. Бірақ бәйге тігудің мән-мағынасын түсіне қоймағандық байқалып, ел ішінде әлі де бұл бастаманы жандандырып әкетуге ат салысу азшылық екенін сезген А. Байтұрсынов «Білім жарысы хақында» деген мақала жазып, тағы да түсіндіріп береді.

Білім жарысы туралы бұл бастама қазақ оқығандары тарапынан қостау тауып Ә. Бөкейханов «Роман не нәрсе?» («Қазақ», 1914, №48) атты мақаласын жариялайды. Негізгі мақсат – бұл жанрда шығарма жазамын деушілерге әдеби-теориялық білім беріп, романның ішкі мағынасы мен асыл мақсаты не екенін түсіндіріп беру болған. Бұл жолда романның жанрлық түр ретіндегі ерекшелігін аша келіп, В. Скот, Ч. Диккенс, В. Теккерей, А. Пушкин, М. Лермонтов, Н. Гоголь, Л. Толстойлардың атағы роман жазумен шыққанын мысалға келтіреді. Оны дәлелдеу үшін Толстойдың «Война и мирін» «Соғыс және татулық» деп таныстырып, сол кездегі ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір дәрежесінде қысқаша сипаттама жасайды. «Алғашқы қазақ романы Міржақыптың «Бакытсыз Жамалын» атап, шығарманың мазмұнын шолып, негізгі кейіпкерлер әлеміне тоқталады. Автор роман жанрын әлеуметтік мәселелермен, адамдар мінезімен, тәрбиелік, эстетикалық мұраттарымен сабақтас қарайды», – деп жазады ғалым Р. Нұрғалиев осы мақала туралы пікірінде [13, 432]. Бұдан біз ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің роман туралы теориялық ұғымды меңгеруге деген талпынысын бір байқасақ, екіншіден, қазақ романына әдеби-теориялық бағытта алғаш рет талдау жасауға деген ұмтылысты көреміз.

Бұл мақаладан кейін іле-шала Е. Маманов қазақ тілінде роман жазушыларға бәйге тігетінін хабарлап, газеттің 52-санында «Бәйге тігемін» деген мақала жариялап, жарыс шарттарымен таныстырады. Сәл кейін 67 санында асығыстық болмауы мен талапкерлер көбеюі үшін жарыс мерзімінің 1915 жылғы мамыр айына дейін созатынын айтып, «Роман жарысы хақында» деген хабарламасын тағы да жариялады. Осы тәрізді игі шараның басталуы роман туралы теориялық ұғымды меңгеруге деген ізденісті күшейте түсті. Соның нәтижесінде «Қазақ» газетінде редакция тарапынан жазылған «Роман жарысына қосылушыларға» (1914, №54), «Талапкер» деп қол қойған автордың «Роман жарысы туралы» (1914, №56), Ә. Бөкейхановтың «Роман бәйгесі» (1915, №122) секілді мақалалар, «Айқапта» М. Сералиннің «Роман жарысы туралы» (1915, №7, 8) атты мақаласы жарық көріп, оларда роман, оның жанрлық табиғаты мен өзіндік ерекшелігі туралы әдеби-теориялық ой-пікір көрініс тапты. Бәйгеге түскен шығармаларды бағалау үшін әділ қазылар алқасын құру және бұл бастаманы қолдаушылар мен оған қатысушыларды көбейтуді насихаттау жағы да назардан тыс қалған жоқ. Ә. Бөкейханов «Бізде академия, университет секілді білім дүкендері жоқ, бұлардың комитеті де жоқ» дей келіп



бәйгеге түскен шығармаларды қарау үшін Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Бақытжан, Мұхамеджандардан комитет құруды ұсынады. Ал М. Сералин Е. Маманов бастамасы «піл жанындағы бүргедей болғанмен, құдығына қарай қауғасы деп жана ғана әдебиет жолында аяғын апылтапыл басып келе жатқан жұрт үшін бұл ерлік, тіпті Нобель жұмысынан да артық деп айтқымыз келеді», – деп тұжырымдайды. Бұл бастама туғанға дейін қазақта 1910 жылы шыққан М. Дулатовтың жалғыз-ақ «Бақытсыз Жамалы» ғана болғанын ескерсек, бұл мақалалардың қазақ әдебиетінде роман жанрының өрістеуіне әсер еткені анық. Оған ғасыр басындағы романдар дәлел. Бұл біздің жоғарыда жанр туралы әдеби-теориялық ой-пікір мен оның практикада жүзеге асуы тығыз байланыстылықта болды деген пікіріміздің негізсіз айтылмағанын дәлелдейді.

Қазақ баспасөзіндегі қазақ поэзиясын аз да болса әдеби-теориялық көзқарас тұрғысынан сөз еткен осы жоғарыдағы мақалалар ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің көркем шығарманың көркемдігі, жанрлық табиғаты, идеясы, түр мен мазмұн сәйкестігі, тәрбиелік, эстетикалық мән-маңызы сияқты ұғым-түсініктерді нақты айта бастағанын анық көруге болады. Оның тағы бір дәлелін төңкеріске дейінгі шыққан биографиялық сипаттағы мақала-

лардағы әдеби-теориялық көзқарас-тан көреміз. Әсіресе Абай творчествосының новаторлық сипатын, өнерпаздық тұлғасын танытуға алғашқы қадам жасаған К. Ысқақов пен Ә. Бөкейханов жазған нұсқасы және М. Дулатов, А. Байтұрсыновтардың мақалалары қазақ өлеңінің теориялық мәселелерін, жанрлық ерекшелігін ұлы ақын поэзиясына байланыстыра сөз етті. Сонымен қатар, Абай мен Ыбырай негізін салған қазақтың ұлттық жазба әдебиеті күннен-күнге нығайып, жаңа жанр түрлерімен толығуы – әдеби-теориялық білімнің өсе түскенінің екінші бір айғағы. Өнер иесі қанша талант болғанмен көркем шығарманың құрылысы мен қисынын, жасалу амал-тәсілдерін білмей тұрып, дәуір жүгін арқалай алатын туынды жазуы мүмкін емес. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі алғашқы қазақ романдары мен қоғамдық-әлеуметтік тақырыпты жырлаған поэмалардың натурализмнен аулақ болып, сыншыл реалистік сипатта, ағартушы-демократтық бағытта дамуына сол кездегі әдеби-теориялық көзқарас ықпал жасамады дей алмаймыз. Сөзімізді түйіндей айтсақ, әдеби-теориялық ұғым-түсініктер қазақтың жазба әдебиетінің дамуымен тығыз байланыстылықта көрініп, қазақ баспасөзі бетіндегі мақалалар арқылы өркен жая бастады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірінде қол жеткізе алған табыстарын саралаған уақытта, оның өз қадамын нық баса алғанын дәлелдей түсетін тағы бір жайттарға назар аударған абзал. Ол – осы ғылымның қосалқы салалары болып табылатын библиография мен текстологиясына қатысты мәселелердің де нақты көтеріле бастауы. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір осы екі сала бойынша алғашқы барлауларының жиынтығы болып табылатын кейбір нәтижелерін ұсынып та үлгерді. Егер бұл барлауларды тарамдата баяндасақ, библиографияның тұңғыш қадамы XIX ғасырдың соңына қарай көрініс берген екен. Оның нақтылы себебі де жоқ емес. Ол ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде филологиялық және биографизм мектептерінің белгілері молырақ орын алуының әсерінен еді. Қазақ даласын зерттеген орыс ғалымдарының көпшілігі орыс әдебиеттануындағы осы мектептердің ықпалында болатын. Профессор Ә. Нарымбетовтің: «Революцияға дейінгі көрсеткіштер комплексті сипатта болды. Қазақ әдебиетіне тікелей арналған көрсеткіш бола қойған жоқ. Қазақ әдебиетіне байланысты библиографиялық деректер экономика, статистика, этнография, шаруашылық, тарих жайлы материалдардың ішінде жүрді», – деп атап көрсеткеніндей, олардың көрсеткіштері жалпылама сипатта

құрастырылды [25, 9]. Қазақ әдебиеті туралы библиографиялық мағлұматтар мен деректер көбірек кездесетіндері де бар. Атап айтсақ, З. М. Пенкинаның «Закаспийский край. Систематический сборник библиографических указаний книг и статей» (Спб., 1888), А. Н. Харузиннің «Библиографический указатель статей, касающихся этнографии киргизов и каракиргизов 1734-1800 гг.» (Этнообозрение, 1891, №2), «Киргизы Букеевской орды» (1889), Е. А. Алекторовтың «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деген атпен «Оренбургский листок» газетіне 1892-1893 жылдары, «Тургайская газетада» 1895 жылы, Қазан университеті «Хабаршысының» 1900 жылғы 16-томында жарияланған көрсеткіштері, Д. К. Зелениннің 1913 жылғы Санкт-Петербургтен шыққан библиографиялық көрсеткіштері бұл сала бойынша жүргізілер жұмыстардың ізашары болды. Бұлардың қатарында ұлт зиялыларының өкілдері болмағанымен, орыс ғалымдарының қазақ әдебиеті мен фольклоры туралы материалдарды библиографиялық тұрғыда жүйелеуге ұмтылыс жасауы, келешекте жүзеге асар үлкен істің бастамасы еді. Қазақ библиографиясының білгір мамандарының бірі Ә. Нарымбетов оны дұрыс бағалай отырғанымен, төңкеріске дейін осы орыс

ғалымдарының көрсеткіштерінен өзге ештеңе жоқ деп тауып, қазақ баспасөзіндегі бұл бағыттағы ізденістерді елеусіз қалдырады. Қазақ библиографиясы лениндік ұлт саясаты мен түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің үлкен табысы екенін көрсету мақсатында: «Революцияға дейін 2% сауатты адамы бар қазақ халқының Ұлы Октябрьге дейін ұлттық библиография туралы ойлауға да шамасы келген жоқ. Библиография негізінен дамып жетілген ұлттық баспасөзбен байланысты болса, қазақ тіліндегі тұңғыш газеттер мен кітаптар XIX ғасыр аяғында, XX ғасыр басында шыға бастады. 1913 жылы Қазақстанда шыққан 13 кітаптың екеуі ғана қазақ тілінде жазылған болатын, (Шыңдығында 48 кітап, оның төртеуі ғана орысша. – Ж. С.) 14 газеттің үшеуі ғана қазақ тілінде жарық көріп тұрды. Ұлттық баспасөздің жай-күйі осындай болғанда, библиография туралы сөз етудің мүмкін еместігі өз-өзінен түсінікті», – деген тұжырым жасайды [25, 8]. Төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетіне, баспасөзі мен жарық көрген ірілі-уақты кітаптарға деген еуропацентристік көзқарасқа негізделген нигилистік сипаттағы бұл секілді пікірлерді көптеген ғалымдарымыз үлкен мінберлерден шабыттана айтып, өз ғылыми еңбектерінде оңды-солды келтіргені мәлім. Біздің ойымызша, қазақ

әдебиеттануы өткерген қилы кезеңдерге тән қиыншылықтарды бірге кешкен, бүгінде осылайша менсінбей қарап жокқа шығарылуға дейін қол жеткізген қазақ библиографиясының алғашқы талпынысы төңкеріске дейін-ақ көңіл аударарлықтай сипатта таныла бастады.

Бұл жолдағы алғашқы талпыныстар «Дала уалаяты газетіндегі» «Жаңа кітаптар» айдарымен беріліп отырған хабарларда көрінді. 1888 жылғы бірінші санында П. Кулешов, А. Левшин, Щ. Кологривов, И. Вацликалардың кітаптары басылып шыққаны туралы мәлімет берілген. 1889 жылдан бастап қазақ халқы туралы шыққан кітаптар мен жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, ақын-жыраулар шығармаларының тізімін ұдайы көрсете отырып, кейбіреулеріне сын пікір де білдірген. Мысалы, В. Радловтың «Словарь тюркских наречий», А. Харузиннің «Киргизы Букеевской орды», Е. Смирновтың «Библиографические очерки султана Ахмета Кенесарина», М. Кафидің «Исламның әуелгі уақыттағы тарихы», Н. Гродековтің «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области» секілді кітаптары туралы хабарламалар мен пікірлерді айтуға болады. Газеттің 1890 жылғы 32-санындағы «Ташкенттің күншығыс халқының жазулары. Ғылым хабарлары» атты мақаланы қазақ библиографиясының тұңғышы де-

се де болады. Онда Ташкенттің көпшілік кітапханасында өте сирек кездесетін құнды кітаптар бар екенін тілге тиек ете келіп, Фон Кауфманның бұйрығымен А. Кун дегеннің орыстар Хиуа, Самарқанды басып алғанда көп кітаптар мен қолжазбаны Петербургке жібергені мәлімделеді. Кітапханадағы кітаптар, қолжазбаларға Н. Пантусов, Д. Грамениц, Ростислав секілді адамдар ерекше назар аударғанын, Е. Кальдың «Ташкент кітапханасындағы араб, парсы және түркі кітаптары» деген көрсеткіш шығарғанын хабарлайды. Газет библиографиялық сипаттағы мәлімет беру мақсатында: «Ташкент кітапханасындағы кітаптардың көбісі парсы тілінде, 60 кітап арабтікі, алтауы-ақ түркі тілінше, бір мәнтиқ кітабы, бір ғадалат кітабы һәм екі зор кітаптар түркі кітаптары дін турада һәм шежіре. Солардың көбінен Абулғазы хан жазған Хиуа түркімендерінің шежіресі таңсық, соны 1071 жылы жазған. Түркі кітаптарының арасында бірталай ғазел-жырлар бар және Бұқар-Қоқанның шежірелері таңсық. М. Хакімхан төре жазған осы кітап мейлінше көп, білімділер әлі де көп білмейді», – деп жазады. Бұл оянған ойдың кең өріс алып бара жатқанының айғағы және ол кейінгі қазақ баспасөз бетінде жалғаса түсті.

1910 жылы М. Сералинге қазақ журналын ашуға рұқсат берілгені ту-

ралы куәлікте «Айқап» журналын жеті түрлі саладан тұратын бағдарлама бойынша шығару көрсетілген екен. Олар: бас мақала, шет ел хабарлары, мұсылман өмірінен мәселелер, хроника, фельетондар мен өлендер, библиография және ғылыми мақалалар, әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат. Бұл жобаны М. Сералин «Айқаптың» I санындағы оқушыларға жазған арнауында «Сыртқы хабарлар, мұсылмандар тіршілігіне мысалдар, уақиғалар, фельетон, кітаптар хақында һәм ғылым бабында, басқарушыға келген хаттар» деп бес бағытқа топтастырған. Осында төртінші болып аталып тұрған сала жоғарыда көрсетілген библиография мәселесі екені анық, тек қазақи ұғымға жақындату үшін кітаптар хақында деп алған және журнал оны мақсатты түрде жүргізіп отырған. Ендеше, қазақ библиографиясының тұңғыш қадамы «Айқаптан» басталған болып шығады. Жоқтан бар іздегендей болмас үшін нақты мысалдармен дәлелдеп көрелік.

«Айқап» «Кітаптар жайынан» деген арнаулы бөлім ашып «Баспашылдық дүниесінде», «Жаңа шыққан кітаптар» деген атпен қазақ тілінде жарық көрген кітаптармен жұртшылықты үздіксіз хабардар етіп отырған. Көбінде қандай кітап шыққаны, қайдан алуға болатынын хабарласа, кейбір жағдайларда қысқаша түсініктеме мен сын беріп

отырған. Олар әдеби сын тарихында аннотациялық және жарнама сын деп аталды. Бұдан жаңа кітаптар туралы көрсеткіштік сипаттағы мағлұмат беріп отырудан туындаған журнал идеясы ұлттық сыншылдық-эстетикалық ойдың өріс алуына да негіз болғанын көреміз. Шынын айтсақ, қазақ әдебиеті сыны «Айқап» пен «Қазақта» туғандығы рас қой. Ал журнал шығып тұрған кезеңде екі жүзден астам әр түрлі сипаттағы қазақ кітаптары жарық көрген. Олардың барлығы туралы мәлімет бере қоймағанмен, журнал жартысына жуығы туралы хабар беріп, сыни пікір білдіріп отырды. Олардың ішінен библиографиялық тұрғыда маңызы барларын атай кеткен артық емес. «Айқап» бұл жолдағы алғашқы қадамын 1911 жылғы 1 санындағы «Маса» деген бүркеншік атпен жазған автордың «Кітаптар жайынан» атты мақаласынан бастайды. Онда шығыс әдебиеті үлгілерінен «Зарқұм», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат», халық әдебиетінен «Қыз Жібек», «Айман-Шолпандардың» кітап болып шыққандарын айта келіп, басылу сапасын және тіліндегі татауризмді сынаған. Бұдан соң соңғы жылдарда кітап шығару ісінің жақсы қолға алынып жатқанын, әсіресе, өз ақындарымыздың «Қырық мысал», «Бақытсыз Жамал», «Оян, қазақ!», «Гүлқашима», «Топжарған», «Шағир» секілді кітаптары

шыққанын хабарлап, оларға да сын көзімен қарауды ұмытпаған. Біздің ойымызша, мақала иесі М. Сералин болуы керек. Кейінде «М. С.» деген атпен жазған журнал редакторы, алғашқы санында бірталай материалды өзі дайындағандықтан «Маса» деп алған болуы керек.

М. Сералин журналдың 1913 жылғы 1 санындағы бас мақалада соңғы екі жыл ішіндегі жарық көрген қазақ кітаптарын санамалай көрсете келіп, «бұл секілді жаңа рухта жазылған кітаптардың дүниеге таралуы – қазақ ішінде бірлі-жарым ұйқылы-ояу бастарын көтерушілердің барлығына таң қараңғысындай бір ишарат болып көрінсе керек», деп жазады [26, 131]. Ал Д. Қашқынбайұлы 1912 жылғы 11 санындағы «Қазақ халқының тарихын уә шәжіресін сұраушыларға» атты мақаласы соңында 1900 жылғы А. Е. Алекторов көрсеткішінен алынған он екі кітаптың тізімін береді. Журналдағы жекелеген кітаптардың басылып шыққанын жазған хабарламаларды айтпағанда мына қадамдарын қазақ библиографиясының алғашқы іздері демеске болмайды. 1912 жылғы 5 санында «Бұған да көз салыңыз!» деген атпен «Айқап» баспаханасына түскен қазақ кітаптарының тізімі берілсе, 1913 жылғы № 13, 14, 16, 17 сандарында «Брадран Каримовтар кітапханасы» деген атпен осы баспадан жарық көрген қазақ тіліндегі

кітаптар тізімін ұсынған. Сол сияқты 1915 жылы № 2, №3 санында «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» деген тақырыпшамен қазақ тілінде басылып шыққан он бір кітаптың тізімі берілген. Кең далаға біршама тарап, елдің қазақша ойлауына мұрындық болған «Айқап» қазақ кітаптарының жарық көргенін хабарлап, тізімін беріп түсініктеме, ал кейде сын жазып отырғанда екі түрлі мақсат ұстанған. Оның бірі – қазақ кітаптарының ел арасына таралуын насихаттау болса, екіншісі – өз бағдарламасында көрсетілген библиография істерін жүргізіп отыру еді. Журнал бетінде көрініс тапқан қазақ библиографиясының осындай ізденістеріне бүгіндегі өскелең көзқараста қарап, мұрын шүйіре менсінбеуді қояр уақыт жетті. Барымызды жоққа шығарудан тапқан пайдамыз шамалы.

«Айқаптың» библиографиялық сипаттағы бұл игі істері «Қазақ» газетінің бетінде де өз жалғасын тапқанымен, тереңдей өркендеп кете алмады. Оған ел тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге көбірек көңіл бөлген газеттің мүмкіндігі де бола бермеген болуы керек. Сонда да болса «Қазақ» газеті «Жаңа кітаптар», «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» және тағы басқа тақырыптарда беріп отырған хабарларында жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, оқу

кұралдары, жеке ақын-жазушылар шығармалары туралы мәлімет беріп отырды. Мысалы, «Кітап сұраушылар ескерсін» (1915, №105) атты мақалада Ғ. Қарашев кітаптары туралы айтса, «Жаңа шыққан кітаптар» деген айдармен С. Дөнентаевтың «Уақтүйек», М. Сералиннің «Топжарған», М. Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Терме», А. Байтұрсыновтың «Маса», «Тіл құрал» және тағы басқа да кітаптар басылғанын хабарлады. «Қазақтың» библиографиялық сипаттағы ізденісінде «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» деген атпен басқарма тарапынан шыққан мақалалардың мәні зор. Мысалы, 1915 жылы осы айдармен шыққан хабарда қазақша басылған 10 кітаптың тізімі берілген. Олар: А. Байтұрсыновтың «Әліппе», «Маса», «Тіл құрал» (1-жыл үшін), «Тіл құрал» (2-жыл үшін), М. Дулатовтың қазақша «Қирает кітабы», «Бақытсыз Жамал», «Есеп құралы» (1-жыл үшін), «Есеп құралы» (2-жыл үшін), Ғ. Қарашевтің «Аға тұлпар», Б. Өтетілеуовтің «Жиған-терген» кітаптары. Газет тізіміндегі кітаптың нақты нарқы мен почтамен жіберілгендегі бағасын қоса көрсетіп отырған. Міне, тура осындай дәрежедегі тізім газеттің он тоғыз санында шыққанын ескерсек, газет өзі шығып тұрған кездегі қазақ кітаптарының библиографиялық тізімін толық көрсетіп берді деуге негіз бар. Бұл жеке кітаптар туралы

хабарларды есептемегенде. Бұған М. Шоқаевтың 1915 жылғы № 156 санында жарияланған «Ә.Диваев» мақаласында ғалым бастырған этнографиялық материалдар мен фольклорлық үлгілерді «Ертегі-хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи қағаздар» деген топқа бөліп, толық тізімін беруін қоссақ, біршама жұмыс жүргізілгеніне куә боламыз. Негізінен газет қазақ кітаптарының басылуы мен таралуы, олардың сапасы деген мәселеге аса селқос қарамаған. М. Дулатов М. Тұрғанбайұлының «Пайғамбар заманы» деген оқу құралына жазған мақаласында (1915, №139): «Бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылып, бастауыш мектептің соңғы жылына арналған. Басылуы да көркем, емлесі қазақша. Мектеп кітаптарымыз жеткіліксіз болып тұрған кезде бұл мезгілді хәм орынды шыққан жақсы бір кітап болды», – деп бағалайды. Одан соң кітап иесінің «Түрік қауымдарының ішіндегі ең сап болып тұрған жалғыз қазақ әдебиеті екен. Осы алтындай таза, гауһардай қымбат қазақ әдебиетіне қылған қызметіміз бүтін түрік қауымдарына қылған қызметіміз ғой» деген пікірін қоштай келе, бұл салада арта қалып келе жатқанымыз қазақта баспахананың, кітап бастырушының және кітап саудасымен айналушылардың жоқтығы деп көрсетеді. Осы кітапты бастырып шығарған Қ. Қоңыратбайұлынан үлгі

алуға шақырады. «Қазақ» бетіндегі осы тақылеттес ой-толғамдардың молынан айтылуы, қазақ библиографиясының мәселелеріне тікелей қатысты болмағанмен сол бағыттағы жұмыстардың жандануына өз септігін тигізгені анық.

Қорыта келгенде, ғасыр басынан кеңес дәуіріне дейінгі уақыт аралығында ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің туа бастағанын нық қадамдар жасауымен анық танытты. Ғұмырнамалық мақалаларда жеке дарындардың тұлғасын танытуда тарихи тұрғыдан келді. Әдеби-тарихи ой-пікірге тән ұғымдар қалыптаса бастады. Р. Мәрсеков пен «Н» деген автордың мақалалары әдебиет тарихы, оның дәуірлері, өткені мен келешегі туралы ұғымның берік орын тебуіне жол ашты. Фольклорға алғашқы классификация жасалды, енді оның жанрлық түрлерін анықтау мен зерттеу ісінің қолға алынуына бағыт-бағдар жасалды. Әдеби-теориялық ой-пікір әдебиет, оның қоғамдық орны мәселесінен бастап, өлеңтану және жеке жанр табиғаты туралы ғылыми ұғымдарды игеру жолында батыл қадамдар жасап, ұлт әдебиетін теориялық тұрғыдан тексеруді қолға ала бастады. Қазақ библиографиясының ізашары болып табылатын қадамдар көрініс тапты. Бұл секілді нәтижелі ізденістерді айтқан уақытта, бізде орыс әдебиеттану ғылымы тари-

## II БӨЛІМ. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі 1900-1904 жж.)

хындағыдай академиялық тұрғыда зерттеудегі мифологиялық, биографиялық, мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи мектептер болмағанын есте ұстау керек. Жоғарғы оқу орны түгіл, мектеп те болмай, әде-

биет жеке пән ретінде оқытылу деңгейіне жеткен жоқ еді. Бұл қазақ әдебиеттануының жеке ғылым саласы ретінде сол кездегі қоғам дамуының деңгейіне сай өзіндік ерекшелікпен туа бастағанына басты дәлел.

### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. XX ғасыр басындағы сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікір.
2. «Айқап» журналындағы әдеби мұраның игерілуі мен зерттелуі және сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-көзқарас.
3. «Қазақ» газетіндегі ғұмырнамалық мақалалардың зерттеушілік сипаты қандай?
4. «Қазақ» газеті және әдебиет тарихының мәселелері.
5. XX ғасыр басындағы оқулықтар мен әдеби жинақтардың ұлт әдебиетін зерттеудегі маңызы.
6. Ә. Бөкейханов – абайтанушы ғалым.
7. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі абайтану ілімінің мәселелері.
8. Осы дәуірдегі әдебиет тарихын дәуірлеу проблемасы.
9. Р. Мәрсекөв – әдебиет тарихын алғаш дәуірге бөлуші ғалым.
10. М. Ж. Көпеев еңбектеріндегі әдеби мұраны игеру және зерттеу жолындағы ізденістер.
11. С. Торайғыровтың сыншылдық мақалалары.
12. Қазақ әдебиетінің XX ғасыр басында жанрлық тұрғыда зерделенуі.
13. Қазақ библиографиясының алғашқы қадамдары.
14. XX ғасыр басындағы әдеби-теориялық ой-пікір.
15. Ғұмырнамалық мақалалар және олардың әдебиет тарихын зерттеудегі маңызы.
16. Алаш арыстарының ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесі.

### Негізгі әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том. – Алматы: 2008. – 646 б.
2. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-II том. Алматы: Қазақ университеті, 1997, 1998.



3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. 448 б., Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
5. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 34 б.
6. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.
8. Ысқақұлы Д. Сынталқы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 416 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 556 б.
2. Әбдиманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 167 б.
3. Әбдиманов Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 430 б.
4. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1971.
5. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші. 1917-1940. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1970. – 352 б.
6. Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 367 б.
7. Қазақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 397 б.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
9. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. т.
15. Мақалалар. Зерттеулер. – 294 б.
10. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 175 б.
11. Қамзабекұлы Д. С. Садуақасұлы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 б.

## 2-ТАРАУ. Әдеби мұраны игерудің өзекті мәселелері (1920-30 жж.)

Ғасыр басында ұлттық әдебиетті зерттеудегі ғылыми ізденістерінде көңіл аударарлықтай сәтті кадаммен танылып, өзінің туу дәуірін бастаған қазақ әдебиеттану ғылымы Қазан төңкерісінің әсерінен дағдарысқа тап болды. Қазақ даласына аса зор тарихи өзгерістерді, қуғын-сүргін мен зұлмат зардаптарын ала келген бұл төңкеріс мәдениет пен әдебиеттің, ғылымның әрі қарай өркендеуіне жаңа құрылған Кеңес өкіметінің талаптарына сай даму жолын ұсынды. Өзінің жанрлық қалыптасуына бет алған әдеби сын мен туу кезеңіне қадам басқанын дәлелдеуге ұмтылған ұлттық әдебиеттану ғылымы жол айрығына тап келді. Әдебиетті эстетикалық және ғылыми танумен ғана шұғылданып келген оларға енді күрделі идеологиялық процестерге араласуына тура келді. Себебі, Қазан төңкерісі қоғамды революциялық жолмен қайта құруды қолға алу жолында өнер-білімнің, мәдениет пен ғылымның жаңа заман ұсынып отырған эстетикалық

мұраттар деңгейінде табылуды талап етіп қана қойған жоқ, күштеп, зорлық-зомбылықпен де жүргізді. Өткеннің бәрін мансұқ еткен пролетариат диктатурасы әдебиет пен өнерді жаңа заманға қызмет етуге шақырған кезде, ғасырлар бойы әділдік пен әлеуметтік теңсіздікті, бостандықты жырлап келген әдебиет көп ойланбастан жаңа идеологияның ұсынған тақырыптарын жырлауға құлшына кірісті. «Өткендегі әдеби мұраның барлығын бірдей үстем тап мүддесінде жасалған деп, тарих күресініне лақтырып тастауды» талап етіп жатқан пролеткультшылдық нигилизм тұсында ұлттық әдебиеттану мен сынның дағдарып қалуы заңды да еді. Бағыт-бағдарын енді ғана айқындап қалған қазақтың ұлттық әдебиеттануы мен сыны түгіл, академиялық мектеп аталып, мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи, филологиялық, психологиялық деген мектептері бар орыс әдебиеттану ғылымының өзі де барар жол таппай тоқырап қалған еді. Ғасырлар

бойы жасалып, адамзат қоғамына рухани азық ретінде қызмет етіп келе жатқан фольклорлық және классикалық мұраның тарих коқысына лақтырылуын сын мен әдебиеттанудың алғашқы кезде түсінбей қалуы тарихи шындық еді. Маркстік-лениндік методологияның әдебиетті таптық тұрғыдан түсіну принципін қинала қабылдауы да сондықтан болды.

Аласапыран өзгерістер мен оқиғаларға толы болған Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында жаңа дәуір әдебиеттану ғылымына маркстік-лениндік ілімге сүйенген тың теориялық негіздер әкелді. Өнердің эстетикалық-танымдық рөлі, лениндік бейнелеу теориясы, әдебиеттің партиялығы, әдеби мұраның таптығы мен халықтығы секілді маркстік-лениндік теорияның идеялары әдебиет туралы ғылымның негізіне айналуға тиісті болды. Оларды меңгеруге белгілі бір уақыт қажет болғанымен, науқаншылдықпен жүргізілді. Әсіресе, әдебиеттану ғылымы әлі туып үлгермеген біз секілді ұлттық республикаларда бұл өте қиындықпен жүзеге асты да, көптеген бұрмалаушылықтар мен идеология саласында айтыс-тартыстың белең алуына, жаңа методологияның қисынсыз принциптеріне мойынсұнбаған әдебиетші-ғалымдардың құрбан болуына дейін апарды. Орыс әдебиеттану ғылымында 1920 жыл-

дарда әдеби мұраны игеру жұмыстарында маркстік-лениндік методологияны қабылдай қоймаған әдебиетші-ғалымдар тарапынан «формальдық әдіс», «бірыңғай ағым теориясы» секілді теориялар мен «Леф», «Кузница», «ОПОЯЗ», «Перевал», «Серрапионовы братья» тәрізді топтар мен ұйымдарды туғызды. Бұларға қарсы марксизм-ленинизм ілімінің негіздеріне сүйенеміз дегенімен, бұрмалаушылығы мен солақайшылдығы көп болған «пролеткультшылдық» пен «тұрпайы социологизм» теориясы ғылыми-зерттеу ісіне белсене араласты және көп жағдайда қолдау тауып отырды. Бұлардың барлығы да жаңа қоғамда туып, әдебиет пен ғылымда үстемдік жасауға ұмтылған әр түрлі көзқарастардың топтасқан түрде танылғын көрінісі еді. Ғылыми-зерттеу ісіне байланысты осы теориялардың барлығы да 1920 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымында көрініс тапты және ескі мен жаңаның ғана тартысы емес, ұлтшылдық пен төңкерісшілдіктің, тап тартысының күресі ретінде саяси мәнге ие болып, идеология майданында аса бір қиындықпен және қаталдықпен жүрді. «Тек қана пролетариат әдебиетін жасаймыз» деп әдеби мұрадан бас тартқан пролеткультшылдардың қате бағыты В. И. Ленин еңбектері мен партияның көркем әдебиет туралы саясатында

қатты сыналғанымен, ол кеше ғана ұлт тәуелсіздігі үшін бір мақсатта жүрген қазақ зиялыларын екі лагерге жіктеп тастады да, олар идеология майданында бітіспес күреске шықты. В. И. Лениннің «Біз қай мұрадан бас тартамыз?», «Пролетарлық мәдениет туралы», «Жастар Одағының міндеттері» секілді еңбектерінен туындаған әдеби мұраға баға бергенде қандай таптың мүддесі тұрғысынан жазылғанына ерекше назар аудару қажеттігін талап еткен жаңаша көзқарасы мен «біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және социалистік элементтерін ғана аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы қою үшін аламыз» деген қате қағидасы көптеген қазақ зиялыларының келешек тағдырына шығарылған үкім болды. Бұл қате қағида қазақ әдебиеттану ғылымына «ұлтшылдық», «ұлтшылдық-байшылдық әдебиет» деген ұғымдарды енгізді. Фольклор мен әдебиет тарихын таптық тұрғыдан зерттеу мәселесін күн тәртібіне қойды.

Алғашқы кезде пролеткультшылдық көзқарасқа бой беріп алған Кеңес үкіметі мәдени мұра туралы саясатын тез түзетіп алып, мәдени-әдеби қазынаны жұмысшы табының мүддесіне сай пайдалану ісін жедел қолға алды. Әдеби мұ-

раны жинап-жариялау және ғылыми зерттеуді маркстік-лениндік методология принциптері негізінде жүргізуді қатаң талап ете бастады. Осыған байланысты әдеби-тарихи, әдеби-теориялық бағыттағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдында аса зор мүмкіншілік пен жағдай туды. Ол арғы бастауларынан бастап ғасырларға созылған ғылыми даму жолын жалғастыруға ұмтылды. Бірақ, маркстік-лениндік методология оның осы талабын пайдалануға тырысып, таптық идеологиядан тыс әдебиет пен ғылым болмайтынын ұқтыру үшін жаңа әдіснаманы меңгеруді, сол бағытта зерттеу жүргізуді үнемі қатаң талап етті. «Маркс солай айтты екен деп өз пікірін өзгертпеген (А. Байтұрсынов) және өздері «ұлтшыл», «ұлтшыл-алашшыл» атана жүрсе де «ел бүгіншіл, ал менікі ертеңгі үшін» деген, төңкеріске дейінгі әдебиеттану ғылымының туа бастауына еңбек сіңірген әдебиетшілер әдеби мұраны игеру жұмыстарын жүргізе берді. Фольклорлық мұраның көптеген үлгілері жарияланды, зерттеу нысанына айнала бастады. Пролеткультшылдық көзқарас сарынымен төңкерісшілдер үрке қарап жүргенімен әдебиет тарихында көрнекті орын алатын ақын-жазушылар шығармалары басылып шықты, олар туралы зерттеушілік бағыттағы ой-пікір айтыла бастады. Жаңа заман талабына сай қиын-

шылыққа ұшырай отырса да, әдебиеттану ғылымының туу кезеңі жалғаса түсті.

Осы жоғарыда айтылған мәселелерді жалпылама сөз еткеннен гөрі фольклор мен әдебиет тарихының өзекті проблемаларын зерттеуді көтере алған ғылыми-зерттеу мақалалар мен еңбектерде қандай дәрежеде жүзеге асқанын тексеру нысанына орай қарастыру керек. Себебі, 1920-1930 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде фольклор мен әдебиет тарихының мәселелері араласа сөз болуы басым еді. Бұл екеуін алғашқыда ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп қана бөле алғандықтан тығыз байланыста қарады. Әйтсе де біз ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі фольклортанудағы ғылыми-зерттеушілік, әдебиет тари-

хын зерттеудегі әдеби-тарихи ой-пікірдің өсу жолын ғылыми саралау мақсатында жекелей қарауды жөн көріп отырмыз. Бұл бір жағынан осы кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде орын алған «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым теориясы» мен маркстік-лениндік әдіснаманың таптық және халықтық принциптерінің зерттеу жұмыстарына тигізген кері әсерін анықтауға да көмектесері сөзсіз. Сондықтан біз 1920-1930 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиеттану ғылымын тудырудағы ізденістерін әдеби мұраны игеру мәселесіне, оның ішінде, фольклортану мен әдебиет тарихының зерттелуі және дәуірленуі деген проблемаларға байланыстыра әрқайсысын жекелей қарастырамыз.

### 2.1. 1920-1930 жылдардағы фольклортану мәселелері

Қазақстанда әдеби мұраны игеру мәселесі, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау жұмыстарына байланысты игі қадамдар революцияның алғашқы жылдарының өзінде-ақ қызу қолдау тапты. 1920-1925 жылдар аралығында фольклорлық мұралардың бірталайы жарияланды. Бұған Қазақстанда мәдениет, халық ағарту саласы мекемелері жүргізген екі түрлі бастама екі түрлі игі ықпал жасады.

Біріншіден, әдеби мұраны игеру, фольклорлық шығармаларды жинау, жариялау мемлекет қамқорлығына алынып, ғылым-білім орындарының басшылығымен халық арасына шыққан фольклорлық-этнографиялық ғылыми экспедициялар мол материал жинап бастырса, екіншіден, қазақтың ұлттық баспасөзі, әсіресе, «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Бостандық туы», «Шолпан», «Сана», т.б. га-

зет-журналдар халық ауыз әдебиеті мен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын жинап-жариялауда белсенділік танытты. Осы жылдары қазақ фольклорын жинауда көп еңбек сіңірген Ә. Диваев «Қобыланды батыр», «Шора батыр», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Бекет батыр» сияқты батырлық эпостарды жарыққа шығарады. А. В. Затаевич жинап бастырған «Қазақтың 1000 әні» атты еңбектің шығуы қазақ халқының музыкалық-этнографиялық мұрасын туыстас халықтарға таныстырып қана қойған жоқ, Еуропа елдерінде де жоғары бағаланды. Халықтың рухани байлығының өте мол үлгілерін жинап-жариялауда А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, І. Жансүгіров, Н. Төрекұлов сынды жазушы-әдебиетшілер, оқу-ағарту саласының, баспасөз орындарының қызметкерлері қызу араласты. Қазақ интеллигенциясының әдеби мұраны жинау, жариялау саласындағы игі талпыныстарын жергілікті үкімет орындары мен мекемелер қолдап отырды. Мерзімді баспасөз бетінде бұл игі іске халық арасындағы көзі ашық сауатты адамдарды көмектесуге шақырды. Қазақстан және Түркістан республикаларының оқу-ағарту, мәдени мекемелері 1920 жылдан бастап арнайы қаржы бөліп, ел арасына ғылыми фольклорлық-этно-

графиялық экспедициялар шығаруды ұйымдастырды. Қазақстан өлкелік партия ұйымының I және II конференцияларының күн тәртібінде халық ауыз әдебиетінің және өткен дәуір әдебиетінің өкілдерінің шығармаларын жинау, жеке жинақтар шығару, елімізде іске асып жатқан басқа да саяси, экономикалық мәселелермен қатар қойылып, арнаулы қаулы алынды. Міне, осының нәтижесінде 20-жылдардың бас кезінде ауыз әдебиетінен батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлар, ертегілер, айтыстар және Абай, Ы. Шөрекұлы, Сұлтанмахмұт, М. Өтемісұлы, Бұқар, Мұрат, Шернияз, т.б. ақындардың шығармалары жеке кітап болып шықты. Бірақ, бұл жұмыстардың барлығы бірдей оңайлықпен жүзеге аса қойған жоқ. Пролеткультшылдықтың әсерінен, әдеби мұраны зерттеу саласында әдеби-теориялық білімнің болмауынан, «ұлтшыл-алашордашылар» аталған қазақ зиялыларына қарсы күрестің салқынынан біршама қателіктерге жол берілді.

Жаңа туып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы мен жанрлық қалыптасу процесіне бет бұрған әдебиет сыны әдеби мұраны игеру барысында екі түрлі бағытқа қарсы күресті. Оның біріншісі – әдеби мұраны, әсіресе, фольклорлық мұраны игеру мен зерттеуде қатты үстемдік алып «Бүкіл ел ауыз әдебиеті –

халық мұрасы. Оның жақсы мен жаманы жоқ, бәрін жинап пайдалану керек» деген «бірыңғай ағым теориясы» болса, екіншісі – «ауыз әдебиеті – үстем тап өкілдерінің қалдырған мұрасы» сондықтан, оны жинап, насихаттаудың қажеті жоқ» деп, әдебиеттегі дәстүрлік негізді, тарихи сабақтастықты жоққа шығарған – пролеткультшылдар таратқан нигилизм. Әдеби мұраны игеру жолында 1920 жылдардан басталған осы екі бағыт қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу кезеңдерінде үнемі бой көрсетіп отырды.

Фольклорлық мұраны игеру, зерттеу жұмыстарына сол кездегі идеологиялық күрестің салқыны тигендіктен, бұл қате концепциялар әдебиет майданында қызу айтыс-тартыс туғызды. Әдеби мұраны зерттеу, қазақ әдебиетінің тарихын жазу жұмыстарына күні кешеге дейін «ұлтшыл-алашордашылар» атанып, қазақ мәдениеті тарихында өз орнын ала алмаған қазақ интеллигенциясының бір тобының белсене араласуы айтысты мейлінше күшейтіп жіберді.

«Әдебиеттің қалыптасу дәуірінде пролетарлық бағыттағы ақын-жазушыларға қазақ әдебиетінің өнерпаздық жағынан ықпал жасап отырғанына қарамастан, «ескі мұрадан іргені аулақ салу керек» деген солақай пікірлер де орын алды. Кейбір ақын-жазушылар мен сыншылар ха-

лықтың ғасырлар бойы қастерлеп келген сом тұлғалы образдары мен даналық шығармалары, көркем поэтикалық тілі жаңа әдебиетке таусылмас мол қазына болатындығын жете түсіне бермеді» [27, 105]. Бұл ақын-жазушылар мен сыншылар мерзімді баспасөз бетінде «Ескі әдебиет түгелдей байлар табының жемісі. «Ұлтшыл» оқығандар оны өздерінің өткенді аңсау мен дәріптеу мақсаттары үшін пайдаланып жүр», – деген сияқты пікірлерді оңды-солды айтып жатты [28].

Ал бұл зиялылардың әдеби мұра туралы мәні зор еңбектері бүгінгі дәуірге дейінгі жетпіс жыл бойы «Олар халық сүйіп оқитын тандаулы әдебиет нұсқауларын бұрмалап, оларға түсіндірмелер жазып, зерттеген болып, өздерінің теріс көзқарастарын насихаттады. Абай мен Сұлтанмахмұтты ұлтшыл жазушылар етіп шығарғысы келді» делініп қате бағаланып келді [27, 106].

Туған халқының бақытты болашағы үшін бар мүмкіндігінше еңбек етіп, қызмет жасаған, әдеби мұраны жинау, зерттеу саласында елеулі еңбектер қалдырған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедовтер пролеткультшылдардың нигилистік солақай сындарына қарамастан фольклорлық мұраның біраз үлгілерін жариялады. 1920 жылдардың бас кезінде А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейханов

бірігіп шығарған «23 жоқтау», А. Байтұрсыновтың «Ер Сайын», Х. Досмұхамедовтің «Аламан», «Қазақтың халық әдебиеті», «Қыз Жібек», «Кенесары – Наурызбай», М. Жұмабаевтың «Тарту», А. Баржаксиннің «Мың бір мәтел» атты жинақтары мен еңбектері жарық көрді. Жинақтарға жазылған алғы сөздер мен түсіндірмелер ғылыми-зерттеушілік сипатта болды.

Рас, жоғарыда аталған қазақ зиялыларының талантты өкілдері әдеби мұра туралы ойларында бірден ғылыми-зерттеу әдіснамасына сай пікірлер айта алған жоқ. Қазақ әдебиеттану ғылымы жаңа туа бастаған мезгілде бұл мүмкін де емес еді. Әдеби мұраға деген көзқарас көркем шығарма немесе белгілі бір қаламгер творчествосы туралы нақты ой айту дәрежесіне көтеріліп қалғанымен, әдеби-тарихи тұрғыда әдебиеттің халықтығы мен тарихилығы жөніндегі ғылыми деңгейге көтеріле алмады. Ол үшін белгілі уақыт та қажет еді. Баспасөз бетіндегі пікірталаста және халық әдебиеті туралы мақалаларында Х. Досмұхамедов «бірыңғай ағым» теориясына бой ұрып: «Ауыз әдебиеті жойылып барады. Оны жаман-жақсы деп екіге бөлмей-ақ бәрін де жинау керек» деген бағыт ұстады. Ал А. Байтұрсынов әдебиетші-ғалым ретіндегі тұлғасын айқындап берген, қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда тексерген «Әдебиет таныт-

қыш» атты еңбегінде ауыз әдебиеті үлгілерінің авторлары ұмтылып, халық шығармасы, халық әдебиеті болып кететінін тап басып дұрыс бағалай келіп: «Жазу-сызу, өнер-ғылымы жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиет, яки анайы әдебиет деп аталады», деп фольклордың халық өміріндегі алатын орнын алғаш рет ғылыми саралап берді [29, 116]. А. Байтұрсынов әдеби мұраны айрықша бағалап, бірден-бір таза ғылыми көзқарастағы білімді әдебиетші екенін танытты.

Ол әдеби мұраны жинау, зерттеу, пайдалану жұмыстарын қазақ әдебиеттану ғылымының туа бастауына тығыз байланысты екенін сол кездің өзінде аңғара білді. Фольклорлық мұраны жинаудың ғылыми-практикалық мәнін түсіндіре келіп: «бұл ғылымның жолында маман болуға да адамға табиғи талант, туыстан берілген табиғаттың сыйы керек. Кім көрінгенге тапсырғаннан жұмыс болып шықпайды» деп ғылыми-зерттеушілік бағытта нақты ой айтады. Әдебиет саласында маман кадрлардың жетіспейтініне қарамастан әдеби мұраны жинау мен зерттеуді ғылыми түрде жүйелі жүргізуді ұсынады. Сол сияқты халық әдебиеті нұсқаларына түсіндірмелер



жазу арқылы халық өміріндегі орнына көңіл аударуды, жинаудың, ел аузынан жазып алу жолындағы жұмыстардың орындалу техникасын, белгілі бір нұсқаның көп варианттылығының ғылымдық мәнін үнемі ескертіп отырды. Фольклорлық мұра жайындағы ғылыми-зерттеушілік көзқарастың жоғарыдағыдай дәрежеде айтылуы қазақ әдебиеттану ғылымының 1920 жылдардың бас кезінің өзінде-ақ туа бастағанын дәлелдеу процесіне бет алғанын аңғартады. А. Байтұрсыновтың бұл пікірін С. Мұқанов кейінірек жазған бір еңбегінде: «Ел әдебиеті басылуы қажет, бірақ оны басқанда маркстілдік көзқараспен түсіндіріп беру керек, әйтпесе бұқара өз бетімен түсіне алмай адасады» деп маркстік-лениндік әдіснаманың принципіне сай нақтылай түскен болатын.

Пролеткультшылдық нигилизм мен «тұрпайы социологизм» әдісіне қарағанда «бірыңғай ағым» теориясының әдеби мұраны игеру, зерттеудегі тиімді рөлін жоққа шығаруға болмайды. Кейінде ғана қайта орала бастаған халық ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері әдебиет сүйер қауымның рухани азығына, фольклорист ғалымдардың зерттеу нысанына айнала бастады. Осы 1920 жылдардағы кейбір пікірлерде айтылып, қазақ әдебиет тарихын зерттеуде үстемдік алған «тұрпайы социологизм» әдісінің әсерінен кейі-

нірек фольклорлық мұралардың көпшілігі халыққа жат саналып, батырлар жырының тек қана «Қамбар батыр» жырына іш тартқан кезімізді еске алсақ, «бірыңғай ағым теориясын» үнемі даттаушылыққа шүбәлана қарамасқа болмайды.

С. Мұқанов пікірінде сол дәуірдегі жинау, зерттеу жұмыстарына байланысты бірқыдыру шындық бар. Қазақ оқығандары бастырған әдеби мұра мен жеке ақын шығармашылығына жазған тұмырнамалық алғы сөздер мен түсіндірмелерде фольклорлық және классикалық мұраның халықтық және тарихилық сипаты дұрыс бағаланбаған кезі жоқ емес. «Бірыңғай ағым» теориясына бой ұрушылар әдеби мұраны жинау, жариялау, олардан үйрену, халық қажетіне жарату және зерттеу проблемасын көтеріп жатқан кезде, пролеткультшылдар кең насихаттаған нигилистік көзқарас пролетарлық әдебиеттің кейбір өкілдерінен қолдау тауып, «халық творчествосы үстем таптың, байлар табының дәуірінде жасалған, үстем тап идеологиясын насихаттайды», «Біздің принциптеріміз байшыл-ұлтшылдардың принциптерімен райласпақ емес, өйткені біз әдебиетті (әдеби мұраны. – Ж. С.) еңбекшілер тұрғысынан бағалаймыз, ал байшыл-ұлтшылдар байлардың тұрғысынан қарайды. Сондықтан біздің ымыраға келуіміз мүмкін емес» деген пікірлер жалпылама түрде айтылып, әдеби

мұраны игеру мәселесін дұрыс шешіп алуына кедергі жасады.

Осындай қате көзқарастарға қарамастан, халық әдебиеті нұсқаларынан «Батырлар», «Аяз би», «Өтірік өлең», «Тазша», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.б. жинақтар жарық көрді. Сонымен қатар, сол дәуірдегі мерзімді баспасөз бетіндегі пікірталастағы пікірлердің, жеке мақалалардың барлығы бірдей қате концепцияларға мүлде бой ұрған көзқараста болды десек қателесер едік. Әдеби мұраны көптеп жариялап, олардың жиналуына қолғабысын тигізгендердің баспасөз арқылы ауыз әдебиеті, оның жекелеген нұсқалары туралы ғылыми-зерттеу мәніндегі мақалалары да шығып жатты. Мысалы, М. Әуезовтің 1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (№ 2, 3) мақаласынан қате көзқарастағы теориялар да, маркстік-лениндік әдіснаманың таптық принципі де байқалмайды [30]. Бұл секілді мақалаларда әдебиет туралы жалпылама айтылғанмен, негізінен әдеби мұра, оның ішінде халық ауыз әдебиеті, оның жанрлары, өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жазба әдебиетпен байланысы, фольклорлық нұсқаларды жинау, жариялау, зерттеу, олардан үйрену мәселелеріне назар аударылады. Қазақ фольклоры мен эпосына ғылыми-тарихи тұрғыдан қарап, пікір білдірген зерттеу дәрежесінде

көрінгендері де бар. М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында «ескі ел әдебиеті» жайында қомақты ой айтып, халқымыздың өте бай мұрасының жалпы тарихын білу, бай дәстүрін пайдалану туралы принципті мәселе көтерді. Автор қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы орыстың ориенталист ғалымдарының пікірлеріне сүйене отырып, қазақ фольклорының дәстүрін, қазақ халқының мәдениетіндегі орнын, оны сақтаушы ақындар қызметін бағалауда ғылыми толымды ойлар айтты. Бұл мақаланың кейбір ұшқары топшылауларына қарамастан қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби мұраның қоғамдық, халықтық сипаты туралы алғаш сөз қозғалды. Сол сияқты М. Әуезов «Қобыланды батыр» мақаласында эпостық жырлардың образдарын, сюжеттік ерекшелігін, тарихилығын зерттеу проблемасын көтерді. Халық арасында кең тараған «Қобыланды батыр» жырына әдеби-тарихи талдау жасай келіп, «әдеби ескерткіш» деп бағалайды.

1920 жылдардың бас кезінде жарияланған осы мақалалар әдеби мұраның озық үлгілерін халықтың рухани игілігіне айналдыру үшін нигилистік көзқарастың дауылы көтерілуіне қарамастан әдеби-теориялық таным мен әдеби-тарихи талдаудың ғылыми дами бастауына ықпал етті. Кейбір баспасөз орын-

дары төңірегіне топтасқан жас ақын-жазушылардың, әдебиетші-сыншылардың арасында әдеби мұраға деген оң көзқарас туып, оның тарихилығы, халықтығы және жанрлық ерекшелігін терең сөз етпесе де, әдеби-тарихи талдау жасауға ұмтылғандары аз емес. Сондықтан «Әдебиеттанудың алғашқы дәуірінде айтылған осы ой-пікірлерді бүгінгі эстетикалық биіктен қарап даттауға болмайды, қайта анықтама, тұжырымдардың бірден-бірге қомақтана, нақтылана, мәндіне түскеніне назар аударған жөн» деп білу керек [31, 74]. Бұл жерде маркстік-лениндік әдіснаманың алғашқы кездегі жетекшілік рөлін жоққа шығаруға болмайды. Фольклорлық шығармаларға таптық позиция тұрғысынан келгенімен, 1920 жылдардың алғашқы жартысындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде ол сөз арасында жалпылама айтылғандықтан, кейіпкердің қай таптан шыққанына байланысты бағалау тым өріс алып кетпеген еді. Фольклорлық мұраның көптеген үлгілері «бай-феодалдар табының мүддесін көздейді» деген секілді бағалаулар болғанымен, оларды жинап-жариялау мен зерттеудің алғашқы қадамдары жасалып жатты.

Әдеби мұра, оның ішінде халық ауыз әдебиеті туралы әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды бір арнаға салу 1924 жылғы қазақ білімпаздары бірінші құрылтайының күн

тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болды. Құрылтайда 1917-1924 жылдар аралығында халық шығармашылығының үлгілерін жинау, жариялау жұмыстары қорытындылана келе, оның алдағы уақыттағы қызметіне бағыт-бағдар берілді. «Халық ауыз әдебиетін қалай, қайтп және кімдер жинау керек?» деген мәселелермен қоса, жаңа дәуірдегі қазақ фольклорының да шығармаларын жинау, оларды басып шығару, жеке халық ақындарының өлендер жинағын шығару сияқты проблемалық мәселелер терең сөз болды.

Құрылтайға жиналғандардың «бірыңғай ағым теориясы» мен «тұрпайы социологизм» бағытындағы көзқарасты жақтаушылар болып екіге бөлінуі, әдеби мұра туралы айттыс-тартты ерекше күшейте түсті. Мәдени мұраға ғылыми тұрғыдан қарау бұрмаланып, қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауды бір жүйеге салу туралы шешім тұжырымдалмай қалды. Алайда құрылтайдың әдеби мұра жөніндегі көзқарастағы бір қателікке, яғни «халық ауыз әдебиеті құриды, жаңа дәуірде оның дамуына ешбір мүмкіндік жоқ» деген пікірге қатты тойтарыс беріп, фольклордың жазба әдебиетпен қанаттаса отырып дами беретіндігіне, оны да жинап, басып шығару, халық шығармашылығының өкілдерін қамқорлыққа алу керектігіне назар аударғанын атап өткен абзал.

Құрылтайда сөйлеген Х. Досмұхамедов, Н. Төреқұлов, т.б. сөздерінде ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен қатар, оны ғылыми тұрғыдан талдау, тексеру жайы да әңгіме болды. Халық шығармашылығын жинаушыларға арналған үлгі-нұсқа кітаптар жазу, жаппай жинаушылыққа тежеу қоймай, осы игі іспен арнаулы маман адамдар шұғылдануы, қоғамдық және мәдениет ұйымдары жетекшілік, қамқорлық көрсету қажеттігі терең әңгімеленіп, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына себепші болған үлкен бір міндет анықталды. Ол фольклорлық мұраны жинау, жариялау, кітап етіп шығаруды жүйелі арнаға салу арқылы әдебиеттану ғылымында халық шығармашылығын әдеби-теориялық, ғылыми тексеру, зерттеу жұмысын жүргізу үшін база жасап беру міндеті еді.

1920-1930 жылдарда жинақталған әдеби-фольклорлық мұраның осы өте бай қоры қазіргі дәуірге дейін фольклористеріміз бен әдебиетші ғалымдарымызға орасан зор көмек жасап келе жатқанын ескеретін болсақ, сол кездегі жинау, жариялау жұмыстарының мән-мағынасы айқындала түсері анық.

Бұл міндетті, яғни әдеби қор мен зерттеу нысанын жасауда «бірыңғай ағым теориясына» бой ұрғандардың белгілі көмегі тигенін де жоққа шығаруға болмайды. Олар фольклорлық шығармаларды ғылы-

ми-зерттеушілік мақсат қойып жинамағандықтан халықтық сипаты күмәнді, көркемдік дәрежесі солғын, орта қолды шығармалар жарияланып жатты. Мұндай жырлардың халықтық мәні мен сипатын ашып, көпшілікке ұсынуға қазақ әдебиеттану ғылымы мен сыны әлі дайын емес еді. Оның үш түрлі себебін ашып айтқан дұрыс. Біріншіден, ауыз әдебиеті үлгілерін ғылыми-зерттеу әдістемесі негізінде тексеретін әдеби-теориялық білімі бар сауатты әдебиетші мамандар болмады.

Екіншіден, «ұлтшыл-алашордашылар» фольклорлық шығармаларды өз мақсаттарында пайдалануда» деген қате ұғымның етек алуына байланысты барлық әдеби мұрадан бас тартушылық орын алды. Пролеткультшылдық сарынның әсерінен нигилистік көзқарасты ұстанған ақын-жазушылар «жаңа әдебиет» жасаймыз деген даурықпаның салдарынан халық әдебиеті нұсқаларынан аттондарын ала қашты.

Үшіншіден, сол кездегі шығармашылық күштердің орталығы болған ҚазААП-тың әдеби мұраны маркстік-лениндік принцип тұрғысынан ғана қарағандықтан, ғылыми-зерттеу саласында жетекшілік рөлі болмады. ҚазААП-тың мүшелері ұлтшылдыққа қарсы күрес желеуімен жүріп нигилистік көзқарас пен «тұрпайы социологизмнің» батпағына қалай батқандарын өздері де сезбей қалды.

Осының нәтижесінде халық ауыз әдебиетінің көркем де көрнекті үлгілерінен, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінен, әсіресе, Абай, Ыбырай шығармасынан бас тартқан кездері де аз емес. «Шолпан», «Таң», «Темірқазық» журналдары мен «Ақжол» газетінің төңірегіне топтасқан ақын-жазушылардың бәрі дерлік «ұлтшылдар» саналып, олардың «әдеби мұраны жариялаудағы мақсаты хандық, байшылдық дәуірді насихаттау», «Абай – ұлтшылдық әдебиеттің басы» деген қате ұғымдар орын алды, көп мәселені орынсыз насырға шаптырып отырды.

Мәдени-әдеби мұраны игеру мен пайдалануда «әр ұлтта екі түрлі мәдениеттің элементтері болады» деген лениндік қағида қатты дәріптелді. Соның салдарынан Алаш зиялыларына қарсы күрес ұраны, әдеби-теориялық білімді меңгеру саласындағы тәжірибесіздік, идеология майданындағы толып жатқан айтыстардың ықпалынан әдеби-тарихи зерттеуге тежеу саларлық кейбір мақалалар да жазылып қалды. С. Мұқанов өзінің «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» және кейіндеу жазған «Әркім өзінше ойлайды» атты мақалаларында артық сілтеп, кем өлшегендері жоқ емес, пролеткультшылдық ой-толғамдары айқын байқалады.

Алайда 1920 жылдардың алғашқы жартысында жалпы әдебиет, оның

қоғамдық рөлі, әдеби мұра туралы пікір білдірген мақалалардың бәрі дерлік нигилизмге, тұрпайы социологизмге толы болды десек қате болар еді. «Ұлтшыл әдебиетшілерге» қарсы күрестің әсерінен Абай шығармашылығы жөнінде сынаржақ пікір айтқанымен С. Мұқанов фольклорлық мұра туралы біршама дұрыс көзқараста болды. «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай» атты мақаласында ескі әдеби мұраның иесі үстем тап емес, еңбекші халық мұнын жырлаған ақын, жыршылар болғанын дәлелдейді. «Қазақ әдебиетін төменгі сатыда деп далаға тастауға болмайды. Мәдениетті елдер бірте-бірте өнерленген. Ендеше қазақтың алдағы аз жылда мәдениетті болуына сөз жоқ. Ол күнді күтіп отырмай қазақ әдебиетін тексерудің негізін қазір сала беру керек...Әдебиет екі түрлі ғой, біреуі – ауыз әдебиеті, біреуі – жазба әдебиеті. Қазақ жазба әдебиеті әлі жан-жақты толық өркендеп болған жоқ. Ал ауыз әдебиеті бізде бай, әдемі деуге болады» деген пікірінің өзі зерттеушілік ойдың өресін сездіреді. Сонымен қатар, ауыз әдебиетінің халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік өміріне тығыз байланыстылығына тоқтала келіп, автор халық әдебиетінің ең көрнекті өкілдері деп Шөже, Орынбай, Шал, Біржан, Ақан, Ыбырай, т.б. ақын-жыршылардың өнерпаздығына көңіл аударады. Олардың шығармаларын

жинап бастыру, зерттеу мәселесін сөз ету арқылы әдебиет тарихын жазу проблемасын көтереді. Оның үлкен де сүбелі саласы 1924 жылы С. Төңкерісұлының (С. Мұқановтың) «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген атпен Сәкеннің Орынбордағы қазақ жастарының клубында оқыған лекциясының негізгі жүйесін баяндап беруден айқын көрінеді. М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», А. Сегізбаевтың «Халық хәм әдебиет» атты мақалалары осының айғағы іспеттес.

Осы еңбектерде ауыз әдебиеті үлгілерінің иесі еңбекші халық екенін дәлелдеу үшін фольклордың даму жолдарын халқымыздың тарихымен байланыстыра қарайды. Сонымен қатар ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзіндік сипаттарын анықтауға талпынып, халық шығармасынан үлгі алу, үйрену, практикалық, көркемдік қажеттікке жаратуға ғылыми тұрғыдан назар аударылған. Бұл мақалалар қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірінде фольклористика саласына түскен жаңа дәуіріндегі үлкен жолдың бастамасы сияқты. Кейбір мақалада ғылыми жағынан негізсіз пікірлер кездескенімен, сол кезде етек алып тұрған «бірыңғай ағым теориясына» да, нигилистік көзқарасқа да қосылмай, таза ғылыми тұрғыда пікір айтуға ұмтылыс та бар.

Әдеби-мәдени мұраны жинау, жариялау үлкен білімділікті, ғылыми дәлдікті, қажымас еңбекшілікті талап ететінін ескерсек, халық әдебиеті үлгілерінің бай қорын жасау (публикаторская работа) жұмысы ғылыми-эстетикалық қажеттілікке айналды. Осының нәтижесінде әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік көзқараспен пікір айту мәнді арнаға бағыт алды. Әдеби-тарихи сипаттағы ой-пікір ұштала түсіп, ұлттық әдебиеттің тарихын зерттеу проблемасы дәуір талабы алға тартқан көркемдік міндеттермен іштей бірлік табуға ұмтылды. Жаңа мән, өзгеше сипат алып дами бастады.

1920 жылдардың аяғы 1930 жылдардың басында халық әдебиетін жинау, жариялау, зерттеу мақсатындағы С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, А. Байтасовтың, Ә. Тәжібаевтың, Ж. Тілепбергеновтің, т.б. мақалалары жарық көрді. Осы кезеңдегі жинаушылық сипаттың басым болуына байланысты бұл мақалалар халықтың ескі әдебиет мұраларын халықтың игілігіне жарату, рухани байлығына айналдыру міндеттерін көтере отырып, ол үшін көп болып кірісуге шақырды.

Дәуір талабына сай үн қосып, әдеби мұраны шығаруға атсалысқан, бірталай үлгілерді жариялаған, мақалалар жазған А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтардың көзқарастары идеологиялық күрес

барысында дұрыс сараланбай айтыс-тартыс туғызды. «Ұлтшылдардың мақалаларында әрқашан «бірыңғай ағым теориясының» жүйесі жатады» деген қате пікірлердің орын алуы нигилистік көзқарасты шамадан тыс күшейтіп жіберді. С. Мұқановтың 1927 жылы «Менің қорытынды пікірім» атты мақаласына сол кездегі ұлтшылдыққа қарсы күрес лейтмотиві арқау болып, Абай шығармашылығы мен халық әдебиеті туралы да өзінің бұрынғы айтқан пікірлеріне қарама-қайшы шықты. Фольклорлық шығармаларға нигилистік пікірде қарап, «кімнен үлгі аламыз» деген мәселеде «ұлтшылдар» жинап-насихаттап отырғандықтан «халық әдебиеті бізге жат, одан үлгі алар ештеңе жоқ» деп, тарихи сабақтастықпен дәстүрлікті жоққа шығарады. Нигилистік көзқарастың өрістеуіне тек қана пролеткультшылдықпен әсіре солақайшылдық әсер етіп қойған жоқ. Сонымен қатар, «ұлтшыл» деп танылған ақын-жазушылардың әдеби мұраны игеруде жүргізген жұмыстары қатты әсер етті.

1920 жылдардың аяғына қарай бұл көзқарас бәсең тартып, айтылған қате пікірлер түзеле бастады. С. Мұқанов өзінің 1929-1930 жылдардағы мақалаларында жоғарыдағы пікірінің қате екенін мойындап, өз үстемдігін танытып қалған маркстік-лениндік әдіснамаға сай фольклорлық үлгілердің халықтық, таптық мәніне

қарай зерттеу жүргізу керектігін жазды. «Әркім өзінше ойлайды» атты мақаласында: «Әдеби мұрадан пайдалысын аса сақтықпен талғап, іріктеп алу керек», – деп әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін мәні бар пікір айтады.

Фольклорлық мұраны жинау мәселесін сөз етумен қатар, жеке-леген шығармаларды ғылыми тұрғыдан қарап, пікір айтуға ұмтылған алғашқы мақалалар да көріне бастады. М. Әуезовтің «Таң» журналындағы «Қобыланды батыр», «Ала-көз» деген жасырын атпен шыққан «Еңбекші қазақтағы» «Арқалық батыр» атты мақалаларда қазақтың эпостық жырларының халық ауыз әдебиетінде алатын орыны, мәні, жанрлық ерекшеліктері сөз болды. Осы екі мақалада да авторлар батырлар жырын халықтың өткендегі өмір-тіршілігімен, бастан кешкен тарихи оқиғаларымен байланыста алып қарайды. Жалпы эпостық жырлардың шығуын, халық арасына кең тарауы, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыруын сөз ете отырып, эпостық жырлардың тарихилығы халық тарихымен байланысты екендігін айтады.

М. Әуезов осы мақаласымен жалпы қазақ эпосы, оның ішінде «Қобыланды батыр» жырының ғылыми тексерілуіне сол кездің өзінде-ақ үлкен жаңашылдықпен жол ашты. Автор қазақтың эпостық жырларын Алтын Орда, Қазан хандығы,

Ноғайлы дәуірлеріне бөліп, «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Шора», «Қобыланды» сияқты батырлар жырларын сол кезеңдерге жатқызады. Қобыландының тарихта болған адам екенін дәлелдеу мақсатына бірнеше мысалдар келтіре отырып, батыр мен Құртқа образына сипаттама береді. Осы мақаладағы бір көңіл аударатын бір пікір: «Қобыланды – елдің қиял қылған батыры, бұл өз руының мақтанышы. Елінің қорғаны. Жаугерлік, тыныштық жоқ заманда, жағалай шабыс, құба қалмақ заманы сияқты аума-төкпе заманда, амандықты, тыныштықты тілеген ел батырды қиял қылған», – дей келіп, эпостық жырлардың тарихи оқиғаның салдарынан туғанымен, халық өз арман-тілегіне орай толықтырып, өндеп ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетініне тоқталады. «Зерттеу әдістерінде байқалған кейбір қайшылықтарына қарамастан, М. Әуезовтің батырлар жырының шығу көзі, оған халықтың творчестволық қарым-қатынасы ондағы тарихи оқиғаның халық қиялы мен тілегіне сәйкес суреттелуі, бірлік, елдік, патриоттық мотивтер, жырдың кейіпкерлері, тілі туралы айтқан топшылаулары мен батыл байқаулары 1920 жылдар үшін батырлар жырын зерттеудегі үлкен жаңалық еді» [32, 176].

Теориялық жанрлық жақтан терең талдауларға бара қоймаса да, 1920 жылдардың бас кезіндегі мақала-

ларда фольклорлық шығармалардың тарихилығы туралы проблеманы сөз етуінің өзі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өрісін аңғарта алатын еді.

Жаңа дәуірдің әдебиетін тудыру мәселесі, оның идеялы, шығармашылық бағыты қандай болуға тиіс, ол қандай көркемдік әдіспен өркендеуі керек деген проблемалар 1920 жылдардың орта шенінде анық бой көрсетті. Оның сөз болуы бір жағынан фольклорлық мұраға да қатысты болды.

«Кімнен үлгі аламыз» деген кезеңдік сауалға жауап беру барысында дәстүр мен жаңашылдықтың тарихи сабақтастығы кең сөз болды». Оларда ғылыми-зерттеушілік сипат жетпей жатқанымен, мәдени мұра туралы лениндік қағиданың ықпалында айтылғанымен, фольклорлық үлгілер мен атақты ақын-жыраулардың классикалық мұрасын әділ бағалау, одан үлгі алу, үйрену жолын насихаттау саласында бірталай ізденістер болды.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін белгілі қоғам және ұлт қайраткері, сыншы, әдебиетші С. Садуақасовтың «Әдебиет туралы» мақаласындағы әдеби мұраға деген көзқарасына тоқтала кетелік. Автор нигилистік бағытты сынай отырып: «Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ болмаймыз ба? Бұл – үлкен негізгі мәселенің бірі. Біздің көбіміз (мен біз дегенде коммунист сыншыларды ай-



тамын) бұл мәселеге әлі үстірт карап жүрміз», – деп «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деген пікірге қарсы шығады [33]. Бұл жөнінде Қ. Кемеңгеров: «Ауызша айтылып жүрген халық әдебиеті көшпелі шаруаның, рулық қоғамның айнасы болды. Ұзақ заманның ішінде халық әдебиеті кемеліне жетті», – деп білген болатын [34]. С. Садуақасов осы ойды жалғастыра отырып: «Қазақ әдебиеті өткенінен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе ала алады, өзінен өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда, жаңа қайдан өспекші? Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады», – деп кең орын теуіп келе жатқан маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай ғылыми жаңаша тұжырым білдірді.

Қазақ кенес әдебиетінің бет-бағдары туралы толымды пікір айта бастаған сын мақалалар мен әдеби мұраны игеру, зерттеуге байланысты әдебиет тарихын жазу проблемасын көтере бастаған ғылыми сипаттағы осы мақалалардың әдеби-теориялық және әдеби-тарихи талдаулар жасауға ұмтылуынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі жалғаса түскенін байқаймыз.

Әрине, бұл мақалаларда көтерілген мәселелердің шын мәніндегі ғылыми-зерттеу дәрежесінде тексерілуі мен әдебиет туралы ғылым қалыптасуының күрделі процесі әлі алда еді. Дегенмен, бұл процеске алғашқы дәнді еккен, соқпақ басы болған осы мақалалар екенін аңғармау ағаттық болар еді. Олар фольклористика ғылымының қалыптасу тарихындағы болашақ зерттеулердің негізіне барлау жасады.

Бұл айтылғандар фольклортанудың өзекті мәселелерінің ғылыми-зерттеу сипатындағы мақалаларда ғана көрінген келбеті болса, оны монографиялық тұрғыда тексерудегі құнды еңбектер де осы 1920 жылдары жазылды. Бұл жолдағы алғашқы бастаманы салған М. Әуезовтің 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» атты еңбегі болды. М. Әуезов «Әдебиет тарихында» сол кездегі фольклортану саласындағы әр түрлі мақалаларда айтылып жүрген ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді бір жүйеге салып берді. Еңбектегі кейбір топшылаулар мен тұжырымдарда «бірыңғай ағым теориясының», кейде «тұрпайы социологизмдік» көзқарастың кездесіп қалуы да сондықтан.

М. Әуезов XX ғасыр басындағы фольклортану саласындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жалғастыра отырып, өз үстемдігін құруға ұмтылып жатқан маркстік-лениндік әдіснама принциптері

талабына сай емес, таза ғылыми тұрғыдағы еңбек жазып шықты. Автор әдеби мұраның таптығы мен халықтығы қағидаларынан гөрі тарихилық принципіне сай зерттеу жасауды басты мақсат санаған. Бұл жерде маркстік-лениндік әдіснама әдебиеттің халықтығы принципі мен төңкеріске дейінгі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі халықтық мәселесі арасына шек қоюға болмайды. Төңкеріске дейінгі бұл ғылыми ұғымды жаңа әдіснама әдебиеттің таптығы принципіне сай бұрмалап әкетіп, таптық мүддемен байланыстылықта қарады. Маркстік-лениндік әдіснама бойынша халықтық ұғымы жалпы ұлт емес, оның ішіндегі жұмысшы, шаруа деңгейіндегі тар шеңберде қаралды. Буржуазия мен феодалдардың тап ретінде жойылуынан кейін халықтық ұғымы бүкіл ұлттық сипат алып кетті. Сондықтан «Әдебиет тарихында» тарихи жырлар мен өлеңдерді қарастырғанда, олардың халық өмірі мен тарихи шындық тұрғысынан тексерілуі бұл еңбектің кеңес өкіметі дәуірінде ғылыми айналымға қосылмауына басты себептердің бірі болды.

Еңбектің 1920 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін анықтау үшін М. Әуезовтің қазақ фольклорын зерттеудегі ғалымдық білімділігі мен біліктілігін

айқын танытатын үлкен үш түрлі бас-тамасына назар аудару керек:

1. Оқулықтағы кез келген халық ауыз әдебиетінің үлгісін талдауда, оның әлеуметтік сыр-сипатын айқындауда тарихилық принципі тұрғысынан келуі.

2. Импровизаторлық табиғи тұма таланты бар қазақ халқының өте бай ауыз әдебиеті шығармаларының шығуы мен таралуын халықтың ғасырлар бойғы салт-санасына, әдет-ғұрпына, тұрмыс-тіршілігіне, экономикасына байланыстыра зерттей отырып, халықтық сипатына баса көңіл аударып отырып талдады. Әдеби мұраның халықтық сипаты туралы айтылып жүрген әр түрлі ой-пікірді ғылыми негізде дамыта отырып автор: «Сондықтан ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығын да бірақ адамға тиісті өнер емес, сол көптің өнері, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы... олардың өлең-жыр ішінде айтатыны түгелімен жалпақ елдің ұғымы мен жалпақ елдің көзқарасы», – деп атап көрсетеді.

3. Қазақ әдебиетінің тарихын ауызша әдебиет және жазба әдебиет деп екіге бөліп тексеру қажеттігін тұңғыш рет ұсына отырып, фольклор мен жазба әдебиеттің арасындағы

айырмашылық пен өзара байланысқа ғылыми тұрғыда келеді. Жазба әдебиеттің тууын тек қана жазу кірген кезеңнен немесе өлеңді жазып шығаратын ақындардың шығуымен ғана сәйкес қарап қоймай: «Әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазбаша әдебиеттің арасын бөлетін кезең, белес осы», – дейді [35, 21]. Сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дәрежесіне сай біржақты айтылғанын елемеген күннің өзінде қазақ фольклоры мен жазба әдебиеті туралы алғашқы айтылған пікірлердің бірі екенін ескеретін болсақ, қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолында және оны дәуірге бөлуде алғашқы қадам ретінде маңызы зор деп бағалаған жөн. Қазақ ауыз әдебиетін жанрлық жағынан түрге бөлуде өзінен бұрын соңғы еңбектерге сүйене отырып, салыстыра зерттеу жүргізгенін байқау қиын емес. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқаларын салыстырғанда В. В. Радловтың жазып алған түріне ерекше тоқталады. Соған қарағанда В. В. Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиетінің үлгілері» атты еңбегімен жақсы таныс болған. М. Әуезов осы Радловтың және қазақ фольклоры туралы пікір айтқан орыстың ориенталист-этнограф ғалымдарының қазақ

фольклорын жанрлық түрге бөліп классификация жасау жолындағы ойларын жалғастыра, дамыта отырып бір жүйеге түсірді. Қазіргі қазақ фольклористика ғылымында айтылып, жазылып жүрген классификацияның негізінде М. Әуезовтің осы алғашқы жанрлық түрге бөлуі жатқанын ескеретін болсақ, бұл еңбек автордың сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде қандай жаңалық ашқанына еріксіз куә боламыз. М. Әуезовтің бұл ғылыми жаңалығының мәнін ашу үшін, қазақ фольклоры жанрларына В. В. Радловтың жасаған жіктеуімен салыстырып көрелік.

Радлов қазақ әдебиетін халық сөзі (народное изречение) және кітаби өлең деп бөлсе, М. Әуезов жазба әдебиет, ауызша әдебиет деп тереңірек барады. Радлов ауыз әдебиетінің үлгілерін ел арасында айтылу мағынасына, тақырыбына қарай:

1. Үлгі сөз. 2. Ұзатылған қыздың сөзі. 3. Жоқтау қыр. 4. Қайым өлең. 5. Айтыс. 6. Бақсы сөзі. 7. Қара өлең. 8. Мысал сөз. 9. Батырлық ертегі және ертегі, – деп бөледі. Ал М. Әуезов бұл жіктеуге сын көзімен қарай отырып, қазақ фольклорының өзіндік ішкі ерекшеліктеріне, халықтың әдет-ғұрып, салт-санасына байланыстыра қарап, өзінше бөледі. М. Әуезовтің классификация жасауы бойынша қазақ халық ауыз әдебиеті жанрлық жағынан төмендегідей топтастырылады:

## II БӨЛІМ. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі 1900-1904 жж.)

### I. Сыршылдық салт өлеңдер.

1. Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдер.

а) Жоктау; ә) Естірту; б) Қоштасу; в) Көңіл айту.

2. Дін салты мен дін ұғымынан тұатын өлеңдер.

а) Жар-жар; ә) Қоштасу-танысу; б) Беташар.

### II. Әңгімелі өлеңдер.

1. Батырлар әңгімесі.

а) Ұлы батырлар; ә) Кіші батырлар.

2. Ел поэмалары.

3. Тарихи өлеңдер.

### III. Ертегілер.

### IV. Айтыс өлеңдер.

а) Ақындар айтысы, ә) Билер айтысы.

Қарап отырсақ, қазақ ауыз әдебиетінің қазіргі қалыптасқан жанрға және түрге бөлінуінің алғашқы ғылыми-теориялық ұғымдары тұңғыш рет осы еңбектен басталған. Батырлар жырын «ұлы батыр», «кіші батыр» деп олардың дүниеге келу ерекшеліктеріне байланысты бөлуіне қосылмаған күннің өзінде, жырлардың шығуын халық өмірімен байланыста тарихилық принципі негіздерінде қарауының өзі 1920 жылдардағы әдебиеттану ғылымы үшін үлкен бастама екенін айту қажет. Сол сияқты лиро-эпостық жырлардың көп нұсқалығына назар аударып салыстыра зерттеуге талпынуы, ертегілерді мазмұндық жағынан тұрмыс-салт,

қиял-ғажайып, сатиралық-күлкілі ертегілер деп топтастыруы, жырлардағы күрделі образдарды әсіресе, батырлар бейнесін салыстыру – өз кезеңі үшін үлкен жаңалық қана болып қоймай, басқа да ауыз әдебиетімен шұғылданушыларға жаңа жол, соны соқпақ болды. «Әдебиет тарихында» сол кездегі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде болған қате көзқарастар да орын алған. Ауыз әдебиетін қоғамдық тенденциядан тысқары өнер деп тануы, жекелеген шығармаларды талдағанда сыршылдық, эстетикалық жағына көп көңіл бөлуі, ескі мұраның бәрі мінсіз деп қарауы «бірыңғай ағым» теориясына бой ұрғанын байқатады. Солай бола тұрса да М. Әуезовтің еңбегі сол кезеңде қазақ фольклорының тарихын тексеруде тың мәселелер көтере білген күрделі зерттеу болды.

Қазақ фольклорын ғылыми негізде зерттеуге үлкен қадам жасаған еңбектің бірі – Х. Досмұхамедовтің Ташкент қаласынан басылып шыққан «Қазақтың халық әдебиеті» атты қысқаша очеркі. Бұл Қазақ педагогикалық институтында жасалған баяндамасының негізінде басылған. Автор алғы сөзде халық ауыз әдебиетін зерттеуде жүйелі ғылыми еңбек жоқ екенін атап көрсете отырып, «Біз, әрине, халық әдебиетінің даму тарихын мүлде сөз етпейміз, сол секілді бұл әдебиеттің осылай-

ша жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға, сырттан болған әсерлер мен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттері мен өзара ауыс-түйіс мәселелеріне де тоқталмаймыз», – деп көрсетеді [36, 14]. Қазақ әдебиетінің тарихын тексерудегі фольклорлық мұраны зерттеудің маңызын, бұл жұмыстың өте ұзақ та қиын болатынын ескертіп өтеді. Осы еңбегін жазудағы мақсатын: «Біз бұл очеркімізде тек қазақ халық әдебиетінің болмыс-бітімін хатқа түсіріп, қолдан келгенше жүйелі де айқын классификациялап, әрбір бөлімнің мазмұнын ашып, бастау-бұлақтарын анықтап және оның қазақ, орыс тілдеріндегі бар үлгілерін көрсетуді мақсат тұтып отырмыз. Халық әдебиетін жүйелеудің тырнақ алды тәжірибесі болғандықтан біздің очеркіміз тұтастай, әсіресе оның классификациялау бөлімі кемшіліктерден құр алақан болмаса керек, ал оларды түзету кейінгі ізденіс зерттеулердің міндеті болмақ», деп нақты түрде атап айтады. Х. Досмұхамедовтің фольклорлық мұраға деген көзқарасында «бірыңғай ағым» теориясының әсері болғаны да осы алғы сөзінде халық әдебиетін жинау, жариялау жұмыстарына байланысты пікірлерінен анық байқалады. XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ даласына кіре бастаған қоғамдық өзгерістер қазақ фольклорының дамуы-

на тұсау салды, енді төңкеріс дәуірі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына түпкілікті жаңарулар енгізуде, сондықтан «төңкерістен кейін барлық халық әдебиеті сияқты қазақ халық әдебиеті де бірте-бірте тіршілігін тоқтатпақ» деген қате көзқарасты ұстанады. «Халық әдебиетін жақсы-жаман деп бөлмей бәрін жинау керек» деген 1920 жылдардың алғашқы кезінде айтқан пікірі осы ұғымнан туындап жатқанын аңғару қиын емес. Төрт тараудан тұратын бұл ғылыми очерктің ең негізгісі – «Халық әдебиетінің мазмұны» аталатын бөлімі. Автор бұл бөлімде еңбектің үшінші тарауында тізіп көрсеткен қазақ фольклорына жасаған классификациясының әр түріне халық өмірінде алатын орнына байланыстыра отырып, нақты анықтамалар береді. Сонымен қатар, әр жанр түрінен үзінділер келтіре отырып, оларды талдап көрсетуде, ғылыми сипаттағы пікірлермен дәлелдеуде өте бай мазмұндағы мысалдарды орыс және қазақ тілінде қатар алған. Осы тарауда автор тек ауыз әдебиеті үлгілерінің анықтамасын бере отырып, шығу себебін түсіндіріп өтуді ғана мақсат тұтқан. Мысалы, бесік жыры, жарапазан, қоштасу өлең, т.б. ешбір топтастыруға қоспай жеке қарастырса, қыз ұзату салтына байланысты өлеңдерді сүйіспеншілік әдебиет (любовная литература) деп,

оған той өлеңдері деген анықтама беріп, жар-жар, той бастар, беташар деп бөліп талдайды. Х. Досмұхамедов фольклорлық үлгінің қай түрін сөз етсе де оның тәрбиелік мәніне де ерекше көңіл аударып отырған. Мысалы, «Бала тілінің дамуы мен жеке адамның қалыптасуы мәселелеріне халық балалар әдебиетін зерттеудің көптеген мағлұмат беретіні сөзсіз, сондықтан да қазақ педогогтері бұған дұрыстап көңіл аударулары қажет». Сонымен қатар, келтірілген мысалдардың В. Радлов пен Ә. Диваев орысшаға аударған үлгісі мен қазақ тіліндегі нұсқасы қатар берілген. Автордың ғылыми-зерттеу, бағалау сипатындағы көптеген пікірлері де көңіл аударарлық. Мысалы, мақтау өлеңдердің айтылуы бұрын халық үшін жасаған қызметі мен ерлікке байланысты айтылатынына, осы түрдің шығуына сол себеп болғанына тоқтала келіп: «Мақтау жырлары бұрынғы кезде тек шын мәнінде еңбегі сіңген, лайықты адамдарға бағышталса, ал кейін мақтаушыға сыйсияпат беру дәстүрі бұндай одалардың мәнін түсіріп, сый, лауазым, қошамет алу үшін небір жалған сөздер айтылып отырды. Бұл құбылысты өткен ғасырдың 1970 жылдарында Абай тұңғыш байқап, өзінің өлең сөзімен аяусыз әшкереледі», – деп жазады. Автор осы тараудағы өзі мазмұндап шыққан қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін бір жүйеге салу

мақсатымен, келесі тарауды «Қазақ халық әдебиетінің классификациясы» деп атап, толық кестесін берген. Х. Досмұхамедовтің бұл фольклорлық жанрларды жіктеуінде М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбегінде жасаған классификациясындағы жүйелілік жоқ. Алайда, автор халық ауыз әдебиетінің барлық үлгілерінің түрін қамтыған және көптеген жіктеулер мен атаулар қазіргі қазақ фольклористика ғылымындағы классификацияда кездеспейді. Сол себептен Х. Досмұхамедов жіктеген үлгіні түпнұсқасында (очерк орыс тілінде басылған) түгел беруді дұрыс көрдік.

III. Қазақ халық әдебиетінің классификациясы.

1. Эпос (жыр) а) батырлық; б) тарихи; в) хайуанаттар.
2. Ертегі.
3. Мақал-мәтел.
4. Жұмбақ.
5. Ырым сөз.
6. Жаңылтпаш.
7. Наным-сенім.
8. Әпсана.
9. Он екі жылдық жыл есебі – мүшел (жыл мезгілі, ай, апта күндері, олардың шығуы мен мәні туралы әңгімелер).
10. Перілік хикаялар (Жалмауыз кемпір, жезтырнақ, марту, кара, албасты, обыр, үбе, жын, пері).
11. Космогониялық әңгімелер (аспан шырақтары, күн күркіреу, найза-

ғай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жеті қарақшы, Үркер, т.б.

12. Түс жору.

13. Ойын және онымен байланысты түрлі мәтел, тақпақ, әңгіме.

14. Аңыз.

15. Шежіре: а) жеке адам; ә) тайпа; б) ру; в) ата; г) хан.

16. Тұрмыстық жыр. («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан», т.б.).

17. Айтыс: а) ру айтысы, ә) тайпа айтысы, б) қыз бен жігіт айтысы, в) жұмбақ айтысы, г) хат айтыс.

18. Мақтау өлеңдер: а) жеке адамды мақтау, ә) тұтас руды немесе атаны (ата жұртты не белгілі бір жерді), б) қандай да бір оқиғаны, затты, жануарды, т.б. мақтау.

19. Жоқтау: а) қайтыс болған кісіні не жер аударылғанды, ә) ата жұртты, б) жастықты, в) сүйгенін т.б.

20. Жылау-сықтау.

21. Көңіл айту, жұбату.

22. Сатира, ирония және эпиграмма (жамандау, мысқыл, келеке, кекесін-келемеж, шағу).

23. Билік сөз.

24. Бата, алғыс.

25. Қарғыс.

26. Күлкі, көңіл ашу сөз.

27. Әзіл.

28. Үгіт өлең.

29. Зар заман толғау.

30. Патша және Қоқан үкіметіне қарсы және чиновниктердің бас-

сыздығына қарсы қыздырушы, намыстандырушы өлең.

31. Болжау өлең.

32. Өсиет өлең.

33. Ғұмырнама мен өмірбаян.

34. Бесік жыры.

35. Үйлену тойы жырлары: а) жар-жар, б) тойбастар, в) беташар.

36. Ғашықтық өлең (жігіт өлеңі).

37. Қоштасу өлең.

38. Көрісу өлең.

39. Сәлем өлең.

40. Әруакпен сөйлесу.

41. Емшілік өлеңдер: а) бақсының жын шақыруы; ә) оқу; б) арбау; в) көшіру, қағу; г) үшкіру, дем салу; е) садақа сұрау, құдайы, назире; ж) кітап ашу; з) бойтұмар; и) құмалақ салу, жауырын қарау.

42. Өтірік өлең.

43. Жарамазан.

44. Боғауыз өлең.

45. Діни әдебиет.

46. Араб-парсы өмірін көрсететін әдебиет (қысса).

Міне, Досмұхамедовтің осы классификациясына қарап отырсақ, оның «Егер аталған қазақ халық әдебиетінің барлық мазмұн-мәнін бір жерге жинақтасақ, онда қазақ өмірінің барша қыры бейнеленетінін көреміз» деген сөзінің рас екеніне күмән келтіре алмайсыз. Егер бұл пікірімізге қазіргі қазақ фольклористикасындағы қалыптасқан классификацияда тұрмыс-салт жырлары құрамында айтылып жүрген бесік жы-

рын және жалпы балалар фольклорын, ескерусіз қалған бата сөздердің, демонологиялық және космогониялық аңыз-әңгімелердің фольклорлық жеке жанр түрі ретінде тереңдете зерттеліп жүргенін қосатын болсақ, очерктегі жанрға, түрге бөлудің әлі маңызын жоймағаны айқындала түседі. Фольклорист ғалымдарды автор айтқан бірнеше түрлер, әсіресе алғыс және қарғыс мәндегі сөздер, емдеу өлеңдер, т.б. жаңа бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге жетелеп тұр деген ойдамыз. Кестенің мазмұнына көз салсақ, қазақ фольклорының көптеген түрлері кейінгі кездегі классификацияға енгізілмегенін, ғылыми тұрғыда зерттелмегенін байқау аса қиын емес.

Автордың осы еңбегі арқылы сол кездегі әдеби-теориялық, әдеби-тарихи талдау жасай тексеру бағыттарындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан бірнеше жаңа ойларын атап көрсеткен дұрыс. Біріншіден, қазақ өлеңінің табиғаты туралы ғылыми ой қозғай келе, «Қазақ тіліндегі екпін сөз соңына түсетіндіктен қазақ поэзиясы әр өлеңдегі бірдей буын санына құралған силлабикалық өлең өлшемі болып келеді», деп бұл өлең құрылысының ерекшелігін түсіндіріп берген. Екіншіден, кез-келген поэзиялық түрдегі фольклорлық шығарманың әнмен айтылуына көңіл аударады. Үшіншіден, фольклордың авторы

мен сақтаушысы халық екенін, сондықтан халық шығармалары деп аталатынын, ал таратушылар әр түрлі өнер иелері деп көрсетеді. Оларды өлеңші (песнопевцы), ақын (народные поэты импровизаторы) және халық билері (народные бии, старшины, судьи) деп үшке бөледі де: «Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін өзгеріссіз сақтаушылар» деген тұжырым білдіреді. Төртіншіден, қазақ халқының бойындағы импровизаторлық өнер мен есте ұстау қабілетінің ерекше дамығанын айта отырып, осының негізінде фольклорлық шығармалардың көп болу себептерін ашып береді. Бұл айтылғандардың бәрі қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңін жаңа бастаған дәуірі үшін аз табыс емес еді.

Түйіндей айтсақ, Х. Досмұхамедовтің ұзақ уақыт бойы белгілі себептермен ғылыми айналымға түспей келген, нақты бағасын ала алмай жүрген бұл еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымының туу бастаған кезеңі үшін ғана емес, бүгінде де құнды еңбек болып табылады. Қазақ фольклорының жанлары мен түрлерін саралаудағы дәлелдерінің орнықты, теориялық пайымдауларының байсалдылығымен ұлттық фольклорта-



ну ғылымына қосылған үлкен үлес қана емес, әдеби-тарихын зерттеу бағытындағы ой-пікірдің ғылыми сипатын көтере түскен еңбек деп бағалау керек.

Қорыта келгенде, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» оқулығы мен Х. Досмұхамедовтің «Қазақтың халық әдебиеті» атты қысқаша очеркі 1920 жылдардағы әдеби-теориялық, әдеби-тарихи талдау жасай тексеру бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа белеске көтерді. Бұл еңбектер жаңа туып, дами бастаған қазақ әдебиеттану ғылымының алдына екі бірдей міндетті шешу проблемасын қойды. Оның біріншісі – осы еңбектерде классификациялаған фольклорлық жанрлар мен түрлерді әр сала бойынша тереңдете зерттеу болса, екіншісі – сөз болған ақын-жыраулар шығармашылығы ғылыми тұрғыдан зерттеп бағалау арқылы қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөліп тексеру міндеті. Бұл салада іздену жолындағы жұмыстардың ғылыми сипаттағы мақалаларда қалай жүзеге асқанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Сөз орайы келгенде айта кететін бір мәселе, бұл екі еңбек те жоғары оқу орындарының оқу жүйесінен тұрақты орын алған оқулық дәрежесіне жете алмады. М. Әуезовтің еңбегі баспадан шықпай жатып таралмай қалса, Х. Досмұхамедов кітабының да тағдыры ұзаққа бармады. 1928 жылы ашылған

университеттің (қазіргі Абай атындағы университет) проректоры, профессоры болған Х. Досмұхамедов те қазақ зиялыларының басына 1929-1930 жылдары төнген нәубеттің кесірінен қуғынға ұшырып, еңбектері жат идеядағы жұмыстар деп танылды. Бұдан шығатын қорытынды: 1930 жылдарға дейін жоғары оқу орындары мен педтехникумдер қазақ әдебиеті пәнінен қажетті оқулықтармен қамтамасыз етілмей қалған.

Бұлар 1920 жылдардағы фольклортану саласындағы әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді бір жүйеге түсірген, фольклорлық мұраны классификациялау, әр жанрын тереңдете зерттеу проблемасын тұңғыш рет көтерген ғылыми еңбектері еді. Сол себептен де қазақ әдебиеттану ғылымының туу процесіндегі тарихи маңызы мен алатын орны ерекше екені анық. 1920 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің фольклортану саласындағы осындай ізденістері отызыншы жылдары жалғаса түсті. Бұл кезеңде ғылыми-зерттеу жұмыстарында маркстік-лениндік әдіснама өз үстемдігін құрғандықтан ұлттық әдеби-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікір оған бейімделе бастады. Өйткені, «ұлтшыл-алашшыл» атанған «бірыңғай ағым теориясын» жақтаушылардың 1929-1930 жылдары атылғаны атылып, қалғаны сотталып кетіп еді. Олардың ішінде маркстік-

лениндік әдіснамаға мойынсұнбаған әдебиетші-сыншылар, ғалымдар да кетті. Осыған байланысты «тұрпайы социологизмнің» дауылы бәсең тартып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жаңа әдіснама талаптарына сай жүргізу қолға алынды. Заман талабына сай әдеби мұраны игерудің жаңа проблемалары көтерілді. Ол проблемалардың ең ірісі – қазақ фольклоры мен әдебиетінің тарихын жазу, дәуірлеу мәселелері еді. Бұлар 1920 жылдардағы мақалаларда сөз арасында айтылып жүргенімен, әдебиет тарихын жазуға ғылыми тұрғыдан көңіл аударып, практикалық тұрғыда орындаудың кезі келгенде С. Сейфуллин 1929 жылы «Қазақ әдебиеті туралы» ашық хат жариялады. Онда қазақ әдебиетінің тарихын мектепке лайықтап жаңа заман талабына сай жасау мәселесін көтереді.

Қазақстанда бастауыш, орта мектептердің көптеп ашылуы, педагогикалық техникумдер мен училищелер, 1928 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің ашылуы, оларда қазақ әдебиетінің пән ретінде оқытылуы қазақ әдебиетінің бір жүйеге түскен оқулығы мен тарихын жазуды талап етті. «Қазақ әдебиеті тарихынан университетте дәріс беріледі. Дәріс берілуі үшін тәртіпке қойылған аңғармен құрылған құрал боларлық қорытылған кітап керек» болды.

С. Сейфуллиннің қазақ әдебиетінің тарихын жазуға байланысты көтерген осы проблемалық пікірі ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялауды насихаттау мақсатында жазылып жатқан сан түрлі мақалалардың бетін жаңа арнаға, ғылыми негізге қарай бағыттады. С. Сейфуллин қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесін 1931 жылы жазған «Ертедегі жырлы әнгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары», «Билер сөздері» атты мақалаларында жалғастырды. Оның бұл бастамасына ақын-жазушылар, қазақ зиялылары қызу үн қосты.

Егер де 1920 жылдары ауыз әдебиетін жинау жалпылама түрде жүрсе, енді халық әдебиетінің ғылымдық тарихын жасау мақсатында белгілі бір жүйемен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде мектептер мен жоғарғы оқу орындарын оқулық, хрестоматиялармен қамтамасыз ету процесі басталды. Осы игі қадамға Ораз Исаевтың фольклорлық мұра жайында ҚазАПП басқармасына жазған хаттары әдеби мұраға деген мемлекеттік қамқорлықты ғана көрсетіп қоймай, әдебиет тарихын зерттеу барысына айрықша назар аударды. «Көркем шығармалардың бәрі де байшыл шығарма деп, бәрін де іске алғысыз етіп тастаймыз деу дұрыс емес дей келіп, әдебиет зерттеушілерін әдеби мұраны біржақты бағалаудан сақтандырады.

Оған ҚазАПП басқармасы қоштау жауабын береді. Әрине, бұлардың негізінде әдеби мұраны маркстік-лениндік зерттеу принциптеріне сай тексеру мен партияның ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы саясаты жатқаны айтпаса да түсінікті. Бұл әдебиеттің таптығын қатты даңғазалаған «тұрпайы социологизмді» жақтаушыларға тежеу салғандай бағытта болды да зерттеу жұмысы жандана түсті.

Мәдениет, өнер, әдебиет саласындағы зерттеу жұмыстарын бір арнаға салып басшылық жасап отыратын ғылыми орталықтың қажеттілігі қатты сезілді. Осының әсерінен 1933 жылы қазақ халқының ұлттық мәдениетін зерттейтін ғылыми-зерттеу институты ашылды. Институт әдеби мұраны зерттеу, игеру жұмыстарында бірталай нәтижеге жетті. Әсіресе, Қазақстанның барлық облыстарына ғылыми фольклорлық экспедициялар шығарып, жинаған материалдарды сұрыптап, нұсқаларын салыстыра отырып мақалалар жазуда, әдеби талқылаулар ұйымдастыруда және алғы сөз жазып, жеке кітап етіп шығаруда университеттің қазақ әдебиеті кафедрасы мен институт бірлесе жұмыс жүргізді. Осының нәтижесінде Ұлы Отан соғысына дейінгі дәуірде ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларына арналған жинақтар басылып, еңбекші халықтың рухани қазынасына жарады. Мысалы,

С. Сейфуллин «Қазақтың ескі әдеби нұсқалары» (1931), «Батырлар жырын» (1933) құрастырып шығарды. Сол секілді ұлт мәдениеті институты шығарған «Қазақ совет фольклоры» (1935), «Қазақтың мақал-мәтелдері» (1935), «Мысалдар» (1936), «Алдар Көсе» (1936), «Сексен өтірік» (1937), «Қазақ ертегілері» (1939), «Батырлар» (1939), «Жұмбақтар» (1940) т.б. жинақтар жарық көрді. Осы жинақтардың негізінде мектептер мен оқу орындарында хрестоматиялар дайындалды. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен мәдениетінің он күндігінің өтуіне байланысты М. Тарковскийдің аударуымен «Қобыланды батыр» жыры (1937), Л. Макеевтің құрастыруымен «Қазақ ертегілері» (1940), сол сияқты «Қазақ антологиясы» (1940), «Қазақ ақындарының өлеңдері» (1937) т.б. жинақтар орыс тілінде шықты. Сол сияқты «Қазақтың XIX ғасырдағы қазақ көтерілісі туралы жырлар» (1936), Ж. Жабаевтың «Өлеңдері мен поэмалары» (1937, 1938), т.б. халық шығармашылығы мен кеңес дәуіріндегі фольклор үлгілері орыс тіліне аударылып басылды. Қазақ фольклористикасы мен әдебиетінің тарихын зерттеу ісіне белсене араласқан С. Сейфуллин, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан сынды ғұламалар әдебиеттану

ғылымының іргетасының берік қалануына өз үлестерін қосты. 1931-1932 жылы халқымыздың басына төнген нәубет – ашаршылық зардабынан құтылып мәдениет саласындағы жұмыстар қайта жандана бастаған кезде, халық ауыз әдебиетінің тарихын жасауды қолға алған уақытта Сталиннің жеке басына табынудың қырсығынан қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, әдебиетшілер, ғалымдар қуғын-сүргінге ұшырады. Зерттеу жұмыстары біржола тоқтап қалмаса да, ғылыми-теориялық мәні терең білгірлікпен жазылған мақалалар 1939-1940 жылға шейін сиреп кетті.

Халқымызға, оның зиялы қауымына зұлмат болып келген 1930 жылдарда ауыз әдебиеті нұсқаларын тексеру екі бағытта жүрді. Бірі – фольклорлық мұраны жанрлық ерекшелігіне сай түрге бөлу, яғни классификация жасау болса, екіншісі – жеке нұсқаларды, әсіресе, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырларды жекелеп жанрлық ерекшеліктеріне сай зерттеу.

Осы екі бағытты жеке алып қарастыратын болсақ, ауыз әдебиеті үлгілерін классификация жасауға орыс ориенталисттері талпынғанмен, белгілі түрде М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х. Досмұхамедовтің «Қазақтың халық әдебиеті» (1928) және С. Сейфуллиннің 1932 жылы жазылған «Қазақ әде-

биеті» атты еңбектерінен бастау алғаны даусыз. Осы үш еңбектегі жасалған классификация бойынша халық шығармашылығы енді сала-салаға бөлініп зерттеле бастады. Халық шығармашылығының әр түрі тақырыптық, жанрлық, композициялық ерекшеліктері тұрғысынан жеке зерттеу нысанына айналды. Қазақ ауыз әдебиетінің мол мұрасына 1920 жылдардың бас кезінен бастап зерттеушілік мақсатта көңіл қойып, бірталай ғылыми мақала жазған М. Әуезовтің Л. Соболевпен бірігіп жазған мақалалары, қазақ фольклорын бүкіл кеңес еліне ғылыми-теориялық тұрғыдан таныстырған құнды еңбектер болды. «Эпос и фольклор казахского народа» деп аталатын мақалада авторлар қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрларын қысқаша сөз ете отырып, әр жанрдың өзіндік ерекшелігін және түрлерін, халық өміріне қарым-қатынасын ғылыми түрде баяндауды мақсат тұтқан. «Басты-басты сипаттарына меңзеп бірнеше топқа, бірнеше түрге жіктемейінше, қазақтың халық творчествосының аса бай мұрасын талдау мүмкін емес. Осы зерттеуде біз сондай жіктеу жасауға талап қыламыз» дей келіп, қазақ фольклорына классификация жасап, әрқайсысын жекелеп қарастырды. Авторлар қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жақтан жүйелеуде М. Әуезовтің 1927 жылы «Әдебиет тарихы» оқулы-

ғында жанрға бөлген үлгіні негізге ала отырып, оны толықтыра, дамыта келіп, әр жанрды бірнеше түрге бөліп тексеруде соны жаңалықтар кіргізген. «Әдебиет тарихын» негізге алды дегендегі ойымыз жанрға жүйелеуде кездесетін ұқсастықтар ғана емес, сонымен қатар кейбір ғылыми пікірлердің де ұқсас шығуы. Мысалы, батырлар жырын ұлы батыр, кіші батыр деп бөлу және ертегілер, жұмбақ, мақал-мәтелдердің екі еңбекте де бір топқа жатқызылуы осы пікірімізге айқын дәлел. Оқулықта ауыз әдебиеті үлгілері үлкен 4 топқа жіктеліп, тұрмыс-салт өлеңдерінен басқалары іштей түрге бөлінбеген болса, мақалада басқа әдебиетші-ғалымдардың жасаған классификациясына сүйенген. Әсіресе, С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» оқулығының әсері айқын байқалады. Негізінен алғанда мақала – сол кездегі әр түрлі оқулықтар мен ғылыми мақалаларда айтылып жүрген ауыз әдебиеті үлгілерін жіктеуді белгілі бір жүйеге түсіріп, классификация жасау мақсатында жазылған зерделі еңбек.

М. Әуезов оқулықта халық әдебиетін «Ауызша әдебиет түрлері» деп төрт топқа бөлгенде батырлар жырын, лиро-эпосты, тарихи жырларды «Әңгімелі өлеңдер» деп бір топқа қосқанмен, тексеру барысында жеке тарау етіп талдаған болатын. Оқулықта мазмұны бойынша

ауыз әдебиетінің жанрлық тұрғыдан алтыға бөлген-ді. Осы алтыға бөлінген жүйе мақалада да сақталған. Алайда эпостық, лиро-эпостық, тарихи жырлар енді жанр ретінде алынған.

Мақала қазақ фольклористика ғылымына екі жаңалық әкелді. Біріншіден, оқулықтағы қиял, салт, мысқыл-мазақ (сатира) ертегілер деп сөз арасында ғана айтылып жеке қаралмаған қазақ ертегілерін тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктеріне сай алты түрге бөліп, әрқайсысына нақты мысал келтіре отырып сипаттама беруі еді. Қазақ ертегілерін қиял-ғажайып, хайуанаттар, салт-сана, байларға арналған, аңыз ертегілер, күй аңызы деген түрлерге жіктеп, негізгі сипаттарын, ерекшеліктерін көрсеткен. Екіншіден, оқулықта жанрға бөлу барысында ертегілермен бір топқа жатқызылғанмен, жеке қарастырылмай қалған жұмбақ пен мақал-мәтелдер, күлдіргі-өтірік ертегі саналып кеткен аңыз әңгімелер дара тексерілген. Әсіресе, Қорқыт, Алдар Көсе, Асан қайғы, Жиреншелерді жеке-жеке сөз ету арқылы аңыз-әңгімелерді келешекте жеке жанр ретінде зерттеуге болатынына ғылыми бағыт берілген. Фольклорлық шығармаларды талдау барысында олардың поэтикасына, теориясына тереңдеп бара қоймаса да халықтығы, тарихилығы мәселелеріне үнемі

назар аударылуының өзі мақаланың ғылыми жаңашылдығын байқатады.

«Әдебиет тарихы» оқулығымен салыстыра қарағанда, бұл мақаланың кейбір жетіспеушіліктері бар және ол бүгінгі күннің көзқарасымен қарағанда. Еңбекте ғылыми-зерттеу ісінде берік орын тепкен маркстік-лениндік әдіснама оның әдебиеттің таптығы принципі айқын көрініс тапқан. Кез келген жанр мен фольклорлық шығарманы сөз ету барысында авторлар осы принцип тұрғысынан келеді. Мақаладағы классификацияда халық тарихында ерекше орын алатын хандар мен батырлар туралы тарихи жырлар, отаршылдыққа қарсы көтеріліс туралы тарихи өлеңдер алғаш рет шығарылып тасталды. Бұларға деген осы отызыншы жылдарда басталған таптық көзқарас өз тәуелсіздігімізді алғанға дейінгі ұзақ жылдар бойы жалғасып келді. Алайда, М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Эпос и фольклор казахского народа» атты мақаласы «Қазақстанда ауыз әдебиетін зерттеу жұмысын бұрынғыдан гөрі тереңдете түсіп, жаңа биікке көтерілді», – делініп бағаланып келді, бұл белгілі бір дәрежеде шындық та еді.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен ғылыми мақалаларда белгілі бір жүйеге түсіп классификациялануы, әр жанрлардың жеке зерттеле баста-

уы, қазақ әдебиеттану ғылымында фольклористика саласының оңаша отау алуға ұмтылғанын көрсетеді. Халық шығармашылығына байланысты мақалалар мен жинақтарға жазылған алғы сөздерде қазақ фольклористикасының өзекті проблемалық мәселелері терең сөз болғанын байқар едік. Осылардың ішінде қазақтың эпостық жырлары, олардың тарихи негізі, композициялық құрылысы мен көп нұсқалығы жайында жазылған мақалалар қысқаша тоқтала кетуді талап етеді.

Эпостық жырлардың әдеби мұра ретіндегі маңызы, көркемдік ерекшеліктері, халықтық сипаты негізгі зерттеу нысаны болып, тарихилығы тұрғысынан келгенде қай дәуірде пайда бола бастады деген мәселеде айтыс туды. Мақалалар мен оқулықтарда жеке жанр ретінде қарала бастаса да Б. Кенжебаев өз мақаласында батырлар жыры мен халықтық жырларды (лиро-эпостық жырлар) эпикалық жырлар ретіндегі жанрлық ұқсастықтары мен идеялық, тақырыптық, композициялық өзгешеліктерінің өзекті себептерін ашып берді. Батырлар жырындағы ел қорғау жолында көрінетін ерлер (Едіге, Қобыланды, Шора, Алпамыс) мен лиро-эпостық жырлардағы сүйген жар үшін ерлік жасайтын (Қозы Көрпеш, Төлеген, Қамбар) бейнелеріне салыстыра отырып талдау жасайды. Автор эпикалық

жырлардың қазақ ауыз әдебиетіндегі алатын орнын көрсету мақсатында қазақ эпосының халықтық, қоғамдық, әлеуметтік өмірдегі тарихи оқиғаларға қарым-қатынасы мен әр жырдың шығу тарихын анықтау арқылы жалпы эпостық жырлардың туа бастау дәуірін белгілеу қажеттігін проблемалық мәселе етіп көтереді. «Қобыланды батыр» жырын лиро-эпостық жырларға қоса қарастыруы мен эпикалық жырларды жалпылама сөз етуі сияқты жетіспеушіліктеріне қарамастан Б. Кенжебаев мақаласы батырлар жырын зерттеуде аса қажетті өзекті бір ойды дер кезінде талқыға ұсынды. Ол – сол кезеңде батырлар жырының көбінде кездесетін ноғайлы елі, ноғайлы заманы деген сөздерге байланысты батырлар жырының бәрі де тек осы ноғайлы дәуірінде туды деген ұғымға қарсы пікір. Автор эпостық жырлардың тарихи оқиғаға қарым-қатынасын түсіндіруде бір жақты кеткенімен, осы мәселені көтеруі қазақ эпостық жырларын зерттеуді жаңа арнаға, яғни тарихи дәуір мен тарихи оқиғаларға қарым-қатынасына сай алып тексеруге бағыттады. М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан өз мақалаларында жалпы фольклордың халықтың өмір-тіршілігіне байланыстылығына тоқтала келіп, эпикалық жырлардың тарихи оқиғалар шежіресі ғана емес, өз дәуірінің кескін-келбетін білдіретінін, көп нұсқаларының пайда бо-

луында ақын, жыршы-жыраулардың атқаратын еңбегін, тіл көркемдігін ғылыми түрде жан-жақты қарастырады. Эпостық жырларды жалпылама сөз етуден гөрі нақты бір жырды алып жеке зерттеудің әр жанр табиғатын танытудағы рөлінің зор екенін айта келіп М. Ғабдуллин өз пікірін «Қобыланды батыр» жырын талдау арқылы білдірсе, Ә. Марғұлан батырлар жырының шығу төркіні белгілі бір тарихи уақиғамен ғана шектеп қоюдың мүмкін еместігін, оларда халықтың сан ғасырдағы өмір тіршілігінің белгісі бар екенін, сондықтан бірнеше ұрпақтың шығармашылығын көруге болатынын «Алпамыс жыры» төңірегінде айтқан ой-пікірлері арқылы дәлелдейді. Осы мақалаларда эпостық жырлардың сюжеттік құрылысы, көркемдік ерекшелігі, оқиға ұқсастықтары мен эпикалық формаларына көп көңіл аударылған.

М. Ғабдуллиннің эпостық жырларды жекелей зерттеп, ғылыми нақты талдаулар жасау керек деген пікірі әдебиетші-зерттеушілердің арасында қолдау тапқанын байқаймыз. Батырлар жырына байланысты С. Мұқановтың, М. Ғабдуллиннің, Б. Кенжебаевтың, Қ. Жұмалиевтің, Ә. Марғұланның ғылыми зерттеу мақалалары жарық көрді. «Қобыланды батыр» жырының тарихи шығу негізі туралы М. Әуезовтің «Қобыланды батыр» жыры XVI ға-

сырда туды, оған И. Грозныйдың «Қазан қаласын өзіне қаратып алуы себепші болды», – деген пікіріне байланысты М. Ғабдуллин мен Б. Кенжебаев өз көзқарастарын білдіреді. Жырда кездесетін жер-су, қала аттарының белгілі бір тарихи дәуірдің белгісі бола бермейтінін, батырлар жырының сюжеті өмір шындығына, тарихи уақиға негізінде туғанмен жыршы-жыраулар тарихи фактілерді өз қалауына сай пайдаланатынын сөз етеді. Авторлар жырдың қазақ фольклорындағы орны, сюжеттік-композициялық, образдық, тіл көркемдігі жайында сол кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін тың топшылаулар жасайды.

«Едіге» жырын көп нұсқалығына орай салыстыра қарап, әр нұсқасына сай пайда болу кезеңін анықтау Б. Кенжебаев пен Қ. Жұмалиевтің мақалаларының басты мақсаты болған. Сол секілді жырдың құрылысы мен тіліне, образдық сипаттарына барлау жасалған. Бірақ, бұл мақалалар әр жырды жеке қарастыруда алғашқы ізденістер, алғашқы қадамдар болғандықтан халықтық сипаттарын танытуда ғылыми терендігі әлі жетіспей жатты. Сонымен қатар, тексеріліп отырған жырдың мазмұнына көбірек көңіл аударылып, айтылған пікірді дәлелдеу мақсатында мазмұндап кету мен мысал ретіндегі үзінділердің мол келтірілуі осы мақалалардың көбіне ортақ

кемшілік болды. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ғылыми толық классификациясы жасалып жүйеленбеуі де осы мақалаларға өз әсерін тигізді.

С. Мұқанов «Батырлар» жырына жазған «Батырлар жырының орны» атты алғы сөзінде эпикалық жырларды халық поэмалары деп атап, әдеп-ғұрыптан туған поэмалар, ерлік, батырлықтан туған жорық поэмалары, айтыс поэмалары деп үшке бөліп, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлардың жанрлық ерекшеліктері мен композициялық, сюжеттік ұқсастықтарын салыстыра отырып, олардың халық шығармашылығындағы орнын анықтауға ұмтылады. Айтыстар туралы ешбір сөз қозғамай батырлар жыры мен тарихи жырларды тұтастыра қарастырған. «Бекет батыр», «Исатай-Махамбет», «Сәтбек батыр», т.б. жырлар ауызға алынды. Алғы сөз авторы сол кездегі фольклористика ғылымына үш түрлі өзіндік ой-пікір қосты.

Біріншіден, эпикалық жырлардың тәрбиелік мәні, яғни патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие берудегі маңызына, жас ұрпақтың Отанын, туған жерін, халқын сүюге тигізетін әсеріне көбірек көңіл аударса, екіншіден, батырлар жыры қазақ елінің әлеуметтік өміріне сай тарихи төрт кезеңге байланысты туғандығын атап көрсете келіп, әрбір кезеңге жататын батырлар жырын топтастырады. Үшіншіден, алғы сөзде және



соңындағы түсіндірмеде эпикалық жырлардың кейіпкерлері мен оқиғасы халық тарихында болған ба, болса қай кезеңде, қай ханның тұсында болды деген мәселені шешуде тек қазақ тіліндегі нұсқалары ғана емес, түркі тілдес елдердің фольклорындағы нұсқаларымен салыстыра зерттеуді ұсынды. Сонымен қатар, әр жырдың жиналуы, баспа жүзін көруі, жазып алушылар мен жырлаған жыршы-жыраулар туралы мол мәліметтер келтірілген. Автордың осы үш мәселе бойынша ой қозғауы фольклористика ғылымының кең қанат жая қалыптасу бағытында зерттеу жүргізуге қозғаушы болды.

Алайда, сол кездегі фольклорлық үлгілерді тексерген ғылыми-зерттеу мақалаларында кездесетін кемшіліктерден С. Мұқанов та құр алақан емес. Эпикалық жырларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы кең орын алатынын, әсіресе лиро-эпостық жырлардағы қыз бен жігіттің атастырылып қоюы қалың мал, әлеуметтік теңсіздік, әйелдердің бас бостандығы болмағанын айта келе, батырдың қалыңдығын іздеуі, ерлік көрсетуі, көптеген жырға ортақ екенін нақты мысалмен дәлелдейді. Осы себепті эпостық жыр мен лиро-эпостық жырлардағы сюжеттік оқиға ұқсастықтарына қарап Алпамыстың Гүлбаршынмен атастырылып қоюы, қалыңдығын іздеп жорыққа аттануын «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен

салыстыра келіп, «Алпамыс батыр» жырын батырлық жырға да, лиро-эпосқа да жатқызып жіберген. Автор эпикалық жырлардың тақырыптық, идеялық ерекшеліктеріне сай дұрыс талдау жасағанмен, сюжеттік, композициялық құрылысына келгенде мазмұнға көп көңіл бөліп алған. Эпикалық жырлардың халық өміріндегі орнын, халықтық сипатын тануда маркстік-лениндік әдіснаманы басшылыққа ұстанғанымен, тарихи кезеңдерге сай шығу себебін ашқанда Кенесары, Наурызбай жайындағы жырлар туралы дұрыс қорытынды жасаған. Сол сияқты эпикалық жырлардың таптық сипатына тереңдеп бару мақсатында қай қоғамда да қанаушы, қаналушы тап болатынын, олардың арасындағы таптық қайшылық күреске айналатынын баса айтып: «Қазақ өлеңінің батырлар жырында ел арасындағы бұл қайшылықтардың ұшқыны көрінеді. Мәселен, «Сайын батырда» Тоқсан құл Сайынның әкесі Бозмұнайға қорлық көрсетеді, «Алпамыс батырда» «Ұлтан құл Алпамыстың әйеліне зорлық істейді, «Қамбар батырда» Қамбар тоқсан үйлі тобырдың жоқшысы болып көрінеді. Бұлар әрине тап қайшылығының белгілері» деп «тұрпайы социологизм» әсерімен пікір қайшылығына ұрынған тұстары да бар.

Маркстік-лениндік әдіснаманың таптық принципіне сай бұндай жаң-

сактықтарды осы 1939-1941 жылдары жазылған мақалалардың көбінде кездесетінін ескеретін болсақ, С. Мұқановтың алғы сөз ретінде жазылған бұл мақаласы эпикалық жырлардың жанрлық тарихи сипаттары мен әдебиеттегі орнын белгілеуде фольклорлық мұраны жариялау, зерттеу жолында фольклористика ғылымына өзіндік үлесін қосты.

Батырлар жырының туу негіздерін, халықтың тарихына қарым-қатынасын терең зерттеп бірнеше еңбектер жазған Ә. Марғұланның «Халық жырын туғызған мотивтер» атты мақаласы соны пікірлер көтеруімен құнды. Халық шығармашылығының, оның ішінде ертегі, жырлардың бостан-босқа туа салмайтынын, халықтың тұрмыс-тіршілігінде ерекше орны бар әдеп-ғұрып, салт-сана белгілері мен тарихи оқиғаларына қатысты мотивтердің әсері, эстетикалық ролі болғанын ғылыми дәлелдейді. Бұл мотивтерді халықтық әлеуметтік өмірмен тығыз байланыста қарай келіп, олардың бірнешеуін атап көрсетеді. Автор негізгі мотивтер деп: а) бейбіт тұрмыс, еркін өмірді аңсау, ә) әдет-ғұрып, салт-сана жолын ұстау (тұрмыс-салт жырларын туғызатын мотивтер. – Ж. С.), б) төрт түлік мал, в) ел қорғаны ерлерді сүю, мадақтау, г) ел басшысы, ақылшы қарияларды құрметтеу, ғ) ер анасы әйелді ардақтау, д) ғашықтық, сүйіспеншілікті дә-

ріптеу, е) өлеңге, өнерге деген құштарлық және тағы басқаларды атап, халық поэзиясының әр түрінің шығуының негізгі себептерін ашады. Бұл мотивтердің халық поэзиясын жанрлық табиғатына сай зерттеу жүргізуде әр шығарманың халықтық сипатын ашудағы маңызын нақты көрсетеді. Сол сияқты жыр мен ертегінің сюжеттік ұқсастығы оларды айтушыға, жырлаушыға байланысты болғанын, батырлық ертегіні жыршы-жырау эпостық жырға қалай айналдырса, эпостық жырды ертегішілер ертегіге солай өзгертіп жібере алатынын нақты мысалдармен дәлелдей келіп, «кейбір жыр түрі уақыт өте келе ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналуы мүмкін», – деген пікір білдіреді.

Ғылыми зерттеу мақалалардың негізгі нысанасына айналған ауыз әдебиетінің бір көлемді саласы – ертегілер. Е. Ысмайыловтың, Б. Кенжебаевтың т.б. мақалаларында ертегілер халық шығармашылығының аса бай мұрасы ретінде қаралып, жанрлық сипаты мен тақырыптық-идеялық, мазмұндық жағынан бірнеше түрлерге жіктеледі. Әр түрін бір-бірінен салыстыра отырып ерекшеліктерін, халық өмірінің айнасы болғанын, яғни халықтың арман тілегі, қиялы, тұрмыс-салты, әлеуметтік-эстетикалық көзқарасы сезілетіні жүйелі баяндалады. Е. Исмайылов қазақ ертегілерінің шығу себептерін

халықтық сипатына сай түсіндіре отырып, образдық сюжеттік-композициялық көркемдік ерекшеліктерін ұтымды қарастырса, Б. Кенжебаев ауыз әдебиетіндегі прозалық үлгілердің халықтың әлеуметтік өмірі, тұрмыс тіршілігіндегі мәні халық поэзиясынан ешбір кем болмағанына көңіл аударады. Осы екі автор да фольклористика ғылымында көп айтылып жүрген «ауысып алу теориясына» байланысты ой қозғай келе, қазақ ертегілерінің басқа халықтар ертегілеріне сюжеттік ұқсастығы мен композициялық жақындығын түсіндіруде сол кездегі маркстік-лениндік әдіснаманың талабын басшылыққа алады. Бір елдің фольклорлық мұралары өзге бір халықтың фольклорымен салыстырғанда кездесетін көптеген ұқсастықтар тілдері жақын, тарихи аралас елдерде ғана емес, бір тұқымдас тілге жатпайтын, территориялық шалғай жатқан халықтарда да кездесетінін нақты мысалдар мен дәлелдей келе екі себебін ашады.

Бірі – шаруашылық, қоғамдық-әлеуметтік, салт-саналық дәрежесі бірдей ұқсас дәуірді бастан кешуі болса. Екіншісі – бір елден екінші елге ауыз екі тарап, сол екінші елдің халықтық, ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңіре отырып, төл тумасы саналып кеткен ертегілер. Авторлар ертегілердің қазақ фольклорында алатын орнын анықтай келе,

оны типологиялық жақтан зерттеу қажеттігіне орай соны пікірлер білдірген.

Халық шығармашылығының басқа жанрлары да жеке ғылыми сөз болып зерттеле бастады. М. Әуезовтің, Б. Кенжебаевтың, С. Мұқановтың, Б. Шалабаевтың мақалалары жұмбақ, аңыз-әңгімелер, айтыс, тұрмыс-салт жырлардың жанрлық ерекшеліктері мен табиғатына, ауыз әдебиетіндегі орны мен халық өміріндегі мәніне арналған тың зерттеулер болды. М. Әуезов жұмбақтардың шығу тарихын елдің, жас ұрпақтың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тез ойлап тапқырлықпен жауап беруге тәрбиелеу мақсатында туғанын және көбіне поэзиялық үлгіде келіп, ұйқас, буын санының сақталуын ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Б. Кенжебаев аңыз-әңгімелерді жеке жанр ретінде тексерудің ғылыми қажеттілігін Қорқыт туралы аңыздар төңірегіндегі ой арқылы өрбітіп, бұл аңыздардың түркі халықтарына ортақ болу себебін әр елдегі нұсқаларына сай салыстыра қарайды.

С. Мұқанов әр қилы еңбектерде, мақалаларда айтылып, бір жүйеге түсіп жіктелмеген, әр түріне жеке ғылыми талдау жасалмаған қазақ халық поэзиясының озық үлгісі – айтысты терең зерттеп көлемді мақала арнаған. Осы мақала кейін жарық көрген 1942 жылғы «Айтыс» жинағына алғы сөз ретінде басылды. С. Мұқанов

көшпелі тұрмыс кешкен халықтар мәдениетіндегі айтыстың мәні мен орнына жалпылама тоқтала келіп, жанрлық сипатына кең түрде қарап, бірнеше түрге бөледі. Әр түрінің шығуын халықтың әдет-ғұрып, салт-санасына байланыстыра қарап, бәдік, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтысы деп жүйелейді. Автор айтыстың адам бойындағы туа бітетін табиғи дарындылық, импровизаторлық қасиетке тікелей байланыстылығын жыршы мен ақынның өнерпаздық келбетін салыстыра отырып дәлелдейді. «Қазақ тұрмысының жағдайына жазба әдебиет тумаған кезде ақынға ақын деген атақ әперетін – айтыс, ақын өзінің ақындық күшін көп алдында таныту керек. Ақын мен жыршының айырмашылығы ақынның негізгі кәсібі өз жанынан өлең шығару (импровизация), жыршының негізі шығарған даяр өлеңді жырлау», – дей келе, айтысты елдің қатты қадірлейтініне, сүйсіне тыңдайтынына орай, оны халық ортасына кең тараудағы жыршы-жыраулардың еңбегін де жоғары бағалайды. Ал айтыстың өнер жарысы, сөз сайысы ретінде эстетикалық талап-талғамды, үлкен білімділік пен қабілеттілікті қажет ететінін ақындардың өнерпаздық тұлғасына табиғи таланттылығына байланыстыратын пікір білдірген. Қазақ халқының айтыс жанрын өнер деп бағалағанын, өнер адамын құрмет тұтқанын

Абайдың, Шортанбай, Дулат ақындар поэзиясын сынаған өлеңін мысалға келтіре отырып, Бұқар, Сыпыра жырау, Махамбет, Шернияз, Әсет, Кемпірбай, Шөже, т.б. жырлары мен айтыстарынан нақты үзінді алып дәлелдейді.

Мақалада қыз бен жігіт айтысы ақындар айтысымен бірге тұрмыс-салт айтыстары деген түрге жатқызылып, «Әсет пен Рысжан», «Ақсұлу мен Кеншінбай», «Біржан-Сара», «Омарқұл мен Тәбия» айтыстарына ерекше көңіл бөлінген. Автор айтыстың жанрлық сипатын, әр түрге топтастыра бөлу мен халық поэзиясындағы орнын анықтауды басты мақсат етіп алғандықтан, айтыстың көркемдік ерекшелігі мен тіліне көп назар аудармаған. Әйтсе де мақалада ақынның өнерпаздық тұлғасы, айтыс өнері жайында соны тұжырымдар бар.

Ауыз әдебиетінің әр жанрын тереңдеп жеке зерттеген осы жоғарыдағы мақалалардың қазақ фольклористика ғылымының әдебиеттану ғылымында жеке сала болып дамуында өз үлестерін қосқаны анық. Зерттеу нысаналары фольклорлық шығармалар болғанмен, фольклортану бағытындағы біз қарастырған мақалалар қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде әдеби-теориялық таным процесіндегі ғылыми әдіснаманың қалыптасуы мен ғылыми ұғымдар системасының қалыптасуы

жолын дәлелдеп береді. Сонымен қатар, біз фольклорлық мұраны игеру, зерттеу жұмыстарына байланысты алғашқыда жинау, жариялау, насихаттаудан басталған мақалалардың таза ғылыми сипатқа ие болу жолы мен түсіндірмелік мәнде көрінген ой-пікірдің әдеби-тарихи, әдеби-теориялық тұрғыда ғылыми талдауға дейінгі дәрежеге қалай көтерілгенін байқаймыз. Бұлар – қазақ халқының фольклорлық мұрасын игеру, зерттеу бағытындағы мақалаларда ғана көтеріліп, тексерілген проблемалар. Егер осыған сол дәуірдегі оқулық-хрестоматиялардағы түсіндірмелер мен әр жанрға байланысты шыққан жинақтардағы алғы сөздерді, оқулықтардағы талдауларды, кейбір алғашқы монографиялық сипаттағы зерттеулерді қосатын болсақ, соғысқа дейінгі дәуірдегі қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі зерттеулердің сапасы мен саны өсе түсері анық.

1930 жылдардың басында әдебиет пәнін оқыту мен оқулықтар жасауға оң бағыттағы көзқарас пайда болды. Бұл қазақ баспасөз бетінде Ә. Тәжібаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту туралы», Ө. Тұрманжановтың «Қазақ әдебиетін оқыту туралы» атты мақаласында көрініс берді. Авторлар қазақ әдебиетінің оқулығын, программасын жасауды қолға алу туралы проблемалық мәселелер көтере отырып, ол үшін қазақ әдебиетінің

тарихын зерттеу қажеттігіне көңіл аударады. Осы отызыншы жылдардан бастап қазақ әдебиетінің мектептер мен оқу орындарында арнаулы пән болып оқытылуы Е. Ысмайылов айтқандай: «Әдебиеттану ғылымының бірте-бірте дамуына түрткі болды... Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге арналған бірқатар еңбектер, оқулықтар, хрестоматиялар жарыққа шықты». Әдебиет тарихынан жазылған оқулықтардың қажеттігін өзінің ұстаздық қызметі арқылы қатты сезінген С. Сейфуллин 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде ашық хат жариялаған болатын. Онда маркстік-лениндік эстетика принциптері көрініс тауып: «Еңбекші таптың совет мектебіне лайық тарих кітабы, әдебиет тарихы әлі де жазылып шыға алмай келеді», – деп фольклорлық үлгілер мен ақын-жыраулар шығармаларын жинап жіберуді әдебиет сүйер қауымнан өтініш жасайды. Осы хаттан соң С. Сейфуллин қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу жұмысына белсене кірісіп, 1931 жылы «Қазақстанның ескі әдебиет нұсқалары», 1933 жылы «Батырлар жыры» жинақтарын және бірнеше ақындар шығармаларын жинап бастырады. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді арнайы да айрықша көтерген С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) атты оқу құралы болды. Осы оқу

құралында Сәкен қазақ фольклорын заман талабына орай маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан жүйелі түрде зерттеуді мақсат еткен. М. Әуезов пен Х. Досмұхамедов сияқты автор да халық әдебиетінің барлық жанрларын ғылыми жүйеде классификациялап, оның ішкі түрлерін саралап, көне тарихты көркем туындыларымен сабақтастыра қарау негізінде тың бағыт, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі үлкен арнаға айналған жаңа жол бастады. Бұл еңбек С. Сейфуллин шығармашылығын зерттеген Т. Кәкішев, С. Қирабаев, М. Ғабдуллин, Р. Бердібаевтардың монографиялық еңбектерінде, С. Мұқановтың Сәкен шығармаларының VI томына жазған алғы сөзі мен Т. Кәкішевтің мақаласында, бірнеше коллективтік зерттеу еңбектер мен мақалаларда өз бағасын алды. Осы ғалымдардан асырып айта алмасaq та оқулықтың сол кездегі ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан жаңашылдық сипаты мен іздену, зерттеу жолында орын алған кейбір кемшіліктерін атай кеткенді жөн саналық. 1928 жылы қазақтың алғашқы университетінің ашылуы кезінде заман талабына сай оқулық тапшылығынан туған бұл еңбек – ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін үлкен жаңалық болды. Осы университетте халық әдебиетінен

лекция оқыған С. Сейфуллин бұл еңбекті жазудағы мақсатын: «Бүгінге дейін қазақ әдебиеті туралы жазылған ештеңе жоқ. Әсіресе ескі ел әдебиеті туралы жазылған ештеңе жоқ. Ескі ел әдебиеті туралы ештеңе жоқтығы былай тұрсын, сол ескі ел әдебиетінің жинақтары да жоқ. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» туралы бірдеме жазу ескі ел әдебиетін іздеп, құрастырып жинастыру өте қажет екендігі соңғы жылдарда қатты сезілді», – деп атап көрсетеді. Автор қазақ әдебиетінің тарихын екі дәуірге бөліп, әрқайсысын жеке тексеруді жоспарлаған. Біріншісін – билер дәуірінің әдебиеті десе, екіншісін – қазақ елінің Ресей патшалығына бағынған дәуір әдебиеті деп жіктеудегі мақсатын кіріспеді айтып өтеді. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиетін дәуірге бөлуде тұрақты терминге айналмаған осы «билер дәуірінің әдебиеті» деп бөлу еңбекте автордың кейбір пікір қайшылықтарына ұшырауына себеп болған. Әдебиет тарихын зерттеудегі маркстік-лениндік әдіснаманы басты бағыт ретінде ұстағандықтан да С. Сейфуллин «Ауыз әдебиеті – тіл өнері де сол замандағы үстем таптың қызметінде мықты құралы болған» деген пікір білдіріп, батырлар жырын талдағанда «Шора батыр» жырын «қанаушы тап идеологиясы туғызған» десе, «Қамбар» жырын еңбекші, яғни қаналушы таптың са-

насынан туған» дейді. Сөйтіп бір кітапта Сәкен өзіне өзі қайшы келеді». Әрине, бұл сықылды пікірлердің кездесуі Сәкен өзі айтқандай «бүгінге дейін қазақ әдебиеті туралы еңбектің жоқтығымен» және С. Мұқанов айтқандай «әдебиеттану ғылымының сол кездегі жасандығынан».

С. Сейфуллиннің бұл оқу құралында халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келген рухани байлығы түгел қамтылып, оның жанрлары мен түрлері ғылыми жүйелікте жіктелген. Қазақ халқының бастан өткізген тарихи кезеңдерімен тығыз байланыстылықта ала отырып, ауыз әдебиетінің әрбір үлгісіне ғылыми-зерттеушілік көзқараста нақты пікір білдіреді.

Халық шығармашылығының ең көрнекті де үлгілі нұсқалары ғылыми жүйеге салынып, оның ішкі жанрлары сараланды, көне тарихты көркем туындылармен сабақтастыру негізінде жоғары оқу орындарына арналған қазақ әдебиетінің оқу құралы жасалды. Бұл маркстік-лениндік әдіснама негіздеріне сай сипатта болғанымен қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі үшін зор табыс болды. Шынында да, оқу құралдарындағы фольклорлық әрбір үлгінің шығу себебі мен сырын баяндап, оған ғылыми-эстетикалық талдау жасауы, зерттеушілік ой-пікірдегі нақты тұжырымдар білдіруі, халық ауыз әдебиетінің даму құбылыс-

тарын тексеруге қадам жасауы – шын мәніндегі ғылыми-зерттеу еңбектерге тән қасиеттер.

Бұл еңбекті «қазақтың әдебиеттану ғылымына алғашқы тартылған сұрлеу» деп бағалаған уақытта 1930 жылдардағы әдеби-теориялық және әдеби-тарихи талдау жасай зерттеу бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өрісін кеңейткен, тыңнан қозғаған жаңа бастамаларына да көңіл аудару қажет. Олар жоғарыда көрсетілген әдебиетші-ғалымдардың еңбектерінде қаралғанын ескере отырып, бүгінгі таңдағы тарихты жаңаша таразылау көзқарасына сай атап қана кетсек те жеткілікті.

С. Сейфуллин ғалымдық білгірлікпен сол кездегі әдебиеттану ғылымындағы орын алған «бірыңғай ағым теориясына» байланысты «қазақта әлеуметтік таптар жоқ, сол себептен бізде таптық әдебиетте жоқ» деген көзқарасқа маркстік-лениндік әдіснама негізіне сүйене отырып осы еңбегі арқылы соққы беруге ұмтылды. Себебі, әдебиеттің таптығы принципі ауыз әдебиетінің белгілі бір жанрын не болмаса жеке шығарманы сөз еткен мақалаларда шетпұшпақтай ғана айтылып, бұл туралы ғылыми тұжырым жасала қоймаған еді. «Қазақ әдебиетіндегі» «қай дәуірде болса да әдебиет тап құралы болады» деген қорытындының қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш айтылуынан, ғылыми-зерттеушілік

ой-пікірдің маркстік-лениндік ілімнің әдебиет туралы саясаты мен әдіснамасын меңгере бастау жолындағы шешуші қадам болғанын байқаймыз. Оны кітапқа жазған алғы сөзде М. Жолдыбаев: «Бұл кітап сыннан өтіп, «сымға тартқан күмістей» жұмырланып шыққан «әдебиет тарихы» емес, әлінше маркстілдік талдау көрген, Маркс-Ленин жолына дәлдестірілген, затшыл диалектика әдісімен жиналған қазақ әдебиетінің тарихының материалдары. Дегенмен кітап қазақ әдебиеті тарихына құрал бола алады», –деп атап та көрсеткен [37, 5].

С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиетін» және осы 1930 жылдардың басынан бастап маркстік-лениндік әдіснамаға сүйене отырылып жазылған зерттеу еңбектер мен мақалаларды сөз еткенде, басын ашып алатын бір мәселе бар. Осы жылдардан бастап ұлттық әдеби-тарихи және әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің партиялығы, таптығы және халықтығы принциптері берік орын тепті. Әдеби мұраны еңбекші тап мүддесі тұрғысынан бағалау қолға алынды және ол жалғыз қазақ әдебиеттануы мен сынында ғана емес, бүкілодақтық деңгейде жүрді. Сондықтан ол жаман-жақсы болсын ұлттық әдебиеттануымыздың туу, даму жолында басшылыққа алын-

ды. Кеңес дәуіріндегі көркем әдебиеттің өркендеуі мен ғылыми-зерттеу жұмысының маркстік-лениндік ілімнің қағидалары шеңберінен шығармай, идеологияға бағындырғанмен, оның әдебиет пен ғылымның дамуына қосқан үлесін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан фольклордың таптық принцип тұрғысынан зерттелуіне жалғыз Сәкен кінәлі емес. Әрі-беріден соң «ұлтшыл» атанған арыстарымыз айдалып кетіп, кеше ғана оларға қарсы шығып жүргендер зерттеу жұмысымен айналысудан қорқып бұғып қалған кезінде, бұл жолды революционер С. Сейфуллиннің бастауы да заңды. «Ұлтшылдар» жазғандықтан бүкіл оқулық пен оқу құралдарын пайдалануға тыйым салынып, мектептер, орта және жоғары оқу орындары оқулықсыз қалған уақытта С. Сейфуллиннің бұл іске көшбасшы болуының өзі ерлік. Себебі, Голощекиннің қазақ интеллигенциясын бір-біріне айдап салып, жік-жікке бөліп тастағандағы «сейфуллинщинаның» салқыны әлі айыға қоймағанды. Басқалар секілді партия саясатына жағыну үшін «тұрпайы социологизмнің» сойылын соғып жүре беруге Сәкеннің азаматтық ары мен халық алдындағы парызы жібермеген деп ұғыну керек.

Фольклор мен әдебиет тарихын маркстік-лениндік әдіснамаға сай зерттеу Сәкеннің «Қазақ әдебиеті»



оқулығынан кейін өріс алғанын атап айтуымыз керек. Өткендегі мұраны үстем таптікі деп біржола бас тартқан пролеткультшылдықтың немесе еңбекші таптан шыққан ақын-жазушыны, яки бас кейіпкері кедейден шыққан шығарманы ғана алу керек деп жүрген тұрпайы социологизмнің ғылыми-зерттеу ісіне тоқтау салған кедергісін де бұзып берген де С. Сейфуллин болды. Ендеше осы 1930 жылдардан бастап бертінге дейінгі әдебиет туралы ғылыми-зерттеуді маркстік-лениндік әдіснама негізіндегі әдебиеттану ғылымы деп атап, оның жеке ғылым саласы ретінде туу, қалыптасу жолына қосқан үлесін тарихи тұрғыда саралау керек. Өйткені, белгілі бір теорияға сүйенген әдіснамасыз ғылым болмайды. Ең кері тартпа деп есептелінетін мифологиялық теорияның өзі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алға басуына өз ықпалын тигізді. Дүниені дүр сілкіндірген жаңа заман алға тартып, оның идеологиясы да осы маркстік-лениндік ілімге сүйеніп тұрған кезеңде дәуір бұл әдіснамамен келіссіз бе, келіспейсіз бе оған қарай қойған жоқ. Қоғамдық дамудың әлемдік заңдылығын жоққа шығарған революция дәуірі социализм құру жолында қандай да болсын құрбандыққа барудан тайынған жоқ. Еуропацентристік көзқарасқа сүйенген ұлы державалық шовинизмнің отаршылдық саясаты

жалғаса түсті де, халық тәуелсіздігі үшін күреске шыққандар мен большевиктік қызыл қырғынға қарсы тұрғандарды қатыгездікпен жойып жіберді. 1920-1930 жылдардағы халқымыздың тарихында бұндай құрбандықтардың аз болмағаны белгілі. Сол себептен де ұлт мәдениеті мен әдебиеті, ғылымында еңбек сіңірген көрнекті тұлғалардың мұрасына бүгінгі таңдағы көзқараспен қарау мен бағалауда аса сақтықпен, сол дәуірдегі замана талабына орай тарихи шындықпен келу керек. Сонда ғана осы әдіснама талаптарына сай еңбек жазған ғалымдар мен әдебиетші-сыншыларымызды, көркем шығарма әкелген ақын-жазушыларымызды орынсыз кінәлаудан аулақ боламыз. Әйтпесе, қазіргідей өтпелі кезеңдешет жағалатып айтып қалып жүргендей олардан бас тартуға дейін апаратын «тұрпайы социологизм» секілді өңі айналған тағы бір «теориясымаққа» тап боламыз. Тарих – қашанда өз шындығымен тарих. Оның даму жолында ізденістер мен іркілістер, даңғылдар мен бұралаңдардың болуы заңды құбылыс. Бұл айтылғандар жалғыз С. Сейфуллиннің ғылыми еңбектеріне ғана емес, жоғарыда сөз етілген мақалаларға және кейініректе де қарастырылатын зерттеулерге түгелдей қатысты. Бұл сонымен қатар, бертінге, яғни қайта құру кезеңіне дейінгі, фольклор мен әдебиет тарихының, теориясының

өзекті мәселелерін, әдеби сын мен баспасөз тарихын, әдеби байланыстар мен аударма, т.б. салаларды зерттеген еңбектер мен монографияларға тұтастай қатысты. Оларды маркстік-лениндік әдіснама негізіндегі ұлттық әдебиеттану ғылымы деген атаудың аясында қарап тексеру керек.

Міне, осы тұрғыдан келгенде батырлар жырының шығу кезеңдері, тарихи оқиғалардың халық қиялы мен болашақтағы арман тілегіне сай жырлануы, ел бірлігі мен патриоттық мотивтердің көрініс табуы, жыр образдары мен көркемдік суреттеу туралы ғылыми ой-тұжырымдар білдіруі – шынында да, үлкен жаңалық. «Сәкен кітабының үлкен бағалы жағы әдеби мұраны халық тарихымен байланыстылықта зерттеуге талап жасауында», – деп көрсетеді академик С. Қирабаев. Бұған мысал ретінде С. Сейфуллиннің М. Әуезовтің «Қобыланды батыр» жырының негізгі сюжетіне И. Грозныйдың 1552 жылы Қазан қаласын басып алуы себеп болды» деген пікіріне қарсы ғылыми-тарихи дәлелдерін алуға болады. Автор «Қобыланды батыр» жырының шығуына Иван Грозныйдың Қазанға шабуылы емес, Шағатай ұлысының ханы Қазан (Ғазан) мен Қыпшақтар арасында болған соғыс себеп болғанын нақты деректермен түсіндіреді. Осы жырдың шығу тегін ғылыми дұрыс шешудегі бұл бастама кейінгі зерттеушілерге жана

жолмен жүруге бағыт сілтеді. Ол соңғы кездерде осы жырды зерттеген Б. Кенжебаевтың, М. Ғабдуллиннің, Қ. Жұмалиевтің еңбектерінде жүзеге асқаны белгілі. Эпостық жырлардың тарихилығы туралы автордың осы ойын Ә. Марғұлан өз мақаласында тереңдете зерттегенін алдыңғы беттерде сөз еткен болатынбыз. Бұл жолдағы алғашқы бастаманы да С. Сейфуллин осы еңбегінде көтергені оқу құралының ғылыми-зерттеушілік сипатын айқындай түседі.

Шын мәніндегі ғылыми-зерттеу еңбекке тән сөз етіп отырған шығарманың бұрын басылып шығуынан толық мәлімет беру мен ол жайында айтылған пікірлерді келтіріп отыру ерекшеліктерін де осы оқу құралынан кездестіре аламыз. Автор фольклорлық мұралардың, әсіресе эпикалық жырлардың бұрын басылуы туралы айта отырып, Радлов, Диваевтардың айтқан пікірлерін қажетті жерінде пайдаланады. Оның дұрысын тереңдете нақтылай түссе, қате айтқандарын сынап отырған. Сонымен қатар, фольклорлық шығармалардың көп нұсқалы болу себепін түсіндіріп, түрлі түркі тілдес халықтардың да фольклорында кездесетінін атап өтіп отырады. Әсіресе, ноғайлы заманындағы шыққан батырлар жырының бір кезде тағдыры, тұрмыс-тіршілігі бірдей болған халықтарға ортақ мұра екенін айтқан қорытындылары көңіл

аударарлық. С. Сейфуллиннің сол кездің өзінде тап басып айтқан осы тұжырымы Ұлы Отан соғысынан кейін фольклорлық мұралар туралы айтыс-таласта негізгі қорытынды пікір болып қайта айтылды. Бұған 1957 жылы Ташкент қаласында «Алпамыс батыр» жыры туралы болған ғылыми конференция айқын дәлел.

С. Сейфуллиннің қазақ әдебиеттану ғылымында ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан негізгі жаңалығы – қазақ фольклорын өзіне дейінгі жанрмен түрге бөлген жүйелеуді толықтыра, дамыта отырып жасаған жаңа классификациясы. Сәкеннің әдебиетші-ғалым, сыншы ретіндегі тұлғасын қарастырған зерттеу еңбектерде бұл классификация «қазақ фольклорын жаңаша жүйеледі» деп аталып қана өтіліп, жүйелеу жолы ғана көрсетіліп, М. Әуезов пен Х. Досмұхамедов еңбектеріндегі жіктеулермен салыстырылмай қалған. Біздің ойымызша, фольклорлық үлгілерді жанрға және түрлерге жіктеу жаңа туып келе жатқан әдебиеттану ғылымында әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу, даму дәрежесін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді тың бағыттағы жаңа зерттеу арналарына да жетелейді. Сол себептен «Қазақ әдебиетінің» ғылыми зерттеу еңбек ретіндегі сипатын аша түсу үшін ондағы жасалған фольклорлық шығар-

маларды жүйелеуді бұрынғы классификациялармен салыстыра қарағанды жөн көрдік.

Жалпы С. Сейфуллин оқу құралына жазған кіріспесінде «қазақ әдебиеті туралы басқа еңбек жоқ» дей отырғанмен М. Әуезов пен Х. Досмұхамедовтердің еңбектерімен таныс болған. Бұған дәлел «Қобыланды батырдың» шығуына Иван Грозныйдың Қазан қаласына шабуыл жасауы деген түсінік М. Әуезовтің 1925 жылы жазған «Қобыланды батыр» мақаласы мен «Әдебиет тарихы» еңбегінде айтылған еді. Сол сияқты батырлар жырын «ұлы батыр», «кіші батыр» деп бөлуді де М. Әуезов бастаған болатын. Сәкеннің екі пікірді де жоққа шығарғанынан көп ізденіп, әрбір мәселеге ғылыми тұрғыдан қарағанын аңғарамыз. Батырлар жырын үлкен, кіші деп бөлудің орыс әдебиетшілерінің қолдап жүрген тәсілі екенін, оның қазақ эпостарының табиғатына келмейтінін де ескертіп өтеді. Тегі С. Сейфуллин бұл еңбектерге берілген «буржуазиялық-ұлтшылдық көзқараста жазылған» деген баға мен «ұлтшылалашордашыларға» қарсы күресетін салқыннан атап көрсетуді қажет деп таппаған болуы керек. Автор «Қазақ әдебиетінде» осы еңбектерде басталған қазақ фольклорына классификация жасауды толықтыра, дамыта, жаңа жанрлар мен түрлер қоса отырып, осы кезде дейін мәнін

жоймаған, ғылыми жүйедегі біртұтас классификация жасап шығады. Бұл салыстыра қарағанда анық көрінеді, М. Әуезов пен Х. Досмұхамедовте қыз ұзатуға байланысты жырлар мен мұң-шер өлеңдер бөлек жанр болып жүрсе, С. Сейфуллин оларды «салт өлең-жырлар» деп топтастырып, оған той бастар, сынсу, жұбату мен үгіт, айт келін, өсиет өлеңдер сияқты жаңа түрлер қосады. Сол сияқты дін салтына байланысты жырларға бәдік пен алдау-арбау, жалбарыну өлеңдерді кіргізеді. С. Сейфуллин классификациясының жаңашылдығын көрсететін жері төрт түлік малға байланысты жырларды «мал туралы және «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең, күйлер» деп жанр түрі ретінде енгізілуі. Жоғарыдағы екі авторда бұл кездеспейді және Сейфуллин жариялаған нұсқалар қазақ фольклористикасында әлі күнге дейін айтылып келе жатыр. Сондай-ақ «жастық ойын-күлкі өлең, такпақтары» балалар фольклорынан терең мазмұндағы өте бай материалды ұсынады. Бұл бұрынғы жүйеге бөлуде жоқ, бірақ Сәкен классификациясында айтыс өлеңдер, жұмбақ, тарихи жырлар кірмей қалған. С. Сейфуллиннің осы классификациясы қазақ фольклористикасы ғылымындағы кейінде жазылған ғылыми-зерттеу еңбектерде нақтылана түскені мәлім. Әйтседе осы жүйелеу мен фольклорлық шығармаларды топтастыру, жан-

жақты әдеби талдау жаса мәні зор жаңалық еді. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» оқулығының маңызы «оның белгілі бір дәуірде атқарған тарихи қызметімен өлшенеді. Ол қазақ әдебиетінің тарихын жүйелі түрде баяндап, ғылымдық тұрғыда бағалауға тырысқан автордың батыл қадамын танытады». С. Сейфуллин әдебиет тарихын зерттеуге жасаған осы қадамы арқылы қазақ фольклорын заман талабына сай маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан зерттеудің негізін салып берді. Сол себептен С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралы – «Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу жөнінде тұңғыш монография болып табылады. Әдебиет тарихын және оның қалыптасып, даму кезеңдерін азаматтық тарихқа байланыстыра зерттеу, әдебиеттің жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін айқындай баяндау, әдебиеттің таптық, әлеуметтік сипатын көрсету, т.б. жөнінде Сәкеннің бұл еңбегі өз кезінде ерекше роль атқарды. Әдебиет тарихын кейінгі зерттеушілерге ой салды, үлгі болды. Жалпы әдебиет зерттеу ғылымына қосылған зор үлес болды. Бұл кітап бүгінгі өскелең ғылым үшін де қымбат, бағалы болып қала бермек!» [38].

Қорыта айтар болсақ, «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралы сипатындағы ғылыми зерттеумен де қазақтың бай әдебиетінің үлгілерін эстетикалық-

социологиялық талдаудан өткізіп, фольклористикалық жүйелі классификация жасады, көптеген соны ой, тың пікірлер айтты, парасаты мол фольклорист ғалым екенін айқындады. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу процесіне Сәкеннің қосқан үлесі зор дегенде осы жайлар айрықша еске алынары өзінен-өзі түсінікті», – деп жазады атақты сәкентанушы ғалым Т. Кәкішев. Біздіңше, бұдан арттырып айту мүмкін емес.

1930 жылдардағы фольклортану саласындағы зерттеу жұмыстары туралы ойымызды түйіндесек, сөз етілген еңбектер мен мақалалардан ұлттық әдебиеттану ғылымы келешек даму жолына қажетті негізгі

тексеретін нысаналары мен проблемаларын нақты шешіп алғанын байқаймыз. XX ғасырдың бас кезінде әдеби мұраны жинау, жариялауды насихаттаудан басталған әдеби-тарихи, әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір толыса келіп, ғылыми мақалалар мен зерттеулерге ұласты. Олар қазақ фольклорының өзекті мәселелері жайында жазылуға тиісті болашақ ғылыми еңбектер мен монографияларға жол басшы болды. Қазақ фольклористика ғылымы оңаша отау болып, жеке шаңырақ көтерді. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің туғандығын нақты дәлелдеген кезеңінде әдеби мұраны игеру проблемасын біршама оңтайлы шешіп алғанына айқын дәлел.

## 2.2. Әдебиет тарихының 1920-1930 жылдардағы зерттелуі

XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетін ғылыми тұрғыда тану мен дәуірге бөлуде алғашқы қадам жасаған әдеби-тарихи ой-пікір төңкерістен кейінгі жылдарда жалғаса түсіп, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу дәуіріне тән күрделі мәселелерге араласа бастады. «Әрбір халықтың әдеби-көркем мұрасында оның бүкіл тарихы мен жан-дүниесі, дүниетанымы жатады. Сондықтан келешек ұрпақ үшін ол рухани өмір тәжірибесінің мәңгі тірі бастаулары болып саналады. Бұл шындық Қазан төңкерісінен

кейін-ақ бірден өзіне жол сала бастады», – деп жазылғанындай, өз бағыт-бағдарын танып қалған әдеби-тарихи ой-пікір төңкерістен соң әр түрлі сипаттағы концепциялар мен көзқарастарға кездесті. Олар әдебиет тарихын классикалық мұраны жаңаша тануға ұмтылған әр қилы әдістерге сүйенген теориялар еді. Оның басты себебі, әдебиеттану ғылымы 1920 жылдардың бас кезінің өзінде-ақ классикаға, яғни өткен дәуірдегі өмір сүрген ақын-жазушылар шығармашылығына, ерек-

ше көңіл аударудың болуы еді. Қазақстан сияқты ұлт аймақтарын былай қойғанда «академиялық мектеп» атанып, әдебиет тарихын зерттеу саласында дәстүрлі жолы бар орыс әдебиеттану ғылымының өзі 1920 жылдан бастап орыс классиктерін әдебиеттің таптығы принципіне сай жаңаша зерттеуді қолға алды. Ғалым С. П. Машинский бұл туралы: «Ленинская концепция классического наследия легла в основу художественной политики Советской власти. Вооруженное марксистско-ленинской методологией, советское литературоведение обнаружило принципиально новый подход к исследованию художественного творчества и стало важной областью идеологической жизни. Одним из важнейших орудий духовного воспитания людей стало художественное наследие классиков», – деп жазады [39, 11].

Әдебиеттану ғылымының алдында бұл бағытта бірнеше күрделі міндеттер тұрды. Ол біріншіден, классикалық мұраны жинап, текстологиялық салыстыру жасай отырып басып шығару, халық игілігіне ұсыну болса, екіншіден, осы ақын-жазушылардың шығармашылық жолы мен шығармаларын, эстетикалық көзқарастарын әр түрлі аспектіде қарай отырып ғылыми терең зерттеу жүргізу керек болды. Маркстік-лениндік ілім өз әдіснамасын жан-жақты насихаттап баққанымен,

әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір оны бірден қабылдай қойған жоқ. Басқаша бағыт, жаңа әдіс-тәсіл іздеп, «пролеткультшылдарды» былай қойғанның өзінде «формальды әдіс», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым теориясы» секілді концепцияларды туғызды. Сол себептен де «поступательное развитие марксистско-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями» болды да, төңкеріске дейінгі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өзінің келе жатқан жолынан шатасып, азды-көпті тәжірибесінен айырылып қалды.

Мысалы үшін орыс әдебиеттану ғылымының төңкерістен кейінгі классикалық мұраны зерттеудегі жолына көз салалық. Әдебиетті географиялық және тарихи ортасына, биографиялық фактілерге бағындырып зерттейтін – мәдени-тарихи, орыс әдебиетін басқа халықтар әдебиетімен салыстыра тексеруді басшылыққа алған – салыстырмалы тарихи, әдеби мұра мен тарихи ескерткіштерді текстологиялық жақтан зерттеген – филологиялық, белгілі бір ақын-жазушының шығармаларының образдық жүйесіне психологиялық талдау жасай отырып тексеретін психологиялық сияқты мектептері болған орыс әдебиеттану ғылымының өзі классикалық мұраны зерттеуде елеулі қателіктер жіберді.

«После Октябрьской революции наше литературоведение было поставлено перед грандиозной задачей: на основе марксистско-ленинской методологии заново «прочитать» всю историю отечественной литературы» дегендей, әдебиет тарихын жаңа әдіспен зерттеу қажет болды. Ол қиын да күрделі жұмыс еді. Ол үшін марксизм-ленинизм жетекші идеология болып отырған жаңа қоғам әдебиет тарихын зерттеу жұмыстарына еңбекші тап тұрғысынан қарауды қатаң талап етті. Маркстік социологиялық әдеби-тарихи талдау жасау әдісін басшылыққа ала отырып, белгілі бір дәуір әдебиетін сол әлеуметтік және тарихи жағдайларға сай көркемдік ерекшелігі мен сипатын ашуда, әдебиеттің даму жолындағы ұлттық, тарихи, әлеуметтік заңдылықтарды табуда, жеке ақын-жазушының шығармашылығын зерттеуде әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы секілді принциптер тұрғысынан келуді міндеттеді. Бұл ешқандай идеологияның күштеуісіз дамып келе жатқан біздің ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірімізге қиындық келтірді. Рас, қандай да болсын ғылым саласы өзінің туу, қалыптасу кезеңінде белгілі бір қате бағыттағы теорияларға қарсы күресті бастан кешетінін байқаймыз. Бірақ ол эволюциялық даму заңдылығына сай біртіндеп жүзеге асуы тиіс. Ал маркстік-лениндік әдіснама үгіт-

насихатпен және көбіне күшпен енгізілді. Аяғынан енді ғана қаз-қаз тұра бастаған қазақ әдебиеттануы осыған тап келді. Сол себептен де 1920 жылдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде «формальды әдіс» айқын көрініс таппаса да, «бірыңғай ағым теориясы» мен «тұрпайы социологизм» концепциясы зерттеу жұмыстарында анық байқалды. Қазақстанда, әсіресе «пролеткультшылдардың» оғарлығы, оның нигилистік позициясы айрықша даңғазаланды. «Поиски истины в научном исследовании никогда не даются легко. Особенно тогда, когда они лежат в совершенно новой, неизвестной области. Вульгарная социология тоже по своему была поиском истины, но в неверном направлении» дегендей бұлардың барлығы да ізденіс жолындағы әр түрлі бағыттар еді [39, 45].

1920 жылдардың басынан орыс әдебиеттану ғылымында Г. В. Плехановтың эстетикалық теориясындағы көркем творчествоны социологиялық тұрғыдан тексеруді ұсынған ғылыми қағидалары Е. Соловьев-Андреевич, В. П. Переверзев, В. Фриче, П. Н. Сакулиндер және т.б. тарапынан қолдау тапты. Бұлар өз еңбектерінде әдебиеттану ғылымында әдеби мұраны зерттеуге негізгі әдіс ретінде «формалдық-социологиялық әдіс» пен «тұрпайы социологизмді» ұсынды. Тұрпайы социологизмді жақтаушылар марксизм ілімін формализм-

мен ұштастыра қарады. Олардың ойынша, социологиялық әдіс өзінің зерттеу объектісіне өнердің мазмұнын алса, формальдық әдіс-формасын тексереді, яғни екі әдіс бір-бірін толықтырады деп есептеді. Бұл әдебиет тарихы мен классикалық мұраны зерттеуде біржақтылыққа ұрындырды. Әдебиеттің көрнекті бір өкілінің творчествосын талдауда «тұрпайы социологизм» басшылыққа алынып, шығармаларын тексергенде әлеуметтік, таптық негізін ашу мен идеясынан саяси астар іздеуде жазушының қай таптан шыққанына көп көңіл аударылды.

Классикалық мұраны игеруде бұрыннан азды-көпті тәжірибесі бар орыс әдебиеттану ғылымы мен сынының өзі осы концепцияларға бой алдырып отырғанын байқасақ, әдебиеттану ғылымы мен сыны туып, қалыптасып үлгермеген ұлт республикаларына тиген әсерінің өте қатты болғаны айтпаса да түсінікті.

Классикалық мұра – қандай халықтың болсын ұлттық мәдениетін дамытуда ерекше ықпал жасайтын рухани байлық. Классикалық дәстүрі мен тарихи сабақтастығынан айырылған әдебиет өзінің ұлттық тамырынан да қол үзіп, өсу, даму жолын жоғалтар еді. Міне, сол себептен осы 1920 жылдары

Қазақстанда да әдеби мұраны игеруге деген жаңа ықылас пен ынта біртіндеп пайда бола бастады. 1920

жылдардың бас кезінде мерзімді баспасөз бетінде өткен дәуірдегі әдеби мұраларды жариялау ісі қолға алынып, халық қадірлеп, үлгі тұтқан ақындар мен жыраулардың шығармалары басыла бастады. С. Нұржановтың құрастыруымен «Абай термесі» (1917), Б. Күлеев бастырған «Адасқан өмір» (1922) мен Ә. Диваев құрастырған «Жеті батыр» жинағында С. Торайғыровтың поэмалары (1924), Қазан мен Ташкентте Абай өлеңдерінің толық жинағы (1921, 1924), Х. Досмұхамедовтің құрастыруымен «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) сияқты жинақтардың жарық көруінен басталған игілікті іс жалғаса түсті.

Бұл жұмысқа халық ортасынан шыққан фольклорлық-этнографиялық экспедициялар басшылық жасап, ел ауызынан жазып алынған және мерзімді баспасөз бетінде жарияланған шығармаларды жинақтай отырып, Бұқар жыраудың, Базар жыраудың, Шернияз ақынның, Ы. Шөрековтің өлеңдер жинағы басылып шықты. 1930 жылдардан бастап қазақ кеңес әдебиетінің ақын-жазушылары да қызу араласты. С. Сейфуллин құрастырып, алғысөзін жазған Ақмолланың (1935), Ы. Алтынсариннің (1935), Ақан серінің (1935), І. Жансүгіров шығарған Сүйімбайдың (1935), Қ. Жұмалиев бастырған Махамбеттің,



М. Жұмабаев шығарған Шәңгерейдің шығармалар жинағы бүкіл халықтың рухани қазынасына ғана емес, жас талапкерлердің үлгі алар мектебіне, туып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет тарихын жасау бағытындағы зерттеу жұмыстарының нысанасына да айналды. Құрастырып, алғысөз жазушылар сол ақынның өмірбаяндық деректерін келтіре отырып, оның өлеңдерін ақын өмір сүрген дәуірдегі тарихи оқиғаларға немесе ақын өмірінде болған шындыққа назар аударып, жазылу себебін ашуға талпынған. Сонымен қатар, ақын шығармашылығын жинап бастыру мен зерттеу жүргізудің тарихнамасын баяндап отырған. Бұл 1920 жылдарының бас кезіндегі жинақтардағы алғы сөздерде жиі орын алды. Себебі, әдебиет туралы ғылымның туу процесінде әдеби-тарихи білімдер системасының жинақталуы мен шығармаға алғашқы теориялық талдау жасау – осы ғылыми анықтамалық бағыттағы алғысөздер мен түсіндірмелерден басталады. Бұл тарихи-биографиялық сипаттағы анықтамаларда ақын өмірі, шығармалары туралы ғана емес, оның өмір сүрген дәуірі мен қазақ поэзиясындағы алатын орны жайында да пікірлердің кездесуін қазақ әдебиетінің тарихын жасаудағы алғашқы ізденістер деп бағалау қажет. Мысалға С. Сейфуллиннің Б. Алтынсарин жинағына жазған

алғы сөзін алсақ та жеткілікті. Сәкен Ыбырайдың өнерпаздық тұлғасын сөз еткенде педагогтік, ағартушылық қызметін айта келіп, қазақ прозасының негізін салудағы еңбегін ерекше атап, «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлға» деп бағалайды. Қорыта айтқанда, 20-жылдардың басында шыққан жинақтардағы тарихи биографиялық, ғылыми анықтамалық сипаттағы алғысөздер мен түсініктемелер әдебиетті ғылыми тұрғыдан тану мен әдебиет тарихы жасау бағытында жаңа жол ашты және оларда маркетік-лениндік әдіснамаға сай еңбекші тап мүддесінен қарау орын ала қойған жоқ.

Салыстырмалы түрде көңіл аударатын болсақ, осы тарихи биографиялық, ғылыми-анықтамалық сипат 1920 жылдардың басындағы классикалық мұраны сөз еткен әдеби-теориялық және әдеби-тарихи талдау, зерттеу бағытындағы ғылыми ой-пікірге ортақ қасиет еді. Сол кезде шыққан С. Нұржановтың, М. Жұмабаевтың, Б. Кенжебаевтың мақалаларындағы басты мақсат – сөз етіп отырған ақынның өмір жолын таныстыру мен шығармашылығын насихаттау болғаны байқалады. Әйтсе де сол ақынның өнерпаздық тұлғасын көрсететін, қазақ әдебиетінің тарихындағы орнын белгілейтін алғашқы ғылыми бағалаулар мен пікірлер кездесіп қалып отырады.

Мысалы, С. Нұржанов «Қазақ ақындарының көш бастаушысы Абай Құнанбаев – данышпан адам. Қазақтар оны айрықша қадірлейді және туған поэзиямыздың ұлы атасы, философ, қазақ ақындарының ұстазы деп біледі», – деген ғылыми негізі бар пікір білдірсе, М. Жұмабаев Ақан өмірі мен өнерін ағылшынның атақты ақыны Оскар Уайльд тағдырымен салыстыра отырып, кешегі зорлықшыл замандағы өмір жолы туралы ой қорытады. Ал Б. Кенжебаев Абайдың поэзиясындағы ағартушылық, әлеуметтік идеялардың жырлануы мен қазақ өлеңіне қосқан новаторлық еңбегін көрсете отырып, «Абай – халық ақыны» деп сол кезең үшін мәні зор ғылыми жаңа ой айтады. Бұл пікірлер, біріншіден, қазақтың өткен дәуіріндегі өнер иелерінің творчествосына дәуір талабы тұрғысынан жаңаша көзқараспен бағалаудың белгісі болса, екінші жағынан, классикалық мұраны әдеби-тарихи тұрғыда талдауға ұмтылған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің күрделене түскенінің де айғағы. Сонымен қатар, революцияға дейінгі қазақ баспасөзіндегі ғұмырнамалық мақалалардан басталған әдебиет пен көркем творчество туралы әдеби-теориялық сипаттағы ғылыми-сыншылдық ой-пікірдің 1920 жылдардың алғашқы жартысында-ақ өркендеуі, тереңдеуі арқылы әдеби білім жүйесі нақтылана, мазмұндана

түсіп, әдебиеттің халықтығы деген негізгі ұғымды ғылыми мәнде айта алатын дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Әсіресе С. Нұржанов пен Б. Кенжебаевтың тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірінде классикалық мұраның халықтық сипатын анықтау мақсатында тұңғыш айтылуымен ғана емес, сол кезде пролеткультшылдық бағыттың ықпалынан өріс алған нигилистік көзқарастағы және кейінірек басталған «тұрпайы социализм» әдісінің әсерінен Абай шығармашылығын ақтап алуға ұмтылуымен де құнды.

Әдебиеттану ғылымының әдеби мұраны тарихи, ғылыми тұрғыда сөз етуден басталатын туу, қалыптасу процесі кезінде міндетті түрде шешіп алуға тиісті бірнеше проблемалық сұрақтар тұрады. Бұл сұрақтарды анықтап алмай тұрып, жеке ғылым саласы болып қалыптасуы мүмкін емес. Олардың ішіндегі ең маңыздылары – әдебиеттің ертедегі бастаулары қандай және ұлттық әдебиет болып қашан қалыптасты, ең алғашқы ақындары кім деген сұрақтар. Бұл сұрақтарды анықтап алмай тұрып, даму жолы мен басты ерекшеліктерін табу, даму дәуірлерін табу мүмкін емес. Біздің ойымызша, осы мәселелердің ғылыми тұрғыда қарастырыла бастауынан сол әдебиеттің тарихын зерттеу проблемасы көтеріледі де, әдебиеттану

ғылымы өзінің туа бастағанын көрсетеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, ғылыми-зерттеушілік бағыттағы ой-пікірлер осы жолдан өтті. Жоғарыдағы проблемалық сұрақтарға өз қадір-халінше жауап беруге талпынған, қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуді алғаш бастаған, белгілі бір кезең ақындарын сөз ете отырып сол дәуір әдебиетінің кескін-келбетін анықтауды ниет еткен алғашқы ғылыми еңбек Ж. Аймауытов пен М. Әуезов «Екеу» деген псевдониммен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақала еді.

Мақаланың басты мақсаты – қазақ әдебиеті бар ма? (біздің ойымызша, жазба әдебиет. – Ж. С.) бар болса кімнен басталды, көрнекті ақындары кімдер деген секілді сұраққа жауап беру. Авторлар қазақ поэзиясының көш басшысы деп Абайды атап, одан басталған ағартушы-демократтық бағытты жалғастырушылар деп С. Торайғыров, М. Сералин, С. Көбеев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтарды алып, қысқаша таныстырып өтеді. Шығармаларына талдау жасалмағанымен, осы ақындар шығармашылығындағы халық мұңы мен заман келбетінің жырлануына тоқталып, ағартушылық, халықшылдық идеяның басым болғанын тап басып айтады. Абайдан соңғы дәуірдегі қазақ поэзиясындағы

өзіндік орны бар бұл ақындардың бұлайша топтастырылып қаралуы – сол кезеңдегі қазақтың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі үшін үлкен жаңалық, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге бастаған алғашқы қадамдардың бірі деп бағалаған жөн. Себебі, осы топтастыра қарап, пікір айтудың негізінде әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудің ғылыми бастамасы жатыр.

«Екеудің» мақаласында ұлт әдебиетінің ақын-жазушыларымен таныстыру мақсаты басым жатса, С. Садуақасовтың әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану мен дәуірге бөлу, нақты көрініс тапқан, оған жүйелі түрде талдау жасауға ұмтылған «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласының маңызы зор. Әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірінің салмақтығы мен байыпты тұжырымдар жасауынан автордың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді арнайы мақсат етіп қойғанын байқаймыз. С. Садуақасов бұл тарихи-сын очеркінде қазақ әдебиетінің кескін-келбетін таныту үшін оны белгілі бір кезеңдерге бөле отырып тексереді. «Қазақ әдебиеті» әліп-темесінің мазмұнын шартты түрде іштей былайша жіктеуге болады:

1. Әдебиеттің қазақ өміріндегі орны.
2. Суырып-салма өнерінің (ауыз әдебиеті) болмыс-бітімі.

3. Жазба әдебиеттің қалыптасуы.

4. Қазіргі (18-жылдардағы) әдебиет.

5. Қосымша: бүгінгі қазақ баспасөзі туралы ақпар-дерек», – деп жазады Д. Қамзабекұлы. Бұған алып қосарымыз жоқ. Бұл – Р. Мәрсековтің «Қазақ» газетіндегі «Қазақ әдебиеті жайынан» (1914, №112) атты мақаласынан кейінгі қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлуге жасалған екінші қадам. Сондықтан да зерттеуді ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің ізденістері барысында қол жеткізген табысының жинақтала берілуі десе де болады.

С. Садуақасов әдебиеттің бүкіл адамзат қоғамындағы алатын орнын айта келіп, оны тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрыппен сабақтастыра қарап, халық тарихы мен өмірді танытудағы маңызын ерекше атап өтеді. Әсіресе, ауыз әдебиеті туралы айтқанында оның ел есінде сақталуы мен таратылуын ғылыми негіздей келіп, жыршы-жыраулық дәстүр мен суырып салып айту өнерінің қазақ арасында кең тарағанын, ауыз әдебиетінің ұлттық жазба әдебиеттің дамуына әсерін білімді әдебиетшіге тән көзқараста саралайды.

Р. Мәрсеков қазақ әдебиетін «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» және «Абайдан басталған жаңа әдебиет» деп бөлген болатын. С. Садуақасов жаз-

ба әдебиетті осы бөлудің екінші дәуірінен, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі әдебиет деп алып, оның негізін салушылар ретінде М. Ж. Көпеев пен А. Құнанбаевты атайды. Автор жазба әдебиет және қазіргі әдебиет дегенде екі арасына жіктеу қоймаған. Оның басты себебі – жазба әдебиетті халықшыл бағыт және жаңашыл ағартушылық бағыт деп алып, ақын-жазушыларды осы бағыттарға орай топтастыруды мақсат тұтқандығынан. Халықшыл бағыттың ірге тасын қалаған ақын деп, М. Ж. Көпеевті Абайдан бірінші қоюы да сол себептен. Ағартушылық жаңа бағытты түсіндіру үшін Абай өлеңдерінің мазмұны мен жырлаған тақырыптарына барып, қазақ поэзиясын дамытудағы еңбегін атап өтеді. «Қазақ ақындарының ішінде өлеңнің жоғарғы деңгейдегі көркемдігі жөнінен Абайға пара-пар келетін ешкім жоқ», – деп жазады. Бірақ, автор XX ғасыр басына дейінгі әдебиеттен осы екеуінен басқа ешкімді де атамайды. Басқаларын былай қойғанда кітаптары жиі шыққан Дулат, Шортанбай, Ы. Алтынсарин, С. Көбеев, Ш. Бөкеев, М. Сералиндердің атаусыз қалуы түсініксіз.

Ғасыр басындағы жазба әдебиетті сөз етуде «Қазақ» пен «Айқаптың» осы екі бағытты дамытудағы үлесіне тоқтала келіп, түпкілікті мақсаттары ұлт әдебиетін өркендетуде екеніне көңіл аударады.

Осы кезең әдебиетін таныстырғанда да ақын-жазушыларды аталған екі түрлі бағытқа сай бөле көрсету арқылы тұлғасына баға беріп, шығармашылығының басты сипатын танытуға ұмтылады. Мысалы, А. Байтұрсынұлы – «халықшыл ақын, жастардың рухани ұстазы», М. Дулатұлы – «Мәшһүр Жүсіптің жолын қуған, Абайдың пәлсапалық өлеңдеріне еліктеген ақын» болса, М. Жұмабайұлы – «өзіндік бағыты бар лирик, ойының пәктігі, өлеңнің көркемдік деңгейі жағынан өзіне дейінгілерден оза туған ақын» деген секілді бағалаулары бүгінгі таңдағы тұжырымдардан алшақ жатқан жоқ. Ең бастысы бұл пікірлердің осы ақын-жазушылардың көзі тірісінде-ақ айтылуында еді.

Бұлардан соң халықшыл бағыттың өкілдері ретінде Ғ. Қарашұлы, С. Дөнентайұлы, С. Шорманұлын атап, олардың өлеңдеріндегі «таза қазақы рух пен оның өн бойындағы ұлттық ағындардың» басым екенін көрсетіп, С. Торайғырұлы, А. Мәметұлы, С. Сейфоллаұлы, Б. Өтетілеуұлылары шығармаларындағы «орыстың жалаң үлгісін көшірумен» салыстыра отырып, ғылыми тұрғыда пікір білдіреді. Ал Шәкәрімді Абай салған дәстүрмен танылған ақындар қатарында деп түсіндіреді. Бұл осы аталған ақын-жазушылар шығармашылығының ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде алғаш рет талқыға түсіп, өздеріне тән

лайықты бағасын алуы екенін ескерсек, ұлт әдебиетін тарихи танудағы сәтті бір қадам жасалғандығына куә боламыз.

С. Садуақасұлы қазіргі әдебиет деп атағанда, төңкерістен бергі жаңа замандағы әдеби дамудың сипатына шолу жасай кетуді ойластырған сияқты. Жаңа танылып келе жатқан жас талап ретінде Болғанбайұлы, Әлімбекұлы, Қауызжанұлы, Ғаббасұлы, Аймауытұлы, Әуезұлы, Кемеңгерұлы, Тұрғамбайұлы, Жәнібекұлыларын атап, олардың келешегінен үлкен үміт күтетінін айтады. Кейін бұл үмітті Ж. Аймауытұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Әуезұлы толық мәнінде ақтап шыққаны белгілі.

«С. Садуақасұлының «Қазақ әдебиеті» еңбегінің қазақ әдебиеттануындағы орнының ерекшелігі – оның бұл саладағы орыс тіліндегі алғашқы зерттеулердің бірі болуында ғана емес, қазақ әдебиетін осындай кең ауқымда жанр-жанрға жіктеп тұңғыш саралауында», – деп жазады Д. Қамзабекұлы [40, 54]. «Жанр-жанрға жіктеп» дегеніне келісе қоймасақ та, бұл баға мақаланың ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін дұрыс көрсетіп отыр. Себебі, ұлт әдебиетінің баржоғын зерттеушілік көзқараста безбенге салып, бас-аяғын түгелдеп, негізгі бағыттарын айқындауы, Р. Мәрсеков мақаласынан бері келе жатқан әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-

зерттеушілік ой-пікірдің өсу, толысу жолын көрсетеді.

Ж. Аймауытұлымен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар» мақаласындағы ұлт әдебиетін тарихи тұрғыдан тану жолындағы бастаманы М. Әуезов 1923 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында тереңдетіп әкетті. Автор ұлттық әдебиет қашан, кімнен басталды (мақалада жазба әдебиет. – Ж. С.) деген проблемалық сұраққа 1920 жылдардың бас кезіндегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өрсімен жауап беруге талпынған.

Біздің ойымызша, М. Әуезовтің ғылыми жаңашылдығы қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөліп тексеруге жасаған тағы бір қадамында жатыр. Алдыңғы мақалада бір дәуір ақындарын Абайдан соңғы ақындар деп алса, бұл еңбегінде Абайдың алдындағы ақындар деп бірнеше дарындарды атайды. Соған қарағанда, М. Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын Абайға дейінгі және кейінгі әдебиет деп бөліп қарастыруға көңіл аударған. Нақты айтсақ, жазба әдебиет Абайға дейін басталды дейді де, оны «көшпелі дәуір» деп атап, басты сарыны қайғы-зар болғанын тілге тиек етеді. Ал Абайдан бері басталған дәуірінің сарыны реализм екенін дәлелдейді. Бұған қарағанда М. Әуезов әдебиет тарихын көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеуді мақсат тұтқан. Р. Мәр-

сековтің мақаласындағы ауыз әдебиетінен кейінгі «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» деп атаған кезеңді М. Әуезов «көшпелі дәуір» деп өзгертеді. Оны кейінірек «Әдебиет тарихы» еңбегінде «Зар заман ақындары» деп нақтылағаны да белгілі. «Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Нарымбеттерді алу керек. Бұл адамдардың қайбірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Осы соңғы екі сипатынан қарағанда әлгі төртеуі қазақ әдебиетінің көшпелі дәуірінің ақындары деп саналуы керек... Бұл дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз» деген пікірін профессор Т. Кәкішев «ғылыми-көркемдік жағынан ұшқары пікір» деп бағалайды [35]. Бұған біз де келісеміз. Бірақ, мәселе жазба әдебиетінің қашан басталғаны туралы пікірдің қате айтылуы мен көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірленуінде емес, қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөле отырып зерттеу проблемасының сол кездің өзінде көтеріліп, оған тың бағыттағы ізденістер жасалуында. Сонымен қатар, сол кезде айтылып жүрген қазақ жазба әдебиеті Абайдан басталады деген пікірге қарсы шығып, әдебиет тарихын тереңірек, Абайдың алдындағы дәуірлерден бастап тексеру керек

деген тың ойдың ғылыми тұрғыда көтерілгенінде. Орыс әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсуіне «Игорь полкі туралы сөз» атты қолжазбаның табылып, жариялануының әсері қандай болса, біз үшін М. Әуезовтің әдебиет тарихын Шортанбайлар дәуірінен бастап зерттеу керек деген жаңаша бастамасының маңызы сондай. Орыс әдебиеттану ғылымында «Процесс исторического познания литературы в XIX веке углубляется. Немалую роль при этом сыграло опубликование в 1800 году «Слова о полку Игореве». Это вызвало усиленный интерес к истории своей национальной литературы... Одновременно возникает стремление связать единой нитью развития «древнюю» и «среднюю» русскую литературу с новой, с литературой послепетровского времени. На этой основе возникают первые попытки периодизации истории русской литературы...» болса [3, 225], М. Әуезов те қазақ әдебиетінің тарихы ертеден басталғаны туралы ғылыми тұжырым білдіре отырып, әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексерудің жаңаша үлгісін ұсынып отырған жоқ па?

Егер әдебиет туралы ғылымның туып, дамуы әдеби хронология мен әдебиеттің әр дәуірдегі қоғамдық келбетіне сай өзгеріп отыратынын ескеретін болсақ, бұл үш мақаланың қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми

жүйелеуде жаңа жол салғаны даусыз. Әрине, бұл пікірді зерттеу тәжірибесінің аздығы мен әдеби-теориялық, әдеби-тарихи талдау бағытындағы ой-пікірдің енді ғана жетіле бастағанын есте ұстай айтып отырмыз. Бұл мақалаларда Абай шығармашылығының қыр-сырын ашу мен әдебиет тарихын танып білу, зерттеуге бағытталған қадамдар анық сезіледі. Қорыта айтқанда, 1920 жылдардың бас кезіндегі тарихи ғұмырнамалық мақалалар мен дәйектемелерде, түсініктемелерде классикалық мұраны игерудің әр саласына қол созуынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу процесін байқаймыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңдерін сөз еткен уақытта әдеби мұра мен көрнекті ақындар шығармашылығы туралы ой-пікірлер бірден сабасына түсе қоймады. Сол кездегі бүкіл кеңестік әдебиеттану ғылымы секілді Қазақстанда да әдеби мұраны, классикалық әдебиет өкілдерін зерттеу мәселесінде кейбір қате көзқарастарға, концепцияларға қарсы күрес жүргізуге тура келді. Бұл кезеңде, яғни 1920-1930 жылдары, башқұрттың халық ақыны С. Құдаш айтқандай, «Әдебиетіміз тарихын әлі толық түсініп бітпеген аса күрделі кезеңде», әдеби мұраны игеру, зерттеу, әдебиет тарихын жүйелеу саласындағы жұмыстардың тез дамып кетуіне кері ықпал жасап, зиянды әсері күні бүгінге дейін созы-

лып келген екі бірдей теріс көзқарас кедергі жасады. Оның бірі – жиырмасыншы жылдардың бас кезінде-ақ басталған пролеткультшылдардың нигилизмі болса, екіншісі – ҚазАПП қайраткерлері қатты қолдап, жиі пайдаланған «тұрпайы социологизм» әдісі. Бұл екі теория классикалық мұраны зерттеуде Қазақстанда ғана емес, бүкіл әдебиеттану ғылымында орын алды. Пролеткультшылдар ғасырлар бойы жасаған прогрессивті әдеби дәстүрді жоққа шығарса, әдебиет тарихын зерттеуде «тұрпайы социологизм» әдісін қолдаушылар жазушының шыққан таптық тегі мен шығармашылығындағы идеялық нысана арасындағы өзгешелікке көңіл аудармай, әдебиеттің партиялығын желеу етіп, таптық тұрғыда талдау жасауды уағыздады, догмаға айналдырды. Бұл концепциялар қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынында пролеткультшылдықты жақтаушы ұлттық нигилистерден және ҚазАПП-тың әпербақан мүшелерінен қатты қолдау тапты.

Орыс әдебиеттану ғылымына қарағанда біздің ұлттық әдебиет туралы ғылымымыз әдебиет тарихын зерттеуде көп қиындыққа кезікті. Оның бірнеше объективтік себептері бар. Біріншіден, революцияға дейінгі ақын-жазушылардың шығармашылығы зерттелмек түгіл, толық жиналып, текстологиялық жүйелікке түсіп, толық басылып шыққан да жоқ

еді. Екіншіден, әдеби мұраны зерттеуде қалыптасқан дәстүр мен озық тәжірибе болмады, үшіншіден, қазақ интеллигенциясының көбі ағартушылық-демократтық бағытта болғанымен, көркем өнер туралы әдеби-теориялық біліммен терең таныстығы шамалы болды. Сондықтан да қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынына әдеби мұраны ұлттық нигилистерден, жалған жанашылдардан, догматиктерден қорғай отырып туу, өсу дәуірін бастан өткізуге тура келді. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық мәдениеті, оқу-ағарту саласы, өнерімен қанаттаса отырып даму барысында «бірыңғай ағым» теориясы, «тұрпайы социологизмдерге» қарсы күресте шынықты. Жеке дарын иелері мен қазақ әдебиетінің классиктерінің шығармасын зерттеуде осы күрес қандай жағдайда, қандай сипатта болғаны тереңірек әңгімелеуді қажет етеді.

Белгілі бір дәуірдегі көрнекті қалам қайраткерлерінің шығармасын зерттеу, оның әдебиеттегі орнын белгілеу дегеніміз – сол дәуірдегі әдебиеттің кескін-келбетін анықтау, тарихына барлау жасаумен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі ғылыми ойдың өсуіне өзек болған ұлы Абай шығармашылығы еді. Абай мұрасының зерттелуі, абайтанудың әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде қалыптасу жолы



бірнеше зерттеу мақалалар мен еңбектерде, докторлық, кандидаттық диссертацияларда арнайы ғылыми сөз болды. Бұлардың ішінде Абай шығармасының басылуы мен зерттеудің қазақ әдебиет сынының қалыптасуына жетекші роль атқарғанын жан-жақты ғылыми тексерген ғалым Т. Кәкішев, абайтанудың жеке ілім саласы ретінде қалыптасуын, әуезовтану проблемаларын жан-жақты зерттеген ғалым М. Мырзахметовтің еңбектерінде терең қарастырылған.

Соғысқа дейінгі дәуірде қазақ әдебиеттану ғылымында сын мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сөз етер нысанасы әдеби мұра болып, қазақ әдебиетінің тарихын жасауда бірлесе қызмет еткенін байқаймыз. Сондықтан да әдеби мұраны зерттеуде, жеке ақын-жазушылар шығармаларына әдеби-тарихи, әдеби-теориялық тұрғыдан баға беруде жоғарыдағы зерттеулерді орынсыз қайталамас үшін басты назарды зерттеуде болған қате концепциялардың болмысын ашу жолындағы ізденістерге аударуды жөн санадық.

Қай ұлттың болсын әдебиеттануының жеке ғылым саласы болып қалыптасу жолына назар аударатын болсақ, әдеби мұраны игеру, зерттеу жұмыстарының аса зор маңызы бар екенін аңғарамыз. Оның ішінде классикалық мұраны зерттеу арқылы сол әдебиеттің ғылымдық тарихын

жасау, дәуірге бөлу арқылы даму жолын анықтау, көрнекті өкілдерінің шығармашылық өмір жолын тексеру, әдебиет тарихындағы орнын белгілеу жұмыстары осы ұлттық әдебиет туралы ғылымнан әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, сыншылдық ой-пікірінің ғылыми сипатқа айналуына тікелей байланысты. Дамудың бұл сатылары мен жолын қазақ әдебиеттану ғылымы да бастан өткереді.

Туып, өркендеу жолы 1920-1930 жылдарға дәл келгендіктен сол кезеңдегі әдебиеттану ғылымында орын алған бұрмалаулар мен қате теориялар бұған да тән болды. Негізінен алғанда, пролеткультшылдық нигилизм мен «тұрпайы социологизм» теориясы осы классикалық мұраны игеру, пайдалану, одан үйрену және зерттеу проблемасына байланысты пайда болды. Бұл қате көзқарастар қазақ әдебиеттану ғылымында халқымыздың талантты ұлдары, ағартушы-демократтары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, С. Торайғыров, т.б. творчествосы төңірегінде 1920 жылдардың орта кезінде-ақ айтыла бастады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ғылыми сипаттағы мақалалар Абай творчествосы жайында жазылған болса, қате көзқарастағы ой-пікірлер де осы төңіректен басталып, әдебиет майданындағы үлкен айтысқа айналды. «Шын үлкен талант қана өрелі ойларды, салиқалы пікірлерді туғыза

алатыны әдебиеттің бұзылмас заңы» екенін ескертетін болсақ бұл орынды да еді. Пролеткультшылардың ниглистік көзқарасының ұлы Абай төңірегінде қатты өріс алуына жанама себептің болғанын да ашып айтқан дұрыс. Бұл 1920 жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында жеке ақын-жазушылар творчествосын зерттеуді сөз еткенде ықтияттылықпен қарап, басын ашып алуды қажет ететін күрделі де мәселе.

Ол – қазақ мәдениеті мен әдебиетіне ерекше еңбек еткен қазақ интеллигенциясының бір тобына – «ұлтшыл-алашордашыл» деген атақ тағылып, әдебиет майданында оларға қарсы аяусыз күрестің басталуы. Бұл күрес белгілі бір жағдайларда әдебиет тарихын зерттеуге өз әсерін тигізбей қалмады. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, С. Садуақасов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов секілді әдебиеттің өзекті салаларына қалам тартып, қазақ әдебиетінің тарихын, классикалық мұраны зерттеуде алғашқы мақалалар, еңбектер жазған, жинақтар шығарған, қазақ мәдениеті мен халық ағарту саласында көп еңбек сіңірген осы қазақ зиялыларына «ұлтшыл-алашордашыл» атақ тағылуының себептері тарихи тұрғыда айқындалды. Қазақ әдебиеттану ғылымында осы «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрес соңғы кезге дейінгі 70 жылға тарта уақыт бойы бір толас таппай жүріп

келді. Бір кезде «Абай туралы кім не айтпады» десек, енді «бұлар туралы кім не демеді» дейтін дәрежеге жетіп отырмыз. Айтпайын деген жоқ, айтқызбады, айтса ұлтшылдықтың қамытын киіп кете беруі оп-оңай болды.

Қазақстанда әдеби мұраға деген пролеткультшылдық пен «тұрпайы социологизм» көзқарасының өте қатты өріс алуына осы «ұлтшылдыққа» қарсы күрес дем беріп, қосарланып отырды. Себебі, қазақ зиялыларының әдеби мұраға деген көзқарасында сол кездегі әдебиеттану ғылымына тән болған «бірыңғай ағым» теориясының кейбір белгілері орын алды. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялаудың практикалық, ғылымдық мәнін жақсы түсінген олар бұл жұмысқа белсене араласып, көптеген мұраларды жарыққа шығарды. Қазақ поэзиясының дәстүрлігі мен тарихи сабақтастығының жаңа әдебиет жасаудағы әсерін тап басып танып, өткен дәуірдің ақындарынан, әсіресе Абай поэзиясынан үйренуге шақырып, Абай шығармаларын жинау, жариялау жұмыстарына ерекше назар аударды. Әдеби мұраны игеру, пайдалану саласындағы жүргізілген бұл игі істер қазақ пролеткультшылдарына қатты сенімсіздік туғызды. Олардың «Алаш» партиясында болғаны үнемі есте ұсталып, «бұлар өткенді көксейді, үстем тап идеоло-

гиясын жырлайтын шығармаларды өздерінің ұлтшылдық пікірін жасырын насихаттау үшін пайдалануда» деген қате ұғым орын алып, әдеби мұраны жариялауда бірталай еңбек еткен «Шолпан», «Абай» журналдары ұлтшылдықтың ұйымдық органы ретінде танылды. В. И. Лениннің мәдени мұра туралы қағидаларын басшылыққа алып, өздерін «жаңа мәдениет, жаңа пролетарлық әдебиет жасаймыз» деген пролеткультшылдар классикалық мұраны, Абайды жоққа шығарды. «Олар Абайды өздерінің идеялық көсемі ретінде көтерді, одан үйренуге шақырады» деген сияқты пікірлер айтып, әдебиет тарихын зерттеудің кең өріс алуына кедергі келтірді.

Классикалық мұраны зерттеудегі жұмыстарға пролеткультшылдық нигилизмнің әсерін сөз еткенде, С. Мұқановтың сол кездердегі мақалаларына соқпай өте алмаймыз. «Жаңа дәуір ұсынған ұлы идеяларды жүзеге асыруда талай бұраландар кездесті. Әсіресе, әдеби-мәдени мұра саласында «дөрекі социологизм» мен пролеткультшылдық дәуірлеп тұрғанда, Николайдың «малайы» – Пушкин, граф Толстой, «қарашекпенді Ресейдің ақыны» – Есенин, нәзік жанды Блоктардың бізге керегі жоқ, оларды тарихтың қоқысына тастау керек» деп жатқан көзқарастан ешкім де, оның ішінде С. Мұқанов та сырт қала алған жоқ». С. Мұқановтың

«Қара тақтаға жазылып қалмандар, шешендер», «Көркем әдебиет туралы», «Қазақ әдебиеті туралы қорытынды пікірім», «Әркім өзінше ойлайды» атты мақалаларында «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрестің салқынымен нигилистік және «тұрпайы социологизм» көзқарасында пікір білдірді. Автор «қазақ әдебиеті өзін-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деп халықтың, оның дарынды өнер иелерінің әдеби мұрасын жоққа шығарды. Абай поэзиясының ағартушылық, жаңашылдық, сыншылдық сипатын дұрыс бағалай отырса да, «Абай – байшыл таптың ақыны» деген қорытынды жасайды.

С. Мұқановтың пікірлерінде пролеткультшылдық солақай сыншылдық басым болғанда ғылыми-зерттеу әдісі, тәжірибенің жетіспеуі, көптеген әдеби-тарихи проблемалардың жаңа көтеріліп жатқаны айқын сезіліп тұрды. Ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің ұлт әдебиетінің тарихи даму жолын зерттеуге ұмтылып жатқан шағында, яғни «Дүниені түлен түртіп, аударылып-төңкеріліп жатқанда алашшылдар болсын, төңкерісшілдер болсын сөзден де, істен де тартынбай, әрқайсысы өз керегін айтты, жазды. Төңкерісшілдер өкіметтік билікке ие болған қоғамдық-әлеуметтік күштерге арқа сүйей отырып, маркстік-лениндік түсініктің үдесінен шығуға, бұлжытпай орын-

дауға жан салғаны – тарихи шындық». Маркстік-лениндік ілім, В. И. Лениннің әдебиет саласындағы саясаты төңкеріске дейінгі әдебиеттанудағы халықтық ұғымын әдебиеттің таптығы мен партиялығымен бірлікте қарап, еңбекші тап мүддесіне сай тар шеңберге сиғызды. Сондықтан маркстік-лениндік әдіснамаға сүйене отырып жазылған зерттеулердегі халықтық ұғымын олардан бөлек қарауға болмайды. Сол себептен де С. Мұқанов, Ғ. Тоғжанов, Е. Бекенов және тағы басқа төңкерісшіл бағыттағы әдебиетшілердің еңбектеріндегі халықтық ұғымын сөз еткенде, оның әдебиеттің таптығы, партиялығы принциптерімен астасып жатқанын есте ұстау қажет. 1925 жылы 11 маусымда құрылған ҚазАПП классикалық мұраны игеру, зерттеуде, жеке акындар творчествосын тексеруде нигилистік көзқарасты «тұрпайы социологизммен» ұштастырып әкетіп, қазақ зиялыларына қарсы күресті күшейтіп жіберді. Егер пролеткультшылдар пролетарлық жаңа әдебиетті классикалық мұрадан айырып, оның демократиялық озық дәстүрлерін нигилистікпен жоққа шығарса, ҚазАПП акын-жазушыларды таптық тегіне қарап қана алу идеясын ұстанды. Күні бүгінге дейін ҚазАПП қызметіне баға бергенде «Әдебиет пен мәдениет саласындағы буржуазияшыл-ұлтшылдықпен күресу және онын жеріне

жете әшкерлеу міндетін ойдағыдай шеше алғандығы» ерекше атап көрсетіліп келді. Ал бүгінде «Идеология мен ғылыми саласында кит етсе, «буржуазияшыл», «буржуазияшыл-ұлтшыл», «ұлтшыл-уклонист» деген атаулар өте жиі қолданылды. Осының бізге қатысы мүлде жоқ демей-ақ қояйын, қисыны тіпті келіңкіремейтінін неге ескермегенбіз. Буржуазияда буржуазияшыл ұлтшылдық та тек капиталистік қоғамға тән ұғым, ал біздің Қазақстанда патриархалдық-феодалдық, тіпті өсіріп айтқанда, феодалдық қарым-қатынас жайлағанын ескерер болсақ, онда айттып-жазып келгеніміздің шындығы қайсы» деген секілді пікірлер айтылып жатыр [41]. Шынында осы екі пікірдің шындығы қайсы? Бұл әрине, арнайы зерттелетін проблемалық сұрақтардың бірі. Оны кеше «буржуазияшыл-ұлтшыл», «алашордашыл» атанан қазақ зиялыларының әдебиет тарихындағы орнын алып берген бүгінгі заманның өзі талап етіп отыр.

ҚазАПП С. Мұқановтың мақаласынан кейін классикалық мұраны, Абай шығармашылығын зерттеуді тұрпайы социологиялық позицияда бағалаған бірнеше мақалалар жарияланды.

ҚазАПП О. Исаевтың «Ескі мәдениеттік мұра туралы» (1931) хаттарына жауап бергенге дейін әдеби мұраны зерттеуде теріс көзқараста болып келгені белгілі. Бұған басты

себептердің бірі «ұлтшылдыққа» қарсы күрес болғандықтан, КазАПП платформасын жақтаушылар сыңар-жақ солақай сын мен тұрпайы социологизмді ұзақ уақыт қару еткендігінен еді. Осы пікірталаста жалпы көркем әдебиет, қазақтың пролетарлық әдебиеті туралы өз көзқарасын білдірмеген ақын-жазушылар, әдебиетшілер аз. Бұл жарияланған мақалаларда көркем әдебиет мәселелері «кімнен үлгі алу керек» деген сұрақты шешу қазақтың классикалық мұрасына, оның көрнекті өкілдеріне тығыз байланыстылықта қарағандықтан авторлар ұлттық әдебиеттің тарихын зерттеу жайында пікір білдірмей тұра алмады. Сол себептен олар қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби-тарихи зерттеу бағытындағы ғылыми ой-пікірдің тереңдей түсуіне де әсер етпей қалмады.

Олардың көпшілігі «Қазақстанда көркем әдебиет бар ма? Бар болса, ол қай таптың әдебиеті? Пролетарлық әдебиетті кімдер жасайды?» деген секілді проблемалық сұраққа әр түрлі пікір айтса, Абай, Ыбырай, Нарманбет, Шәңгерей творчествосына келгенде, олардың өнерпаздық тұлғасын бағалауда, олардан үлгі алу, үйренуде дұрыс пікір білдіре отырса да, «тұрпайы социологизмге» іш тартып, үстем тап қоғамында өмір сүргендіктен, ата тегі сол таптан болғандықтан

«байлар табының ақындары» деген қорытынды жасайды. КазАПП пен қазақ оқығандарының арасындағы осы айтыс классикалық мұраның тарихи мәні мен көркем шығарманың әлеуметтік тақырыбы, идеясы, көркемдігі сияқты мәселелерді шешіп алуына көмек жасады.

Негізінен алғанда, қазақ әдебиеттану ғылымында өнерді, көркем творчествоны сыншылдық-эстетикалық тұрғыдан түсінуде Ж. Аймауытовтың 1925 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы» атты көлемді мақаласының орны бөлек. М. Жұмабаев поэзиясы туралы айтыла бастаған әр қилы бағаларға қарсы жазылған бұл еңбек Ж. Аймауытовтың білімді, білікті әдебиетші болғанын анық танытады. Оған заман талабына сай дүниені материалистік тұрғыдан түсінуде Гегель мен Маркстің көзқарастарын салыстыра отырып түсіндіруі, әдебиеттің таптығын сөз еткенде Луначарскийдің пікірін сабақтауы және ақын поэзиясына әдеби-теориялық, тіпті кейбір әдеби-тарихи талдаулар жасауы – айқын дәлел. Ж. Аймауытовтың мақаласына қарсы сол кездің білгір сыншысы атанған Ғ. Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы маркшілер не дейді, Жүсіпбек не дейді?» атты жауап мақалалары жарияланады. Осы екі автор да М. Жұмабаев шығармашылығына сол кездегі дәуір та-

лабына сай маркстік-лениндік методология тұрғысында талдау жасауға талпынғандарымен, қорытынды пікір білдіруге келгенде алшақ кеткен. Ж. Аймауытов Мағжан поэзиясына заман, дәуір өзгерістерінің әсерін тап басып, объективтік баға беруге ұмтылса, Ғ. Тоғжанов пікірлерінен «тұрпайы социологизмнің» сол кездегі буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы идеологиялық күреспен қалай ұштасып жатқаны сезіледі. Ж. Аймауытов Мағжанды үстем тап ақыны демейді, «заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын... Мағжан терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны» (Бұл жерде халықшыл ақын деген мағынада. – Ж. С.) деп бағалайды [42]. Ал Ғ. Тоғжанов бұл пікірдегі «ескіні жырлаған, кедейдің ақыны еместі» тілге тиек етіп «күні өткен таптың ақыны, ұлтшыл ақын» деген сыңаржақ тұрпайы социологизмге сүйенген пікір айтып «буржуазияшыл-ұлтшыл ақын Мағжан поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшелігіне назар аударып, ескішіл ақынның жат идеясын әшкерелейді» (Бұл Тоғжанов мақаласына берілген қате баға. – Ж. С.). Жалпы осы «буржуазиялық ұлтшылдыққа, алашордашылдыққа» қарсы күрес Ғ. Тоғжановтың сын-зерттеу еңбектерінде «тұрпайы социоло-

гизм» теориясынан қолдау тауып, ұзақ уақыт қателесуіне әсер етті. Қазақ әдебиеттану ғылымы 1930 жылдардың басында Абайды халық ақыны, классик ақын деп тануға бет алып жатқан кезде де Ғ. Тоғжанов: «Қазақ буржуазиялық әдебиеттің көшбасшысы А. Құнанбаев болып табылады. Оның ісін Байтұрсынов, Дулатов, Құдайбердиев, О. Қарашев жалғастырып келеді... Жастар арасынан олардың ізін басып М. Жұмабаев, С. Дөнентаев, А. Маметов, Б. Өтетілеуов, С. Сейфуллин, Б. Майлин сияқты ақындар және басқалары шықты. Олардың творчествосындағы негізгі сарын дарашылдық, ұлтшылдық пен исламшылдық», – деп жазады [43, 5]. Егер сол кезде қазақ зиялыларына Ғ. Тоғжанов берген осы бағаның, С. Мұқанов және басқалар айтқан қате пікірлердің Сталиннің жеке басына табыну дәуіріне, кейін тоқырау заманына дейін жалғасып, 1989 жылы 9 желтоқсандағы Комиссияның шешіміне дейін қайталанып келгенін ескерер болсақ, қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу кезеңдеріне, қазақ әдебиеті тарихының толық зерттелуіне тигізген кері әсерінің салмағы ауырлай түсері анық.

Ж. Аймауытов пен Ғ. Тоғжановтың мақалаларының қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін маңызы зор жаңашылдық сипаты да болды. Бұл жерде мәселе – М. Жұ-

мабаев творчасының дұрыс не қате бағалануында емес. Бұл жерде мәселе – әдебиеттің әдеби-тарихи дамудың өзіндік заңдылықтарын, көркем творчасоны ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеуге қазақ әдебиеттану ғылымында мәнді қадамның жасалуында. Осы екі мақала қазақ әдебиеттану ғылымын маркстік-лениндік әдіснама негізінде болса да Чернышевский, Белинский, Луначарскийлердің салықалы ойларымен байытуға ұмтылып, әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің теориялық деңгейін көтере түсті. Ал практикалық мәніне келсек, сын мен зерттеуде сыңаржақ солақайшылық пен «тұрпайы социологизмді» қару етіп жүрген ақын-жазушылар, сыншы-әдебиетшілер әлі көп еді. Міне, осылар мен жалпы әдебиет сүйер қауымның әдеби білімін, әсіресе классикалық мұраны танып-білуге деген ықыласын көтерудегі маңызын атап айтқан жөн.

Осындай кезеңде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қазақ әдебиетін басқа халықтарға да танытып қалуға ұмтылып жасады. 1928 жылы Москвадан шыққан «Жас Қазақстан» (Молодой Казахстан) деп аталатын әдеби жинақ осы мақсатта жарық көрді. Оны құрастырып, орыс тіліне аударған және әдеби-тарихи шолу мәніндегі алғы сөз жазған Смағұл Садуақасов еді. Алғы сөзде ауыз

әдебиетін, жазба әдебиеттің өткен жолы мен бүгінгісін тарихи тұрғыда таныстыруы ғылыми-зерттеушілік мән берген. Көлемі шағын болса да алғы сөздің біз үшін маңыздылығы – онда сөз болған ақын-жазушылар шығармашылығын сөз еткенде, сол кездегі қате теориялардың бағытындағы көзқарастағы пікірдің орын алмауында. Алғы сөз жазба әдебиеттің негізін салушы деп Абайды таныстыра келе, оның ақындық дәстүрін жалғастырушылар ретінде Ахмет Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Қарашұлы, С. Торайғырұлы, Б. Күлейұлының шығармашылығына тоқталып өткен. Қазақ әдебиетін өркендету жолында жемісті еңбек етіп жүргендер деп жинаққа шығармалары топтастырылған М. Әуезов, Б. Майлин, Ж. Аймауытовтарды көрсетеді. Негізінен алғы сөзде, автордың 1919 жылы жарияланған «Қазақ әдебиеті очеркіндегі» ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жобасы сақталынған.

Қазақ әдебиеті тарихын әдеби шолу түрінде болса да таныстырған осы алғы сөз – бұл ақын-жазушылардың 1929 жылдан бастап шыға бастаған «Әдебиет энциклопедиясының» I томында да ғылыми дұрыс бағалануына әсер еткені сөзсіз. Алғы сөз бен энциклопедиядағы мақалалар «тұрпайы социологизм» теориясының да, маркстік-лениндік әдіснаманың ұлтшыл-буржуазияшыл әдебиет

туралы көзқарасының да ықпалынан таза болды. Д. Қамзабекұлының айтуына қарағанда, сол кезде әдебиет сыншысы ретінде танылған Ә. Байділдин ҰХҚ архивінде сақталған «Алашордашылар мен оңшыл коммунистермен күресімнің нақты айғақтары» аталған жазбасында бұл жинақпен энциклопедия «ұлтшыл, алашшыл» атанған ақын-жазушыларға мызғымастан ескерткіш соқты» деп айыпталған. Бұлар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ғасыр басынан бері келе жатқан таза ғылыми кескін-келбетін сақтап, қате теориялар мен жаңа заман идеологиясына беріле қоймай жазылған еңбектер еді. Өйткені «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу басталған 1930 жылдың басынан бастап бұл сипаттағы мақалалар сиреп кетті, енді туа бастаған қазақ әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік әдіснама толық үстемдік алып кетті.

Осы мақалалар көтерген жаңа бастаманы «тұрпайы социологизмге» қарсы бағытта жазып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеу принциптерін меңгеріп қалғанын дәлелдейтін, классикалық мұраға лениндік қағидаларға сай баға беруді насихаттаған бірталай мақалалар жалғастыра түсті. Тарихи шындық тұрғысынан келсек, маркстік-лениндік әдіснама негізінде жазылған алғашқы зерттеулердің қазақ әдебиеттану ғылымының туу

процесінде өзіндік мәні де болды. Олар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді қате теориялар мен концепциялар жетегінде кетіп, ұзақ уақытқа қателесуден сақтап қалды. Сондықтан 1920 жылдардың орта шенінен бастап жазылған зерттеулерді сөз еткен уақытта оларды «бірыңғай ағым теориясы» ықпалындағы, «тұрпайы социологизм» көзқарасындағы, маркстік-лениндік әдіснама негізіндегі және таза ғылыми-зерттеулер деп төртке бөлеміз. Бұлардың алғашқы үшеуін анықтау қиын болмағанмен, соңғысын тап басып тану, әрине күрделі болмақ. Өйткені алғашқыда маркстік-лениндік ілімнің догмалық қағидалары мен жаңа заман идеяларына ашық қарсы шығып мойындамағандар бар да, кейінірек зорлықшыл идеологияға жасар еш шарасы болмай, ұлттық әдебиеттану ғылымы мен сынын дамыту жолында оны бет перде ретінде ұстай отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгендер бар.

С. Мұқановтың және басқа да «тұрпайы социологизмді» жақтаушылардың пікірлеріне қарсы дәлелді де дәйекті ой айтқан Қ. Кемеңгерұлы «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласында өнердегі дәстүр мен тарихи сабақтастық туралы Луначарский пікірін негізге ала отырып, қазақ әдебиетінің үлгі алар арнасы өткен дәуірдің классикалық мұрасы мен орыс әдебиеті деген қорытынды



жасайды. «Тұрпайы социологизм» теориясының сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі зиянды көзқарасын сынап, орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағыттан үйренуді ұсынады. Ақынды шыққан тегіне қарап емес, творчествосының идеялық бағыттарына, жыр еткен әлеуметтік тақырыптарына қарап бағалаудың қазақ әдебиетінің тарихына ғана емес, қазіргі көркем әдебиетіне тигізетін пайдасын баса айтады.

«Орыстың бұрынғы жазушыларында Достоевский мен Феттен оң пікірлі жан өтпейді. Осы күнде оларды далаға тастап отырған жоқ. Ақсүйек Тургеневті осы күні қалай дәріптен отырғанды, Пушкин, Толстойды қалай құрметтейтінді ақын Сәбит жақсы білу керек. Осылардың жақсы жағын маркстіл сын, сыншылар көрсетіп отыр. Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын тандап алып басып жатқанда, бізде кең бұқарашылдық рухында жазылған кітаптардың басылғанына Сәбит неге ренжиді. Қазақ әдебиетіне тойып секіретін күн әлі туған жоқ» [44]. Автордың бұл пікірінде сол дәуірдегі әдеби өмірдің шындығы, қазақ әдебиеттану ғылымының маркстік-лениндік методология бағытына бой ұрудағы ізденістері мен «тұрпайы социологизм» теориясына қарсы күресінің шындығы жатыр.

Қ. Кемеңгерұлы көркем әдебиеттің тарихи даму жолы, әр түрлі әдебиет ағымдары болатыны туралы қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін тың ойларды қозғай келе, классикалық мұраны «маркстілдік жолмен дұрыс-бұрысын сыңға алу керек» деген қорытындыға келеді. Осы мақалаға үн қоса «Екеудің» (А. Байтасов пен Д. Ысқақов) ой-пікірі жарияланды. Авторлар өткендегі қоғамдық құрылыс пен қазіргі дәуір шындығының көркем әдебиетте суреттелуін айта келіп: «кейбір жазушылар романтизмге, символизмге айналдырып отыр. Кейбір жазушылар ұран мен үгітке не «жалаңаш порнографияға» айналдырып отыр. Осы күнге дейін реализммен жазылған Бейімбет өлеңдері (мұның да біразы – үгіт, насихат, ұран) шын реализмнен қоныс теппеу себебі не?» деп мәселе қоюының өзі сол кездегі ғылыми-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсетуге көрсеткіш болғандай. Шынында да, 1920 жылдары романтизм, символизм ағымдары жайындағы пікірлері мен социалистік реализм принциптерін игеру барысында көрінген футуризм, натурализм бағыттарының кейбір белгілері туралы қазақтың ғылыми-зерттеушілік ойларының сол кездің өзінде айтылуын ғылыми жақсы қадам деп бағалау керек.

1920 жылдардың екінші жартысындағы пікірталаста қазақтың көр-

кем әдебиеті, оның классиктері туралы талғамды да толымды пікір айтқан С. Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері» атты мақаласы болды. Автор қазақтың көркем әдебиеті тарихын «табанды зерттеуді әлі ешкім жазбағанына» көңіл аудара отырып, бұл саладағы жұмыстың жандануына солақай сыншылдықтың әсері тиіп отырғанына Ғ. Тоғжанов, С. Мұқанов, Ә. Байділдиндердің мақалаларын мысалға алады. Классикалық мұра жайына келгенде: «Анда-санда әйтеуір Абайды көрінен бір аударып қоямыз, онда да жүре салды. Ал Сұлтанмахмұт, Берниязды кім біледі? Қай сыншы бұлардың табысын зерттеп қорытынды шығарды. Шындыққа келсек, бұл екі ақынның екеуі де ірі кісі», – деп әдебиет тарихын зерттеуді қолға алу мәселесін сөз етіп, бұған кедергі келтіріп отырған «тұрпайы социологизмді» маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан қатты сынға алады [45]. «Қазақстанның еңбекші табының тілегі мен қазақ елінің ұлттық тілегі бір жерден шығады» деген тұжырымын дәлелдеуде ол анық байқалады.

«Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ болмаймыз ба?» деген көкейкесті сұрақты Абай творчествосына байланысты өрбіте келіп: «Абай да – ескі мұра, бірақ Абайдан қалған мұра ескірген жоқ. Өлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйренуі керек» деген

тұжырым жасайды. Автор қазақ совет әдебиетінің кейбір өкілдерінің шығармаларындағы әсіре тапшыл, солақайшылық, ұраншылдық, футуристік сипатты сынап, үйрену, үлгі алу, шеберлікті, көркемдікті жетілдіру мәселесінде С. Мұқановтың: «біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз» деген нигилистік көзқарасына қарсы шығып: «Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың (әдебиетінің. – Ж. С.) тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы бізге үлкен үлгі» деп өзінің қорытынды ойын айтқан.

Жоғарыда қарастырған мақалалар секілді бұл еңбек те қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі әдеби-тарихи және сыншылдық ой-пікірінің кемелдене, нақтылана, зерттеушілік сипатының тереңдей түскенін көрсетеді. Оған Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек, Сәкен шығармаларына және Бейімбеттің Мырқымбай образына жасаған талдаулары мен ғылыми бағасы айқын дәлел. Автор әдебиетті ғылыми тұрғыдан тану проблемасымен қоса, өз кезеңіндегі әдебиеттің даму жолындағы бағыт-бағдары туралы да толымды пікірлер білдіреді. «Тұрпайы социологизмді» жақтаушылар «бізде үлгі аларлық әдебиет жоқ» деп даурығып жатқанында, «қазақ әдебиеті балалық күйінен асып, есеюге бет алды» деген кесімді тұжырым жасауы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол

кезеңдегі өресін танытатыны анық. Бірақ мақала қазақ әдебиеттану ғылымына дендеп еніп келе жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың қағидалары мен партиялық идеологиядан да сау қалмаған. Сөзіміз дәлелді болу үшін автордың мына бір пікірін келтіре кетейік. «Біздің мәдениетіміз жалпы адам баласының мәдениетінің санаулы бір мүшесі болмақ. Жалпы мәдениет базарына біз өзіміз жасаған мәдениет бұйымымен бармақпыз. Біз олардан алсақ, олар бізден де алмақ. Интернационализмнің негізі – мәдениеттің сыртқы түрін (ұлттық кескінін) бір түсті қылу емес, ішкі маңызын бір тілектен шығару. Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұқсаса, ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметіне жұмсалы керек. Сондықтан біздің әдебиет – тап әдебиеті, еңбекші таптың әдебиеті». ҚазАПП сыншы-әдебиетшілері қазақ ақын-жазушыларын тапқа және әр түрлі топқа бөліп, «қазақтың пролетарлық әдебиетін тек еңбекші таптан шыққандар ғана жасайды» деп, ақын-жазушыларға «ұлтшылдар» және «жолбикелер» деген атақ тағып жатқанда С. Садуақасовтың бұлай жазбасқа амалы қалмаған болуы керек. Әрине заман талабы солай болды ғой деп ақтап алуға да, екі жақты көзқараста болды деп даттап тастау да орынсыз. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 20-жылдардың соңына қарай әрі-сәрі халде тұрғысынан ха-

бар бергендей. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу процесі өте қиын да күрделі кезеңде өткеніне бұл да бір дәлел.

Бұл пікірталастағы Қ. Кеменгерұлы, «Екеу», С. Садуақасов және тағы басқаларының мақалаларында көрінген ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдебиет тарихын зерттеуді қолға алу, әдеби мұраны игеру жолында оны «тұрпайы социологизмді» жақтаушылардан қорғап қалу мақсатында заман ыңғайына қарай еңбекші тап мүддесіне орайластыра ой айтқанымен, саясатта да, әдебиетте де, сында да «ұлтшылдыққа» қарсы күрес өрши түсті. Әдебиет сынында солақай сыншылдық белең алып, «тұрпайы социологизм» позициясын қолдап шықты. Бұл туралы ғалымдар Т. Кәкішев пен Д. Ысқақовтың еңбектерінде егжей-тегжейлі айтылғандықтан тоқталып жату артық. Ғ. Тоғжанұлының «Әдебиет және сын мәселелері» (Қызылорда, 1929), Е. Бекенұлының «Көркем әдебиет туралы кім не үшін күреседі» (Жаңа әдебиет, 1929, №2) және «Еңбекші қазақта» жарияланған Ә. Мұсаұлының «Көркем әдебиет мәселесіндегі айтыс туралы» (1929, 17 сәуір), Ғ. Мүсірепұлының «Әдебиет айтысына» (1929, 4 тамыз), Ә. Тәжібайұлының «Әдебиеттегі «смағұлшылдық» (1929, 2 қазан), С. Мұқанұлының «Әдебиет туралы ашық хат» (1929, 18 желтоқсан)

секілді мақалаларында әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тануды сөз еткен әдебиетшілердің көзқарасы «ескілікті көксеу, абайшылдықты, ахметшілдікті тудырғысы келу, «ұлтшылдық-байшылдық» пиғыл» болып түсіндірілді. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын зерттеуге деген ұмтылысына, әдебиет туралы ғылымның туу процесіне белгілі бір дәрежеде тұсау салды. Осындай сипаттағы мақалаларды партия саясаты мен идеология қолдап-қолпаштап қана қоймай, кейде ушықтырып отырды. Осыдан соң іле-шала «ұлтшыл-алашшыл» аталған қазақ оқығандарының басына сталиндік зұлмат төнді де, әдебиет тарихын зерттеу ісі саябыр тарта бастады.

Алайда, әдебиет тарихын зерттеу проблемасын көтерген мақалалар жоғарыда сөз еткендермен шектеліп қалмайды. Олардағы классикалық мұраны игерудегі көзқарасты қуаттаған басқа да мақалалар шыққан болатын. Оларда классиктердің әдеби дамудағы дәстүрдің ықпалы, әсіресе Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Махамбет творчествосының жаңа дәуір әдебиетінің дамуына әсері туралы дұрыс қорытынды жасай білді. Бұл мақала авторлары пролетарлық әдебиеттің болашағына сенімсіздікпен қарап, көптеген ақын-жазушыларды ұлтшыл, жолбике санағандықтан және ғылыми-зерттеу-

шілік ой-пікірі жағынан өрелі биікке көтеріле алмағанымен, классикалық мұраға жаңашылдықпен қарауды насихаттап отырды. Мысалы, Ы. Мұстамбаев «Абай қазақ үшін Пушкинмен пара-пар. Оның өлеңдері – зор мағыналы тарихи уақиға. Біздің еншімізде қалған ескірмейтін мұра», – деп бағаласа, Ғ. Тоғжанов әдеби-мәдени мұра жөніндегі сол кездегі әдебиеттану ғылымында талап етілген маркстік-лениндік қағиданы түсіндіріп, ауыз әдебиеті үлгілерін де, классик ақын-жазушылардың шығармаларын да, орыс әдебиетінің ықпалын да жаңа әдебиеттің қажетіне жарата білуге үндеді.

Қорыта келгенде, жиырмамыншы жылдарда қазақ әдебиетінің классикалық асыл мұрасын тарихи тұрғыда сөз етуге ұмтылған мақалалар осы кезеңдегі әдеби-теориялық, әдеби-тарихи негізде тексеру бағытындағы ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің жүйелі түрде айтылуын қалыптастырды. Сол арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының тууына, әдеби сынның қалыптасуына ықпал жасады. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеушілік сипатымен ғана емес, нигилистік көзқарас пен тұрпайы социологизм теориясына қарсы полемикалы өткір пікірі мен талдауларында әдебиет туралы ғылымның жалпы методологиялық мәселелерін де көтере білді.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бұл табысы 1930 жылдардың орта тұсында сын мен әдебиеттану ғылымында эстетикалық-социологиялық зерттеу әдісінің игерілуімен тереңдей түсті. Сол себептен көптеген ақын-жазушылар мен әдебиетші-сыншылар классикалық мұраны бағалауда заман талабына сай маркстік-лениндік ілім қағидаларына орай зерттеуге бағыт алып кетті. Әдебиеттің тарихи даму процесіне үлкен таланттың, ірі дарын иесінің шығармашылығы ерекше ықпал жасайтынын ескерер болсақ, әдебиет туралы ғылымдағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тез қанаттанып, ғылымдық мәндегі кең арнаға түсуіне әдебиет тарихындағы осындай ірі тұлғалардың зерттелуі көп әсер етері сөзсіз. 1930 жылдардың орта шенінде ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің басты зерттеу нысанасы – Абай шығармашылығы болу да сондықтан.

1920 жылдардағы әдебиет майданында болған пікірталасдан кейін, оның ішінде Абай мұрасы туралы көзқарас тұрпайы социологизм теориясынан арыла бастап, ақынды дұрыс бағалаған мақалалар көптеп жарияланды. Ғалым Е. Ысмайылов айтқандай «Абайды ғылыми жолмен зерттеу кезеңі» басталды. Ұлттық классикалық мұраны зерттеуге бүкілодақтық көлемде жүргізілген екі шараның әсері қатты

сезілді. Оның бірі – ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысы, екінші – кеше ғана «патшаның малайы», «үстем таптың жыршысы» аталып жүрген орыс классиктерінің бәрі» тарихи шындықта деңгейінде қайта қаралып, мүшелді мерекелерінің өткізіле бастауы», – деген пікір шын [31, 92].

Міне, осы екі шара қазақ әдебиеттану ғылымында да Абай шығармашылығын зерттеуден басталып, классикалық мұраны ғылыми жолмен тексеру саласындағы жұмыстарға қозғау салды. Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Абайдың өлгеніне 30 жыл толуын атап өтуге дайындық басталды. Абай мұрасына деген оң көзқарастың бір жүйеге түсе бастауына Қазақстан көлемінде болған тағы бір себепті атап өтпеуге болмайды. Ол кеше ғана «ұлтшыл-алашордашылар» атанған бір топ қазақ зиялыларының түгелге жуық идеологиялық күрестің құрбаны болып жер аударылып сотталуы, атылуы еді. Осыған байланысты әдебиет майданында оларға қарсы күрес саябыр тауып, солақай сыншылар мен тұрпайы социологизмді ұстанушылар классикалық мұраға деген көзқарасын өзгерте бастады. Жоғарыда тұрпайы социологизмнің қатты өріс алуына «ұлтшылдарға» қарсы күрестің әсері болды деуіміздің себебі де сондықтан.

Абайға байланысты осындай мәдени іс-шараға арнап таңдамалы өлеңдер жинағын шығару мен ғылыми ғұмырнамасын жазу ісі қолға алынды. Мерзімді баспасөз бетінде ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған мақалалар, естеліктер көптеп шығып, «Әдебиет майданы» журналы өзінің екі санын бірдей Абайға арнады. Осы кезден бастап Абайдың ғұмырнамасын, шығармашылығын, өнерпаздық тұлғасын, қазақ әдебиетіндегі алатын орнын жан-жақты зерттеу жұмысы басталды. Бұл мақалаларда Абайдың ғылыми өмірбаяны, новаторлығы, дүниетанымы, әлеуметтік көзқарасы, поэзиясының нәр алған арналары, поэтикасы, реализмі және тағы басқа да ерекшеліктері ғылыми тұрғыда сөз бола бастады.

Әрине, Абай сияқты ұлы тұлғаны бірден зерттеп кете қою қиын да еді. Сол себептен сөз еткен тақырыбына тереңдеп бара алмай, әр түрлі ойлар ауанында артық-кем айтылған пікірлер де кездесті. Абайдың өнерпаздық тұлғасын үлкен танымдық білгірлікпен «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Абай – халық ақыны» деп бағалау да осы мақалаларда ғылыми тұрғыда дәлелденді. Абайды ғылыми жолмен игерудің жолбасшылары саналатын осы сыншылдық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи бағыттағы зерттеу еңбектердің маңызы М. Әуезовтің

«Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988) жинағындағы, М. Мырзахметовтің «Абайтану» (1988), «М. Әуезов және Абайтану мәселелері» (1988), «Абай және Шығыс» (1997), «Абайтану тарихы» (1994), Т. Кәкішевтің «Оңаша отау» (1982) монографияларында және тағы басқа еңбектерде жан-жақты да терең қарастырылған. 1930 жылдардағы ғылыми-зерттеу ісінің кескін-келбетін танытатын бұл ізденістер мен басылымдар абайтанудың жеке бір ілім саласына айналу процесінен қазақ әдебиеттану ғылымының туу бастаған шағындағы үлкен жеңісі де болды.

Абайдың асыл мұрасын ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеу проблемасын көтерген алғашқы көлемді зерттеу еңбек те осы тұста жазылды. «Абай творчествосының бар проблематикасын әңгімелеген, көбіне оңтайлы жауап берген ғылыми-эстетикалық еңбек емес, социологиялық арқауы басым монографиялық очерк», болса да Ғ. Тоғжановтың 1935 жылы шыққан «Абай» атты зерттеуі болашақ зерттеушілерге ой саларлық біраз мәселелер төңірегінде пікір өрбітіп, ұлы ақынның новаторлығына айрықша көңіл аударады. Автордың ұғындыруынша, Абайдың «бірінші жаңалығы – көркем сөзге, поэзияға жаңа, биік талаптар қойғандығы, екінші жаңалығы – қазақтың жазба ұлт әдебиетін жасауға бас

болғандығы, үшінші жаңалығы – орыс әдебиетінің үлгілерін алуы, төртінші жаңалығы – қазақтың тіл байлығын ұқсата, жетілдіре білуі, бесінші жаңалығы – өлеңнің жаңа түрін жасағандығы».

Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына байланысты жазылған жоғарыда біз көрсеткен мақалалардағы ой-пікірлер мен ғылыми-тұжырымдарды ескере отырып «в главах «Реализм Абая», «Влияние русской культуры на Абая», «Поэтика Абая» автор сумел сказать новое слово о творчестве поэта в целом». Бірақ, Абайдың халық ақыны, классик екенін мойындай отырса да, «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалынан шыға алмай пікір қайшылығына ұшыраған. «Абай сықылды үлкен талантты ақынды қазақ еңбекшілері (астын сызған біз. – Ж.С.) өткен өмірдің бізге тастап кеткен үлкен байлығы, асыл мұрасы деп бағалайды» дей отырса да, Абайдың шыққан ортасы қанаушы тап, сондықтан ол «байлар тобының мұңшысы, ұлтшыл ақындардың басы» деген тұжырымға ден қояды. Осы секілді тағы да басқа теріс ой-көзқарастары бола тұрса да Ғ. Тоғжановтың бұл еңбегі – классикалық мұраны маркстік-лениндік әдіснамаға сай ғылыми-монографиялық сипатта зерттелуде жасалған алғашқы қадамдардың бірі.

1920-1930 жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында классикалық мұраны, әдебиет тарихын тексеру жұмыстары тек Абай творчествосы төңірегінде жүрді десек қателесер едік. Абайды зерттеу деңгейіне жете қоймаса да қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын басқа да ақын-жазушылар, олардың өмірі мен творчествосын ғылыми тұрғыда сөз етуге алғашқы қадамдар жасаған мақалалар көптеп жарияланды. Атап айтқанда, халқымыздың күрескер жыршысы, патриот ақыны М. Өтемісов туралы Х. Досмұхамедовтің, А. Мәметұлының «Исатай-Махамбет», Қ. Жұмалиевтің «Махамбет ақын», «Махамбет поэзиясының тілі», Ә. Үсеновтің «Елеулі ақын» атты мақалалары шықса, алғашқы педагог, қазақ прозасының негізін салушы Ы. Алтынсарин жайында «М» деген автордың «Ы. Алтынсарыұлы», С. Сейфуллиннің «Ы. Алтынсарыұлы», Т. Асқаровтың «Қазақтың педагог ақыны», Ә. Тоқмағамбетовтің «Ы. Алтынсарин» деген мақалалар мен алғы сөздер жарияланды (195). Сол сияқты үлкен дарын, талантты ақын С. Торайғыровқа арналған, Н. Ысмағұловтың «Сұлтанмахмұттың өлгеніне 5 жыл», С. Дәукеновтің «С. Торайғыров», Б. Кенжебаевтың «С. Торайғыров», Ә. Марғұланның «Сұлтанмахмұтты еске түсіру», «Тұңғыш ғалым Шоқан туралы» деп аталатын ғылыми-биографиялық,

әдеби-анықтамалық сипаттағы зерттеу мақалалар жарық көрді.

Қазақ әдебиеті тарихының сан түрлі қойнауларында әр түрлі барлау жасаған М. Жұмабаевтың «Базар жырау», Ә. Тоқмағамбетовтің «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Шортанбай», Е. Ысмайыловтың «Нарманбет ақын», «Ел баласы» деген автордың «Сыншылдық туралы» (Шернияз жайында), Ә. Лекеревтің «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы», Н. Фатовтың «Қазақ әдебиетін тексеру мәселелері» атты мақалалар ұлттық әдебиетіміздің өкілдерін сөз ету арқылы оның тамыры тереңде жатқаны туралы ой қозғайды. Ұлы Отан соғысына дейінгі дәуірдегі жеке ақындар туралы ғылыми-ғұмырнама, анықтамалық-зерттеушілік сипаттағы мақалаларды салыстыра қарасак, XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі әдебиет өкілдері көбірек сөз болғанын аңғарамыз. Оған ілгеріде сөз болған еңбектерден баска М. Жұмабаевтың «Ақан сері», Н. Манайұлының «Шәңгерей ақын туралы», «Кітапшы» деген автордың «Шәңгерей», С. Сейфуллиннің «Ақмолланың өмір тарихы», Ә. Тұрманжановтың «Молда Мұса», белгісіз автордың «С. Көбеевтің өмірі мен жазушылық қызметі», Ә. Марғұланнның «М. Ж. Көпеев», Р. Жаманкұлұлының «Таныстыру» (С. Дөнен-таев туралы) деген сияқты мақалалары айқын дәлел.

Бұл ақындардың өмірі мен творчествосын зерттелуі барысында сол кезеңдегі ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің өсу жолына маркстік-лениндік әдіснама принциптері ықпалы, нигилистік көзқарас және «тұрпайы социологизм» теориясының әсері тимей қалған да жоқ емес. Әсіресе, 1920 жылдардағы көптеген мақалаларда пролеткультшылдық нигилизм қатты орын алды. Біз ол мақалалардың бәрін келтіруді орынсыз көріп, «тұрпайы социологизмге» сай ұшқары пікірлер кездесе де, ғылыми-зерттеушілік және әдеби-тарихи талдау жасау сипаты айқын мақалаларға ғана тоқталдық. Жаңа туып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымында классикалық мұраны, көрнекті дарындар творчествосын ғылыми тұрғыда зерттеуде «адамзат қоғамының тарихы – тап тартысының тарихы» деген тұжырымды догмалық түрде қабылдау талай ерсіліктерге жол ашты. «Бір кезде В. И. Лениннің пролеткультшілдердің «бұрынғы мәдениеттің бәрін жойып жаңадан жасаймыз» деген әсіре белсенділігіне қарсы шығып, адамзаттың сан ғасырлар бойында жинаған ілім-білім қазынасын толық меңгергенде ғана жаңа қоғам құруға болады деген қағидасы сөз жүзінде мойындалғанмен, нақтылы іс-тәжірибеде жаңсақ кетушілік жиі орын алған еді». Міне, осы



жаңсақ кетушілік жоғарыда аталған ақындардың творчествосын тексеруде біршама орын алды.

Әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі әдебиеттегі ақындарды «Қазақстанда жаңа өркендеп келе жатқан қоғамның, яғни буржуазиялана бастаған қазақ байларының өкілі» деген көзқарастағы ұғым қалыптасты. «Егер ақын өзі өмір сүріп отырған феодалдық қоғамдық құрылысты сынаса, ол жаңа өсіп келе жатқан буржуазия табының көзқарасымен сынады» делініп, ақындар шығармаларындағы халықтық, сыншыл реалистік сипатты феодализм және капитализм арасындағы қайшылыққа сайып жіберілді. Бұған, әсіресе ата-тегі «тұрпайы социологизм» теориясына келе қоймайтын кедей таптан шыққан ақындар құрбан болды. Мысалы, Шортанбай, Нарманбет, Ақмолла, О. Қарашовтардың орыс патшалығы отаршылдық саясатын сынаған шығармалары жаңашылдыққа, қоғамға қарсы деген ұғымда түсіндіріліп, олар «ескі заманды хандық, бектік дәуірді аңсайтын кертартпа ақындар» болып кетті. Ал Ыбырайдың қазақ прозасының негізін салудағы, педогогтық-ағартушылық еңбектері мен жаңашыл суреткерлігі дұрыс бағалана отырса да «Ыбырай шығармаларының мәні, сапасы негізінен билер (феодалдар) табынікі» деп бағаланды. Осы

сипаттағы пікірлер Ы. Алтынсарин туралы шыққан мақалалардың көбіне тән десе де болады.

Классикалық мұраны зерттеуде қазақ әдебиеттану ғылымындағы қате пікірлер мен «тұрпайы социологиялық» тұжырымдардың қатты өріс алуына 1932 жылғы «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсіндірме хат әсер етті. Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» хатының ықпалында жасалған бұл нұсқау құжат «халық фольклорының көптеген шығармаларының, революцияға дейінгі кезеңнің аса көрнекті бірқатар ақындарының творчествосын жөнсіз жазғыруды күшейтіп, сол кездегі маңдай алды әдебиетшілерді (А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Б. Майлин және басқалары) қуғындауды өршітті, олардың көпшілігін кейіннен репрессияға ұшыратты». Солақай сыншылдықтың дауылы қайта көтеріліп, жоғарыда аталған дарындардың мұрасын ғылыми сөз ете бастаған мақалалар «өткір сынға алынып, оларға феодалдық-рулық құрылысты марапаттады, өткен кезең ақындарының творчествосына таптық емес көзқараста болды деген айып тағылды». Осы қаулы классикалық мұраның либерал-буржуазиялық немесе билік-феодалдық бо-

лып бағалануына мұрындық болып, ғылыми-зерттеушілік жұмыста тарихи ақиқаттың айтылуына тоқтау салумен бірге, жиырмасыншы жылдардағы «алашордашылыққа», «ұлтшылдыққа» қарсы күресті қайта жандандырып жіберді. М. Қайыпназаровтың ҚазАПП-тың бірінші съезінде жасаған «Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттері туралы» баяндамасында әдебиет пен зерттеу жұмыстарындағы ұлтшылдық идеологиямен күресу қажеттігіне қатты көңіл аудару талап етілсе, 1934 жылы өткен Қазақстан жазушыларының бірінші съезінде де айтылмай қалған жоқ.

Голощекиннің бір-біріне қарсы қоюынан ыдырап, талай «шиналарға» жіктеліп қалған қазақтың ұлттық интеллигенциясынан ұлтшылдық мін іздеу, алашордашылық пен троцкизмге «бүйрегі бұрғандығын» тізбелеу, көркем шығармадағы байшылдық салт-сананың белгілерін сынау қауырт қолға алынып, соңы 1937 жылғы «халық жауларын» жаппай әшкерелеу науқанының қанды қырғынына ұласты.

Осы кезде академик Д. С. Лихачев айтқандай «мәдени ой-өрісі қаншалықты тар әрі шектеулі, барша жаңалықтарға және барша көне мұраға солғұрлым жаны төзгісіз, өзінің әдетіне айналған ұғымның билігіне соншалықты тәуелді, барынша күдікті жандардың» тарихи ақиқат-

ты өрескел бұрмалап жала жапқан, қаралағыш мақалалары әдебиет тарихын зерттеуге кесірін тигізбей қалған жоқ. Бұл мақалалардың ақыл-парасатқа тоқтау салып, гуманистік адамгершілікке қаяу түсіргені, қазақ интеллигенциясының ұсталып кетуіне, қуғын-сүргінге ұшырауына себепкер болғаны қазір ашық жазылды да.

Қазақ әдебиеттану ғылымының ізашарлары саналатын С. Сейфуллиннің, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, Ә. Қоңыратбаевтың, Ә. Маметованың еңбектері өткір сынға алынып, жөнсіз ғайбаттауға жол берілді. Сонымен қатар, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікірдің дамуына кедергі келтірді де, әдебиеттану ғылымының туу процесіндегі ізденістерін аласапыранға айналдырып жіберді. Сөзіміз дәлелді болу үшін қысқаша тоқталып өтелік.

Халық жауларын әшкерелеу науқанына баспасөз орындары жұмыла кірісті. «Социалистік Қазақстанның» «Буржуазияшыл ұлтшылдардың бірін қалдырмай әшкерелеп, жермен-жексен қыламыз» (22.09.1937), «Қазақ әдебиетінің» «Қырағылықты мейлінше күшейтейік» (29.01.1937), «Лениншіл жастың» «Буржуазияшыл ұлтшылдардың ұясын тас-талқан жасау керек» (16.10.1937) секілді бас мақалалары әсіре сақтық пен қырағылыққа шақырды. Осы

шақыруға үн қосқан І. Қабылов «Қазақ большевиктерінің міндеті – қазақ ұлтшылдарына қарсы баса күресу» мақаласында «ұлтшыл-алашордашылыққа» қарсы күресу мәселесін қайта көтеріп, оны қазір троцкий -зиновьевшілерді жақтаушы пантюркистік – рыскұловщина, «ұлтшыл-контрреволюцияшыл» – қожановщина, меңдешовщина, садуақасовщиналар қолдап отыр» деп ғылыми және әдеби интеллигенция өкілдерін Ф. И. Голощекин ізімен тағы да жік-жікке бөліп тастап, ұлтшылдықты батыл әшкерелеу міндетін қойды. Ал Үсенов пен Момыновтың «Әшкереленген жау» деген мақаласы әдеби мұраны зерттеу саласындағы «ұлтшылдықты» әшкерелеуге тікелей бағытталған. Пайдаланып жүрген оқу құралдарындағы және әдебиет тарихын сөз еткен мақалалардағы М. Ж. Көпеев, Н. Орманбетов, Ш. Құдайбердиев, Ғ. Карашев, Ш. Бөкеев сияқты ақын-жазушылардың зерттелуін, олардың әдебиеттегі орнын бағалаудағы тың тұжырымдарды «алашордашыл-контрреволюцияшыл» пікірді бүркеп өткізу» деп табады. Авторлар, әсіресе Ө. Мәметованың ІХ класқа арналған «Әдебиет хрестоматиясына» қатты шүйіліп, «Шәкәрім – ой-өрісі биік, саналы халық ақыны, шығармаларының сыры кісі бойлағандай терең» бағасын жоққа шығарады. «Нарманбет пен Шәкәрім Абайдың

жолын қуушы деп дәріптейді. Ұлтшылдығын әшкерелемейді» деген сияқты кінәларды таға келіп, автордың Наркомпростағы жиналыста жұмыстан шығарылғанын хабарлайды. Сол секілді М. Ақынжановтың – «Жаудың сыры жете ашылсын» атты мақаласы революцияға дейінгі дәуірде қазақта тап болды ма, болса сол кездегі ақындар қайсысын жырлады деген мәселені көтереді. Әдебиет тарихымен айналысушылар кешегі алашордашылардың «қазақта тап болған жоқ» деген пікірін жақтағандықтан көңіл аудармай отыр, сондықтан олардың дұшпандық әрекеттерін ашу қажет дей келіп, жаңа «халық жауларын» әшкерелеуге шақырады. Соның салдарынан Қазақстан Оқу Комиссариаты 30-жылдарда жазылған оқу құралдары мен әдебиет хрестоматияларды жарамсыз деп тауып, қайтадан жазу керек деген шешім қабылдады.

1937 жылдың лаңы ғылыми-зерттеу мақалалардағы әдебиет тарихын танып-білу жолында қалыптасып қалған бағытты жаңылдырып, бетін бұрып жіберді. 30-жылдардың соңында орыстың классик ақын-жазушылары мен советтік дәуірдегі халық ақындарының, әсіресе Ж. Жаббаев шығармашылығы туралы мақалалардың көбейіп кетуінің де бір сыры осында жатыр.

1920-1930 жылдардағы классикалық мұраны, жеке дарындарды

сөз еткен ғылыми мақалалар туралы ойымызды қорыта айтсақ, олардан қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі әдеби-теориялық, әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістер жолында іркілістерге ұшырай отырып өсу, ғылыми сипатқа көшу эволюциясын анық байқаймыз. Қазақ әдебиетінің революцияға дейінгі тарихындағы көрнекті өкілдердің шығармашылығын бағалауда нигилистік көзқараспен, «тұрпайы социологизм» теориясымен күресе отырып, таза ғылыми-зерттеушілік мәндегі ой-тұжырымдар мен пікірлер нақты айтыла бастады. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің ғылымдық тарихын жасау мәселесі де көтерілді. Ол, яғни қазақ әдебиетінің тарихи курсына жасау мен дәуірге бөлу проблемасының

ғылыми жүйеленуі, оқу құралдары мен әдебиет хрестоматияларда жүзеге асты. «Қазақ халқымен талай ғасырдан бері бірге жасап, рухани байлығы болған ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен жеке дарындардың, әсіресе, Абай сияқты данышпан ақынның шығармашылығын игеру барысында қазақ әдебиетінің сыны өсу дәуірінде екені танылып қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып келе жатқаны аян болды» [31]. Яғни, Ұлы Отан соғысына дейінгі жылдарда қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет тарихын зерттеу арқылы өзінің туу кезеңін бастан өткізіп, қалыптасу кезеңіне бет бұрудағы ізденістерінде ғылыми-зерттеушілік сипаттағы мақалалардың қосқан үлесі айтарлықтай мол болды.

### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Фольклортанудағы 1920-1930 жылдардағы іргелі еңбектер.
2. Қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі мен классификациялану тарихы.
3. М. Әуезов – фольклортанушы және әдебиет тарихын зерттеуші.
4. Х. Досмұхамедовтің фольклортануға қосқан үлесі қандай?
5. Әдеби мұраны зерттеудегі 1920 жылдардағы алғашқы қадамдар.
6. «Пролеткульшылдық» көзқарастың пайда болу себебі неде?
7. «Тұрпайы социологизм» теориясының ғылыми-зерттеу жұмыстарына әсері қандай болды?
8. «Бірыңғай ағым теориясының» принциптері қандай?
9. 1920 жылдардағы ғылыми зерттеудегі теориялар және ұлт әдебиеті тарихының мәселелері.
10. Қате теориялардың ұлттық сынға әсері мен ықпалы.

11. В. И. Лениннің «екі түрлі мәдениет туралы» қағидасы және ұлттық ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдері.
12. Қазақ әдебиеті сыны және маркстік-лениндік әдіснама.
13. Әдеби мұраны игерудегі таптық қағиданың ықпалы.
14. Кеңестік идеология және әдеби сын.
15. А. Байтұрсынов және қазақ әдебиеттануының мәселелері.
16. Көркем әдебиет туралы айтыс және ұлттық таным-білік.
17. С. Садуақасовтың сын-зерттеу еңбектері.
18. Қ. Кемеңгеровтің сын-зерттеу еңбектері.
19. Ж. Аймауытов және М. Жұмабаев шығармашылығы.
20. Маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына әсері қандай болды?
21. Пролеткульшылдық көзқарас және сын.
22. «Сталиннің жеке басына табынудың» ұлттық әдебиеттануға кері әсері.
23. Маркстік-лениндік әдіснаманың кемшіліктері, оның басты себептері.
24. «Бірыңғай ағым теориясының» жетекшілік ролі қандай?
25. М. Жұмабаев шығармашылығы және әдеби сын.

### Негізгі әдебиеттер

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академия баспасы, 1961. – 376 б.
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I-II том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008, 2010.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
5. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 34 б.
6. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
7. Машинский С. И. Классика и литературная наука. – М.: Знание, 1970. – 63 с.
8. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1997. – 400 б.
9. Ысқақов Д. Сын өнері. – Астана: Фолиант, 2001.
10. Николаев П. и др. История русского литературоведения. Москва, 1980.
11. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. 384 б.
12. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

**Қосымша әдебиеттер**

1. Ысқақов Д. Сын сонар. – Алматы: Рауан, 1994. – 238 б.
2. Қамзабекұлы Д., Садуақасұлы С. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
4. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. т. 15: Мақалалар. Зерттеулер. – 294 б.
5. Молдаханов Ә., Әуезов М.//Қазақ фольклористикасы. - Алматы: Ғылым, 1972. – 165-181 бб.
6. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 175 б.
7. Сейфуллин С. Шығармалар. 4 т. – Алматы: ҚМКӨБ, 1962. – 392 б.
8. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.;
9. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Жазушы, 1974. – 432 б.
10. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
11. Қирабаев С. Қазақ әдебиетіндегі ақтандақтар. – А., 1997.
12. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.
13. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 200 б.
14. Тоғжанов Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда, 1929. –192 б.
15. Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., 1988.
16. 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. – А., 1998.
17. История русского литературоведение. – Москва, 1980.
18. Троцкий Л. Литература и революция. – М.: Политиздат, 1991. – 399 с.
19. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986.
20. Ергөбеков К. Сәбит Мұқанов. – Алматы, 1991.

### 3-ТАРАУ. Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасы

Қазақ әдебиеттану ғылымында фольклор мен қазақ әдебиеті тарихының ғылымдық тұрғыдан зерттелуі, оны дәуірге бөлу, белгілі әдебиет өкілдерінің шығармаларына баға беру, әдебиет тарихынан алатын орнын белгілеу – үлкен проблемалық мәселелердің бірі. Жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының тууы, қалыптасу туралы азды-көпті пікір айтқан М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Т. Кәкішев, Р. Бердібаевтар бізде әдебиеттану ғылымы Ұлы Қазан революциясынан кейін, яғни 1920-1930 жылдары туа бастады деп санайды. Осы ғалымдар 1917 жылға дейінгі қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап бастырушы фольклористер А. Алекторовтың, В. Радловтың, Г. Потаниннің, Ә. Диваевтың, т.б. еңбектерін қазақтың ұлы ағартушы-демократтары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиеті жайындағы ғылыми теориялық ой-пікірлерін жоққа шығармайды. Әсіресе, Шоқанның халық шығар-

машылығына байланысты, қырғыз эпосы «Манас» туралы, халық поэзиясы туралы еңбектерін, Абайдың өлең өнері туралы сыншылдық ойларын, Ыбырайдың орыс алфавитімен шыққан «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы қазақ даласында сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-теориялық ойдың оянуы ретінде қарастырады. Ғалым Т. Кәкішев қазақ даласында сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің таралуы туралы айта келіп: «қазақтың сыншылдық ойының алғаш оянып, туа бастау шағында Шоқан, Абай, Ыбырай қоғамдық сананың үш мәнді саласы бойынша ой өрбітті. Ш. Уәлиханов өзінің әдебиет жайындағы ойларын ғылыми арнамен, Ы. Алтынсарин педогогикалық жүйемен баяндаса, А. Құнанбаев эстетикалық таныммен тұжырымдап отырды», – дейді [46, 50].

Бұл турасында М. Әуезов 1948 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында жан-жақты тоқталған.

Онда: «Қазақ халқының әдебиет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл – жас ғылым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақстандағы әдебиеттану ғылымы құрылғанда ол өзінің алғашқы туысымен, бүгінге жеткен сатысымен барлық бас-аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Ұлы Қазан революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде өскен ғылым дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ.

Рас, қазақ халқының революциядан бұрынғы өрнектерін жинауда және оларды баспасөз жүзінде жариялауда, онан соң ең алғаш түсініктер беруде қызмет еткен орыс ғалымдарының еңбектерін ұмытпаймыз. Орыс мектебінен, орыс мәдениетінен тәрбие алып қазақ ескілігін зерттеген Шокан, Әубәкір, Ыбырай сияқты оқымыстылардың еткен еңбегін бағалаймыз. Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдасы әрекеттері нағыз әдебиеттану ғылымының өзін тудырған жоқ-ты. Олардың тексеру, зерттеулері бастауыш дәрежеден болса да, қалыптасқан «Әдебиет теориясы», «Әдебиет тарихы» болып, тым құрыса орта мектеп оқу құралы есебінде де тарихқа кірген жоқ-ты», – деп атап көрсете келіп: «Қазақ әдебиетінің тарихы мен

әдебиеттану дүниесі бізде орта мектепте оқу құралын жасаудан туды» деген қорытындыға келеді.

Ал профессор Р. Бердібаев: «20-30 жылдардағы әдебиетті зерттеушілік саласында атқарылған жұмыстар әр алуан. Қазақстанда бастауыш орта-лау және орта мектептердің көбеюі, жоғары оқу орындарында тіл, әдебиет факультеттерінің ашылуы, әдебиеттің тұрақты хрестоматиялары мен оқулықтарын қажет етті. Оқулықтар, хрестоматиялар жасауға жазушылар, сыншылар қызу атсалысты. Соның арқасында көптеген кітаптар жарыққа шықты. Әдебиет тарихының түрлі мәселелеріне белгілі анықтық, жүйелілік енгізілді. Фольклордың, ертедегі жазба жәдігерлердің, совет жазушыларының шығармаларына сын баға берілді, әдебиеттану ғылыми қалыпқа түсті», – деп жазады [47,187].

Осы жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, қазақ әдебиеттану ғылымы оқулық, хрестоматияны жасаудан бастап, нақты ғылыми жолға бет алып, әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу қолға алынды деген қорытындыға келеміз. Сонымен қатар, бұл оқулық, хрестоматияларды орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары ғана емес, қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын зерттеген ғылыми еңбектер ретінде де қарастыру қажет деп ойлаймыз.



Қашан да ғылым ешбір дерексіз тумайды, дәуірдің талап-тілектеріне байланысты дүниеге келеді. Төңкерістің алғашқы жылдарынан бастап қазақтың ұлттық баспасөзін, ұлт мектептерін ашу міндеті алға қойылғанда, ең қиын, ең түйінді мәселенің бірі – ана тілі мен әдебиетін оқытуды бірінші кезекте шешу керек болды.

1921 жылы 31 қаңтарда Халық ағарту комиссариаты мен Мемлекеттік баспасы жанындағы редакция алқасының бірлескен мәжілісінде С. Сейфуллинге I-II сатыдағы бірыңғай қазақ мектептері үшін қазақ әдебиетінің хрестоматиясын дайындау тапсырылды. Бұл міндетті орындап шығу жолында біршама ізденген С. Сейфуллин қазақ әдебиетінің тарихы жайлы алғашқы ой-пікірлерін талқыға салу мақсатында 1924 жылы Орынбор қаласындағы қазақ жастарының Орталық клубында «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген тақырыпта лекция оқиды. Осы лекцияда қазақтың халық ауыз әдебиетін, қазақ әдебиетінің тарихын тексеру проблемасы тұңғыш рет қойылып, әдебиет тарихын дәуірге бөлу туралы тың пікірлер көтерілді.

Сәкеннің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу туралы бұл бастамасы мерзімді баспасөз бетінде айтыс туғызды. 1920 жылдардың басындағы әдеби-теориялық, әдеби-тарихи бағыттағы талдау жасау, тексеру

бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әрі толық қалыптаса қоймаған еді. Сол себептен қазақ әдебиеттану ғылымында сол кезде дәуірлеп тұрған пролеткультшылдық салдарынан С. Сейфуллиннің лекциясында кейбір қате пікірлер орын алды. Ол Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұттың өнерпаздық тұлғасын, шығармашылықтарының ағартушы-демократтық, новаторлық сипатын дұрыс бағалай отырса да, қанаушы қоғамда өмір сүргендіктен, олардың шығармалары мазмұны жағынан билер (феодалдар) табынікі деген дәйексіз қорытынды жасайды. Бұл лекцияның қысқаша мазмұны «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған еді. Осы мақаланың шығуына байланысты қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, көрнекті дарындарын бағалау мәселесі қызу талқыға түсті. «Темірбайдың» «Қазақ әдебиетінің тарихынан» атты мақаласы, оған қарсы Ғ. Мүсіреповтің «Қисық сынға әділ төре» мақаласы шықты. Сол секілді «Тоқпақ» деген атпен (С. Қожанов) «Жақындық па, жалақорлық па?» деген мақала да жарық көрді. Сәбит пен Ғабиттің пікірлерінде қазақ әдебиеттану ғылымында өріс ала бастаған нигилистік көзқарас пен «тұрпайы социологизм» теориясының әсері сезілсе, «Темірбай» мен С. Қожановтың ойларында «бірыңғай ағым теориясынан» туын-

даған «қазақта төңкеріске дейін тап болған жоқ, сондықтан өткендегі мұраның жақсы-жаманы жоқ» деген ұғым орын алды. Лекция мен бұл мақалалар әдебиет тарихын ғылымдық тұрғыдан зерттеудегі жаңаша сипаттағы талпыныстардың бірі еді. Бұл пікірталас ғасыр басынан келе жатқан ғылыми-зерттеушілік ой-пікір мен маркстік-лениндік ілімнің әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығы туралы қағидалары арасындағы күрестің алғашқы қақтығысы болатын. Сондықтан да аласапыран кезең болса да, әдебиеттің тарихи курсы жасау мәселесінің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде көрініс табуы, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріне қадам басып, тың ізденістер жасай бастағанын дәлелдейді. Оған кеңес өкіметінің халық арасындағы сауатсыздықты жою, ол үшін мектептер ашып, оқу құралдарымен қамтамасыз ету саясатының көмегі тимей қалмады.

1920 жылдары халық арасындағы сауатсыздықты жою саясатын қазақ зиялылары қызу қолдады. Бұл жолдағы алғашқы қадам бастауыш дәрежесіндегі мектептерге түрлі әліппе, сауат ашқыш құралдар жасаудан басталды. А. Байтұрсыновтың «Әліпби» (1921), «Оқу құралы» (1921), «Әліпби. Жаңа құрал» (1926), «Тіл құралы» (1920), Т. Шонанұлымен бірігіп жазған «Оқу құралы»

(1927), М. Жұмабаевтың 1930 жылға дейін жеті рет басылып шыққан «Сауатты бол» (1923), Ж. Аймауытовтың «Жаңа ауыл» (1929) атты оқулықтары мен тағы басқалардың оқулық, хрестоматиялары ұлттық әдебиеттің мектепке жеке пән ретінде жүре бастауына жетекші ықпал жасады. Басқа пәндерден де оқу құралдар жазу қолға алынды. Әйтсе де педагогикалық техникумдер мен училищелерде, халық ағарту институттарында әдебиет тарихын оқыту қажеттілігі айқын сезіле бастады. Осы қажеттілік оқу-ағарту, әдебиет саласында жүрген ұлт зиялыларының алдына қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу міндетін қойды.

Әдебиет оқулығын жасау, оның тарихын зерттеуде осы жоғарғы басқыштағы мектептер мен оқу орындарына қазақ әдебиетінің арнайы түрде оқытылуын қажет еткен уақыт, дәуір талабына үн қосқан М. Әуезов болды. 1924 жылы Семей қаласындағы қазақша педагогикалық техникумге әдебиет тарихынан лекция оқытын оқытушы іздеген кезде, Семей губерниялық атқару комитеті Ленинград университетінде оқуда жүрген М. Әуезовті шақыртады. «Әуезов қазақ әдебиетіне қызығуы мен осы саладағы өз бетінше жүргізген зерттеулері арқылы техникумде қазақ әдебиетін оқытатын бірден-бір кандидатура болып табылады» деп атап көрсетілуіне қарағанда, сол кездің

өзінде-ақ М. Әуезовтің қазақ әдебиетінің тарихынан өз тарапынан жүргізген біршама зерттеулері әдеби ортаға жақсы таныс болған болуы керек. Оған дәлел – жұмысымыздың алдыңғы беттерінде қарастырған мақалалары мен САГУ-дің аспиранты болып жүргенінде Ташкенттегі «Талап» қоғамының жалпы жиналысында «Қазақ-қырғыз әдебиетінің ілгері басқан дәуірлері» деп аталатын баяндамасы. Әдебиет тарихына байланысты өз бетінше жүргізген зерттеулерін, жинаған деректері мен материалдарын Семей педагогикалық техникумында лекция оқу барысында бір жүйеге келтіре, толықтыра отырып, М. Әуезов 1927 жылы қазақ әдебиеті тарихынан тұңғыш зерттеу еңбек болып табылатын «Әдебиет тарихы» атты оқулығын жазады. Автор «Жазушыдан» деп аталатын шағын алғы сөзде оқулықты жазудағы мақсаты туралы: «Ана тілінің кеңірек өріс іздеуі қазақ мектебінде соңғы жылдарда күштірек айқындалып отыр. Олай болатын себебі, соңғы жылдары қазақ елінің оқу-ағарту жұмысына тұсауын кескендей кеңшілік берді. Қазақтың бастауыш мектеп жасындағы балаларына арнап ашылған әлденеше жүз бірінші басқыш мектептен басқа бұл күнде оқытушылар дайындайтын техникум, институттар шыға бастады... Бастауыш мектептен гөрі жоғарырақ болып ашылған қазақ мектебі бол-

са, барлығында ана тілінің әдебиетін тексеріп ұғынудың талабы байқалады. Ана тілінің жолында ендігі басқышта қазақ мектебінің іздейтін жаңалығы, кең өрісі сол әдебиет болады», – дей келе, бұл алғашқы қадам, тұңғыш тәжірибе ғана, сондықтан «Кітаптың тарихсыз заманда шыққанын еске алуды тілейміз. Қай жолдағы білімді алсақ та алғашқы тәжірибесінде сүрініп-қабынып, шала-шарпы, ала-құла болып шығады. Кемшілікті сын түзейді, көп болып біріккен ой түзейді. Сондықтан бұл кітап «Қазақ әдебиеті» деген толық атты аламын деп дәмеленбейді», – деп ашық ескертеді [35, 9]. Оқулықты жазу барысында М. Әуезов көп ізденіп, жан-жақты дайындалғаны қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөлуінде, жанрлық жіктерін жүйелеуде айқын аңғарылады. Бұл бағытта өзі жақсы таныс болған орыс әдебиеті тарихының зерттелу тәжірибесіне сүйеніп отырғаны да сезіледі. Сонымен қатар әдеби мұраны игеру, зерттеу проблемасын көтеріп жатқан сол кездегі әдеби-теориялық, әдеби-тарихи талдау жасай тексеру бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі алғашқы ғылыми сипаттағы мақалаларды да ескеріп отырғаны анық байқалады. Әдебиет тарихының жеке пән ретіндегі ғылымдық сипатын аша келіп, оның зерттеу нысанасын, яғни кімді, қалай зерттеу керек деген

проблемалық мәселені алға қояды. Бұл проблеманы шешуде М. Әуезов әдеби мұраны зерттеу саласындағы өзінде дейінгі және сол кезеңдегі жаңашыл ой-пікірлерді басшылыққа алады.

М. Әуезов қазақ фольклорын ғылыми тұрғыда жан-жақты тексерген бөлімдерден кейінгі соңғы тарауды «Зар заман ақындары» деп атаған да, оған Асан қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ы. Алтынсаринді жатқызған. Автор ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасын бөлетін кезең деп әдебиеттің көркем өнер саласы ретінде «әлеуметтің халін ұғып, жоқтап, ел қамын ойлай бастаған» кезеңді алады. Осы кезден бастап «барлық ақындардан қалған сөздерді жазба әдебиетке қосамыз» деп көрсетеді. 1920 жылдардағы «Жазба әдебиет Абайдан басталады» деген ұғымға қарсы шыға отырып, Абайдан бұрынғы ақын-жырауларды ауыз әдебиетіне жатқызып жіберушілермен келіспейді. Зар заман ақындарын ақылшы би, қария және толғау айтқан жырау деп екіге бөле келе, олардың негізгі міндеті өлеңшілдік емес, елге басшылық жасап үлгі-өсиет айту, әлеумет қамын ойлау деген тұжырым білдіреді. Бірақ, осы екі сипаттағы ақындарды «Бұлар өз заманындағы қазақтың жоғарғы тобынан, билер, басшылар ортасынан шыққан, өздері әкім» деп «тұрпайы социологизм»

көзқарасымен бағалайды. Абайға дейінгі ақындардың барлығын хандық қоғамның жыршысы дей отырса да, автордың мына пікірі көңіл аударарлық. «Қазақтың жазба әдебиеті кешегі өткен Абай емес, одан көп арғы жердегі көп сай мен саладан суат алатынын түсінеміз». Бұл пікірін дәлелдеу мақсатында Асан қайғы мен Бұқар жырау өлеңдеріне әдеби-тарихи тұрғыда социологиялық талдау жасайды. Асанның Жәнібек ханға, Бұқардың Абылай ханға айтқан өлеңдерінің мәнін аша келіп, олардың ел ақылшысы, ел қамқоры да бола білгеніне көңіл аударады. Әйтсе де М. Әуезов Абайға дейінгі әдеби мұраға «Хандық, билік қоғамның мүддесін жырлаған әдебиет» деген көзқараста болған. Оған автордың: «Тарих сынымен қарағанда, Асан қайғы мен Бұқар жырау – қазақ қауымының жоғарғы табынан шыққанмен билер ортасынан шыққан ақындар. Өздері де ел меңгеріп жүрген басшы, ұлық. Бұларды туғызған қазақ тарихының хан билеп, би билеген дәуірі. Сондықтан дүниеге көзқарасы, ұғымы, ел тіршілігіне берген бағасы барлығы да хан мен би заманының ой-негізін, салт-санасын білдіреді» деген пікірі дәлел. Бұл көзқарас Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай шығармашылықтарына байланысты атап айтылмаса да, оларды халық ақындары деп те бағалайды. Асан қайғы, Бұқар жырау өлеңдерінен

басталған әлеуметтік сарын Махамбет поэзиясында күрескерлік мәнге ауысты, одан кейін Шортанбай, Мұраттарда діншілдік, зарлана күнренумен толығып, Ыбырайда ағартушылық оқу-өнерге шақыру сипатын қабылдағанын Абайға дейінгі қазақ поэзиясының өсу жолы ретінде көрсетеді. Жиырмамыншы жылдардағы әр түрлі мақалаларда айтылып қана жүрген осы ақындар шығармашылығына оқулық көлемінде алғашқы талдау жасауы, қолда бар деректердің сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір тұрғысынан жүйеленуі, қорытылуы қазақ әдебиеті тарихын ғылымдық негізде зерттеуге алғашқы соқпақты салғанын көрсетеді.

М. Әуезов оны осы еңбектің соңында «Бүгінгі мақсат – қазақ ел әдебиеті жұрнақтарын сыртқы түр мен мағынасына қарап әр түрінің орнын көрсету. Бұл кітаптың түп мақсаты сол болған соң, бір дәуірде бір түрлі өлең айтқан ақынның бәрін сынаудың орнына солардың ішінен мысал боларлық бірнешеуін алып, осылардың мысалын тексерумен әдебиет тарихының желісін тартып алмақшымыз. Әр жерде шашылып қалған ескіге қарап, әдебиет тарихының ұзын жолынан қалған сұрлеуді тауып алуды талап етіп отырмыз», – дей келіп, «Қазақ әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң Абайға келіп тіреледі. Енді Абайға

көшеміз», – деп қорытады. Әрине, қазақ әдебиеттану ғылымының өрістеп дамыған қазіргі кезеңнің талап-тілегімен қарайтын болсақ, оқулықтағы «бірыңғай ағым» теориясы мен «тұрпайы социологизм» теорияларына сай көзқарастағы пікірлерін сол дәуірдегі тек бізде ғана емес, бүкіл кеңес әдебиеттану ғылымында орын алған осы концепциялардың ықпалы деп түсінген дұрыс. Сол кездегі «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрестің бір шеті М. Әуезовке де тиіп, шығармалары сыңаржақ солақай сыншылдыққа ұшырап жатқанын ескерсек, оқулықтың бүкіл тиражының баспадан шықпай жатып жиналып алынып, таралмай қалуына тандануға болмайды. Идеялық нысанасы қате деп танылып, мектептер мен жоғары оқу орындарында практикалық арнасын таба алмауына заман, дәуір ағымы кінәлі еді. Оқулық кеңес дәуіріндегі ой-көзқарасқа сай: «М. Әуезовтің 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» атты кітабы маркстік методология тұрғысынан қарағанда «бірыңғай ағым» теориясына ойысатын елеулі қате-кемшіліктері бар еңбек болатын. Алайда бұл еңбек қазақ әдебиеті тарихын зерттеу талабымен құнды», – деп бағаланды [17, 110]. Халық ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерін, Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін талдау барысында ұшқары айтылған ой-пікірлер М. Әуезовтің кейінгі жыл-

дарда жазылған еңбектерінде терең ғылыми дәлдікпен қайта жазылғаны мәлім. Бұл салада бағыт-бағдар алатын бұрын-соңды жазылған ғылыми еңбектің болмауына, жан-жақты карап, жете зерттеу жүргізуге мұрша бермеген уақыт, заман талабын, әдебиеттану ғылымының әлі туып үлгермегеніне көңіл аударатын болсақ, бұл кемшіліктердің болуы заңды да. Соған карамастан «Әдебиет тарихы» қазақ фольклорын жанры мен түріне жіктей отырып, тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеген әдеби танымдық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бетін мәнді арнаға бұрған, бірнеше кезеңдерге бөлінетін әдебиет тарихы бар екенін танытқан бірден-бір оқулық, әдебиеттану ғылымының алғашқы қарлығашы болды.

М. Әуезовтің осы оқулығында зар заман ақындары қатарына бұл дәуірге арғы заманнан Сыпыра жырау, Қазтуған, беріден Алаша Байтоқ, Базар жырау, Досқожалар кіретінін атап өтіп, тарата баяндап талдау жасамаса да, бұлардың сөз саптаулары мен сарындары осы шеңбердегі үлгіде келетіні атап өтілген болатын. Бұл 1920 жылдардың орта шеніндегі әдеби-тарихи ой-пікірде қазақ әдебиетінің тарихын арғы бастауларынан, яғни қазақ хандығы құрылған кезеңнен бастап тексеру керек деген көзқарастағы ізденістің орын тебе бастағанын көрсетеді. Бұл идеяны алғаш кім көтергеніне

көз жеткізе алмадық. Оның ұлт әдебиеті тарихын дәуірге бөлуге тікелей қатысты екені айтпаса да түсінікті. Осы идея алғашқы оқулықтар жазушыларға ауысып, М. Әуезов әлгіндей барлау түрінде ғана айтса, Х. Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінде біршама жүйелі түрде жүзеге асты. Автор жұмысымызда сөз болып кеткен Р. Мәрсеков, С. Сәдуақасов, М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың мақалаларындағы, жоғарыдағы «Әдебиет тарихындағы» қазақ әдебиетін дәуірге бөлудегі ізденістерін жалғастыра отырып, біздің кеңес дәуіріндегі 1960 жылдардың соңғы кезінде әрең қол жеткізген дәуірлеудің алғашқы нұсқасын жасап берді.

Х. Досмұхамедов: «Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу керек», – деп негіздегенде философиялық-дидактикалық және сопылық поэзияның өкілдеріне сүйеніп отырғаны анық. Бірақ, олар туралы ешқандай ой-пікір білдіре қоймаған. Әдебиет тарихын зерттеу мәселесінде бұл қысқаша очерктің шын мәніндегі ғылыми-зерттеу екенін көрсететін, қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін жаңа бастама ретінде көрінген үлкен бір ерекшелігінің

маңызы зор. Автор бұл еңбегінде қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөлуде бұрын кездесе қоймаған жүйе жасаған. Қазақ фольклорының даму процесі тұрғысында ой қозғай келіп, халық ақындарының рөлі ерекше екенін, олардың қай дәуірде өмір сүргенін атап көрсетуді мақсат тұтқан. Қазақ әдебиеті мынадай дәуірлерге бөлінеді деп атап көрсетпесе де, ортасында аты сақталған халық ақындарын әр ғасыр бойынша жіктей отырып түгелге жуық келтіреді. Ең ерте дәуірдегі ақындар деп бастап, қазақ әдебиетінің тарихын былайша бөледі:

1. XV ғасыр – Жиренше.

2. XVI ғасыр – Сыпыра жырау мен Шалкез.

3. XVIII-XIX ғасыр ақындары. Халнияз, Абыл, Нұрым, Қадырбай, Мұрат, Матай, Қуан, Өтебай, Байтоқ, Манабай, Иманбай, Бабас, Жылқышы, Абат, Жылқайдар, Қозыбек, Жұмырбай, Қашқынбай, Базар, Есенбақ, Жиенкүл, Ораз, Шернияз, Жаскілең, Бахы, Жанат, Нысанбай, Нарманбет, Майлықожа, Мәделіқожа, Ешнияз, Бұдабай, Ерменбет, Ығылман, Құлымбет, Шегебай, Ақтиям, Молдағали, Балмырза, Сүйінбай, Досқожа, Өмірзақ, Жамбыл, Бақтыбай, Әбубәкір, Біржан сал, Ақан сері, Жүсіпбек, Бұқар, Орынбай, Ақмолда, Қарпық, Сейдахмет, Қабан, Күдері, Бөлтірік, Елеусіз, Нұржан, Тоғжан, Қанапия, Өске, Бейімбет,

Сералы, Тұрмағамбет, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Шөже, Садық, Әликеш, Оңғар, Шораяқ Омар [36, 73].

Автордың басты мақсаты фольклорлық үлгілерді шығарушылар, жырлаушы, таратушыларды атап көрсету болғандықтан, жыршылар мен ақын-жыраулар, әнші-ақындар мен айтыс ақындары араласып кеткен. Әйтсе де қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихының көптеген өкілдерінің осылай топтастырылуы, оны дәуірге бөлуде соны қадам болды. Х. Досмұхамедов бұл ақын-жырауларды фольклорға байланысты алғанда олардың өлеңді суырып салып айтатын ерекшеліктерін негізге алған. М. Әуезов сияқты ол да қазақ әдебиетін ауызша әдебиет және жазба әдебиет деп бөле отырса да, жазба әдебиет XIX ғасырдың I жартысында мұсылманша білім алған ақындардан басталады деп санайды. Қазақ әдебиеттану ғылымының, әсіресе оның фольклористикасы саласын, әдебиет тарихының басқа дәуірлерін зерттеудегі алғашқы ғылыми-эстетикалық, әдеби-тарихи талдаулар ғана емес, айтылған әрбір пікірдің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қозғау салушылық мәні болды. Бұл тұрғыдан келгенде Х. Досмұхамедовтің осы қысқаша очеркін қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін үлкен олжа деп бағалаған дұрыс. Сонымен қатар, автордың қазақ фольклоры туралы азды-көпті

пікір білдірген Радлов, Потанин, Диваев, Мелиоранскийлердің ойларын келтіріп отыруы мен жарияланған ауыз әдебиеті үлгілерінің библиографиялық көрсеткішін беруі еңбектің ғылыми-зерттеушілік сапасын арттыра түскен.

1920 жылдардағы мектепке арналған оқу құралдары мен ғылыми-зерттеушілік сипаты айқын осы тәріздес еңбектер қазақ әдебиеттану ғылымының туу процесінде әдебиеттің дербес пән болып оқытылуының, алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуының мәні зор екенін айқындап берді. Себебі, оларда классикалық мұраны, жеке ақын шығармашылығын сөз еткен мақалалардағы әр қилы ой-пікірлер екшеле келіп, ғылыми жүйеде тұжырымдалуы арқылы қазақ әдебиетінің тарихи курсын жасау мен дәуірге бөлу проблемасын біршама дұрыс шешуге деген маңызды қадам жасалды.

Кеңес мектептерінде 1930 жылға дейін әдебиет сабағын шын мәніндегі дербес пәндік сипатқа ие бола алмағандығы тарихи деректерден мәлім. Қазақ әдебиетін былай қойғанда, оқулық жасаудың дәстүрі бар, әдебиетті оқудың негізі біршама салынған, классикалық мұрасы өте бай орыс әдебиетінің өзі пәндік сипатқа толық ие бола алмай, сол кездегі кеңес педагогикасында орын алған «Бригадалық әдіс»

әдіснамасына негізделген «кешенді бағдарлама» ықпалында болды. Мемлекеттік Ғылыми кеңестің (ГУС) «Кешенді бағдарламасы» кезінде әр пәннің өз жүйесі бұзылып, олар комплекс тақырыптарға бағындырылып оқытылды. Әдебиет пәнінде көркем шығарма белгілі бір кешендік, қоғамдық тақырыпқа жәрдемші факті ретінде алынып, тарихи құбылыс, қоғамдық құрылыс, саясат жайындағы түрлі материалдардың тек дәлелдеушісі, көмекшісі міндетін атқарды. Оқулық пен бағдарлама, көркем әдебиет шығармасы осы мақсатқа идеялық мазмұн үндестігі жағынан ғана қарастырылды.

БК(б)П Орталық Комитетінің 1931 жылдың 5 қыркүйегіндегі «Бастауыш және орта мектеп туралы», 1932 жылғы 25 тамыздағы «Бастауыш және орта мектептің оқу бағдарламалары мен режимі туралы», 1935 жылғы 7 тамыздағы «Бастауыш, орталау және орта мектептер үшін оқулықтар шығару және сату туралы» тарихи қаулыларында осы сияқты принципалды қателермен бірге, теріс көзқарастардың орын алғаны атап көрсетіле келіп, оқу бағдарламаларын ғылыми тұрғыда қайта жасау, жүйелі түрде оқытуды жоспарлау сараланып көрсетілді. Мектептегі басқа пәндер сияқты әдебиет бағдарламалары осы қаулылардың талаптарына сай қайтадан қаралды. Қаулыларға байланысты қазақ әдебиеті жеке пән ретін-



де мектептің оқу жоспарына кіріп, 1932 жылы тұңғыш бағдарламасы жасалды. Осы бағдарлама негізінде 1932 жылы І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б. Майлин құраған «Әдебиеттану оқу құралы» атты хрестоматия шықты. V класқа арналған бұл оқулықтың кіріспесінде авторлардың атап көрсеткеніндей, негізгі мақсат оқушыларға қазақ даласында болып жатқан өзгеріс, жаңалықтарды бейнелейтін шығармаларды алу болған. Сол себептен де оқулықтағы ақын-жазушылардың шығармалары тақырыптық-мазмұндық ерекшелігіне сай топтастырылған. Оқулық «Социалистік құрылыс», «Колхозды ауыл», «В. И. Ленин», «Октябрь», «Қызыл әскер», «Ескі ауыл» атты алты тарауға бөлінген. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің осы алғашқы оқулығында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан кеткен кемшіліктердің былай қойған күннің өзінде, ақын-жазушылардың өмірбаяны, шығармалары туралы әдеби-теориялық талдаулар да жоқ. «Әдебиеттану оқу құралы» аталғанымен, сол дәуірдің тыныс-тіршілігін бейнелейтін көркем шығармалардың жинағы дәрежесінде қалып қойған бұл оқулықтың өз кезеңінде мектептерді қазақ әдебиеті оқулығымен қамтамасыз етуде, оқушыларға тәрбие мен білім беруде алғашқы қадам ретінде ғана рөлі болды.

БК(б)П Орталық Комитетінің жоғарыдағы тарихи қаулылары мен дәуір талабына сай қазақ әдебиетінің оқулықтарын жасауда, әдебиет тарихын дәуірге бөлу саласында жаңа ізденістер, тың зерттеулер қолға алына бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар қиын да айрықша жағдайда жүрді. Оқулықтар жасау, әдебиет тарихын зерттеу, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау, оны зерттеу, белгілі ақын, жазушылардың шығармашылығын талдау сияқты ұлан-асыр жұмыстарды жүргізуде жылдар бойы зерттеп, тиянақты пікір айтуға жаңа заманның өскелең талап-тілегі мен қажеттілік ешбір мүрсат бермегенін атап айту керек. Сонымен қатар, бұл салада бұрын қалыптасқан ғылыми тәжірибеге сүйенер негіздің де жоқтығы өз дәрежесінде қиындық келтірді. Әйтсе де 20-жылдарда әдеби мұраны жинау, жариялау жұмыстары мен көрнекті ақындардың шығармаларының басыла бастауы, оларды зерттеген ғылыми сипаттағы мақалалар оқулық, хрестоматиялардың жазылуына тікелей әсер ете бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу процесін сөз еткенде, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бір жүйеге түсіп баяндалуына, бірнеше ақын-жазушыны өмір сүрген дәуіріне қарай топтастыра отырып зерттеуде алғашқы практикалық қадамдар қалай жасалғанын дәлелдейтін

30-жылдардағы оқулықтар мен оқулық-хрестоматияларға арнайы тоқталу арқылы, қазақ әдебиеттану ғылымының қандай асулардан асқанын нақты байқай аламыз. Әрине, бұл кезеңдегі оқулықтардың бәріне бірдей тоқталып, талдау жасау мүмкін емес. Сондықтан басты назарды әдебиет тарихының дәуірге бөлінуіне, фольклорлық мұра мен көрнекті дарындарды зерттеуде маркстік-лениндік әдіснаманы басшылыққа алуға бұрыла бастағанына және қате концепциялар көзқарасында бағалауына, қазақ фольклорының классификациялауына аударамыз. Біздің ойымызша, осы оқулық, хрестоматиялар әр мақалада шашылып жүрген қазақ фольклорының жанрлары мен түрлерін бір жүйеге түсіруде, әр қилы пікір айтылып жүрген талантты ақындардың өнерпаздық тұлғасын бағалауда әдебиеттің халықтығы, таптығы принциптері тұрғысынан келгенімен, бірталай табысқа жете отырып, болашақ монографиялық зерттеулерге даңғыл жол ашты.

Оқулық, хрестоматияларды сөз еткен уақытта олардың басылып шығу ретінің хронологиясын міндетті түрде сақтай отырып қарастыру керек. Себебі, алдыңғы еңбектегі тың бастамалар мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікір кейінгілерінде ескеріліп отыратыны белгілі. Оны әсіресе, осы оқу құралдары мен оқулық-хрестоматияларға тікелей бай-

ланыстылықта туып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымының өсу жолын тексергенде мықтап есте ұстау қажет. Әдебиет тарихын зерттеуде проблемалық мәселе көтерген ғылыми мақалалар мен жеке ақын-жазушы шығармашылығына арналған сын-зерттеу мақалалар, оларда айтылған артық-кем пікірлер бәрі де әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасуына ықпал жасай отырса, сол кезеңдегі әдеби-теориялық және әдеби-тарихилық ғылыми-зерттеудегі ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсетеді. Ал әдістемелік мақсатпен шыққан оқу құралдары әдебиет тарихын зерттеу мен оны дәуірге бөлуде өз мүмкіндігінше жәрдем жасап отырады. Себебі, алғашқы ғылыми қорытындылар жасау мен әр дәуірдің ақын-жазушыларын топтастыра қарау арқылы, әдебиет тарихын дәуірлеудің алғашқы жобаларын ұсынады, көркем әдебиеттің белгілі бір уақыттағы даму жолының кескін-келбетін танытуға ғылыми сипаттағы соны қадамдар жасалады.

Отызыншы жылдардың бас кезінде мектептер мен оқу орындарында тұрақты оқу құралдар жасалуын қажет еткен уақыт, заман талабы қазақ әдебиеті тарихының кеңес дәуіріндегі әдебиеттен де басқа дәуірлерінің тарихи курсы да оқыту керектігін айқындап берді. Бұл БК(б) Орталық Комитетінің 1931 жылғы «Бастауыш және орта мектептер

туралы», 1932 жылғы «Бастауыш және орта мектептердің программалары мен режимі жайындағы» қаулыларында да атап айтылды. Барлық басқа пәндер секілді әдебиет программалары да осы қаулылар талабына сай қайта қаралды. Қазақстанда да қазақ әдебиеті жеке пән ретінде оқу жоспарына кіргізіліп, 1932 жылы оның ең бірінші бағдарламасының нұсқасы жасалды. Әдебиет пәнінің бағдарламасын жасау әдебиеттану ғылымының қандай дәрежеде екеніне тығыз байланысты. Бұл жерде «мектепте оқылатын әрбір пәннің программасы әдетте, сол пәнді тексеретін ғылымға арқа сүйейді, соны таяныш, негіз етеді; программаның мазмұнын сайып келгенде сол ғылымның өсу, даму дәрежесіне сай болады» деген пікірге қосылмау қиын [48, 57]. Бағдарлама жасау мен оқулықтар жазу проблемасы әдебиеттану ғылымына тірелетін болса, отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі ғылыми-зерттеу еңбектің міндетін қатар атқарды. Осы дәрежеде көрінген алғашқы еңбек С. Мұқановтың 1932 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабы болды. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулық XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, С. Мұқанов шығармашылығын тексерген ғылыми-зерттеулерде әр түрлі баға алып келді. Ортамызға қайта оралған халқымыздың ардақты

ұлдары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытовтардың мұраларын алдағы уақытта ғылыми жолмен зерттеу барысында да артық-кем айтқан пікірлері сараланып та жатыр. Әйтсе де отызыншы жылдардағы әдебиет тарихын зерттеу ісінде оқшау тұрған және әдебиет тарихында белгілі себептерге байланысты орағытып өтіліп келген еңбектің мақсатына және объективтік сипатына, ғылыми жетістігі мен қате – кемшілігіне назар аудармасқа болмайды. Себебі, қазақ әдебиеті тарихының ең бір күрделі кезеңін дәуірге бөліп зерттеуге батыл қадам жасаған, сол дәуір әдебиетінің басты сипаттарын ашуға талпынған, «әрбір ақынның, жазушының өмірбаянын, бір-бірінен өзгеше әдісін, ақындық күшін, түрін, шығармаларының мазмұнын, не туралы жырлағанын көрсетуді басты мақсат тұтқан еңбек болды. Шынына келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымында осы сипаттағы оқулықтардың жазылуына, яғни қазақ әдебиетін тарихи курс ретінде жүргізуге алғашқы бастаманы да С. Мұқановтың осы оқулығы жасады. Сонымен қатар, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин еңбектерінен кейін әдебиет тарихын зерттеу саласында өз кезеңі үшін белгілі бір міндетті атқарған ғылыми-зерттеу дәрежесінде де көрінді. Автор алғы сөзде: «Мектеп саны өскенмен мектептегі мұғалімдердің

бәрі бірдей Маркс дүниетануына жетік емес. Біразы – пролетариатқа теріс бағыттағы адамдар. Міне, осы мұғалімдер мектепте әдебиет сабағын оқытқанда күні бүгінге дейін өз ойына келгенін істеп жүр. Өз программасымен, өз талдауымен айдап жүр. Бұларға нұсқау болатын «мынаған сүйеніп оқыт» дейтін әлі әдебиет тарихының құралы жоқ. Сондықтан біздің кеңес мектебінен оқып шыққандарымыз не әдебиет мәселесіне сауатсыз болып шығып жүр де, не теріс ұғым алып шығып жүр... Біздің алдымызда отырған «әдебиет тарихы» деген кітабымыз мектептерге құрал болу ниетімен жазылып отыр» деп мектептерді әдебиет пәнінің оқулығымен қамтамасыз ету проблемасының практикалық қажеттілігін атап көрсетеді [49, 6]. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолында автор бірнеше міндеттер қояды. Осылардың ішіндегі ең маңыздылары: қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, маркстік-лениндік әдіснамаға сай оның халықтық және таптық сипатын ашу болғанын анық байқауға болады. Бірақ, тексеріп отырғаны осы дәуірдегі «ұлтшылдық әдебиет» болғандықтан ақын-жазушылардан ұлтшылдық сарын іздеуге көп көңіл аударылып кеткен. Бұл оқулықтың үлкен де басты кемшілігі, оның сол кездің өзінде Е. Бекенов: «Кемшілігі бар тексеріс сындар М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, О. Қарашұлы, әсі-

ресе С. Торайғырұлы, М. Әуезұлы туралы сынның кемшілігі көбірек ұшырайды. Бұл кемшіліктердің көбі империализм дәуіріндегі байшылдық-ұлтшылдық пен социализм дәуіріндегі байшыл-ұлтшылдықты айырмай бірдей бағалап кетуі, ұлтшылдық неден тұрғандығы, жаңа байлар табы үстем тап болуға айналды, жаңашылдық күшті болды деген сияқты негізгі кемшіліктерден туған кемшіліктер» деп, біржақты болса да атап көрсетіп берді [50, 67]. Солай дегенмен, сыншы С. Мұқанов бұл ақын-жазушыларды сынауда, ұлтшылдығын ашуда кемшілікке салынып, «төңкеріске қарсы істерін көрсетудің орнына, пролетариат төңкерісін түсінбеді деп өкпе айтады» деген қорытынды шығарған. Бұл тұжырымға қарап, С. Мұқановтың ғылыми-зерттеушілік жұмыс саласында теориялық білімнің жетіспеуі мен «ұлтшыл-алашордашылдыққа» қарсы күрестің ықпалынан сынаржақ социологиялық, солақай сынға бой ұра отырғанымен, тексеріп отырған дәуір әдебиеті мен ақын-жазушылар туралы бар мүмкіндігінше әділ баға айтуға талпынғанын аңғарамыз. С. Торайғыров, М. Әуезов, Б. Күлеевтер туралы айтқан кейбір дұрыс пікірлерді былай қойғанда, «Алашорда жыршысы, ұлтшыл ақын» дей отырса да М. Жұмабаевты қазақтың күшті ақындарының бірі деп бағалайды. «Қазақтың тілін байыту-

да, әдебиетке жаңа түрлер енгізуде оның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын жоқ» дей келе, оның қазақ поэзиясының көркемдік әлеміне қосқан екі еңбегін атап көрсетеді: «1. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шет пұшпақтап енгізсе, Мағжан дендеп енгізді. 2. Алған теманың пікірін өрбіту ретінде кейінгі жазушыларға жол ашты. Мағжан өлеңдерінің сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді». Ал автор өзінің осы оқулықтағы сыңаржақ солақайлықпен айтқан қате тұжырымдары жайлы сол отызыншы жылдардың өзінде-ақ айтып қалып отырды. 1935 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағының алғы сөзінде «Мағжан төңкеріске қарсы «алашорданың ақыны» болғандықтан одан кейінгі үлгі алуды өзіме залал деп ұқтым. Бұным солақайлық еді», – деп жазса, кейінірек «Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қате сілтеген кездерім болды», – деп ашық айтты [51, 7].

Оқулық қазақ әдебиеттану ғылымында жеке дарындарға шығармашылық портрет беруді ең алғаш бастап, осы арқылы XX ғасырдың 1905-1930 жылдары арасындағы қазақ әдебиетінің даму процесін, кескін-келбетін, шындығын саяси-әлеуметтік оқиғалармен байланысты қарап, нақты деректермен аша алған. Автор социологиялық арқауы

басым жатқан талдаулар жасауға көбірек бой ұрғандықтан, қай ақын-жазушының шығармасын талдаса да оның мазмұнына аса көңіл бөліп, кейіпкерлердің іс-қимылы мен айтқан сөздерін тармақтап әкетеді. Қай шығарманы алса да тақырыптық, идеялық, әдеби-теориялық жақтан терең қарастырылмағанын, сыңаржақ социологиялық пікірлер айтуын автордың бұрын-соңды ғылыми-зерттеушілік жұмыста қалыптасқан тәжірибесінің жоқтығынан және әдебиеттің таптығы позициясына саяси астар бере отырып қарауынан деп білу қажет. Жалпы С. Мұқановтың әдебиетші, зерттеуші ретіндегі тұлғасының қалыптасу жолы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің өсу эволюциясынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу, жетілу жолындағы жетістіктер мен қателіктерді анық көруге болады. Бұған С. Мұқановтың сәл кейінірек жазған: «Ол кезде мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім, менің ол кезде саяси білімім де, жалпы білімім де бастауыш көлемде ғана еді. Сондықтан мен ескі әдебиет мұраларына сын көзбен қарай отырып, олардың пайдалы жағын алу дегенді білмедім, совет әдебиеті бұрынғы бұқарашыл әдебиеттің заңды жалғасы, ілгері өрлеуі екенін ұқпадым», – деген пікірі айқын дәлел. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ағартушылық, ағартушы-демократтық және бұқа-

рашылдық сарынды байқамай, зерттеушілік көзқарасында теориялық қателер жіберіп алуының бір сыры да осында жатыр.

С. Мұқанов осы оқулығы арқылы отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымын, әдеби-теориялық және әдеби-тарихи талдау жасау бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа ойлармен байытты. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің кезең үшін өзектілігі мен маңызына тоқтала келіп, өз оқулығының ғылыми-зерттеушілік сипатын, мақсаты мен міндетін, дәуір талабына сай практикалық қажеттілікпен туғанын ашық та анық түсіндіреді. «Әдебиетті зерттеудің толып жатқан тармағы бар: Мәселен, осы әдебиеттің тарихы, қисыны, әдісі, сыны, тағы сондайлар. Осылардың ішінен біздің міндетіміз тарихын жазу еді. Екінші сөзбен айтқанда, алып отырған дәуіріміздің пікірі қай кезде қалай өркендегенін, қалай шегінетінін, оған нелер себеп болғанын тексеру еді. Біз бұл тарихта одан гөрі кеңірек жайылдық. Көп жерде кейбір шығарманың шыққан тарихы, себебін тексерумен қатар, ішкі, сыртқы құрылысына тоқталып, өзімізше сын бердік. Кей жерде көркем шығарманы тану, іздеу әдістерінен де азырақ сөз қозғадық. Кей жерде тіл, ырғақ, көркемдік жағына көз салып, қисын жағына да көңіл бөлдік. Бұлардың бәрі, әрине,

әлдеқалай істелген жоқ, әдейі істелді. Өйткені белгілі бір дәуір тарихы туралы болғанмен, бұл кітап мектепке арналған бірінші оқу құралы болғалы тұр. Мектептеріміз әдебиетті тану ретінде оқу құралына әлі кедей. Сондықтан тарих көлемінен шығып, әдебиеттанудың басқа жүйелерінен де кей жерде мәлімет беріп отыруды пайдалы деп түсіндік», – деген пікірдің сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде тың бағыт екеніне көңіл аудармасқа болмайды. Оқулыққа тән сипат, әдеби-теориялық талдау, әдеби-тарихи тұрғыда зерттеу ғылыми-зерттеушілік арнасында бас қосып, бірін-бірі толықтырып отырғандықтан еңбек монографиялық мәнге ие болған.

С. Мұқанов өз оқулығына «I бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуір» деп ат қойып, айдар тағуына қарағанда, XX ғасыр басынан отызыншы жылға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихын «ұлтшылдық, байшылдық әдебиет» және «пролетарлық әдебиет» деп екіге бөліп зерттеуді мақсат тұтқаны байқалады. Осы ойын автор «XX ғасыр әдебиетін тексеріп отырғандықтан, бізге қазақ әдебиетінде жиырмасыншы ғасырда байшыл әдебиетке қарсы туған пролетариат әдебиетін, оның өркендеу дәуірін жазу керек еді. Біз бұл жолы оны істегеніміз жоқ. Байшыл дәуір мен пролетаршылдық дәуірді қосып кітап қылсақ, ең алды-

мен, үлкен іс болар еді. Екіншіден, асығыстық істеуге тура келеді. Сондықтан әдебиетіміздегі пролетариат дәуірінің өркендеуін алдыңғы күннің міндетіне қалдырдық», – деп ашық жазды. Бұл пікірге тереңірек мән беретін болсақ, жиырмасыншы жылдардың бас кезінде қазақ әдебиетінің қазақ тарихын ауызша және жазба әдебиет деп қана бөле алған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір М. Әуезов пен Х. Досмұхамедовтің еңбектерінде «XV-XVI ғасырлардағы әдебиет және XVIII-XIX ғасыр ақындары» деген ғылыми терминдік ұғыммен толықса, С. Мұқановта «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген дәуірге тармақталған. Әдеби мұраны зерттеуге деген оң бағыттағы көзқарас 1925 жылдан бастап өріс ала бастағанын ескеретін болсақ, қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексеру жолындағы жаңа қадам екенін атап айтпауға болмайды.

С. Мұқановтың еңбегін сөз еткенде сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік хал-ахуалға тарихи шындық тұрғысынан қарамаса болмайды. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге маркстік-лениндік әдіснаманың үстемдігі толық орнап, В. И. Лениннің «екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны туралы» қате қағидасына сай оларды әдебиет тарихынан табу орын алып жатқан болатын. «Ұлтшылдық-буржуазиялық әдебиетті» іздегенде

оған кеше ғана «Алашорда» құрамында болған ақын-жазушылардың ілінгеніне еш тандануға болмайды. Өйткені, оқулық шығардың алдында ғана олар социалистік қоғамға жат элементтер ретінде аластатылды, сотталды, атылды. Саясат пен идеология қатаң талап етіп отырғанда, бұған яғни, «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеуге, төңкерісшіл бағыттамын деп есептейтіндердің бәрі қатысты. Олар жиналыстарда, жарысөзде сөйледі, мақалалар жазды, айыптағыш баяндамалар жасады. Оған ҚАЗАПП тарапынан болған әпербақандықты айтсақ та жеткілікті. Міне, осындай жағдайда оның барлығына С. Мұқановты кінәлі санап, қазірде кейбір мақалаларда айтылып жүргендей, олар туралы кітап жазғанын тілге тиек ете берудің жөні жоқ. Жалпы Сәбең оқулығына пікір айтқан уақытта біріншіден, «ұлтшыл-алашордашыл» атанған арыстарымыз кітап шыққанға дейін-ақ атылғаны атылып, қалғаны айдалып кеткені есте ұсталуы керек. Екіншіден, маркстік-лениндік әдіснама негізінде еңбек жазған, пікір білдірген жалғыз С. Мұқанов емес екенін ұмытпаған жөн, «ұлтшыл-алашордашылдыққа» деген қате көзқарас бертінге дейін жалғасып келді. Сәбенді кінәлағыш «білгіштердің» қалған елу жылға тарта уақыт ішінде бұл кемшілікті неге түзетіп алмағанын тіке сұрау керек.

Сонда ғана тарихи шындыққа сай пікір айта аламыз.

С. Мұқанов оқулығында В. И. Лениннің әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны, мәдени-әдеби мұраны зерттегенде қай таптың идеологиясы тұрғысынан жазылғанына ерекше назар аударып тексеруді басты мақсат етіп қойғандықтан, «ұлтшылдық-байшылдық дәуір», «пролетарлық дәуір» деп жіктеп әкеткен. Бұлай бөлуге сол кездегі қатты өріс алған «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрес ерекше ықпал жасап, ақын-жазушылардың шығармаларын талдау барысында объективтілік позиция ұстауға мәжбүр болған. Лениннің әдеби мұра туралы пікірлері мен сталиндік социализм жеңген сайын тап күресінің күшейе түсетіні туралы көзқарастың әсерінен туындаған көркем әдебиет саласындағы қателіктер бұл оқулықта да орын алған. «Ұлтшыл-алашордашылар» деп жала жабылған дарындарды былай қойғанда, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Б. Күлеев, М. Әуезовтер де ұлтшылдық әдебиеттің өкілі ретінде көрсетіліп кеткен. Бүгінге «ұлтшыл-алашордашыл» атанған қазақ зиялылары ақталғаннан кейін бұл оқулыққа ғылыми дәйексіз пікірлер де айтыла бастады. «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне» баға бергенде Қазақстанда «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрес

тек қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, мәдениеттің барлық салаларында жүргенін және оны тудырған С. Мұқанов емес екені есте ұсталуы қажет. Әдебиеттегі «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу сол кездегі барлық мақалаларда, Ғ. Тоғжановтың, Е. Бекеновтің, т.б. еңбектерінде, М. Қайыпназаровтың баяндамаларында ғана емес, Қазақстан өлкелік партия ұйымының қаулы-қарарларында да айтылып қалып отырды. Ендеше бұл күрестің С. Мұқанов оқулығында көрінуін сол дәуірдегі идеологиялық күрестің әсерінен, заман ағымынан деп түсінген жөн. Бірақ, біздің оқулықтағы артық-кем пікірлерді заманға жауып, С. Мұқановты ақтап алайық деген ойымыз жоқ. Еңбекте ақын-жазушылардың шығармаларының мазмұны мен идеясы бұрмаланып, шектен тыс қаза тексеріліп ұлтшылдық сарын іздеу айқын сезілетіні рас. Тіпті С. Торайғыровтың «Кедей» поэмасын ұлтшылдық көзқараста деп талдауы, М. Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кейін социалистік заманға қарсы күреске жалғасты деген сияқты пікірлерін кейінірек автордың өзі де, басқа әдебиетші-ғалымдар да түзетті. Ал А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов шығармашылығы туралы келсек, олар жайында «XX ғасыр басын-



дағы қазақ әдебиетінің шындығы мен дамуы жайында дұрыс еңбек С. Мұқановтың 1932 жылғы кітабынан кейін жазылған жоқ, зерттеу ісі жүргізілген жоқ». Қазақ әдебиетінің осы дәуірін зерттеушілер олардың «ұлтшылдығын», шығармаларында ескілікті көксейтіндігі, төңкеріс туғызған жаңа заманды түсінбегенін, соған лайық шығармалар бере алмағанын бірінен соң бірі қайталап айтып, оларға С. Мұқанов берген бағаны да айта алмады. Ал зерттеуді енді ғана қолға алып, олардың әдебиет тарихында алатын орнын белгілеуге кірісіп жатқандарға бұл кітап негізгі табан тірер тірек болып, «тарихи деректердің көзі болып қала берері даусыз». С. Мұқановтың осы ақын-жазушыларға заман ағымымен, «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрестің ықпалымен және «солақайлықпен айтылған пікірлерін әрине түзету керек». Бұл жолда оқулық авторын орынсыз кінәлай бермей, қазақ әдебиеттану ғылымы ғылыми-зерттеу әдіснамасының әлі меңгере қоймаған, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу әлі бір жүйеге түспеген, жеке ақын-жазушының халықтығы мен таптық сипатын ашу басты мақсат болған отызыншы жылдардың талап-тілегімен қараған дұрыс болады. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулықты әр түрлі ғылыми аспектіде қарастырған Е. Бекенов, Т. Нұртазин,

Т. Кәкішев, Р. Бердібаевтар жеке дарындарды бағалаудағы кемшіліктерін ғылыми тұрғыда талдай келіп, алғашқы монографиялық зерттеу деп бағалайды.

Қорыта айтқанда, С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеруде тереңдей түсуіне әсер еткен, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудегі ізденісті жалғастырған, XX ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті дарындарының шығармашылығын тексеруді қолға алу қажеттігін көрсетіп берген, мектептерде әдебиет пәнін тарихи курс ретінде жүргізілуіне бастама салған еңбек деген тұжырымға келеміз.

С. Мұқановтың осы бастамасын жалғастырып, қазақ әдебиетін оқытуды әдебиеттің тарихи курсы жобасына жақындату талабымен көрінген, әдебиет тарихын дәуірге бөлудің жаңа да тиімді жобаларын ұсынған оқулықтар жазылып шыға бастады. Солардың бірі – І. Жансүгіров пен Ғ. Мүсірепов құрастырып шығарған «Көркем әдебиет жинағы» атты хрестоматия. Бұл жинақта қазақ әдебиетінің тарихи курсына тән ғылыми-зерттеушілік сипат та, ақын-жазушылар өмірбаяны мен шығармаларын талдау жұмыстары да жоқ. 1914-1933 жылдар арасындағы ақын-жазушылардың көркем шығар-

малары ғана берілгендіктен хрестоматия түрінде қалып қойды. Оны авторлар да түсініп: «Жинақ тұрақты оқу құралының тізіміне кіре алмайды. Бұдан соңғы жылдары болатын кітаптың керегіне жарайтын оқу құралына материал ғана», – деп ескертіп өтеді. Әйтсе де «Көркем әдебиет жинағының» әдебиет тарихын дәуірге бөлуде ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді дамыта түскен жаңашылдығы болды. Авторлар қазақ әдебиетін оқыту туралы 1933 жылғы бағдарламаны басшылыққа ала отырып, көңіл аударып отырған кезеңнің әдебиетін төрт дәуірге бөледі. Атап айтқанда:

1. Октябрь төңкерісі алдындағы бұқарашыл әдебиет (1914-1917).

2. Октябрь төңкерісі мен азамат соғысы тұсының әдебиеті.

3. 1923-1928 жылдар арасындағы әдебиет.

4. Реконструкция дәуірінің әдебиеті (1928-1933).

Басты мақсат қазақ кеңес әдебиетінің туу, қалыптасу жолын аңғарту, жырлаған тақырыптарын байқау, жанрлық баюын көрсету, әдебиет пәнін тарихи курсқа жақындату болғандықтан, шартты түрде болса да осы дәуірге бөлу қазақ әдебиеттану ғылымында XX ғасыр әдебиетін кезеңге бөлген тұңғыш жоба болды.

С. Мұқановтың оқулығы мен «Көркем әдебиет жинағы» әдебиетті тарихи курс ретінде оқыту

жолындағы талабы арқылы қазақ әдебиеті тарихының даму процесіндегі белгілі бір дәуірлерді ашып, қазақ әдебиеттану ғылымының алдына дәуірге бөліп зерттеу және оны бір жүйеге түсіру проблемасын қойды. Ал жүйелі түрде дәуірге бөлу дегеніміз – әдебиет тарихының тарихи сабақтастық дәстүріндегі даму жолын танып білу үшін ең басты принциптердің бірі. Осы принципке сай қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөлудің жаңа жобасын ұсынған оқулық М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаевтар жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» болды. Авторлар оқулыққа тақырып етіп алған дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихын хронологиялық тәртіппен таныстыруды басты мақсат етіп алып, оны іштей үш кезеңге бөлген. Әр кезең ақындарын жеке-жеке қарастырмас бұрын сол уақыт шамасындағы қоғамдық құрылыс пен қазақ халқының бастан кешкен тарихында болған елеулі оқиғалар мен өзгерістерді, түрлі қозғалыстарды сипаттаған қысқаша шолулар беріп, олардың жыраулар мен ақындар поэзиясына тигізген әсерінің сырын ашуда нақты тұжырымдар білдіреді.

Авторлар «Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті» деп атаған кезеңге Бұқар жырау, Махамбет, Нысанбайларды жатқызып, олардың өмірбаяны мен

шығармашылығына монографиялық сипаттағы әдеби-тарихи талдау жасайды. Оқулықты «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деп атай отырса да, XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырауды тұңғыш рет әдебиетіміздің тарихына кіргізіп, өмірі мен шығармаларынан мол мәлімет береді. Бұқар толғаулары көтерген қоғамдық, әлеуметтік тақырыптарды саралай отыра, бірлікке, бейбітшілікке, адамгершілік пен әділеттілікке шақырған жырларына ерекше тоқталады. Бұқар поэзиясы мен өнерпаздық тұлғасын бағалауда әдеби-тарихи талдау бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы принципіне сай көрінді. Авторлар Бұқар толғауларын ел бірлігін сақтау мен жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті жырлаудағы маңызын ерекше атап көрсете отырса да, ішкі қоғамдық мәселелерде үстем тап жыршысы болғанын нақты үзінділермен дәлелдеу орын алғанымен, кейінгі зерттеулерде тереңдетіле, кеңейтіле айтылған талдаулардың оқулық көлеміне тән алғашқы нұсқасын жасаған. Арғынның табан Шөңгел биі, Абылай ханмен дәрежесі тең адам болғанын айта келіп: «Ол хан атынан билікті айта алады, халыққа сүйеніп ханға да қарсы тұра алады. Билеуші таптың тілегін, талабын бүркемей көрсетіп ұстаған ақын екенін Бұқардың жалғыз тақырыбы мен сөз

мазмұны ғана емес, толғауларының түрі, теңеулер, сырт қалыптары да байқатады», – деп бағалайды [52, 17]. Бұқар жырау отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымында халық жыршысы деп асыра дәріптелмей, хан жақтасы деп тым датталмай барынша әділ бағаланған ең бірінші ақын болды. Бұқар шығармасын кейінгі кезде зерттеушілер осындағы ғылыми тұжырымдарды әрқашан негізге алып отырғанына көңіл аударсақ, оқулықтың сол кезеңде ғылыми-зерттеу еңбек ретіндегі маңызының зор болғанын байқаймыз.

Оқулықта Махамбет пен Нысанбай ақындардың өмірбаяндық деректері XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дәуір шындығына тығыз байланыстылықта беріліп, салыстырмалы түрде қарастырылған. Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі мен Кенесары-Наурызбай қозғалысының тарихи мәнін бағалауда, оны екеуінің хандық билікке таласу жолындағы күресі деп қате көрсете отырса да, Махамбет шығармашылығының бүкіл көтерілістің айнасы болғандығын, жауынгерлік рухқа толы патриотизм мен романтикалық сарынның өте күшті екеніне жан-жақты тоқталған. Х. Досмұхамедовтің «Исатай-Махамбет» еңбегіндегі Махамбет жырларына айтылған пікірлеріне сол кездегі саяси күрестің, «ұлтшылдыққа» қарсы күрестің әсерімен қарсы келе

отырып, авторлар оның ақындық ерекшелігі, хан-сұлтандарға өткір де батыл айтылған сындары, күрес дәуірінің ащы шындығын бейнелеген реалистік сипаты турасында тың тұжырымдар білдіреді. Авторлардың көркем шығармашылықты зерттеуде маркстік-лениндік әдіснаманы негізгі басшылыққа алып отырғанын мына пікір дәлелдей түседі. «Өзі болған жорықты, өзі көрген тарихи үлкен қимылды жыр қылушы қазақ әдебиетінде екі-ақ ақын. Бірі – Махамбет, екіншісі – Нысанбай. Бірақ бұл екеуінің жыр, толғауларында екі алуан басшылық бар. Махамбет – қозғалыстың басшысы, найза басы батыры. Оның сөзі де сол көпті жетектеп, сүйреп майданға шақырып отыратын сөз. Ал мынау (Нысанбай. – Ж. С.) жорықтың басшысы да, батыры да емес. Көбінесе Кенесарыдай ханның көңілін ашар ермегі... Нысанбай Кенесарының хандығын, жеке өмірін жоқтаушы, құптаушы болады. Сондықтан оның тарихи жыры да көбінесе сол қошемет жыры болады. Шығармаларының барлық қалпы хан жорығын мадақтап, үстем тап жыршысының үлгісін көрсетеді» [52, 28].

Махамбет шығармашылығының негізгі ерекшеліктерін ашу мақсатында Бұқар толғауларымен салыстырып, тақырыптық айырмасына, «майданға көпті еліктіре сөйлеген, шабуыл, атой ұран» сипатындағы

мағынасына және өлең өрнегіне ерекше көңіл аударады. Авторлар «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін талдау барысында ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді теориялық негізде өрбітіп, ақын тұлғасын ашып көрсететін дәрежедегі монографиялық портрет жасаған. «Бұрынғы өлең-жырда әр жерден шаң беріп, басы қосылмай, бытырап жүретін суреттер мынада қатты жымдасып, екшеліп, бір бас, бір тас боп алады. Ақынның көпке тастап отырған ұранындағы тілек-талап та сол. Жырдың ішкі-сыртқы құрылысы табиғи тұтас біткен бірыңғай бүтіндікті білдіреді» деген секілді пікірлер оқулықтың ғылыми-зерттеу еңбек ретіндегі маңызын көтере түсетіні анық.

«Бұл оқулықтың практикалық маңызының мәні сол – бұрынғы екі ұшты бағаланған немесе аталмай жүрген ақындар жөнінде нақтылы, анық сипаттама берілді. Мұнда Шортанбай, Мұрат, Абай, Ыбырай, Әбубәкір, Шәңгерей, Омар, Сұлтанмахмұт, С. Дөнентаев сияқты ақындардың шығармашылығына арнайы талдау жасалған» [47, 191]. Авторлар бұл ақындардың алғашқы алтауын: «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» (1870-1905) деп аталған дәуірге жатқызса, қалғандарын «ұлтшылдық әдебиеттің бас кезі» атты кезеңге кіргізген. «Әдебиет тарихын дәл осылай дәуірге бөлудің,

жіктеудің кемшілігі бола тұрса да, ол зерттеушілік ойдың өрістеуіне түрткі салды, ертеде өткен ақындар шығармашылығын молырақ та кеңірек тануға көмектесті».

Оқулықтың ғылыми-зерттеу еңбек ретінде қазақ әдебиеттану ғылымына, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге енгізген жаңалығы – әдебиет тарихын зерттеуде әлі дау-дамайға түсіп жүрген осы ақындардың шығармашылығына барынша әділ баға беруге қадам жасаулары еді. Себебі, оқулық шыққан уақытта басқа түгіл Абайдың өзінің өнерпаздық тұлғасы толық танылып, қазақ әдебиетінің классигі екені айтыла қойған жоқ еді. Сондықтан бұл еңбектегі Абай поэзиясы туралы айтылған тың пікірлердің ұлы ақынның қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өтуге байланысты шыққан мақалаларға өз әсерін тигізгені даусыз. Сол кезеңдегі «тұрпайы социологиялық» тұжырымдардың әсерінен ара-тұра «Абай, Алтынсарыұлы сияқтылар да біраз қазақ ерекшеліктерін ала кірген либерал-буржуазияға айналды» деген секілді пікірлер кездескенімен, әдеби-тарихи талдау жасау бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өзінің сөз етіп отырған ақын шығармасының мазмұнын қаза тексеріп, таптық мін іздеп, идеясын бұрмалаудан, үстем тап жыршысы деген үстірт қорытынды жасаудан айыға бастағанын көреміз. Авторлар өздері

бөлген жүйенің екінші дәуіріне берген шолуда: «Бұлар да ескілікке қарсы тұрып, оны шенейтіні бар, бірақ сонымен қатар бұның ішінде сол ескіні қалайтыны да бар. Осы жағдайға қарай бұл таптың адамдарының өзі де әр алуан, өз таптарының әр тобының күйін әр алуандау айтатыны бар. Әдебиеттегі осы күйдің мысалын Мұрат, Шортанбайлардан бір көрсек, Абай, Алтынсариннен тағы көреміз. Бұлардың кейбірі ескіліктің көлеңкесіне қарап, құр соны қимағандықты айтса, екінші біреулері әр алуан жаңашылдықтан үйренуді, құптауды мақұл көреді», – деп сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде ғылыми мәні зор, кейінгі зерттеулерге бағыт боларлық тың ой білдірген. Шынында да Шортанбай, Дулат, Мұрат т.б. ақын-жыраулар поэзиясын зерттеуде бұл пікір тереңдетіліп әкетілгені белгілі. Ал оқулық Шортанбай, Мұрат, Шәңгерей шығармаларындағы заманнан түңілер торығу, мұң-шер айрықша көрінетінін салыстырмалық сипаттағы жаңа ойға негіздей отырып, қазақ поэзиясында «зар заман» аталатын ағын басталғанын ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Х. Досмұхамедов еңбектерінде айтылған түсіндірмелік мәніндегі жалпылама пікір нақтылана түсіп: «Бұлар шаруашылық, әлеуметтік, саяси тұрмысқа кірген көп ірі жаңалық, өзгерістерге қарсы болумен бірге өз

тұсындағы тұрмыстық ұсақ белгі, ұсақ өзгерістерін де жақтырмайды. Шошынып, тыжырынып, немесе күрсініп отырып, сынап шенейді.... Шортанбай шығармалары оны ескілік үшін және діншілдік үшін күрескен феодалдар тобының жыршысы қып шығарады... Мұрат XIX ғасырдың екінші жартысындағы жаңаға бой ұсынбай кеткен, ылғи ескімен болған зар заман ақындарының соңы», – деп бағаланады [52, 72].

Оқулық жаңашылдықты құптаған, одан үйренуді, мәдениетке жетуді насихаттаған ақындар деп Абай мен Ыбырайды ерекше атай отырса да, шығармаларының ағартушы-демократтық сипатына терең мән бермеген. Оларды Әбубәкір, Шәңгерей, Мәшһүрлер деңгейінен көреді. Соның салдарынан әдебиеттің өркендеу процесі айқындықпен жіктелінбей қалғаны аңғарылады. Әйтсе де осы дарындар туралы берген бағалары сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін соны тұжырымдар екенін де байқаймыз. Олар Абайды: «Бұл дәуірдің ақындары, әсіресе Абай жалғыз өзі, өз тұсының айнасы емес, өзінің алдындағы бірқатар заманды да сөз қылып, суретке басып, өзі де танып, өзгеге де нық танытып кеткен ақын болады. Сондай ірі ерекшеліктерімен қатар жиында білім беріп, бұрынғының өмірін танытып, дәуірдің таптық сырын ашатындық жағынан Абай бүкіл XIX

ғасыр әдебиетінің ең үлкен тұңғышы боп саналады» десе, Ыбырайды «Алтынсарыұлы – қазақ әдебиетіне өнер мен техниканы жырлау сарынын енгізген ең бірінші адам. Батыс мәдениетіне шақыру пікірі, батыстың техникасын жырлауы қазақ даласындағы жаңаша қозғалысқа өту тұсынан әкелген жаңалық олжасы», – деп, қазақ әдебиеті тарихында алатын орнын белгілеуге алғашқы қадам жасайды. Бірақ Абай мен Ыбырайдың өнерпаздық тұлғасын сөз еткенде, олардың қазақтың классикалық жазба әдебиетінің негізін салудағы еңбегі атап айтылып, ғылыми тұрғыда дәлелденбеген. Оны белгілі ғалым, әдебиетші Т. Кәкішев атап айта келіп: «Ауыз әдебиетінің дәстүрінде көрінген ақын-жазушылардың шығармашылығын білгірлікпен байқап, қажетті жерінде теориялық тұрғыдан қисын айтып, эстетикалық түсіндірме беріп отырған авторлар Ыбырай, Шәңгерей шығармашылығының негізгі сипатын көп ақын-жыраулар ағынына қосып жібереді де, қазақ әдебиетінің тарихында сыншыл реализмді, ағартушы-демократтық бағыттағы... жазба әдебиеттің сапалық жаңалығын айшықтап көрсетпей кеткенін, сондықтан бұл дарындар хронологиялық ұзақ-сонар баяндаудың өрісінен шыға алмай, зор тұлғаларын көрсете алмай қалғанын байқаймыз», – деп жазады [31, 56].

Бұл кемшіліктің болуы қазақ әдебиеттану ғылымының қазақ әдебиет тарихын зерттеудің барлық проблемалары мен принциптерін әлі толық меңгере алмай жатқанын анық танытады. Ол оқулықтың үшінші бөлімінде Ғ. Қарашев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев шығармашылығын зерттеуде де көрінеді.

Авторлардың үшінші дәуірді «ұлтшылдық дәуірдің бас кезі» деп атауына біз жоғарыда сөз еткен С. Мұқановтың оқулығының әсері болған секілді. Бірақ, бұл оқулықта А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов алынып тасталып, тек олардың осы кезеңге кірген ақындар шығармашылығына тигізген «зиянды салқыны» ғана аталып өткен. XX ғасыр басындағы әдебиеттің кескін-келбетін танытуға жасаған шолуда дәуір шындығын, қазақ әдебиетінің даму процесіне әсер еткен ағартушылық, бұқарашылдық идеяның мәнін аша отырса да, авторлар Сұлтанмахмұт, Ғұмар, Сәбит үшеуінен басқа ақындарды бұл дәуірге кіргізбеген. «Ұлтшыл-алашордашылар» аталғандарды былай қойғанда, М. Ж. Көпеев, С. Көбеев, М. Сералин және тағы басқалары атаусыз қалып қойған. Авторлар С. Торайғыров шығармашылығын сөз еткенде С. Мұқанов оқулығында кеткен ұшқары пікірлерді түзете келе соны тұжырымдар білдіргенімен, сол кезеңде қазақ әдебиеті тарихы-

ның «ұлтшылдық дәуірі» деп аталып жүрген кезеңге қалыптасқан көзқарастың ықпалынан шыға алмай қалған. Ғ. Қарашев шығармаларын талдауда да осыны анық сезуге болады. Ал С. Дөнентаев барынша әділетті бағаланып, жаңа заманды жырлаудағы сәтті шығармалары аталып өтіледі.

Ғылыми зерттеудегі негізгі қарастырылған ақындар қазақ әдебиетінің XIX және XX ғасыр басындағы дәуірлерінің көрнекті өкілдері бола тұрса да, авторлардың басты мақсаты ғылыми-педагогикалық талаптарға және әдебиетті мектепте тарихи курс ретінде тереңдете оқытуға сай тұрақты оқулық жасау болғандықтан, орыс классиктерінен А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, А. И. Чехов, Л. Н. Толстой, М. Горькийлердің өмірі мен шығармашылығын таныстыруды жөн санаған. Бұл оқу құралына қарағанда әдебиет хрестоматияларына тән құбылыс. Хрестоматияда көбіне көркем шығарма мәтіні мол беріліп, оның маңызы мен авторы жайында қысқаша түсініктемелер келтіру сипаты басым болғандықтан, әдеби білім беруде туысқан республикалар әдебиетінің көрнекті өкілдерін таныстыру, классикалық туындыларды өскелең ұрпақтың эстетикалық рухани азығына айналдыру педагогикалық та, әдістемелік те жақтан тиімді екені рас. Орыс классиктерінің өмірі

мен шығармаларын қазақ зерттеушілерінің қалай танып-білгендігін, шығармаларын талдағанын көрсету үшін емес, орыс әдебиеттану ғылымының сол кездегі бағытын таныту үшін кейбір тұжырымдарын келтіре кеткен орынды. Өйткені, қазақ әдебиетінің тарихын, әрбір ақын-жазушының дүниетанымы мен шығармашылығын бағалауға тәжірибесі мол орыс әдебиеттанушының қандай ықпал жасағанын байқар едік.

«Алты жүз жылдан бері үзілмей келе жатқан ақсүйек тұқымнан шыққан Пушкиннің либерализмі өзінің шаруашылығын капиталистік үлгімен қайта құруға ұмтылған орташа ақсүйектің салт-санасын көрсететін либерализм» болса, «Лермонтов алдыңғы қатарлы ақсүйектердің көзқарасын, күй шабыттарын көрсетуші болып қала береді». Толстой «төрешіл чиновник, капитализмді өлтіре сынады, сүйте отырып қарсыласпа деп, диуаналық уағыз таратты», Чехов «өзінің жап-жақсы шығармаларын торығу, түңілу қасіреттер бұдан 100-200 жылдан кейінгі адамдар жақсы бола ма деген үмітсіз қиялмен жырлады» [52, 37]. Осы сипаттағы тұжырымды пікірлер қазақ әдебиеттану ғылымында ұлт ақын-жазушыларының шығармашылығын бағалауға әсер етпей қалған жоқ емес.

Қазақ әдебиеті оқулығына орыс дарындарын кіргізудегі осы автор-

лар салған бастама 30-жылдардағы барлық оқу құралдары мен хрестоматияларда орын алды. Бұл қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жазу мен дәуірге бөлуде басты мән атқармағанымен, кейінірек ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді орыс әдебиеттану ғылымындағы маркстік-лениндік әдіснаманың бағыт-бағдарын ұстануға және оқулықтар мен хрестоматиялардың ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік дәрежесін арттыруға әсерін тигізді. Қорыта айтқанда, «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралындағы» әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексерудегі жаңа жүйе, соны топшылаулар мен тұжырымдар зерттеушілік ой-пікірдің тың бір қадам жасағанын байқатады. Оқу құралында көптеген эстетикалық-социологиялық мәселелердің беті ашылып, қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми арнамен жазу қажеттігін танытқан сәтті ізденістердің бірі болды. Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу процесіне осындай мәнді педагогикалық еңбектердің септігі тигендігін айқындала түсті.

1930 жылдардың бас кезінде жарық көрген оқу құралдары мен оқулық-хрестоматиялар тек әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлуде ғана емес, жалпы әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсу, кемелдену, дәуір



талабына сай маркстік-лениндік әдіснаманы игере отырып тереңдеу жолын да көрсетеді. Бірақ, бұл процесс ешбір кідіріссіз алға баса берген жоқ. Оған басты себептердің бірі «тұрпайы социологизмнің» қатты өріс алуы еді. Бұл теория әсіресе мектептерге арналған оқу құралдарында қатты сезілді. Тексеріліп отырған дәуір әдебиетін тарихи тұрғыда зерттеп, даму жолын таныту мен көркем шығармашылыққа, жеке шығармаларға ғылыми талдауға ерекше қадам жасаған оқу құралдарға қарағанда, оқулық-хрестоматияларда ақын-жазушының өмірінен қысқаша мәлімет беріп, өнерпаздық тұлғасына аз сөзбен баға беру тән болатыны белгілі. Бұл бағалаулар «тұрпайы социологизм» тұрғысынан айтылып қалып жатты. Осы кемшіліктер 1934 жылы М. Жолдыбаев, М. Қаратаев, Ә. Қоңыратбаевтар бірігіп құрастырған «Әдебиет хрестоматиясынан» айқын көрінді. Онда ұлттық әдебиет тарихы дәуірге бөлінбегенмен, ақын-жазушылар өмір сүрген кезеңіне байланысты хронологиялық тәртіппен берілген. Әрқайсысының өмірбаяны келтіріліп, әдебиет тарихында алатын орны бағаланған. Авторлар «Ертегілер» және «Шаруашылық өлеңдер» деген алғашқы бөлімдерде бұл өлең-жырлар еңбекшілердің ой-арманын, ал негізінен таптық мүддені көрсететінін ерекше айта келіп, төңкеріске дейінгі әдебиеттен

Ыбырай, Абай, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров шығармаларына кең орын береді. Олардың өмірбаянын сөз қылғанда ата-тегіне көңіл аударған. Сол себептен Ы. Алтынсаринді «Қазақ феодалдарының патша үкіметіне берілген, туып келе жатқан капитализмді мойындаған мәдениетшіл жігінің ақыны» деп, ал Абайды «қазақ феодалдар табының ақыны, құдайшыл ақын» деп таныстырады. М. Ж. Көпеев пен С. Торайғыровта молда-билерді, бай-болыстарды сынап-мінеу, әшкерелеу айқын көрінетінін атап көрсете отырса да, «Мәшһүр пролетариат ақыны болған емес. Ол негізінде буржуазияшыл-төңкерісшіл ақын, буржуазиялық ұлт қозғалысының солшыл ақыны» болып бағаланады да, С. Торайғыровтың ағартушы-демократтық бағытынан көрі алашорданы жақтағанына баса тоқталып: «Алашорда жеңілгеннен кейін сары уайымға, торығуға түскен, тап тартысынан қашықтап, қысыр қиялға берілген, буржуазияшыл-ұлтшыл ақындардың бұқарашыл сол қанатының мәдениетшіл ақыны» екені ерекше көрсетіледі. Авторлар бұл ақындардың шығармаларын маркстік-лениндік сыншыл көзқараста ғана оқып-пайдалану керектігін ескертуді де ұмытпаған. Хрестоматияда бұлардан соң Сәкен, Бейімбет, Ілияс, С. Мұқанов, О. Бековтердің шығармашылығына орын беріп, өмірі, жазушылық жолы, қазақ проле-

тариат жазушылары екенін атап өтіп отырған. Орыс жазушыларынан Чехов пен Горький кіргізілген.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын зерттеу, дәуірге бөлу, жеке дарындарды бағалау жұмыстары қателіктерге ұшырай отырып, ізденіс жолында әр түрлі бағыттарда болғанын, осы оқу құралдары мен хрестоматия анық байқатады. М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаевтың «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1930) оқу құралында ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кемелдене түсіп, бір саты жоғары көтерілгенін көрсек, М. Жолдыбаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында» (1934) «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалынан шыға алмай қалған. Оған осы еңбектерді қарастырғанда жоғарыда келтірілген мысалдар айқын дәлел. Бұл оқулықтарды жазған авторларды мұқату үшін емес, ғылыми-зертеушілік ой-пікірдің өсу жолын, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңі өте қиын жағдайда өткенін білдіру мақсатында бір мәселені айта кетейік. Арасында бір жыл ғана салып шыққан екі оқулықтың авторлары негізінен сақталған. Тек алғашқы оқулықтағы Мұқтар Әуезовті кейінде М. Қаратаев ауыстырған. Алғашқысында тарихи тұлғасы біршама дұрыс бағаланған Абайдың енді «қазақ фео-

далдар тобының ақыны, құдайшыл ақын», болып кетуінде көп сыр бар. Біріншіден, алғашқы кітап «тұрпайы социологизм» көзқарасындағы әдеби сын нысанасына түсіп тас-талқан болды. Екіншіден, «ұлтшыл – алашордашылдыққа» қарсы күрес салқынынан М. Әуезовке сенімсіздікпен қараудың айыға қоймағанынан хабар береді. Үшіншіден, әдебиеттану ғылымының тууына көп үлес қосқан әдебиетшілер ұсталғаннан кейін ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде «тұрпайы социологизм» мен маркстік-лениндік әдіснама мидай араласып тұрған әрі-сәрі халін байқатады.

Көркем шығармалар жинағы түрінде болып келген басқа хрестоматияларға қарағанда, бұл әдебиет хрестоматиясының, оқулық-хрестоматия сипатында шыққан алғашқы еңбектің, көңіл аударарлық бір бастамасы болды. Атап айтқанда, қазақ әдебиеті тарихының төңкеріске дейін өмір сүрген жеке дарындары туралы ғана емес, сонымен қатар, өзінің жаңа заманға лайық идеялық-шығармашылық бағытын айқындай қалыптасып келе жатқан кеңестік қазақ әдебиетінің көрнекті ақын-жазушылары жайында да ғылыми сипаттағы тұңғыш тұжырымдарды кездестіреміз. Ғұмырнамалық, анықтамалық, түсіндірмелік деректер жинақталып болашақ монографиялық зерттеулерге негіз боларлық алғашқы қадамдар жасалды. Осы бастама

кейін шыққан барлық оқулық хрестоматияларда орын алды. Солардың бірі – Сәкен Сейфуллин мен Ө. Тұрманжановтың «Көркем әдебиет» атты оқулық-хрестоматиясы. Үлкен үш бөлімнен тұратын бұл оқулық-хрестоматиясының «Кеңес жазушылары» атты тарауында қазақ кеңес әдебиетінің ақын-жазушыларымен таныстыру негізгі мақсат болған. Б. Майлин, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсіреповтердің өмірбаяны мен әдебиетке келу жолы көбіне ҚазАПП-тың құрылғанына алты жыл толуына байланысты «Жаңа әдебиет» журналында 1931 жылы жарияланған анкета-жауаптан үзінділер келтіре отырып толық баяндалса, Ж. Сыздықов, А. Тоқамағамбетов, Ө. Тұрманжанов, Қ. Әбдіқадыров, Т. Жароковтар туралы қысқашағана мәлімет берілген. Осы ақын-жазушылардың ең үздік деген көркем туындылары келтіріліп, соңынан әр автордың жырлаған тақырыбы, айтатын ойы, көркемдігі мен тілі жөнінде шағын әдеби-теориялық талдау түріндегі түсіндірмелер жасалған. Сонымен қатар, оқушыларға ұғымдар қалыптастыру мақсатында әңгіме, повесть, поэма, өлең, оның ұйқасы, тармағы, буын, ырғақ жайында әдеби-теориялық түсінік беріп отырған. Мысалы, Т. Жароковтың «Бес жылдықтың балғасы» деген өлеңін талдай келіп: «Өлеңнің, жырдың ырғақ, жүйе, буын, ұйқас шумағы

неше түрлі болады. Қара сөзден өлеңнің айырмасы – өлеңде белгілі ұйқас, ырғақ, шумақ болады. Қара сөзде ол болмайды, болуы шарт емес», – деп мектеп шәкірттерінің ұғымына лайық анықтама береді. Сөйтіп, еңбектің оқулық-хрестоматиялық сипатын айқындай түскен. Ғылыми-зерттеушілік сипаттағы ой-пікір анық көрінбегенмен, бұл ақын-жазушылар туралы айтылған алғашқы тұжырымдардың таныстыру мақсатындағы мәні мен қазақ кеңес әдебиетінің өсу жолын көрсетудегі жаңашылдығын жоққа шығаруға болмайды. Авторлар «Кеңес Одағындағы көршілес елдердің жазушы-ақындары» атты тарауда М. Горький, И. Крылов, Ә. Лагути, Ғ. Ғұлам, А. Тоқамбайұлын сөз еткенде де жоғарыдағыдай жүйені ұстанған. Ғылыми-зерттеушілік сипат «XIX ғасырдың ақырындағы, XX ғасырдың басындағы қазақ ақындары» деп аталған тарауда қарастырылған ақындар туралы талдауларда анық көрінеді. Хрестоматияда осы дәуірдегі әдебиет өкілдерін таныстырардан бұрын «Классик жазушылардың мәні» деген атпен қысқаша шолу беріледі. Онда әдеби мұраны түсінуде маркстік-лениндік көзқараста қарау қажеттілігі түсіндіріле келіп, бұрынғы әдебиетті қалай оқып, білу керектігі мен таптық тұрғыда бағалау атап көрсетіледі. Авторлардың Абай мен Сұлтанмахмұтқа қоса О. Қарашевты

де классик деп санағанына келіспесек те, бұлар туралы алдыңғы «Әдебиет хрестоматияда» айтылған «тұрпайы социологиялық» пікірлер кездеспейді. Абайдың ата-тегін қазбаламай, орыс әдебиетінің ақын поэзиясына тигізген ықпалына, жазба әдебиетті тудырудағы еңбегіне, ағартушылық идеясына көбірек тоқталады. Ұлы ақынның осында берілген «Аттың сыны», «Аңшылық туралы», «Жылдың төрт мезгілі» («Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс») өлеңдері топтастырылған. – Ж. С.) атты туындыларын талдағанда көркемдігі мен тіліне, өлең өрнегіне айрықша көңіл аударады. «Қазақ тілінің барлық байлығын, барлық тұлғасын Абай шығармалары толық көрсете алады. Оған қазақ тілін сұлулап, көркем нақыштап, әдемі кестелеп, әсерлі жыр, сұлу күйлі өлең қылып шығару ретінде де Абай – үлгі-өрнек болатын үздік шебер ақын. Сондықтан Абай шығармаларының мәні зор» [53, 191]. Бұл пікір Абай туралы тұңғыш айтылмағанымен, оқу құралдары мен оқулық-хрестоматияларда ең алғаш рет «Абай – үстем тап ақыны» деген ұшқары бағасыз айтылды. Бұған Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына байланысты зерттеулер мен мақалалардың да әсері болғаны даусыз.

Ғ. Қарашевтың «Өрнек», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар» атты жинақтарындағы ағартушылық ба-

ғытты білімдарлықпен танып, шығармашылығындағы ерекшеліктерін біршама дұрыс бағалайды. Дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына 1905 жылғы қозғалыс пен Х. Досмұхамедов жазғанындай Шәңгерей ақын ықпал еткеніне тың деректер келтіреді. «Омар айтайын дегенін суреттей, бейнелей, әсірелей, анықтай сөйлеп, жырларын түйдектетіп, маржандай қылып шығарады. Ырақты, екпінді тілі қазақтың ескі бай ауыз әдебиетінің мүсініндей болып келеді, сондықтан оның тілі де бай», – деп ақындық табиғатының ерекшелігі де атап өтілген. Сол секілді С. Торайғыров шығармашылығын сөз еткенде «алашорданы» жақтау себебін ашып айтпаса да, «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген кінә тағылмаған. Керісінше, «Кедей» поэмасы ақынның таптық көзқарасын анық танытатын, үстем тап заманының шындығын айқын бейнелеген реалистік туынды екеніне барынша көңіл бөлген. «Өткен өмірдің нақтылы суретін баяндау Сұлтанмахмұттың «Кедейінен» көрінеді. Өлеңдері ыза, қайрат кернеген, бойдан қайнап шыққандай екпінді келеді. «Кедей» – ең мәнді жазылған еңбегі», – деген пікір тұжырымдала айтылған. «Көркем әдебиеттің» соңында «Ауыз әдебиеті және оның түрлері» деген тақырыппен қазақ фольклорының мақал-мәтел, жұмбақ, төрт түлік мал туралы өлеңдер

сияқты жанрларына да тоқталған. Негізгі мақсат фольклордың таптық сипатын ашу болған. «Бұрынғы ақ сүйек, байлар табының ауыз әдебиеті бар. Бұқараның ауыз әдебиеті, оның ішінде малшы-жалшылардың шығарған, қара шаруаның шығарған ауыз әдебиеті бар. ...осы мұраны Ленинше ұғып, пайдамызға асыру біздің әдебиетіміздің, әдебиетшілеріміздің міндеті», – деп ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдына әдебиеттің таптығы принципіне сай жаңа бағыт ұсынады [53, 200]. Негізінен алғанда, авторлар өткен дәуір әдебиеті немесе совет тұсындағы әдебиет өкілдерін тексергенде, қазақ әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы принципін басты назарда ұстағанын анық байқаймыз. С. Сейфуллин мен Ө. Тұрманжановтың бұл оқулық-хрестоматиясы отызыншы жылдарда қазақ әдебиеттану ғылымының жетілуіне өзіндік ерекшеліктерімен үлес қосқан еңбек болды. Әдебиет тарихында елеулі еңбек сіңірген дарындардың творчестволық жолын дәуір шындығы деңгейінде бар қайшылығы, жетістігі, көркемдігі тұрғысынан бағалауда мәнді үлгі көрсетті.

Қазақ әдебиетінің хрестоматиясының, оқулық-хрестоматиясының және оқулығының әдебиеттану ғылымының туғызудағы рөлін әңгімелеген уақытта әр оқу құралының шыққан

мерзімін ескергендегі басты мақсатымыз, әдебиет тарихының зерттелуі мен дәуірге бөлу процесінің қандай қиындықпен, қандай жолмен жүргенін анықтау еді. Отызыншы жылдардың алғашқы жартысында халық фольклоры мен XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы кейде даралана, кейде қосарлана баяндалып, ал XX ғасыр басындағы әдебиеттің кескін-келбеті, ағым-бағыттары, маркстік-лениндік әдіснама принциптері белсене араласқан күннің өзінде де әлі толық дұрыс ғылыми шешім таба қоймағаны, жоғарыда біз сөз еткен оқу құралдары мен оқулық хрестоматиядан анық байқалады.

1930 жылдардың екінші жартысына қарай оқулықтардан көрі хрестоматиялық сипаты басым оқу құралдарын шығару тенденциясы орын алды. 1936 жылы С. Әлімбаев, Ә. Қоңыратбаевтың 3 класс үшін, 1937-1938 жылдары М. Әуезовтің VI класс үшін, Үсеновтің IX класс үшін, М. Жанғалин мен С. Ерубаевтың X класс үшін, Ә. Тәжібаевтың V класс үшін, Д. Әбіловтің VII класс үшін, С. Мұқанов пен Х. Бекхожиннің VIII, X кластар үшін, Е. Ысмайыловтың IX класс үшін әдебиет хрестоматиялары шығып, мектептерді оқу-құралдарымен қамтамасыз етуді талап еткен дәуір тілегінің қажетіне жаранды. Бәрін сөз ету мүмкін болмағандықтан бір-екеуіне қысқаша тоқтала

кеткен жөн. М. Әуезовтің орталау, орта мектептердің VI класына арналған «Әдебиет-хрестоматиясы» халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған жырларға дейінгі аралықтағы шығармаларды берген, ешбір талдау түсіндірмелер жоқ, таза хрестоматиялық жинақ түрінде болды. Бұнда фольклорлық нұсқалардан соң, Крылов, Махамбет, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Шевченко, Абай, Некрасов, Ыбырай, Толстой, Сұлтанмахмұт шығармаларына кең орын берілген. Бұл хрестоматиялар оқушы шәкірттердің білімін молайтуға, әдеби-эстетикалық танымын көтеруде ғана болмаса, қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолына пәлендей еңбек сіңірді деп айта алмаймыз. Сонымен қатар, бұл оқулықтардың да ғұмыры ұзаққа бармады. Сталиндік зұлматтың «халық жауларын» әшкерелеу науқанына орай көптеген оқулықтар қолданудан шығарылып тасталды. Жеке ғылым саласы ретіндегі кескін-келбетін енді танытып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымына әдебиет тарихын зерттеу мен оқулықтар жазу проблемасы тағы да қойылып, оларды тек маркстік-лениндік әдіснаманың сталиндік бұралаң жолдарының талап-тілегіне сай орындау керек болды.

Қазақ интеллигенциясының басына екінші рет төнген осындай

қиын-қыстау кезінде Е. Ысмайылов пен Т. Ақшолақовтың 1938 жылғы құрастырған «Әдебиет хрестоматиясы» ғылыми-зерттеушілік сипаттағы оқулық-хрестоматия дәрежесінде көрінді. Мұнда әрбір жазушы жөнінде өмірбаяндық толық деректер, шығармаларына әдеби-теориялық, шығармашылығына әдеби-тарихи талдаулар беріліп отырылған. Біздің ойымызша, осы оқулық-хрестоматиялар өз кезеңінде үш бірдей үлкен міндетті абыроймен атқарып шықты. Біріншіден, мектептерде хрестоматиялық жинақтың міндетін атқарса, екіншіден, оқулық, оқу құралының да орнына пайдаланылды. Ал үшіншіден, әдебиет тарихын зерттеу, ондағы жеке дарындардың алатын орнын белгілеу мен дәуірге бөлу жұмысын да қоса атқарды. Әдебиет туралы ғылым өзінің туғандығын дәлелдеп келе жатқан кезеңі үшін – бұл маңызды міндеттердің бірі. Оны біз жоғарыда сөз еткен М. Жолдыбаев, М. Әуезов, М. Қаратаевтар құрастырған, С. Сейфуллин мен Ө. Тұрманжановтар шығарған «Әдебиет хрестоматияларынан» бір көрсек, енді Е. Ысмайылов пен Т. Ақшолақовтың оқулық-хрестоматиясынан тағы да байқар едік.

Бұл оқулық-хрестоматия ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде маркстік-лениндік әдіснаманың толық үстемдік алғанын ғана емес, ұлттық әдебиеттану ғылымының туған-

дығын, енді осы әдіснама талаптарына сай даму жолын бастайтынын да дәлелдеп берді. Ғасыр басынан бері келе жатқан әдебиетті тарихи тұрғыдан тану жолындағы әдеби-тарихи ізденістер мен көрнекті дарындардың шығармашылығы туралы әр түрлі сипатта айтылып, әр мақала, әр оқу құралында шашылып жүрген ғылыми көзқарастағы пікірлер мен тұжырымдарды бір жүйеге түсіре баяндап берді. Авторлар «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалымен ғана емес, «ұлтшыл-алашордашылдыққа» қарсы күрестің әсерінен тым артық айтылған пікірлерді де түзетіп, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кең өріс алуына бастайтын тың жатқан проблемаларды да көрсетіп берді. Сондықтан әр ақын-жазушы шығармашылығын зерттеудегі соны ойлардың айтылуын ұзақ-сонар баяндаудан көрі, осы өзекті мәселелерді атап өтсек те жеткілікті.

Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт мұрасын зерттеуде, олардың дүниетанымын, өнерпаздық тұлғасын бағалауда, ағартушылық көзқарастары мен сыншыл реализмін тереңдете ашуда, мына бағыттарда тексеру қажет дейді.

1. Ыбырай – тұңғыш педагог-ағартушы, жаңашыл, прогресшіл, қазақтың таза әдеби тілі мен прозасының негізін салушы.

2. Абай – өз заманының сыншысы, көркем әдебиет тілінің негізін

салушы, үлкен классик, көркем сөз шебері, новатор.

3. Сұлтанмахмұт – әділет іздеген сыншыл да сыншыл, Абайдан кейінгі ұлы реалист, классик ақын.

Әрине, маркстік-лениндік әдіснамаға сай осы дарындар мұрасының халықтық, таптық сипатын танытуда жаңа тұжырымдар да айтылып отырылған. Ыбырайдың еңбек тақырыбындағы шығармаларына, Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасына, Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» романына жасалған ғылыми талдаулар көңіл аударарлық.

Хрестоматияда Шәңгерей, Нарманбет, М. Ж. Көпеев, О. Қарашев, С. Дөнентаев творчествосынан сол кезең идеологиясына сай келмейтін қайшылықтарды іздей отырып, заман талабына тән баға берілсе, С. Көбеев пен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған жырлар оқу құралы жүйесіне ең алғаш рет кіргізілген. Оқулық-хрестоматия болғандықтан көркем шығарма мәтіні мол берілуі және монографиялық портреттің мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне лайық болуын ойлағандықтан авторлар талдау, зерттеу барысында еркін құлаш сермеп тереңдеп кете алмағандығы байқалады.

Сонымен, Ұлы Отан соғысына дейін қазақ мектептері хронологиялық тәртіппен жасалған жүйелі хрестоматиялар мен оқулықтармен

қамтамасыз етіліп, әдебиет сабағын жоғарғы кластарда тарихи-әдебиеттік курс болып оқыту қажеттігі айқын сезіле бастауы қазақ әдебиеттану ғылымының нақты туғандығын, енді даму жолына бет бұрғандығын көрсетеді. 1939 жылы Ш. Кәрібаев пен А. Көшімбаев мектептегі әдебиет сабағының жаңа бағдарламасын жасап, оны мұғалімдердің, әдебиетшілердің мәжілісіне талқыға салды. Онда 8, 9, 10 сыныптарда әдебиетті оқыту тарихи-әдебиеттік курс принципіне жүруін ұсынып, қазақ әдебиеттану ғылымының алдына қазақ әдебиеті тарихының даму жолдары, көрнекті өкілдері және әр дәуірлері туралы жүйелі білім беретін, нақты ғылыми қорытындылар жасалған оқу құралдары мен оқулықтар жасау міндетін қойды. Қазақ ССР халық комиссариаты бекіткен осы бағдарламада ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан екі оқулық жасау көзделінген. Бірі – Октябрьге дейінгі әдебиеттің даму процесін баяндаса, екіншісі, қазақ совет әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңдерін тексеруге тиіс болды. Осы міндет негізінен Е. Ысмайыловқа жүктелінді.

Е. Ысмайыловтың осындай дәуір талабынан туған «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығында мынандай дәйектеме берілген: «Бұл еңбек ХХ ғасырдың алғашқы

15-16-жылындағы қазақ әдебиетінің тарихынан жазылған алғашқы еңбек деуге болады. Мұның үстіне, ХХ ғасырдың революцияға дейінгі қазақ әдебиеті бір өрісті әдебиет емес, тіл, түр жөнінде де, стиль және идеялық мазмұн жөнінен де бірнеше ағымдарға жіктелген, кейбір бұқарашыл деген ақын-жазушылардың кейбір шығармаларында да буржуазияшыл-ұлтшылдық сарындағы қайшылықтар бар. Міне, бұл сияқты бұрын зерттелмеген әдебиет тарихынан мектеп оқушыларының білім көлеміне сәйкестіріп программа бойынша оқу құралын жазып шығару, әрине, оңай жұмыс емес. Сондықтан, тұңғыш жазылған бұл сияқты әдебиет оқу құралында кемшіліктер мен қателер болуы мүмкін. Кітаптың келесі басылуында түзетіліп, стабильдік оқу құралы болып шығуы үшін жалпы оқулықтар мен мұғалімдер жұртшылығы кемшіліктерін көрсетіп, ат салысып көмегін тигізер деп сенеміз» [54, 2].

Осы оқулықта ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму процесі біршама тарихи-әдеби шындыққа негізделіп жазылғанын, соны принцип негізінде ғылыми пікір тұжырымдалғанын байқаймыз. Е. Ысмайылов революция қарсаңындағы қазақ әдебиетінің даму жолын іштей жіктей, жүйелей, ақындар шығармаларын түгелдей болмағанмен, солардың



мәнді үлгілерін танып-білуге және ғылыми-эстетикалық талдау жасауға айрықша назар аударған. Бұрынғы-ға карағанда әдеби процестің ішіне кіріп, ажырата жіктеу принципінің бой көрсетуі қазақ әдебиеттану ғылымының өрелі биікке қол созғанын аңғартады. Осы ғылыми тенденция жетекші бағыт болып, кейінгі кезде дамытыла, жетілдіріле баяндалып келеді. Әрине, соңғы еңбектерде атау терминдер әр қилы және ақын-жазушыларды белгілі бір ағымның өкілі санау әр алуан болғанымен, жалпы ой аңғарының арғы бастауын тану қиын емес.

Е. Ысмайыловтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығының осындай ғылыми жүйесін айта отырып, әдеби процесті іштей жіктеп-талдауында бірқыдыру ұтымдылық та, сондай-ақ кемшілік те барын тасада қалдырмау керек. Оқулық үлкен кіріспемен ашылып, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жай-күйі біршама жүйелілікте баяндалады, соны деректер мен тарихи мағлұматтар мол келтіріліп отырылады. Ой өрбіту, пікір түйіндеу жөнінде де ғылыми еңбектің сүрлеуі танылады. Алайда, қазақтың жазба әдебиетінің өкілдерін ағым мен бағытқа бөлуі сақтана қарауды талап етеді. Ең алдымен «сыншыл реализм әдебиеті», «демократияшыл әдебиет» деп екі үлкен топқа жіктеуінің өзі барынша шартты екені аңғарылады. Соның салда-

рынан, жалпы әдеби даму процесі жан-жақтылықтан гөрі, бір қырындау әңгімеге өзек болған. Бұл сипаттан қазақ әдебиеттану ғылымы арылып болды деу қиын.

Ал «сыншыл реализм әдебиеті» мен «демократияшыл әдебиет» деген жіктеулердің өзінде үлкен айқындық жетіспейді, олар бір өрісте болып көрінеді. Нақты айтсақ, «сыншыл реализм» әдебиеті XX ғасырдың алғашқы 15-16-жылдарында туған демократияшыл әдебиетпен бір бағыттағы, алдына қойған мақсаты бір әдебиет» дегені – осының айқын дәлелі. Ал автор бұл дәуірді қалайша жіктеді дегенге назар аударсақ, онда «XX ғасырдың алғаш 15-16-жылындағы қазақ жазушыларында екі ұрпақ жазушылардың творчестволық беті айқын көрінеді. Бірінші – әуелгі ұрпақ, сыншыл реалист жазушылар (Омар, Нарманбет, Нұржан, т.б.). Бұл жүйелі жазушылардың шығармасындағы бір өзгешелік – прогресті жақтайды, оны ұрандайды, халық басындағы аянышты халдерді көріп, соған қайғырады, мұңаяды. Екінші жағынан, кейде ескі көшпелі ауылды да көксейді.

Екіншісі – соңғы ұрпақ, 1910 жылдардан бастап қалам ұстаған жазушы-ақындар (Сұлтанмахмұт, Сәбит, Ә. Ғалымов, т.б.).

Бұлар шығармасындағы бір ерекшелік қайғы-зарға салынбай, оптимизмде жырлайтындығы, мақсатты

талаптарын ашық қоя білетіндігінде, қазақ ауылындағы тап күресін дұрыс байқайтындығында. Бірақ бұл екі ұрпақ жазушылар негізінде бір-біріне қайшы бағыттағы әдебиет ағымы емес, қайта жалпы әлеуметтік бет алыстарында бір-бірін жақтай отыратын жазушылардың топтары», – деп ажырата жіктеп, қайтадан тұтастырып жіберуінен әдебиеттің таптығы принципін сай туған шарттылықтың сипатын аңғару қиын емес [54, 7].

Оқулықтағы тағы бір үлкен мәселе – сыншыл реализм деген терминді қолдану жайы. Е. Ысмайылов сыншыл реализмді көркемдік әдіс тұрғысынан емес, идеялық нысана дәрежесінде түсініп, ғылыми қателікке ұрынған. Шындығына келгенде «Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм әдебиеті Асан қайғы, Бұқар жыраудан басталып, Шортанбайдың заманында толық қалыптасты. XIX ғасырдың 50-60-жылдары отаршылдар мен аға сұлтандар елді қырумен, талаумен, атып-шабумен халықтың айбынды ерлік күрестерін басу нәтижесінде туған ауыр жағдай, ауыр қайғы, мұң-зардың болуы сыншыл реализм әдебиетін туғызады (Шортанбай, Әубәкір, Мұрат)», – деп тұжырымдауына қарағанда, сыншыл реализмді көркемдік әдіс мағынасында емес, әр ақын-жазушылардың шығармасының мазмұнына лайықтап, сынап-мінеу тұрғысынан

ғана түсінгендігін шамалауға болады. Қазақ әдебиеттану ғылымында сыншыл реализмнің теориялық негізі бұл кезде толық айқындалмағанын ескерсек, мұндай қате көзқарасқа ұрыну бір себептен түсінікті де еді.

Міне, сондықтан алғашқы бастаудан кеткен қателік авторды екінші қателікке жетектеген. Оны біз демократияшыл әдебиетке берген анықтамасынан байқаймыз. «Қазақтың демократияшыл әдебиетінің негізі – фольклорда. Демократияшыл әдебиет ағымы Абай шығармаларында басталған болатын, ал XX ғасыр әдебиетінде демократияшыл әдебиет дамып, шын мәнінде жасалды. Демократияшыл әдебиеттің ерекшелігі не еді? Мұның идеялық көркемдік беті, өрісі қандай болды?

Бұл әдебиеттің алдына қойған талаптары, алған тақырыптары халық өмірінің ең түйінді мәселелері болып отырды. Халықтың саяси правосы, рухани-экономикалық құлдықтан азат болуын жылау-жалбарыну жолымен, немесе тәңірден тілек тілеу жолымен емес, күреспен, қалың бұқараның күшін біріктіру жолымен жену, келешектен жақсылық күту», – деген тұжырым жалпы сыншыл реализмнің мән-мақсатын, негізгі идеялық нысанасын жыға түсінбеуден туған. Сол себептен де сыншыл реализмге тән сипаттарды демократияшыл әдебиетке оп-оңай дарыта салғанын көреміз. Әйтсе де жаңа көзқарастағы

«демократияшыл әдебиеттің көрнекті өкілдері – С. Торайғыров, С. Көбеев, С. Дөнентаев, Ә. Ғалымов, Б. Өтетілеуов, М. Ж. Көпеев, т.б. Бұл ақын-жазушылар заманға, халық тағдырына байланысты әлеуметтік мәселелерде өздерінің көзқарастарын өте ашық айтады. Бұлар мұңға бату, жалтақтау дегенді білмейді», – деген пікірдің ғылыми нақты айтылғанын дәлелдеп жатудың қажеттігі шамалы.

Осы кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тануға деген жаңаша көзқарасының әсері Е. Ысмайылов еңбегінен байқалады. Ол өзі сыншыл реализмнің өкілі деп таныған Н. Орманбетовтің, Ғ. Қарашевтың, Н. Наушабаевтың, демократияшыл әдебиеттің ең көрнекті өкілі деп тапқан М. Ж. Көпеевтің шығармашылығының ерекшелігін барынша ашып көрсетуге ұмтылдырып, бірақ бәрін де бүкіл халық қамқоры етіп баяндауға жетелеген. Оқулықта ұлттық әдебиеттану ғылымының енді ғана туған кезеңіне тән олқылықтарды айтқан уақытта, автордың ғылыми-эстетикалық талдауларының жүйелі екенін, өз ой-пікірін дәлелдеп айта алатындығын, қазақ әдебиеттануы мен сынының өкілдері ғылыми парасат таңыта бастағанын байқамасқа еш болмайды.

Оқулықтың үшінші бөлімі – халық шығармашылығының ерекше танылған шағын ұтымды әңгімелейді. «1916 жылғы көтеріліс

және халық поэзиясы» деген мәнді тарауда ұлт-азаттық күрестің ішкі себептеріне, Аманкелді образының жасалу жолдарына, «Бекболат» поэмасының ерекшеліктеріне, халық поэзиясының түрлеріне айрықша назар аудара келіп, «1916 жылғы халық көтерілісінің поэзиясы ХХ ғасырдағы революция алдындағы дәуірде революцияшыл поэзияны тудырып, жаңа туашақ қазақ совет әдебиетіне ұштасқанын» орынды атап көрсетеді.

Оқулықтың төртінші бөлімінде қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет кітаби ақындар шығармашылығына көңіл бөлініп, Жүсіпбек Шайхисламов шығарған «Мұңлық-Зарлық» дастанына көлемді талдау жасалады. Бірақ, бұл бастама кейінгі уақытта қолдау таппай қалғанын, жалпы әдебиет тарихынан өзіне лайықты орын ала алмай, оның көп өкілдері арнайы зерттелмей келе жатқанын айтып өткен жөн. «Қазақ әдебиетінің тарихы» көп томдығындағы «Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы» деген тарау бұл саладағы міндет-парыздың бәрін түгел атқара алмасы анық.

Қорыта айтқанда, Е. Ысмайыловтың бұл оқулығы бірқыдыру кемшілігіне қарамастан, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің жай күйін, даму барысын, дарынды өкілдерінің шығармаларын танып-білуге және ғылыми тұрғыда зерттеуге кең жол салып берген еңбек болды.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қазақ әдебиетінің тарихи толық курсына жасауды нақты қолға алуы, 1920-1930 жылдардағы әдебиеттің де даму-өркендеу процесін зерттеп, оқу бағдарламасына арнайы жүйеде енгізуді талап етті. Оның алғашқы оқу құралы «Қазақ совет әдебиеті» деген атпен 1942 жылы жарық көрді. Оны Е. Ысмайыловтың басшылығымен Қ. Бекхожин, С. Айтмұқанов, С. Сейітовтер жазды. Оқулықта «ұлтшыл» атанған арыстарымыздың шығармашылығын былай қойғанда, «халық жауы» делінген ақын-жазушыларға орын берілмегені айтпаса да түсінікті. Сондықтан да кеңестік идеология талаптарына ғана сай жазылған, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге айтарлықтай ештеңе қоса алмаған кезеңдік қана еңбек болып шықты.

Отызыншы жылдардың аяғында қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөлу проблемасын арнайы сөз еткен бірнеше мақалалар ұлт әдебиетінің ғылыми, тарихи курсына жасау жолында нақты ұсыныстар білдірді. Е. Ысмайылов «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау туралы» деген мақаласында дәуірге бөлуді мынандай үлгіде салалайды [55].

1. Қазақ фольклоры.

2. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті.

3. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Негізгі жүйесі дұрыс болғанмен, XVIII ғасырға дейінгі ақын-жырау-

ларды ауыз әдебиетіне қосып жіктеуі ғылыми тұрғыда дәйексіз болды. Оған қоса автор әр дәуірді іштей кезең-кезеңге сараламай, жалпылама сөз етіп кеткен. Ал Қ. Жұмалиев қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жыраудан бастау керек деген жаңа пікірді ұсына келіп, оны:

1. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

2. XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиет.

3. XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет.

4. XX ғасырдың басындағы әдебиет, – деп бөледі [56].

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін маңызы болғанымен, дәл осы дәуірлеу кейінде бұлжымас концепцияға айналып, ұлттық әдебиетіміздің арғы арналарын көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы принципіне орай тексеруге кедергі келтіргені мәлім.

Бұл мәселеге тың бағыттағы ой айтуға ұмтылған С. Мұқанов XIX ғасырға дейінгі әдебиетті:

1. Алтын Орда тұсындағы әдебиет.

2. Астрахань, Қазан хандықтарының тұсындағы әдебиет.

3. Ақтабан-шұбырындының тұсындағы әдебиет, – деп дәуірлейді. [57]. Бірақ 1942 жылғы оқулығын жазу барысында Қ. Жұмалиевті қостап кеткен. XVIII ғасыр әдебиетінен Бұқар жырауды ғана алып, XIX ғасыр әдебиетін іштей «Бостандық күресі»,

«Зар заман» деген кезеңдерге жіктей отырып, Абайға дейінгі ақын-жырауларды жатқызған.

1930 жылдардың соңында мектеп пен оқу орындарын тұрақты оқу құралымен қамтамасыз ету, әдебиетті оқытуды тарихи-әдебиеттік курс принципінде жүргізу мәселелері көтеріліп, Қазақ ССР Оқу комиссариаты 1941 жылы республикалық мұғалімдер съезінде қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу арнайы талқыланбақ болмақ еді. Б. Кенжебаевтың осы съезде «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы» тақырыбындағы баяндамасының негізгі түйіні «Социалистік Қазақстанда» жарияланып, толық нұсқасы сәл кейінірек жарық көрді. Автор мақалалар мен оқу құралдарындағы дәуірге бөлуде жасалған алғашқы үлгілерді нақтылай келіп, қазақ әдебиетінің тарихи даму жолын ғылыми негізде жүйелеудің тың жолын ұсынады [58].

I. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет, яғни, XV ғасырдың ортасынан бастап XVIII ғасырдың соңына дейінгі әдебиет.

II. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет.

III. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

IV. XX ғасырдың алғашқы 20-жылындағы әдебиет.

V. Совет әдебиеті.

Қазақ әдебиетін дәуірге бөлу проблемасының ғылыми-зертеушілік сипатта қарастырылып, жоғарыдағыдай дәрежеде шешілуі қазақ әдебиеттануының туу дәуірі үшін аз табыс емес екені анық.

Сонымен, осы тараудағы Ұлы Отан соғысына дейінгі оқу құралдары мен оқулықтарды қарастырғанда, қазақ әдебиеті тарихының мектептік курсы жасалып, әдебиеттану ғылымы туып, өркен жайды деген тұжырымды қорытындыға келеміз. Мектепті оқулықпен қамтамасыз ету, оған жүйелі курс жасап беру тек мәдени-әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, ғылыми-педагогикалық жағынан да айрықша атап өтетін және қазақ әдебиеттану ғылымының туып, енді қалыптасу кезеңінің басталғанын танытатын социологиялық, эстетикалық мәнді құбылыс болды.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу проблемасы 1930 жылдардағы мектепті әдебиеттік оқу құралымен қамтамасыз ету ісі арқылы ғылыми негізге қойылды. Оның алғашқы оқулықтан бастап қалай жіктелгені, бірте-бірте қалай нақтыланғанына осы тараудағы оқулықтарды сөз еткенде келтірілген деректер айқын дәлел. Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі әдебиет тарихын жасаудағы ең негізгі проблеманың бірі болса, оны қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің туу кезеңінің өзінде біршама дұрыс шешіп алды. Бұл дұрыс шешіп

## II БӨЛІМ. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі 1900-1904 жж.)

алу – кейінгі ғылыми зерттеулердің бәріне негізгі өзек, басты арна болды да, уақыт озған сайын осы ғылымның қалыптасу, өсу, өркендеу жолына байланысты толысып отырылды. Сонымен қатар, әдебиет тарихын жүйелеу үлкен ғалымдық парасаттылықты, сыни-эстетикалық таным-білікті талап ететінін ескеретін болсақ, соғысқа дейінгі дәуірдегі оқулық жазу мен

әдебиет тарихын жасауда ұлттық әдебиеттану ғылымының ғалым-зерттеуші, сыншы, әдебиетші кадрлары жасақтала бастады. Қорыта келгенде, ғасырымыздың ұлы жазушысы М. Әуезовтің «әдебиеттану жүйесі бізде орта мектепте оқу құралын жасаудан туды» деген пікірінің асқан білімдарлықпен айтылғанына куә боламыз.

### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. 1920-1930 жылдардағы ғылыми зерттеу мақалалардағы әдебиет тарихы мәселелері.
2. М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбегінің ұлттық әдебиеттанудағы тарихи маңызы.
3. Х. Досмұхамедовтің ғылыми зерттеулеріндегі әдебиет тарихы мәселелері.
4. С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеуінің жетістігі мен кемшіліктері және ғылыми маңызы.
5. Қазақ әдебиеті тарихының 1920-1930 жылдардағы оқулықтардағы дәуірлену тарихы.
6. Алаш арыстары және ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі.
7. Социалистік реализмнің таптық қағидасы және ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір.
8. С. Мұқанов және әдебиет тарихының мәселелері.
9. Е. Бісмайылов зерттеулеріндегі ұлт әдебиетінің ғылыми тарихы проблемалары.
10. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудегі 1930 жылдардың соңындағы ғылыми ізденістер.

### Негізгі әдебиеттер

1. 20-30-жылдардағы жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы. 1997.
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I-II томдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008, 2009.

3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
5. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 34 б.
6. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
7. 1940-1950 және 60 жылдардағы жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы. 1998.

### Қосымша әдебиеттер

1. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 200 б.
2. Тоғжанұлы Ғ. Абай. – Алматы-Қазан: ҚКӘБ, 1935. – 161 б.
3. Әдебиет және өнер мәселелері бойынша 30-жылдар кезеңімен 40-50-жылдардың басында қабылданған қаулы-қарарлар жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы Социалистік Қазақстан, 1989, 9 желтоқсан.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 225 б.
5. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. – Қызылорда: Қазақстан, 1932. – 458 б.
6. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері. – Алматы: ҚБМБ, 1942. – 249 б.
7. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. – Қызылорда: ҚМКӘБ, 1935. – 72 б.;
8. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 371 б.;
9. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.;
10. Жансүгіров І., Мүсірепов Ғ. Көркем әдебиет жинағы. Орта мектеп 6 оқу жылы үшін. – Қызылорда: Қазақстан, 1933. – 272 б.
11. Жолдыбаев М., Әуезов М., Қоңыратбаев Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет оқу кітабы. 7-жыл үшін. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 192 б.
12. Сейфуллин С., Тұрманжанов Ә. Көркем әдебиет. – Қызылорда: Қазақстан, 1934. – 209 б.
13. Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: ҚБМБ, 1941. – 120 б.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1960. – 740 б.
15. Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. Алматы: ҚБМБ, 1941. – 56 б.

#### 4-ТАРАУ. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір

Төңкеріске дейін эстетикалық таным-біліктің аясында көрініп қалған, ұлт әдебиетін теориялық тұрғыдан тануда алғашқы қадамдар жасаған әдеби-теориялық ой-пікір өз ізденістерін жалғастыра түсті. Ол жаңа заманға Шоқан мен Абайдың өлеңтану бағытындағы ғылыми-эстетикалық көзқарасымен, баспасөз бетіндегі жарияланған қазақ тілінің тазалығын сөз еткен мақалалардағы және С. Торайғыровтың қазақ өлеңі туралы ойларымен, роман бәйгесінің жариялануымен орай шыққан жанр мәселесіне арналған мақалалардағы теориялық ұғым-түсініктерімен танылған біршама дайындықпен келген еді. Төңкерістен соң басталған әдеби айтыс-тартысқа тайсалмай араласа жүріп, жаңа дәуір талабын кейде қабылдай, кейде қарсы шыға отырып тың ізденістер жасай бастады. Осы кезеңде, яғни 1920-1925 жылдар аралығында, қазақ баспасөзінде өзінің жанрлық кескін-келбетін танытуға, даму жолын бастағанын дәлелдеуге ұмтылған әдебиет сыны әдеби-тарихи және

әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми сипатқа ие болуына өз көмегін аяған жоқ. Әдеби-сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікір араласа жүріп, дәуір алға тартқан әдеби процестің күрделі проблемаларына шама-шарқынша қызу араласты. Жарияланған кітаптар мен театрлық қойылым, драмалық шығармалар мен жеке ақын-жазушылар шығармашылығын сөз еткен мақалаларда сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікір бір-бірін толықтыра отырып, қанаттаса қатар дамыды. Себебі, кез келген рецензиядағы немесе әдеби сын мақаладағы ой-пікір негізінен теориялық ұғымдарға табан тірей айтылатыны белгілі. Ғалымдар Т. Кәкішев пен Д. Ысқақов қазақ әдебиеті сынын зерттеген еңбектерінде әдеби-теориялық мәселелер басым көрінетін мақалаларды да сынмен байланыстылықта қарастыратыны сондықтан. 1920-1925 жылдарда таза бір теориялық мәселені ғана арнайы ғылыми сөз ететін мақала жоқтың қасы. Сондықтан да бұл



кезеңдегі мақалаларды мынау сын, мынау теориялық зерттеу деп бөлектеу қиын. Ендеше «оларды негізгі бір мәселеге, яғни әдебиеттің көркемдік әдісі жөніндегі теориялық-эстетикалық проблемаға бұрсақ, қазақтың сол кездегі сыншылдық, ғылымдық ой-пікірінің өресін анық аңғаруға мүмкіндік туады» [2, 238]. Бұл жерде әдебиет теориясының көркемдік әдістен басқа мәселелері назардан тыс қалды деген ұғым тұмауы керек. Олар туралы тек шетпұшпақтап қана сөз ете бастаған әдеби-теориялық ой-пікірдің негізгі көңіл аударғаны – әдеби жанр мен көркемдік әдіс проблемасы болды. Оған 1920 жылдардың бас кезіндегі көркемдік даму процесіне байланысты болған айтыс-тартыс пен пролеткультшылдық көзқарас өз әсерін тигізгені анық.

Әдеби жанр туралы теориялық ой-пікірдің айқын басымдықпен көрінуі заңды. Өйткені, 1920 жылдардың бас кезінде қазақ әдебиеті жанрлық тұрғыда өркен жая бастағаны шындық. Сын мен әдеби-теориялық ой-пікірдің алғашқыда ерекше назар аударғаны драматургия мен театр қойылымдары болды. С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында» драмалары туралы «Тілекші» деген автордың «Сауық кеші» («Еңбекші қазақ», 1922, №44), Нәзір Төрекұловтың «Бақыт жолындағы сын» (Темірқазық, 1923, №2-3),

Т. Арыстанбековтің «Жыл құсы» («Еңбекші қазақ», 1923, №64; «Қызыл Қазақстан», 1923, №14) жарияланды. М. Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал», «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» шығармалары жайында «Бөкейше» деген автордың «Еңлік-Кебек», («Тілші», 1923, № 12), Д. Ысқақовтың «Бәйбіше-тоқал» («Ақжол», 1923, №384), «Қорғансыздар» («Сана», 1924, № 2-3), А. Елшібекұлының «Еңлік-Кебек» («Еңбекші қазақ», 1925, № 419) секілді мақалалар жарық көрді. 20-жылдардағы драматургияны дамытуға үлес қосқан басқалардың да шығармалары назардан тыс қалған жоқ. Қ. Кемеңгеровтің «Алтын сақина», Б. Майлиннің «Неке қияр», Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», «Торсықбай», «Айдарбек қу» және Ж. Аймауытовтың «Шернияз» шығармаларына арналып жазылған мақалалар соның айғағы.

1920 жылдардың бас кезінде әдеби-теориялық ой-пікірдің сипатын айтқан уақытта мына бір мәселеге көңіл аудару керек. Төңкеріске дейін бір-екі ғана туындысы бар қазақ әдебиетінде тек осы 20-жылдардың бас кезінде отызға тарта драмалық шығармалардың жазылуы және дәуір алға тартқан тақырыптарды бірден игеріп әкетуі ғажайып құбылыс. Дәстүрлі жолы бар орыс әдебиетінде В. Ивановтың «Бронепоезд 14-69», Треневтің «Любовь Яровая» тәрізді пьесалары «Қызыл

сұңқардан» кейінірек, төңкерістің он жылдығына арнап жазылғаны тарихи шындық. Сапалық деңгейі әр түрлі болғанымен, сандық жағынан осыншама шығарманың жазылуы және ол баспасөз бетіндегі мақалаларда қызу талқыға түсуі тегін емес. Бұл ұлттық сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің драмалық жанр туралы теориялық ұғым-түсініктерді біршама меңгере алғандығын дәлелдейді. Осы драмалық шығармалардың біразы классика ретінде қазақ драматургиясының алтын қорына енуі де оған айқын мысал. Сонымен қатар, ол осы драмалық шығармаларды сөз еткен рецензиялық, сыни және әдеби мақалаларда көрінетін әдеби-теориялық ой-пікірдің сипатынан да анық көрінеді. Қазақ драматургиясының тарихын зерттеушілер Ә. Тәжібаев, С. Ордалиев, Р. Нұрғалиевтер осы кезеңдегі драма жанры жаңа пафос, тың идея, соны концепцияларға бара алғандығын атап көрсетеді. Ендеше оларға бару үшін әдеби-теориялық білімнің жоғары болуы керектігі айтпаса да түсінікті. Жалпы алғанда, төңкерістен кейінгі алғашқы он жылда әдебиеттің қай жанр болса да құлаш сермеп, қанатын кеңге жайғаны ақиқат. Әрине, төңкеріске дейінгі әдебиетпен салыстыра қарағанда. Олай болса, жанрлық тұрғыда осынша өркендеуге тек қана табиғат берген

дарындылықтың аздық етерін ойламаса болмас. Мұндайда теориялық білімдер жүйесінің арқалар жүгі мен атқарар қызметі де оңай емес.

Рас, сауық кештерінде қойылған және жарық көрген драмалық шығармалар туралы әр түрлі сипаттағы мақалаларда көп жағдайда дәуір талабына сай социологиялық арқауы басым талдау, образ тұлғасынан таптық сипат, диалогтан саяси астар іздеу, кейде автордың саяси көзқарасын анықтау мақсатында жеке басқа ұрыну, ол жолда өткенді қазбалап «тырнақ астынан кір іздеу» де болмай қалған жоқ емес. Әйтсе де әдеби-теориялық ой-пікір драмалық образ және тип, тартыс проблемасы, оқиға динамикасы, шығарма және өмір шындығы, драма және сахналық қойылым, тақырып пен идея секілді күрделі мәселелерді игеру жолында танымдық қадамдар жасап жатқаны байқалды. Бұл мақалалардың әр қайсына тоқталып драма жанрына теориялық талдау жасаған тұстарын іздеп жату артық және сын тарихын тексерген еңбектерде сының теориялық деңгейін көрсету мақсатында жан-жақты қаралғандықтан қайталап жату орынсыз. Сол себептен де негізгі ойымызды айтуды жөн деп санаймыз.

Әдеби жанр, оның ішінде драманы сөз еткен 1920 жылдардағы жазылған осы мақалалар үш түрлі сипатта көрінді. Оның алғашқысын

драманы жанрлық тұрғыдан зерттеуге ұмтылған, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өресін танытқан мақалалар деп атауға болады. Оған М. Әуезовтің «Қызыл сұңқарларға» жазған сынын («Шолпан», 1922, №2-3), Д. Ысқақовтың «Бәйбіше-тоқал», «Қорғансыздар», С. Садуақасовтың «Алтын сақина» ойыны туралы («Еңбекші қазақ», 1926, № 18), «Бәйбіше-тоқал» («Еңбекші қазақ», 1926, №24) секілді мақалалар жатады. Бұларды жеке жанрды ішкі құрылысына талдау жасай отырып теориялық тұрғыда зерттеудің ең алғашқы ізашарлары деп бағалаған орынды болмақ.

Екінші сипаттағы мақалаларды «тұрпайы социологизм» ықпалы мен маркстік-лениндік эстетиканың талаптарына сай жазылғандар деп атаған дұрыс тәрізді. «Тұрпайы социологизм» маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы принципіне сай туындап, солақай социологиялық талдауды басшылыққа алғандықтан, екеуін бірге алып отырмыз. Оларға «Тілекшінің» «Сауық кеші», Н. Төрекүловтың «Бақыт жолындағы сын», Т. Арыстанбековтің «Жыл құсы», «Жауқашар» деген автордың «Еңлік-Кебек», «Алакөз» деген автордың «Арқалық батыр», М. Көшекұлының «Қаракөз», О. Жұмабайұлының «Қаракөз» және тағы басқа да мақалаларды жатқызуға болады. Бұлардан «тұрпайы социологизмді» көзқарас араласа жүріп,

әдеби-теориялық ой-пікірде маркстік-лениндік эстетика талаптарының үстемдік құруға ұмтылған қадамдары анық сезіледі. Мысалы, О. Жұмабайұлының «Қаракөз» мақаласы тұнып тұрған «тұрпайы социологизмде» жазылып, шығарма оқиғасын таптық көзқараста сабақтап әкету басым түсіп: «Қаракөзге» бәйге беру түгіл, басылғанына таң қаламыз. «Қаракөзді» мұнан былай еңбекшілердің театрына қоюды доғарып, қараттырмау керек. Дін құралы, қиялилардың құралы, қазақ еңбекшілерінің әдебиетін былғамай, еңбекшілерді байлардың әдебиетіне үгіттеп үндетпей, тез арада тиісті орындар қарап, «Қаракөзді» зерттеп керекті шарасын қолдансын», – деген үкім шығарды [59, 37]. Мұнда трагедияға теориялық талдау жасаудың еш белгісі көрініс таппаса, Мұстафаның «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» атты мақалаларында шығармаға маркстік-лениндік ілім негізінде талдау жасауға деген талпыныс танылады.

Үшінші сипаттағы мақалаларды драмалық шығарманың сахналық қойылымына арналып жазылған театр сыны деп атаған дұрыс. Алғашқыда театр труппаларының сауық кешінде қойылған шығармаларды сөз еткен бұлар ұлт театрының ашылуына байланысты көптеп жарияланды. Саны жағынан жүзден астам бұл мақалаларда драманың

жанрлық сипаты мен сахнада ойналу дәрежесі нақты сөз болуынан, әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми мәнге ауысуы жолындағы бір белесін ғана емес, қалың көрермен, оқырман қауымның теориялық білім деңгейін де көтеруіне үлкен үлес болып қосылғанын атап айту қажет. Сахналық қойылымды қарастыру барысында образ тұлғасының сомдалуы, тартыс, режиссерлік шешім, тақырып және идея мәселелеріне байланысты теориялық ой-пікірлер көрініс тауып отырды.

Шығарманы жанрлық тұрғыдан зерттеуде алғаш жол бастаған осы үш түрлі сипаттағы мақалалар – қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі әдеби-теориялық ой-пікірдің алдына жаңа зерттеу нысанасын айқындап беруімен құнды. Сонымен қатар, бұл басқа да жанрларды әдеби-теориялық тұрғыдан ғылыми зерттей бастаудағы жаңа бағыттың жандануына әсер етті. С. Сейфуллиннің «Асау тұлпар» өлеңдер жинағының, М. Жұмабаев лирикасының, Б. Майлин өлеңдерінің әдеби сында талқыға түсіп, арты айтысқа айналуын, поэзияны теориялық тұрғыдан тануға деген талпыныстың бір көрінісі десе де болады. Рас, бұл мақалаларда теориялық ой-пікірдің поэзияны, жеке ақын шығармашылығын әдебиет теориясының қисындарына сай жүйелі тексеруден гөрі, сөз етіп отырған ақынның творчестволық

бағытын анықтау мен қай таптың жырын жырлайтынын айқындау жағына көп бой ұрып кеткені де бар. Пролеткульшылдық пен «тұрпайы социологизм» көзқарасындағы төңкерісшілдер дәстүр мен жаңашылдықтың тарихи сабақтас-тығын жоққа шығарып, әдебиеттің таптығы принципіне саяси астар беру арқылы идеологиялық күрес бастап отырған шағында бұл түсінікті де еді. Одан сол кездегі әдебиет сынының классикалық үлгісі саналатын Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» мақаласының өзі де сау қалған жоқ.

1920 жылдардың бас кезінде жаңа заман идеологиясының негізі боламын деген маркстік-лениндік ілімнің, оның әдіснамасының өз тізгініне ие бола алмай, пролеткультшылдық пен тұрпайы социологизмге ерік беріп алғандығын дәлелдейтін мақалалар жарық көрді. Мысалы, Н. Төрехұловтың «Байдың толғағы», М. Дәулетбайұлының «Мағжан жыры-хандар жыры», С. Мұқановтың «Оқығандар кім еді?», «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер», Ғ. Тоғжанұлы, С. Сапарбекұлы, К. Шекенұлы, Ө. Тұрманжанұлыларының «Ешкімнің қол шоқпары бола алмаймыз» деген секілді мақалалар жарияланды. Бұл келді де әдеби-теориялық ой-пікірді қазақ поэзиясының жанрлық өркендеуі мен ескі және жаңа өлең пробле-

масын әдеби дамудың дәстүрлі жолына сай зерттеуді қолға алуының орнына, «ұлтшылдық-байшылдық» және пролетариат әдебиетінің басты ерекшеліктерін анықтаумен айналысуына мәжбүр етті, ақын-жазушылардың творчестволық бағытын тексеруді басты нысанаға алып кетуіне ықпал жасады. Н. Төрөкұловтың «Темір қазықта» жарияланған «Асау тұлпар» (1923, №1) атты сынына байланысты айтыста С. Сейфуллинді жақтаушылардың өз мақалаларында пролетариат ақыны екенін дәлелдеуге көп күш жұмсаулары да сол себептен еді. «Сәкеннің сырын» ашқан Ғ. Жәнібекұлының мақаласы («Еңбекші қазақ», 1929, 21 тамыз) секілді бірнеше әшкерелегіш дүниелер, төңкерісшілдер Ж. Орманбайұлы бастаған бірнеше адамның «Сәкеннің сыры олай емес, былай» («Еңбекші қазақ», 1929, 16 қыркүйек) деп араша түскеніне карамастан революция жыршысы деп жүрген Сәкенге «Менің қаталарым туралы» («Еңбекші қазақ», 1929, 2 қыркүйек) деген мойындау мақаласын жаздыртып тынды. Ал Сәкеннің бұл мойындауы дегеніміз – төңкерісті теңдік деп ұғып қуана жырлаған әдебиеттің бірте-бірте таптық, партиялық қағиданың қамытын киіп жасқаншақ тартып, саясатқа ашықтан ашық бас шұлғуға көшкен бүкіл әдебиеттің мойындауы.

Бұл Мағжан поэзиясы төңірегінде болған айтыста да анық байқалды.

«Тұрпайы социологизмге» қарсы ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір екіге жарылды. Төңкерісшілдер Сәкенді пролетариат ақыны екенін дәлелдеп жатса, «ұлтшыл» атанғандар Мағжанның «ұлтшыл-байшыл» емес екенін көрсету үшін ара түсіп, «Мағжанның ақындығы» секілді ғылыми мәні терең мақала да жазды. Бірақ, Ғ. Тоғжанұлының «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы марксистіктер не дейді, Жүсіпбек не дейді» секілді дүниелері жазылып, ақыры Мағжан өз кредосынан бас тартып, «Токсанның тобы» атты өлеңін жазуға мәжбүр болды. Біле білсек, бұл да ұлт әдебиетінің ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі жолынан жаңылып, жаңа заман идеологиясының қол шоқпары болуға айналған жеңілісі. «Тұрпайы социологизмді» жақтаушыларды айтақтап қойып, соның негізінде өз үстемдігін құруға жанталасқан маркстік-лениндік идеологияның жеңісі. Әдебиетті өз идеологиясын жырлатуды, ғылымда өз әдіснамасын қолдануды толық талап еткен партиялық саясаттың 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты» деген қаулысынан кейін бар билікті өз қолына алуы еді. Кейінде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп келгенімізбен екеуі космополиттік, социалистік болған әдебиетті

жасаудың алғашқы негізгі осы 20-жылдардың соңында қолға алынды.

Алайда, осы кезеңде болған азды-көпті сөз бостандығын ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір пайдаланып та қалды. Ол біз енді ғана біліп, енді ғана көңіл аударып жатқан 1920 жылдардағы поэзияда ұраншылдық, үгіт-насихаттың басым болуын, әдебиеттің саясат қол шоқпарына айналып бара жатқанын тап басып тани білуі еді. Жаңа заманды, революцияны, оның жеңістерін жырлады деп келгеніміздің көбі науқандық тақырыптарды жырлау болғанын, әдебиет ауылынан көп алыс жатқанын енді біліп отырмыз. Кәмпеске тұсында халық жер ауып, артынша жартысы аштықтан қырылып жатқанда «коллективтің жырын айтып» кеткен қазақ поэзиясы тап тартысының қағидалы қалыбынан шықпай, жасқаншақ, жалтақ күйге түскені тарихи шындық қой. Сол науқаншыл үгіт-насихаттың арты қайда аппаратынын білген Қ. Кемеңгеров: «Шынында, біздің көркем әдебиет қоғам тұрмысын шетпұшпағынан тартып жүр. Сол шетпұшпақтың өзін көбінесе кейбір жазушылар романтизмге, символизмге айналдырып отыр. Кейбір жазушылар не үгітке, не жалаңаш порнографияға айналдырып отыр. Осы күнге дейін шын реализммен жазылған Бейімбет өлеңдері (мұның да біразы үгіт, на-

сихат, ұран) шын реализмнен қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жібергендік», – деп жазады [60]. Автордың айтайын деп отырған ойы түсінікті. Әдебиеттің ұран, үгіт-насихатқа салынып өмір шындығын «қисайта» суреттеп отырғандығын әдеби-теориялық ой-пікірдегі көркемдік әдіс ұғымымен сабақтастыра көрсетіп отыр.

Қошкенің мақаласындағы ой «Тікен» деген жасырын атпен жазған автордың «Әдебиет мәселесі туралы» атты мақаласында өз жалғасын тапқан. Пролетариат әдебиетін құрып жатырмыз деп жүрген төңкерісшілдердің шығармаларының көркемдік деңгейінің өте төмен екені айта келіп: «Октябрь төңкерісіне орта жолдан қосылған жазушыларымыз шу дегенде балға, төс, фабрика, завод, автомобиль, аэропланнан бастап, жалпы бұқараның тұрмысынан алыс болса да (астын сызған біз. – Ж. С.), интернационализм бағытымен әдебиетке бір тарау жол салды. Міне, бұл – төңкерістің олжасы. Бұл жолдағылардың бағыты болмаса, өлеңдерінде, қара сөздерінде суретшілік кем. Көбі айқай, еліктеу, әдеби ұрлық», – деп жазуында шындық жатыр. Әдебиеттің халық өмірінен, заман шындығынан алыстауының түбі көркемдік дамуды дағдарысқа ұшырататынын нақты дәлелдейді де: «Тоғыз қабат тас үйді, қаңғыр-күңгір заводты, әуені

шарықтаған аэропланды жырлағанша, қазақтың қара лашық үйін, жер ошағын, майсыз арбасын, бақырауық түйесін жырлаған жақсы» деген талап қояды [61]. Бір жақты айтылғанымен автордың әдебиеттің халық өмірі мен мүддесін жырлауы қажеттігін теориядағы халықтық ұғымына сай түсіндіруге ұмтылғаны мақаладан анық сезіледі.

Қошке мен «Тікенді» толғандырған ұлт әдебиетінің ұран мен үгітке ауысқан көркемдік деңгейі Ж. Аймауытовты да бей-жай қалдырмады. Өзінің «Көркем әдебиетті саралау» атты мақаласын жазып, төңкерісшілдердің пролетариат әдебиетін жасаймыз деген даурықпасын сынап, оларға әдеби-теориялық тұрғыда баға береді. Ұлт әдебиетінің келешектегі дамуы үшін жаны қиналған Жүсіпбек: «Төңкерістен кейін қазақ өлеңшілері, жазушылары көркем сөздің не екенін білмегендіктен, әйтпесе өнері жетпегендіктен не болса соны баспаға түсіріп, көркем әдебиеттің құнын түсіріп барады. Төңкерістің алғашқы екпінде айғай сөз, үгіт жарастықты еді. Сән болып еді. Төңкеріс сабасына түскен заманда алғашқы айғаймен жүре беру келіспейтін кінәратты нәрсе. Дәмсіз, кенеусіз сөзбен қандай әдебиет болса да туғыза алмаймыз», – деп жазады. Автордың «көркем сөздің не екенін білмегендік пен өнері жетпегендікі» атап көрсетуінде мән бар. Шынын-

да да, төңкерісшілдердің әдеби-теориялық білімі мен ақындық таланттылықтың кемдігі, «бесікте жатқанда да тап деп жатқанын» жырлаған тап деген тар тақырыптың аясынан шыға алмай қалуына басты себептердің бірі болғаны белгілі. Бұл келтірілген мысалдар 1920 жылдардағы әдеби-теориялық ой-пікірдің қазақ поэзиясының сол кездегі көркемдік деңгейі мен келешегін арнайы проблема етіп көтере отырып, оны әдебиеттің халық өмірі мен сабақтастығы, тақырып және идея, сөз өнерінің эстетикалық мұраты секілді теориялық ұғымдармен тығыз байланыстылықта қарастырғанына куә боламыз.

Сөз бостандығы болып, не айтамын десе соны емін-еркін баспасөз бетіне шығаруға еріктілік берілген осы 1920 жылдарда қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттануында «бұқарашылдық әдебиет» деген жаңа термин қалыптасты. Орыс әдебиеттануында бұл термин болған жоқ және оны «Леф», «Кузница», ОПОЯЗ т.б. салыстырмау керек. Теориялық тұрғыдан келсек, бұл өте кең ұғым және кеңестік идеологияға мойынұсына қоймаған, ғасырларға созылған тарихы бар ұлттық әдебиеттің халықтан ажырамаған дәстүрлі жолының күшпен тұншықтырылған жалғасы. Егер кейінгі ұрпақ 1920 жылдардағы әдебиетті іштей жіктеп жататын болса, «бұқарашылдық бағыттағы әдебиет»

және «пролетариат әдебиеті» деп бөлетіні анық. Бұл терминдік атауды берген төңкерісшілдер де емес, олардың берген бағасы – В. И. Лениннің «әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны» туралы қате қағидасынан туындаған – «ұлтшыл-байшылдық әдебиет». Олар алғашқыда ақын-жазушыларды «еңбекшілдер, кеңес үкіметіне қарсылар, шөре-шөреде жүргендер» деп үшке бөлсе, кейін идеология ықпалында «төңкерісшіл-тапшылдар, ұлтшылдар және жол-бикелер» болып аталып кетті. «Бұқарашылдар» деген атауды алғаш кім қолданғанын анықтау мүмкін емес. «Ұлтшыл» атанғандар мен «жол-бикелер» өздерін бұқарашыл ақын-жазушыларымыз деп санаған. Бұл атау 1920 жылдардың орта шенінде болған көркем әдебиет туралы айтыста теориялық мәнге ие болып, сын мен әдеби-теориялық ой-пікірде берік орын тапты. Біздің ойымызша, бұл атаудың пайда болуы «Алқа» ұйымын құру идеясына тығыз байланысты.

Д. Қамзабекұлы ҰХҚ-індегі тергеуде Ж. Сәрсенбіұлының берген жауабынан: «...1924 жылдың аяғында Ә. Бөкейханұлы, М. Жұмабайұлы, мен үшеуіміз мұғалімдер съезіне келген А. Байтұрсынұлы орналасқан жатақханаға барып, ол кісіні жазылып, даярланып қойған «Алқа» ұйымының бағдарламасымен таныс-

тырдық», – деген сөзін келтіре отырып, «Алқа» ҚазАПП-тан бір жыл бұрын және бірнеше кісінің қатысуымен жасалған бағдарлама болды деген тұжырым жасайды. Қазақ халқын тапқа бөлмегені сияқты «Алқа» бағдарламасын жасаушылар әдебиетті де түрге бөлмей тұтас қараған. Негізгі мақсат – пролетариат әдебиетін жасаймыз деп даурығып, әдебиетті үгіт-насихат құралына, тапшылдық саясаттың қол жаулығына айналдырғандарға қарсы тұрып, қазақ қаламгерлерінің басын біріктіру. Яғни, «жастарға жөн сілтейтін, адасқандарды жолға салатын, қисыққа тез болатын» бағдарлама жасаудағы негізгі ой ұлт әдебиетіне қорған болу екені сезіледі. Оны бағдарламаны жасаушылардың «Табалдырық» деп аталатын алғы сөзіндегі: «Бұл құрғанымыз – сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – абылайша. Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуірінде абылайша керек. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, абылайша қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл – келешек», – деген пікірі дәлел. ҚазАПП құрылмай тұрып-ақ «байшыл-ұлтшыл» деп бөліп тастаған көзқарастың әсерінен жазылған мақалалардағы негізгі пиғылды сезген және ұлт әдебиетінің келешегі үшін жаны ауырған арыстарымыз «Алқа» ұйымын құру арқылы



тосқауыл қоюды жоспарлаған болуы керек. Ол үшін қазақ қаламгерлерін бір бағытта жұмыс жасауға жұмылдыруды басты мақсат санаған. «Ұлт әдебиетінің өткен кезеңдерін сөз ете келіп...қысқасы, қазақтың күні кешегісі, бұл күнгісі – бәрі де айтарлықтай суретке түскен. Осылар түспей өз әдебиетіміз бола алмақ емес. Сондықтан жас әдебиетіміздің осы күнгі мойнындағы жауапты міндеті – қай жаққа болса да бір езу болмау. Бұл бір бағытты болмау деген сөз емес. Бағыттың аты – бағыт, бір езудің аты бір езу», – деп жазады. Осындағы бір бағытты болу деген ой бағдарламада бұқарашылдық ұғымына сай көрініс тапқан. Бұқарашылдық әдебиет деген түсініктеменің «Алқаға» байланысты туды деп отырғанымыз сондықтан. Өйткені, «саяси ұйым» ретінде ресми сыналып, басты идеясы тапшылдық көзқараста бұрмалана түсіндірілгенімен «Алқа», оны жасаушылар бірден қудаланбады. ҚазАПП-қа оппозиция ретінде өмір сүріп, ақын-жазушылар арасына кеңінен тарайды. Бұқарашылдық әдебиет атауы әдеби сын мен теориялық ой-пікірде кеңінен қолдануы сол себептен де еді. Қайта оралған арыстарымызды «ұлтшыл-байшыл», «ұлтшыл-алашордашыл» атанғандар деуден көрі «алашшылдар» деп атауға ұсыныс та бар. Біздің ойымызша, оларды «бұқарашылдар» деп атаған дұрыс секілді. Сонда олар 1920 жыл-

дағы әдебиетте бұқарашылдық бағыттың өкілдері болып табылады да, төңкерісшілдік бағыттағыларға қарсы тарихи тұлғасы ашыла түседі. Сөз орайы келгенде айта кететін бір мәселе – ұйымның «Алқа» аталу сыры. «Алқа» бағдарламасын жасаушылар бұл атауды әшекейлік бұйым мағынасында алмаған. Ресейде құрылған әр түрлі әдеби топтар мен ұйымдар өз атауларын белгілі бір бағыт пен мақсатқа орайластыра атаған. Мысалы «Левф» (Левый фронт), «ОПОЯЗ» (общество изучения поэтического языка), «Перевал», «Кузница», «На литературном посту», «Серрапионовы братья», ВАПП, РАПП және т.б. Осылар секілді «Алқа» ұйымын құрушылар да бұқарашылдық бағытқа орай оның атын жайдан-жай қоя салуы мүмкін емес. Біздің ойымызша, «Алқа» – «Алашшыл қазақ ақындары» ма, әлде «Алаш қаламгері» ме, болмаса «Алаш қазақтарының адабияты» (ол кезде әдебиет осылайша аталған) ма, әйтеуір осы тақылеттес мағынаны білдіретін сөздердің қысқартыла алынған атауы болуы керек. Әрине, архив ақтарып нақты деректермен дәлелдеу қажет. Біз ой салу үшін өз ұсынысымызды жобамен осылай болуы керек-ау деп айтып отырмыз. Негізінде, 1920 жылдарда Ресейде болған әр түрлі әдеби топтар мен ұйымдар әдеби ағым, көркемдік әдіске орай символизмге,

декаденттікке, сентиментализмге, футуризм, идеализм, революцияшыл романтизм, т.б. «измдерге» бой ұрып кетті де, көркемдік дамудың заңдылығына сай дәстүрлі жолмен жүруді ұстанғандар азайып кетті. Бұл «измдерден» қазақ әдебиеті де сау қалған жоқ. Төңкерісті қабылдамаған орыс ақын-жазушылары эмиграцияға шет елге кетті, әдебиетті көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы дәстүріне сай өркендетуді алға ұстанған бұқарашылдық бағыт қазақ әдебиетіндегідей терең мағынада көрініс таппады. Бұрынғы интеллигенция туралы лениндік саясатқа сай совет өкіметі алашорда қозғалысына қатысқандарға кешірім жасағанда, оларды елді советтендіру, жаңа қоғам құру жұмыстарына кеңінен пайдалану қажеттігін атап көрсетті. Бұл кешірім арқылы кеңестік идеология бұқарашыл әдебиет өкілдерінен сол ұлт әдебиетіне басшылық ететін М. Горький жасап шығару мақсатын көздеді. М. Горькийді пролетариат жағына шығару үшін В. И. Лениннің қаншама тер төккені белгілі. Бірақ Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов бастаған бұқарашылдар «Маркс солай айтты екен деп өз пікірін өзгерткен жоқ». Оны «Алқа» бағдарламасын жасап шығарулары арқылы тағы да дәлелдеді. Сол себептен де кеңестік идеология мен саясат пролетариат әдебиетін жасауға ұмтылған төңкерісшіл-тапшылдарды қарсы

қоя отырып, жаңа қоғам жасау жолында қаталдықпен құрбандыққа шалып жіберді. 30-жылдардың бас кезінен бастап әдеби сын мен әдеби-теориялық ой-пікірде бұқарашылдық бағыт туралы сөз мүлде тоқталды, олар туралы сөз болса «ұлтшыл-буржуазияшылдығын» әшкерлеуге көшті және партия оны қырағы қадағалап, кейде арнайы тапсырмалар беріп жаздыртып отырды.

1920 жылдары сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікірдің көбірек және қым-қиғаш сөз еткен проблемасы көркемдік әдіс пен әдеби ағым болды. Төңкеріске дейінгі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде бұл мәселе туралы ешбір ізденіс байқалмаған болса, бұл жолдағы алғашқы қадамды жасап, көркемдік әдістің қазақ әдебиетіндегі белгілерін іздеген М. Әуезов еді. Өзінің 1922-23 жылдары «Шолпан» журналына жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан, оның ішінде көркемдік әдістер жағынан тексеруге жаңа бастама жасады. Автор «тарихи-әдеби сын» деп анықтама қойған бұл еңбектің әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлудегі маңызын жұмыстың әдеби-тарихи ой-пікір туралы айтқан жерінде қарастырғанбыз. Міне, осы әдебиет тарихын, оның дәуірлерін шолу барысында М. Әуезов жазба әдебиет туралы то-

лық таныстыра келіп көркемдік әдіс жайына ауысады. «Абай өлеңіндегі беттеген бағыт, құлаққа естілген сарын ненің сарыны екені байқалады. Ол – ашық тілек, айқын ұғымның (здоровый реализмнің) сарыны. Абайдан басталған сол реализм сарыны қазақ әдебиетінде осы күнге шейін жол болып келе жатыр. Рас, бұл жолда кейде күшейіп, кейде жалпақ жарысқа ұқсап бытыраңқылық күшейіп жүрген мезгілдер бар, бірақ негізгі сарынға келгенде қазақ өміріне тез боламын деген әдісіне, айналасына келгенде қазақ әдебиеті Абай салған жолдан көп ұзап өзгеріп кете қойған жоқ» деген алғашқы ғылыми тұжырымның аулы шындықтан алыс емес [35, 231]. Ұлтшылдықтың салқынынан қорыққан соқырлықпен мақаланы ғылыми айналысқа қоспай келгенімізбен, бұл пікірдің кейінде ғылыми тереңдетіле дәлелденгені белгілі. Жалпы қазіргі таңдағы қазақ әдебиеттануында ұлттық әдебиетіміздегі романтизм, реализм, сыншыл реализмнің көркемдік әдіс ретінде көрініс табуы мен әдеби ағымдар платформасының қалыптасуы кең масштабта қарастырылған жоқ. Әдебиет теориясына арналған монографиялардағы анықтамалық сипаттамалар мен жеке ақын-жазушылар шығармашылығын қарастырған еңбектердегі ой-пікірмен қанағаттанып жүрміз. Сол себептен де 1920 жылдар әдебиетіндегі көркемдік

әдіс мәселесі даулы күйде қалып, 1930 жылдардан басталған социалистік реализмге бір-ақ секіріп келдік. Сыншыл реализм айқын танылып тұрған М. Әуезовтің әңгімелерін оған қимай, социалистік реализмге жатқыза алмай қиналып келгенде, «Ақбілек» пен «Қартқожаны» қай әдіске апарып таңарымызды кім білсін ?!

М. Әуезов мақалада XX ғасыр әдебиетінде екі сарын (яғни көркемдік әдіс – Ж. С.) болды деп табады. Бірі – қайғы-зар, яғни зар заман сарыны, екіншісі – реализм. Зар заман сарынын көркемдік әдіс деп алғанына келіспеген күннің өзінде, Абайдан басталған реализмнің ғасыр басындағы әдебиетте жол болып келе жатқанын дәлелдеуі әдеби-теориялық ой-пікірдің тың саладағы ізденісін байқатады. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік әдіс проблемасы туралы көзқарасын М. Әуезов: «Жазба әдебиеттің Абайдан бергі ұзақ дәуірін алғанда жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік (романтизм) дәуірі, бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі, осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді», – деп жазады да, Мағжан өлеңдерін мысалға келтіреді. Мақаланың әдеби-теориялық ой-пікірге қосқан

жаңалығы – қазақ әдебиетінің көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде қандай деңгейде тұрғандығын ашып беруге ұмтылыс жасауында. «Қазақ әдебиетінің бұл күнге дейін жүріп келген жолына қарағанда жаңа дәуір, жаңа үлгінің туатын кезі жеткендей. Жазба әдебиеттің жаңадан түбір тауып, ауданын кеңейтіп, келесі өрнекті дәуірге қарай аяқ басуы, осы белгілерден басталса керек. Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны бекіп қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық – романтизм дәуірі болады. Бұл арада біздің әдебиеттің өткен күні туралы айтылатын сөз: Абайдан бергі дәуірді орыстың реализм дәуіріндегі толық реализм дәуірі деп айтпаймыз. Ол уақыт қазақ әдебиетінің аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан кезі болғандықтан, толық реализм шартын көрсеткен жоқ. Бұл мақалада ол дәуірде реализм болды деген сөз болса, ол өзге күйдің ішіндегі күштірек болған сарын сол деп айтылғаны» деген пікірдің тұжырымдала берілуінің танымдық бағыты зор еді. Сол арқылы әдеби-теориялық ой-пікірдің ұлт әдебиетінің көркемдік даму деңгейі қандай екенін анықтаудағы жаңа ізденістеріне жол ашып, әдеби әдіс тұрғысынан зерттеу нысанасына алуға тың бастама жасады.

М. Әуезов мақаласынан кейін ұлт әдебиетінің көркемдік деңгейі қандай екенін анықтау сыншылдық

және әдеби-теориялық ой-пікірде өзекті мәселеге айналып, әдеби ағымдар мен көркемдік әдіс туралы өз көзқарасын білдірушілер көбейе түсті. Мезгіл жағынан алғанда, бұл мәселеге алғаш үн қосқан Ж. Аймауытов болды. Өзінің «Талқыға» деген айдармен жазған «Әдебиет мәселесі» («Ақ жол», 1925, 1 сәуір) атты мақаласында әдебиеттің қандай дәуірде екенін әдеби ағым мен көркемдік әдісті теориялық тұрғыда зерттеу арқылы анықтау мақсатын алға қояды. Ол үшін «Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісімен) сынау керек» деп ескертіп алуы заңды. Бұл біріншіден, автордың теориялық көзқарасының «тұрпайы социологизмнің» тапшылдығы мен саясатшылдығынан аулақ екенін байқатса, екіншіден, өз үстемдігін құруға ұмтылып жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарына ыңғайлана бастағанын сездіреді.

Ж. Аймауытов төңкерістің қазақ әдебиетіне «үгітті желдеткен үндеу, екінші жағынан уайым, қайғы, торығу кіргізгенін» тілге тиек ете келіп, әзір қазақта тап ақыны жоқ деген тұжырымға келеді. Оның басты себебі, қазақ жазушылары төңкеріске жолдан қосылды деп табады да, «әдебиеттің бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты

ұлтшылдықпен суарылып қалған» деп көрсетеді. Одан әрі осы төңіректе ой өрбіте келіп, соның негізінде: «қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше санашылдықтан да (идеализм) құтыла алмайды. Нағыздық (реализм) дәуір қазірге аналардай қабыса қоймас» деген қорытындыға келеді. Автор бұл пікірін ғылыми-теориялық тұрғыдан нақты мысалдармен дәйектемеген және ол алғаш сөз етіліп отырғандықтан мүмкін де емес еді. Алайда, М. Әуезовтің жоғарыда айтылған еңбегіндегі қазақ әдебиеті көркемдік тұрғысынан келгенде қазір романтизм дәуірінде деген пікірін қолдай отырып, әдеби ағым жағынан келгенде сентиментализмде, онда идеализм де бар, ал реализмнің жолы шектеулі деген тың көзқарасы – әдеби-теориялық ой-пікірдің бұл саладағы ізденістеріне айқын дәлел. Бұл жерде алдын ала ескерте кететін бір жай бар. Мәселе айтылып өткен және алдағы уақытта қарастыратын мақалалар мен еңбектерде қазақ әдебиетінің көркемдік әдіс пен әдеби ағым тұрғысынан келгенде қандай дәуірде екені дұрыс не бұрыс айқындалуында емес. Олардың ұлт әдебиетінде көрініс табуын сын мен әдеби-теориялық ой-пікір ғылыми зерттеу нысанасына алуында. Сонымен қатар, қарастырылатын еңбектердегі аталатын әдеби ағымдар

мен әдістердің барлығы бірдей әдебиетімізде көрініс тапты деген де сөз емес. Бұл – қазақ әдебиеттану ғылымындағы теория саласында толық зерттеліп бітпеген проблема. Оның басты себебі, 20-жылдардағы ағым мен әдіс мәселесіне барсақ, бұқарашыл, яғни ұлтшыл атанған ақын-жазушыларға жолап кететін болған соң жылы жауып қойдық. Алда-жалда айта қалған жағдайда «қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизмді (әркімге еліктегіштікті), декаденттікті екпек болғандардың» (М. Әуезовтің сөзі) тарих сахнасынан аласталуы зор табыс болғанын айтумен шектелдік. Бұл саладағы зерттеу жұмыстары енді ғана қолға алынып жатыр, бір өкініштісі, жеке ақын-жазушылар шығармашылығына байланысты ғана.

Сөз етіліп отырылған негізгі мәселе туралы ойымызды жалғастырсақ, сол кезде жазған мақалаларында сыншылдық, әдеби-теориялық көзқарасы біршама жоғары дәрежеде танылған Ж. Сәрсенбин қазақ әдебиетінің қандай дәуірде тұрғанын анықтауға өз пікірін білдірмей қала алмаған. Өзінің «Әдебиет мәселесі туралы» («Ақ жол», 1925, 10 сәуір) мақаласында Жүсіпбектің қазақта тап ақыны жоқ, олар төңкеріске жолдан қосылған деген пікірін қолдай келе, төңкеріс өз ішінде болған

орыс әдебиетінің өзі неше түрлі ағымдар мен әдістерге бой алдырып отырғанына тоқталады. Автордың орыс жұмысшысы мен қазақ кедейінің мүддесі әдебиетте бірдей дәрежеде суреттелуі мүмкін емес екенін айтуы – көңіл аударарлық пікір. Соның негізінде қазақ әдебиетінің қандай дәуірде екенін анықтау мақсатында: «Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындамалық (романтизм), нағыздық (реализм), көп ізменен құралған қырық құрау деуге болады. Мұның ішінде реализмді заманға үйлесі бар десек те, қазақтың салт-санасы, тұрмысы әзірге қайшы келуі анық. Соның үшін романтизм мен сентиментализмді әдебиетте қолданбай отыруға әзірге мүмкін емес. Сентиментализм онша ұзаққа созылуы екі талай. Бірақ, қазақтың қазіргі тұрмысында романтизм көпке дейін әдебиетке кіреді. Түбінде реализм романтизмді женуі мүмкін. Оған әлі күн ілгері, түрлі жағдай керек. Сол себепті қазіргі әдебиетте көбірек романтизм қуаттырақ шығуы мүмкін» деген өз ойын ортаға салады. Автор пікірін нақтыласақ, қазақ әдебиетінде екі ағым мен екі әдіс өмір сүріп отырғанын және олар өнердің даму заңдылығына орай көрініс тапқандығын ғылыми тұрғыда негіздеуі көңіл аударарлық. Бұл автордың теориялық білімінің молдығын ғана емес, ұлттық әдеби-

теориялық ой-пікір өнімді салаларға тың ізденістер жасап жатқанынан хабар бергендей.

Осы ізденістердің барлығы бірдей оң бағытта бола бермеді. «Тікен» деген автор әдеби ағым мен көркемдік әдіс проблемасына баспасөз бетінде ерекше көңіл аударылуына күмәндана қарап: «Сентиментализм, романтизм, реализм секілді бастарындағы қиялдарын өмірге, әдебиетімізге әкеліп жапсырмақшы шығар, тексеріп көру керек» («Ақ жол», 1925, № 566) деген ойдың жетегінде өз көзқарасын білдіруге ұмтылады. Мақаладан сезілетін эстетикалық таным-біліктің шамалылығы мен тұрпайы социологизмнің солақай бағыты авторға бұл мәселе туралы ғылыми танымдық тұрғыда пікір өрбітуге мүмкіндік бермеген. Қазақта тап ақыны жоқ дегені үшін бұқарашылдарды да, тап ақыны бола алмай жүргені үшін Сәкен мен Сәбитті де «сойып» салған. Ал пікірталас өзегі болып отырған ағым, әдістерге келгенде Ж. Сәрсенбиннің пікірін қайталап беруден әріге бара алмаған. Салыстырып қарағанда ол айқын көрінеді. «Қазақ әдебиеті қазір сиырдың бүйрегіндей құранды: күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындамалық (романтизм), нағыздық (реализм) – бәрі бар. Реализм заманға қабысқанымен, күншығыс қанды қазақ табиғаты,

жалпы тұрмысы жеке реализмді көтермейді. Ал реализм мен сентиментализмнен қол үзуге болмайды», – деп жазғанынан ешқандай тың ой байқалмайды. Онымен қоса мақалада тапшылық көзқарастың айрықша даңғазалануынан туған «пролетариат әдебиетін тек жұмысшы табынан шыққандар жасайды» деген көзқарастың ықпалы анық сезіледі. Содан да болар, «Тікен» әдеби-теориялық ой-пікірдің осы саладағы соны ізденістері сипатын танытатын жаңаша ой айта алмаған. Ал «Ақжолда» жарияланған Малай Құтымның «Әдебиет туралы» (№ 570), «С. Я» деген автордың «Жастарды тәрбиелеудің құралы – әдебиет» (№ 570), «Пошанның» «Әдебиет мәселесі туралы» (№ 574) деген мақалалары соны бағыттағы елең еткізерліктей жаңа ұсыныстар жасай алмағанымен, «Тікенге» қарағанда жоғарыдағы еңбектердегі көзқарасты қолдайтындықтарын анық байқатты. Соның нәтижесінде ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде қазақ әдебиетінің ендігі даму жолы романтизм болуға тиісті деген теориялық түсінік қалыптаса бастады.

Әдеби ағым мен көркемдік әдістер арқылы қазақ әдебиетінің қандай дәуірдегі өркендеу кезеңінде екенін анықтаудың осылайша айрықша сөз болуы әдеби-теориялық ой-пікірдің жаңа қадамдар жасауына әсер етті. Ол жеке ақын-жазушылар

шығармашылығын әдеби ағымдар мен әдістердің белгілеріне сай зерттеу арқылы өнерпаздық тұлғасына баға беру жолындағы ізденістердің көріне бастауы еді. «Пошанның» «Әдебиет мәселесі туралы», Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» атты мақалалары бұл бағыттағы алғашқы еңбектер еді. Бірақ, ол әрі қарай өріс тауып өркендеп кете алмады. Оған біріншіден, төңкерісшіл-тапшыл қаламгерлер мен сыншылардың әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселесін теориялық тұрғыдан сөз студент гөрі, ұлтшылдықты әшкерелеуге көп назар аударып кетуі кері әсер етсе, екіншіден, әдебиетті жаңа дәуір идеологиясының белсенді құралы ретінде пайдалануды қатты қадағалап отырған партия, оның көркем өнер туралы саясаты араласты. Сол кездің білгір сыншысы ретінде танылған және өлкелік партия комитетінде баспасөз бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген Ә.Байдилдин қазақ баспасөзіне шолу жасай келіп: «Газет-журналдарымызда партия тілегіне, жұмыскер табы мен ел бұқарасының керегіне жарамды-жарамсыз әдебиет жұрнақтары талғаусыз басылып келеді. Кейбір газеттеріміз (мәселен «Ақжол») ұлтшылдар мен жолбикелердің ыңғайына көшіп, кей кезде жолынан жаңылды. Көркемдік, әдемілік жаулығын бүркенген зиянды әдебиет жұрнақтарын дәріптеді. Ба-

спаларымызда бүгіннен түңіліп, өткенді көксейтін, ұлтшылдықты дәріштеп, бай тілегін тілейтін байшыл ақындардың, жазушылардың шығармалары, ертегі-сертегілері тоқтаусыз басылып жатқанда, төңкерісшіл ақындардың шығармалары басылмай келеді» деген пікірді партия атынан айтуы, ұлтшылдықты әшкерелеу науқанының отына май құя түсті («Еңбекші қазақ», 24.08.1925). Осыдан кейін-ақ қазақ баспасөзі бетінде төңкерісшілдердің «ұлтшылдар ескілікті көксейді», «ұлтшылдардың шығармалары көп басылып кетті», «олар байлар табының мұрасын дәріштеу арқылы еңбекші таптың санасын улағысы келеді», «пролетариат әдебиетінде ұлтшылдарға жол жоқ» деген секілді пікірлер оңды-солды айтылып, қазақ әдебиетінің өсу жолын, көркемдік деңгейін жап-жақсы сөз ете бастаған әдеби-теориялық ой-пікірге тұсау салды, дағдарысқа ұшыратты. Қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан қарастыра бастаған сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікір осыдан кейін С. Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 14.10.1926.) мақаласынан кейін туындаған «қазақ әдебиетінің келешегі кімдікі? бұл жолда кімнен үлгі аламыз?» деген мәселе төңірегіндегі айтыс-тартысқа араласып кетті де, жақсы бастама жалғасын таппады. Көркем әдебиет туралы

айтысқа үн қосқан жиырмадан астам мақалада әдеби ағым, көркемдік әдіс, немесе тағы да басқа теориялық ұғым түсініктердің сөз болуынан гөрі, әдеби сынға тән полемикалы сауалдар төңірегіндегі пікірталас басым болды.

Ә. Байділдин өз мақалаларында кеңестік идеологияға сүйене отырып, әдеби ағым және көркемдік әдіс туралы өз көзқарасын ашық білдірді. Оның арғы жағында партияның көркем әдебиет жөніндегі саясатының негізінде туған таптық позиция мен мұңдалап тұрды. «Соңғы жылдар әдебиет туралы сөз қозғалғанда қойылған сұрауға көбінесе қазақ әдебиеті қазір романтизм дәуірінде деген жауап беріліп жүр. Олар әдебиет туралы сөйлегенде романтизмді қайырулы қаршығасындай қолына қондыра сөйлейтіндей болып жүр. ...Әдебиетіміз романтизм дәуірінде деушілердікі адасқандық. Әдебиетіміз романтизм дәуірінде емес, көшпелі дәуірде. Бұл дәуірде көбінесе нағыздық пен төңкерісшіл сарындамалық (реализм мен революцияшыл романтизм. – Ж. С.) бағыттар есеюге тиіс», – деп жазып, өзінің «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде» («Еңбекші қазақ», 06.11.1926) аталатын мақаласы арқылы әдеби-теориялық ой-пікірге бұрынғы мақалаларда кездесе қоймаған төңкерісшіл сарындамалық деген ұғымды енгізді. Оны ғылыми тұрғыда



негіздеу мақсатында: «Сентиментализм мен романтизм бағытына әуреленбей, қазақ еңбекшілерінің қазіргі керегіне жауап, келешегіне демесін болатын ашық тілек, айқын ұғыммен суреттелген нағыздық (реализм) бағытындағы және осы бағыттың жан серігі, бұрынғы, соңғы, бүгінгі өмірдің деректерінен туатын, болашақтағы тегістік тұрмысты суреттейтін төңкерісшіл сарындамалық (романтизм) бағыттағы әдебиет жұрнақтарын молайту керек.

Бұл – көптің тілегі, қазіргі заманымыздың тілегі. Сондықтан бұдан былай әдебиетімізде айтылған нағыздық пен төңкерісшіл сарындамалық бағыты көркеймек. Сыншылар ұсынып отырған ескі сарындамалық (реакционный романтизм) бағыты жасырынып жан сақтау, жатыпатарлық қылу жолына түспек («Еңбекші қазақ», 09.10.1926), – деп жаза келіп, романтизмді революцияшыл және реакцияшыл деп екіге жіктеп тастады. Әдеби-теориялық ой-пікірге қазақ әдебиетінің ендігі даму бағытындағы ұстар жолы реализм мен революцияшыл романтизм болуы керек деген қисынды орнықтырды. Бұл пікір арнасы – «1930 жылдардың бас кезінде айқын тұжырымдалған «социалистік реализм» атауы болғанымен, 190 жылдардың екінші жартысы үшін осы теориялық ой-пікірдің өзі үнемді ізденіс екенін аңғармау ағаттық

болар еді. Түркі тілдес әдебиетте алғаш айтылған осы қисын орыстың пролетарлық әдебиетінде 1928-1929 жылдары айрықша дау туғызды. Жаңа әдебиетке көркемдік әдіс іздеу қажеттігі туған кезде «динамичный реализм», «революционный реализм», «диалектический реализм» деген сияқты терминдер оңды-солды сапырылыстырғаны да тарихтан белгілі» [2, 243].

Әдеби-теориялық ой-пікірдің 1920 жылдардағы ғылыми ізденістерін саралаған уақытта оның мәнді арна іздеп жоғары биіктіктерге қол созғанын, поэзияны жеке ақын шығармалығына теориялық талдау жасай отырып тексерудің қолға алынғанын дәлелдейтін ғылыми-зерттеушілік сипаты айқын екі еңбекті айта кету орынды болмақ. Олар – М. Жұмабаевтың «Ақан сері сөздері», Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» аталатын мақалалары. Бұлар теориялық ұғымдар мен түсініктерді меңгеру жолында әр түрлі айтыс-тартысқа түсуге душар болған әдеби-теориялық ой-пікірдің жеке ақын поэзиясына ғылыми талдау жасаудағы жаңаша бастамасы болды. Екі автор да сөз етіп отырған ақынның өнерпаздық тұлғасын бағалау жолында олардың шығармалары арқылы дүниетанымдық көзқарасын зерттеуді басты мақсат тұтқан.

1923 жылы «Сана» журналында «Ақан сері» атты мақала жариялаған

М. Жұмабаев ақын өміріне байланысты деректерді молынан пайдаланып ғұмырнамасын жазып шыққан болатын. «Ақан сері сөздері» («Сана», №2, 1924) аталған бұл еңбегі соның жалғасы іспеттес сипатта шығармашылық мұрасын сөз етуге арналған. Автор Ақан сері поэзиясына тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшелігі, өлең ұйақтары мен тіл тазалығы жағынан зерттеу жолында сол кездегі басқа мақалаларға тән құрғақ баяндаудан көрі нақты мысал келтіре отырып жүйелі түрде салыстырмалық талдау жасайды. «Оқушыға Ақан туралы аз ба, көп пе қоғамдық ұғым беру үшін Ақанның сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді керек деп білгендіктен» ақын өлеңдерін тақырыптық жағынан сықақ, ғашықтық, айтыс һәм мақтау, сопылық, қазақ қайғысы туралы өлеңдер деп беске бөледі. Анықтамалық тұрғыдан дәл табыла қоймағанмен, Ақан сері жырлаған тақырыптардың негізгі сипаты дәл берілген. Әр тақырыпта жырлаудағы ақын шеберлігіне көңіл аудара келіп өлең кестесінің суреттілігін нақты дәлелдейді. «Енді Ақанның қазақ қайғысы туралы өлеңдеріне келсек, оның сері Ақан болуымен бірге, жаралы елдің шын азаматы болғандығы сол өлеңдерінде көрінеді. Дұрысы, бұл өлеңдер таза ақындық, сұлу сурет, ұйқас тергеу жағынан басқа өлеңдерінен көп төмен. Бірақ, бұл

төмендікті оның азаматтығы жауып кете аларлық. Ақан бұл өлеңдерінде елдің қайғысын көре білген. Сол қайғының себебін таба білген» деген пікір салыстырмалық талдау жасауда ғана емес, ақын поэзиясындағы дәуір шындығының суреттелуін ашуға бағытталған ұмтылысымен құнды. «Тұманды дәуірдің ұлы Ақан өмірінің жалпақ елге жат жұмбақ болуының сыры өмір сүрген дәуірінде» екенін дәлелдеуде «елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе, өзінің өмірімен суреттей білген. Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек» деген тұжырым жасауынан анық байқалады. Әдеби-теориялық тұрғыда дәл осы мақаладағыдай жан-жақты талдау жасалмағанымен, М. Жұмабаевтың «Базар жырау» («Ақ жол», 1923, № 373) атты шағын мақаласының да айтары мол.

Жеке ақын шығармашылығына әдеби-теориялық талдау жасаудың классикалық үлгісін көрсетіп берген Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» мақаласы болды. М. Жұмабаев ақталғаннан бері бұл еңбек туралы бірталай пікір айтылды. Олардың көбісі бұны сын мақала дегенге ден қояды. Негізінен дұрыс айтылғандықтан оған біз де келісеміз. Алайда біздің қарастырып отырғанымыз ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу жолы болғандықтан, мақаланы осы

тұрғысынан ғана сөз етеміз. Ғалым Д. Ысқақов «Сын шын болсын» еңбегінде мақаланы сынның ғылымилығы, тарихилығы тұрғысынан қарай келіп, ғылыми сипаты айқын көрінетін сын деп табады. Оған ғылыми сипат беріп тұрған да осы әдеби-теориялық тұрғыдан талдау жасаудың басым болуы деп ойлаймыз. Сыншылдық және әдеби-тарихи ой-пікірде біршама сөз болған Абайдың өзін «байшыл-феодал ақын» деп әдеби-теориялық тұрғыдан зерттеу түгіл мойындаудың өзі қиынға түсіп жатқан бұл кезеңде, сыни және зерттеушілік мақсатта алғаш рет жан-жақты тексеру нысанасына түскен Мағжан болды. Бұл мақала Ж. Аймауытовтың жоғарыда әдеби ағым мен көркемдік әдіс туралы айту барысында сөз етілген мақалаларында байқалған әдеби-теориялық білімнің молдығын тағы бір танытса, екіншіден, «Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну, ақын жанының қалтарыс-бүкпелерін қалай ұғыну керектігін көрсеткен, жалғыз мағжантануда емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында асқар бел болып келе жатыр».

Төңкерісшіл, тапшылдар тарапынан «әдеби сотта» қаралып, «ескішіл», «керітартпа ұлтшыл» деген баға алып жатқан шақта басқалар секілді Мағжанға жай арашашы болудан

көрі, әдеби-теориялық ой-пікірге сүйенген ғылыми мақала арқылы қорған болуды мақсат тұтқаны байқалады. Ол үшін ең біріншіден, Мағжан шығармашылығын өмір сүрген заманның тарихи шындығы тұрғысынан қарастырып, қоғамдық-әлеуметтік ортасымен байланыстыра отырып талдауды басты назарға ұстаған. Мақаланың «Маркс не дейді?» деп аталатын бөлімінде ақын және әлеуметтік орта мәселесін ғылыми негіздеп алуы да сондықтан болуы керек. «Бір жағынан үй іші – әкеге, әлеумет – ру басына бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген қазақ ішінде туып өскен болса; екінші – татар медресесінде оқып, түркішілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе; үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса; төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл болып жатқанын сезіп білсе; бесінші – Батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек. Олай болып шықпауы мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай» деген пікірінің негізінде ақын шығармашылығына әсер еткен тарихи, әлеуметтік, саяси

жағдайлар мен рухани органның мәнін ашуды көздеген [62,406]. Сол арқылы Мағжан поэзиясының ұлттық, халықтық сипаттарын ғылыми саралап берді. Бұған дейін әдеби-теориялық ой-пікір бұл ұғымдарды тек сөз арасында ғана айтып қалып, жеке ақын шығармашылығына орай ғылыми терең қарастыруға дендеп бара алмай жүрген болатын. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу, кемелденуі жолында мақала қосқан ең басты жаңалық та осы болды. Мағжанның «кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны, ұлтты жалпағынан алып қарайтын», халықшыл ақын екенін дәлелдеу – мақаланың бүкіл желісінің өзегі болуы да сондықтан болар.

Мақаланың әдеби-теориялық ой-пікірге қосқан тағы бір ерекше жаңалығы – Мағжан поэзиясындағы әдеби ағым және көркемдік әдістерді анықтау мақсатында теориялық талдау жасауы. Қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейі қандай дәуірде деген проблема баспасөзде жан-жақты сөз болғанда тың пікірлер білдірген Ж. Аймауытов бұл мәселені де нақты сөз етеді. «Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (сентиментализм), романтизм болды. Сентиментализм әсіресе, әйел

теңдігіне арнап жазған өлеңдерінде ұшырасады», – дей келіп, осылардың әрқайсысына нақты мысал келтіре отырып дәлелдейді. Сын мен әдебиеттану ғылыми тарихында әдеби ағым мен әдіс тұрғысынан да алғаш теориялық талдауға түскен де Мағжан поэзиясы болғанын атап айту керек. Бұл бағыттағы әдеби-теориялық талдаулары авторға: «Мағжан – терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың, ақыны, ол – кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішінде бай, кедейдің арасында қиянатты, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алып қарайды. Ол түрікшіл, санашыл, уайымшыл, өзімшіл ақын, бұл жағынан қарасақ, ол – ескі пікірлі ақын.

Жаксы жағын алсақ, ол сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түрікшіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылдыққа, жауынгершілікке қарсы күншығысшыл екен» деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл пікірдегі «ескі пікірлі ақын» дегенді теориялық тұрғыдан түсіну керек. Санашыл деп отырғаны идеализм болса, уайымшылы – сентиментализм. Сондықтан ол төңкерісшілдер таңған «ескішіл керітартпа, байшыл-феодалшыл» деген түсінікті білдірмейді. Автор Мағжан шығармашылығына маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан қарап отырғандықтан да санашылдық (идеализм) пен күйректік (сентиментализм)

ағымдарының белгілері енді жаңа дәуірдегі көркемдік дамуда кеңестік идеологиямен тіл табысып өркендей алмайтынын көрсетіп отыр деп ұғу керек.

Ж. Аймауытов мақаласында Мағжан өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін, тілін, түрін, стилін талдай отырып, біртуар ұлы ақынның қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығына, әсіресе, өлең техникасын жетілдіруге сіңірген еңбегін баса айтады. «Жаңа өлшеулер шығарды», «тіл ұстартты» дегенде ақынның суреткерлігін ашу мақсатында мынадай пікір білдіреді. «...ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан. Мағжан тыңнан 8-9 жаңа өлшеу туғызды, бәрін бірдей санаудың қажеті жоқ. «Сап-сары боп», «Біраз Фетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле», «Күншығыс» тағы басқа өлеңдер Абай өлшеуінде жоқ.

Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты», – деп жазады. Мақаладағы әдебиеттің тарихи-көркемдік дамуының өзіндік заң-

дылықтарына, көркем шығарманы идеялық, жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне орай зерттеудің айқын көрініс табуынан, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі әдеби-теориялық ой-пікірдің кемелдене, нақтылана, ғылыми-зерттеушілік сипаты тереңделе түскеніне куә боламыз.

1920 жылдардағы мақалаларды сөз еткенде әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденістері мен іркілістерін осыншама саралағанда, бұл кезеңде әдеби-теориялық білімдер системасының жоғары болғанын, күрделі теориялық мәселелерге қалам тарта алғанын көрсету арқылы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің тақыр жерде пайда болмағанын байқату еді. 20-жылдардың бас кезінен бастап-ақ қазақ әдебиетінің әр салаларына батыл араласып пікір айта бастаған сыншылдық және әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік сипаттағы мақалалар жеке бір ақын-жазушыны, не болмаса белгілі бір көркем шығарманы сөз ету барысында әдеби-теориялық ой-пікірді жетілдіре түскені байқалады. Ұлттың әдебиет тарихын зерттеп тануға деген әдеби-тарихи ой-пікірдің құлшынысы, қалыптасу кезеңіне қадам басқан әдебиет сыны күрес үстінде сапалық та, сандық та жағынан көркейе бастаған қазақ әдебиеті әдебиеттің теориялық мәселелерін ғылыми сөз етуді күн тәртібіне шұғыл қойды. Бұл

салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек – А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) атты оқу құралы болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді. Сонымен қатар, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбай келді. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені енді ғана айтылып, нақты бағасы беріліп жатыр. Ғалым Р. Нұрғалиев: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе, тілші Р. Сыздықова: «Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі – әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы: ...Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», – деп жазады. Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен

дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда. «Әдебиет танытқыш» – жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жанқиярлық еңбегінің жемісі.

«Әдебиет танытқышты» сол кездегі және кейінгі жылдардағы әдебиет теориясы саласында жазылған еңбектермен салыстырып, әр теориялық ұғым-түсінікті автор қалай түсіндіргені мен әрбір терминнің қазақша баламасын көрсетіп жату өте көп орын алады және еңбектің ғылыми маңызын ашу үшін ол аса қажет те емес. Сондықтан біз А. Байтұрсынов жасаған теориялық жүйенің кестесі бойынша қарау керек. Әдебиет теориясынан хабары бар адамға бұл кестеден Ахаң жазған теориялық ғылыми жүйедегі ұлттық терминология мен зерттеушілік сипатты түсіну аса қиынға соқпайды.

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша осы кестедегідей терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Сондықтан да «жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің әліпбиі» бола алған «А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды» [2, 275].

«Әдебиет танытқышты», жалпы А. Байтұрсыновтың ғылыми мұрасын, оқып-үйрену, игеру және пайдалану үшін, ең алдымен, бұл еңбектегі

әр атау, ұғым-түсінік, термин және категориялық мән-мағынаны, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. Академик З. Қабдолов: «Ахаң қалыптастырған әдеби теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, сөйтіп барып талдау керек», – дей келіп, бүгінгі теориялық деңгейден табыла қоймайтын кейбір атауларды оп-оңай формализмге, абстракционизмге, болмаса канон жасап қисық қисынға, қасаң қағидаға айналдырып алмау керектігін атап көрсетеді [63, 8]. Алайда «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай үш түрлі арнауды әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеу жасауға мәжбүр болдық», – деп З. Қабдолов айтқандай, кейінгі жазылған еңбектерде қолданылған теориялық терминдердің баламаларын былай қойғанның өзінде, алдағы уақытта ғылыми айналымға енгізуге сұранып тұрғандары да баршылық. Мысалы үшін, көсемсөздің қазіргі ғылыми термин ретінде қолданылып кеткеніндей, «нақыл сөз», «қанатты сөз» деп жүрген афоризмді ділмар сөз, эссені заман хат деп А. Байтұрсынов берген атаулармен атасақ,

ұтылмаймыз. Немесе «Шешен сөз» дегендегі оның саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білгір шешен сөз, уағыз шешен сөз деген түрлерінің атауларын орнын дәл тауып пайдалансақ, ұлттық таным-біліктен алыс жатқан жоқ. Шешен сөз очерк жанрының баламасына жақын келсе, ішкі түрлерге бөлуде де сәйкестік байқалады.

А. Байтұрсынов қара сөз бен дарынды сөз жүйесін сөз ету барысында, әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойыртпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесінде айналдырады» деген пікір білдіреді. Біздің ойымызша, автор фольклор туралы ой-толғағанда оны жанрлық тұрғыдан классификация жасаудың алғашқы жобасын жасап, ғылыми анықтамасын жазып шықты. М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» 1927 жылы, Х. Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» 1928 жылы шыққаны белгілі. Ендеше осы екі еңбектегі қазақ фольклорының жүйеленуіне негіз болған да осы «Әдебиет танытқыш» екені даусыз.

Ал әдебиет тарихына келгенде, А. Байтұрсынов оны дәуірге бөлуде өзіндік көзқараспен қарайды. Жазба әдебиетті діндар дәуір және ділмар дәуір деп бөлгенімен, кейін оны сындар дәуір деп тармақтайды да, ол ұлы Абайдан басталады деп көрсетеді. 1920 жылдардың бас кезінде жазба әдебиетті Абайға дейін және кейін деп бөлген көзқарас болғанын айтқанбыз. Р. Мәрсеков «Қазақ әдебиеті жайынан» («Қазақ», 1914, №112) мақаласында «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» деп атаған дәуірді, М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің дәуірі» («Шолпан», 1923, №5) мақаласында «көшпелі дәуір әдебиеті» атаған кезеңді (Абайға дейінгі) сөз еткенде діни сарын мен шығыстың сюжеттік желілерді жырлау басым болғанын атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар, А. Байтұрсынов бұл кезеңді «діндар дәуір» деп атап, оған қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, термені жатқызады. Бәрін дұрыс демеген күннің өзінде қисса мен хикаятты фольклорлық жанрға бірде енгізіп, бірде енгізбей келгеніміз, әдебиет теориясынан орын бермегеніміз рас қой.

Негізінен А. Байтұрсыновтың «Жазба әдебиеттің өзі екіге бөлінеді: діндар дәуір, ділмәр дәуір. Діндар діншіл деген мағынада, ділмар – тілшең деген мағынадағы сөздер.



Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған», – деген пікірі нақты емес [64, 435]. Жоғарыда айтқанымыздай, діндар дәуір деп қай кезеңді айтып отырғаны белгілі болғанмен, ділмар дәуір деп атағаны қай кезең екенін нақтыламаған және анықтама да бермеген. «Орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» деуіне қарағанда, 1910 жылдардан бергі әдебиетті айтып отырған секілді көрінеді. Оны анықтауды мақсат тұтпай әдебиеттің тегі мен түрін сөз етуге орай сындар дәуірін әліптеп кетеді. Оны түсіндіргенде, орыс әдебиетін қоспай «Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастады. Қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады», – деп тағы да ескертеді. Бұл біздің 1910 жылдан бергі әдебиетті айтып отыр ма деген пікіріміздің негізсіз екенін дәлелдейді. Олай болса, А. Байтұрсынов жазба әдебиетті хронологиялық жолмен дәуірлеп отырмаған болып шығады.

Анықтап қарасак, А. Байтұрсынов дәуірге бөлу негізіне көркемдік әдісті алып отыр. Енбекте әдеби ағым мен көркемдік әдіс туралы әдеби-теориялық пайымдаулардың жоқтығы белгілі. Ендеше бұл үш дәуірді көркемдік әдіске орай талдап көрелік. Орыстың атақты теорик әдебиетшісі Г. Н. Пospelов романтизмді әдеби дамудың сатысы ретінде қарастыру барысында, әуелде ол діни-моральдық (религиозно-моралистический) сипатта көрінгенін айтады. «В результате социально-политической революции, происшедшей во Франции... все передовые европейские литературы приняли в основном романтический характер. Ранние английские романтики, поэты Бордсворт и Колридж, выступившие еще в 1970-х годах и образовавшие «озерную школу» искали свои идеалы в историческом прошлом. По специальной проблематике они были продолжителями сентименталистов, а романтический пафос вытекал из их реалистично-моралистических стремлений, иногда доходящих до мистицизма и таящих в себе примирение с действительностью. Это был религиозно-моралистический английский романтизм. А гражданский романтизм Байрона и Шелли был самым прогрессивным течением в английской литературе начала века», – деп жазады [65, 263]. Оны дәлелдеу үшін әр елдің әдебиетіндегі діни-моральдық және

азаматтық романтизмнің пайда болуын атап-атап көрсетеді. Мысалы, «В 1820-х годах Лимартин своей лирикой создал религиозно-моралистическое течение французского романтизма... Крупнейшим представителем гражданского романтизма в Франции был Виктор Гюго», «В Германии сначала возник религиозно-моралистический романтизм представленный творчеством Новалиса и Гофмана. Гражданский романтизм в Германии не обладал ни отчетливостью идеалов, ни сильными талантами», – деп нақтыласа, орыс әдебиетіне келгенде «Сначала в России развивался религиозно-моралистический романтизм, особенно ярко представленный творчеством Жуковского», – деп жазады. Бұларды М. Горький: «Керек десе француз әдебиетінде лаулап өскен романтизмнің жалпы бағыты бірдей емес, бір жағы мистикаға ұрынған нағыз реакцияшыл болса, екінші жағы, өсіп әдебиет әлемінде ірі өзгеріс жасаған романтизм», – деп екіге жіктеп тастағаннан кейін, кеңестік дәуірдегі әдебиеттану ғылымында «революцияшыл романтизм», «реакцияшыл романтизм» деген атаулар пайда болды [66]. Оны Ә. Байдилдин мақаласына байланысты жоғарыда айтып өткенбіз.

Бұл тұрғыдан келгенде, «Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны – діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама

бойынша айтсақ, реакцияшыл кер-тартпа романтизм болып шығады. Ал ділмар дәуір – азаматтық романтизм, яғни қазірше атасак, революцияшыл романтизм. Сындар дәуір – сыншыл реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: А. Байтұрсынов әдебиет тарихын тарихи кезеңдерге бөліп отырған жоқ, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар, әнші ақындар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды. Әрине, ғылыми дәлелдеу қажет. Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін қалады дегенде оның аспаннан түспегенін, әдеби дамудың тарихи сабақтастығы бойынша қалыптасқанын ғылыми негіздеу қажет-ақ. Осы сыншыл реализм туралы сонау 1920 жылдары А. Байтұрсыновтың сындар дәуір деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуірге деген ойлардың бәрі де профессионалдык әдебиеттің көркемдік әдісіне, алған бағытына құйылатын таным-білік екені даусыз. Рас, «Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Себебі,

әдеби-теориялық ой-пікір оларды сөз етуді енді ғана қолға ала бастаған еді. Сонымен қатар, әдебиет туралы ғылымның тууы – әдебиет тарихынан не теориясынан белгілі бір терең мәні бар еңбектің жазылуымен жүзеге аспақ емес. Ол – зерттеушілік ой-пікірдің қайшылықтарға толы кезеңдерінен тұратын ұзаққа созылатын процесс. Бұған қоса әр кезеңде туындаған әдеби-теориялық білімдер жиынтығы мен сыншылдық таным-білік тудыратын көркем әдебиет те қажет.

Қорыта келгенде, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы ізденістерінің нәтижесі ретінде «Әдебиет танытқыш» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туа бастағанын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. Амал не, екі-үш жылдан кейін А. Байтұрсыновтың қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, жетпіс жыл бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастадық. Әйтсе де әдебиет теориясынан кейінде жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, танымдық ізденістерде табан тірер басты қайнар көз болып қала берді. Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркі тілдес халықтар ішінде кездеспеген

құбылыс екенін мақтана айтуға тиістіміз.

1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулының алға қойған «пролетариат әдебиетінің үстемдігін орнату, ұлтшылдық буржуазияшыл элементтерді әшкерелеу» секілді міндеттері орындалып шыққан соң, 30-жылдардың бас кезінде маркстік-лениндік идеологияны басшылыққа ала отырып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет» жасауға қадам жасалды. Әдебиет осы жаңа идеологиялық талап-тілектеріне сай жанрлық тұрғыдан дами бастады. Осыған орай сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікір аздықөпті жинаған тәжірибесін пайдалана отырып өркендеуге тиіс еді. Бірақ, сыншылдық ой-пікір ҚазАПП басшылығы тарапынан болған әдебиеттегі жікшілдік мәселесімен айналысып кетті де «тұрпайы социологизмнің» солақай көзқарасының ықпалына түсіп кетті. Бұл әдеби-теориялық ой-пікірге де әсер етіп ҚазАПП теоретиктері ұсынған «Д. Бедныйша жазу керек» деген ұранға, «байлар әдебиетін басып озу керек» деген шақыруға сай, сол кездегі РАПП-тың позициясынан туындаған «жанды адамды көрсету», «Плеханов ортодоксиясы үшін», «төтен әсер» сияқты теориялық теріс қағидаларды сөз етіп кетті. С. Мұқановтың «Блокшылдықтан демьяншылдыққа» («Жа-

на әдебиет», 1931, №2), «Әдебиеттегі семеновхшылдыққа қарсы» («Қазақстан большевигі», 1931, №5), М. Қайыпназаровтың «Көркем әдебиеттің кезектегі міндеттері» («Жаңа әдебиет», 1931, №1) және тағы басқа мақалаларда орыс әдебиеттану ғылымындағы проф. В. Ф. Переверзевтің бұл идеяны жокқа шығарып, көркем образды ғана алған концепциясын талқандауға үн қосу байқалады. Д. Бедныйша жазуға үндеу арқылы көркемдік дамудың заңды жолдарына тежеу салып, әдебиетті бір ғана таптың мүддесіне сай тар шеңберде ғана болуын талап ету, ақын-жазушы таптық ортаның жемісі екенін дәлелдеу басым болды. Профессор В. Переверзевтің концепциясына қарсы дискуссияда нәтижесі де қабылданды: «Только тот критик и историк близок к марксизму, который не отходит от точки зрения Плеханова» деген тұжырымынан кейін әдеби-теориялық ой-пікір «Плеханов ортодоксиясы үшін» деген қағиданы түсіндіру мен теориялық негіздеуге көшті. С. Мұқановтың «Пролетариат көркем шығарманың әдістері туралы» («Жаңа әдебиет», 1931, №4-5) аталатын мақаласы, Ғ. Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» (1922) атты еңбегіне қарсы жазылған. Ғ. Тоғжановтың «бізде пролетариат табы жоқ, ол жоқ болған соң пролетариат әдебиеті де жоқ. Кедей-шаруа мен оқығандардан шыққандар пролетари-

ат әдебиетін жасай алмақ емес» деген секілді пікірлеріне қарсы тойтарыс беру басты мақсат ұстағандықтан, Г. В. Плехановтың эстетикалық ой-көзқарасын басшылыққа алады. Ол әсіресе, сыншы Воронскийдің «ақын-жазушылар көркем шығарманы жазарда ішкі түйсікке сүйенетіні» туралы теориясына негізделген Ғ. Тоғжановтың «ақын сезгенін сезген күйінде жазады, сезіммен жазады, ақылға жорытпайды» деген тезисінің қате екенін дәлелдеуі барысында анық байқалады. «Сезгенін ақылға төрелете, өзінің табының тілегіне үйлестіріп жазбайтын ақын жоқ» екенін дәлелдеу үшін Плехановтың идеологияға, оның ішінде көркем әдебиетке қойлатын бес түрлі заңдылығын ұсынады. Соның негізінде «Таптан тысқары ақын жоқ. Тап ақыны осы Плеханов айтқан бес заңмен байланысты. Ақынның ақындығы сыртқа шыққанда, бастапқы сезген күйінде емес, осы бес жағдайға сәйкестендіріліп қорытылып шығады» деген түйін жасайды. Маркстік эстетиканы дамыту жолында біршама үлес қосқанмен Г. Плехановтың методологиялық теорияларының бір жақтылығы, әсіресе, Толстойдың суретшілігі мен ойшылдығын бір-біріне метафизикалық тұрғыда қарама-қайсы қоюын, Е. Онегин туралы «жұмысшы адам бұл романның ішкі мазмұнын мүлде түсінбейді» деген секілді

пікірлерін, В. Г. Белинскийдің ғылыми мұрасы туралы біржақты көзқарасын маркстік-лениндік әдіснама көп ұзамай қатты сынап, «Плеханов ортодоксиясы үшін» ұраны заман талабынан шығып қалды. Алайда осы ұранға сай жазылған мақалалардағы әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденісін түбегейлі қате деп табу дұрыс емес. Заман талабына сай үстемдік құруға қолдан келгеннің бәрін жасап жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың қағида-қисындарына икемделу жолындағы ұмтылыстары болатын. Өйткені, бұқарашыл ақын-жазушылар «ұлтшыл және тап жауы» ретінде жойылғаннан кейін ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді дамытушы төңкерісшілер ғана болды да, алға ұстар жалғыз-ақ бағыт қалды. Ол маркстік-лениндік әдіснама еді. Мәдениет пен өнер әдебиет пен ғылым партиялық басшылықтың, кеңестік идеология мен тап саясатының құрсауына түскен кезде басқа барар жол да қалмағанды және ол төңкерісшілердің тапшылдық көзқарасына сайма-сай келді. Бұл белгілі бағытта ізденістер сипатын танытқанымен, 1930 жылдардың бас кезіндегі сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікірдің тұрпайы социологизм ықпалында қалуына басты себеп болды да, қазақ әдебиетін теориялық тұрғыда зерттеудің негізгі мәселелері назардан тыс қалды. Тұрпайы социологизм ықпалындағы

солақай сыншылдыққа сол кездегі өлкелік партия комитетінің саяси басшылығының да әсері аз болмады. Негізінен тұрпайы социологизм маркстік-лениндік ілімнің туын көтеріп шыққан теория еді. Бірақ кемшілігі тапшылдықты тым дөрекілендіріп жіберді. Мысалы, тұрпайы социологизмнің 1930 жылдардың басында өріс алуына Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» атты хаты қатерлі роль атқарды. Бұл хат бойынша өлкелік партия комитеті мен марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстандағы күрес міндеттері туралы» қаулысы жарияланды. Онда «әлі де болса алашордашылардың ықпалынан шыға алмай келе жатқан қазақ әдебиеті мен сынының мәселелеріне ерекше назар аударылуы қажеттігі» атап көрсетілді. «Осы қаулыда С. Сейфуллиннің шығармашылығында ескі феодалдық рушыл қоғам дәріптеледі, Ғ. Тоғжановтың әдебиет жайлы еңбектерінде маркстік емес, Плехановтың ықпалына түсіп, сорақы қателіктер жіберілді деп атап көрсетті». Бұл қаулыға орай әдебиет майданында «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу науқаны қайта жанданып, енді олардың ықпалын төңкерісшіл ақын-жазушылардың шығармаларынан іздеу өріс алды, байшылдықтың,

ескілікті көксеудің, ақсүйектік дәуірді жырлаудың, ұлтшылдықтың белгілерін іздеу науқанға айналды. Оған КазАПП сыншылары қатты ат салысты. Әрі-беріден соң арнайы мақсаттағы іс-жоспар да жасалды. «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы № 4 санында шыққан 14 тармақтан тұратын бұл іс-жоспарда «ұлтшыл-алашордашылардан» қалған әдебиеттің зиянды бетін ашу, пролетариат ақын-жазушылардың шығармаларын тексеру ғана емес, сол жылы қай қаламгердің не жазатындығын көрсеткен міндеттемелер қабылдауын талап етті. Міне, әдеби сында әсіре тапшылдықты насихаттаған «тұрпайы социологизм» дәуірлеп тұрған, ғылыми зерттеу ісінде орыс әдебиеттану ғылымындағы В. Фричениң, П. Н. Сакулиннің еңбектерінен туындаған социологиялық және формальды-социологиялық әдіс белгілері орын алып тұрған кезде, Сталиндік түзетулерге ұшыраған маркстік-лениндік әдіснама оларға қарсы күресе отырып өз позициясын нығайтуға ұмтылды. Ол бүкіл кеңестер Одағына кіретін ұлт республикаларының әдебиеті ендігі жерде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» болатынын анықтап берді де, оның әдеби дамудағы негізгі әдісі социалистік реализм болып табылатынын шұғыл түрде күн тәртібіне қойды, кеңестік идеология оны жан-жақты және батыл насихаттай бас-

тады. Ал бұл шақта енді ғана туа бастаған қазақ әдебиеттану ғылымы түгіл, қалыптасқан тәжірибесі бар және академиялық мектеп аталған әр түрлі ғылыми бағыттағы мектептері бар орыс әдебиеттануының өзі дағдарысқа душар болған еді. Себебі, маркстік-лениндік әдіснаманың зерттеу әдістері толық айқындала қойған жоқ болатын және оған сталиндік басшылық жиі-жиі өзгерістер енгізіп бұрмалап тұрды. Сондықтан да ғылыми зерттеу жұмыстарындағы бұрынғы дәстүрден қол үзбей жаңамен байланыстыратын тың жол іздеді. Бірақ, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес өрістеп, жаңа заман талаптарына сай дамуға ұмтылған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістері ретінде байқалған формализм, фрейдизм, олардың биографиялық, компаративистік әдістерін, мәдени-тарихи мектептің өз бағыттарын жалғастыруға деген қадамдарын сталиндік басшылықтағы маркстік-лениндік әдіснама қаталдықпен талқандап отырды. Көп жағдайда оған саяси астар беріп, ұлтшылдықты, тап жауларын әшке-релеумен байланыстыру орын алды. Сондықтан да орыс әдебиеттану ғылымындағыдай қазақтың ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі 20-жылдардағы айқындала бастаған бағытынан жаңылып, жаңа әдіснама талаптарына сай амалсыздан икем-деле бастауға мәжбүр болды.

Бүкілодақтық әдебиеттану ғылымы алдында «түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет» жасауды, оның басты әдісі социалистік реализмді теориялық тұрғыдан негіздеу міндеті қойылды, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір жедел үн қосты. Оған барар жолдағы алғашқы барлау 1933 жылғы Қазақстан кеңес жазушыларының ұйымдастыру комитеті пленумында Ғ. Мүсірепов жасаған «Социалистік құрылыс дәуірі – түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық көркем әдебиеттің өркендейтін дәуірі» атты баяндамасында көрініс тапты. («Әдебиет майданы», 1933, №2). Осыдан кейін-ақ баспасөз бетінде жарияланған Н. Манашұлының «Түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық көркем әдебиет үшін большевикше күресейік» («Лениншіл жас», 1933, № 138, 139), І. Жансүгірұлының «Сапалы әдебиет жасайық» («Қазақ әдебиеті», 1934, №2), С. Толыбекұлының «Қазақстанда түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет құрудың мықты табысының бірі» («Ауыл комунисі», 1934, № 3) секілді мақалаларда «Социалистік Қазақстан» газетінің «Жазушыларымыздан заманымызға сай сапалы шығарма күтеміз» (1934, № 215) атты бас мақаласында жан-жақты сөз етіле бастады. Ғ. Мүсірепов өз баяндамасында Қазақстанның барлық майданда күшті қарқынмен, қомақты іспен өсіп келе жатқаны, капиталистік

дәуірді бастан өткізбей-ақ социализмге аттап отырғаны, аз жылдың ішінде-ақ түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық мәдениет, көрнекті көркем әдебиет жасап отырғанын дәлелдей келіп: «Мазмұны социалдық, түрі ұлттық мәдениет деп, көпшілікті интернационалдық тәрбиесімен тәрбиелеуді мақсат етіп пролетариат үстемдігін нығайтатын мәдениетті атаймыз. Біздің көркем әдебиетіміздің алдына қойылатын міндеттер осы» деген анықтама береді. Одан соң қазақ әдебиетіндегі кеңес дәуірінде даму жолына тоқталып, проза, поэзия, драматургия және әдеби сындағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралай отырып бұл міндетте, яғни мазмұны социалистік, түрі ұлттық әдебиет жасауда, тап тартысының өсіп-өркендеу жолындағы сара жол марксизм-ленинизм ілімінен оқып үйрену екенін атап көрсетеді. Баяндамада қазақ әдебиеттану ғылымында социалистік реализм әдісінің теориялық негізін ашып беру жолындағы тұңғыш қадам жасалды. Кешегі ҚазАПП дәуірінде ұсынылған ұрандардың қате болғанын сынай келіп: «Кеңес жазушыларының соңғы пленумы ең ірі мәселеге әдебиетіміздің өркендеу бағытына ашық ұран тастады: бұл социалдық нағызшылдық жолы (социалистік реализм. – Ж. С.). Социалдық нағызшылдық жол деген не? Бұған Гироницкий жол-

дас былай жауап берді: шындықты жаз. Қазіргі шындық не? Ол – Кеңестер Одағының қай майданын, қай ісін алсақ да үлкен күрестер арқасында барлық қиындықты жеңіп үстемдік алып отырған социализм. Социалдық нағызшылдық біреудің ойлап шығарған фантазиясы емес, кеңес әдебиетінің қазіргі өсу бағытындағы шындықтан өсу бағытындағы шындықтан алынып отыр» деген түсіндірме жасайды [67, 94]. Социалистік реализм жолымен жазу үшін сол дәуірдің мазмұнын түгел түсініп алып, оны шындыққа сай толық көрсету қажеттігін ашып береді де, Ф. Мүсірепов шындықты жазудың үш түрлі шартын көрсетеді. «Бірінші, алған оқиғаның әрбір бөлегіне дейін түгел шын көрсетумен қатар, оқиға тұтасынан нағыз шындық болып шықсын. Екіншісі, сурет, көркемдік қатар отырсын. Үшіншісі, әрбір геройдың мінезі, ісі, өзгеруі, қысқасы әрбір адымы өз жағдайына қарай болады. Геройың өзгерсе – жағдайының өзгергені. Тақырып етіп алған нәрсенді әрі толық, әрі көркем түрде көрсет». Міне, осыдан бастап жазған қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, бүкілодақтық әдебиеттану ғылымы жетпіс жыл бойы теориялық тұрғыда негіздеп келген және әлемдік әдеби-теориялық көзқарастан қызғыштай қорғап келген бұл әдістің қазақ әдебиетіндегі көрінісін, ұлттық әдеби-теориялық

ой-пікір көп ойланып жатпастан-ақ сөз етуге кірісті.

Негізінен бұл әдісті проф. Х. Әдібаев айтқандай, «социалистік реализмнің теориясы мен практикасын біздің еліміздегі қоғамдық сана мен қоғамдық өмірдің өзі туғызды». Жаңа дәуірдегі әдебиеттің көркемдік әдісі қандай болуы керек деген ой жазушылар мен әдебиетшілерді 1920 жылдардың бас кезінде-ақ толғандырған болатын. 1923 жылы В. Маяковский ендігі жерде негізгі әдіс «тенденциозный реализм» болуы керек дегенді ұсынған болса, 1924 жылы А. Толстой «монументальды реализмнің» буржуазиялық эстетикаға қарсы тұратындығын дәлелдеуге ұмтылды. 1929 жылы РАПП-шылдар «пролетарлық реализм» деген терминді қолданды. 1931 жылы И. Сталин жоғарғы партия мектебін бітірушілер алдында сөйлеген сөзінде «социалистік реализм» деген атауды алғаш рет қолданды да, кеңестік идеология ғылыми тұрғыда негіздеуге көшті. «Халықтар көсемі» өзі басқаратын қоғамға қандай әдебиет қажет болатынын білді. Оған тек азусыз, құс таңдай, қызыл иек әдебиет керек еді. Жазушылар қаламында қандай ұлы құдірет жатқанын сезді де, оларды әрдайым ауыздықтап ұстауға, қажет бола қалса, өз жыршысына айналдыруға күш салды». Өйткені, 1920 жылдардың соңы мен 1930



жылдардың басында Л. Троцкийдің еңбектері оқылудан, пайдаланудан шығарылып тасталғанымен, «Литература и революция» еңбегіндегі жаңа замандағы әдебиет туралы идеялары жойылып та кете қоймаған еді. Оның «творчество Демьяна Бедного есть пролетарская и народная литература, т.е. литература, жизненно необходимая пробужденному народу. Если это не «истинная» поэзия, то нечто большее ее», деген пікірі 1930 жылдардың басында «демьянша жазу» ұранының тууына негіз болды. Ал Блокқа берген: «И все же «Двенадцать» – не поэма революции. Это лебединая песня индивидуалистического искусства, которое приобщилось к революции. Конечно, Блок не наш. Но он рванулся к нам. Рванувшись, надорвался» деген бағасы блокшылдықтан бас тартуды туғызса, орыс әдебиетіндегі футуризмді сынаған ойлары «жанды адамды көрсету» қағидасының өріс алуына себепкер болды [68, 167]. Л.Троцкийдің «методы марксизма не методы искусства» деген тезисін әдеби-теориялық ой-пікірден біржола жою үшін И. Сталин, коммунистік партия көркемөнер мен әдебиет саласындағы саясатын нақтылап алу жолында шешуші бетбұрыс жасауды ұйғарды. Соның негізінде 1932 жылы 29 сәуірде «Әдебиет, көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» Орталық партия комитетінің қаулысы дүниеге келді. Іле-шала (20

мамырда) И. М. Гронский партия өкілі ретінде «социалистік реализм әдісі» деген терминдік анықтаманы жария етті. Қаулы шыққаннан бастап жазушылардың бүкілодақтық I съезіне дейінгі аралықта социалистік реализмді кеңес әдебиетінің негізгі әдісі ретінде теориялық негіздеу мен насихаттау, оның принциптерін анықтау, әдебиеттің партиялық, таптық болуы керектігі мен идеология құралы екендігін дәлелдеу науқаны басталды. Қазақстанда 1932 жылғы қаулының талаптарынан туындаған КазАПП жұмыстарын қайта құру мен қазақ кеңес жазушыларының алғашқы съезін өткізуге дайындық мәселесі барысында жазылған мақалаларда кеңінен сөз болды. Оларға басты бағытты орталық партия комитетінің 1933 жылғы «Ұлт көркем өнерін күшейту туралы» және де «Жазушылардың жалпыодақтық съезіне даярлану туралы» қаулылары нұсқау көрсетіп берді. Партиялық орган болғандықтан да «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған І. Жансүгірұлының «Съезд алдындағы сөз» (1934, №111), І. Қабылұлының «Заманымызға сай әдебиет жасайық» (1934, №135), Л. И. Мирзоянның «Қазақстанды социалды мәдениетпен қаруландырамыз» (1934, №38), Р. Уәлиахметұлының «Әдебиеттегі ұлтшылдыққа қарсы» (1934, № 42,43), т.б. мақалалардың бұл саладағы айтары аз болған

жоқ. Әдебиеттің партиялығы мен таптығы саяси тұрғыда түсіндіріліп, идеология құралы екендігі, ол жолдағы негізгі әдіс социалистік реализм болатыны кеңінен түсіндірілді, «ұлтшыл-буржуазияшылдарға» қарсы күрес те ұмыт қалған жоқ. Республикадағы басқа да баспасөзде қоштала келе, социалистік реализм мен оның принциптері Қазақ кеңес жазушыларының бірінші съезіндегі ұлт әдебиетінің бүгіні мен келешегі туралы І. Жансүгірұлының, маркстік-лениндік сын туралы І. Қабыловтың, драматургия туралы М. Әуезовтің, поэзия туралы С. Мұқанұлының баяндамаларында да сөз етер басты мәселеге айналып, келешек даму жолында бетке ұстар нысана екені біршама ашылды. Ол әсіресе съезден кейінгі жазылған мақалалардағы ой-пікірден анық байқалды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы да социалистік реализм аталған осы «өлшемді эстетиканы» меңгеру жолындағы іс-шараларға жұмыла кірісті. Соңғы кезге дейін социалистік реализмді қазақ әдебиеттану ғылымында «Қызыл ат және социалистік реализм» мақаласына байланысты алғаш рет сөз еткен М. Қаратаев деп санап келген едік. Мезгіл жағынан карағанда, соц-реализмді теориялық тұрғыда негіздеуге кіріскен бүкілодақтық науқанға алғаш үн қосқан С. Мұқанов болды. 1933 жылдың 12 қаңтарында

педогогикалық институтта «Социалды реализм және төңкерісшілдік романтизм» деген тақырыпта лекция оқыса, 11 сәуірде осы лекцияның негізіндегі «Социалды реализм туралы» мақаласы жарияланды («Социалды Қазақстан», 1933, №84). Бұл баяндама мен мақалада социалистік реализм туралы автор көзқарасы орталық басылымдардағы теориялық барлаулар ықпалында туындап жатса да, оның советтік әдебиеттің басты әдісі болатындығы мен партиялығы, таптығы принциптері ұлттық әдеби-теориялық таным-тілікте алғаш рет түсіндіріліп берілді. «Мазмұны социалистік, түрі ұлттық» әдебиет жасау жолындағы азды-көпті табыстарды саралай келе, социалистік реализмнің өмір шындығын революциялық дамуда бейнелеудегі бұзылмас заң екенін дәлелдеді. Әсіресе, сол кездегі идеология майданындағы таптық күрестің шиеленісуінің әсері мен таптық қоғамда әдебиеттің тек қана таптық болатынын айрықша көрсетіп, кейбір ақын-жазушылардағы осы принциптен ауытқуды сынады. Ал М. Қаратаев мақаласының жазылуына 30-жылдардың басындағы әдеби сында ерекше «талқыланған» С. Сейфуллин шығармаларына орай ұйымдастырылған дискуссия себеп болды. Оның ішінде: «Мен де дискуссияға араласып кеттім. «Қызыл ат және социалистік реализм» деген ұзақ

мақала жаздым. Ол «Лениншіл жас» газетінің 1933 жылғы февраль-март айларының 4-5 нөмірінде жарияланды», – деп автор атап жазғандай, «Қызыл ат» поэмасына арналған пікірталасқа байланысты жазылған болатын [69, 268].

ҚазАПП сыншыларынан, әсіресе, М. Қайыпназарұлының баяндамалары мен мақалаларындағы солақай сыншылдықтан көз аспаған Сәкен шығармашылығы «Қызыл ат» поэмасы жазылғанда да ерекше талқыға түсті. Арнайы ұйымдастырылған пікірталаста поэманың колхоз құрылысына жабылған жала екені, онда ауыл мен қаланы бір-біріне қарсы қоюшылық басым көрінетіні, қызыл ат деп отырғаны астармен айтылған кедей-шаруа екені, оның өткен күнін артық көріп, сол уақытын аңсайтыны баса айтылып, саяси айып тағуға дейін барған пікірлер оңды-солды айтылып жатты. Осындай шақта жазылған М. Қаратаевтың мақаласы И. В. Сталиннің колхоздастырудағы асыра сілтеушіліктің болғанын әшкерелеген «Табыстан бас айналғанда» атты еңбегінің жазылуымен және социалистік реализм әдісін бүкілодақтық деңгейде теориялық негізделуімен тұспа-тұс келді. Сол себептен де автор бұл әдістің негізгі нысанасы социалистік өмір шындығын жырлау екенін ашып беру арқылы «Қызыл ат» поэмасын солақай сыншылдықтан сақтап қалды. Міне,

С. Мұқановтың, М. Қаратаевтың осы мақалаларынан бастап социалистік реализмнің қазақ әдебиеттану ғылымындағы «алтын дәуірі» басталды. Әдеби сын мен әдеби-теориялық ой-пікір социалистік реализмді насихаттау, үлгі-өнеге ету науқанына белсене кірісті. Қ. Өтепұлының «Социалды реализм» (Әдебиет майданы, 1933, №2), З. Шашкиннің «Әдебиет және социалды реализм» (Социалды Қазақстан, 1933, 18 ақпан). Ғ. Тоғжанұлының «Қазақ әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктер» (Социалды Қазақстан, 1933, №195), Ә. Қоңыратбаевтың «Әдебиетіміздегі реализм туралы» (Әдебиет майданы, 1934, №5), т.б. мақалалардың жазылу соның айғағы. Оларда маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы принциптеріне тереңдеп бара қоймағанымен, осы ұғымдардың берік орын тебуіне жолбасшылық сипат танылды. М. Қаратаевтың жоғарыдағы мақаласының ізімен қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмді анықтау мен көркем шығарманың осы әдісте жазылуын қадағалау басты назарда ұсталды. «Біздің творчестволық тәжірибеде қолданатын көркем әдісіміз де, оны зерттейтін ғылыми еңбектерде қолданатын принципіміз де айдан анық. Ол – маркстік-лениндік дүниетанымға сәйкес социалистік революция дәуірінде туып

қалыптасқан, көркем әдіс ретінде әдебиет процесінде әдеби жүзеге асқан социалистік реализм принципі» екені қағидаға айнала бастады. Нәтижесінде көркем әдебиет партиялық істің бір бөлшегіне, саясат пен идеологияның сойыл соғар белсенді құралы болу қасиетіне ие бола бастады да, сын мен әдебиеттану жаңа эстетика мен теорияның қасаң қағидасының құрсауына түсті. Табиғи даму заңдылығынан айырылып, белгілі бір қалыптығы ойлау жүйесінен шыға алмайтын күйге душар болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында социалистік реализмді алғаш сөз еткен осы мақалалардың және кейін сөз болатын қазақ фольклорын, қазақ әдебиетінің тарихын, теориялық мәселелерін ғылыми қарастырған әдебиетші-ғалымдар еңбектерінің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін бағалағанда, біздің мақсатымыз бұрынғыдай не бірыңғай даттау немесе мақтау болмауы керек. Себебі, маркстік-лениндік әдіснаманы, социалистік реализмді тудырған олар емес, социалистік қоғам, олар заман талабына сай еңбек етті. Сондықтан басты нысанаға ұлттық әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолындағы ізденістеріне қосқан үлесі мен кері әсерін әділ бағалау керек. Социалистік реализм әдісімен жазылған көркем шығармалар болғанын, маркстік-лениндік

әдіснаманың әдебиеттің халықтығы, таптығы, партиялығы деген қағидаларының ғылыми-зерттеу еңбектерде орын алғанын дәуір талаптарына сай туындағанын есте ұстай отырып, тарихи шындық тұрғысынан сараламасак, бәрін жоққа шығаратын нигилизмге жол беріп аламыз. Ендігі жерде негізгі мақсат – кеңес дәуіріндегідей «ақсақты тыңдай, өтірікті шыңдай» қылмай, кемшіліктер мен жетістіктерге тарихи шындық тұрғысынан келу керек. Көркемдік дамудың тарихи сабақтастығына орай өркендеуге тиісті көркем әдебиеттің идеология құралына айналуына себепкер болған социалистік реализмнің принциптері сол әдебиет туралы ғылымды да танымдық сипаттағы дәстүрлі жолынан бұрып жіберді. Әдеби дамудың заңдылығынан тыс, ойдан шығарылған бұл әдісті кеңестік идеология мен партиялық басшылық қажетті жерінде өз мүддесіне сай өзгеріп отыруына мол мүмкіндік алды. Ол ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге де әсер етпей қалмады. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында тұрпайы социологизм теориясына ұрынудың көп болуы, тіпті «ұлтшыл-алашордашылар» атанғандар шығармашылығына байланысты бертінге дейін келуінің басты себебі де осыдан болар.

Міне, осылайша «түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет» жа-

сау мен социалистік реализмді теориялық негіздеуге мәжбүр болып, 20-жылдардағы азды-көпті тәжірибесінен бой тартып тығырыққа тірелген, дағдарысқа тап болған әдеби-теориялық ой-пікірдің азда болса таза ғылыми ізденістерінің жалғастық табуына себепкер болған игі шара – Абайдың қайтыс болуына 30 жыл толып республикалық деңгейде атап өтуді ұйымдастырудың қолға алынуы еді. Классиканың көркемдік дамудың тарихи сабақтастығында ғана емес, сол ұлт әдебиетінің тарихы мен теориясының мәселелерін тексеруде де жетекші роль атқаратыны қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш дәлелденді. Әдебиетте сында қатты өріс алып отырған «тұрпайы социологизмнің» кейбір белгілері байқалғанымен, әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікір Абай мұрасын зерттеуге, Е. Ысмайыловтың сөзімен айтқанда, «Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басы» болған кезеңге қызу кірісті. Ұлы ақын шығармашылығы ұлттық әдебиеттану ғылымында теориялық тұрғыдағы зерттеу нысанасына түсіп жан-жақты сөз бола бастады. 20-жылдары Абайды қазақ әдебиетінің көшбасшысы, жазба әдебиетінің негізін салушы екенін таныту жолында ғұмырнамалық сипаты басым зерттеушілік ізденістер жасағанымен, тұрпайы социологизм әсерінен белгілі тұжырымға келе қоймаған

ғылыми-зерттеушілік ой-пікір енді ақын шығармаларын теориялық жүйе бойынша тексеруді қолға алды. Абай туралы шыққан жиырмадан астам мақалалардың бәрін атап, тоқталып жату артық. Сондықтан тек Абай поэзиясын теориялық тұрғыдан сөз ете алған мақалалардағы көтерілген негізгі мәселелерге тоқталып өтсек те жетеді. Себебі, олар ұлы ақынның туғанына 150 жыл толуына байланысты абайтану ілімінің тарихын сөз еткен еңбектер мен қазақ әдебиеті сынын монографиялық тұрғыда қарастырған еңбектерде жан-жақты сөз болғаны белгілі. Абай шығармашылығы туралы жазылған осы кездегі мақалаларды салыстыра қарасақ, олардан зерттеушілік тұрғыдан алғанда екі түрлі бағыттағытың бастама байқалды. Олар: Абайдың өнерпаздық, ақындық тұлғасын таныту, ақын шығармаларына теориялық талдау жасау, көркемдік әдіс тұрғысынан тексеру. Бұлайша бөлуде белгілі дәрежедегі шарттылық болғанымен, Абайтануда кейіннен монументальды зерттеулерге апаратын алғашқы топшылаулар мен барлаулардың сыр-сипаты ашылатыны анық.

Ұлы ақынның өмір жолы мен ақындық тұлғасын танытуды мақсат тұтқан мақалалардың ішінде М. Әуезов «Абай ақындығының айналасы» еңбегінде ұлы ақын шығармашылығының нәр алған қайнар

көздері мен ақындық мектебі туралы зерттеушілік ой-пікір абайтануда алғаш көрсетілген болса, Қ. Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», Ә. Мәметованың «Абай – кезеңінің дана ақыны» мақалаларында үздік ақын, классик екені тұжырымдала дәлелденді. Әсіресе, Қ. Жұбанов өз мақаласында ақын шығармашылығындағы тақырып пен идея, образ, ақындық шеберлік мәселелеріне баруы әдеби-теориялық ой-пікірде үлкен жаңалық болды. Ал Ш. Әлжановтың «Абайдың педагогика туралы көзқарасы», Қ. Қуанышұлының «Абай», Ә. Лекерұлының «Абай және оның дәуірі», Ғ. Тоғжанұлының «Абайды әлі толық білгеніміз жоқ» секілді мақалалар социологиялық арқауы басым болғандықтан пікір қайшылығына ұшырай отырса да, Абайдың дүниетанымын өмір сүрген заман шындығына орай қарастыруда тың бастама салды. Абайды педагог, ағартушы-демократ деген бағалаудың алғаш айтылуы соны ізденістердің қолға алынғанын дәлелдейді. Абайды ғылыми жолмен зерттеудің басталған шағында тұрпайы социализм теориясына сай көзқарастағы мақалалар да жарияланбай қалмады. «Абай шығармашылығы туралы айтыстың» тууына байланысты Ә. Қоңыратбайұлының «Абайдың әлеуметтік беті туралы» («Қазақ әдебиеті», 1934, №30), С. Мұқан-

ұлының «Абайды тану жолындағы пікірлер» («Қазақ әдебиеті», 1934, №30), Қ. Өтепұлының «Абай шығармашылығының әлеуметтік негіздері туралы» («Социалды Қазақстан», 1934, № 267) сияқты мақалаларда Абайды ұлт ақыны деген бағаға келісе отырғанымен, үстем тап ортасынан шыққандықтан, «Либерал-буржуазияшылдығы» басым ақын болғанын дәлелдеу бағытындағы ой-пікір көрініс тапқан.

Абайдың қайтыс болғанына отыз жыл толуына орай жазылған мақалалардың бір сарасы ақын шығармашылығына әдебиет теориясының категориялары мен ұғымдары негізінде зерттеуге арналды. Бұл жеке ақын шығармашылығын теориялық тұрғыда тексеруге жана бастама салды. Сол арқылы өлеңтану мен сюжет, композиция, образ, тақырып және идея, тілдің көркемдегіш құралдары туралы қисындар әдебиет теориясының заңдылықтарына орай сөз болды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін бұның да елеулі табыс екенін атап айту ләзім. І. Жансүгіровтің «Абайдың сөз өрнегі» («Әдебиет майданы», 1934, №11-12), Е. Ысмайылов пен З. Шашкиннің «Абайдың композициясы» («Қазақ әдебиеті», 1934, №30), «Абайдың өлең өрнектері» («СКҚ», 1934, №301) атты мақалалары тек Абай шығармашылығын ғана емес, қазақ поэзиясын өлең сөздің теори-

ясына сай зерттеуге жасалған соны қадам болды. Әрине, Е. Ысмайлов пен З. Шашкиннің «Абайдың поэтикасы» («Әдебиет майданы», 1934, №11-12) мақаласы айтары мол, ғылыми-зерттеушілік сипаты айқын, әдеби-теориялық ой-пікірді жоғары деңгейге көтерген еңбек болды. «Авторлар Абай поэтикасын үш жүйеге бөле қараған. Әуелі – Абайдың қазақ өлеңіне қосқан жана өрнектеріне, екінші – көркемдік амалдарына, үшінші – Абай өлеңдерінің дыбыстық, яғни әуендік жүйелеріне назар аударған». Мақалада орыс әдебиеттану ғылымындағы қалыптасқан теориялық талдау жасауды басшылыққа ала отырғанымен, авторлар ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің қол жеткізген ізденістерін де кеңінен пайдаланған. Еңбектегі «Абайдың көріктеу заңы», «Дауыс ырғағы туралы» деп аталатын тарауларындағы ақын қолданған көркемдік тәсілдерге теориялық талдау жасау барысында, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» терминдік атаулардың қазақша баламалары түгелге жуық пайдалануы көп жайды аңғартады. Теориялық жағынан талдап және тұжырымдап бермегенімен, М. С. Сильченконың «Абай – реалист ақын» («Қазақ әдебиеті», 1934, №30), «Абайдың реализмі» («Әдебиет майданы», 1934, №11-12) аталатын мақалаларының әдеби-теориялық

ой-пікірдегі жаңашылдығын жоққа шығаруға болмас. Кейінгі зерттеулерде ғылыми шешілген сыншыл реализм терминінің Абай шығармашылығына байланысты айтылуының өзі соны ізденістер жасалып жатқанына тағы бір мысал. Абайды ғылыми жолмен танудағы осындай құнды материалдардың жарық көруі, оларда оң көзқарастағы ой-пікірлердің жинақталуы қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш монографияның жазылуына негіз болды. Ол – Ғ. Тоғжановтың «Абай» (1935) атты монографиясы еді. Профессор Т. Кәкішев айтқандай, «ғылыми эстетикалық еңбектен көрі социологиялық арқауы басым монографиялық очерктік» сипаты басым болғандықтан да Абай шығармашылығының барлық проблемаларын шешіп бермегенімен, өзіне дейінгі абайтану саласындағы ой-пікірді жүйелеуге деген ұмтылысы ұлттық әдебиеттану ғылымының бір табысы екенін айтпауға болмайды. Ақын мұрасына деген социологиялық көзқарас кейде тұрпайы социологизмге дейін ұласып, белгілі бір проблеманы ғана сөз етіп келген мақалалармен әдеби шолу дәрежесінен аса алмай келген оқу құралдарындағы талдауларды жинақтай отырып ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге жеке ақын шығармашылығын монографиялық тұрғыда тексерудің алғашқы үлгісін көрсетіп берді. Ғ. Тоғжанов өз

еңбегінің социологиялық арқауы басым алғашқы бөлімінде Абайдың өмір сүрген ортасы мен заманына көбірек көңіл бөліп, оның «тап ақыны бола отырса да, ұлт ақыны бола алғанын» дәлелдеу үшін тап мүддесі тұрғысынан бағалауға жол беріп алған. Абайтануда 20-жылдары біршама еңбек еткен «ұлтшылдар» атанған бұқарашыл әдебиетшілер атылып, сотталып кеткен соң төңкерісшілерге «бұларың дұрыс емес» дейтін ешкім шыға қоймады. Өздерінің біржақтылыққа ұрынғанын мойындай бастаған олардың кеше ғана ат-тонын ала қашқан «үстем тап ақынын» енді ұлт ақыны деуі, әдеби мұраны таптық көзқараста бағалауда шығарған жаңа бір қисындары болатын.

Ғ. Тоғжановтың қандай да болса ақын таптан бөлектеніп кете алмайтындығы туралы маркстік қағиданы негізге ала отырып: «Біз Абай тап ақыны дегеннен оны өзге қазаққа керегі жоқ ақын, не ұлт ақыны деген сөз шықпайды. Мұндай сөзді қыңырқиянқы, содырлы солшылдар ғана айтады. Абай тап ақыны бола отырса да, оның өлеңдерінде қазақтың жалпы бұқарасын ілгері бастайтын сөздері, өсиеттері болды дейміз. Абайдың ұлт ақыны болуы оның тап ақыны екендігіне бөгет бола алмайды, қайта толықтырып, анықтай түседі. Біздің Сәкен, Бейімбет, Ілиястарымыз да ұлт ақындары, бірақ сонымен бірге

бұлар тап ақындары – қазақтың қалың бұқарасының пролетариат жыршылары» деген тұжырымы әдеби мұраны маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы принципін жаңаша сәйкестендіру еді [70, 82]. Осы көзқарас Абай туралы алғаш айтылды да, әдеби-тарихи ой-пікірде орын теуіп, 1930 жылдардың соңы, 1940 жылдардың басындағы оқулықтар мен хрестоматияларда бұрын елеусіз қалып келе жатқан басқа да ақын-жазушылар шығармашылығын бағалауда кеңінен қолданыла бастады. Бай-феодал табының өкілі деп біржола бас тартып, тарих күресініне лақтырып тастағаннан немесе тыйым салып зерттеу нысанасынан алынып қалғаннан гөрі, бұл да болса бір алға басқандық екені айтпаса да түсінікті. Бұл 1950-1953 жылдар аралығында қазақ әдебиеттану ғылымында тұрпайы социологизм теориясының қара құйыны қайта көтерілгенше, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге бірталай дарындарымыздың мұрасын тексеру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берді.

Социологиялық арқауы басым еңбек дей отырғанымызбен, монографияның «Абай реализмі», «Абайға орыс культурасының қандай әсері болды», «Абайдың ақындығы» аталатын тарауларындағы әдеби-теориялық ой-пікірдің танымдық және зерттеушілік сипаты өзіне дейінгі айтылған ой-



көзқарасты бір арнаға тоғыстыруға деген ұмтылысынан байқалады. Абай реализмі, оның өлеңді өнер деп тану дәрежесіне жеткізудегі ізденістері мен ақындық шеберлігі, өлең өрнегіне жаңа түр енгізудегі жаңашылдығы, ақындық тұлғасы әдеби-теориялық ой-пікірдің сол кездегі қол жеткізе алған табыстары деңгейінде сөз болады. Сол арқылы абайтануда болашақ зерттеулердің негізгі нысанаға алар бағыт-бағдарын айқындап беруі құптарлық құбылыс болды. Бұл туу дәуірі эволюциялық даму жолымен емес, ұлттық ерекшеліктері есепке алмай, әкімшіл-әміршілік жүйеге негізделген әдіснама үстемдік ете бастаған қиын кезеңге тап болған ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін аз табыс емес еді.

Қорыта айтқанда, Абайдың қайтыс болғанына отыз жыл толуына байланысты жазылған мақалалар қазақ әдебиеттану ғылымында теориялық білімдер системасының толық деңгейде қалыптасу жолын бастан кешіріп жатқанын дәлелдеп береді. Әдеби-теориялық ой-пікірдің өнімді арналарға бастайтын бұл қадамдарында маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы мен халықтығы қағидаларының айтылар ойдың негізгі желісіне айналмауынан Абай мұрасын бағалау жолында орын алып келген тұрпайы социологизм теориясы өз позициясынан айырыла бастағанын,

ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдары түзеліп қалғаны танылды. Бұл әдебиет туралы ұлттық ғылымның туғандығына нақты дәлелдердің бірі. Проблемалық сын мақалалар мен теориялық бағыттағы ғылыми ізденістердің бәрі де қазақ әдебиеттануының өркен жаюына қолайлы жағдайлардың туғандығын көрсетіп берді.

Әдебиет теориясы саласындағы осындай мәнді ізденістер әдебиеттің көркемдік дамуына әсер етпей қалмады. Поэтикалық жаңа түр, келісті ырғақ іздеуге, тың образдар сомдауға, дәуір алға тартқан тақырыптарды жырлауға деген ұмтылыстар енді теориялық заңдылықтарға негізделіп отырылды. Әдеби даму процесін қызу сөз етуге талпынған «сын-теория дүкеніне» (Ә. Қоңыратбаев) айнала бастады. Оған 1935-1937 жылдары поэзиядан І. Жансүгіровтің «Күйші», «Құлагер», Т. Жароковтың «Балабас», С. Мұқановтың «Ақ аю» поэмалары, прозалардан С. Мұқановтың «Теміртас», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», М. Дәулетбаевтың «Қызыл жар» романдары, драматургиядан М. Әуезовтің «Айман-Шолпан», «Хан Кене», «Түнгі сарын», «Алма бағында», С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Ғ. Мүсіреповтің «Қыз Жібек», Б. Майлиннің «Жалбыр», Ж. Шаниннің «Ер Тарғын», Ғ. Мүсірепов пен Б. Майлиннің «Аманкелді» драмалары туралы по-

лемикалы сын мақалаларындағы қым-қиғаш айтылған пікірлерде тапшылдық көзқарас сезіле отырғанымен, саяси астар іздеуден көрі теориялық тұрғыда талдауға ойысуы дәлел.

1930 жылдардағы ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің асу, кемелдену жолындағы ізденістерінде сәтті қадамдар жасауға деген талпынысын әдеби даму процесіндегі күрделі мәселелерге араласуы да танытады. Кеңестік әдебиеттану ғылымында бүкілодақтық деңгейде сөз болған натурализм, формализм туралы айтысқа тартынбай баруы оны тағы да дәлелдей түседі. Пролетариат әдебиетінің атасы М. Горький «Правда» газетіндегі мақаласында шығарманың формалық және идеялық тұтастығы туралы ой-толғамын ортаға сала келіп, кеңінен пікір алысуға шақырған үндеуіне қазақ әдебиетші-сыншылары да қызу үн қосты. Қазақ әдебиетіндегі натурализм, формализм туралы Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған пікірталас 1936 жылдың 2 көкегінде басталып үш күнге созылды. Әдеби айтыс дәрежесінде еткен бұл пікірталастағы негізгі ойлар баспасөз бетінде жарық көрді. «Социалды Қазақстан» газетінде «Көркемөнердегі формализмге қарсы» (№64), «Жазушылардың әдебиет жөніндегі айтысы» (№ 86,87) деген

атпен мақалалар жарияласа, «Қазақ әдебиеті» айтыстағы М. Әуезов, С. Мұқанов, Р. Жаманқұловтың сөйлеген сөздері мен Ә. Тәжібаевтың «Адал сырым», Ө. Тұрманжановтың «Үлкен әдебиет үлкен мәдениет арқылы жасалады» аталатын мақалаларына орын берді (1936, № 16).

Негізінен алғанда орыс әдебиеттану ғылымындағы формализм мен натурализм туралы дискуссияның тууы социалистік реализмнің ендігі дамудағы негізгі әдіс болып танылуы жолындағы ұмтылысы мен өз позициясын анықтау үшін жүргізген күресінен туындады. Орыс әдебиетіндегі формалисттер және тағы басқа да әдеби ағымдар өкілдері социалистік реализм алдағы көркемдік даму процесінде символизм, футуризм, имажинизм, конструктивизм, формализм, натурализмдердің осы кезеңге дейін қол жеткізген табысын негізге ала отырып, кеңінен пайдалануы керек деген көзқарас туғызған болатын. Мысалы, К. Зеленский: «Я думаю, что последнее должно соединить стилевые черты трех основных школ: реализма, символизма, конструктивизма», – деп жазды [71, 223]. Формализм, натурализмге қарсы шабуылдың күшті болғаны соншалық, орыс формалистерінің ірі өкілдерінің бірі В. Шкловский: «Формалисты вместо того чтобы поднимать целину, пашут там, где было распаханно» деген

мойындауға дейін барды [72]. Көркем шығармада адам тұлғасын сомдауға селкос қараушылық, антигуманизмге ұрыну, шындыққа менсінбей қарап, таптық күресті толық аша алмау, т.б. кемшіліктері ашылған формализм мен натурализм «были осуждены с позиций жизни и искусства, и во имя жизни и искусства как явления антихудожественные и антинародные» [73, 185]. Дискуссия қорытындысы жаңа творчестволық ізденістерге шектеу салып, әдебиетті социалистік реализм қағидаларының қалыбынан шығармауды жоспарлаған партиялық басшылық пен кенестік идеологияның басты саясатының жемісі болып шықты.

Қазақстанда өткен пікірталаста сөйлеген сөздер мен мақалаларда айтылар ойдың негізгі бағыты орыс әдебиеттану ғылымында жасалған тұжырымның төңірегінде өрбіді. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Қазақ әдебиетіндегі формализм, натурализм туралы айтыс» (1936, №15), Қ. Қуанышұлының «Маяковский творчествосы және қазақ әдебиетіндегі формализм мен натурализмге қарсы» (1936, №13), С. Сейфуллиннің «Әдебиеттегі формализм мен натурализм» (1936, №18), «Социалды Қазақстан» газетіндегі Е. Ысмайыловтың «Әдебиеттегі формализм мен натурализмге қарсы» (1936, №78), «Әдебиеттегі натурализм» (1936, №80) секілді

мақалаларында ұлттық әдебиетте формализм айқын көрінбесе де кейбір элементтері орын алды, ал натурализм басты кемшілік болып отыр деп шешті. С. Сейфуллин оны «ізденістер жолында жіберіп алған қателіктер» деп тапса, Е. Ысмайылов «біздің әдебиетіміздегі формализм, көбінесе жаңа түр табу немесе жаңа тақырыпты суреттеу жолында туып отырғандығын» ашық айтып, нақты мысалдармен дәлелдеді. Осы жаңа түр іздеушілік жаңашылдыққа еліктеу, әсіресе Сәкен поэзиясына еліктеп-солықтау, кейінгі ақын-жазушылардың қазақ поэзиясында «шақ-шақ, гүр-гүр, сарт-сұрт, пыс-пыстарды» туғызып, формализмге бой алдырып алуға басты себеп болғанын, әдеби-теориялық ой-пікір орынды көрсетіп берді. Пікірталаста және одан кейін жазылған мақалаларда Сәкеннің «Альбатрос», «Социалистан», Сәбиттің «Ақ аю», «Көмір коммунизм», Ілястың «Қуат», «Жорық», Тайырдың «Нефстан», «Мотор жыры», Асқардың «Қаскелең», «Уборщица», Әбілданың «Құтқару», «Олқылық» секілді поэмаларында орын алған формализм элементтерін сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікір жоғарғы талап тұрғысынан талдады. Ал натурализмге келгенде, С. Мұқановтың «Теміртас», І. Жансүгіровтың «Дархан», С. Сейфуллиннің «Сол жылдарда», Б. Май-

линнің «Сары май», «Берен», т.б. әңгімелері мысалға алынды. Дискуссия қазақ әдебиетінде формализм, натурализмге ұрынған кемшіліктердің болу себебі, «ақын-жазушылардың әлі социалистік реализм әдісін терең түсініп, жан-жақты меңгеріп, билеп әкете алмағандығынан» деген қорытындыға келді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетіндегі формализм, натурализм туралы айтыс әдеби-теориялық ой-пікірдің әдеби ағымдар туралы ұғым-түсініктерді меңгеру жолындағы сәтті ізденістер жасай алғандығын көрсетті. Бұл мәселеге арналған мақалалардың басты ерекшелігі сол кездегі сында орын алып отырған шығарманы мазмұндап кету, тақырып, кейіпкер тұлғасы туралы таптық тұрғыда саяси мәндегі пікір білдіруден көрі теориялық талдау жасаудың нақты көрініс табуы болды. Кейбір артық-кем айтылған пікірлер болғанымен де ұлттық әдебиеттегі формализм, натурализм белгілерін ғылыми тұрғыда анықтап беруі алдағы көркемдік дамуда жетекшілік мән атқарғаны анық.

Бұл айтыс қазақ әдебиеттану ғылымына әдеби жанр, ағым және көркемдік әдіс, көркем шығармаға теориялық талдау жасап, жетістіктер мен кемшіліктерді саралауда жаңа ізденістер жасауына жол ашты. Әдебиет маркстік-лениндік әдіснаманы басшылыққа алған теорияның

заңдылықтарына икемделе бастады да, көркемдік даму, поэтикалық жаңа түр мен келісті ырғақ іздеу, жаңа образ сомдауда социалистік реализмнің талап-тілегін басты бағдарда ұстауға көшті. Осыған байланысты әдебиет теориясының мәселелерін сөз етуді басты назарға алған мақалалар жазылып, олар қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби-теориялық білімдер системасының толық қалыптасуы жолында өз үлесін қосты. Әсіресе, 30-жылдардың орта кезіндегі қазақ поэзиясының жанрлық даму жолындағы ізденістерінде орын алған кейбір форма қушылық пен құрғақ баяндау, әсірелей бейнелеушілік осы сипаттағы мақалалардың негізгі өзегі болды. Қ. Өтеповтің, Е. Ысмайыловтың мақалаларында әдеби шығарманың көркемдігі, образдық қасиеті, мазмұн мен түрдің бірлігі, образ және типтендіру секілді теориялық мәселелер біршама жатық баяндалған. Авторлар өз пікірлерін сол кезеңдегі сәтті және нашар жазылған өлеңдерді сынай отырып, әдеби-теориялық тұрғыда нақты білдірген. Әдебиет теориясының мәселелеріне арнайы оқулық жазған Е. Ысмайылов бұл саладағы алғашқы бастамаларын баспасөз бетіне жариялап отырды. Өзінің «Лирика мәселелері» атты зерттеу мақаласында, лирикалық өлеңдерінің өзіне тән жанрлық ерекшелігін ашуды басты мақсат етіп алған. Ол үшін

Европа әдебиетінен Байрон, Гете, орыс әдебиетінен Пушкин, Лермонтов тағы басқаларының лирикалық шығармаларын негізге ала отырып, лирикаға қойылатын талап-талғам, өлең өлшемі, ой мен сезім және лириканың түрлері жайында ғылыми-зерттеушілік тұжырым білдіреді. Ал осы автордың «Әдебиет теориясы» атты мақаласы 1940 жылы басылып шыққан оқулығының алғашқы тарауы еді. Е. Ысмайылов бұл мақалада өнердің қоғамдық өмірдегі орны, оның ішінде әдебиеттің басқа өнер түрінен ерекшелігі турасында айта келіп, әдебиет теориясының жеке ғылыми пән екенін ұлттық әдебиеттану ғылымында алғаш дәлелдеп, оның зерттеу объектісі мен методын түсіндіріп берген.

Осы кездегі теориялық сипаттағы зерттеудің енді бірі – С. Мұқановтың поэма жанрын сөз еткен мақаласы. Автор қазақ совет поэмасының бұл түрінің сөз етер тақырыбына, құрылысы мен образдар жүйесіне және тартысқа (конфликт) анықтамалық түсініктеме берген. Поэманың лирикалық және сюжетті болатынын, онда өмір шындығы, көркем тіл мен ақынның айтар идеясы болуы басты шарт деп көрсетеді. Поэманың жазылу жолында нық ұсталатын негізгі элементтері деп мыналарды атайды. Олар: 1) Бастау; 2) Баяндау; 3) Шиеленісу; 4) Шешу. С. Мұқанов бұл реттіліктің

композициялық құрылыста орны ауысып отыратынын да ескертіп өтеді. Әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми сипаты айқын көрінетін «Қазақ әдебиеті» газетінің «Роман мәселесі» (1936, № 34) атты бас мақаласы, С. Мұқановтың «Қазақ өлеңі туралы» («СК», 1935, №108), Қ. Өтеповтің «Әдебиет образындағы кемшіліктер» («СК», 1936, №86) секілді еңбектердің де айтары аз болмады.

Алайда, қазақ әдебиетіндегі «ұлтшыл-алашордашылдықтың қалдығын жою», «большевиктік өзара сында қырағылықты күшейту» туралы ауық-ауық айтылып қалып отырылған ұлтшылдыққа қарсы көзқарас 1937 жылдың орта шенінен бастап, «халық жауларын» әшкерелеу науқанына ұласты. Әдебиет сыны әшкерелегіш, қаралағыш мақалалармен көрініп, саясаттың сойыл соғарына айналды. Жеке адамға табынушылық әдеби дамуға да әсер етіп, Сталин басқарған социалистік қоғамның жетістіктерін мадақтау өріс алды. Ал әдеби-теориялық ой-пікірдің көркем әдебиет туралы ғылыми ізденістері дағдарысқа ұшырады. Ғылыми-зерттеушілік жұмыстар әдебиет тарихы мен теориясының мәселелерінен гөрі орыс жазушылары мен әдебиеттерін, Жамбылды және басқа халық ақындарының шығармашылығын марапаттауға ауып кетті. Өзінің қалыптасу жолында талай қиын-қыстауды бас-

тан кешіріп келе жатқан әдебиет сыны мен ғылымының тарихында іркілістер мен бұраландарға ұшыраған бұл да бір кезеңі болды. Бұл ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде айрықша еңбек етіп келген әдебиетші-сыншы кадрларды екінші рет әдеби, ғылыми ортадан аластап тастады. Олардың әдеби және ғылыми мұрасын 1950 жылдардың орта кезіне дейін зерттеу және пайдалану мүмкіндігінен айырылған ұлттық әдебиеттану ғылымы ғасырларға созылған ұзақ жолында өте ауыр жағдайға тап келді. Бірақ сарабал сыншы-әдебиетшілердің 1920-1930 жылдардағы әдебиет теориясы бағытындағы қажырлы ізденістерінің жемісі ретінде танылып, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңінің аяқталғанының куәсі ретінде Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) жарыққа шықты. Бұл жерде ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің шын мәнінде ұшқырлық танытқанын, дәуір талабынан табылуға ұмтылғанын атап айту керек. Орыс әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік эстетикаға негізделген Л. Тимофеевтің «Теория литературы» (1934), И. Виноградовтың «Әдебиет теориясы» (1936), «Борьба за стиль» (1937), Г. Поспеловтің «Теория литературы» (1940) аталатын еңбектері енді ғана жарық

көрген еді. Партия мен кеңестік идеология ғылым, өнер, әдебиеттегі «буржуазиялық», «ұлтшылдық» көзқарастарға «аяусыз күрес» жүргізе отырып, маркстік-лениндік әдіснаманы қоғамдық ғылымдарға, оның ішінде әдебиеттану ғылымына, оның сыншылдық, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікіріне мықтап орнықтырды.

Қазақстанда «халық жауларын» әшкерелеу науқаны ерекше қарқынмен жүрді. Ол ұлттық әдебиеттану ғылымының туғандығын дәлелдеп берген, келешектегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдарын біршама анықтаған оқулықтар мен оқу құралдарын, зерттеу мақалаларды, ғылыми еңбектерді түгелге жуық пайдаланудан шығарып тастады. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қалыптасуына еңбек сіңірген, шығармашылық кескін-келбетін айқындап енді жасақтала бастаған сыншы әдебиетші кадрлары тағы да саясаттың құрбандығына айналды. Бірақ, партияның көркем өнер мен ғылым саласындағы саясаты мен идеологиясы оған қараған жоқ. Дүниетанымдық көзқарасы социалистік қоғам рухында тәрбиеленіп, әдебиетке енді ғана араласа бастаған жас күштердің алдына орасан зор міндеттер қойды. Олардың бірі орта және жоғарғы мектепті маркстік-әдіснаманы басшылыққа ала отырып жазылған оқулық, оқу

құралдарымен қамтамасыз ету міндеті болды. Міне, сондықтан Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайыловтың әдебиет теориясының күрделі мәселелеріне бара алған еңбектерін сөз еткен уақытта, зерттеу нысанасына алып отырған саланы жан-жақты қарастыруға мүмкіндік бермеген заман талабын есте ұстау керек.

Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» мектепке арналған оқулық жасау мақсатында жазылып 1938, 1940, 1941, 1942 жылдары бірнеше рет басылып шықты. Негізінен орыс әдебиеттану ғылымындағы теориялық еңбектерді, әсіресе И. Виноградовтың «Әдебиет теориясын» басшылыққа алғандықтан да аудармалық сипаты басым болды. Автордың өзі «Кітаптың кейбір бөлімдері, жеке әдебиет мәселелері Тимофеев, Виноградов кітаптарынан, жаңа әдебиет энциклопедиясынан тура алынып отырылды. 1937-1938 оқу жылында жоғарғы дәрежелі педагогикалық мектептерге арнап жасалған әдебиет теориясының программасына сүйеніп жазылды», – деп атап жазғандай, орыс әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерді басшылыққа алды. Бұл еңбектер жазылған кезде 30-жылдары жазылып пайдалануда болған оқулық, оқу құралдарының барлығы «халық жауларының» еңбектері ретінде қолдануға тыйым салынған еді. Сондықтан 1930-жылдардың соңы,

1940 жылдардың басында жазылған оқулықтар мен хрестоматиялардың мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз ету қажеттігін атқарған тарихи мән-маңызы да өте зор болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық ой-пікірінің өскелең ізденісін танытқан Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938) Е. Ысмайылов жазған «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940), А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» негізделген ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір арнасының тарихи және ғылыми заңды жалғасы болып табылады. Авторлар тек орыстың теориялық еңбектерін ғана пайдаланумен шектелген жоқ, ұлттық танымдағы құнарлы ой-пікір сабақтастығын қиынан қиыстыра білді. Оны академик З. Қабдоловтың: «Ақаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ кеуде бола ма? Қайтейік, болды деп келдік. Мәселен, айшықтаудың (фигураның) арнау деген түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бірақ түр: шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ақаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жырлай арнау) тауып қосып, құлпыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай, осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кей-

де тіпті қиыннан қиыстырып бізде (Жұмалиевте, Ысмайыловта, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ақан екенін кезінде ашып айта алмай «Қажекені сілтеме жасауға мәжбүр болдық» деген пікірі дәлелдей түседі.

Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайылов «Әдебиет танытқыштағы» ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірге сүйене отырып, онда қарастырыла қоймаған теориялық ұғым-түсініктерді қамтып, дамытып әкетті. Сол арқылы қызыл империяның теориялық бағыттағы зерттеу еңбектерді пайдалануға тыйым салуынан туған іркілістің орнын толтырып, соны ізденістерге жол салды. Теориялық ой-пікірдің белгілі бір дәрежеде жалпылық сипаты мен ортақтығын есте ұстай отырып айтар болсақ, бұл еңбектер «Әдебиет танытқыштағы» теориялық мәндегі ұлттық ұғым-түсініктердің желісін үзбей бізге жетуіне, ғылыми қолданыстан шығып қалмауына, жаңа қадамдардың жалғаса беруіне алтын көпір болды. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде әдеби ағым мен көркемдік әдіс, стиль, тақырып, идея, әдебиеттің тегі мен түрі ұғым-түсініктерді бүкіл әлемдік теориялық ой-көзқараспен байланыстыра қарап, нақты мысалдармен дәлелдей-

ді. А. Байтұрсынов еңбегінде негізі қаланған қазақ өлеңінің құрылысы Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов еңбектерінде ғылыми жалғасын тауып тереңдете зерттелді. Олар өлең сөздің теориясына тән жаңа атаулар енгізді және оны теориялық ой-пікірде орнықтырды.

Қорыта келгенде, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде әдеби-теориялық ой-пікір саяси-идеологиялық қыспаққа ұшырай отырғанмен де өзіне жол тауып, ұлттық әдебиеттанудың туу процесін тездете түсті. Сол арқылы ендігі қалыптасу кезеңіндегі соны ізденістеріне жол ашты, әдеби-теориялық талдау жасаудағы білім негіздерін кемелдендіре түсті. Маркстік-лениндік әдіснаманы басшылыққа алу айқын сезіле бастағанымен, әлі де болса бұрынғы ұлттық сипаттағы үрдісінен де қол үзе қоймады. Ол әдебиет туралы ғылым енді ғана туған кезеңі үшін аз табыс емес еді.

Қорытындылай айтар болсақ, ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің талай қиын-қыстаулы жолдан өткен туу дәуірін аяқтап, социализмнің орнауына байланысты толық үстемдікке ие болған маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының талаптарын меңгере отырып, қалыптасу кезеңіне қадам басты.



### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. 1920 жылдардың бас кезінде әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденістері.
2. 1920 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірегі әдеби ағымдар проблемасы.
3. 1920 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірегі көркемдік әдістер мәселесі.
4. Ж. Аймауытовтың әдеби-теориялық ой-көзқарастары.
5. КазАПП және кеңес дәуіріндегі жаңа әдебиеттің бағыт-бағдары.
6. Төңкерісшіл ақын-жазушылар және футуризм.
7. Социалистік реализмнің әдіснамалық және ғылыми негізделуі.
8. 1930 жылдардағы абайтану ілімінің мәселелері.
9. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінің ғылыми мән-маңызы.
10. А. Байтұрсынов ұлттық әдебиеттану терминологиясының негізін қалаушы.
11. Өлең сөз теориясының тексерілуі тарихы.
12. Е. Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» зерттеуі және ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір.
13. Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» еңбегіндегі маркстік-лениндік әдіснама негіздері.

### Негізгі әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I–II том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008-2009.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сыны тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
4. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005. – 317 б.
5. Ө. Әбдиманов. А.Байтұрсынұлы. Алматы: Арда, 2007, 296 б.
6. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009, – 560 б.
7. 1940-1950 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы. 1998.
8. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академия баспасы, 1961. – 376 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш //Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.;
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: ҚМБ, 1938. – 175 б.
3. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: ҚМБ, 1940. – 216 б.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. Алматы: ҚБМБ, 1941. – 56 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 447 б.
6. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 128 б. Сын өнері. – Астана. 2001.
7. Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліп-биі //Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 3-8 бб.
8. Поспелов Г. Н. Закономерности исторического развития литературы // Введение в литературоведение. – М.: Высшая школа, 1983, – 326 с.
9. Мұқанов С. 16 томдық шығармалар жинағы. 14-том. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.
10. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 330 б.
11. Троцкий Л. Литература и революция. – М.: Политиздат, 1991. – 399 с.
12. Советское литературоведение за 50 лет. – Л.: Наука, 1968. – 429 с.
13. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1970. – 352 б.
14. Қаратаев М. Революция рухымен. – Алматы: Жазушы, 1978. – 416 б.
15. Советское литературоведение за пятьдесят лет. – М.: МГУ, 1967. – 555 с.
16. Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 377 б.

### III БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

#### 1-ТАРАУ. 1940-1955 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуы мен дағдарысы

Ізденістері мен іркілістерге толы туу дәуірінде сан қилы қиыншылықтарды бастан өткерген, саясат пен идеология қыспағында құрбандықтарға да баруына тура келген, маркстік-лениндік әдіснамалық қағидаларына біржола мойынсұна бастаған ұлттық әдебиеттану ғылымы 40-жылдардың басынан бастап өзінің даму, қалыптасу кезеңіне қадам басты. Қазақ халқының өнері мен әдебиеті, ғылымы, оқу-ағарту саласы үшін бұл өте бір қиын мезгіл еді. Социализм орнату жолында қазақ халқына аяусыз қатал саясат ұстанған қызыл империя ұлттық өнер мен әдебиетті, ғылымды жаңа заманға қажет деп тапқан маркстік-лениндік әдіснама мен идеологияға бағындыру мақсатында тарихта бұрынсоңды болмаған зұлмат қырғынға жол берді. 1929-1930 жылдары «ұлтшылдық-алашордашылдық-

қа» қарсы күрес ұранын желеу етіп қазақ зиялыларының бір тобын атқанын атып, қалғанын айдауға жіберіп елден аластады. Ал «халық жауын» әшкерелеу науқанына сай жүргізілген қызыл қырғын кезінде оқыған, білімді, өнерлі 105 мың адам тұтқындалып, 22 мыңы жазықсыз атылып кетті.

Міне, осының салдарынан қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің даму жолын бастаған жаңа дәуіріне әдебиет туралы ұлттық ғылымның туып, аяғынан қаз тұрып кетуіне жан-қиярлықпен еңбек сіңірген, әдебиет тарихы мен теориясының күрделі мәселелерін бар мүмкіндікті пайдалана отырып шешіп бере алған, кейде заман талабына сай қателіктерге ұрына отырса да ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдары мен негізін салып кеткен білікті де білімді әдебиетші, сыншы, зерттеуші

кадрларсыз келуге мәжбүр болды. Сондықтан да оған өзінің туу кезеңіндегі қол жеткізген жетістіктері мен орын алған кемшіліктерін саралап, алдағы атқарылар жұмыстарын жоспарлап алуына мүмкіндік болмады. 1920-1930 жылдардағы әдеби сынды жанр ретінде қалыптастырған, әдебиет туралы ғылымды тудырып үлгерген азды-көпті табысты сталиндік саясат жоққа шығарған еді. Сын мен әдебиеттану енді И. Сталин басшылығымен түзетулер енгізілген маркстік-лениндік әдіснама мен идеологияға сай бағыт-бағдар түзеуге дайындала бастады. «Ұлтшыл-алашшыл» атанған сыншы-әдебиетшілердің зерттеу еңбектерін былай қойғанда, төңкерісшілдердің көп жағдайда маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай келетін мақалалары мен зерттеулері, оқулықтары ғылыми айналымға енгізілмей тыйым салынуы, пайдаланудан шығарылып тасталуы үлкен қиындыққа ұшыратты. Бұл даму жолын бастағалы тұрған ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін ең басты кедергі еді.

Ал екінші қиыншылық, осы даму жолындағы алғашқы қадамдар фашистік Германияның кеңестер еліне соғыс ашқан лаңы мен соның зардаптарын жоюға толы қиын жылдарға тап келуі болды. Өйткені, кеше ғана іргелі зерттеулер жазып кеткен ағалардың алдын көрген, ғылыми

ортаға 1939-1941 жылдары таныла бастаған жаңа жас күштердің көбі қаламды қаруға айырбастап, майданға аттанды. Сондықтан негізгі салмақ жеке басқа табыну салдарының әшкерелегіш науқанынан, өрттен аман қалған бұтадай селдіреп қалған аз ғана топтың иығына түсті.

Қан құйлы соғыс жүріп жатқан кезеңде барлық күш жеңіс үшін жұмсалғанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық бағыттағы ой-пікір өз ізденістерін тоқтатқан жоқ. Заман талабы оның алдына жаңа міндеттер қойып, тез арада шешуді талап етті. Оның алғашқысы, басқадай оқу құралы болмағандықтан, «ұлтшыл-фашист, халық жаулары» жазған оқулықтар мен олардың шығармашылығы енгізілген оқу құралдарын пайдаланып отырған орта мектептер мен жоғары оқу орындарын жаңа кітаптармен қамтамасыз ету міндеті болды. Ал екіншісі, фольклорлық мұра үлгілерін жариялау, пайдалану, насихаттау және зерттеу міндеті еді. Оны соғыс кезінің талап-тілегіне сай бүкіл халықты жеңіс үшін жанқиярлықпен еңбек етуге жұмылдыруда отаншылдық, патриотизм рухын көтеруге шақырған кеңестік идеология тудырды. Ол әсіресе, таптық көзқарасқа сай тыйым салынып келген батырлық эпостардың жарыққа шығуы мен зерттеле бастауына себепкер болды. Бұл басқа да фольклорлық

жанрлардың ғылыми тұрғыда қарастырылуына өз әсерін тигізбей қалмады.

Дәуір талабы туындаған осы екі міндет ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әдеби мұраны таптық көз-қарас тұрғысынан қарап бағалау мен «тұрпайы социологизм теориясына» сай зерттеудің бәсең тартуына әсер етті. «Халық жауларын» әшкерелеу науқанынан кейін 1947 жылғы қаһарлы қаулы шыққанға дейінгі аз ғана уақыт аралығындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына берілген мүмкіншілікті қазақ әдебиеттану ғылымы пайдаланып қалуға ұмтылды. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қолданудан шығарылып тасталғанымен, 1920-1930 жылдардағы ғылыми еңбектер мен мақалалардағы әдебиет тарихы мен теориясын тексерудегі бағыт-бағдарды жалғастырып әкетті.

Мезгіл жағынан алғанда жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын жазу жұмыстары соғыстың алдында-ақ қолға алынған болатын. Оған басты себеп, Қазақ ССР Оқу халық комиссариаты 1939 жылы «Орта мектептердегі 8-10 кластардағы әдебиет сабағы 5-7 кластардағыдай әдебиеттік оқу болмай, тарихи әдебиеттік курс ретінде жүруі қажеттігіне» шешім қабылдап, жаңа жүйедегі оқу бағдарламалары мен оқулықтар жасауды талап етті. Осыған сай алғашқы барлау ретінде әдебиет пәнінен

бағдарламалар жобасы жасалынып, соның негізінде хрестоматиялар құрастыру қажет болды.

Себепсіз салдар жоқ екені белгілі. Орта мектепті оқу құралдарымен қамтамасыз етуден туындаған осы қажеттілік ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихы мен теориясын тексеру бағытында тың ізденістерді жасауына, жаңа еңбектердің жазылуына ықпал етті. Жаңа бағдарлама жобасына орай, 1937-1938 жылдары жазылған әдебиет хрестоматиялары мен оқулықтар түгелдей өзгеріске ұшырады. Оның басты себебі, «халық жаулары» атанған ақын-жазушылар шығармашылығына байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Партияның көркемөнер мен әдебиет, ғылым салаларындағы саясатының талаптары негізінде жасалған жаңа бағдарламада орта мектептің 8 сыныбына фольклор мен XVIII және XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиетті, 9 сыныбына XIX ғасырдың II жартысынан төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын, ал 10 сыныпта кеңес дәуірінің әдебиетін оқыту жоспарланған еді. Бұл, әрине, жоғарғы сыныптардағы әдебиетті тарихи курсқа жақындата жүргізу мақсатынан туындаған болатын-ды. Осыдан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеруіне жаңа мүмкіндіктердің жолы ашылып, тың ізденістерге баруына жағдай туды.

Бірақ, ол оңайлықпен жүзеге аса қойған жоқ. Себебі, әдебиет хрестоматиялары мен оқулық жасауда біршама тәжірибе жинақтап қалған әдебиетші кадрлардың көбі атылды, сотталды. Ал аман қалғандарына саяси сенімсіздік білдірілді. Сондықтан үкімет пен партия оқу құралдарын жасау міндетін әдебиет пен сында, халық ағарту саласында енді ғана таныла бастаған жас күштің иығына ауыр салмақ етіп артып тастады. Соның негізінде төменгі сыныптарға арналған Ш. Кәрібаевтың 5-класқа (1939-1941, 1944), Қ. Бекқожиннің 6-класқа (1939-1941, 1943). А. Көшімбаевтың 7-класқа (1939-1944) әдебиеттік оқу кітаптары жазылды. Ал әдебиеттің тарихи курсы жүргізу мақсатына орай жоғарғы сыныптарға Е. Ысмайыловтың 9-класс үшін «Қазақ әдебиеті» (1940-1942, 1944), Қ. Жұмалиевтің 8-9 кластар үшін «Қазақ әдебиеті» (1941), Қ. Жұмалиев пен Ә. Марғұланның 8-класс үшін «Қазақ әдебиеті. Фольклор» (1941), Д. Әбілев пен Ж. Саинның 10-класс үшін «Әдебиет хрестоматиясы» (1939), «Қазақ совет әдебиеті» (1940), С. Мұқанов пен Қ. Бекқожиннің «Қазақ әдебиеті» (1940-42, 1944) атты орта мектепке арналған хрестоматиялары жарыққа шықты. Бұл хрестоматияларды төңкеріске дейінгі ұлт әдебиетін тарихи шындыққа сай жүйелі зерттеу жасауға алғашқы бар-

лау жасаған, тың ізденістерге бастама салған еңбектер деп бағалаған жөн.

Рас, әдебиетті тарихи курс ретінде оқыту бағытын ұстаған ең алғашқы бағдарлама негізінде жасалған хрестоматиялар болғандықтан, қарастырылып отырған ақын-жазушылар шығармашылығы туралы шолу материалдар мен көркем туындыларын берумен шектелді. Сондықтан да әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесіне тереңдеп бара қоймағанымен, белгілі бір кезеңдегі әдебиет өкілдерін топтастыруы оқытуы мен таныстыруы, өнерпаздық тұлғаларына баға берулері арқылы келешекте жазылатын оқу құралдары мен зерттеулердегі дәуірге бөлу проблемасына негіз қалағанын атап айту керек. Бұл ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің қайтадан тез қанаттануына қосылған бір үлес болса, екіншіден, 1930 жылдардағы оқу құралдары мен зерттеу еңбектерде назардан тыс қалған, егер сөз бола қалса, тұрпайы социологизм көзқарасына сай, болмаса маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы принципіне орай бұрмалана бағаланған ақын-жазушылардың енгізілуі құптарлық құбылыс болды. Ол төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын тұтастай тексеру жұмыстарын жүргізуге жол басшы болды.

Өйткені, үлкен дау-дамайға түсіп, әдебиет тарихындағы лайықты бағасын тек отызыншы жылдардың орта

тұсында ғана алған А. Құнанбаев пен Ы.Алтынсариннен басқа ақын-жазушылар туралы нақты ғылыми тұжырым жасала қоймаған болатын. 30-жылдардағы әдебиет хрестоматиялары мен оқулықтарды, басқа да ғылыми мақалалар мен зерттеулерде шыққан ортасына сай үстем тап мүддесін жырлағанына, ескілікті көксеуші керітартпалығына немесе либерал-буржуазияның өкілі болғандығына баса көңіл аударылған ақын-жыраулар енді жаңаша бағаланды. Бұқар жырау, Шортанбай, Сұлтанмахмұт, Нысанбай, Шәңгерей, Ғ. Қарашев, М. Ж. Көпеев секілді дарындар әдебиет хрестоматиясынан тұрақты орын алып, өмірі мен шығармашылық мұрасы оқытыла бастады. Ал бұрынғы оқу құралдарына енгізілмей келген Дулат, Мұрат, М.Өтемісұлы, Нарманбет, С. Көбеев, С. Дөнентаев, т.б. ақын-жазушылардың әдебиет тарихындағы орнының белгіленуі, хрестоматиялар арқылы жүзеге асқан тың ізденістердің жемісі екені анық.

Төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын зерттеу саласында осы секілді игі қадамдар жасалып жатса, кеңестік дәуірдегі әдебиетке арналған хрестоматиялар оның тарихи өркендеу, даму жолын бере алмаған жүйесіздік пен жұтаңдыққа ұшырады. Сәкен, Ілияс, Бейімбет бастаған көптеген ақын-жазушылар сталиндік саясаттың құрбандығына ұшырағандықтан, 20-

30 жылдардағы әдеби даму М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Қ. Әбдіқадыров тағы да басқалардың кеңестік идеологияға қайшы келмейтін шығармаларымен сыдырта баяндалды. Бұлардан басқа, әдебиетке 30-жылдардан бастап келген ақын-жазушылар мен советтік дәуірдегі халық шығармашылығының өкілдері таныстырылды. Ж. Жабаев, Н. Байғанин бастаған жыршы-жыраулардың шығармашылығына ерекше көңіл бөлінді. Бұлардың хрестоматияға енгізілуі жаңалық нышанын танытқанымен, 1920-1930 жылдардағы қазақ әдебиетін зерттеуге арқау боларлықтай өзекті мәселелерді көтеруге заман талабы мүмкіндік бермеді. Әйтсе де кейіндегі іргелі зерттеулерге (әсіресе советтік дәуірдегі фольклор мен халық ақындары шығармашылығын) апаратын алғашқы ой-пікірлердің негізі қаланғанын жоққа шығаруға да болмайды.

Фольклор мен әдебиет тарихын зерттеудегі негізгі бағыт-бағдарлары мен арналары әдебиет хрестоматияларында осындай сипатта айқындалған болса, олардың күрделі мәселелерін ғылыми тұрғыда тереңдете тексеру оқу құралдарын жазу барысында жүзеге асты. Оқулықтар мен басқа да ғылыми зерттеулерді қарастырғанда, ең негізгі бір мәселеге, қазақ әдебиеті тарихының ғылыми курсына жасау мен дәуірге

бөлу жолындағы ізденістерге орай сөз ету қажет. Сонда ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолында қол жеткізген табыстары мен бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қателік болып табылатын кемшіліктерді дұрыс са-ралай аламыз.

Алғашқылар болып 1941 жылы Қ. Жұмағалиевтің 8-класқа арналған «Қазақ әдебиеті», Е. Ысмайыловтың 9-класс үшін «Қазақ әдебиеті» атты оқу құралдары жарық көрді де, мектепті әдебиеттің тарихи курсына жүргізу мақсатынан туғандықтан, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденістер жасауына жол ашты.

Қ. Жұмағалиевтің оқулығы әдебиет хрестоматияларында анықтамалық сипатта таныстырылып жүрген халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық сипатын ғылыми тұрғыда аша отырып, жүйелі талдау жасау жолындағы игі қадам болды. Басқа жанрлар туралы негізгі тұжырымдар 1920-1930 жылдардағы фольклортану саласындағы еңбектерден туындап жатқанымен, автордың бұрын жан-жақты сөз бола қоймаған кейбір батырлық жырлар мен тарихи жырлардың тарихи мәні мен маңызы, шығарма құрылысы, образдар жүйесі, жырдың туу кезеңдері, идеялық және көркемдік ерекшелігі туралы ой-толғамдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденісін танытады. Фольклортануда бұрын сөз болып келген батырлар жырынан басқа, «Ер

Тарғын», «Ер Сайын», «Қарасай-Қази», «Едіге», т.б. эпостардың, тарихи жырлардан Исатай, Сырым, Бекет, Қабанбай, Бөгенбай, Досан секілді халық батырлары туралы жырлардың оқу құралдары арқылы алғаш таныстырылуы, ғылыми тұрғыда бағалануы бұл жырлардың зерттеле бастауының ізашары болды. Ең бастысы, автор оларды «кейіпкері қай таптан шықса сол таптың жыры» деп бағалап келген «тұрпайы социологизмге» тән көзқарастан арашалап алды. Ғасырлар бойы сақталып келген халық ауыз әдебиетінің көрнекті үлгілері екенін, халықтық шығармалар екенін дәлелдеп берді. Оқулықтың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан екінші бір мәнді жаңалығы, 1930 жылдардағы зерттеулерде аттары бірде аталып, бірде аталмай, оның өзінде таптық көзқарасқа сай әдебиет тарихындағы орыны дұрыс бағаланбай келген XVIII-XIX ғасырдағы ақын жыраулар шығармашылығының өз бағасын алуы. Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Шернияз, Нысанбай, Шортанбай, Біржан, Сүйінбай секілді ақын-жыраулар шығармалығы осы ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғалары ретінде зерттеу нысанасына алынды. Олар өмір сүрген тарихи кезең мен өмірбаяндық деректерді сабақтастыра баяндай отырып, автор дәуір шындығының көркем шығармада суреттелуі,



жырлаған тақырыптары мен идеялары, әр ақынның өнерпаздық тұлғасы, әдебиет тарихынан алатын орны туралы маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарынан тыс тұжырымдар білдіруге ұмтылыс жасаған. Рас, олардың шығармашылық мұрасы толық қамтылмағанымен, әдеби-теориялық сипатта талдау жасауға деген талпыныс игі қадамның нышаны екенін айта кеткен орынды болмақ. Зерттеушінің ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің үлкен тұлға ескерткіштерін екшеп, іріктеп көрсетуге талаптанған бұл оқулығы өзінен бұрынғы және сол кездегі ғылыми ізденістердің қорытындысы ғана емес, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жаңаша бағыттағы зерттеулерге баруына ізашар бола білді. Қ. Жұмалиев оқу құралының 1942, 1943 жылдары «Қазақ әдебиеті. Қазақтың ауыз әдебиеті мен XVIII-XI, X ғасырдағы жазба әдебиеті» деген атпен шыққан, 1948-1950 жылдары «Қазақ әдебиеті» деген атпен шыққан жаңа басылымдарын ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бұл саладағы азды-көпті қол жеткізген табыстарымен толықтыра отырып, келешек монографиялық зерттеулерге апарар күрделі де соны мәселелерінің бағыт-бағдарын ашуға ұмтылыс жасады.

Е. Ысмайыловтың 9-сыныпқа арналған оқу құралы («Қазақ әдебиеті», 1941) 1920-1930 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің

әдебиет тарихын дәуірге бөле отырып тексеру жолындағы ізденістерінің жалғастық тапқандығын дәлелдеп берген еңбек болды. Негізінен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеуді мақсат тұтқан бұл оқу құралы ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңіне қадам басқан шағында, бұрын жан-жақты сөз бола қоймаған қаламгерлер шығармашылығын зерттеуде жаңа бастама салуы үлкен үлес болғанын атап айту қажет. Өйткені, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әлі де болса даулы күйде қалып, бір шешімін таба қоймаған қиындыққа толы кезең болатын. Әсіресе, С. Мұқановтың 1932 жылы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінің «халық жауларын» әшкерелеу науқанында тап мүддесін жырлаған автордың партиядан шығып, қызметтен қуылуына, саяси сенімсіздікте болуына әсер еткендіктен, қазақ әдебиеті тарихының осы дәуіріне қалам тартудың қияметке айналғаны – тарихи шындық. Маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеология «ұлшылдар» жазған 1920 жылдардағы еңбектерді былай қойғанда, 30-жылдардағы оқулықтар мен зерттеулерді жоққа шығарып отырған осы мезгілде мектепті жаңа оқу құралдарымен қамтамасыз етуді шұғыл түрде жүзеге асыру міндеті

талап етілді. Алғашқыда ақын және сыншы ретінде ғана танылған Е. Ысмайыловтың қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын зерттеуші болып ауыр жүкті арқалауы – үлкен ерліктің белгісі десе де болады. Автор осы дәуірді, яғни қазақ әдебиетінің ең бір өркен жайған тұсын, бұрынғылыми тұрғыда терең сөз бола қоймаған көрнекті ақын-жазушылар есімдері арқылы жаңаша жаңғырту осыны дәлелдейді. Сөз еткен ақын-жазушыларға социологиялық арқауы басым талдау жасай отырғанымен, әділ бағалауға ұмтылған С. Мұқанов бұл дәуірді маркстік-лениндік әдіснаманың талабына сай «ұлтшылдық дәуірдің әдебиеті» деп атаған болатын. Оқу құралдарында зерттеу нысанасына түсіп отырған ақын-жазушылар мұрасынан Абай мен Ыбырайдың шығармашылығы ғана дау туғызбайтын. Бұрынғы зерттеушілерге біршама қарастырылғанымен, «алашордашыларға бүйрегі бұрған» Сұлтанмахмұттың өзі де дұрыс бағалана қоймаған болатын. Оқу құралындағы шығармашылығы ғылыми тұрғыда алғаш рет тексеріліп отырылған Ш. Бөкеев, Н. Орманбетұлы, М. Ж. Көпеев, С. Көбеев, Ғ. Қарашев, С. Дөнентаев секілді ақын-жазушылар мұрасы туралы бірді-екілі мақала ғана болмаса, олар ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің зерттеу нысанасынан тыс қалған еді.

Автор оқу құралында тарихи салыстырмалық әдісті басшылыққа ала отырып, ақын-жазушылардың өмірбаяндық деректерін молынан келтіру арқылы сол дәуірдің тарихи шындығын ашады. Әсіресе, отаршылдық саясаттың зорлық-зомбылығын әшкерелеудегі әр дарынның өзіндік ерекшелігі мен ағартушылық, гуманистік идеяларды жырлауы туралы тың тұжырымдар білдіреді. Ал көркем шығармаларын талдау барысында олардың халықшылдық көзқарасын дәлелдеудегі ой-пікірі таптық сипатқа негізделмеген. «Алайда XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдерінің дүниетанымдық көзқарасындағы қайшылықтар да болды», – деп ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кездегі деңгейіне сай талап-тілек те ескерусіз қалмаған. Автор ол қайшылықтар ақын-жазушылардың өз шығармаларында халықты бостандық, теңдік үшін күрестің жолын көрсете алмауы мен революцияны бірден түсініп кете алмаулары деп көрсетеді. Осы сипаттағы пікірлер кездескенімен, оқу құралының басты жаңалығы – маркстік-лениндік әдіснаманың еңбекші тап әдебиеті және үстем тап әдебиет деп бөліп тастаған таптың көзқарасынан аулақ болуы. Ол зерттеліп отырылған ақын-жазушылардың өнерпаздық тұлғасын бар мүмкіндігінше тарихи шындыққа сай бағалауға негізгі себеп болған.

Сонымен қатар, оқу құралында 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліске байланысты туған жырлардың тарихи мән-маңызы зерттеу нысанына айналуы да тың ізденістердің белгісі болып табылады. Автор XVII ғасырдағы Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханға қарсы күресінен бастап, Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесары-Наурызбай, одан соң Бекет, Есет, Ерназар, Жанқожалардың қозғалысы туралы таныстыра келіп, 16-жылғы көтеріліс отаршылдыққа, хан-феодалдарға қарсылығының заңды жалғасы деп табады. Күдері ақынның «Аманкелдінің Торғайды алуы», Иса Дәукебаевтың «Бекболат батыр», Біржан Берденовтің «1916 жылы» атты шығармалары тарихи және әдеби-теориялық тұрғыда талдануы – ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әр салаға қол созғанының айғағы. Қазақ әдебиеті тарихының әлі де болса даулы күйде тұрған бұл дәуірін зерттеудегі осындай ізденістерін Е. Ысмайылов Қ. Жұмалиевпен бірігіп шығарған 1942 жылғы «Қазақ әдебиеті», 1946 жылғы «Қазақ әдебиеті. XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті» атты оқу құралдарында тереңдетіп, толықтырып отырды.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 1940 жылдан бастап 1947 жылғы 21 ақпанындағы Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Қазақ ССР

Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» талқандағыш қаулысына дейінгі азғана уақыт аралығында зерттеу нысанына алған енді бір кезеңі кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихы болды. Қазан төңкерісінен кейін қанатын қомдап, қазір әлемге танылып отырған қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу, өсу мәселелері алғаш рет ғылыми тұрғыда тексеріле бастады. Бұл дәуірдің ішкі кезеңдері де талай уақытпен межеленіп, әр қилы атау алғаны да әмбеге аян. «Пролетар әдебиеті», «Төңкерісшіл әдебиет», «Кеңес совет әдебиеті» деген жалпы атаулардың аясында талай даудамайға түскен кездер де болды. Өсу, даму процесіндегі әдебиетті дәуірлеу мәселесі уақыт тезіне салынып отыратындығын ескерткен уақытта, алғашқы кезеңдегі ой-пікірлердің былайша көрінгенін еске сала кеткен жөн. Б. Кенжебаев 1941 жылғы мақаласында: «Қазақ халқының совет әдебиеті өзінің дамуында төрт дәуір өткізді.

1. Қазақ даласында совет өкіметін орнату, нығайту дәуірі (1917-1925 жылдар арасы);

2. Қазақ ауылындағы жер бөлісі, ірі байларды, феодалдарды конфискелеу науқандарының тұсы (1925-1929 жылдар арасы);

3. Колхоздасу, индустриялау дәуірі (1929-1936 жылдар арасы);

4. Сталиндік конституция дәуірі (1936 жылдардан бері қарай)» деп бөлуді ұсынады [74, 9]. 1940 жылдар тұрғысынан қарағанда бұл дәуірлердің ілтипатқа алынар жағы да жоқ емес, ал уақыт өте келе, бұл кезеңдер кеңес дәуіріндегі әдебиет жөніндегі мектеп оқулықтарында қолданыла қойған жоқ.

1942 жылы Е. Исмайыловтың жалпы редакциясымен 10 сыныпқа арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы шықты. Кітаптың бірінші басылуына жазылған алғы сөзде: «Орта мектептің 10 класына арналып жазылған бұл кітап – совет әдебиетінің тарихы туралы тұңғыш еңбек. Бұған дейін совет дәуіріндегі әдебиетіміздің тарихын, өсу кезеңдерін бір жүйеге келтіріп жазған кітап, очерк не болмаса сын мақалаларының жинағы да болмады. Сондықтан бұл кітапты жазып шығаруда совет әдебиетінің өсу, өркендеу дәуірлерін анықтау, әдебиет түрлерінің қалыптасуын көрсету, әрбір жазушының жазушылық сапарын, стилін, ерекшеліктерін ашып айту өте жауапты және қиын жұмыс болды», – деп ескертті [75, 6].

Қазақ кеңес әдебиетінің тарихын жасау мәселесі тек творчестволық, ғылымдық қиындықтарға ғана емес, сонымен бірге осы әдебиеттің негізін қалаған, шаңырағын көтерген, оны сәулетті күмбезге айналдырған, бүкіл көркемдік дамуға өз шығар-

маларымен ықпал жасап отырған дарындардың – С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Дәулетбаев, С. Шарипов, т.б. таланттардың жазықсыз жалаға тап болуы тарихи-көркемдік шындықтың бар сыр-сипатын ашуға мүмкіндік бермегенін естен шығаруға болмайды. Олар оқулықтан орын алған жағдайда авторлар ұжымы совет әдебиетінің тарихын дәуірлеу қажеттігіне бара алмасы айдан анық. Міне осыдан болуы керек, оқулықтың монографиялық портреттерінің алдынан «Қазақ совет әдебиеті туралы» деген көлемді кіріспе жазылып, ол Е. Исмайыловтың жеке авторлығымен 1946 жылы шыққан басылымда біршама толықтырылды.

Бұл кіріспені негізінен проблемалы тарихи шолу деп атаған жөн. Өйткені, онда жаңа дәуір әдебиетінің мән-жайын түсіндіріп, партияның көркем әдебиетті өркендетудегі рөлін, қазақ совет әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін баяндап, жаңа әдебиетіміздің даму кезеңдеріне тоқталған. Әдеби дамудың хронологиялық жүйесін сақтай отырып, әр кезеңде көркемдік шешімін тапқан өнерпаздық проблемаларға да назар аударып отырған. Мұндай принциппен жазылған шолу әрқашан үлкен дайындықты, мол білімді, әдеби-тарихи дерек-мағлұматтарды, парасатты көзқарасты талап етеді.

Проблемалы-тарихи шолудың «Қазақ совет әдебиетінің даму кезеңдері» деген бөлімінде автор «Азамат соғысы кезіндегі бұқарашыл әдебиет пен халық әдебиетіне» талдау жасаған. Сәкен, Бейімбет шығармашылықтарынан ой өрбіту мүмкіндігі болмағандықтан, қазақ әдебиетінің Октябрь қарсаңындағы жай-күйін, Сұлтанмахмұт пен Сәбит Дөнентаев төңірегінен ұзап шыға алмаған. 1916 жылғы халық поэзиясында осы тарауға икемдей баяндаған. Ал, «Совет шындығын жырлаған үгіттік әдебиет» деген тараушысында 1920-1925 жылдардың арасын меже етіп алады да, үгіттік поэзияның тақырыптарын әңгімелейді. «Қазақ совет әдебиетінің нығаюын» 1925-1929 жылдарға тұтас етеді де, 1929-1933 жылдарды «Әдебиет қозғалысының жаңа кезеңі» деп таниды. Ал, «Қазақ совет әдебиетінде социалистік реализм үшін күрес» тараушасын жазушылардың Бүкілодақтық I съезінен өрбітіп, «1934-1940 жылдардың арасы қазақ совет әдебиетінің барлық жағынан (әдебиет түрлері, пікір тереңдігі, шындықты кеңінен бейнелеу, жаңа бейнелер жасауы т.б. жақтарынан) күрделеніп өскен дәуірі деуге болады» деп табады да, осы кезеңде айрықша қарқындықпен өркендеген халық шығармашылығына, оның көрнекті өкілдеріне арнайы тоқталады [76, 27]. Тарихи жүйелеуді осылайша жалпы-

лай баяндап шыққаннан кейін поэзия, проза, драматургия жанрларының өсіп-өркендеу жолдарына талдау жасайды.

Қазақ совет әдебиеті дамуының жалпы сүлдесі ғана аңғарылып, оның игерген тақырыбы, көркемдік проблемасы, шеберлікті жетілдіру жолындағы ізденістері қысқаша баяндалады. Жаңа әдебиеттің өсіп-жетілу жолын түсіндірудің алғашқы тәжірибесі болғандықтан талай кем-кетіктер де айқын байқалады. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті туралы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге осылайша бастама салған Е. Ысмайыловтың 1947 жылғы қаулыдан кейін оқу құралдарын жасау жұмыстарынан шеттетілгені байқалады. Оған дәлел 9 сыныпқа арналған оқу құралы 1948 жылы Қ. Жұмалиев пен С. Мұқанов авторлығымен, ал кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті туралы 10 сыныпқа арналған еңбегі Ғ. Мүсірепов, Қ. Бекқожин, Қ. Жармағанбетов, С. Сейітовтердің атымен шығуы. Алайда бұлар бұрынғы Е. Ысмайылов жазған оқу құралдарының негізгі жүйесіне айтарлықтай өзгеріс енгізе алған жоқ, керісінше, қаулы талаптарына сай бұрмалаушылықтарға толы болды.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің орта мектепке арналған хрестоматиялар мен оқу құралдарында көрініс тапқан деңгейін бағалаған уақытта, 1920-1930 жылдардағы бұл

бағыттағы еңбектерді жоққа шығарған кеңестік идеология әсері мен ойланып-толғанып кеңінен зерттеуге мүмкіндік бере қоймаған заман талабын ескеру қажет. Сол себептен және бұл салада қалыптасқан мол тәжірибенің болмауынан олардың бәрі сәтті шыға да бермеді. Сондықтан да әр басылымы сайын толықтырылып, өзгерістер енгізіп отырылды. Олардың тұрақты оқу құралы дәрежесіне жетуіне ғылыми-әдістемелік сипаттағы көмекші құралдар мен бағдарламалардың және рецензиялық мақалалардың көмегі аз болған жоқ. Мысалы, «Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері» (1941), «Қазақ тілі мен әдебиетін тексеру сындары» (1940), «Орта мектеп программалары» (1941) секілді ғылыми-әдістемелік еңбектер мектепте әдебиеттің тарихи курсы жүргізу жолдары туралы бағыт-бағдар берерлік сипатта болды. Мектепке арналған оқулықтар туралы оннан астам сын мақалалар жарияланды. Олардың ішінде С. Ақмурзиннің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» («Екпінді құрылыс», 1941, 24 шілде), Ж. Бейсенбиннің «Қазақ совет әдебиеті» («Халық мұғалімі», 1941, №1), М. Ғабдуллиннің «Жаңа кітап» («Халық мұғалімі», 1941, №11), Б. Кенжебаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы» («СҚ», 1941, 15 шілде) секілді сыни рецензиялық мақалалардың айтары аз болған жоқ.

Мысалы, М. Ғабдуллин эпостық жырлардың тарихқа қарым-қатынасы мен әр түрлі варианттарын салыстыра зерттеу мәселесіне сай құнды пікір білдірсе, Б. Кенжебаев мектепте әдебиеттің тарихи курсы жүргізуде басшылыққа алу үшін қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлуде өзі жасаған жүйені ұсынады. Алайда, әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолына басқан қадамында сәтті ізденістер жасап жатқанда әдеби сын сыңар жақ солақайлығын «ұмыта» қойған жоқ болатын. Сын қанды соғыс жүріп жатқан кезеңнің өзінде кейбір жеке акын-жазушылардың шығармалары мен кітаптары туралы кеңестік идеологияның талабына сай тұқырта пікір айту әдетінен жаңылмады. Мысалы, Қ. Есенбаевтың «Жазушы Ғ. Мүсіреповтің зиянды пікірі туралы» («СҚ», 1944, 22 қазан), С. Төлешовтің «Сәбиттің диалектикалары» («СҚ», 1944, 17 қазан) деген мақалалар арқылы, олардың кеше ғана «халық жауларымен» байланысты болғандығын естеріне түсіріп қоюды назардан тыс қалдырмады.

Оқу құралдарына байланысты қазақ әдебиетінің тарихына «тұрпайы социологистік» көзқарастың қайта жаңғыруы С. Төлешовтің «Қазақ әдебиеті» туралы» («СҚ», 1944, 12 сәуір) деген сын мақаласы арқылы тағы да көрініс тапса, 1946 жылы П. Кузнецовтің «Идеясыздық пен жайбарақаттық жағдайында» («СҚ»),

4 қазан), С. Төлешовтің «Әдебиеттік оқу кітаптарындағы елеулі кемшіліктер» («Лениншіл жас», 13 қараша), «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жояйық!» («СҚ», 1 желтоқсан), А. Ысқақовтың «Зиянды кітап» («Лениншіл жас», 11 қыркүйек) секілді әшкерелегіш мақалаларға жалғасты. Бұлар 1947 жылғы қаһарлы қаулыға алып барар жолдағы дайындық кезеңінің жалпы сипатын танытатын алғашқы белгілері десе де болады. Оған партияның көркемөнер, әдебиет және ғылым туралы саясаты мен идеологиясынан туындаған объективті себептер де әсер етпей қалмады. Бұл бағыттағы бұрмалаушылық алғаш Қазақстанның өзінде басталды.

«1943 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет жасалған, одақтың ең мықты тарихшыларының жәрдемімен, әсіресе академиктер Греков, Дружинин, Панкратова, Кучкин, Бернштам, Вяткиндермен бірге, М. Әуезов, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайлов пен Е. Бекмахановтардың ынтымақ-бірлігінен туған «Қазақ ССР тарихы» Сталиндік сыйлыққа ұсынылып, ең ақырғы сатыға жеткенде, өзінің шовинистік көзқарасынан айыға қоймаған қарт профессор А. И. Яковлев «бұл орысқа қарсы жазылған кітап» деп сыйлық комитетіне мәлімдеме жасады. «Қа-

зақ ССР тарихы» сыйлықтан қағылғаны былай тұрсын, осы кезде, яғни 1943 жылы 28 маусымда Е. Бекмаханов «Қ. Қасымов бастаған қазақтардың ұлт-азаттық күресі (1837-1847)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, мәселені одан әрі ушықтыра түсті». «Қазақ ССР тарихындағы» өткен ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті туралы тарауларындағы негізгі тұжырымдар 1941-43 жылдардағы әдебиет хрестоматиялары мен оқу құралдарынан бастау алып жатқаны айтпаса да түсінікті. Еңбектің Исатай-Махамбет туралы жазылған тұстары қазақша, орысша («СҚ», 1943, 26 қазан, «Казправда», 1943, 24 қазан), ал «Повстанские песни казахов в XIX в.», «Ч. Валиханов» тараулары орысша («Каз. правда», 1943, 30 қараша) жарияланып, ғылыми ортада қолдау тапты. Оған қазақ тілінде шыққан А.Кучкин мен М.Вяткиннің «Қазақ ССР-нің тарихы», А. Пяковскийдің «Қазақ ССР-нің тарихы» («СҚ», 1943, 12 және 30 мамыр), А. Панкратованың орыс тілінде шыққан «Основные вопросы истории Казахской ССР» (Большевик Казахстана, 1943, №10-12) секілді мақалаларының жаңашыл бағыттағы ғылыми ой-пікірлері де әсер етпей қалмады.

Бірақ Қазақстанда және басқа ұлт республикаларында өз халқының тарихы мен әдебиетін жаңаша тану

жолында сәтті ізденістер жасауға ұмтылып жатқан ғылыми күштердің «ұлтшылдыққа» негізделген бағыт-бағдарын ұнатпаған БК(б) Орталық Комитеті 1944 жылы бүкілодақтық тарихшылар кеңесін өткізіп, еңбектің тас-талқанын шығара сынады. Соның негізінде 1943 жылы М. Әбдіхалықов пен А. Панкратованың редакциясымен шыққан «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» атты еңбек «Орыс халқына қарсы жазылған, Ресейге қарсы ұлттық көтерілістерді дәріптейтін зиянды кітап» болып танылды. Осымен партия өз халқының тарихын танып-білуге ұмтылған «ұлтшылдық» көзқарастарға қарсы күрес ашып, оны татар халқының «Едіге батыр» жырын ұлтшылдық мақсатта насихаттағанына байланысты 1944 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысымен бекітіп тастады. Сыннан қорытынды шығаруға ұмтылған Қазақстан К(б) П Орталық Комитеті «Қазақ ССР тарихын екінші рет бастыруға даярлау туралы» арнайы қаулы (1945) қабылдап, жаңа ұлтшылдықты түп-тамырымен жою үшін күреске шықты. Кеңестік идеология ықпалымен сойылын ала жүгіретін сыншыларды былай қойғанда, Е. Бекмахановтың өзі «Қазақ және ұлы орыс халқы достығының тарихи тамырлары», «Ұлы достық» («СҚ», 1945, 30 қазан, 18 қараша), орыс тілінде «Исторические корни дружбы казахского и рус-

ского народов» (Большевик Казахстана, 1947, № 11) секілді мақалаларын жариялап, ғылыми позициясынан безіп шықты. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы туралы концепция орнығып, кеңінен насихаттала бастады.

Міне, әдебиет сынында оқу құралдары мен басқа да зерттеу еңбектердегі «ұлтшылдықтың» салқынын әшкерелегіш жоғарыда айтылған мақалалардың жазылуына бұл бір себеп болса, 1946 жылғы ВКП(б) Орталық Комитетінің идеология саласы бойынша қабылдаған «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы және «Драма театрларының репертуары туралы және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулылары отқа май құя түсті. Осының барлығы Қазақстандағы ұлтшылдықты әшкерелеудегі идеология майданын жандандыра түсті де, мәдениет, әдебиет саласында қырық жылдан астам кесірін тигізген 1947 жылғы және одан кейінгі қате қаулыларға ұласты. Олардың күшін партияның XX съезінен кейін басталған жаңаша көзқарастың өзі жоққа шығара алмады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің қалыптасу дәуіріне қадам басқан осы кезеңде қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу, теориялық мәселелерін тексеру жұмыстары тек қана оқу құралдарында жүзеге асты десек



кателескен болар едік. Керісінше, олардың осындай деңгейде танылуына ғылыми зерттеу мақалалар мен монографиялық сипаттағы еңбектердің үлесі аз бола қойған жоқ.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің мақалалар мен еңбектерде ерекше көңіл аударғаны қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі болды. Ол енді ғана қалыптасу жолын бастаған қазақ әдебиеттану ғылымы үшін заңды құбылыс еді. Себебі, бірде-бір ғылым өзі тексеріп отырған саланың негізгі даму кезеңдерін анықтап алмай тұрып, ішкі ерекшеліктерін зерттеуді қолға ала алмайтыны белгілі. Осыған сай қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуде 1940 жылдардың бас кезінен бастап-ақ екі түрлі көзқарастағы жүйедегі бөлу жобасы қалыптаса бастады. Оның алғашқысын Қ. Жұмалиев XVIII ғасырдың екінші жартысындағы, XIX ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы әдебиет, XX ғасыр басындағы әдебиет деген үлгіде 1940 жылы ұсынған болатын [77].

Ал бұған қарсы екінші көзқарастағы үлгі Б. Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет (XV-XVIII ғғ.), XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет, XIX ғ. екінші жартысындағы әдебиет, XX ғ. басындағы әдебиет, Қазақ совет әдебиеті» деп бөлген, С. Мұқановтың Алтын Орда тұсындағы әдебиет, Ақ-

табан-шұбырынды тұсындағы әдебиет деп дәуірлеген жүйелері болды. Алайда Б. Кенжебаев пен С. Мұқанов ұсынған бұл жүйелердегі жоба басқа әдебиетші ғалымдар тарапынан қолдау таппады. Б. Кенжебаев: «Кейбір жолдастар «Асанқайғы мен Сыпыра жырау тарихта болмаған, халық ойдан шығарған, әдебиетіміздің тарихын олардан бастамай, тарихта болғаны ақиқат Бұқар жыраудан – XVIII ғасырдан бастауымыз керек», – дейді. Бұл дұрыс емес, ауырдың үстіменен, жеңілдің астыменен жүргендік болады», – деп, өзі қазақ хандығы тұсындағы әдебиет деп атаған дәуірдің тарихи маңызы мен зерттелетін ақын-жырауларды атап көрсеткенімен, құлшыныс білдіргендер болмады. Сол себептен де болар, әдебиет хрестоматияларын құрастыру мен оқу құралдарын жазу барысында Қ. Жұмалиев ұсынған дәуірге бөлу нұсқасы басшылыққа алынып кетті. Әсіресе 8 класқа арналған оқу құралдарын жасаушы осы Қ. Жұмалиев болғандықтан да қиындықсыз жүзеге асты. Оны 1942 жылы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты еңбегінде С. Мұқанов та қолдап, өзінің алғашқы дәуірге бөлген нұсқасынан бас тартты. Ғылыми ізденістің негізгі бағыттары да осы ғасырлардағы әдебиет өкілдері төңірегінде жүруі Қ. Жұмалиевке 1948 жылғы «Қазақ

әдебиеті» оқулығында қазақ әдебиеті тарихының Бұқар жыраудан ғана басталатынын тұжырымдай айтуына мүмкіндік туғызды. Әдебиет туғанмен де, дәуірге бөлу проблемасының осылайша қарама-қайшы көзқарастар деңгейінде шешілуінің кері әсері болмай қалмады. Қ. Жұмалиевтің дәуірлеген жүйесі кейін концепцияға айналып көп жылдар бойы ұлттық әдебиетіміздің арғы бастауларын зерттеуге тұсау салғаны белгілі. 1940 жылдарда ең құрығанда бастама дәрежесінде болса да ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің нысанасына айналу мүмкінділігіне ие бола алмаған XV-XVIII ғасыр әдебиетін зерттеу, «тұрпайы социологизм» дауылы қайта көтерілген 1950 жылдары тіптен де мүмкін болмай қалды.

Солай бола тұрған күннің өзінде, 1940-1950 жылдар арасында әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесін нақты сөз ете бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір, оқу құралдарында әр ғасыр әдебиетіне сай хронологиялық жүйеде топтастырылған ақын-жазушылар мұрасын жан-жақты тексеру міндетін алға тартты. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеу мәселесінде оқулықтар жолбасшылық роль атқарды дей тұрғанымызбен, әр дәуір әдебиетіне сай қарастырылған ақын-жазушылар шығармашылығын монографиялық сипатта зерттеуге сай бағыт-бағдар ғылыми мақалалар мен зерттеулерде жүзеге асты. Мысалы, төңкеріске

дейінгі әдебиеттен Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт шығармашылықтарын жан-жақты тексеруге деген ұмтылыс анық көрініс тапты. Олардың шығармаларын жинау, жариялау, кітап етіп бастырып шығару жұмыстары да қызу қолға алынды.

Сыншылдық және ғылыми ой-пікірдің өріс алар өзегі болып келген Абай мұрасына жаңаша көзқараста қарау – зерттеу жұмыстарын күрделендіре, тереңдете түсті. Ол ұлы Абайдың туғанына 95 жыл толуына байланысты 1940 жылы шығармаларының екі томдық толық жинағының шығуы мен баспасөз бетінде танымдық мәні зор көптеген ғылыми мақалалардың жариялануынан басталды да, іле-шала 100 жылдық мерей тойына дайындық жұмыстары қызу қолға алынды. Тіл-әдебиет институты Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеу жөнінде 1943 жылы М. Әуезовтің бастауымен, 1944 жылы Е. Ысмайыловтың жетекшілігімен екі бірдей ғылыми экспедиция ұйымдастырылды. Жинақталған жаңа деректер мен материалдар ақынның ғылыми өмірбаянының толықтырылған үшінші нұсқасының жазылуына негіз болса, жаңадан табылған шығармалары 1945 жылғы академиялық жинақтың толық мәнде жарық көруіне көп көмегін тигізді. Ұлы ақын мерейтойының бүкіл

республикалық деңгейде атап өтілуі мен «Қызыл Армия үгітшісінің блокнотынан» бастап ССРО ғылыми академиясының Қазақ филиалының «Хабарларына» дейінгі баспасөз бетінде жүзге тарта мақалалардың орыс, қазақ тілдерінде жариялануы абайтану ілімінің қарқынды қадам жасап жатқанына бір дәлел болды. Бұл жерде М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының алғашқы кітаптары жарық көріп, қалың жұртшылық пен әдебиетші-сыншылар қауымынан жоғарғы бағаға ие болған табысының игі әсері де болғанын атап ету керек. Әрине, жарияланған мақалалардың барлығын абайтануға үлкен үлес болып қосылған еңбектер деп бағалауға болмас. Естеліктік, тарихи-дерекнамалық, шола баяндау мен танымдық-бағалаушылық мақсатта ой айтқандар да аз бола қойған жоқ. Ал ғылыми сипаттағы мақалалар тек абайтану ілімінің тың проблемаларын көтере бастағанын ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жеке дарындарды монографиялық тұрғыда тексеру жолындағы игі қадамдар жасап жатқанын да анық танытты. Мысалы, Қ. Жұмалиевтің «Қазақ өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары» (Майдан, 1944, №2), М. Әуезовтің «Абай еңбектерінің биік нысанасы» («СҚ», 1945, 18.08), Б. Кенжебаевтың «Абайдың қарасөздері» («СҚ», 1945, 15.08),

С. Мұқановтың «Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері» (1945 жылғы толық жинақта), Ғ. Мүсіреповтің «Абай және орыс классиктері» («СҚ», 1945, 21.08), Е. Ысмайыловтың «Абайдың көркем сөз шеберлігі» («СҚ», 1945, 22.08) тағы да басқа мақалалар ұлы ақын мұрасын ғылыми тексеру жолындағы ізденістердің тың арналарға бағыт алып өрістей бастағанын байқатады. Абайдың өз мұрасын зерттеуге байланысты нақты көтеріле бастаған тақырыптарды былай қойғанда, «Абай шәкірттері», «Абайдың ақындығының айналасы және әдеби мектебі» секілді бағыттардағы мәселелердің зерттеу нысанасына түсуі, ұлттық әдебиет тарихында жаңа есімдердің жарыққа шыға бастауына үлкен даудамайға айналып, соңғы кезге дейін дұрыс шешімін таппай келгені, тек маркстік-лениндік әдіснама қағидаларынан құтылғаннан кейін ғана мойындағанымыз – сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қиыншылықтарға қарамастан соны барлауларға бара алғанының айғағы. Оны монографиялық сипаттағы зерттеудің алғашқы баспалдақтары ретінде танылған М. Әуезов пен Б. Кенжебаевтың «Абай – қазақтың ұлы ақыны» (1945, қазақша, орысша), Н. Сәбитовтің «Абай» (1946, библиографиялық көрсеткіш, екі тілде), М. С. Сильченконың «Абай: Очерк жизни и творчества» (1945),

«Абай – классик казахской литературы» (1949), Ә.Жиреншиннің «Абай и его русские друзья» (1949) секілді еңбектерінің Қ. Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948) атты монографиясына ұласуы мен докторлық диссертация қорғауы (1946) тағы да дәлелдей түседі. Абай мұрасы 1946 жылы ашылған ұлттық Ғылым Академиясының Тіл-әдебиет институтындағы зерттеу жұмыстарының басты нысаналарының біріне айналып, бұл саладағы жұмыстар қарқынды дами бастады.

1940 жылдардағы абайтану іліміндегі осы секілді тың ізденістер халқымыздың басқа екі ұлы ағартушысы Шоқан мен Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығын, өнерпаздың тұлғаларын ғылыми зерттеуге кең жол ашты. Ы. Алтынсарин мектеп оқу құралдарына енгізілгендіктен шығармалары біршама таныстырылып, жазушының, ұстаздық тұлғасына бағалаушылық мәндегі пікірлер айтылып та жатқан еді. Ал Ш. Уәлиханов қалдырған мол мұраның ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің нысанасына түсуі мен қазақ әдебиеті тарихына байланысты сөз бола бастауы – осы 1940 жылдардағы ғылыми мақалалардың еншісінде. Өйткені, оқу құралдарында кеңестік идеологияның ұлттар достығы саясатына қайшы келетін және кейінде қате табылған тарихи жырлар мен

отаршылдыққа ашық қарсы шыққан Мұрат, Дулат, Шортанбай және басқа да «керітартпа, ескішіл» саналған ақындар шығармашылығы қарастырыла бастағандықтан, Шоқан мен Ыбырай туралы бұрындары қалыптасқан «тұрпайы социологизмге» сай көзқарас өз позициясын жоғалтты. Оған басты себептердің бірі – соғыс жылдарында халықтар достығының айырықша дәріптеле бастауына орай осы үш ағартушы – ойшылымыздың орыс достарының көп болуы еді. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті классиктерінің мұрасын зерттеуге тайсалмай баруына мүмкіндік берді.

Осы кезеңдегі шоқантану саласындағы ізденістердің ізашары саналған Қ. Бекхожиннің «Ш. Уәлиханов – қазақтың тұңғыш білімпазы» («Әдебиет және искусство», 1941, №4) сияқты мақалаларынан бастап зерттеушілік мәні айқын танылатын біршама ғылыми мақалалар жарық көрді. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің өкілі ретінде хрестоматиялар мен оқулықтарда енгізілмей жүрген Ш. Уәлихановтың ғалымдық, ағартушылық тұлғасының таныла бастауына бұл мақалалардың жетекшілік рөлі зор болды. Олардың ішінен Х. Айдарованың «Қазақ халқының талантты ұлы» («СҚ», 1945, 15 шілде), Б. Кенжебаевтың «Ш. Уәлиханов», Е. Ысмайыловтың «Ш. Уәлиханов»

(«Әдебиет және искусство», 1945, №4, 1948, №10) сияқты зерттеу мақалалары шоқантану саласында тың проблемаларды көтере алуымен құнды. Бұған қоса ұлы ғалымның ғылыми еңбектері мен хаттары 1947 жылы орыс тілінде басылып шығуы өріс алып бара жатқан ғылыми ой-пікірге өзек болды. Бұл жерде Шоқан мұрасын зерттеу нысанына алып жатқан басқа да ғылым салаларынан ұлттық әдебиеттану ғылымы қалыса қоймағанын ескерте кету артық болмас. Оның ағартушылық, ғалымдық тұлғасымен қоса фольклорист, әдебиетші ретіндегі қырлары туралы тұжырым қалыптаса бастады. Бұл келді де қазақ әдебиетіндегі орнының бағалануына сай оқулықтарға енгізілуіне жол ашты.

Ы. Алтынсарин шығармашылығына оқулықтар деңгейіндегі бағалаушылық көзқарастан көрі тереңдеп, ғылыми және әдеби-теориялық талдауларға баруға жол ашылды. Алғашқыда «Социалистік Қазақстан» газетінде Б. Сүлейменовтің «Ы. Алтынсарин» (1945, 15 қыркүйек), Ә. Сыздықовтың «Ы. Алтынсарин – педагог» (1945, 10 көкек) деген мақалалары жарияланып, ол кейін ұлы педагогтің қайтыс болуына 60 жыл толуына орай бірнеше мақалалар мен зерттеулердің жазылуына жалғасты. 1943 жылы таңдамалы шығармалары, 1948 жылы «Кел, балалар, оқылық» атты жинағы шығып,

олар ғылыми ойдың жаңа арнада дамуына үлес қосса, 1949 жылы шыққан А. Ф. Эфировтің «Ибраһим Алтынсарин», А. С. Ситдыковтың «Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина» (қазақшасы 1950 ж.) атты еңбектерін сол жолдағы алғаш қол жеткізілген нәтижелер ғана емес, қалыптасу дәуірінде күрделі мәселелерді сөз ете бастаған ұлттық әдебиеттану ғылымының табысы десе де болады.

Біздіңше, Шоқан мен Ыбырай туралы осы кезеңдегі, яғни 40-жылдардағы жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеулерді басты назар аударған нысаналары мен мәселелеріне орай тарамдата баяндап жату міндет емес. Сондықтан да ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің күрделі де көкейкесті тақырыптарға қаймықпай барып, алғашқы ой-тұжырымдар жасай алғандығын байқату үшін жинақтай айтсақ та жеткілікті. Яғни, қалыптасу кезеңіне енді ғана қадам басқан ұлттық әдебиеттану ғылымы осы екі ағартушы-ойшыл мұрасын зерттеуде:

1. 20-30-жылдары тереңдеп баруға мүмкіндік болмаған Абайға дейінгі әдеби дамудың басты сыр-сипатын анықтады.

2. Ұлттық сана-сезімдегі ағартушылық идеяның туу, даму жолдарын жүйеледі.

3. Қазақ әдебиеті тарихындағы орындарын бағалап, қосқан үлесін

саралады. XIX ғасырдағы әдебиеттің көрнекті өкілі деген тұжырым қалыптастырды.

4. Ғұмырнамалық деректерді жүйеледі, шығармаларын жинап-жариялау ісін жолға қойды.

5. Ағартушы, ғалым, педагог, жазушы, әдебиетші секілді табиғи таланттылыққа сай тұлғалары бағаланды.

6. Ұлттық таным-білікті Шоқан ғылыми арнада, Ыбырай педагогикалық арнада дамытудағы ұлылығын ашуға алғашқы қадамдар жасалды.

7. Ыбырай шығармаларына әдебиеториялық талдау жасау жолындағы бастамалар көрініс тапты.

8. Шоқан мен Ыбырай шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеуге бастама салынды. Оның негізгі бағыт-бағдары мен көкейкесті мәселелері айқындала бастады.

Әрине, бұл сол кезеңдегі ғылыми ізденістер үшін аз табыс емес еді. Егер бұған қазақтың осы ағартушы-ойшылдары секілді ғылыми зерттеудің нысанасына көбірек алынған Махамбет шығармашылығының тексерілуін қоссақ, онда XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің біршама жүйеленіп қалғанын байқар едік. Шынын айтсақ, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір оқулық деңгейінде қарастырылып жүрген кейбір ақын-жазушыларды да назардан тыс қалдыра қойған жоқ. Мысалы, С. Дөнентаев, М. Ж. Кө-

пеев, С. Көбеев, С. Торайғыров, М. Өтемісұлы, Ш. Бөкеев және т.б. Бірақ, осылардың ішінен ұлы ағартушыларымыз зерттелген деңгейде қарастырыла қоймаса да бәрінша мол сөз болғандары – Махамбет пен Сұлтанмахмұт қана, өзгелері туралы ғұмырнамалық сипаты басым бірді-екілі мақала ғана болмаса, жүйелі зерттеу нысанасына түспегені байқалады. Басқаларды айтпағанда, С. Мұқанов 1942 жылғы еңбегінде «халықшыл ақын» деп, Қ. Жұмалиев 1941 жылғы оқулығында «үлкен реалист ақын» деп бағалаған Шортанбайдың, болмаса Дулат, Бұқар секілді басқа да тұлғалардың мұрасына ғылыми зерттеу мақалалардың арналмауы түсініксіз. Соғыс және оның зардаптарын жоюдағы қиын кезең еді ғой дей тұрғанмен де, бұлар туралы ешқандай ізденіс болмады деу мүлде қисынсыз. Біздің ойымызша, 1940 жылдар басындағы мектептер мен оқу орындарын оқу құралдарымен қамтамасыз ету міндеті шұғыл қойылғанда, «халық жаулары» атанғандардың орнын толтыру үшін еніп кеткен, кейінде «керітартпа ескішіл феодалшыл, ұлтшыл» атанған ақындардың таптық сипатын ашуға маркстік-лениндік әдіснаманың да, кеңестік идеологияның да соғыс басталуына байланысты мүмкіндігі болмай қалды. Әйтсе де олар өткізіп алған бұл «қателерінің» өріс алмауы үшін

мерзімді баспасөз бен ғылыми басылымдарды қырағы қадағалаған сияқты. Оған дәлел – соғыстан соң іле-шала 1947 жылғы қаулының шығуы. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікір барынша еркіндік алып кете алмағандығын көрсетеді. Соның салдарынан да ұлы ағартушылар және Махамбет, Сұлтанмахмұттан басқа ақын-жазушыларымыз оқу құралдарындағы таныстырулар мен талдаулардан әріге бара қоймаған деңгейде қалып қойды. Ол жеке дарындарды монографиялық тұрғыда тексеру жұмыстарының тұтастай өріс алуына, сол арқылы ұлттық әдебиет тарихының жүйелі түрде зерттелуіне кесірін тигізді.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің оқулықтарда сөз болып жүрген басқа ақын-жазушылардан гөрі Махамбет пен Сұлтанмахмұтқа көбірек ден қоюының объективті себептері де жоқ емес. Махамбет шығармашылығына байланысты ол екі жағдайда танылды. Біріншіден, 1943 жылғы М. Әбдіхалықов пен А. Панкратованың революциясымен шыққан «Қазақ ССР-інің ерте заманнан осы күнге дейін тарихы» аталатын, шықпай жатып-ақ қатты «сынға» ұшыраған еңбектегі Исатай-Махамбет көтерілісінің сұлтандар бастаған ұлт-азаттық қозғалыс емес, шаруалар көтерілісі болып дәріптелуі болса, екіншіден, соғыс кезіндегі ата-баба аруағын шақырған күрескерлік рух

пен патриотизмге бет алу өз әсерін тигізді. Сұлтанмахмұттың зерттеле бастауына, туғанына 50 жыл, қайтыс болғанына 25 жыл толуын атап өту секілді даталар себеп болды.

Осы кезеңде ғылыми ой-пікірдің дамуына ерекше еңбек еткен Е. Ысмайылов пен Б. Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт туралы, Қ. Жұмалиевтің Махамбет туралы мақалалары жеке дарындарды монографиялық тұрғыда зерттеудің биік үлгісін көрсетті. «Әдебиет және искусство» журналы және басқа басылымдар бұл ақындар туындыларын жиі жариялады. Соның нәтижесінде С. Торайғыровтың таңдамалы шығармалары (1950) жарық көрді. Махамбет мұрасын жинау-жариялау жұмыстары қолға алынды. Осындай ізденістер жемісі ретінде 1948 жылы Қ. Жұмалиевтің «М. Өтемісұлы» атты ғылыми очеркі, 1949 жылы Б. Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұттың ақындығы» аталатын зерттеуі басылып шықты. Бұған Қ. Жұмақұловтың «Қазақ халқының ұлы демократ ағартушылары» атты кітапшасы қоссақ, 40-жылдардағы ұлттық әдебиеттану ғылымы әдебиет тарихының жалпы мәселелері мен дәуірге бөлу проблемасымен ғана шектеліп қалмай, жеке дарындар шығармашылығын тексеруде де шешуші қадамдар жасай алғанын көреміз. Өкінішке орай, кенес дәуіріндегі әдебиет өкілде-

рінің шығармашылығын зерттеуде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бұл деңгейде табыла алмады. Кезең ыңғайына орай, халық шығармашылығының өкілдеріне көбірек, көңіл аударылғаны да рас. Оған соғыс кезінде қайта жанданған айтыс өнерінің әсері де тимей қалмады. Алайда, халық ақыны Нұрпейіс, Доскей, Шашубай т.б. туралы мақалалар ғұмырнамалық деңгейдегі ой-қорытындылардан алысқа бара алмады. Ең көп жазылды деген Жамбыл туралы мақалалардың өзінде ғылыми тереңдік пен әдеби теориялық талдау жасау жағы жетіспей жатты. Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы, жырлаған тақырыптары, толғауларының Отан қорғаудағы мәні, айтыстағы шеберлігі т.б. совет заманындағы халық ақыны екенін дәлелдеуге құрылған жалпылама баяндаудан аса алмады. Әйтсе де бүгінде жамбылтану атанып жан-жақты дамып отырған саланың алғашқы іргетасы осы 1940 жылдары салына бастағанын атап айтар едік. Олай деуге толық негіз бар. Мақалалармен салыстыра қарағанда, 1946 жылы жарық көрген К. Зелинскийдің «Джамбул», М. И. Ритман-Фетисовтың «Д. Джабаев: Жизнь и творчество» аталатын еңбектерінің ғылыми құндылығын жоққа шығаруға болмайды. Бүгінгі күннің талап-тілегі бойынша қарасак, «күн көсемдерді»,

партияны жырлауы жағына көбірек көңіл аударылғанымен де, Жамбылды халық поэзияның алыбы екенін дәлелдеп шығу жолындағы тұжырымды пікірлер көңіл аударуға тұрарлық. Сол сияқты С. Бегалин, А. Тәжібаев, М. Фетисов шығарған «Джамбул» атты өмірбаяндық очерк пен библиографиялық көрсеткіш те (орыс тілінде) жамбылтануда тың ізденістер болып жатқанын дәлелдейді. Әдебиеттану ғылымының ғылыми биіктіктерге қол созған ұмтылыстарын саралаған уақытта қазақ библиографиясы мен текстологиясы да өз саралары бойынша бағыл қадамдар жасап жатқанын айта кету керек. Жоғарыдағы тарауда айтқанымыздай, төңкеріске дейінгі ізденістері 20-30-жылдары белгілі бір дәрежеде жалғасын тауып жатты. Наркомпростың қолдауымен қазақ тілінде басылған кітаптардың тізімін алу, анықтау, көрсеткіш етіп шығару жұмыстары қолға алына бастады. Ол 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде де көтеріліп, бұрынғы шыққан кітаптардың тізімін алып, қажетті деп тапқан тандаулыларын қайта бастырып шығару керектігіне көңіл аударылды. Ол 1926, 1927 жылдары шыққан «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» және «1929 жылдың 1 тамызына дейін шыққан кітаптардың тізімі» (1929) деген атпен жарық көрген библиографиялық



көрсеткіштер дәрежесінде көрініс тапты. Оларды баспаға дайындаған М. Дулатов еді. Бұлар тек төңкерістен бері қарай жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптарға арналған библиографиялық көрсеткіштер болатын. Толық әрі жан-жақты жасалмағанымен, бұлар қазақ библиографиясының бір қадам алға басқанын танытатыны анық еді. Бірақ, алашшылдарды қудалауға байланысты, бұл іс еріксіз үзіліп қалды да, тек қыркыншы жылы қайта жалғасты.

Негізінен библиография уақыт тұрғысынан алғанда ағымдық және ретроспективті деп екіге, мазмұны жағынан жалпы, персональды, тақырыптық библиография деп үшке, ал мақсаты жағынан көпшілікке арналған және ғылыми-зерттеу жұмыстар үшін ғылыми библиография болып екіге бөлінеді екен [25, 23]. 1940-55 жылдар аралығындағы сөз еткелі отырған библиографиялық көрсеткіштер негізінен ретроспективті (белгілі тарихи кезең материалдарынан құрастырылған, персональді және ғылыми-зерттеу жұмысына арналғанын байқаймыз. Бұл бағыттағы жаңа қадам 1940 жылы Абайдың екі томдық жинағын бастырып шығаруға байланысты жұмыстарға орай көрінді. Ұлы ақынның туғанына 95 жыл толуына арналған «Абай» атты библиографиялық көрсеткішті Ы. Дүйсенбаев, Е. Ысмайлов, Қ. Бекхожиндер 1940 жылы бас-

тырып шығарды. Осыдан бастап жеке ақын-жазушы шығармашылығына арналған (персональді) библиографиялар жасау ісі қолға алынды. Осы кездегі қазақ библиографиясының дамуына ерекше еңбек еткен Н. Сәбитов болды. Абайға арналған алғашқы көрсеткіште сыни библиографиялық материалдар, өлеңдер ғана қамтылған болса, Н. Сәбитов оны толықтыра дамыта отырып, 1946 жылы «Абай» атты (қазақша-орысша) өз еңбегін шығарды. Онда ақынның 1889-1945 жылдар аралығында басылған шығармалары мен ол туралы жазылған танымдық, зерттеушілік еңбектердің барлығы библиографиялық тұрғыда жүйеленді.

Бұл библиографиялық көрсеткіштердің ғылыми танымдық мәні зор еді. Себебі, Абай шығармашылығын зерттеуге негіз боларлық еңбектерді бір жүйеге келтіріп қана қоймай, ақынның академиялық толық жинағын шығаруға, текстология мәселелерінің нақты сөз бола бастауына өз эсерін тигізгені анық. Мысалы, текстология, яғни ақын шығармаларының түп нұсқасын анықтау, нақтылау мәселесі осы академиялық жинақтағы түсініктерде біршама көтерілсе, Б. Жақыпбаевтың «Абай шығармаларының текстісі» (Майдан, 1945, №2) мақаласында да біршама сөз болады. Абай өлеңдеріндегі шумақтар мен кейбір жолдардың өзгеріске ұшырауын са-

лыстыра қарап, түпнұсқасын табу жолында кейбір жаңсақтықтар жібермеу жағы қатты ескертіледі. Абайдың 1933 жылғы толық жинағы текстологиялық жағынан сапасы төмен болғандығын М. Әуезов өзі ескерткен болатын. Енді М. Әуезов айтқандай, «текстологиялық талдаулар үшін Абайдың творчестволық методы мен индивидуалдық ақындық ерекшелігі негіз болатыны» басшылыққа алына бастады. Ол Т. Әбдірахмановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты мақаласында біршама тарамдатыла баяндалды да, ақын өлеңдерінің бастапқы түпнұсқасын қалпына келтіру ғылыми тұрғыда қарастырыла басталды.

Абайға арналған осы екі көрсеткіш қазақ библиографиясының алғашқы іс-тәжірбиесі болғандықтан және абайтанудың барлық мәселелерін «ұлтшылдар» мен «халық жауларына» байланысты көзқарастың кесірінен қамти алмағандықтан, толық мәнді еңбек бола алмағаны айтпаса да түсінікті. Алайда, олар жеке ақын-жазушы шығармашылығын библиографиялық тұрғыда жүйелеуге бастама салды. Н. Сәбитов бұл саладағы ізденістерін жалғастыра отырып, Ғылыми академиясының «Хабаршысында» (1950, № 2) Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин туралы жарияланған материалдардың библиографиялық көрсеткішін орыс тілінде

жариялады. Бұл секілді сәтті қадамдар қазақ библиографиясының өзге түрлерінің де туа бастауына әсерін тигізбей қалмады. Енді ретроспективті сипаты анық ғылыми зерттеу жұмыстарына бағытталған жалпы библиографиялық көрсеткіштер жазыла бастады. Ол алғашқыда «Әдебиет және искусство» журналындағы Ә. Тоқмағамбетовтің «Революцияға дейінгі басылған қазақ көркем әдебиетінің библиографиясы» (1940, №7-8) атты еңбегінде біршама қарастырса, Н. Сәбитов «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты кітабында 1862-1917 жылдар аралығындағы әдеби, ғылыми материалдарды бір жүйеге келтірді. «Бұл библиографиялардың олқы жері: оларға әр түрлі себептермен байланысты көптеген маңызды материалдардың енбей қалуында. Толық болмаса да, тұңғыш тәжірибелер ретінде қазақ әдебиет библиографиясының тарихында Н. Сәбитов құрастырған библиографиялық көрсеткіштерінің өзіндік орны бары даусыз» [25, 18]. Бұлардың қатарына 1948 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1 томындағы көрсеткіш пен Ғылым академиясы басылымдарының библиографиясын (1952) қоссақ, ағымдағы және бұрынғы баспасөз бен басылымдардағы әдебиетке қатысты материалдарды бір жүйеге келтіру, пайдалану жұмыстары үздіксіз

жүріп отырғанын көрер едік. Бұны айтқан уақытта 1940-1955 жылдар аралығындағы қазақ библиографиясында орны елеулі екі еңбекті ерекше атаған орынды. Олар қазақ библиографиясында ретроспективті тақырыптық, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға көмегі тиетін көрсеткіштерге тән негізгі сипаттарды толық көрсетуімен құнды еді. Алғашқысы – В. М. Сидельниковтің 1951 жылғы халық ауыз әдебиетіне арналған орыс тіліндегі еңбегі. Онда қазақ фольклорына байланысты 1771-1916 жылдар аралығындағы барлық материал қамтылған. Жарияланған және жарық көрген фольклорлық үлгілер мен зерттеу еңбектер енгізіліп, бұрынғы көрсеткіштерде қамтыла қоймағанын деректермен толықтырылып шықты. Негізінен орыс тілінде жарияланған басылымдар бойынша жұмыс жасау басты назарда болып, қазақ тілінде жарияланған бірталай материалдар енгізілмей қалғанымен, бұл еңбек фольклортану саласындағы да ғылыми ой-пікірлерді бір арнаға жүйелеп, библиографиялық тұрғыда нақтылап берді. Ал келесісі – Ғ. Әбетовтің «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1956) аталатын қазақша-орысша шыққан еңбегі. Бұл кеңес дәуіріндегі әдебиет туралы қырқыншы жылдарда әр түрлі сипатта және мазмұнда шыққан көрсеткіштердің барлығын ғылыми тұрғыда саралай отырып,

толықтырған көрсеткіш болды. Онда ақын-жазушылардың 1917-1946 жылдар аралығындағы басылған идеологиялық саясатқа қарсы келмейтін көркем шығармалары және олар туралы сын мақалалар, ғылыми еңбектер енгізілген. Көрсеткіштің таза әдебиет мәселесіне арналмай марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, партиялық құжаттар мен қаулы-қарарлардың орын алуын сол кездегі заман талабы деп ұғар болсақ, бұл көрсеткіш те қазақ библиографиясының алға басқан сәтті табысы дер. Қазақ библиографиясы мен текстологиясы жайында бұл айтылғандардан шығар қорытынды: ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің даму жолын бастаған кезеңінде бұл салаларында да көңіл аударарлықтай ізденістер жасап, келешекте туатын сүбелі еңбектердің іргетасын қалап жатқанын көреміз.

Қалыптасу жолын бастаған жылдардың өзінде-ақ осылайша, әр саладағы тақырыптарға батыл барлау жасап жатқан ұлттық әдебиеттану 1920-1930 жылдардағы әдебиеті де назардан тыс қалдыра қойған жоқ. Ғылыми зерттеушілік мақсатта азды-көпті сөз болған С. Мұқанов пен М. Әуезов болды. Бірақ ғылыми-зерттеушілік ой-пікір оларды арнайы мақсатта тексеруге ұмтылды деп кесіп айту қиын. Өйткені, М. Әуезов туралы жазылған мақалалар «Абай жолы» эпопеясына байланысты жазушы

шеберлігі төңірегіндегі сыншылдық ойға қарай ойыса беретіні байқалса, С. Мұқанов шығармашылығын шола баяндап, үстірт қарау басым түсіп жатты. Алайда, оларға бүгінгі күннің биік көзқарасы тұрғысынан қарап, жетіспеушіліктері мен маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарына сай топшылауларын қазбалай көрсетудің қажеті шамалы. Қазір айтуға оңай болғанмен, 1937-1938 жылғы зұлмат ызғары жойылған да, ұмтылған да жоқ еді. Сондықтан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 1920-1930 жылдардағы әдебиетке асқан сақтықпен қарауы түсінікті де еді. Басқалар түгіл, М. Әуезов пен С. Мұқановтың 20-30 жылдардағы шығармаларының кенестік дәуірдегі әдебиетті дамытудағы маңызына тереңдеп бара алмауының басты себептерінің бірі осында деп ойлау керек. С. Мұқановтың туғанына 50 жыл, жазушылық қызметіне 30 жыл толуына орай жазылған мақалалардың монографиялық тұрғыдағы зерттеу еңбектері дәрежесіне жете алмауының сыры да осында. Бұдан 20-30-жылдардағы әдебиет мүлде сөз болмады деген ұғым қалыптаспауы керек. Б. Кенжебаевтың «Қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі» («ҒА хабарлары», 1948, №55), Қ. Жұмалиевтің «Қазақ совет әдебиетінің даму кезеңдері» («Әдебиет және искусство», 1949, №10) секілді мақалалары төңкерістен

бергі әдебиеттің даму тарихы туралы ғылыми түрде жүйелі түсінік беру мен зерттеу жолындағы басты көңіл аударарлық мәселелерді таныта білуімен ерекшеленеді. Негізгі айтылар ой – С. Бәйішевтің 1947 жылғы «Қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеудің күрделі мәселелері» («СҚ», 1947, 15 тамыз) атты мақаласындағы ғылым туралы партия саясатының талаптарынан туындап жатқанымен, осы дәуір әдебиетін зерттеуде алға басқан қадамдардың бірі екенін ашып айтқан дұрыс.

Ұлттық әдебиет туралы ғылымның 1940 жылдардағы ғылыми ізденістерін сөз еткен уақытта, зерттеу әдістерінің қандай сипатта көрініс тапқанына көңіл аудармасқа болмайды. Өйткені, қандай да болсын ұлттық әдебиет туралы ғылыми бүкіләлемдік әдебиеттануға тән әр түрлі мектептер теориясына сай даму жолын толықтай бастан өткермеген күннің өзінде, олардың негізгі белгілері байқалмай қалуы мүмкін емес. Маркстік-лениндік әдіснама төңкеріске дейінгі орыс әдебиеттану ғылымындағы академиялық мектептер қалыптастырған әдіс-тәсілдерді жоққа шығарғанымен, олар біржола құрып кетті дей алмаймыз. Көркемөнер мен ғылымды маркстік-лениндік әдіснаманың принциптерінен шығармаған партия саясатының 40-жылдары тізгінді сәл де болса босатыңқырағаны тарихи

шындық. Осыған сай Ресейде ғана емес, ұлт республикаларында да көркем әдебиетті ғылыми тексерудегі бүкіләлемдік іс-тәжірибеден үйрену, жаңашыл деп танылған кейбір теорияларды пайдалану процесі қатар жүріп жатты. Ол кейін ғылымдағы космополитизм, батысқа бас июшілік, буржуазияшыл-ұлтшылдық деп табылғаны мәлім.

Бұл тұрғысынан келгенде, осы кезеңдегі қазақ әдебиеттану ғылымы да өз мүмкіндігі келгенше ұмтылыстар жасамай қалған жоқ емес. Оқулықтар мен хрестоматияларда негізінен биографизм мектебінің талаптарына сай ғұмырнамалық тұрғыдағы тексеру басты бағыт алды. Бірақ оған кеңестік әдебиеттануға тән таптық наным, қоғамдық тартыс, дүниеге таптық көзқарас секілді қағидалары да араласып отырды. Ал жеке ақын-жазушылар мұрасын монографиялық тұрғыда зерттеуде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір биографизм ауқымынан шығып, социологиялық арқауы басым талдаулардан алыстай бастағаны байқалды. Мысалы, оны Абай мен Ыбырай шығармашылығына арналған ғылыми мақалалар мен еңбектердегі мәдени-тарихи салыстырмалық мектепке тән ой-көзқарастардан байқауға болады. Шоқан, Махамбет, Сұлтанмахмұт мұралары алғаш рет тексерілу нысанасына алынып отырғандықтан да ғұмырнамалық сипатта қарастыру

басым түсіп жатқанымен, тарихи және әдеби-теориялық талдау жасай отырып тексеруге деген талпыныс анық байқалды. Ең бастысы, ұлттық әдебиеттану ғылымы «социологизм» теориясының зиянды ықпалынан алыстап, сталиндік «түзетулер» енгізілгенге дейінгі маркстік-лениндік әдіснама талаптары анық байқала отырса да бар мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмтылды. Сталиндік түзетулерге СОКП ОК-нің қаулылары мен Қазақстан КП ОК-нің 1947 жылғы қаулыларынан басталған саяси науқанға қатысты сөз ету барысында әлі де тоқталамыз. Ал әзірше оқу құралдары мен монографиялық тұрғыдағы зерттеулердің қолға алынуына орай ұлттық әдебиеттану ғылымының екі табысын атап көрсету қажет. Оның алғашқысы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тек әдеби тарихи бағыттағы зерттеулермен шектеліп қалмай, теориялық талдауларға батыл бара білуі дер едік. Оған тыйым салынды деген күннің өзінде А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» бастау алған Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының негіздері» секілді еңбектерінің теориялық таным-біліктің өз дәрежесінде танылуына тигізген әсері мол болды. Абай, Махамбет, Сұлтанмахмұт шығармаларының қазақ өлеңінің құрылысын зерттеуге деген жаңашыл бағыт-

бағдардың басталуына сай зерттелу нысанасына нақты түскені оған айқын дәлел. Сонымен қатар, оны осы кездегі сын, рецензиялық мақалалардағы көркем шығарманың ішкі құрылысына қарай талдау жасауға деген қадамдардың аяқ алысынан да көруге болады. Бұл қазақ әдебиетінде әдеби жанрлардың даму жолын тексеруде деген ізденістердің басталуына, жанр табиғатын теориялық тұрғыда танып білу жолындағы алғашқы барлаулар жасала бастауына әкелді.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осы кезеңдегі екінші жетістігі оқулықтар, ғылыми мақалалар және зерттеу еңбектердегі тексеріле бастаған ақын-жазушылардың қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орындарының дұрыс және әділ бағалануы еді. Оған біз қате қаулылардың қағидаға айналған тұжырымдары өз күшін жойғаннан кейін ғана көз жеткіздік. Көптеген дарындардың әдеби мұрасын зерттеудегі осы маңызды бастаманы тек соңғы он жыл ішінде ғана жалғастыруға мүмкіндік туды. Оған дейін қазақ әдебиеттану ғылымының 1940 жылдарда-ақ қол жеткізген осы табысы бұрмалана түсіндіріліп келді. Ол «Қазақ әдебиеті тарихының» III томында: «Алайда соғыс кезінде жазылған оқулықтар мен зерттеу еңбектерде идеялық қателіктер жіберілді. Өткен дәуірдегі

ақындардың бәрін бірдей халық ақыны, ағартушы-демократ етіп көрсетпек болған көзқарастар, яғни «бірыңғай ағым» теориясы бұл тұстағы қазақ әдебиетшілерінің еңбектерінен орын алды. Сондықтан әдебиет тарихын зерттеуде орын тепкен қате-кемшіліктер мен шалағайлықтар мезгілінде және соғыстан кейінгі дәуірде партияның идеология мәселелері жөніндегі қаулыларында сыналып көрсетілді», – деп бағаланды [27, 160]. Бұл – негізсіз және тым артық айтылған пайымдау. Себебі, осы 40-жылдардағы оқу құралдары мен зерттеулерді қарастырғанда, классик деп тану үшін ағартушы-ойшылымыздан басқа тек Сұлтанмахмұтқа байланысты айтылған екен. Ал бұл шындықтың аулынан алыс жатқан жоқ. Оның өзінде де ақынның Қазан төңкерісін бірден түсінбей «адасушылыққа» ұшырауын таптық көзқарасқа сай түсіндіре кету де назардан тыс қалмаған. Зерттеушілер бұлардан басқа ақын-жазушылар мұрасын сөз еткенде, қоғамдық және дүниетанушылық көзқарастарын ашуға айрықша көңіл аударуы маркстік-лениндік әдіснама талаптарынан табылуға деген амалсыздықтан еді. Бұл жерде біз коммунистік идеялар мен таптық көзқарасқа біржола берілгендік сенімді жоққа шығарайын деп отырған жоқпыз. Тым өріс алып кете қоймағанмен ол да болғаны жалған

емес. XX ғасырдағы әдебиетті былай қойғанда, маркстік-лениндік ілім түгіл олардың аты да белгісіз кезеңдегі, яғни фольклор мен XVIII-XIX ғасырдағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығын маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына сай бағалауды талап етуді бүгінде еш қисынға сиғызу мүмкін емес. Сталиннің жеке басына табыну кезеңіндегі партия саясаты мен идеологиясы ғылыми ой-сананың ұлттық танымға тамыр тартуына тыйым салған айла-шарғысы екені анық. Кейінде жеке басқа табынудың зардаптарын әшкерелеген күннің өзінде Сталин басқарған партияның ғылым мен көркемөнер саласындағы саясатының аса бұрмалаушылыққа толы қисындарын жеңіл-желпі сөз етумен ғана шектелдік. Сол себептен де кейінгі қаулылар қате зерттелді деп тапқан М. Ж. Көпеев, Н. Наушабаев, Н. Орманбетұлы, Ғ. Қарашев, Ш. Бөкеев, Шортанбай, Мұрат, т.б. ақындарға берілген әділ бағаны жоққа шығарумен болдык. Шындығына келгенде, сол кезде олардың ұлт мүддесін жырлаған халық ақыны, заман шындығын айта білген реалист екендігіне берілген бағаны арада қырық жыл өткен соң қайталай айтып, жаңалық тапқандай болып жатырмыз.

Жинақтай айтар болсақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының осы 40-жылдардағы қол жеткізе алған

жетістігі аз табыс емес еді. Бірақ осылайша, ұлттық әдебиеттің баржоғын түгелдеуге ұмтылып, ол жолда іркілісінен ізденісі басым түсіп жатқан қазақ әдебиеттану ғылымына Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателер туралы» қаулысы сарт ете түсті. Ол қазақ әдебиетін ұлттық мүддеге сай танып-білу және зерттеу жолындағы тың бағыттағы қадамдарды жоққа шығарғанымен қоймай, ақыл-ойға ұзақ жылдар бойы тұсау салған кеңестік саясат пен идеологияның қатаң талаптарын ала келді. Негізінен бұл қаулы БКП (б) Орталық Комитетінің 1946 жылғы «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы», «Драмалық театрлардың репертуарлары және оны жақсарту шаралары туралы» және тағы да басқа қаулы-қарарларынан туындаған партия саясатына үн қосу мен саяси қырағылық танытудан туғанымен, тарихи мән-мағынасы тереңде жатыр. Соғыстан кейін Кеңестер Одағында Еуропа өнері мен мәдениетінің, ғылымының әсері айқын көрініс таба бастаған еді. Ол «космополитизм», «батысқа еліктеушілік», «батысқа бас июшілік» деп бағалана бастады. «Если разгром «врагов народа» в партии все еще происходил в глубокой тайне (даже членам Политбюро было запрещено со-

общать кому-либо об аресте их жен), то разгром «идеологических вредителей» среди ученых и писателей велся открыто. Под непосредственным руководством Сулова не только на всех участках идеологического фронта продолжались «разоблачения», начатые Ждановым (литература и искусство, наука и философия), но зоны боевых действий еще и расширились», – деп атап айтылғандай, орталықта басталған әшкерелеу науқаны ұлт республикаларында «буржуазиялық-ұлтшылдықты», «идеясыздық пен саяси көрсоқырлықты» талқандауға ұласты [78, 55]. Қазақстанда 1947 жылғы қаулының жарық көруінің осындай негізі бар еді. Бұл қаулы ұлттық әдебиеттің болмыс-бітімін тарихи шындыққа сай жүйелі түрде зерттеуді жасауға батыл қадымдарды теріске шығарып қана қойған жоқ, ғылыми мәне зор ізденістерге тоқтау да салды. Нақтылай айтар болсақ, батырлар жырының төрт томдығы мен «Қазақ әдебиеті тарихының» басуға даярланып қойған бірінші томдығы, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, Ә. Мәметова, Т. Нұрғазиннің кандидаттық диссертациясындағы маркстік-лениндік әдіснаманың таптық принциптеріне сай келмейтін жаңашыл бағыттары мен көзқарастары сынға ұшырады. Сонымен қатар еңбектер мен мақалаларға, орта мектепке арналған әдебиеттік оқу кітаптарына «ақын-жазушылар

шығармашылығы тап күресімен байланыстырылмай бір жақтылықта түсіндіреді, тек жақсы жағынан бағалап, олардың феодалдық-реакцияшыл, ұлтшыл-буржуазияшыл сарындарын бүркемелей баяндады» деген айып тағылды. Әсіресе Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей, О. Қарашев, С. Торайғыров мұралары ғылымға жат, «зиянды концепциямен» зерттелгені баса айтылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының 1940-жылдардағы табыстарын осылайша жоққа шығарған бұл қаулы В. И. Лениннің «ескі мәдениет туралы» қағидасын тағы да алға тартып, «тұрпайы социологизм» теориясына тән қате көзқарастың қайта өріс алуына жол ашты. Ең бастысы, ұлттық әдебиеттанудың ғылыми әдіснамалық ізденістерінде кең өркен жая бастаған тарихилық және халықтық принциптеріне маркстік-лениндік ілімнің таптық қағидасының тар шеңберіне қайта апарып құрсаулауды саяси мән бере отырып негіздеді.

Қаулыда ресми тұрғыда тұжырымдала айтылған айыптауларды Қазақстан Компартиясының секретары Ж. Шаяхметов Алматыдағы творчестволық зиялы қауым алдында жасаған «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» аталатын баяндамасында тарамдата баяндады. Онда әдебиетші ғалымдарының «қазақ



аулында тап күресінің болғанын мойындамағандықтан әдебиет тарихын ғылымға қайшы әдіспен тексергені, соның салдарынан бұрынғы әдебиет мұрасын бір жақты бағалап, оның өкілдерінің бәрін жалпы ұлт, халық қамқоры етіп көрсеткені, марксизм-ленинизм қағидаларынан ауа жайылуы өткен замандағы хандарды, байларды, билерді дәріптеуге, қазақ аулының бұрынғы феодалдық-рушшылық қалпын көксеуге әкеліп соққаны» атап көрсетілді [79]. Баяндамашы Ленин мен Сталиннің ғылыми зерттеу жұмыстары туралы көзқарастарынан, Ждановтың идеология жұмыстарын жандандыру туралы баяндамаларындағы сөздерінен үзінділер келтіре отырып, Ә. Мәметова мен Б. Кенжебаевтың кандидаттың диссертацияларына, Е. Ысмайылов пен Қ. Жұмалиевтің оқулықтарына, әсіресе оның Дулат, Шортанбай, Мұрат, Ш. Бөкеев, Ғ. Қарашев шығармашылықтары сөз болған бөлімдеріне қатты шүйлікті. Соның негізінде ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 1940-1947 жылдар аралығында әдебиет тарихын тарихи шындыққа сай тексеруге бет алған соны бағыты «қателік» деп табылды. Қазақстан тарихы мен әдебиетін зерттеуде танылған «жаңа ұлтшылдықты» әшкерелеуге арналған бұл баяндама, идеология саласында кеткен «қателіктерді» түзету жолында партия талап етіп отырған

келелі міндеттерді де белгілеп берді. Олардың ең басты дегендерін атасақ, жергілікті ұлтшылдықтың ешбір түріне жол бермеу. Өткен дәуір әдебиетін зерттеудегі бұрмалаушылықты батыл әшкерелеп отыру, бұрынғы заман қайраткерлері шығармашылығын маркстік-лениндік әдіснамаға сай ғылыми негізде зерттеу, идеясыздыққа, саясаттан тыс қалушылыққа жол бермеу, керітартпа көзқарастарға партиялық принциппен қарсы тұру, «өрескел қателерді» большевиктерше әшкерелеу, түзету жолында қажырлылықпен күресу, әділ сынды өрістету, т.б. Қолында шынайы билік жоқ республика партия ұйымының шешімі ретінде танылған қаулының бірінші басшы Ж. Шаяхметов баяндамасында осылайша негізделуі қазақ зиялыларына қарсы тағы да саяси науқан басталып кеткенін дәлелдейді.

Қаулы мен баяндамадан туындаған міндеттерді жүзеге асыруға шұғыл жұмылдырылған идеология майданының қызметкерлері көрсетілген қателіктерді әшкерелеу мен түзетуге белсене кірісті. Ол көбінесе партиялық тапсырма ретінде бағаланып, сол кездегі саяси қырағылық болып танылды. 1950 жылдардағы қудалауға дейін ұласқан бұл науқанның қаулыдан соңғы алғашқы қадамдары екі сипатта көрініс тапты және олар бір-бірімен байланыстылықта болды. Оның бі-

ріншісі, партиялық баспасөз орны болып табылатын «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің жол бастауымен мерзімді жарияланымдарда «тұрпайы социологизм» көзқарасындағы солақай сыншылдықтың өріс алуы болса, екіншісі, жарамсыз деп табылған оқулықтарды пайдаланудан алу мен сынға ұшыраған ақын-жыраулар шығармашылығын алып тастап, қаулы талабына сай жаңа оқулықтар жазу еді. Қаулының егемендік алғанға дейінгі ғылыми зерттеу жұмыстарына тигізген орасан зор кесірін таныту үшін бұл жайттарға кеңінен тоқтала кеткен артық болмайды.

Қаулы мен баяндамадан соң-ақ іле-шала белсенділік танытуға ұмтылған партиялық баспасөздер талқандауға құрылған саяси науқанды бастап жіберді. «Социалистік Қазақстандағы» «Идеологиялық жұмыстағы қате-кемшіліктерді батыл жояйық» (11 наурыз) атты бас мақала, «Казахстанская правдадағы» В. Наумов пен Н. Антоновтың «На позициях гнилого либерализма» аталатын мақаласы қазақ әдебиеттану ғылымы туралы солақай сыншылдықтың өріс алуына жол ашты. Қаулы шықпай тұрып-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарының ұлттық мүддеге сай бағыт алуына күмәндана қарап, осы қаулының қабылдануына негіз болды деп ойлауға болатындай мақалалар жарияланғандардың күні

оңынан туды. Оны қаулыдағы ресми тұжырымдар мен 1946 жылғы «Социалистік Қазақстанда» жарияланған П. Кузнецовтың «Идеясыздық пен жайбарақаттық жағдайында» (4 қазан), Б. Степановтың «Қазақстанда идеологиялық жұмыстың кейбір мәселелері туралы» (10 тамыз), С. Төлешевтің «Әдебиеттік оқу кітаптарындағы елеулі кемшіліктер» (13 қараша), «Қазақ әдебиетін зерттеудегі елеулі қателіктер мен кемшіліктерді батыл және тез жояйық» (1 желтоқсан) секілді мақалалардағы сын нысанасына түскен мәселелер мен пікірлерді салыстыра қарағанда анық байқауға болады.

Ұлттық әдебиеттанудағы қателіктерді жоюға шақырған үндеуге идеологияға жақын екенін үнемі дәлелдеуге ұмтылатын сол кездегі әдеби сын бірден үн қосты. Сыншылдық көзқарастың қаулыға дейін анда-санда көрініс беріп қалып отырған тапшылыққа негізделген сыңар жақ солақайлығы қайта дәуірлеп, ғылыми-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікірдің «өрескел қателіктерін» аямай әшкерелеу мен өлтіре сынау өрістеді. Ол партиялық басшылықпен арнайы ұйымдастырылды және осындай сәттерге көзге түсіп қалуға тырысатын айғайшыл адамдарды шеберлікпен пайдаланды, мақсатты тапсырыс беріліп жаздырылды. Ол 1947 жылғы «Әдебиет және искусстводағы» М. Ақынжанов-

тың «Профессор Марғұланның қателері» (№4), «Социалистік Қазақстандағы» С. Бәйішев, Қ. Шәріпов, А. Қайыргелдиндердің «Ғылымдағы идеясыздық пен бейсаясаттыққа жол берілмесін» (21 ақпан), С. Бәйішевтің «Қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеудің күрделі мәселелері туралы» (15 тамыз), «Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» (14 наурыз), Қ. Тұрғанбаевтың «Шығыстың шылауындағы әдебиетші» (5 қазан), орыс тіліндегі баспасөзде Б. Степановтың «Об идеологических ошибках работников общественных наук Казахстана» («Большевик Казахстана», №1), «За высокую партийность в общественной науке Казахстана» («Вестник АН КазССР», №1-2), «За большевистскую идейность в литературоведении» («Казахстан», №6), Е. Бурсиловский, Вл. Мессмонның «Лженаучные упражнения» («Каз. правда», 22 сәуір) секілді мақалаларынан айқын сезілді. Олар бүгінде айтылып жүргендей сынның өз жанрлық принципті жолынан таяуын ғана дәлелдемейді, қаулыда әдебиет саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстар маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығы тұрғысынан айыпталса, сын оны даңғазаланып әкетті де «тұрпайы социологизм» теориясының талаптарына сай асыра бұрмалап жіберді. Біз жоғарыда сын

нысанасына әдебиеттану ғылымы ғана алынған мақалаларды атадық. Әдеби сын сол кездегі жарияланған (тіпті Ә. Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз» секілді жарияланбаған) шығармаларды, жинақтар мен «Әдебиет және искусство» журналын сынаған уақытта «тұрпайы социологизм» тұрғысынан қарауды басшылыққа ала бастады. Жаппай кемшілік іздеу, таптық позициядан аулақтауы мен идеясыздықты табуы мақсат тұтқан қаралағыш сипатқа жол ашылды. Осының салдарынан ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дағдарысқа ұшырады. Ұлт әдебиеті тарихында тексерілетін ештеңе қалмағандай бір ғана 1948 жылы басқа орыс жазушы, сыншыларын айтпағанда В. Белинскийге арналған 17 мақала, немесе өзбек ақыны Ә. Новои туралы 11 мақала жариялануына таң қалмасқа болмайды. Өзгелер түгіл Абай, Шоқан, Ыбырай туралы ғылыми-зерттеу жұмысын қатаң бақылауға алғанын көрсетеді.

Әдебиетші-ғалымдар тапшылық көзқарасты дәріптейтін, «тұрпайы социологизмге» сүйенген әсіре солақай, сыңаржақ сынның 20-30 жылдардағы «ұлтшылдықты» әшкерелеудегі іс-тәжірибесін әлі ұмыта қойған жоқ болатын. Олар сталиндік саясаттың төніп келе жатқан қара бұлтынан әдебиет туралы ұлттық ғылымды сақтап қалу үшін кейбір құрбандықтарға бара отырып,

өз «қателіктерін» большевиктерше түзетуге амалсыздан кірісті. 1947 жылы С. Кеңесбаев «Тіл және әдебиет институты өзінің қателіктерін большевикше түзетуде» («СҚ», 22 маусым) мақаласында партияның «әділ сынынан» қорытынды шығарып жатқанын хабарлап, бұл бағыттардағы жұмыстардың жалпы жобасын баяндап берді. Қаулы мен оны насихаттаған баяндамалар және мақалалардағы «совет дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихын зерттеуді назардан тыс қалдырды» деген сынынан қорытынды шығару ісі қолға алынғаны дәлелдене бастады. Ол «Вестник АН КазССР-де» Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Ритман-Фетисовтардың «Работа над историей казахской советской литературы» (№4), М.Сильченко мен Ә.Тәжібаевтың «На пути к созданию истории казахской литературы» (№8), Қ.Сатбаевтың «Наука в Казахстане за 30 лет Советской власти» (№12) секілді мақалаларда көрініс тапты. Бұларға М. Әуезовтің 1948 жылғы «Қазақ әдебиетін жасау мәселелері» («Әдебиет және искусство», №2) атты мақаласын қоссақ, ұлттық әдебиет туралы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы секілді қате қағидаларының тар шеңберлі құрсауына біржолата түскенін көрер едік. Әсіресе, М. Әуезов өз мақаласында фольклор-

тану саласындағы алға басқандық болып танылатын соны табыстар мен ізденістерді жоққа шығаруға мәжбүр болды. Атап айтсақ, I томды жаңаша редакциялауда әдет-салт жырлары таптық, тарихи, халықтық тұрғыдан қайта қарастырылды, батырлар жырынан халыққа салт-санасы жат ақындар жырлап келген «Едіге», «Орақ-Мамай», «Шора батыр», т.б. жырлар алынып тасталды. Лиро-эпостық жырлардың таптық, қоғамдық негізі қаза тексерілді, тарихи жырлардан Абылай, Кенесары-Наурызбай, Қабанбай және басқа халық батырлары туралы жырлардың халыққа жат мазмұнда» екені атап көрсетілді, шешендік сөздер фольклор классификациясынан шеттетілді. М. Әуезов осы мақаласында басқа да фольклорлық жанр түрлерін таптық, идеологиялық позицияда қарау керектігін, рушылдық, ескі саналы қайшылықтарды ашу қажеттігін маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай баяндап берді.

Қаулы мен идеологиялық саясаттың қатаң талаптарына сай ғылыми зерттеу жұмыстарындағы қателіктерді түзету үшін оқулықтар мен оқу құралдарын қайта жазу ісі де қауырт қолға алынды. Бұл салада бұрын жұмыс жасап жүрген авторлардың көбіне саяси сенімсіздік білдірілді және қырағылықпен қадағаланып отырылды. Сол себептен 8 сыныпқа арналған «Қазақ

әдебиеті» хрестоматиясы (1947) С. Мұқанов пен Қ. Бекқожин авторлығымен жарық көрді. Онда қамтылған фольклорлық үлгілердің таптық сипатта болуына айрықша көңіл аударылды. Сол сияқты 1948 жылғы Қ. Бекқожиннің 10 класқа, Ә. Шәріповтің 9 класқа арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматияларында, Қ. Жұмалиевтің 8 класқа, С. Мұқанов пен Қ. Жұмалиевтің 9 класқа, Ғ. Мүсірепов, Қ. Бекқожин, Қ. Жармағанбетов, С. Сейітовтердің 10 класқа арналған оқу құралдарында қазақ әдебиеті тарихының «күй-рық-жалы күзеліп», таптық көзқарас пен партиялық саясаттың талаптарына сай келетін ақын-жазушылар шығармашылығы ғана қамтылды. Оның өзінде олардың дүниетанымы мен шығармаларындағы тапшылдық қайшылықтарды «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалындағы талдаулар арқылы ашу жағы басым түсіп жатты. Бұдан жоғары оқу орындарындағы әдебиет пәні бағдарламалары да сау қалған жоқ.

Алайда қаулы белгілеген міндеттерді осылайша жүзеге асыруға жұмыла кірісіп, сыннан қорытынды шығарып жатқандарын дәлелдегендерімен де әдебиетші-ғалымдардың әдебиеттану саласындағы олқылықтарын әшкерелеу науқаны жалғаса берді. Оған Ж. Шаяхметовтің Алматыда творчестволық зиялы қауым алдында 1948 жылы

«Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» деген тақырыпта тағы да баяндама жасап, Орталық Комитет соның негізінде жаңа қаулы қабылдауы әсер етпей қалған жоқ емес. Ғ. Мүсірепов, С. Төлешов, Ә. Сатыбалдиев, Д. Әбілөвтер «Тіл-әдебиет институтының жұмысты қайта құра алмау себебі неден?» деп сынға ұшыраған әдебиетшілердің бұрынғы «ұлтшылдық» көзқарастарынан айыға қоймағанын сынап өтсе, С. Төлешов жоғарыда аталған хрестоматияларға енгізілген шығармалар маркстік-лениндік әдіснаманың таптық принципіне сай құрастырылмағанын, авторлардың солқылдақтық танытып отырғанын әшкереледі. Ал М. Ритман-Фетисов «Против низопоклонства перед реакционно-мусульманской культурой Востока» деген мақаласында ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің халық тарихына қарай бағыт алуы мен әдет-ғұрып, салт-санаға сай дәстүрдің дәріптелуін дінмен байланыстыра талқандап шықты.

Қазақ әдебиеттану ғылымының сорына қарай осы екі қаулы аз болғандай 1949 жылы «Коммунист» журналында «Космополитизм – империалистік реакцияшыл идеологияның ұлы қаруы» деген бас мақаланың жариялануы сыншылдық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің астан-кестенін шығарды. Қазақ әдебиеттануы саласындағы «ұлтшыл-

дықты» әшкерелеуге енді сол кездегі көркем әдебиеттегі космополиттерді талқандау қосылды. А. Жұбановтың «Көркем өнердегі космополиттерді әшкерелейік» атты мақаласындағы шақыруды Қ. Жармағанбетов, С. Бакбергенов «Қазақ әдебиетіндегі сыңаржақ сыншылар», Х. Сүйінішәлиев «Әдебиетімізге жат, сыңар жақ идеяға орын жоқ», Н. Сабитов «Против реакционной идеологии панисламизма и пантюркизма» деген солақай мақалаларымен қызу қолдады. Ғылыми-зерттеу жұмысына арналмаған басқа қаралағыш сындарды айтпағанда космополиттерді әшкерелеу ұлтшылдықпен тығыз байланыстырылып, қызды-қыздымен келгенде Ғылым Академиясының «Хабаршысы» «За искоренение космополитизма и буржуазно-националистических извращений в науке» (1949, №3) деген мақаласында Абай, Шоқан, Кенесары туралы зерттеулердегі маркстік-сталиндік ғылымнан ауа жайылушылықты сынап, ұлы ағартушылар шығармашылығына «тұрпайы социологизмге» негізделген күмән туғызып қойды. Қанаушы қоғамда өмір сүргендіктен және үстем таптан шыққандықтан, олардың дүниетанымдық көзқарасындағы таптық қайшылықты ашудан көрі бірыңғай мадақтау басым деп көрсетеді. Бұндай көзқарастың айтылуында негізде жоқ емес еді. «Ұлтшыл» әдебиетшілер зерттеген-

діктен сезіктене қарау орын алғаны да рас. Салыстыра қарағанда, 1947-1949 жылдары Шоқан мен Абай мұрасына қарағанда ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің көбірек назар аударғаны Ы. Алтынсарин шығармашылығы екен. Ғылыми сипаты әр түрлі деңгейдегі оннан астам мақаланың жариялануы – соның айғағы. Бұларды және Шоқан, Абай, Сұлтанмахмұт туралы бірді-екілі мақалаларды (олардың өзін сыңға ұшыраған Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиевтер жазды) қарастыра отырып, тығырыққа тірелген ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қыспақтан шығар жол іздегенін байқау қиын емес. Ол үшін 1947 жылғы Ж. Шаяхметов жасаған баяндамадағы «ҚК(б)П Орталық Комитеті кейбір сыншылардың қазақ халқының өткендегісінің бәрін жоққа шығару дұрыс емес деп табады. Қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына көмектескен өткендегі бірде-бір прогресшіл қайраткерді кімнің болсын тарихтан шығарып тастауына жол бермейміз. Өткен замандағы қайраткерлердің творчествосын маркстік-лениндік ғылыми методология тұрғысынан қарап зерттеу керек» деген тезисін тірек ете отырып, зерттеу жұмыстарын тоқтатпауға ұмтылды. Ол екі сипатта көрініс тапты. Біріншісі, маркстік-лениндік әдіснаманың таптық принципі ықпалында болса да өз ізденістерін жалғастыра беру бол-

са, екіншісі, сол арқылы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде «тұрпайы социологизм» теориясының ерекше өріс алып кетпеуі үшін күресу еді. Оған дәлел ретінде 1948-1949 жылдары Қ. Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі», «М. Өтемісұлы», Б. Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұттың ақындығы», «Қазақ әдебиеті тарихының» I томы, «Қазақ совет тарихының очеркі» және тағы да басқа еңбектерді атай отырып, оларды заман талабына сай таптық көзқарас пен социологиялық арқауы басым талдаулардың көбірек орын алғанына бола, бүгінгі күнгі талапқа сай дағдай беруге де болмас. Ең бастысы, олар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалына біржола мойын ұсынудан, азды-көпті табыстарды түгелдей жоққа шығарудан сақтап қалды. Шынын айтсақ, «тұрпайы социологизм» бұл бағытта өз ұмтылыстарын жасамай да қалған жоқ емес. 50-жылдардың басындағы Абай мұрасына байланысты дискуссияның болуы оған нақты дәлел.

Қазақ әдебиеттану ғылымы ой-пікірге тұсау салған қаулы-қарарлар қыспағына түсіп, өз «қателіктерін» маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай түзету жасауға талпынғандарымен, әшкерелеуге құрылған саяси науқан жалғаса берді. 1950

жылдардың басынан бастап ол тіпті үдеп кетті. Оған «халықтар көсемі» Сталиннің ғылыми жұмыстардағы дискуссияға белсене араласуы себеп болды да, идеологиялық тазалау басталды. Физиологияда академик Павловтың, тіл білімінде Маррдың, саяси экономияда Вознесенскийдің шәкірттеріне қарсы күрес өрістеді. Шарлатан Лысенконың ілімі дәріптелді. Әсіресе, Сталиннің тіл біліміне қосқан «жаңалығы» ұлт республикаларында «ұлтшылдық-буржуазияшылдық», космополиттік көзқарасты әшкерелеумен тығыз ұштастырылды. Марксизм-ленинизмнің негізін салушыларға түзетулер енгізе отырып, тілді қондырмаға да, базиске де жатпайтынын дәлелдеген Сталин «жаңалықтары» ғылымдағы буржуазияшыл-ұлтшыл пиғылдағы жаңа тап жауларын талқандауды кеңестік идеологияға міндеттеп берді. Басқаларды былай қойғанда, М. Әуезовтің өзі «Дружба народов» журналында «Вопросы казахского языка в свете трудов И. Сталина по языкознанию» (1951, №6) мақаласында қолдаса, Ә. Хасенов деген «Қазақ тіл ғылымындағы марршылдық пен ұлтшылдыққа қарсы» атты мақаласымен талқандағыш күшке айналдырып жіберді. Бұл ұлтшылдықты әшкерелеудің басқа ғылым салаларына да ауыз сала бастағанының белгісі еді. Тіл-әдебиет институты қаралағыш сипаттағы ауыр

соққының нысанасына айналды. XIX ғасыр әдебиетінен ұлы ағартушылар шығармашылығындағы, олардың із-басары ретінде XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ деп бағалана бастаған кейбір ақын-жазушылардың дүниетанымдық көзқарасындағы қайшылықтарды таптық тұрғыдан ашу жетіспей жатқанына шұғыл көңіл аударылды. 1951 жылы «Лениншіл жаста» жарияланған С. Нұрышевтың «Абай ақындығының алғашқы кезеңі» мақаласы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиеттің таптығы, халықтығы қағидасының талаптарына сай болса да жасап жатқан зерттеулерін «тұрпайы социологизм» теориясы мен нигилистік көзқараста жоққа шығаруға жол ашып берді. Мақала Абайдың ақындық тұлғасының қалыптасуындағы шығыс әдебиетінің әсеріне күмәнмен қарап, 1880 жылға дейінгі жазған шығармаларынан панисламизмді, реакцияшыл керітартпалықты ашу керек деген қатерлі бағыт ұстады. Бұл аяқ асты пайда бола қойған жоқ еді. Өйткені, Қазақстан тарихының кез келген мәселесін орыс халқымен, оның өнері мен әдебиетімен байланыстылықта қарау тенденциясы орын алып келе жатқан болатын. 1947 жылғы қаулыда сыналып, әдебиет тарихынан сызылып қалған дарындар туралы айыпқа амалсыз келіскен ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір «тұрпайы

социологизмді» арқау тұтқан негізсіз жаладан ұлы Абайды, абайтану саласындағы жаңа ізденістерді қорғап қалуға ұмтылды. М. Әуезов бас болып бірнеше мақалалар жариялады. Бірақ ғылым саласындағы кеңестік идеология қырағылық танытып, абайтанудағы бұрын-соңды ұлтшылдықтың белгісі болып танылатын кемшілікті тізбелей келе, Ә. Жиреншиннің «Абай және оның орыс достары» атты диссертациясы мен кітабына, Қ. Мұқаметхановтың «Абайдың әдеби мектебі туралы» аталатын тақырыптағы диссертация қорғауына байланысты үлкен айтыс-тартыс өзегіне айналдырып жіберді. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің зор табысы деп бағаланып жатқанына қарамастан, Абай мұрасын зерттеудегі бұрмалаушылықты әшкерелеу, «ұлтшыл-буржуазияшылдық» пиғылды талқандау ісі қолға алынды. Мұның бір шеті «Абай жолына» да тимей қалған жоқ емес. Әдебиеттің таптығы қағидасын арқау тұтып сынар жақтыққа басқан әдеби сын шығармадағы «үстем тап өкілдері саналатын тұлғалардың сомдалуынан» кемшілік таба бастады. Идеологиялық саясаттың қолшоқпарына айналған сын мен «тұрпайы социологизмге» бой ұрған зерттеушілік сипаттағы мақалаларды Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі өрескел саяси қателіктер



туралы қым-қиғаш көзқарастағы пікірлер айтылып жатты. 20-жылдардың соңына қарай абай туралы айтыста «Абайдан қалған мұра қазіргі ұлтшыл зиялыларының идеологиясын қорғайды... Сол себептен де біз Қазақстан партия ұйымының идеологиялық майдандағы бірінші кезектегі міндеттерінің бірі, кәдуілгі буржуазиялық қоқыс ретінде, «абайшылдықтың» түбіне жету болмақ деп есептейміз», деген И. Омаровтың «тұрпайы социологизм» көзқарасы қайта айналып келді [80, 68]. Ұлы ақын мұрасын зерттеу жұмыстарынан ұлтшылдық сипаттағы саяси қателіктер табуға С. Нұрышев, Ә. Нілдібаев, Т. Жароков, М. Ақынжанов және т.б. эпербакан сыншылар құлшына кірісті. Бұның тез өріс ала бастауы басқалар түгіл ұлы Абайдың өзін қазақ әдебиеті тарихынан сызып тастау, панисламшы, керітартпа діншіл, шығысшыл ұлтшыл болып бағаланып кету қаупін туғызды. Абай жоққа шығарылса, қазақ әдебиеттану ғылымының сол кезге дейін қол жеткізген барлық табысы құрдымға кететінін түсінген ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өз позициясын қорғауға мәжбүр болды.

Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты Жазушылар одағымен бірлесе отырып, Абай мұрасын зерттеу туралы үш күнге созылған ғылыми айтыс

ұйымдастыруы сол ниеттен туғанды. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымының 1920 жылдардан бергі «ұлтшылдық бұрмалаушылыққа» құрылған кемшіліктері қаза тексеріліп, әсіресе 1940 жылдардағы жанашыл ізденістері ауыр айыпталған, әдебиетші-сыншы ғалымдар тағдыры сталиндік жеке басқа табынушылық саясаттың қанды шеңгеліне ілінген, ұлт зиялыларын қудалау, соттау науқанының үшінші кезегін өткізуге қызу дайындық жүріп жатқан қатерлі кезең еді. Соған қарамастан, партиялық қаулы-қарарларда көрсетілген «өрескел қателіктерін» амалсыз мойындаған әдебиетші-ғалымдар әдебиеттің таптығы қағидасын желеу етіп «тұрпайы социологизм» дауылын көтерген С. Нұрышев секілді әсіре тапшыл сыншыларға қарсы тұра білді.

Ғылыми айтыста С. Мұқанов «Абайдың ақындық мектебі және оның шәкірттері», М. Әуезов «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер», М. Сильченко «Абай творчествосының идеялық арналары», С. Нұрышев «Абайдың әдеби мұрасын танудағы кейбір талас мәселелер» деген тақырыптарда баяндамалар жасады. Жарыссөзде 18 адам сөйлеп, өз пікірін ортаға салды. Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы теріс көзқарас С. Нұрышев пен жарыссөздегі кейбір сөйлеушілердің пікірлерінде көрініс тапқанымен,

негізінен айтыс ұлы ақынның әдеби мектебі мен шәкірттері төңірегінде өтті. М. Сильченко да маркстік-лениндік ілім тұрғысынан қарау керектігін сөз етіп, ақын тұлғасының қалыптасуына қазақ фольклоры мен орыс әдебиетінің ықпалына қарай ойыса берді. С. Мұқанов өз сөзін әріден бастап, 1920 жылдардағы «ұлтшыл-алашордашылардың» абайтанудағы еңбектеріне тоқтала келе, «Қоңыр» деген автор (М. Әуезов) «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында «А. Байтұрсынов, М. Дулатовтан бастап Абай шәкірттері» деген тізімге 10 ақын-жазушыны тіркеді. Олардың жетеуі революцияға қарсы болып қазақ халқының тарихында қара тақтаға жазылғандығын» атап көрсетті [81]. М. Әуезовтің 1934 жылғы «Абайдың ақындық айналасы» мақаласында Мағауия, Ақылбай, Көкбай, Шәкәрім ғана болса, Ә.Жиреншин кітабы мен Қ. Мұқаметқанов диссертациясында 25-30-ға жеткенін сынап өтті. Баяндамашы Шәкәрім, Нарманбет, Турағұл, Кәкітай, Мұқа, Әубәкірлерді ақын шәкірттері деген тізімнен шығарып тастау керектігін айтып, әдебиеттің таптығы мен ұлтшылдық бұрмалаушылыққа қарсы күрес ауанында талдау жасады. Соның салдарынан Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп, Әсет, Машһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт, С. Дөнентаев – барлығы сегіз ақынды ғана қалдырды. Әйтсе де С.

Мұқановтың: «Бейсенбай, Имам-базар, Махмуд, Әлмағанбет, Мүрсейіт, Мұхаметжан, Самарбай секілді адамдардың Абай шәкірттері деген тізімге неге кіргізілгенін түсіне алмадық» деген пікірінің жаны да жоқ емес еді. Айтыста абайтану саласындағы саяси қате болып табылған ғылыми негізсіз қатаң айыптаулардың соққысына ұшыраған М. Әуезов Абай ақындығының алғашқы кезеңі туралы «тұрпайы социологизмге» сүйенген теріс көзқарасқа дәлелді де дәйекті түрде тойтарыс беріп, ақынды «керітартпа шығысшыл», «түрікшіл-ұлтшыл» деген секілді оспадар бағалаулардан қорғап қалды. Шынын айтқанда, айтыста қазақ әдебиеттану ғылымында абайтану саласындағы жетістіктер мен ізденістер туралы тарихи тұрғыдан таразылап өткен тек М. Әуезов болды. Басқаларында қайткен күнде де өзгелер байқамаған қателік іздеп табу, сол арқылы өзінің ұлтшыл емес екенін дәлелдеуге деген ұмтылыс басым болғаны байқалады. Өз өмірін Абай мұрасын зерттеуге арнап өткен М. Әуезов маркстік-лениндік тұрғыдан сыналған «қателіктерге» амалсыздықтан келісе отырып, оны «жою» жолында алда тұрған міндеттерді де белгілеуге мәжбүр болды. Бұл абайтануда жаңашыл бағыт болып табылатын Абайдың әдеби мектебі мен шәкірттері туралы соны ізденістерді жоққа шығарды да, ұзақ

жылдар бойы зерттеу нысанасынан тыс қалуға апарып соқтырды. Айттыстан соңғы жылдарда ол солақай сынға таптырмас тақырып болса, Шәкәрім, Нарманбет, М.Ж.Көпеев мұраларына байланысты соңғы кезге дейін орын алып келгені тарихи шындық.

Айтыста Абай мұрасын зерттеудің «идеялық-теориялық жағынан төмен дәрежеде қалып отырғаны, «ақындық мектебі» деген буржуазиялық-объективтік концепцияның уағыздалып келгендігі, тарихи шындықтан аулақ бұл концепциядан Абай шәкірттері деген жалған бағыт туындағанын, ол ақынды халыққа жат және буржуазияшыл-ұлтшылдар деңгейінен асырмай, әдебиет тарихындағы өнерпаздың тұлғасы мен дәстүрін төмендетуге дейін апарған қателіктердің орын алғаны» және т.б. саяси қателер ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге үлкен айып болып тағылды. Ол осы айтыстың қорытындысында: «Абай мектебінің» концепциясын тұңғыш рет қазақ әдебиетінің тарихына профессор М. Әуезов енгізді. Дәл осы сияқты саяси қатені С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, А. Жиреншин жасады, бұлар бірсыпыра еңбектері мен оқу құралдарында марксизмнен аулақ кетіп, тарихи-әдебиеттік процесті реакцияшыл «бірыңғай ағым» рухында көрсетті», – деп тұжырымдалды. Абайдың тарихтағы орнын жақсарту

мен ұлылығын көрсету үшін шәкірттерін күмәнді адамдармен толтыру Абайға қиянат деп табылды. Айтпаққа орай, «тұрпайы социологизм» ықпалына бой алдырған, нигилистік көзқарасты дәріптеуге бет алған әдеби сын «Социалистік Қазақстандағы» «Абайды зерттеудегі бұрмалаушылыққа қарсы» (4 шілде) деген бас мақаладан өріс алды. Б. Сахариев «Абай шәкірттері деген кімдер?», Қ. Туғанбаев «Абайдың ақындық мектебі туралы», М. Сильченко мен Н. Смирнова «Қазақ әдебиетінің тарихы партия жолымен, марксизм-ленинизм жолымен зерттелсін», «Правдиво освещать жизнь и творчество Абая» (284), М. Сильченко «Состояние и задачи научной разработки наследия Абая» секілді мақалалар жариялап, әдебиетші-ғалымдар арасындағы ұлтшылдық бұрмалаушылыққа барған «зиянкестерді» әшкерелеу науқанын жалғастырып жатты. Оларда Абай мұрасын маркстік-лениндік әдіснама негізінде зерттеп, түзету талап етіліп жатқанымен, әсіре тапшылдыққа салынудың салдарынан тұрпайы социологизм мен нигилизм сарыны айқын сезіліп тұрды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымына ұлтшылдықты әшкерелеу саясатына сүйенген «тұрпайы социологизм» теориясының шабуылы абайтануға байланысты ғана жүргізілген жоқ. Ол қазақ фольклорын,

әдебиет тарихы мен теориясын зерттеуде әдебиеттің таптығы мен халықтығы қағидаларына сәйкес келмейді деп тапқан зерттеу еңбектердің бәрін қамтыды және бір-бірімен байланыстылықта алып талқандап отырды. Оған дәлел – 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде жарияланған Т. Шойынбаев, Х. Айдарова, А. Якунин секілді тарихшылардың «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деп аталатын мақаласынан туған сыңар-жақ көзқарастың өріс алуы. Осы мақалаға сай КП(б)П Орталық комитеті қаулы қабылдап, жан-жақты талқылау ұйымдастырды. «Кенесары – халықтың қас жауы» деген атпен «Әдебиет және искусство» (1951, №5) журналында жарияланған осы талқылау қорытындысынан кейін мерзімді баспасөз бетінде Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жырлардың халыққа жат екендігін дәлелдеу басталды. «Әдебиет және искусство» өзінің осы жылғы №6 санын тарих пен әдебиеттанудағы қаулы көрсеткен саяси қателіктерді түзету жұмыстарына арнады. М. Ақжжановтың «Қазақстан тарихындағы буржуазияшыл-ұлтшылдыққа қарсы» мақаласында тарих ғылымындағы хандық, феодалдық дәуірді дәріптеуді талқандаса, Т. Нұртазин «Кенесарының зұлымдығын әшкерелейтін поэма» мақаласында М. Сералиннің

«Топ жарған» шығармасын тілге тиек ете отырып, Кенесарының еңбекші тапқа, халыққа жат тұлға екенін түсіндірді. Бұндай әсіре тапшыл сорақылықты «Социалистік Қазақстан» партиялық баспасөз ретінде саяси тұрғыдан негіздей түсіп, қазақ әдебиеттануындағы Кенесарыға байланысты зерттеулердегі «ұлтшылдыққа» қарсы күрес ашты. Мысалы, Ж. Жұмаханов «Тарихи қаулының бес жылдығы» (14 тамыз) мақаласында республика партия ұйымы 1947 жылғы және одан кейінгі қаулыларында әдебиетші-ғалымдар әдебиет тарихын ұлтшылдық тұрғыдан баяндап келгенін, ескі ауыз әдебиетін сын көзімен қарау міндеттелгеніне тоқтала келе, «Алайда, Е. Ысмайылов, Х. Жұмалиев, М. Әуезов, Б. Кенжебаев және басқалары бұл қаулыдан сабақ ала білмеді. Олар өткен заманда ұлтшылдықты жырлаған, қазақ халқын өзінің досы ұлы орыс халқына қарсы күреске шақырған реакцияшыл ақындар мен жыршыларды мадақтап, оларға оқу кітаптарынан орын берді. Е. Ысмайылов пен Х. Жұмалиев өзінің кітаптары мен мақалаларында қазақ халқының қас дұшпандары Кенесары мен Наурызбайды жеркөкке сиғызбай дәріптеумен болды», – деп жазады. Сол сияқты республикалық партияның үгіт және насихат бөлімінің бастығы И. Храмовтың «Қазақстан әдебиеті жо-

ғары идеялы болсын» деген мақаласы ұлтшылдықты әшкерелеу науқанының партия басшылығымен жүргізіліп жатқанын дәлелдейді. Автор Қ. Қасымов көтерілісін ұлтшылдық көзқараста бағалаудың орын алғанын сынай келе, әдебиетші ғалымдар өз қателерін большевикше түзетудің орнына зиянда мақалаларын әлі де жариялап жатқанын айта тұқыртып тастады. Бұл көрнекті әдебиет зерттеушілерін күдалаудың жоғарыдан басталғанына бір дәлел болса, екіншіден олардың зерттеулері мен шығармаларындағы ұлтшылдықты ашуға арналған қаралағыш мақалалардың жариялануына жол ашты. Сол-ақ екен, тарихта Е. Бекмаханов, тіл білімінде С. Аманжолов бастаған ғалымдарды сынау қолға алынды. Әдебиеттанудан М. Ғумарова «Қазақ әдебиет тарихындағы Қ. Қасымов қозғалысын зерттеушілерге қарсы» деген мақаласында бүкіл әдебиетшілерді топтастыра алып, ұлтшылдықтың қамытын кигізіп жіберді. Б. Кенжебаев «Сұлтанмахмұттың ақындығы» монографиясына байланысты солақай сынның астында қалды. «Большевиктік әділ сынды» арқау еткен Н. Жандилдин «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап», Ж. Сәрсеков «Тарихи шындық бұрмаланбасын», Б. Сахариев «Б. Кенжебаев творчествосындағы қателіктер» секілді мақалаларында

ақын шығармашылығын зерттеудегі «бірыңғай ағым» теориясына шалдыққан қателерді «өлтіре сынады». Соның негізінде «Кенжебаев жолдастың кітабы шынайы ғылыми еңбек емес, көп ретте тарихи шындықты бұрмалайтын бірбеткей, Сұлтанмахмұтты дұрыс түсінуге мүмкіндік бермейтін, қайта көп жерінде шағастыратын кітап» болып бағаланды, ақын мұрасын зерттеу мен оқытуға күмән тудырып, тіпті әдебиет тарихынан сызып тастау керек деген қатал үкімнің шетін де шығарып қойды [82]. Бұл сипаттағы сыңаржақ ой Т. Нұртазиннің «С. Мұқанов творчествосы туралы» еңбегіне арналған Қ. Сатыбалдиннің «Қателіктерді бүркемелейтін монография» деген сынында да көрініс тапты [83].

Автор орта мектепке арналған оқу құралдары мен 1949 жылғы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктеріндегі» мақалалардан басқа, кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылар туралы еңбек жоқ екенін орынды атап етіп, бұл бағыттағы тұңғыш еңбек екеніне көңіл аударады. Бұл салада қазақ әдебиеттануы жеткіліксіз жұмыс жасап отырғанын, оның өзінде ұлтшылдық шырмауындағы өрескел қателерге жол берілгенін, осы еңбек арқылы дәлелдеуді мақсат тұтады. Сыншы «С. Мұқанов шығармашылығын орынды-орынсыз мақтау, олардың кемшіліктеріне

көз жұму секілді совет әдебиет зерттеушісіне жат керексіз тенденция монография бойында үнемі орын алып отырады. Мұндай жаман тенденция, әсіресе, «Адасқандар», «Теміртас», «Балуан Шолақ», «Ақ аю», «Мырзабек», «Жайлауда» секілді шығармаларын талдаған тарауда бірден көзге түседі» деген ойдың жетегінде кеткен. Мақалада автордың Т. Нұртазинді ғана емес, С. Мұқановты да «ұлтшыл» етіп шығару ниеті анық байқалады. Ғылыми-зерттеушілік тұрғыда әдеби теориялық талдау жасай отырып, нақты мысалдармен дәлелдеудің орнына барлығын жоққа шығару басым түскен. Мысалы, «Нұртазин Сәбиттің «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихының очеркі» деген кітабын әдебиетшілерге өте керекті ғылыми шығарма есебінде ұсынады. Қазақ тарихының сол бір шытырман дәуіріндегі әдебиетті жан-жақты зерттеуде әдебиетшілер осы кітапта келтірілген материалдарды негіз ету керек, олардың методикалық кілті осы кітап болуы керек дейді. Ал бұл кітапта кейбір поэма, дастандарды талдаумен байланысты Сәбиттің Кенесары-Наурызбай қозғалысын дәріптегенін, оларды халық батырлары есебінде көрсеткенін Нұртазин әшкерелемейді» деген пікірі сол кездегі идеологиялық саясат талабынан табылуға деген ұмтылыстың айғағы. «Совет дәуіріндегі басқа да

көрнекті жазушылар туралы еңбектер жазылуы керек. Бірақ олар осы монография секілді емес, партиялық принциппен маркстік-лениндік методологиямен қаруланып барып жазылуы керек» деген түйінмен аяқталуы да сондықтан.

Қ. Сатыбалдин мақаласынан ұзақ үзінді келтіріп, көбірек тоқталу себебіміз, қазақ әдебиеттану ғылымының соны бағыттардағы ізденістерін ғана емес, қол жеткізген барлық табыстарын жоққа шығаруға ұмтылған осы сипаттағы мақалалардың ғылыми және сыншылдық деңгейдегі «классикалық» үлгісінің қандай болғанын көрсету еді. Шынын айтқанда, қазақ әдебиеттануының әдеби-теориялық, әдіснамалық деңгейі жоғары дәрежеде бола қоймағаны, әдеби даму процесіне орай «ұлтшыл» және «халық жауы» атанған арыстарымыздың шығармашылығымен байланыстылықта қарау мүмкіндігінен айырылғандықтан, тарихи-салыстырмалық тұрғыдан тексерудің жетіспегені, шығарма құрылысын жан-жақты талдаудан көрі мазмұн қуалап кетушілік орын алғаны, зерттеліп отырған ақын-жазушыны немесе шығарманы көтере бағалаудың орын алғаны рас. Бірақ ол ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің сол кезге дейінгі бүкіл жетістігін «бірыңғай ағым» теориясына апарып жатқызу мен ғылыми

зерттеу еңбектерді түгелге жуық ғылыми айналымнан алып тастауға дейін апарған қатал үкім шығаруға еш негіз бола алмайды. Әдебиеттің таптығы мен партиялығының асыра дәріптелуіне, «тұрпайы социологизм» теориясындағы көзқарастың оңды-солды айтылуына идеология саласындағы саясат кең өріс ашып, «ұлтшылдықты» әшкерелеу үшін пайдаланып отырды. Әрі-беріден соң осы еңбек пен З. Кедринаның «М. Әуезов» атты кітабын жарамсыз деп тапқан П. Кузнецов республика баспасөзінде жарық көрген «Сынау орнына мақтағандық» атты мақаласын, кейінірек «Правда» газетінде (1953, 31 қаңтар) жариялап жіберді. Ол партияның қолдауымен жүзеге асқаны айтпаса да түсінікті.

Көркем әдебиеттің басына Қ. Аманжоловтың «Сарыарқаны Сарыарқа демей, қара арқа деп жырлаймын ба?» дегеніндей келеңсіз жағдай туды. Бұған «Правда» газетінде жарияланған «Искоренить идеологические извращения в литературе» атты бас мақалада украин ақыны В. Сосюраның «Украинаны сүй» атты өлеңінің ұлтшылдық сарында деп танылуы себепші болды да, әр ұлт әдебиетінен ұлтшылдық іздеу қолға алынды. Бізде ол Ж. Шаяхметовтің ҚК(б)П-нің VIII пленумында жасаған «Республика партия ұйымдарында идеология жұмыстарының жайы және оны жақсарту шаралары ту-

ралы» баяндамасында қатты айтылып, бұл салада «артта қалып келе жатқанымыз» атап көрсетілді. Қазақстанды орыс халқынан басқа туысқан республикалардан бөліп алып жырлап жүрген «ұлтшылдарды» шұғыл түрде әшкерелеу әдеби сынға қатаң тапсырылды. Ауыр айыптаулардан көз ашпаған Жазушылар одағы астаналық қаламгерлер жиналысын қауырт ұйымдастырып, ақын-жазушылар ұлтшылдығын көрсетуге белсене кірісті. Оның нәтижесі «Қазақ әдебиетіндегі идеологиялық бұрмалаушылыққа қарсы» деген атпен баспасөзде жарық көрді. Жиналыста сынға ұшыраған Қ. Бекқожин, С. Мұқанов, Т. Жароков, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, т.б. ақын-жазушылардың ұлтшылдығы туралы сыңаржақ солақай сын қазақ баспасөзінің бетін бермеді десе де болады. Республика партия ұйымы, оның идеология саласындағы саясаты бұл жолы әдебиет сынына енді ғана араласа бастаған А. Нұрқатов, Б. Сахариев, Қ. Нұрмаханов, Ә. Жәмішев, Ә. Жұмабаев, М. Сәрсекеев, Ә. Сатыбалдиев, Ә. Нілдібаев секілді жас күштерді шеберлікпен ұйымдастырып отырды. Әдеби сын идеологиялық саясаттың қолшоқпарына айналып, ғылыми-теориялық дәйекті ой-пікір айтудың орнына, әсіре тапшылдыққа сүйенген социологиялық арқауы басым талдауларға, өлтіре сынап қателік

табу бағытындағы нигилизмге ұшырады. «Тұрпайы социологизм» теориясындағы көзқарастан мектептерге арналған оқу құралдары мен бағдарламалар да сау қалған жоқ. «Ұлтшылдық бұрмалаушылықта» деп табылған оқу құралдары пайдаланудан алынып тасталды. Қазақ әдебиетінен мектеп пен жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламалары қаулы-қарарлар талап еткен маркстік-лениндік әдіснамаға сай қайта жазылды. Олардың алғашқы жобалары Қ. Тұрғанбаев пен М. Сармурзинаның «Қазақ әдебиетінің программасындағы өрескел қателіктер туралы» деген мақаласында сыналып та үлгерді. Ұзақ талқылаудан және идеология саласындағы «қырағы көздердің» сынынан өткен 5-7 кластардағы әдебиеттік оқу үшін, VIII-IX кластарға әдебиеттің тарихи курсы жүргізу үшін орта мектеп бағдарламалары жарық көрді (1951). Олардың негізінде «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген атпен фольклорға арналған I томының проспектісі, «Қазақ ССР-нің ерте заманнан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі тарихының» проспектілері басылып шықты. Бұлар ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдына маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының талаптарынан шығармайтын жолбасшылық мақсат-міндеттерді белгілеп берді. Орта мектептің VIII, IX кластары-

на арналған «Қазақ әдебиеті» оқу құралдары түзетіліп төртінші рет басылды (Редакциясын басқарған М. Ғабдуллин). IX класс үшін Ә. Шәріповтің әдебиет хрестоматиясы шықты. Қатты өзгерістерге ұшырағандықтан, қарастырылған фольклорлық үлгілер мен ақын-жазушылар шығармалары қоғам заңдылықтарымен, тап күресімен тығыз байланыстылықта алынғаны айтпаса да түсінікті. Ғалым Қ. Жұмалиев айтқандай, «1950-1951 жылдардан бастап әдебиет оқу құралдарында, жеке мақалаларда өткен ғасырлардағы әдебиет тарихын жоққа шығаратын теріс көзқарастар пайда болды» [1, 93].

Біздің жоғарыда Абай мұрасын зерттеудегі қателіктерді әшкерелеуден бері қарай ұзақ-сонар сөз етіп келген «тұрпайы социологизм» теориясының бұрмалаушылықтарының барлығы бір ғана 1951 жылы жүзеге асқанын ескеретін болсақ, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бас сауғалауға көшкенін, үн-түнсіз қалуға мәжбүр болғанын түсінуге болады. Осы жылдың соңына қарай «ұлтшыл-буржуазияшылдарды» әшкерелеу науқаны қазақ әдебиеттану ғылымының даму жолында еңбек еткен Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин, Қ. Мұқаметханов, Қ. Жұмалиевтердің ұсталып, социалистік қоғамға жат элементтер ретінде әдеби ортадан аластатылып, 25 жылға сотталуы-



на жалғасты. Бұдан тарихшылардан Б. Сүлейменов, Е. Бекмаханов, тілші ғалымдардан С. Аманжолов, С. Кенесбаевтар да құтыла алмады. Ал Б. Кенжебаев, Ә. Жиреншин, Ә. Қоңыратбаев, т.б. жұмыстан шығарылып, қудалауға ұшырады.

Бірақ өткендегі әдеби мұраға «тұрпайы социологизм» көзқарасында қарау мұнымен тоқталған жоқ. Сталиннің жеке басына табынудың ерекше бір ширық атып тұрған кезінде идеологиялық жұмысты жақсартуға шақыруды көбейе түскені, оған сынға алынатын тың нысаналар тауып беріп отырды. 1952 жылы «Литературная газетаның» 1 шілдеде шыққан санындағы «Халық эпосын терең зерттейік» атты бас мақала көтерген мәселеге Қазақстанда жеткілікті көңіл бөлінбей отырғанына бірден назар аударылды. ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары М. Сужиков «Идеологиялық жұмыстың дәрежесін бұдан да арттыра түсейік» атты мақаласында, халық эпостарын әдебиеттің таптығы және халықтығы принципімен зерттеуде көп кемшілік орын алып, «бірыңғай ағым» теориясына бағалау басымдығын сынап өтті. 1950 жылғы Т. Шойынбаев бастаған тарихшылар жариялаған мақалаға байланысты алынған қаулыдағы сындар толық түзелмей, Кенесары-Наурызбайға байланысты жырлар ғана халыққа жат екені әшкереленіп, қалған

эпостар әлі де болса «ұлтшылдық бұрмалаушылықтағы» көзқараста зерттеліп жүргені атап айтылды. Маркстік-лениндік әдіснаманы насихаттаған партия шақыруына жедел үн қосуға дағдыланған «тұрпайы социологизмге» бұл салада да кең жол ашылды. Ол Ғылым академиясының «хабаршысында» М. Ғабдуллиннің «Қазақтың батырлар жыры туралы» (1952, №9) атты мақаласында алғаш көрініс тапты да, оның «О состоянии и задачах изучения казахского эпоса» (1953, №4), Н. Смирнованың «Об источниках и вариантах казахского героического и сказочного эпоса» (1953, №4) секілді мақалаларында таптық тұрғыда ғылыми негізделе бастады. Халық эпосының зерттелуі үлкен айтысқа айналды да, «сол кездегі газет-журналдарда шыққан мақалалар мен жиналыстарда айтылған пікірлер екі топқа бөлінді. Біріншісі – «ұр да жық» бағытында болса, екіншісі – өткендегі мұраға әділдікпен қарауды, мұра атаулының бәрін құртып жібермеуді айтады». Ақырында академияның Тіл-әдебиет институты Орталық Комитеттің қолдауымен ғылыми айтыс өткізу керек деп шешті. Бұдан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Абай мұрасын зерттеу туралы өткен ғылыми айтыстағыдай «тұрпайы социологизм» теориясына қарсы тұруға дайындалған күресін тағы да көреміз. Сондықтан кеңірек тоқталалық.

Алғашқы шешім бойынша «Қазақтың батырлар жыры туралы» баяндама М. Әуезовке, «Тұрмыс-салт жырлары туралы» баяндама С. Мұқановқа тапсырылған. Бірақ бұрынғы зерттеулеріндегі «ұлтшылдықтары әшкереленген» екеуі де бас тартқан. М. Ғабдуллиннің сөзіне сенсек, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде көп қате жібергендерін тілге тиек ете келіп, өздерінің сыналуы қажеттігін айтып, баяндама жасаудан бас тартқан. Соның салдарынан ғылыми айтысты өткізу кешеуілдеп барып, 1953 жылы сәуірдің он екісінде өтілді. Дискуссияға Москва, Ленинград, Ташкент, Фрунзе қалаларынан фольклорист ғалымдар шақырылып, республикалық дәрежеде өтуіне үлкен мән берілді. «Қазақтың батырлық жырын зерттеу жөніндегі проблемалар туралы» деген алғашқы баяндаманы М. Ғабдуллин жасады. 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырынан диссертация қорғағандықтан, эпостанушы ретінде баяндама М. Ғабдуллинге партия тарапынан «үлкен сеніммен» тапсырылған. Ал «Қазақтың тұрмыс-салт жырлары туралы» баяндаманы (әдебиетшілерден мойнына ешкім алмаған болуы керек) тарих ғылымдарының кандидаты М. Ақынжанов жасады. Қырыққа тарта адам жарыссөзге қатысқан айтыс үш күнге созылды. М. Ғабдуллин баяндамасында негізінен екі түрлі мәселеге айрықша көңіл аударылды. Бірі – ба-

тырлар жырының халықтығын ашу, яғни халыққа жат жырларды анықтау, екіншісі – эпостарды зерттеудегі жіберілген қате кемшіліктерді сынау. Оның әдіснамалық негізіне әдебиеттің таптығы мен халықтығы туралы маркстік-лениндік қағида алынғандықтан, көптеген жырлар халыққа жат деп бағаланды да, «тұрпайы социологизм» көзқарасындағы ой-пікірмен тұжырымдалды. Соның негізінде батырлар жырын зерттеудегі М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Б. Кенжебаевтардың жіберген «қателіктері» партиялық сын деген желеумен сыңар жақтықпен «өлтiре сыналды». «Бүкіл рухани байлығымыз шонжарлардың ықпалынан туған қауіпті феодалдық дүниеге айналды. Қазақстандағы үш жүзден аса батырлық жырлардан тек «Қамбар батыр» жыры ғана тоқсан үйлі тобырды асырағаны үшін тәуір аталып, өзгелерінің бәріне теріс баға берілді». Көрсетілген қателіктер «ұлтшыл-буржуазияшылдық» ұғыммен тығыз байланыстылықта айтылғандықтан, С. Нұрышев, Т. Шойынбаев, Ә. Нілдібаев, Ә. Тәкежанов және тағы да басқа жарыссөзде сөйлеушілердің көбі әшкерелегіш бағыт ұстай сөйлеп, нигилистік көзқарастағы жоққа шығарушылықты даурықтырып жіберді. Оның үстіне сыналушылардан өз қателіктерін мойындауын талап етілуі, оларды қудалауға ұшыраған әдебиетші

ғалымдардың соңынан жіберуге деген іс-шараның да ұйымдастырылып жатқанынан хабар бергендей. Оған дәлел ретінде С. Нұрышевтың Ғылым Академиясының «Хабаршысына» шыққан «До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчество Абая» (1953, №4) атты мақаласын атасақ та жеткілікті.

Ғылыми айтыс қорытындысында және соған сай алынған қаулыда, «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырлар халықтық негізде туғандығы атап көрсетілгенмен, еуропацентристік көзқарастан қолдау тапқан «тұрпайы социологизм» теориясының үстемдік алып кеткені айқын сезілді. Басқа жырларды ғылыми тұрғыда зерттей беру керек, таптық, халықтық тұрғыдан қайшылықтарын ашу қажет деп көрсетілгенімен, оларға нигилистік көзқараста қарау кең өріс жая берді. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өз табыстарын қорғау мүмкіндігінен мүлде айырылды да, қазақ әдебиеттану ғылымы маркстік-лениндік әдіснаманың «тұрпайы социологизм» теориясына ұшыраған қате қағидаларының қатал үкімінің құрбандығына айналды. Бұл келді де қазақ фольклорынан нені, әдебиет тарихынан және кеңестік дәуірдегі әдебиеттен кімді, қалай оқыту керек

деген мәселені туғызды. Еңбекші халық пен таптық мүддені ғана жырлайтын ақын-жазушылар мен шығармалар асыра дәріптелді, басқалары сынға ұшырады. Мысалы, «Социалистік Қазақстанда» «Көпеев – ұлтшыл, діншіл ақын» (1952, 15 тамыз) атты К. Көлбаевтың мақаласына бола Орталық Комитеттің арнайы қаулы алуынан республика ғылымын қадағалап отырған идеология саясатының өзі маркстік-лениндік әдіснаманы өрескел бұрмалауға жол беріп алғанын көреміз.

«Тұрпайы социологизм» теориясының өріс алғаны сондай, 1952 жылғы оқу бағдарламалары мен оқулықтардың ғылыми-танымдық сапасы нашарлап, ғасырлар бойы жасалған фольклор мен тарихи әдебиет түгелге жуық жоққа шығарылды. Қ. Жұмалиевтің сәл кейінірек айтқан сөзімен келтірер болсақ, олардың сипаты төмендегідей сорақы мазмұнға дейін жетті, сондықтан толық келтірейік: «1952 жылы басылып шыққан 8 класқа арналған оқу құралында (авторы М. Ғабдуллин) ауыз әдебиеті де, XVIII-XIX ғасыр әдебиеті де жоққа тәндік дәрежеге жеткен. Жеке тексерілу үшін бүкіл эпостан Қамбар, лиро-эпостан Қозы Көрпеш те, ақындардан тек Махамбет қана қалдырылған. XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет өкілдерінен Махамбеттен басқа бірде-бірі же-

ке тексерілмейді. Олардың творчествосындағы заңды байланыстар айтылмайды. Басқалары сөз арасында аталады да, әдебиет тарихы деп бір ғана ақынды ұсынады.

Қазақ әдебиетінен 9 класқа арналған оқу құралында (авторлары Қабдолов, Қирабаев, Нұрқатов) қазақ әдебиетінің тарихы Белинскийден, Чернышевскийден, Добролюбовтен басталады... Кітапты «Қазақ әдебиетінің тарихы» деп Белинскийді, Чернышевскийді, Добролюбовті қазақ әдебиетінің өкілі етуде авторлардың қандай принцип ұстағаны белгісіз» деген өткір сында ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қандай деңгейге дейін төмендегенінің шындығы жатыр.

Ғылыми айтыс қорытындысы мен соңғы қаулыдан туындаған нигилистік көзқарас мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын, хрестоматияларды әлі де болса жақсарта түсуге шақырды. «Социалистік Қазақстандағы», М. Ғабдуллиннің «Қазақ әдебиетінің оқулықтарын жазу туралы» (1952, 16 қараша), М. Базарбаевтың «Қазақ әдебиетінің оқулықтарын жазу туралы» (1953, 9 сәуір), «Халық мұғалімінде» Ә. Дербісалиннің «Халық ауыз әдебиетінің орта мектепке арналған оқулығы» (1953, №1) секілді мақалалары әдебиеттің таптығы мен халықтығы қағидаларының әлі де болса толық басшылыққа алынбай

жатқанын бір жақты сынады. Ал сыншы Қ. Нұрмаханов «Қазақ әдебиеті оқулығындағы елеулі қателер туралы» мақаласында, IX класс үшін жазылған оқулықтағы жоғарыдағы Қ. Жұмалиев айтқан қателікті сынай отырғанымен, «екі түрлі мәдениеттің элементі» туралы В. И. Ленин қағидасын тілге тиек етіп, сол кездегі «тұрпайы социологизм» позициясынан аулақтап кете алмады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің туу дәуіріндегі және даму кезеңінің алғашқы жылдарындағы азды-көпті жетістігінен бас тартуға дейін барған осы бір қиын кезеңде И. Сталин өлді де, Коммунистік партия мен кеңес өкіметіндегі «халықтар көсемінің» жеке билігі құлады. 1929 жылдан бастап Сталиннің жеке басына табынудың ықпалында келген кеңестік идеология Ленин өлгендегі «Ленин өлді, бірақ, ленин жолы мәңгі жасайды» деген ұранын, «Сталин өлді, бірақ сталин ісі жалғаса береді» деп қайта көтерген жоқ. Бұл «буржуазияшыл-ұлтшыл» таңбасы басылған, енді ұсталып темір тордың ар жағынан шығуға тиісті әдебиетші-ғалымдар мен ақын-жазушылардың аман-сау қалуына басты себеп болды. Жоғарыдағы партиялық билік үшін таласта Сталиндік дәуірдің қайта оралмайтыны, керісінше сынға ұшырайтыны белгілі бола бастағаны және жергілікті басшылардың ауысуы үлкен өзгерістің болатыны-

нан хабарлағандай еді. Алғашқыда аңысын аңдыған қазақ әдебиеттану ғылымы көп ұзамай-ақ даңғыл жолға бастаған бұрынғы сүрлеуін іздеп тапты. Ғылыми ортадан аластатылған әдебиетші кадрлар қайта оралып, өз мақалалары мен еңбектерін жариялай бастауға мүмкіндік алды. Әдебиет тарихы мен теориясының мәселелерін зерттеуде үзіліп қалған жолды әрі қарай жалғастыруға барлаулар жасала бастады. Ол үшін орынсыз қараланған жеке дарындарды «тұрпайы социологизмнің» батпағынан тазалап алу керек болды.

1954-1955 жылдары ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің «тұрпайы социологизм» теориясына қарсы күреске шығуына жол бастаған тағы да Абай мұрасын жаңашыл көзқараста жан-жақты зерттеудің қолға алынуы еді. Осы екі жылда ұлы ақынның қайтыс болуына 50 жыл, туғанына 110 жыл толуына байланысты мерзімді баспасөз бетінде орыс, қазақ тілдерінде жүзден астам мақала жарияланып үлгерді. Әрине, барлығы бірдей Абай шығармашылығы мен оның зерттелу жайы туралы ғылыми сипатта бола қойған жоқ. Алайда жанрлық және көркемдік әдіс, жаңашылдығы мен ақындық шеберлігі, дүниетанымдық көзқарасы, текстологиясы, өлең құрылысы, образ жасау шеберлігі секілді теориялық мәселелер тұрғысынан қарастыра бастаған

мақалалар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бір қадам алға басқанын танытты. Абай қазақ әдебиетінің негізін салушы, классик екені алғаш айтылмағанымен, ғылыми тұрғыда негізделді, сыншы реалист екені рет дәлелденді. Соның негізінде Абай шығармаларының екі томды жинағы (1954), «Абай өмірі мен творчествосы» (1954) атты зерттеу мақалалар жинағы, Т. Әлімқұловтың «Абай», Б. Кенжебаевтың «Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы», Х. Сүйіншәлиевтің «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы» секілді кітапшалары жарық көрді. Тіпті кеше ғана Абайды даттаушылардың бірі – С. Нұрышевтың «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» атты кітапшасына қарасақ, «тұрпайы социологизм» өз позициясын жоғалта бастағанын байқаймыз. Бұл ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің үлкен жеңісі еді. Ол бұл бағыттағы ізденістерін баянды ету мақсатында Шоқан мен Ыбырай мұрасын зерттеуде де жалғастыра түсті. Шоқанның ағартушылығы мен орыс достары туралы көбірек шиырлаған ой-пікір енді фольклорист, публицист, әдебиетші, тарихшы секілді қырларына көңіл аудара бастады. Ал Ыбырайдың ағартушылық, педагогтік қызметін сөз ету тереңдеп, балалар әдебиетінің атасы, қазақ прозасының негізін салушы ретіндегі тұлғасы ашылып,

шығармалары әдеби-теориялық талдаулардың нысанасына алынды. Рас, ұлы ағартушылардың шығармашылығы маркстік-лениндік әдіснамадағы әдебиеттің таптығы мен халықтығы қағидаларымен тығыз байланыстылықта қаралды. Көбінесе үстем тап өкілдеріне деген сыншылдық көзқарас, шығармаларындағы қоғамдық және таптық қайшылықтар, орыс әдебиеті мен мәдениетінің әсері секілді мәселелер айтылғанымен, ол социологиялық талдау жасауда тұрпайылық пен нигилистіктен аулақтай бастады.

Қазақтың ұлы ағартушы-ойшылдары туралы зерттеу жұмыстарының осылайша тездете қолға алынуы – «тұрпайы социологизм» көзқарасында сыналған ақын-жазушылар мұрасына жаңаша қарауды өрістетті. Бұл әсіресе Сұлтанмахмұт шығармашылығына арналған мақалаларда көрініс тапты. Сонымен қатар, осы XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдерінен С. Көбеев, С. Дөнентаев, Ә. Ғалымов, М. Сералиндердің шығармашылығының зерттеушілік мақсатта сөз болып, әдебиет тарихына енгізу туралы мәселенің көтерілуі жақсы ізденістердің нышанасы екені анық. Төңкеріске дейінгі әдебиет тарихынан шығармашылық мұрасы маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай деп танылған көрнекті өкілдері туралы ғылыми ой біршама

жүйеленіп, алдағы зерттеу нысанасына айналатын негізгі мәселелер айқындала бастады. Ал кеңес дәуіріндегі әдебиеттің дарынды өкілдеріне деген күдікшіл, салқын көзқарастағы бұрмалай бағалау да түзу жолға көшті. Кез келген мақалада «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген кінәлаудан көз ашпаған М. Әуезов, С. Мұқановтар туралы ғылыми және теориялық сипаттағы талдаулары ба-сым түсіп жатқан алғашқы мақалалар жарияланды. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір осы дәуірдегі ақын-жазушылар шығармашылығын тексеруде идеологиялық саясат ықпалында жіберіп алған олқылықтарының орнын толтыруға шешуші қадамдар жасады. Мысалы, 1937 жылдан бастап өмірі мен шығармашылығы мақсатты түрде ғылыми ой-пікірдің назарынан тыс қалдырылып келген, егер сөз бола қалса, сыңаржақ сынмен датталып келген Ғ. Мүсірепов туралы зерттеушілік мәні айқын мақалалар мен С. Сейітовтің «Ғ. Мүсірепов творчествосы» аталатын кітапшасының шығуы – оған айқын дәлел. Немесе мектеп оқулықтарына енгізілгенімен, арнайы тексеріле қоймаған Ғ. Мұстафин, Т. Жароков, И. Байзақов, А.Тоқмағанбетовтер шығармашылығы ғылыми тұрғыда сөз бола бастады. Тың ізденістер нәтижесінде әдебиет тарихына С. Ерубаев, Ж. Тілепбергенов секілді жаңа есімдер енгізіліп, қалдырған

мұраларын жинап-жариялау, зерттеу жұмыстары қолға алынды.

Осы 1954-1955 жылдардағы қазақ әдебиеттануының айтарлықтай ізденістері болып табылатын табысы деп әдеби-теориялық сипаттағы зерттеулердің көбейе түсуін атар едік. Жеке ақын-жазушыға арналған ғылыми және сын мақалалардағы ой-пікірді айтпағанда, таза теориялық ұғым-түсініктерді ғылыми сөз ете бастаған еңбектердің жариялануы құптарлық құбылыс еді. Нақты айтқанда, реализм және сыншыл реализм, жанр түрлері, идея және тақырып, конфликт және характер, ұнамды образ, тип және типтік тұлға, түр мен стиль, дәстүр мен жаңашылдық, өлең сөздің құрылысы секілді келелі мәселелердің қазақ әдебиетіндегі табиғаты мен игерілуіне арналған бірнеше мақала жарық көрді.

1954-1955 жылдарда ғана көрінген осы ізденістерден қазақ әдебиеттану ғылымының 1947-1953 жылдар аралығындағы дағдарыстан кейін қайта дами бастағанын көреміз. Бірақ оның бәрі өздігінен және опонай жүзеге аса қойған жоқ. «Тұрпайы социологизм» теориясы мен нигилистік көзқарас өз позициясынан айырылғысы келмегенмен, енді әрі-сәріде тұрған кеңестік идеология оған сүйеу бола алмады. Саясатқа құрылған ғылыми негізсіз бұл теория мен көзқарастың үні біржола өшпегенімен, бұрынғыдай белсеніп

шыға алмады. Оның С. Нұрышев, Ә. Нілдібаев, Ә. Жәмішев, М. Ақынжанов, Т. Шойынбаев, Х. Айдарова сияқты «қайраткерлері» үн-түнсіз қалуға мәжбүр болды. Осындай жағдайда ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны бағыттардағы ізденістер жасауына тәжірибелі зерттеушілер М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайлов, Б. Кенжебаев және тағы басқалары білімдарлықпен басшылық жасады. Ал сын мен әдебиеттануға келген алғашқы қадамдар «тұрпайы социологизм» мен нигилизм дәуірлеп тұрған кезеңге тап келгендіктен, олардың бұрмалаушылықтарынан сау қала алмаған. Қ. Нұрмаханов, А. Нұрқатов, Б. Сахариев, Х. Сүлейіншәлиев, М. Сәрсекеев, М. Ғабдуллин, Ә. Дербісалин, Қ. Құттыбаевтар және т.б. өз қателіктерін тез түсініп, жаңашыл бағыттағы зерттеу жұмыстарына белсене кірісті. Әсіресе, қазақ әдебиеттануының әдеби-теориялық бағыттағы тың қадамдары осылардың еншісінде екенін атап айту керек. Сын мен әдебиеттанудың қатары С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Р. Бердібаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Н. Ғабдуллин, Ә. Нарымбетов, М. Дүйсенов секілді жас кадрлармен толықты. Олар ғылыми-зерттеушілік жұмыстарды дамытудағы дәуір алға тартқан күрделі істерге жасқанбай араласты. Бұлар маркстік-лениндік

ілім мен әдіснаманы бақайшағына дейін шаға меңгерген, оның қағидаларын дәріптеудің соңы өрескел бұрмалаушылықтар мен қателіктерге апарып соқтыратынын алдыңғы толқындағы әдебиетші-сыншылардың іс-тәжірибесінен үйреніп өскен ұрпақ болды. Коммунистік идеологияның көркемөнер мен әдебиетті, ғылымды саяси қырағылықтағы қыспағынан босата бастаған кезеңдегі ауыр жүкті қайыспай көтеріп әкетуге ғылыми-теориялық

дайындықпен келді де, бірден көзге түсе бастады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының өз даму жолын қайта жалғастыра бастаған осы соңғы екі жыл ішіндегі соны қадамдарын жеке басқа табынудан туындаған кемшіліктерді түзетуге бағытталатын алдағы үлкен өзгерістерге іштей дайындығы болды десек қателеспейміз. Ол СОКП-ның 1956 жылғы XX съезінен басталған бетбұрыста, яғни жанару, жаңғыру кезеңінде жүзеге асты.

#### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ұлттық мүддедегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір мен әдеби сын.
2. Маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының әдебиет тарихын зерттеуде басшылыққа алынуының зардаптары.
3. 1940 жылдар басындағы оқулықтар мен хрестоматиялардағы әдебиет тарихының дәуірленуі.
4. Әдеби-теориялық және сыншылдық ой-пікірдің 1940-жылдардағы ізденістері қандай?
5. Әдеби мұраны зерттеудегі тың ізденістер сипаты.
6. 1940 жылдардың II жартысындағы партиялық қаулы-қарарлардың әдеби мұраны зерттеуге кері ықпалы.
7. «Гұрпайы социологизм» мен солақай сыншылдықтың 1940 жылдардың соңындағы кескін-келбеті.
8. 1940-50 жылдардағы әдеби сынның соны ізденістерін тап.
9. 1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулының ұлттық әдебиеттану мен сынға тигізген зардаптары.
10. 1950 жылдар басындағы Абай ақындық мектебінің шәкірттері туралы айтыс.



11. «Тұрпайы социологизм» теориясы ықпалындағы «солақай» сыншылар және ұлттық әдебиет.

12. Қазақстан тарихын зерттеудегі «буржуазияшыл-ұлтшылдыққа» қарсы идеологиялық күрес және ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дағдарысы.

### Негізгі әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I-II том. – Алматы: ҚазАқпарат. 208-2010.

2. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академия баспасы, 1961. – 376 б.

3. Кәкішев Т. Оңаша отау . – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.

4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.

5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.

6. Маданова М. Актуальные проблемы литературной компаративистики. Алматы. 1999.

7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.

8. Бушмин А. Наука о литературе. Москва. 1980.

9. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005, 317 б.

10. 1940-1950 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.

### Қосымша әдебиеттер

1. Әдебиет және өнер мәселелері бойынша 30-жылдар кезеңімен 40-50-жылдардың басында қабылданған қаулы-қарарлар жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы //Социалистік Қазақстан, 1989, 9 желтоқсан.

2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы. 1998.

3. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы. 1974.

4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. 6 кітап. – Алматы: Ғылым, 1960-1967.

5. Ысқақұлы Д. Сын өнері. –Астана, 2001.

6. Исмайылов Е., Бекқожин Қ., Айтмұқанов С., Сейітов С. Қазақ совет әдебиеті. Орта мектепке арналған оқу құралы. 4-бөлім, 10 класс үшін (Редакциясын басқарған Е.Исмайылов). – Алматы: ҚБМБ, 1942. – 191 б.

7. Исмайылов Е. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы, ҚБМБ, 1946. – 220 б.

### III БӨЛІМ. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары

8. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8-9 кл. үшін оқу құралы. Орта мектепке арналған. 2 бөлім. – Алматы: ҚМБ, 1941. – 160 б.

9. Ысмайлов Е. Қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Алматы: ҚБМБ, 1941. – 120 б.

10. Кәкішев Т. Ескірмейді естелік. – Алматы: Жазушы, 1994. – 432 б.

11. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1958. – 512 б.

12. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші. – Алматы. 1 том. 1970, 2 том. 1986. 3 том. 1997.

13. Жұртбаев Т. Бесігіңді түзе. Алматы, 1997. – 350 б.

## 2-ТАРАУ. 1956-1970 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеттануындағы ізденістер мен іркілістер

Ұлы Отан соғысы басталғаннан бергі жылдарда даму мен дағдарысты басынан қатар өткізген қазақ әдебиеттану ғылымы СОКП-ның XX съезінің шешімдерінен туындаған жаңару, жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Бұл съезд Сталиннің жеке билігі басталған 1925 жылдан бергі мәдениет, өнер, ғылым салаларындағы орын алған көптеген қателіктердің бетін ашып, сын тезіне салып таразылай бастады. Ол ұлттық әдебиеттануда да соны серпіліс туғызды, өткен жолында орын алған өрескел бұрмалаушылықтары мен тұрпайы социологизм ықпалында қағидаға айналып бара жатқан кемшіліктері түзетіле бастады. Қазақ әдебиеті тарихын орыс сыншыларынан бастауға дейін барған және қазақ эпостарының санаулы үлгілерін ғана қалдыруға дейін құлдыраған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдында жана мүмкіндіктер туды. Партия саясаты мен идеологиясының тар шеңберлі құрсауынан босай бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ғылыми арнаға

бет бұрды. Оның негізгі себептері сәл кезінде-ақ: «Ең алдымен, қазақ әдебиетінің профессионалдық арнамен өркендеп, одақтық, дүниежүзілік сахнаға шығуы болса, екінші жағынан тарихи XX съезден кейін сын-зерттеу еңбектерін ғылыми негізде жүргізуге жағдай туғандығы, үшіншіден – әдебиеттануға жалпы мәдени дәрежесі көтеріңкі, эстетикалық талғамы қалыптасқан кадрлардың көптеп келуі, арнаулы ғылыми мекемелердің, баспасөз орындарының ашылуы. Осындай объективтік жағдайлар арқасында әдебиеттану мен сынның жалпы өресі биіктеп, алымы молайды», – деп атап көрсетілді. Ой өзегінде сол кездегі дәуір шындығы жатқанымен, бұл пікір заман талабына сай айтылған еді. Өйткені қазақ әдебиеттануы идеологиялық қыспақтан құтылып жаңа серпіліспен дамуға көшті, өресі биіктей бастады дегенде, маркстік-лениндік әдіснаманың ықпалынан біржола қол үзіп, ұлттық мүддеге сай зерттеуге басты бағыт алып кетті

деген ұғым тұмауы керек. СОКП өзінің XX съезінен кейін «халық жауларына» байланысты 1937 жылғы, «буржуазияшыл-ұлтшылдыққа» орай 1952-1953 жылдардағы қуғын-сүргінді қателік деп тапқанымен, ұлт республикаларының еркіндік алуына бастайтын «ұлтшылдық» туралы ұлы орыстық шовинизмге негізделген отаршылдық саясатты жалғастыра беретін көзқарасын өзгерткен жоқ. Қайта халықтар достығы идеясын желеу етіп, ұлттық мүддеге тартатын, халықтың өз тарихи тамырын танып білуге апаратын кез келген жаңа қадамды жойып жіберіп отырды. Осыдан жеке ұлт республикаларындағы ғылым-білім, өнер бір орталықтан басқарылды, жеке адам құқығы аяққа басылды. Еркін ойлауға шектеу салынып, кеңестік идеология шығармашылық жұмыстарда ғана емес, ғылыми-зерттеуде де өз билігін жүргізді. Бұл келді де қазақтың фольклорлық және классикалық мұрасын зерттеуге болатын және болмайтын деп екіге бөліп тастады. Осы саладағы басты бағыттар мен талаптарды ҚКП Орталық Комитеті өзінің «Қазақ халқының әдеби поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан пайдаланудың жайы мен оны жақсарту шаралары туралы» (1957 ж.) қаулысы арқылы бекітіп берді. Онда төңкеріске дейінгі әдеби мұраны да, кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылар шығармашылығын да

лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларына сай ғана тексеруді басшылыққа алу қатты ескертілді. Сын мен ғылыми еңбектерде осы принциптер негізінде талдау жасау мен бағалау басты талап болып қойылды. 40-жылдары назардан қағыс қалған социалистік реализм қайта дәріптеліп, теориялық тұрғыда негізделе бастады. Соның нәтижесінде төңкерісті, оның жеңістерін дәріптеуге арналған, еңбекші халықты ғана жырлаған таптық позициядағы шығармалар көптеп жазылды. Не бірыңғай тап тартысы идеясынан, не тартыссыздық теориясынан тұратын шығармаларға кең жол ашылды. Жеке басқа табынудың зардаптарын әшкерелей отырғанымен, кеңес өкіметі мен партиялық басшылық жаңғыру дәуірі деп атап отырған бұл кезеңде осындай бағыттағы жаңа саясатын жүргізуге көшті.

Қазақ әдебиеттануының XX съезден кейінгі жылдардағы осындай талаптарға сай даму жолы ғылыми еңбектерде біршама сөз болды және айтылып та жүр. Алғашқыда қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының 1967 жылғы III томының екінші кітабында ғылыми шолу дәрежесінде көрінді. Одан кейін бұл мәселеге барған ғалым Т. Кәкішев болды. Ғалым қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеуде әдебиетші-ғалымдардың ғылыми және сыншылдық ой-пікір-

ге қосқан үлесін көрсету мақсатында қарастырды. Ал бертінде ғана шыққан «40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998) атты еңбектегі, сол кездегі әдебиеттану мен сын туралы тарауды жазған Д. Мыңбаев та осы ізбен кеткен. Сол себептен де болар, ұлттық әдебиеттану ғылымының осы жаңару дәуірі деп атап отырған кезеңнен бастап жүргізген ізденістері мен іркілістері жүйелі сараланбай қалған. Бүгінгі таңдағы көзқараста жаңаша пайымдаумен қоса, әдіснамалық мәселелеріне байланыстылықта қарау қажеттігі айтпаса да түсінікті. Біздің ойымызша, ұлттық әдебиеттану ғылымы мен сынының сол кезеңде қол жеткізе алған табыстары мен әдеби мұраның таптығы және халықтығы көзқарасына сай қағидалар әсерінен амалсыздықтан бұрмалай түсіндірген тұсаулы қадамдарын басты-басты келелі мәселелердің төңірегіне топтастыра жинақтай сөз еткен дұрыс болмақ. Сонда біз осы проблемаларды шешу арқылы әдебиеттану ғылымы өзінің қалыптасу жолында қай салада қиындықсыз жетіліп, қай арнада сүрінгенін, ол жолда маркстік-лениндік әдіснаманың әсері қандай болғанын ғылыми тұрғыда саралай аламыз. Қазірде айттылып жүргендей, барлық кінәні партиялық саясат пен идеологияға жауып қаралай беретін болсақ, онда керісінше айтылған «тұрпайы соци-

ологизм» теориясының ықпалында кетеріміз анық. Сондықтан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсу эволюциясын ғылыми әдіснаманы игеру жолдарына қарай қарастырған жөн болады деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиеттануының съезден кейін-ақ айрықша құлшыныспен кіріскен саласы – әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеу мәселесі. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғаш назар аударғаны 1920-1930 жылдардағы кенес дәуіріндегі әдебиет болды. Ол заңды да еді. Себебі, жеке басқа табынудың зардабына іліккен С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин секілді қаламгерлер шығармашылығы ақталып, ғылыми тұрғыда зерттей бастауға мүмкіндік туды. Бұған дейін осы кезеңдегі әдебиеттің тарихи және көркемдік даму жолы санаулы ақын-жазушылармен сыдырта баяндалып, ал одан кейін Жамбыл бастаған халық шығармашылығы өкілдерімен толықтырылып келгені жалған емес. Хронологиялық тәртіппен қарағанда, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 1920-1930 жылдар әдебиетіне жаңаша көзқараста қарай бастаған барлаулары 1956 жылғы осы мәселені батыл көтерген бірнеше ғылыми мақалалардан бастау алады. Бұл жолдағы бағыт-бағдарды алғаш көрсеткен республикалық партия жарияланым болып саналатын «Социалистік Қазақстандағы»

«Әдебиеттану ғылымы мен сынының дәрежесі жоғары болсын» (1956, 22 наурыз) атты бас мақала мен «Казakhstanская правда» газетіндегі М. Қаратаевтың «Нужна подлинно научная история казахской литературы» (1956, 14 қазан) деген мақаласы болды. Оларда партияның көркемөнер иен ғылым саласындағы жаңа саясаты түсіндіріле келіп, әдебиеттану мен сындағы орын алған кемшіліктерді түзету мен жаңаша зерттеуде лениндік әдіснаманың қағидаларын басшылыққа арудың жолдары методологиялық тұрғыда негізделді. Бұл «Қазақ әдебиеті» газетінің «Әдебиет және әдебиеттану ғылымы» аталатын бас мақаласында кеңірек сөз болды да, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесі нақты қойылды. Осы секілді жаңаша көзқарастан қуат алған ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бұған дейінгі өткен жолындағы баржоғын түгелдеуге батыл кірісті. Р. Бердібаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» («ӘЖИ», №2), Ә. Дербісалиннің «Байсалды зерттеуді қажет ететін мәселе» («Қ. Ә.», 4 мамыр), М. Дүйсеновтің «20-жылдардағы қазақ совет әдебиеті», С. Сейітовтің «Казakhstanская советская литература периода довоенных пятилеток» (1956, ҒА-ның Хабарлары, V кітап), Б. Кенжебаевтың «Қазақ совет әдебиеті кезеңдері жөнінде» («Қ. Ә.»,

7 желтоқсан), Ә. Қоңыратбаевтың «Сынның сырқаулары» («Қ. Ә.», 3 ақпан) секілді мақалалары ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әрі-сәріде тұрған кезіндегі алғашқылығымен ғана емес, жаңа арнаға бастайтын батыл барлаулар жасай алуымен құнды. Ең бастысы, тұрпайы социологиялық көзқарастағы бағалаулардың әдебиеттің таптығы қағидасын асыра дәріптеуден туғандығының сыры ашыла бастады. Бұл – бір. Екіншіден, 1920-1930 жылдардағы әдебиетті іштей бірнеше кезеңдерге бөлу жолындағы алғашқы түсініктер қалыптасты. Орыс әдебиеттануының осы бағыттағы қадамдарына сүйене отырғанымен, Б. Кенжебаев өзінің 1941 жылғы «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» атты кітапшасындағы қазақ әдебиетін дәуірлеу туралы көзқарасын жалғастыра отырып, оның «Совет әдебиеті» деген бесінші кезеңін енді «Қазақ совет әдебиеті» деп атады. Оны іштей «қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі», «соғысқа дейінгі бесжылдықтар дәуіріндегі әдебиет», «Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет», «соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет» деген кезеңдерге бөлуді ұсынды, ғылыми-зерттеу жұмыстарды осы жүйеде жүргізуге шақырды. Осының барлығы 20-30-жылдардағы әдебиеттің туып-дамуына үлес қосқан ақын-жазушылар шығармашылығының жаңаша бағалана бастауына, зама-

на талабымен артық-кем айтылған пікірлердің түзетіле бастауына әкелді. Оған мысал ретінде тек осы 1956 жылы ғана жарық көрген Т. Ахтановтың Ғ. Мүсірепов, М. Сармұрзинаның, С. Қирабаевтың Ғ. Мұстафин, А. Нұрқатовтың Ғ. Мұстафин, М. Әуезов, С. Мұқанов туралы әдеби-сын очерктері мен мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде шыққан еңбектерін атасақ та жеткілікті. Сонымен қатар, орта мектеп бағдарламаларының шығуы, солардың негізінде мектепті жаңа оқу құралдарымен қамтамасыз ету жұмыстарының қолға алынуы тың ізденістер болып жатқанын хабарлағандай еді. Мысалы, С. Қирабаев, З. Қабдолов, А. Нұрқатовтардың IX класқа арналған «Қазақ әдебиеті» (1956) оқулығы таптық көзқарасқа негізделген социологиялық арқауы басым талдаулардан көрі, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бұрынғы ой ауанынан біржола арылып кете қоймағанымен, әдеби-теориялық тұрғыда қарастыруға ойыса бастағанын байқатты. Бұл айтылғандарды қазақ әдебиеттану ғылымның қоғамдық ой-пікірде нақты айтыла бастаған жаңа өзгерістерге іштей дайындала бастаған талпыныстары деп ұғу қажет секілді.

Осы сипаттағы жаңашыл ұмтылыстар айқын көрініс таба бастаған уақытта Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер толық ақталды да, ғылыми-

зерттеушілік ой-пікірдің кеңес дәуіріндегі әдебиетті зерттеуіне кең өріс ашылды. Баспасөз олардың шығармаларын молынан жариялады, естеліктер, деректер жазылды, әдеби мұралары қайтадан бүкіл халықтың рухани азығына айналды. Жазушылар Одағы осы үш тұлғаның шығармашылығына арналған кештер өткізіліп, тұсаулы ой толқынында жүрген күдікшіл көңілді сергітті. Шығармаларын басып шығару ісі қолға алынды, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің нысанасына айналды. Бұны ұлттық әдебиеттанудың өз даму жолында жетілген әдіснама арқылы қиын күресте қол жеткізген жеңісі еді деп бағалауға болмас. Қанша талпынғанымен ұзақ жылдар бойы құрсауда ұстап келген лениндік әдіснама ырық бермегендіктен, жеткілікті деңгейде дайындалып та үлгере алмады десе де болады. Әдеби-теориялық тұрғыдан жақсы деңгейде болғанымен, осы қаламгерлердің әдебиет тарихындағы орнын ғылыми тұрғыда әділ бағалауда өз позициясын қорғай алмады. Оған дәлел – академик-жазушы С. Мұқанов аузымен айтылса да «С. Сейфуллин – қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы» деген тұжырымды бірден қабылдаттыра алмай, ұзақ жылдар әуре сарсаңға салуы. Осы тарихи талассыз шындықты ғылыми-зерттеушілік ой-пікір сол кездегі идеология хатшысы Н. Жандилдин

тарапынан болған эпербақандықтан сақтай алмады, қарсы күреске шыға алмай қорғаншақтай берді. «Ұлтшылдық» айыптың таяғын жеп беті қайтқан аға буын әдебиетші-ғалымдар да белсенділік танытпады. Соның кесірінен С. Сейфуллин кеңес дәуіріндегі әдебиеттің негізін салушыларының бірі ретінде төмендетіліп, бұл көзқарас алғашқыда зерттеу мақалаларда айтылып, кейін оқулықтар мен монографиялық еңбектерде ғылыми негізделе бастады.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір Сәкен, Ілияс, Бейімбет мұралары жайында белсенділік танытқанымен, солармен қатар құрбандыққа ұшыраған басқа сыншы-әдебиетші, жазушылар туралы зерттеу жұмыстарын қатар алып жүруге де асыға қоймады. Тек сталиндік қамаудан аман оралғандардың өздерімен тағдырластар туралы бірді-екілі мақала жазғаны болмаса, әдеби жиындарда жалпылама сөз болып, олардың мұрасын жинау-жариялау және зерттеу жағына құлшыныс білдіргендер аз болды. Ол 1920-1930 жылдардағы әдеби-мәдени процестің даму жолын жүйелі тексеруге, тарихи шындықтың барынша ашық айтылмауы әсерін тигізбей де қалмады. Оның себептері де жоқ емес еді. Сәкеннен бастап жиырмадан астам қазақ әдебиетінің талантты өкілдерінің тұп-тура жиырма жыл бойы әдеби, ғылыми ор-

тадан аласталуына айыптаулар айтыла бастаған кезде, әдеби сынның кінәлілер іздеп оjarлыққа басқан тұстары да болмай қалмады. Бірақ, ащы шындықтың айтылуы әлі алыс еді. Себебі, жазықсыз төгілген қанға, талқаны шыққан тағдырларға құныкерлер ашық айтыла бастаса, басты айыпкер өзі болып шығатынын түсінген жергілікті партия ұйымы, оның идеологиясының оған жібермеуі сол кезеңде заңды құбылыс еді. «XX съезден соң Коммунистік партия басшылары ел басындағы ауыр ахуалды түзетуге талпынғандай көрінгенімен, өздері біте қайнасқан қоғамдық жүйенің шеңберінен шыға алмады. Одақ орталығы Мәскеуде Б. Назаров пен О. Гридневаның «Вопросы литературы» журналына шыққан мақалаларын, ақындар О. Бергольц пен К. Симоновтың сұхбатын, В. Дудинцевтің «Не хлебом единым» романын «ауа жайылды», «Социалистік мұраттарға жат пікірлер айтты» деп ұр да жық сынмен төпеледі» [84, 128]. Орталықтың ашық таратып жатқан бағыт-бағдары мен үлгісі осындай болған шақта (халықтан жасырын берілген нұсқауларды айтпағанда) Қазақстанда 1937 жылдың лаңына ұшыраған Ғ. Тоғжанов, Қ. Кемеңгеров, М. Дәулетбаев, С. Камалов, О. Беков, Ж. Шанин және тағы басқалар туралы зерттеушілік ойдың кідіре бергеніне таң қалуға болмайды.



Негізінен әдебиет тарихының белгілі бір кезеңін санаулы адамдар ғана жасамайтыны – тарихи шындық. Үлкенді-кішілі әр дарын қадір-халінше қызмет етеді. Сол арқылы өз кезеңіндегі әдеби дамудың көркемдік процесіне, әр жанрдың өсуі мен кемелденуіне үлес қосады. Ғылыми зерттеулерде олардың барлығы қамтылғанда ғана сол дәуір әдебиетінің барлық болмыс-бітімі ашылады. Бұл тұрғысынан келгенде, Сәкен, Ілияс, Бейімбет мұраларының алды кітап болып шығып, шығармашылығы зерттеу нысанына нақты алына бастаған шақта, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір осы кезең әдебиетін жан-жақты тексеруге ұмтылыс жасап бақты. Міне, осы мақсатта, яғни 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті тарихын ғылыми тұрғыда сөз етуге тұрарлық барлық өкілдерін қамти отырып жүйелі тексеру деген жаңаша бағытта ой қозғаған Б. Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» мақаласы (1957, 25 қаңтар) кеңестік идеологияның саяси айып таққан ауыр соққысының астында қалды. Оны жариялаған «Қазақ әдебиеті» газеті жазаланды. Шындығында мақалада совет өкіметінің ірге тасын қозғайтындай ешқандай саяси немесе ұлтшылдық пікір жоқ еді. Тіпті 1937 жылғы «ұлтшыл-фашист» атанғандардың бір де бірінің аты-жөні де аталмаған. Керісінше, осы кезеңдегі кеңестік идеология та-

лаптарына сай шығармалар жазып, қудалауға ілікпей, өз ажалынан өлген немесе соғыста оққа ұшқан Ш. Иманбаева, Е. Бекенов, А. Сегізбаев, С. Ерубасев, Б. Бұлқышев, А. Жұмағалиев, Р. Малабаев секілді ақын-жазушылар шығармашылығын зерттеу, қалдырған мұрасын жариялау, әдебиет тарихында алатын орнын белгілеу секілді дәуір талап етіп отырған проблема көтерілген еді. Бірақ, бұлардың қатарында «алашордашылардың жақтасы болған, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгендіктен саяси сенімсіздікке ұшыраған» С. Садуақасовтың да аталуы қырағы көздердің назарына бірден ілікті. Кеңестік идеология бұл мақала үшін бұрынғыдай дау-дамай ұйымдастырып қаулы қабылдамағанымен, авторға қатаң ескерту жасап, газет редакциясын жазалауы арқылы әдебиеттану мен сынға тым еркінсі бермеу керектігін мықтап ескертіп, тізгіндеп қойды.

Өз өсу, қалыптасу жолында талай құрбандықтарға бара алған қазақ әдебиеттануы өкілдері қызметтен шығару секілді «жеңіл» жазаларға дайын еді. Өз арыстарын танып-білуге ұмтылған халық тілегі, ұлттық мүддеге тамыр тарта бастаған ұлттық сана мен қоғамдық ой-пікір 1920-1930-жылдардағы ақын-жазушылардың барлығы бірдей ақталуын талап етті. Кеңестік идеология қанша қаралағанымен, халық

оларды ұмытқан да жоқ, айыптағанда жоқ болатын. Осындай талап-тілек «ұлтшыл-алашшыл» атанған ұлт зиялыларын да ақтау мәселесін шұғыл көтерді. Ол бір жағынан 1920-1930 жылдардағы қазақ әдебиетін тұтас бірлікте зерттеу ниетінен туса, екіншіден, Сәкендердің ақталуынан басталған жаңашыл бағыт туғызған мүмкіндікті пайдаланып қалуға деген ұмтылыстан көрініс тапты. Олардың азаматтық тұрғыдан ғана ақталып, шығармаларын жариялаумен зерттеуге тиым салынуында көп сыр бар. «Расын айтайын, солардың шығармаларын жүзеге асыруға жоғарғы жақтан үзілді-кесілді қарсылық жоқ болған да емес. Ал ғылым иесі адамдарға ғалымдарымыз қарсы, әлгіндей ақын-жазушыларға ақын-жазушыларымыз қарсы болды», – дейді Ғ. Мүсірепов Т. Кәкішевке берген сұхбатында [85, 293]. Бұл пікірде үлкен шындық жатыр. 1958 жылы Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы арнайы комиссия құрып, қайта оралған арыстарымыздың шығармаларын жариялауға шешім де шығарылды. Бірақ, жүзеге аспайды. Оның себебін түсіну үшін Ғ. Мүсіреповтің мына пікірін толық келтірелік. «Бір кезде мен Одақта отырғанда М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың мәселелерін қойып, тіпті комиссия да құрғанбыз. Іріктеп алуға жауапты бір редколлегия құрып, түсіндірмелермен, алғы сөздермен

басқымыз келіп еді. Оған тиісті жоғарғы орындар ризашылық та берген. (астын сызған біз. – С. Ж.). Соны жүзеге асыруға келгенде, баяғы өзіміздің тарапымыздан, жазушылар тарапынан көлденең тұрушылар көп болды, яғни жазушыларымыздың бір жағы басамыз десе, енді бір жағы құбыжық көріп қарсы шықты (оның шындығы ашылар күн алыс емес. – Ж.С.). Сонымен бөгеліп қалған бір жағдай бар. Екінші жағдай, сондай жаналықтың хабарын естіп, абырой-атақ ала қояйық деп ҚазГУ-дің жігіттері даурықтырып жіберді. Жоғарғы жақ бір қаулы алса, солардың дегенімен алғандай етіп көрсетпекке тырысты. Сол бір қырсық болды», – дей келе, А. Байтұрсынов мұрасы туралы сұраққа: «Бұған ғалымдарымыз қарсы. Тілшілер қарсы. Өйткені, шындап алғанда тілшілердің пайдаланып отырған есімдік, етістіктері, негізгі терминдердің барлығы Ахметтікі ғой. Ахметтің өзіне қайтарып берсең оларда не қалады? Сонсын, бұл оның соңғы жазған кітабы болатын. Оның қолжазбасын өзімнің қолымнан алып кеткен. Кітаптың аты – «Қазақ тілінің теориясы». Жарық көрмеген», – деп жауап береді. Ендеше «ұлтшыл» атанған арыстарымыздың ақталмауын партия басшылығынан, идеологиядан көру негізсіз. Әрі-беріден соң 1958 жылы ССРО Прокуратурасы Шәкәрімді, 1960 жылы Түркістан әскери трибу-

налы Мағжанды толығымен ақтады. Ғ. Мүсіреповтің жоғарыда «оған тиісті жоғары орындар ризашылық та берген» деуінің себебі осында. Сондықтан М. Базарбаевтың: «бір таңқаларлық нәрсе, бұл жөнінде комиссия мүшелеріне де, не Жазушылар одағы мен ғылыми мекемелерге де хабарланбаған, қорытынды шешім айтқан әдебиетшілер де, басқа мамандар да ештеңе білмеген. Жұмбақ сыры сол кездегі басшылардың: бұл саяси ақтау емес, бар болғаны азаматтық жағынан ақталу деген үстірт, жаңсақ түсінігінен екені енді мәлім болды», – деп кінәні басқаға аударуы ешбір шындыққа жатпайды. Қайта өз пікіріне өзі қарсы шығып, «өкініштісі сол шешімдерді осылай ұғындырып, өңін теріс айналдыруға күш салған белгілі мәдениет қайраткерлері де болды» деп жауырды жаба тоқи айтқаны, Ғ. Мүсірепов сөздеріндегі шындыққа сабақтасып жатыр.

Сөз болып отырған ақын-жазушылардың ақталуына орай көптеген шындықтың беті ашылатындықтан, халықтың ашу-ызасынан қорыққан, ащы ақиқаттың айтылуынан сескенген бір топ ғалымдар мен ақын-жазушылар оларды тағы да құрбандыққа шалды, әдеби-ғылыми мұрасын қайта құру дәуірі басталғанға дейінгі ұзақ жылдар бойы тар қапаста ұсталуына себепші болды. Кейініректе болмаса, тура

сол кезде кеңестік идеологияның да, лениндік әдіснаманың да олардың жарыққа шықпауына еш қатысы жоқ екенін қайталай айтқымыз келеді. Біздің ойымызша, Ш. Құдайбердиевтің «Қазақ әдебиетінде» (1959, 9 қаңтар) үш өлеңінің жариялануына орай қарасартовшылдық іс-әрекетті әдебиеттану ғылымының болашағынан көрі өз жеке басының қамын күйттеушілер мен «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалынан айыға қоймағандар мақсатты түрде әдейі ұйымдастырды. Себебі, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жанашыл бағыттағы ұмтылыстарын жоққа шығару үшін, әсіре тапшылдық сипатта саяси астар беріп айғай-шуға ұластыру тұрпайы социологизмнің үйреншікті дағдысы еді. Сол арыстарымыздың қайта оралуына кедергі келтіргендер кейінде олар біржола ақталғанда, өз кінәларын заманға, кеңестік идеологияға жауып тағы да көлгірсіді, естеліктер айтты, кейбірі мақалалар, алғы сөздер жазды. Кезінде өзі жіберген қателіктерді түзету мақсатында ғылыми еңбек жазып, атақ-абырой алып жатқандары да бар. Ал кейбірі өзі өмір бойы нанын жеген қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына қарсы шығып, абыройсыз өлді. Ащы ақиқат, қатал үкім айтып отырғанымызды білеміз. Білсек те ұлттық әдебиеттану ғылымының ізденістері мен іркілістерін әділ саралау үшін, бізге шындық қымбат.

1920-1930 жылдардағы қазақ әдебиетінің толық та жүйелі зерттелмей қалуының себебін ашу үшін – бұл жағдайларды тереңірек сөз етіп отырғанымыз да сондықтан.

Бұдан шығатын қорытынды сол – ғылыми-зерттеушілік ой-пікір жаңару кезеңіне аяқ басқан тұста әдебиеттану ғылымына үлкен өзгерістер әкелетін өз позициясын қорғай алмады. Жазықсыз жазаланып «ұлтшыл-алашшыл» атанған ақын-жазушылар мұрасын ғылыми тұрғыда дәйекті қорғауда табандылық танытпады. Ұлттық әдебиеттану өзінің қалыптасу кезеңіне қадам басты дей отырғанымызбен, ғылыми зерттеу жұмыстарында ұлттық мүддені бірінші орынға қоюға әлі де болса дайын еместігін байқатты. Өз ішінде осы ұлттық мүддеге бастайтын бір бағытта болмауынан жалған догматиктерге қарсы күреске шығудың орнына, жоғары жаққа жалтақтауынан арыла алмады. Нақты айтқанда, қазақ әдебиетші-ғалымдары арасынан тың игеру науқанына байланысты қазақ жерінің тағдыры талқыға түскенде «портфель кетті, алайда ел қалды» деп халық мүддесін қорғап қалған Жұмабай Тәшенов секілді тұлғалар шықпады. Ал тұрпайы социологизмдік көзқарас басқа түгіл партиялық құжаттардың өзінде сынға ұшырап жатқанымен, өз позициясынан оңай айрылғысы жоқ еді. Кеңестік идеологияның екі жүзді са-

ясатына сүйенген бұл теория көркем әдебиетке ауыз салып, тап тартысы анық көрініс таппаған туындылардан ұлтшылдық іздеуін қоймады. Д. Мыңбаев «Қазақ әдебиетіндегі» «Бір семьялы әдебиет» (1957, 25 қаңтар), «Социалистік Қазақстандағы» «Қазақ әдебиетінің мәдениетін көтере берейік» (1957, 29 қаңтар) секілді бас мақалалардың Қазақстандық идеология басшыларының нұсқауымен жазылғанын орында атап өтеді [84, 217]. Оған Н. Жандилдин сияқтылар «Ұлт мәдениетін өркендетудің кейбір мәселелері туралы» («Қазақстан коммунисті», 1957, №7) деген нигилистік көзқарасқа негізделген мақалаларымен бағытбағдар беріп отырды. Халықтар достығы идеясын, ссоциалистік өмір шындығын жырлауда социалистік реализм әдісінің талаптарынан табыла бермейтін шығармалардан ұлтшылдық пиғылды іздеп табуды мақсат еткен мақалалардан тұрпайы социологизмнің салқынын аңғару қиын емес. Солақай сыншылдықты арқау еткен С. Бейсенбаев дегеннің В. Бюраковпен бірігіп «Известияда» жариялаған «У писателей Казахстана» (1957, 22 наурыз) мақаласы, оның «Қазақ әдебиетінде» өз атымен шыққан. «Халық өмірі сәулеттірек суреттелсін» (1957, 29 наурыз) атты нұсқасы осының айғағы. Таптық қоғамның қайшылықтарын ғана жырлауды талап еткен, шығармадан

өткенді көксеу мен ұлтшылдық сарынды іздеген тұрпайы социологизм СОКП Орталық Комитетінің 1958 жылғы «Ұлы достық», «Богдан Хмельницкий» және «Шын жүректер» операларын бағалауда жіберілген қателіктер түзету туралы» қаулысынан кейін, қайта атқа мінердей сыңай танытты.

Тұрпайы социологизмдік пиғылдар мен нигилистік көзқарас Н. Жандилдиннің «К вопросу о критическом использовании куль-турного наследия прошлого» деген мақаласынан кейін әдеби мұраға байланысты да көрінбей қалмады. Оған мысал көп. Біз біреуін ғана келтірелік. М. Ақынжановтың «Қазақтың тегі» деген кітабына байланысты Е. Ысмайылов «Коммунизм таңы» газетінде «Қазақтың тегі туралы» деген (1956, 7 қаңтар) рецензиялық мақала жазып, халық тарихының келелі мәселелеріне барып, ұлт болып қалыптасу жолын зерттеудегі сәтті ізденістерін атап өткен болатынды. Еңбек пен рецензияға қарсы К. Акишев, С. Ибрагимов, Е. Агеева дегендер «Неудачная монография» деген атпен мақала жазып, тұрпайы социологиялық көзқараста «қазақтарды ұлттық оқшаулануға апаратын ұлтшылдық көзқарастағы кітап» деп тапты. Маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы мен халықтығы принциптерінің асыра дәріптелуі – тұрпайы социологизмді

өрістететінін тәжірибеден білетін. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті өзінің 1957 жылғы қаулысында көрсеткен бағыт-бағдар мен талаптарға сүйене келе, көркем әдебиет, ғылым саласындағы билікті мықтап қолына алды.

Бір қуанарлық жағдай, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларын басшылыққа ала отырғанымен, кеңестік дәуірдегі әдебиетті зерттеуде «тұрпайы социологизмге» ырық бермей кетті. Шынын айтқанда, қазақ әдебиеттануы уақыт, заман талабына тез бейімделіп, оған маркстік-лениндік ілімге сай әдіснамалық, теориялық және сыншылдық жағынан дайын болды да, тез игеріп әкетті. «Маркстік-лениндік теорияға сай әдебиет қоғам өмірінің, таптық күрестің айнасы деген қағидасы, Лениннің бір ұлттың ішінде екі мәдениет барлығы, пролетариат мәдениеті бұрынғы феодалдық, капиталистік қоғамдар жасаған мәдениеттің заңды жалғасы, оны сын көзімен қарап пайдалану, әдебиеттің партиялығы, халықтығы туралы қағидалары қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі идеялық арнасы» болып алынғандықтан, тұрпайы социологизм көзқарасында бұра тартушылыққа орын қалмады [1, 24]. Егер қазақ әдебиеттануының даму жолына әдіснамалық тұрғыдан

қарасақ, тұрпайы социологизм ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық мүддеге сай бағыт-бағдар алған ізденістерінің айқын көрінген кездерінде ғана бой көрсетіп отырған екен. Алғашқыда Алаш арыстарының зерттеу еңбектеріне қарсы ҚазАПП-тың солақай демографиясы дәрежесінде көрінсе, екінші рет 1930-жылдардың екінші жартысында Абайды халық ақыны деп танудан басталған жаңа қадамдар тұсында ұлтшылдықты әшкерелеу, «халық жауларын» табуға байланысты науқанмен тіл табысып кетті. Ал үшінші рет, ерекше және жан-жақты өріс алған тұсы – қазақ әдебиеттануының қыркыншы жолдардағы барлық табысын түгел жоққа шығаруға дейін жеткен 50-жылдардың басындағы кезеңі. Және ол ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жаңа, тың бағыттағы қадамдарын міндетті түрде бірыңғай ағым теориясымен байланыстырып отырған. Осы тұрғысынан келгенде, қазақ әдебиеттануында бірыңғай ағым теориясы ерекше орын алды дегенге күмәндана қарамасқа болмайды. Оны мүлде болмады деп үзілді-кесілді жоққа шығарудан аулақпыз. Кейбір белгілерінің, яғни ақын-жазушылардың бәрін классик деп бағалаудың болғаны шындық. Бірақ, ол соңғы кезге дейінгі ғылыми еңбектерде ерекше назар түсіріліп айтылған «біздің әдебиеттану

жұмысымызға бірталай зиянын тигізіп келген – «бірыңғай ағым» теориясы... 30-жылдардың ақыры мен 40-жылдардың бас кезінде жазылған біздің әдебиеттану еңбектеріміздің бірқатарында Бұқар мен Махамбет те, Шортанбай мен Алтынсарин де, Абай мен Мұрат та, Сұлтанмахмұт пен Шәңгерей де, Дөнентаев пен О. Қарашев та – барлығы да ағартушы, демократ, сыншыл реалист, тіпті халық ақыны етуге дейін асыра дәріптеу орын алды. Ал фольклор мұралары да ешбір жіксіз, мінсіз бірыңғай мақтаумен болды, батырлар жыры мен тарихи жырлардың арасында шек жойылды. Жеке ақын, жазушылардың творчествосындағы идеялық қайшылықтар ашылмады», деген секілді тұжырымды пікір айтуға негіз бола алмайтын еді [1, 38]. Өйткені, жоғарыда сынала айтылған ақындар ағартушы-демократ болмағанмен, сыншыл реалист, халық ақыны болғаны жалған емес, бүгінгі таңда ол дәлелденіп те жатыр. 1947 жылғы және 50-жылдардың басындағы қаулы-қарарларда «тұрпайы социологизмге» негізделіп айтылған осы айыптаулар зерттеу еңбектерде өзгеріссіз қайталанып, «ол қателіктерді партия әділ көрсетіп бергені» ғылыми дәлелдене бастады. Әуелде 1958 жылғы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркінде» айтылса, осы жылғы әдеби мұраны зерттеу туралы конференцияда

кеңірек сөз болып, ақыры 1960 жылдан шыға бастаған көп томдықта тұжырымдала пайымдады. Қазақ әдебиеттануының өткен жолын таразылап, алдағы бағыт-бағдары мен міндеттерін белгілеу жолында ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ұлттық мүддеге сай табыстарын жоққа шығарып, біржақтылықпен бағалауға жол беріп алды. Әрине, өз ықтиярымен немесе әдіснамалық және ғылыми теориялық тұрғыда өресі жетпегендіктен емес. Маркстік-лениндік әдіснама, кеңестік идеология оны осыған баруға мәжбүр етті. Бұл жерде отаршылдық пиғылдағы ұлы орыстық шовинизмді және еуропацентристік көзқарасты, одан қуат алған ұлттық нигилизмнің әсерінде жоққа шығаруға болмайтыны өз-өзінен түсінікті. Қазақ әдебиеттануы бірыңғай ағым теориясына байланысты осындай негізсіз айыптаудан тек «40-50 және 60 жылдардағы Қазақ әдебиеті» (1998) атты еңбектегі проф. Т. Кәкішев, Д. Мыңбаев жазған «Әдебиеттану және сын» тарауларында ғана құтылды.

XX съезден басталған жаңа кезеңде қазақ әдебиеттану ғылымының өткен мақтанудан көрі даттауы басым осындай айыптаулар мен бағалар айтылып жатқан тұста, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларын басшылыққа алуды насихаттаған партияның өнер, ғылым саласындағы саясаты мен иде-

ологиясы кеңес дәуіріндегі әдебиеттен зерттеуге болатын ақын-жазушыларды жіктеп көрсетіп берді. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір оларды тексеруге құлшына кірісті. Монографиялық сипатта тексеруді мақсат тұтқан көптеген мақалалар жазылды. Оларда жаңа талап бойынша қоғамдық өмірмен тығыз байланыста қараудан тарихилық сипат, жанрлық және әдеби-теориялық тұрғыда талдау жасауға деген ұмтылыс айқын көрініс тапты. Оны айтқан уақытта ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің шын мәнінде алғырлық, жұмыла жасауда парасаттылық тапқанын атап өту керек. Екі-үш жыл ішінде көрнекті қаламгерлер туралы әдеби-сыни және монографиялық очерктердің шығуы, «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері» (1957), «Қазақ совет әдебиетінің мәселелері» (1957) сияқты әдеби сын-зерттеу мақалалар жинағының жарық көруі, С. Сейітовтің «Қырық жылда» (1957) атты әдеби очеркі, М. Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959) еңбектері, Е. Ысмайыловтың «С. Сейфуллин», М. Қаратаевтың «І. Жансүгіров» туралы кітапшалары шығуы кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетін зерттеудегі жақсы ізденістердің нышаны еді. Сонымен қатар, ұлттық әдебиеттануға, оның даму жолына бағалаушылық мәнде көңіл аударыла бастады. Бұл

бағытта «Әдебиет және әдебиеттану ғылымы» («Қ.Ә.», 17.VIII.1956), «Әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынның дәрежесі жоғары болсын» («С. Қ.», 28.VIII.1956) секілді бас мақалаларда, М. Базарбаевтың «Әдебиеттану ғылымы өрлеу жолында» («Қ. Ә.», 25.X.1957), Т. Кәкішевтің «Әдебиеттану ғылымы туралы бірер сөз» («Жұлдыз», №9, 1958), Х. Сүлейіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің зерттелу жолы» («Жұлдыз», №5, 1958), Е. Ысмайыловтың «Әдебиеттанудың негізгі міндеттері» («Жұлдыз», №7, 1959) секілді мақалалар жарияланды. Оларда негізінен жеке басқа табынудың ғылыми жұмыстарға тигізген зардаптары мен 1947-1953 жылдар аралығындағы тұрпайы социологизм ықпалындағы бұрмалаушылықтар сынала келе, алдағы уақытта маркстік-лениндік әдіснаманың партия құжаттары көрсетіп берген қағидаларын басшылыққа алу насихатталды. Өткендегі мұраны идеялық және саяси бағытына, таптық сипатына қарай сұрыптау қажеттігі ерекше сөз болып, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық негізде дамуына бағыттайтын тың мәселелер көтеріле қойған жоқ. Оған заман талабы мүмкіндік бермегені, әрбір жаңашыл ұсыныс қырағы қадағаланып отырылғаны айтпаса да түсінікті. Солай дей отырғанымен, бұл да болса жақсылық нышаны еді. Өйткені, қазақ

әдебиеттануы өзінің өткен жолына «партиялық сын» тұрғысынан көз салып, бар-жоғын түгелдеп алуымен бірге, ендігі кезеңінде, яғни маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына біржола мойынсұнғаннан басқа амалы қалмағанында, алдағы бағыттарын белгілеп алуы қажет еді. Бұл «Қазақстанда әдебиет ғылымы, яғни көркем әдебиет туралы, оның теориясы мен тарихын жасайтын, оның заңдылықтары мен даму жолдарын ғылыми тұрғыдан талдап отыратын ғылым жасалды» деген секілді пікірлердің айтыла бастауына себеп болды. Енді ұлттық әдебиеттану ғылымының табысы ретінде танылатын еңбектер жазып шығару күн тәртібіне шұғыл қойылды. Соның нәтижесінде 1958 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты Орталық Комитет нұсқаулары мен жұртшылықтың көптен бергі тілегін өтеу мақсатымен осы «Очеркті ...» жазып шықты» (астын сызған біз. – С. Ж.). Яғни, кеңестік дәуірдегі әдебиетке арналған «Қазақ совет әдебиеті тарихы очеркі» жарық көрді [86, 7].

Алғы сөзінде М. Базарбаев атап жазғандай, еңбек «Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республикадағы әдебиет зерттеу ғылымының міндеттерін айқындай келіп, қазақ әдебиетінің совет дәуірі тұсында өсуін көрсететін, әдебиетте болған түбірлі өзгерістер мен



жаңалықтарды маркстік-лениндік эстетика тұрғысынан қарап, баяндап беретін күрделі еңбек жазылуын бірнеше рет атап көрсеткен» талаптарынан туғандығына және «әдебиеттану ғылымының, әдебиет сынының өсіп, дамуы нәтижесінде ғана мұндай күрделі қорытынды пікірлер айтуға мүмкіндік алғанына» көңіл аудармасқа болмайды. Себебі, ол әдебиет туралы ғылымның партия сынынан қорытынды шығарып, өз «қателіктерін түзеткенін», маркстік-лениндік әдіснаманың «ғылыми сара жолын», кеңестік идеологияның өнер мен ғылым жөніндегі саясатының «жасампаздығын» одақ көлемінде алғаш дәлелдеп берген еңбек болды. «Қазақ совет әдебиетінің очеркін» Москва ғалымдары Қазақстанның әдебиеттану ғылымы жолындағы зор табысы деп жоғары бағалады. Методологиялық дұрыс негізге құрылған бұл очерк басқа республикалардағы осындай очерктердің ірі кемшіліктері ескере жазылып, Қазақстан әдебиетшілері өз заманындағы совет әдебиеті мәселелеріне баса назар аудара білгендіктерін дәлелдеді» [67, 399].

Бұл очерк маркстік-лениндік әдіснама қағидаларын басшылыққа ала отырып жазылғанымен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің азды-көпті жинаған тәжірибесіне сай бар мүмкіндігін көрсете алған еңбек екенін жоққа шығаруға болмайды. Жаңғыру

кезеңіндегі талаптарға сай кеңестік дәуірдегі төңкерісшіл бағыттағы әдебиеттің жанрлық және көркемдік даму процесі біршама жүйеленді, идеялық-творчестволық қалыптасу жолын әдебиеттің таптығы және партиялығы принциптеріне орай қарастыруда алғашқы қадамдар жасалды. Оны қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттағы ізденісінің жемісі деп бағалағанда, кеңестік дәуірдегі әдебиеттің даму жолы іштей төрт кезенге жіктеліп, әрқайсысына шолу берілуі мен 13 ақын-жазушының монографиялық тұрғыда зерттеу нысанасына алынуын айту керек. Әдебиеттің партиялығы мен таптығына сай талдау жасау басым түсіп жатқанымен, олардың қазақ әдебиеті тарихындағы орны белгіленді, шығармашылық жолының басты сипаттары ашылды, әдеби жанрлардың өсіп-кемелденуіне қосқан жаңалығы мен үлесі ғылыми сараланды.

«Очеркте» төңкерістен бастап еңбек шыққанға дейінгі әдебиет тарихын «Қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, соғысқа дейінгі бесжылдықтар дәуіріндегі әдебиет, Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет, соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет» деп бөлуде шарттылық пен жалпыламалық басым. Орыс әдебиеттануы кеңестік дәуірдегі орыс әдебиетін «Азамат соғысы (1918-1920), шаруашылықты

қалпына келтіру (1921-1925), индустриализациялау (1926-1929), коллективтендіру (1930-34), социалистік қоғамды құруды аяқтау (1935-1941), соғыс кезіндегі әдебиет (1941-1945), соғыстан кейінгі жылдар әдебиеті» деген жүйеде қарастырып жатқан болатын. Бұған қарағанда «Очерктегі» дәуірге бөлу тек барлау міндетін атқарғанын байқаймыз. Осы дәуірлерге бөлуге сай жазылған шолудың ғылыми танымдық сипаты мен зерттеушілік ой-пікірді тың арналарға бастайтын проблемаларды нақты көтере алуының маңызы зор. Ол мәселелердің ең өзектісін Б. Кенжебаев жоғарыда айтылған «Өтелмеген парыз» мақаласында көрсеткен еді. С. Садуақасов есіміне байланысты күдікпен қарау орын алғанымен, әдебиеттану мен сын бұл салада батыл барлаулар жасап, ғылыми мақалалар жариялап та үлгерген еді. Ш. Иманбаева туралы М. Дүйсенов, Ә. Қоңыратбаевтың, Б. Изтөлин туралы С. Мұқанов, Т. Кәкішевтің, С. Ерубасов туралы Т. Кәкішевтің мақалаларындағы ғылыми ой-пікірлер шолуды жазу барысында ескеріліп отырылған. Бұлардан басқа Қ. Әбдіқадыров, Ө. Тұрманжанов, Ж. Тілепбергенов секілді ақын-жазушылардың шығармашылығы әдеби даму процесіне байланыстыра таныстырылуы мен бағалануы кеңес дәуіріндегі әдебиеттің өсу жолы туралы жүйелі түсінік беру ниетінен

туғандығы анық. Ол 1920-1930 жылдар әдебиетін ғылыми тексеруде аталған ақын-жазушылардың да монографиялық тұрғыда зерттелуіне тың жол ашылғанын көрсетті. Сонымен қатар, бұрын-соңды ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің нысанына түсе қоймаған Ж. Саин, Ә. Сәрсенбаев, Д. Әбілев, А. Жұмағалиев, М. Хакімжанова, Ғ. Сланов секілді ақындар туралы шағын таныстырулар берілуі жаңа ізденістер нышаны еді. Бұл бұрын-соңды сөз болмаған басқа да қаламгерлер туралы алғашқы зерттеу мақалалардың жазыла бастауына әсер етті. Бұл қазақ әдебиеті тарихын тек көрнекті дарындармен ғана танысу белең алған тұстағы кемшіліктердің түзеле бастағанын да байқатты. Алайда, осы шолуда монографиялық сипатта сөз болып отырған он үш қаламгердің шығармашылығына ойыса беру де орын алған. Бұл еңбектегі қазақ әдебиеттануының ғылыми деңгейіне баға берсек, енді ғана ақталған Сәкен, Ілияс, Бейімбет шығармашылығын кең және терең сөз етуге уақыт тарлық еткені сезілсе, зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірде көбірек сөз болып келген М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафиндер жайында молырақ айтылған. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби теориялық талдау жасауда өлең сөздің теориясын біршама меңгергені байқалса, прозалық шығармаларды талдауда мазмұндап

кету секілді кемшілікке душар болғаны айқын көрінеді. Қалай дегенмен де «Очерк...» дәуір алға тартқан талаптар үдесінен шығуға ұмтылған жаңа қадам болғаны даусыз. Ол бір жағынан орта мектепке арналған оқу құралдарының жаңа мазмұнда шығуына негіз болса, екіншіден, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тарихи және теориялық тұрғыда тың ұмтылыстар жасауына жол ашты.

Кенестік дәуірдегі әдебиетті зерттеудегі олқылықтардың орны осындай сипатта тола бастап, бұл бағыттағы еркіндікті сезінген әдебиеттану ғылымы төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын тексеруде күні кеше ғана қате деп табылған ізденістерін қайта жалғастыруға ұмтылды. Бұл кезде «ұлтшыл-алашшыл» атанғандар туралы жаңа көзқарас ақын-жазушылар мен ғалымдар тарапынан екіге жарылып, ақтау туралы ұсыныс жоғарыдан қолдау таппай, ресми түрде айтылмаса да тыйым салынатыны айқындалып қалған да болатын. Содан болар ғылыми-зерттеушілік ой-пікір назары өткен дәуірдегі әдеби мұраны игеру мәселесіне ауды. Оған алғашқыда мерзімді баспасөз бетінде әр түрлі сипаттағы қарама-қарсы пікірлер айтылуы арқылы барлау жасалды. Шынын айту керек, қазақ әдебиеттануы бұл бағытта бұрынғыдай көз жұмбап ерлікке бара алған жоқ. 1957 жылғы қаулы талаптары мен республикалық партия ұйымы нұсқауы мен жазылып

жатқан мақалалар «өткендегі әдеби мұраны сын көзімен қарап пайдалану және зерттеу керек, оның өзінде маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына сай қоғам өміріне байланысты қайшылықтарын ашу керек» деген тезисті бетке ұстай отырып, ерекше сақтықта жазылды. Амал жоқтықтан орыс халқымен достыққа кір келтіріп алмас үшін отаршылдыққа ашық қарсы болған ақын-жыраулардың реалистік шығармаларына «ескішіл, керітартпа» көзқараста болды деп тарихи шындықтан ауытқи, бұрмалай түсіндіру белен ала бастады. Бірақ, сайып келгенде оларды әдебиеттің таптығы тұрғысынан қарап, сын көзбен бағалап пайдалану және зерттеу қажет деген ұсыныстарға да ден қойылды. Осыған сай төңкеріске дейінгі әдеби мұра туралы бірталай ғылыми мақалалар жарияланды. Олар көтерген мәселе біреу ғана болғанымен, екі түрлі сипатта көрінді. Бірі – бүкіл әдеби мұра мен әдебиет тарихының мәселелерін сөз еткен жалпылама мақалалар болса, екіншісі – жеке ақын-жырау шығармашылығына ғана арналған зерттеулер. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ғана емес, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қол соза алған арналарын байқату үшін де атап көрсете кетелік. «Қазақ әдебиетінде» М. Қаратаев «Қайта қарауды қажет ететін мәселе» (10.08.1956), Ғ. Мұсабаев «Әдеби мұраны бұрмалаушылыққа қарсы»

(13.06.1956), Қ. Тұрғанбаев «Тағы да әдеби мұра жайында» (3.08.1956), С. Бәйішев «Әдеби мұраларды зерттеу мен пайдалану жайында» (4.07.1959), «Жұлдыз» журналында М. Дүйсенов «Әдеби мұра және оны зерттеу» (№3, 1959), М. Базарбаев «Қазақ халқының әдеби мұрасын зерттеу туралы» (№2, 1959), А. Нұрқатов пен Қ. Ибрагимов «Әдебиет тарихын зерттеу жайында» (№4, 1957), Ғылым академиясының «Хабаршысында» М. Базарбаев «Әдеби мұра және оны зерттеу» (№12, 1958) және тағы басқа да сыншы-әдебиетшілер әдеби мұраны игеру проблемасын көтерген мақалалар жарияланды. Бұларға қоса әдебиет тарихының белгілі бір дәуірін зерттеуді нақты сөз еткен Б. Кенжебаевтың «Лениншіл жастағы» «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы» (13.VI.1959) мақаласын да атай кету керек. Бұлардағы түпкі айтылар ойдың «Социалистік Қазақстандағы» 1957 жылғы қаулыны тарамдата баяндаған «Әдеби мұра мұқият зерттелсін» (24.07.1957) атты бас мақаладан өрбіп жатқанын аңғару қиын емес. Аталған мақалаларға жекелеп тоқталу мұрат емес және ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бір ғана мақаладан көрінбейтіні тағы бар. Сондықтан жинақтай айтуға тура келеді. Төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын зерттеудегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдіс-тәсілін әдебиеттің таптығы

мен халықтығына қарай икемдей бастаған бұл мақалалардың ұлттық әдебиеттану үшін құндылығы әдебиет тарихын тұтас бір жүйеде зерттеуді басты мәселе ретінде қоя білуі еді. Ұлттық әдебиетті қай кезеңнен бастаймыз, қандай дәуірлерге бөлеміз, маркстік-лениндік әдіснамаға сай қалай бағалаймыз деген секілді мәселелер төңірегінде әр түрлі сипаттағы ой-пікір ортаға түсті. «Тұрпайы социологизм» теориясына апаратын көзқарастан, сәл бұрын ғана қателік деп табылған ұлттық мүддеге сай ізденістеріне «кінәлі» «бірыңғай ағым» теориясынан сақтандыру, бұл жолда партиялық қаулы-қарарлар нұсқап отырған сара жолды басшылыққа алу негізделе бастады.

Бұл сипаттағы көзқарас жекелеген ақын-жырауларды сөз еткен мақалаларға да ауысып, әр автор өзі қарастырып отырған шығармашылық мұраға идеялық жағынан дұрыс, ғылыми жағынан терең, партиялық жағынан әділ баға беруге ұмтылды. Оны «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Ә. Көпбаевтың «Нарманбет ақын» (7.12.1956), Ы. Дүйсенбаевтың «Шортанбай ақын шығармалары» (2.08.1957), Т. Нұртазиннің «Шортанбай шығармалары жайлы» (28.12.1957), Ғ. Мұсабаевтың «Шортанбай шығармалары туралы» (4.06.1958), Ә. Қоңыратбаевтың «М. Ж. Көпеев лирикасы» (19.07.1959), Ғ. Малдыбаевтың «Шал

ақын кім?» (28.11.1958), Ғылым академиясының «Хабаршысындағы» 3. Ахметовтың «Шәңгерей ақын» (№3,1959), А. Нұрқатовтың «Ақан сері» (№1,1959), Х. Сүйіншіәлиевтің «Дулат ақын» (№3,1959), Қ. Жұмалиевтің «Ш. Жарылғасұлы» (№10,1959), «Халық мұғалімі» журналындағы Қ. Мұқаметхановтың «М. А. Құнанбаев» (№1,1957), Т. Әбдірахмановтың «Б. Өтетілеуовтің әдеби мұрасы жайында» (№9,1959) секілді мақалаларынан көруге болады. Заман талабына сай маркстік-лениндік әдіснама басшылыққа алынғанымен, бұл мақалалардың 50-жылдардың басында «реакцияшыл, керітартпа» деп табылған ақындар мұрасын зерттеуді қайта көтеруі құптарлық құбылыс еді. Басты мақсаттары «сын көзімен қарап қайшылықтарын ашу» арқылы әдебиет тарихынан орын алып қалуына қол жеткізу еді. Ол жолда артық-кем айтылып, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда тарихи шындықтан алыс жатқан тұжырымдар да жасалды. Мысалы, Шортанбай туралы мақалаларды алсақ, авторлардың бір-біріне қарама-қайшы келгені байқалады. Ғ. Мұсабаев «Шортанбай діншіл ақын емес, оның шығармасындағы дін сөздері кітап шығару барысындағы Қазан молдаларының жамап-жасқауы болар» деп ақынды қорғаштайды, ал Т. Нұртазин «Сөз жоқ, бұл

мистик-ақырет ақыны» десе, С. Нұрышевтың «Шортанбайдың «Бала зары» туралы» («Қ.Ә.», 19.07.1957) мақаласында «тұрпайы социологизм» теориясының салқыны басым түскен. Өткендегі әдеби мұраны зерттеудегі осындай қаламдар өз нәтижесін бермей қалған да жоқ емес. Б. Кенжебаевтың «Қазақ баспасөз тарихынан мәліметтер» (1956), «Журналист М. Сералин» (1957) атты кітапшалары, С. Қирабаев пен бірге жазған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1957) аталатын көмекші оқу құралы, «С. Торайғыров» (1957) зерттеуі, С. Қирабаевтың «С. Көбеев» (1958) деген еңбегі ғасыр басындағы әдебиет өкілдері туралы ой-пікірдің біршама жүйеленіп қалғанына дәлел. Әсіресе С. Торайғыров шығармашылығы туралы зерттеулер артық-кем айтылған пікірден арылып, ғылыми тұрғыда нақтыланды.

Міне, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің төңкерістен бұрынғы әдебиет тарихын тексеру жолындағы әр түрлі деңгейдегі осындай ұмтылыстарды әдеби мұраны зерттеу мәселесіндегі әр қилы көзқарастарды бір арнаға салудың қажеттігін көрсетіп берді. Бұл 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастырып өткізуге басты себеп болды. Сонымен қатар, «Біз әлі күнге қырық жыл ішінде Бұқар кім, Шортанбай кім – соны бір байламға

әкеле алмай келеміз. Осы неліктен? Жақын арада шолып қарасам, Шортанбай туралы жиырма бес мақала, Бұқар туралы отыз екі мақала басылғанына кездестім. Айналасы 250 жол өлеңі бар Бұқарды тануға осынша уақыт неге кетіп жүр. Бұл халық ақындарының еңбектерін тексеруге советтік ғылымның өресі жетпей жүргендіктен емес, өлі ақынға да, тірі ақынға да партиялық объективті көзқарасымыз бірікпей жүргендіктен» деген секілді пікірлер әр түрлі сипатта айтыла бастағандықтан, әдебиетші-ғалымдардың идеялық көзқарасын біріктіруге кеңестік идеология да мүдделі болғанын ашып айту керек [67, 368].

Бұл конференцияның қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихындағы маңызы туралы пікір айтқандардың барлығы да ғылыми-зерттеу жұмыстарына кедергі болып келе жатқан көптеген мәселелердің беті ашылғанын, біраз ілгері басу болғанын, қазақ әдебиеті тарихын жүйелі тексерудің жолға қойылғанын атап көрсетеді. Негізінен дұрыс болғанмен партиялық-әкімшілік жүйе кезінде айтылған ойды қайталау бар. Бұл жерде біз конференцияның фольклорлық мұра мен әдебиет тарихын тексеруде соны қадам болып табылатын табысын жоққа шығарайын деп отырған жоқпыз. Мәселе – осы бағалауларда қазақ әдебиеттану ғылымының бұдан былай маркстік-

лениндік әдіснаманың жаңа кезеңге лайықталған қағидаларының ықпалына біржола түскенінің ашып айтылмауында. Мысалы, тіпті беріде ғана шыққан еңбекте Д. Мыңбаев конференциядағы Е. Ысмайыловтың: «Әдебиет тарихының негізгі проблемалық мәселелерін жан-жақты шешіп зерттеуде бір тарихшылдық принципті, яғни әдеби құбылыстарды тарихи даму процесінде, әрбір ақынды өзінің туған тарихи-қоғамдық ортасына нақты байланыста алып тексеру принципін қолданамыз» дегенін сындарлы пікір деп табады [84, 219]. Егер тереңірек үңіліп қарасақ, ғалым бұл пікірді идеялық қайшылығы бар деп дау-дамайға түсіп жүрген ақындарды таптық қоғамның өкілі ретінде бағалау қажеттігін негіздеу мақсатында айтып отыр. Жалпы алғанда конференцияның маркстік-лениндік әдіснаманы, оның әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларын ғылыми жұмыстарда түпкілікті орнықтыру мүддесін ұстағаны тарихи шындық. Сондықтан оған баға берген уақытта егемендік алғанға дейінгі қазақ әдебиеттануының ұлттық мүддеге тамыр тарта алмаған, өткендегі мұраны тарихи ақиқат тұрғысынан бағалай алмаған кемшіліктерінің барлығы осы конференциядан басталғанына көңіл аудару қажет деп ойлаймыз.

Конференциядағы жасалған негізгі баяндамалардың тақырыптық

және мазмұндық сипатынан фольклорды және төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын дәуірлерге бөле отырып қарастыру арқылы, басты-басты проблемаларын шешіп алу мақсаты қойылғанын байқау қиын емес. Нақты айтсақ, ол «Дәстүрлі және кеңес дәуіріндегі фольклорды зерттеудің негізгі мәселелері» (Н. С. Смирнова), «XVIII ғасыр соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» (Қ. Жұмалиев), «XIX ғасырдың 50-70-жылдарындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» (Ы. Дүйсенбаев), «XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі тенденциялары мен бағыттары» (М. Сильченко), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы» (Б. Кенжебаев) деген сипаттағы жүйеде көрініс тапқан. Ал кеңестік дәуірдегі әдебиеттің талқыға салуға ұсынатын өзекті мәселелері М. Базарбаев (негізгі баяндама), М. Дүйсенов, М. Қаратаев, С. Сейітов, Т. Сыдықовтар жасаған қосымша баяндамаларда сөз етілді.

Біздің ойымызша, конференцияның басты бағыт-бағдары мен әдіснамалық жүйесі идеялық тұрғыдан дұрыс, партиялық тұрғыдан әділ болуы жоғарғы жақпен ақылдасып бекітілген. Оны С. Бәйішевтің «Халқымыздың әдеби мұраларын зерттеу мен пайдалану жайында» аталған кіріспе сөзінің және Е. Ысмайыловтың «КПСС XXI съезі қа-

рларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері» атты баяндамасының мазмұнынан көруге болады. Екеуі де маркстік-лениндік әдіснамаға сүйене отырғанымен, С. Бәйішевте кінәлау жағы басым түскен де, Е. Ысмайыловта ғылыми зерттеу жұмыстарында жіберіліп отырылған «кемшіліктердің» себебін ашып ақталу жағы көп. С. Бәйішев өз сөзінде қазақ әдебиеттануының теориялық деңгейі төмен дәрежеде екенін айтқан уақытта әдеби теориялық талдау жасаудың әлсіздігін көрсетіп отырған жоқ. Керісінше, лениндік теорияны толық меңгермегендіктен, әдеби мұраны игеруде қателіктерге ұшырап отырғанына байланыстыра қарайды. Оны дәлелдеу үшін ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кеңес дәуіріндегі әдебиеттен көрі бұрынғы әдеби мұраға, Бұқар жыраудан бастап М. Ж. Көпеевке дейінгі ақын-жырауларды зерттеуге көп көңіл бөліп жүргенін, соның кесірінен империалистік жаулардың шабуылын әшкерелей алмайтынын, әдебиет тарихын партиялық тұрғыдан әділ бағалау басты міндет екенін шегелей айтумен шектелген. Сол арқылы әдебиеттану ғылымы «коммунизм құру жолындағы мықты идеологиялық құрал» екенін дәлелдеп шықты. Е. Ысмайылов қазақ әдебиеті халықтың тарихи қоғамдық өмірінің, таптық күрестерінің жемісі деген

тұжырымды және В. И. Лениннің екі түрлі мәдениет туралы қағидасын басшылыққа алғанымен, «дүние тану мен көркем шығармашылықтың ара қатынасы, қазақ әдебиетінде реализм дәстүрінің қалыптасу жолдары дүние тану мен көркем творчествоның ара қатынасы, қазақ әдебиетінде реализм дәстүрінің қалыптасу жолдары, қазақ әдебиетінің ғылымдық тарихын жасау жолдары, жанрлардың өсіп-өркендеуі, ұлт әдебиеттерінің байланысы және өзара ықпал жасау процестері, аса көрнекті ақын, жазушылар туралы монографиялық еңбектер жазу, бүгінгі әдебиеттің творчестволық мәселелерін зерттеудегі әдебиет сынының рөлі, қазақ әдебиеті мен фольклорының үлгілері мен деректерін жинап-зерттеу» секілді әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттер теңірегінде ой қозғады [1, 24]. Бүгінгі күн тұрғысынан карағанда баяндаманың ең жаңашыл жері - қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесін сөз етуіне орай ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолына баға берілуі дер едік. Ғалым «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізінен екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық, творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан ке-

йінгі дәуір, яғни қалыптасып даму дәуірі», – деп көрсетеді [1, 35]. Бұл – біз ғылыми қарастырып отырған тақырып туралы бірінші айтылған пікір. Алғашқы кезеңінде фольклор мен әдебиет тарихының материалдарын жинау-жариялау процесін өткергені, оны зерттеуде айтыс-тартысқа да баруға тура келгені, оқулықтар жасау тәжірибесін бастан кешіргені, ол жолда маркстік-лениндік теориямен қарулана отырып, зерттеу жұмысында іс-тәжірибе жинақтауда ұлтшылдық-буржуазияшылдық көзқарастарға соққы беру арқылы жүзеге асқанын дәлелдеу мақсатында айтылғанымен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістері мен іркілістері тұңғыш рет сын таразысына түсті. Әсіресе осы ұлтшыл-буржуазияшыл көзқарастың зиянды әсерін ашу Е. Ысмайыловқа «Тұрпайы социологизм» мен «бірыңғай ағым» теорияларының қазақ әдебиеттануында орын алуын кеңірек сөз етуге мүмкіндік берген. Конференцияда партияның көрегендік саясаты арқасында деп табылғанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір «тұрпайы социологизмнің» бетпердесін ашуға қол жеткізді. Өйткені, партия мен кеңестік идеология өз қаулы-қарарлары мен нұсқауларында «тұрпайы социологизмді» қазақ халқының ұлттық мүддесіне қарсы шеберлікпен пайдаланып отырғаны даусыз шындық. КазАПП-тың



әпербақандығы тұсында да, 1937 жылдың зобалаңы мен 1950 жылдың басында да «тұрпайы социологизм» маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы қағидаларын бетке ұстап, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жақсы ізденістерін үнемі жоққа шығарып келгені оған дәлел. Бұған қоса конференцияда сынға ұшырағанымен, Дулат, Шортанбай, Шәңгерей және тағы басқаларының мұрасын бағалауда тағы да «тұрпайы социологизмнің» пайдаланылып отырылғанын айтсақ, сөзіміз дәлелсіз емес. Рас, баяндамада бұл теорияның ықпалындағы көзқараста болғандардан М. Қайыпназаровтан басқасының аты аталып, түсі түстелмесе де ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуында, әдебиет тарихының жан-жақты зерттелуінде жасаған бұрмалаушылықтарына тұңғыш рет баға берілді. Сонымен қатар буржуазиялық көзқарастағы теория ретінде «бірыңғай ағымға» алғаш анықтама беріліп, «принципті түрде» сыналды. Ұлттық әдебиеттанудың туу, даму жолында осы теорияның орын алғандығынан, «жеке ақын-жазушылар шығармашылындағы идеялық қайшылықтар батыл әшкереленбей келгендігіне» ерекше тоқталынды. Е. Ысмайылов «партиялық сын» тұрғысынан қарап, бұл теорияның М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев және тағы басқалардың, тіпті

өзінің де еңбектерінде орын алғанын атап көрсетті. «Біз ешқайсымыз да осы теорияға әдейі, мақсат етіп барғамыз жоқ, әйтеуір әр халық, әр ел өзінің әдебиет тарихын жасап отыр ғой, біз сондай әдебиет тарихын қомақты етіп жасайық деген ізгі ниетпен кіріссек те қателесіп кеттік» деп ақталуда үлкен мән жатыр [1, 39].

«Тұрпайы социологизмді» сынауда таяқтың бір ұшы партияның көркемөнер мен ғылым саласындағы саясатына тиіп жататынын ескерсек, ол Е. Ысмайыловтың туған әдебиет туралы ғылым болашағы үшін ерлікке пара-пар ғалымдық парасатының арқасында ғана айтылды. Өйткені, басқа баяндамалар мен жарыссөзде сөйлеушілер бұл мәселеге тереңдеп бармаған, ал өз тақырыбына байланысты сөз ете қалса, ондағы ой өрісі осы баяндамадан тарап жатқанын аңғару қиын емес. Е. Ысмайылов «бірыңғай ағымға» баға беруде біржақтылыққа ұрынды, бірақ, маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеология осыны талап етіп отырған шақта басқа амалы да жоқ еді. Әрі-беріден соң қазақ әдебиеттануының өткен жолы әдіснамалық сипатта алғаш сөз болуының өзі бір қадам алға басқандық еді. Әдеби мұра туралы маркстік-лениндік теорияға негізделген партиялық сын мен идеялық көзқарастардың бағыт-бағдары С. Бәйішевтің кіріспе сөзі мен

Е. Ысмайылов баяндамасында «ғылыми» анықталғандықтан, қалған баяндамашылар мен жарыссөздегі әдіснамалық тұрғыда айтылған ой өзегі осы төңіректен ұзай қойған жоқ. Өткен дәуір мұрасын бағалауда көркем шығарманың қоғамдық өмірмен байланысын, идеялық мазмұнын, таптық сипатын ашу басты міндет саналды, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде мол орын теуіп қалған «тұрпайы социологизм» оларға сүйене отырып, өз позициясын қорғап қалуға ұмтылды. Бұл, әсіресе, XIX ғасыр әдебиеті туралы баяндамалар мен жеке ақындар шығармашылығына арналған қосымша баяндамалардан байқалды. Көрнекті ақын-жыраулар шығармашылығының әділ бағалана алмауы заман ағымынан болды дей тұрғанымызбен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдіснамалық тұрғыда толық жетілмегендіктен де өзінің жаңа бағытын қорғап шығуға дайын еместігін көрсетті. Маркстік-лениндік әдіснама өзінің әдебиеттің халықтығы мен таптығы қағидаларына арқа сүйеген «тұрпайы социализмді» тағы да қазақтың ұлттық мүддесіне қарсы шеберлікпен пайдаланды да, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дәрменсіз қалды. Отаршыл Ресейдің зорлық-зомбылығын әшкерелегендері, заман шындығын жырлағаны, әдебиет тарихында үлкен орын алатыны, тағы

да басқа ерекшеліктері тілге тиек етіліп баққанымен, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шәңгерейлер мен осы ғасыр басындағы феодалдық-клерикалық, буржуазиялық-либералдық бағыттағы ақын-жазушылар атанғандарға ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ара түсе алмады. Ашығын айтар болсақ, В. И. Лениннің екі түрлі мәдениет туралы қате қағидасының ықпалынан шыға алмай қалды. Содан да болар «ұлтшылдық» атақтың таяғынан беті қайтқан М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев және тағы басқалары белсенділік танытпады. Ал ғылым мен сынға енді ғана араласа бастағандардың батылдықтары жетпеді. Ешқайсысының ұлтшыл атанғысы келмеді. Өткендігінің бәрін мансұқтай беруден аулақ болу көзқарасын ұстана отырғанымызбен, осы конференцияда қазақтың әдебиетші-сыншы ғалымдарының ең құрығанда туған әдебиет туралы ғылым болашағы үшін бірауыздылықта болмауы, талқыға түскен мәселелердің көп жағдайда біржақтылықта шешіліп кетуіне үлкен әсер етті. Соның салдарынан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраны ұлттық мүддеге сай бағалап алуда туған жаңа мүмкіндікті пайдалана алмай қалды, маркстік-лениндік әдіснама жетегінде кетті. Бұл қазір айтуға жеңіл болғанымен, сол шақта кеңестік

дәуір орнағаннан беріде қалыптасып қалған ой көзқарасты бұзып-жарып шығу қиынның қиыны еді. Кенестік идеологияның осы конференцияны ұйымдастырғандағы негізгі мақсатының өзі ғылыми ой-пікірді шашау шығармай маркстік-лениндік әдіснаманың қағидаларының шеңберінде ұстау болатын. Бұл мақсатына қиындықсыз жетті де. Ол конференцияның түйіні болып табылатын қорытындысындағы бүгінгі күнгі көзқарас бойынша сәтсіздік болып табылатын төмендегідей кемшіліктер сипатында көрініс тапты:

1. Фольклорлық мұраны зерттеудің заман талабына сай өзекті мәселелері көтеріліп, маркстік-лениндік ілім қағидаларына орай тексерудің негізгі бағыт-бағдарлары анықталғанымен, 1947 жылғы қаулыдан кейін қате деп табылған жаңа ізденістері ақталмай қалды. Қазақ фольклорының бұрын сөз болған жанрларын зерттеу мәселесінің көтерілмеуін былай қойғанда, тарихи жырлар туралы бірде-бір сөз айтылмауы идеологиялық қателік жіберіп алмаудан сақтану ғана емес, конференцияда талқыға түсетін мәселелердің алдын ала белгіленіп берілгенін байқатады. «Основные проблемы изучения фольклора» деген тақырыпта негізгі баяндама жасаған Н. Смирнова қазақ фольклорының зерттелу тарихын термелей келе, оның өзінде орыстың ориенталист, фольклорист

ғалымдарының еңбектеріне көбірек көңіл аудара отырып, кеңестік дәуірдегі фольклордың мәселелерін көбірек сөз етіп кетті. Оны мәскеулік В. Сидельников: «Доклад Н. Смирновой имеет программный характер. В нем намечены вопросы, которые казахские фольклористы будут разрабатывать в ближайшее время», – деп атап көрсетті де [1, 307]. М. Ғабдуллин жарыссөздегі сөзінде батырлар жырының шығу төркіні мен тарихқа қарым-қатынасын анықтау мәселесінен әріге бара қоймаса, Б. Адамбаев шешендік сөздерді зерттеудегі кемшіліктер болғанын көрсете келіп, әдеби мұраның халықтығы мен таптығы қағидасына табан тіреп, шешендік сөздер би-шешендердікі емес, еңбекші халықтікі деп тапты. Жалпы алғанда, конференция алда жазылып шықпақшы қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының фольклорға арналған кітаптарында қамтылатын негізгі мәселелер мен жанрларды және оларды тексерудегі әдіснамалық әдіс-тәсілдер мен бағыт-бағдарды бұлжымастай етіп бекітіп берді.

2. Ұлт әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірдегі жазба ескерткіштерден бастау керек деген Б. Кенжебаевтың үлкен білгірлікпен ұсынған жобасы қабылданбай қалды да, XVIII ғасырдың II жартысынан, яғни Бұқар жырау шығармашылығынан бері қарай ғана қарастыруды дәлелдеп

баққан Қ. Жұмалиевтің концепциясы негізге алынып кетті. Қайта-қайта сөз алып, өз ұсынысын ғылыми талқыға салуға шақырған Б. Кенжебаевты қолдаушылар шыға қоймады. Тіпті М. Әуезовтің өзі қорытынды сөзде бұл мәселені айналып өтіп, қағыс қалдырды. Тек В. Сидельников қана ғалым көтерген мәселенің дұрыс екенін атай келе, шығыс славяндардың ертедегі мұрасының белорус, украин, орыс әдебиеттеріне ортақ екенін, оны кезінде Бертельс көтергенін, Б. Кенжебаев дер уақытында қозғап отырғанын атап өтті. Бірақ конференция қабылдаған шешімде қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қана зерттеу керек деген тұжырым қабылданды. Алайда өз әдебиеттерінің тарихына Қ. Яссауиді бірде қосып, бірде қоспай жүрген өзбек ағайындар ғалым ұсынған дәуірге бөлу жобасын көкейлеріне мықтап түйіп әкетті де, көп кешікпей ұлттық әдебиетінің негізін ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен бері қарай зерттеу жұмысын ертерек қолға алды. Қазақ әдебиеттануы біраз уақыт XVIII ғасырдан бергі дәуірді ғана қарастыруға душар болды, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиеттің қайнар бастауларына барлау жасауына шектеу салынды. Қ. Жұмалиев концепциясын бекітіп берген конференция қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді

осылайша шала-шарпы қалдырды. Оған маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеологияның қағидаға айналған бағыт-бағдары да өз әсерін тигізбей қалмады.

3. Ұлттық әдебиеттану конференциядағы осы дәуірге бөлген қазақ әдебиеті тарихы кезеңдерінің өзін тұтастай және толық түрде жүйелі зерттеуді жолға қоюға қол жеткізе алмады. XIX ғасыр әдебиетінен Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындардың шығармашылығы сын тұрғысынан қарау керек деп табылып, жоғарғы мектепке ағартушылық, халықтық әдебиеттің керітартпа, ескішіл-реакцияшыл бағыттың осындай өкілдерімен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін ғана алынды. Сол секілді Ә. Күдері, Н. Наушабаев, XX ғасыр басындағы әдебиеттен М. Қалтаев, Ш. Құдайбердиев, О. Қарашев, М. Ж. Көпеев шығармашылықтары да әдебиет тарихындағы қайшылықтарды жан-жақты ашып көрсету үшін ғана аталынып, шығармаларындағы идеялық мазмұн мен бағытты әлі де болса айқындау қажет деп атап көрсетеді. Бұл аталған ақындардың барлығын да орта мектепте оқыту қажетсіз деп табылды. Ағартушы-демократ ақын-жазушылардың мұрасы біршама зерттелгені ескеріле отырылып, керітартпа, діншіл бағыттағы ақындардың дүниетанымдық көзқарастарындағы қайшылықтарын ашу

жолындағы зерттеу жұмыстары тез арада қолға алынсын деген байлам жасалды.

4. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан алашшыл арыстардың шығармашылығы рухани және ғылыми ортадан мүлде аластатылды, зерттеу нысанына алыну мүмкіндігінен мүлде айырылды. Оларға ұлтшылдықтың қара таңбасы мықтап басылды. Бұлардың өздерін ғана емес, шығармаларын оқығандарға да, ғылыми зерттеу еңбектерде қосымша қарастырғандарға да ұлтшылдық қамытын кигізіп жіберетін қасіретті кереғар түсінік қалыптасты.

5. Конференция социалистік реализмді бүкіл кеңес әдебиетінде секілді қазақ әдебиетінде де ең басты көркемдік әдіс болатынын теориялық тұрғыда негіздеп берді. М. Қаратаев өз баяндамасында бұл әдістің өзі түгіл атауы да жоқ болған 1920 жылдардағы сыншыл реализм дәстүрінде жазылған шығармаларды социалистік реализмге барар жолдағы ізденістер мен алғашқы қадамдар еді деп икемдей баяндауы осыны көрсетеді. Бұдан баяндамашы социалистік реализмді маркстік-лениндік ілімнің әдебиеттің партиялығы, халықтығы, таптығы секілді принциптерінің аясына қарай негіздеуді мақсат тұтты демеске лаж жоқ.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраны маркстік-лениндік әдіснаманың әлемдік ғылым дамуынан тыс, тоталитарлық жүйеге сүйенген құрсаулы қағидаларына, атап айтқанда, әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығына сай ғана зерттеуге бір-жола душар болды; В. И. Лениннің екі түрлі мәдениет туралы пікірі әдеби мұраны игеруде басшылыққа алынатын бірден-бір айнымас қағида болып тұжырымдалды; ұлттық мүддеге қарай тамыр тартатын жаңаша ізденістерінің барлық жолы кесілді; кеңес дәуіріндегі әдебиет ғана емес, бүкіл әдеби мұра тек осы қағидалар шеңберінде идеялық жағынан дұрыс, лениндік әдіснама жағынан ғылыми терең, партиялық тұрғыда әділ бағалануы қатаң бақылаумен орнықтырылды; қазақ әдебиеттану ғылымының ғасыр басынан бері ұлттық таным-білікке сай жүргізілген соны табыстарының көпшілігі жоққа шығарылды; еуропацентристік пиғыл мен ұлы державалық шовинизмнен, нәсілдік менсінбеушіліктен де тартынбаған, тіпті қажет жерінде «тұрпайы социологизмді» де пайдаланып қалып отыратын маркстік-лениндік әдіснаманың толық билігі орнады. Қандай да болсын ұлт республикаларында сол халықтың мүддесіне сай жаңа қадамын қырағы қадағалап

отырған бір орталықтандырылған отыршылық-әкімшілік жүйе көркем әдебиеттегі кейбір рухани босаңсулар мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі тың ізденістерді дер кезінде байқап үлгерді. Түрлі басқосулар мен жиындар, ғылыми талқылаулар ұйымдастырып, ауыздықтап қоюға шұғыл шаралар қолданды. Оларда К. Маркстің «Жеке ұлттардың рухани ісінің жемістері жалпының игілігіне айналады. Ұлттық сыңаржақтық пен томаға-тұйықтық бірте-бірте мүмкін болмайтын болады, сөйтіп толып жатқан ұлттық және жергілікті әдебиеттен бүкіл дүниежүзілік бір әдебиет құрылады» деген «көрегендік» пікірі басшылыққа алына бастады. Мысалға 1960 жылғы 11-12 қаңтарда Мәскеуде өткен ұлттар әдебиетінің өзара байланысы мен бір-біріне әсері мәселесіне арналған жиынды атауға болады. «Осында сөз алған бірқатар мәскеулік шешендер кеңес әдебиетінде ұлттық сипаттың, ұлттық айырмашылықтың тезірек жойылуы – «қоғамдағы антогонистік элементтердің тамырына балта шабатынын даурыға айтты».

Конференция туралы пікірімізді дәл осылайша аяқтасақ, өткен тарихтағы қол жеткізген барлық табыстарды жокқа шығаруға, болмаса жаңаша сипаттағы «тұрпайы социологизмге» бой алдыру болып шығар еді. Сондықтан қазақ әдебиеттануында кеңестік дәуірде маркстік-лениндік

әдіснаманың толық үстемдік алған 1960 жылдардан басталатын ендігі кезеңіндегі ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін басты бағыт-бағдар мен нысана болып табылатын және сол уақыт үшін жаңалық болып есептелген жетістіктерін де атап көрсету керек. Тарих қашан да болсын тарих болып қалады. Оны жамап-жасқауды уақыт ешқашан да көтермейді, шындық жеңіп шығатынын бүгінгі күн өзі дәлелдеп те отыр. Осыған сай ақиқатын айтар болсақ, конференцияның ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жаңа ізденістері үшін нақты көтерген мәселелері төмендегіше болады.

- фольклортануда жеке жанрлар тарихын, поэтикасын, басқа халықтар фольклорымен байланысын, кеңестік дәуірдегі халық творчествосын ғылыми тереңдете зерттеу;

- «тұрпайы социологизм» әсерінен шеттетілген және бұрын жарық көре қоймаған халық ауыз әдебиеті үлгілерін басып шығару;

- қазақ әдебиетін теориялық тұрғыда зерттеуге көбірек назар аудару, көркемдік әдіс, дәстүр мен жаңашылдық, жанрлық даму және қалыптасу жолы, стиль мен көркемдік шеберлік мәселелеріне сай тексеру;

- қазақ әдебиетінің социалистік мазмұны мен ұлттық сипатын, идеялық-творчестволық мәселелерін, социалистік реализмнің принциптеріне сай өсу жолын жаңа талапта қарастыру;

- ұлт әдебиетінің ғылыми тарихын жасау, оны дәуірге бөлу, әр кезеңнің тарихи және қоғамдық сипатын лениндік екі түрлі мәдениет туралы қағидаға сай анықтау;

- шығармашылық мұрасы маркстік-лениндік әдіснама талаптарына қайшы келмейтін Жанкісі, Шал, Үмбетай, Ақылбай, Мағауия, Біржан сал, Ақан сері секілді дарындарды зерттеу, әдебиет тарихындағы орнын белгілеу;

- қазақ баспасөзінің туу және қалыптасу тарихын тексеру, олардың ағартушылық бағыттағы ой-пікірге қосқан үлесіне баға беру;

- қазақ прозасы мен поэзиясының өсу, өркендеу жолын ғылыми саралау;

- қазақ әдебиетінің орыс және басқа халықтар әдебиетімен байланысын тексеру.

Өкінішке орай, бұл айтылған жаңаша сипаттағы проблемалардың барлығы да маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына сай қарастырылуы керек болды. Әділін айтсақ, бүкіл кеңестік әдебиеттануға негіз болып отырған осы секілді өзекті де келеді мәселелердің қойылуына конференцияны ұйымдастырудың арқасында ғана қол жетті. Ол да болса қазақ халқының ұлттық мүддесіне байланысты айтылар барлық ой-көзқарасты тұншықтырумен келген заманның талабына сай бір қадам болса да алға басу еді. Тәуелсіздік

алғанға дейінгі кезеңде, осы конференция туралы айтылған пікірлердің денінде оның «қазақ әдебиеттану ғылымының кең арнада дамуына мүмкіндік тудырғаны» ерекше аталады. Бұны түгелдей жоққа шығаруға да, немесе қоштауға да болмайды. Біз конференцияның жоғарыда көрсеткен кемшіліктері мен жетістіктері туралы тұжырымымызға сүйене отырып бағаласақ, онда қазақ әдебиеттану ғылымы «бір адым алға, екі адым артқа» басты десек, аса қателессе қоймаймыз. Қалай дегенмен де бұл конференцияның әдебиет туралы ұлттық ғылымның қалыптасу кезеңі үшін айтарлықтай орны болғаны тарихи шындық. Онда Е. Ысмайылов баяндамасында айтылған: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізінен екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Біріншісі – үйрену, идеялық творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасып, даму дәуірі» деген пікіріндегі екінші кезеңінің толық аяқталып қалғаны дәлелденді. Оны М. Әуезов өз қорытынды сөзінде: «Ал, міне, бүгін «Қазақ әдебиеті тарихы» деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиеттану ғылымы туғанын көреміз. Сан алуан зерттеу, монографиялар жалпы әдебиет тарихымен қоса сол жаңа ғылымның қатарын

күшейтіп, дамыта қосылып жатыр. Адам саны жағынан да қазақ әдебиетін орта мектептер мен ЖОО-ларда оқытатын маман оқытушылардың және ғылыми дәрежелері бар ғалым әдебиетшілердің мол отрядын жасап алдық. Кемшіліктері бола тұрса да біздің әдебиеттану ғылымымыз жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз» деген оймен тұжырымдады. Оның негізсіз айтылмағанын Е. Ысмайыловтың «Ақындар» (1957), М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958), Қ. Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (I том, 1958), Б. Кенжебаевтың «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958), М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959), М. С. Сильченконың «Творческая биография Абая» (1959) секілді ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ғылыми тереңдей бастағанын көрсететін монографиялық мәндегі еңбектердің шығуы да дәлелдей түскен болатын.

Біздің ойымызша, маркстік-лениндік ілімге толықтай бетбұрыс жасаған бұл конференция әдебиет туралы ұлттық ғылымның қалыптасу кезеңіндегі зерттеу жұмыстарының осы әдіснама негізінде жинақтала айтылуына да басты себеп болды. Оған дәлел ретінде 1960-1967 жылдар аралығында жарық көрген қазақ әдебиеті тарихының көп томдығы ұлттық әдебиеттанудың әдеби

мұраны ғылыми игерудегі алғашқы қадамдарынан бері қарай ұзақ дәуірге созылған процесінің бір жүйеге түсіп нақтыланған қорытындысы болып табылады. Олардың қазақ әдебиеттану ғылымындағы маңызы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде жаңа арнаға бастаудағы, ұлттық әдебиеттің тарихи курсына жасаудағы және оның орта және жоғарғы мектепте жүргізілуіндегі жетекшілік рөлі мен мәні туралы асыра айтылса да біршама пікір айтылды. Оларды қайталаудың немесе «жауырды жаба тоқып» сол ізбен кетудің енді жөні жоқ. Сондықтан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосылған табыстары мен бүгінгі күн талабымен қарағанда жетіспеушілік болып табылатын жайларында атап көрсету керек. Оны айтқан уақытта жекелеген зерттеушілердің немесе көп томдықты шығарушылардың кемшілігі деп емес, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиет тарихына байланысты қандай да болсын мәселені маркстік-лениндік мұраттар тұрғысынан қарауға мәжбүр болғанын көрсету мақсатына қарай қарастырған дұрыс болмақ. Сонда біз көп томдықты және 1960 жылдардан бергі еңбектерді сөз етуде егемендік алғаннан кейінгі алғашқы жырларда өткендегінің бәрін мансұқтай бастаған жалған бағыттан да, дәл қазіргідей Сәкенді «ұлт сатқыны» деп жүрген тұрпайы көзқарастан да аулақ боламыз.



Көп томдықтың, яғни «үлкен қоғамдық мәні бар күрделі еңбектің аз ғана уақыт ішінде жасалуы – әдебиеттану ғылымының қаншалықты өркен жайып өскеніне дәлел. Әдебиет тарихы көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде жасалды. Бұған дейін жарық көрген еңбектердің бәрі және әр қилы себеп-сылтаумен әдебиеттанудың арнасына тартылмай келген әдеби мұралардың да қадір-қасиеті де ескерілді». Бұл кезде фольклорлық мұраны зерттеудің лениндік теорияға сай әдіснамалық мәселелері қырғыз эпосы «Манас» туралы жиында (Фрунзе, 1952), «Қазақ эпосы туралы» айтыста (Алматы, 1953) СССР халықтарының эпосы туралы (Москва, 1954) «Алпамыс» туралы (Ташкент, 1956) республикалық ғылыми мәжілістерде бүкілодақтық дәрежеде бір жүйеге түсірілген де болатын. Сондықтан көп томдықтың 1960 жылғы бірінші кітабы 1948 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихының» I томына байланысты қабылданған партиялық құжаттардағы сыннан «қорытынды» шығара отырылып жазылды. Оған кеңестік фольклортану ғылымының мақсат-мұраттарына орай жазылған М. Ғабдуллиннің 1958 жылғы «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығы мен басқа да ғылыми мақалалардағы таптық сипаттағы ізденістердің барлығы қамтылды. Осы кезге дейінгі әр түрлі ғылыми

еңбектерде әр сипатта болып келген фольклорлық жанрлар мен оның түрлерінің ғылыми классификациясы жасалды. Олардың жиналуы мен жариялануы және зерттелу тарихы туралы мол мәліметтің берілуі, әлі де болса ғылыми тұрғыда анықтайтын мәселелердің көрсетілуі, жеке жанрлар мен шығарманы талдаудың әдеби-теориялық сипатының тереңдей түсуі, сөз жоқ, айтарлықтай табыс еді. Әрине, бүкіл кеңес еліндегі фольклортануда басшылыққа алынып отырғандықтан, әдеби мұраның халықтығы және таптығына сай бағалаудан қалыс қала алмады. Әйтсе де саяси әсіре сақтықтың орын алуы салдарынан аңыз әңгімелердің ертегілер құрамында көрсетілуі, жұмысшы жырлары деген жаңа жанрдың енгізілуін қателік деп есептемеген күннің өзінде бұрын зерттеу нысанасына түсе қоймаған жанрлық түрлер туралы тың барлаулар жасалмай қалуын атап айту керек. Сонымен қатар, Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі қазақ фольклорының туу, даму жолына арналған тараулардың ғылыми жаңашылдығы болмағанмен, ғылыми әдіснамалық талдаудан көрі шолу мәніндегі сипат басым түсіп отырған. Олар да қазақ фольклортануының қалыптасуында аса зор үлес болып қосылғанымен, тыйым салынған еңбектердің қамтылмауы – заман талабынан туғандығы айтпаса да түсінікті.

Ақиқатында I томның алғашқы кітабының негізгі жобасы 1959 жылғы конференция өтпей тұрып-ақ дайын болған еді. Оған тек конференция шешімдеріне сай әдіснамалық сипаттағы түзетулер енгізілгенмен, аса көп өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Әйтсе де жекелеген жанрлардың поэтикасына баруы, эпикалық жырлардың тарихи-эволюциялық генезисіне және көп варианттығының ғылыми қарастырылуы – конференция ұсыныстары нәтижесінде жүзеге асқаны анық. Сол секілді ол фольклорлық мұраны зерттеудегі «тұрпайы социологизм» мен «бірыңғай ағым теориясына» сай қателіктердің атап-атап көрсетілуінен де айқын сезіледі. Негізінен алғанда, қазақ әдебиеттануының үлкен табысы болып табылатын бұл еңбекті қалың жұртшылық жылы қабылдады, ол жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз етудегі аса зор міндетті атқару жүгін көтеріп әкетті.

Көп томдықты шығару ісіне жаңадан құрылған Әдебиет және өнер институты (1961) жұмыла кірісті, оған көптеген ғалым-әдебиетшілер тартылды. Соның нәтижесінде 1964 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші кітабы жарық көрді. Оның кеңес дәуіріндегі фольклордың даму жолы мен тарихына, жанрларына және өкілдеріне арналуында заңдылық та жоқ емес еді. Ғасырлар бойы фольклор мен

жазба әдебиеттің бір-біріне ықпал жасай отырып өркендеуі көшпелі өмір салтына лайықталған және басқа елдерде кездесе қоймайтын ғажайып құбылыс еді. XV-XIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясының жазба әдебиет атқаратын міндетті көтеріп әкетуінде де терең сыр жатыр. 1920-1930 жылдары революция мен кеңес өкіметі жеңістерін жазба әдебиетпен қатар жырлап шығуда кейін қалмаған фольклордың да өрістеуінде бұрыннан келе жатқан осы дәстүрдің жалғастығы жатыр. Ұлттық шығармашылық зиялы қауымды сталиндік зұлматтың кесірінен жау санаған кезде қазақ әдебиетін одақтық деңгейге дейін танытқан да, сол себептен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің назарына көбірек түскенде осы халық шығармашылығы еді. Міне, осындай келелі мәселелерге арналған бұл кітап кеңес дәуіріндегі фольклор туралы зерттеулердегі ғылыми ізденістерді бір жүйеге түсіріп, монографиялық тұрғыда қарастырды. Маркстік-лениндік әдіснама қағидалары қатаң сақталғанымен, ұлттық әдебиеттанудың сол кезеңдегі деңгейі тұрғысынан қарасақ, фольклортанудағы соны қадам болып табылады. Алайда, осы кітап туралы Д. Мыңбаевтың: «Рас, бұл зерттеуде кеңес дәуірінде туған дастан-жырларды мадақтайтын, олардағы жалаң ұранды толғауларды шығарманың



арқылы дәлелдей отырып тану, білу, кейбіреулерінің туындыларындағы қайшылықтарды аша отырып, маркстілдік сын көзімен пайдалану» басты мақсат тұтылды. Сол себептен және бұрын көбірек зерттелгендіктен де Махамбет, Абай, Ыбырай, Шоқан шығармашылықтарына мол орын беріліп жан-жақты сөз болған. Ал Шернияз, Сүйінбай, Біржан, Ақан сері, Әсет шығармашылығын сөз етуде өмірбаянды деректер мен қалдырған мұрасының зерттелу деңгейін, өлең-жырларының тақырыптық, мазмұндық сипатын таныту жағы басым түскен. Керісінше, «өмір құбылысын, әлеуметтік мәселелерді феодалдық таптық көзқарасымен түсінген» – Бұқар жырау, «керітартпа көзқарас пен ескішіл идеядағы ағымның өкілі» – Дулат, «ескішіл ақын, феодал табының мұңшысы, жаршысы, идеологы» – Шортанбайларға арналған тараулар үлкенді-кішілі мақала деңгейінен аспады. Олардың мұрасына 1959 жылғы конференцияда айтылған тұжырымдардан әрі тереңдеп бармаудың салдарынан ескішіл-феодалдық ағымдағы қайшылығын ашу басты назарда болса да, қазақ әдебиетін дамытудағы үлестері бұрмалана түсіндірілді. Жалғыз дастанымен әдебиет тарихына енген Алмажан, немесе әлеуметтік болмысты таптық тұрғыдан түсініп айтысқан Сүйінбай деңгейіндегі бағаға да ие бола алма-

уын замана қысымынан болды деп қана түсіну қажет. Бұдан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің маркстік-лениндік әдіснаманың таптық, халықтық қағидасы бұғауындағы хал-ахуалы бір көрінсе, екіншіден, «тұрпайы социологизм» теориясындағы көзқарастан да әлі толық арылып бітпегені байқалады. Ол еңбекте қате бағаланған ақын-жыраулар тұлғасымен ғана шектелмейді. Әдебиет тарихынан орын алмақ түгіл, аты да аталмай қалған М. Мөңкеұлы, немесе «Бес ғасыр жырлайды» жинағы бойынша санағанда XVIII ғасырдағы Ақтамберді, Шал ақын бастаған алты ақынның, болмаса XIX ғасырдағы жиырмадан астам ақын-жыраудың шығармашылығын еске алсақ, бұған да болса шүкіршілік деп қазақ әдебиеттануы «тұрпайы социологизмге» бой алдыра отырса да ғасырлар мұрасын зерттеудегі қатып жатқан тоңды бұзды демеске болмас. Шындығында, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кеңес дәуіріндегі ғылым талаптарына сай болса да қазақ әдебиетінің бар-жоғын түгелдеуге деген ұмтылысының заман ыңғайына орай көрінген ізденісі еді деп бағалау орынды болмақ.

Міне, осы сипаттағы бағыт-бағдар XX ғасыр басындағы әдебиетке арналған осы томның 2-кітабында да көрініс тапқан. Екі түрлі мәдениет туралы қағида басшылыққа алынғандықтан, еңбекте ағартушы-де-

мократтық бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығы жан-жақты қарастырылған. Олар туралы тарихи деректердің молдығы мен көбісінің шығармаларының жарық көруі зерттеушілерге ғылыми және теориялық тұрғыда терең талдаулар жасауға кең мүмкіндік бергені анық байқалады. Солай дейтұрғанымызбен, енді ғана зерттеу нысанына түсіп, әдебиет тарихындағы орны белгілене бастаған Жаяу Мұса, Әріп, Балуан Шолақ, Бекет секілді ақындардың шығармашылығын сөз етуде биографизм мен монографиялық очерк сипатына бой ұру басым. Қазақ аулындағы тап тартысын жырлаудағы «шеберлігін» танытуға қарай көбірек ден қою, ағартушылығын танытуға ұмтылу маркстік-лениндік қағидалар шеңберінен шығармай қойған. Өнерпаздық, ақындық тұлғасы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылған С. Торайғыров, С. Көбеев, С. Дөнентаевтардың өзі екі түрлі мәдениет туралы лениндік қағиданы дәлелдеуге деген тұсаулы ой өлшемімен қарастырылды. Оның заман талабынан туындаған себептер де жоқ емес еді. В. Ленин көрсеткен «буржуазиялық-ұлтшылдық» әдебиеттің бағыт-бағдары мен сипатын танытуға ерекше көңіл аударылып отырылған кезеңде қалыптасып отырған әдіснама ықпалынан шығу еш мүмкін болмады. Содан да болар еңбекте «ескішіл, діншіл, ұлтшыл»

деп табылған ақын-жазушыларға жеке орын беруден көрі, олар туралы атылар ой-түйіні мен берілер баға «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» аталатын алғашқы тарауда тұжырымдалып тасталған. Онда бұлардың осы дәуір әдебиетінің өкілі ретінде орын ала алмау себептері бір түсіндірілсе, екіншіден «тұрпайы социологизм» ықпалында айтылған ой-пікір ғылыми әдіснамалық тұрғыда дәйектелді. Дегенмен еңбектің орта және жоғары мектепте осы дәуір әдебиетті өкілдерінің шығармашылығын оқыта бастауға негіз болуы мен ғылыми зерттеу нысанына жан-жақты алуына жолбасшы болғанын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, «Оқу-ағарту жүйесі және баспасөз» атты тараудың тарихи деректерге негізделген танымдық сипаты ұлттық баспасөз тарихын зерттеуде жаңа қадамдар жасауға негіз салды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» кеңестік замандағы дәуіріне арналған III томның екі кітабы 1967 жылы жарық көрді. Олардың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бағыт-бағдары мен жалпы сипаты өзімізде қазақша (1958), орысша (1960) және Мәскеуде 1960 жылы басылған «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіндегі» жүйеден көп ауытқи қойған жоқ. Кеңес дәуіріндегі әдебиетті іштей кезеңдерге бөлгенде «соғысқа дейінгі бесжылдықтар дәуіріндегі

әдебиет» деген атау «30-жылдардағы қазақ совет әдебиеті» деген атпен ауыстырылған. Ал «Қазіргі дәуір әдебиеті» деген тарауда соңғы он жыл ішіндегі әдеби дамуға шолу жасалуы тың ізденістердің нышанын ғана емес, еңбек шыққанға дейінгі уақыттағы социализм заманындағы әдебиеттің тарихи жолын жинақтап, қорытындылап шығуға деген мәні зор ұмтылысты да байқатады. Ал монографиялық портрет берілген қаламгерлерден II томның 2-кітабына енгізілгендіктен Ж. Жабаяев ғана алып тасталған.

III томында осы кенес дәуіріндегі әдебиет мезгіл жағынан шартты түрде бес кезеңге жіктелінген де, олардың әрқайсысына шолу тараулар берілген. Олардан әр кезеңдегі әдеби процесс пен көркемдік дамудың жалпы сипатты, жанрлық өсіп-өркендеудегі ізденістерді, тарихи-әлеуметтік өзгерістер мен оқиғалардың көркем әдебиетке әсері, сол кезең әдебиетінің даму жолына үлес қоса алды деп есептелген ақын-жазушыларға, соны жаңалық әкелген туындыларға салыстырмалық талдау жасай отырып ғылыми тұрғыда саралау анық байқалады. Ғылыми шолу міндетін атқаратын тараулар болғандықтан, оған көрнекті дарындар шығармашылығын таныту мүмкін еместігінен әр кезеңге сай топтастырылған он екі ақын-жазушының монографиялық портреті

жекелей сөз болады. «Сөйтіп шолу тарауларымыз бен монографиялық портреттеріміз бірін-бірі толықтыра, терендете отырып, әдебиет процесін әр қырынан тануға сөзсіз себін тигізіп көмектесуге тиіс» делінген мақсат толық орындалып шыққан. Әрине, маркстік-лениндік ілімнің қағидаларына сай. Сондықтан да болар, ғылыми шолуларда кеңестік идеологияның сынына ұшырап, жан-жақты әшкереленіп жатқан жеке басқа табынудың қазақ қаламгерлерінің тағдыр-талайына әсері толық ашылып көрсетілмеді. Керісінше, олардың шығармашылығындағы қателіктер мен қайшылықтар да болғаны ұмыт қалмады. Басқаны былай қойғанда, революционер ақын деп бағаланып отырған С. Сейфуллиннің «Азия» өлеңінде марксизм-ленинизм қағидасына қайшы ұранға бой алдыруы болғанын, оны партиялық сын әділ де дұрыс сынағаны секілді асқан қырағылықтардың орын алуы әдебиетшіге де, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге де абырой әперер ізденістер емес еді. Бейімбеттің де «ұлтшылдық» қателіктерге ұрынғанын іздеп тауып, «Қазаққа» деген өлеңін талдау арқылы дәлелдеу де партиялық сын мен коммунистік қырағылықтың нәтижесі. Ешкім солай жаз деп қаламын қадағалап отырмағанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде қалыптасып отырған бағыт-бағдар, қай жерімізден қателік та-

уып қалар екен деген секемшіл хал-ахуал әдебиетші-ғалымдарды осыған мәжбүр етті. Оның әдіснамалық және идеологиялық тұрғыдағы себептері де жоқ емес. Өйткені, бұл томда ұлтшыл-буржуазияшыл әдебиеттің бет-пердесін ашу үшін екі түрлі мәдениет туралы қағида басшылыққа алынса, ерекше дәріптеліп отырған әдебиеттің таптығы принципіне сай «тұрпайы социологизмнің» де белгілері сезілмей қалмады. Оған шолу – тарауларда алашшыл қаламгерлер мұрасына берілген баға нақты дәлел. Сол себептен де бұл дәуірдегі әдебиет тарихы жарым-жартылай, оның өзінде маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына орай бұрмалана баяндалды, саясатқа дөп келмейтін тұстары ақтандақ күйінде қалды. Монографиялық портрет беріліп отырылған ақын-жазушылардың бір кезде буржуазиялық объективизмге салынуы, ескілікті аңсауы мен ұлтшылдық пиғылдағы сарынға ұрынуы, партияның сара жолын түсінбеушіліктерінің болуы секілді қателіктеріне ерекше көңіл бөлуінің бір себебі осында жатыр. Бұл сол кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің партиялық тұрғыдан әділ, ғылыми жағынан терең, идеялық мәні дұрыс сипатта көрінген жаңа ізденісі болып табылғанымен, кеңестік дәуірдегі әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығының өзі

де идеологиялық тазартудан өткенін байқатады.

Марксизм-ленинизм ілімінің талап-тілегіне сай тұсауға түскен ғылыми-зерттеушілік ой-пікір төңкеріс пен кеңес өкіметін, социализм жеңістерін, тап тартысы мен колхоз құрылысын, т.б. тақырыптарды шабыттана жырлаған туындыларды асыра дәріптеді. Олардың таптық сипаты мен еңбекшілер тұрғысынан алғандағы халықтығы, партия саясатына үн қосудағы мән-маңызы мадақталды. Соның салдарынан қазақ әдебиетінің бір кездегі ұран, үгіт, насихат, рапорт беру деңгейіне дейін төмендеген, «халықтар көсемін» суреттеуге тең таппай қиналған тұстарындағы шығармаларды ғылыми саралап, кемшілігін талдап беруге мүмкіндігі шектеулі болды. Олар үздік шығарма деп бағалана қоймағанмен, социализм кезеңінде гүлдене дамыды деп дәлелденіп отырылған ұлттық әдебиеттің жасампаз келбетіне шіркеу түсірмеу жағы көбірек назарда болды. Рас, төңкеріске дейінгі деңгеймен салыстыра қарағанда кеңестік дәуірдегі әдебиетіміздің қарыштап дамығанын, жанрлық тұрғыда кемелденгенін, дүние жүзіне танылғанын жоққа шығаруға болмас. Бірақ ұлттық әдебиеттің көркемдік көкжиегін кеңіткен шығармалармен қатар, өмір шындығынан алшақ, тап тартысын арқау еткен, схематизмге құрылған,

идеологиялықшақыруларға үн қосуды ғана мақсат тұтқан туындылардың көбірек болғаны да жалған емес. Сондықтан да болар төңкерісті, партия мен оның көсемдерін, халықтар достығын, т.б. жырлаған ұран-үгіт, насихат сипатындағы туындылар асыра бағаланып жатқан кезде, осы томға қайтсем де кіріп, әдебиет тарихынан орын алып қалсам деген пендешілік талпыныстар да болмай қалмады. Оған жол берілмеуін ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің, әдебиеттануға енді араласа бастаған жас күштердің ерлігі деп бағаласа да болады.

Біздің ойымызша, бұл томның тың ізденістер сипатын танытатын екі түрлі жаңашылдығын атап айту керек. Біріншісі - әр кезеңге арналған шолу тарауларда сол жылдардағы проза, поэзия, драматургияның даму жолын ғылыми тұрғыда саралануы. Осыған сай әр жанр түрін дамытуға үлес қосқан, бірақ монографиялық портрет беруге мүмкін болмаған ақын-жазушылар туралы қысқаша ғана танымдық мәндегі түсініктемелердің берілуі құптарлық қадам еді. Ал екіншісі - әр шолу тарауларда сол кезеңге сай «Әдебиеттану және сын» атты тараушалардың берілуі. Ең бастысы, кеңестік дәуірдегі ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің ізденістері мен іркілістері тарихи тұрғыда талқыға түсті. Рас, маркстік-лениндік

теория тұрғысынан ұлттық мүддеге сай көрініс тапқан қадамдары «бірыңғай теориясының» ықпалына ұрыну деп бұрмаланғанымен, қазақ әдебиеттануының өткен жолын заман талабына қарай болса да таразыға салуы алға басқандық деп тану керек. Ол бұл көп томдықтар арқылы қазақ әдебиеті тарихи курсы жасалғанын дәлелдеп қана қойған жоқ, соны тудырған ұлттық әдебиеттану ғылымы кемелденуде екенін көрсетіп берді.

Көп томдықтың жарыққа шығуы ұлттық әдебиеттануға талай жылдан бері қордаланып келе жатқан, әлі де болса шешуді талап ететін және оны маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан ғана қарастыруға мәжбүр болған көптеген мәселелердің бетін ашып берді. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қолда бар мүмкіндікті пайдалана отырып, әр түрлі себептермен кеткен олқылықтардың орнын толтыруға ұмтылды. 1960 жылдардағы сын мен әдебиеттанудың өсу деңгейін, әр саладағы өзекті мәселелерге қол созғанын көрсететін біршама ғылыми еңбектер жазылды. Салыстырмалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нысанына XX ғасырдың басынан бергі қазақ әдебиетінің мәселелері көбірек алынғанын байқау қиын емес. Оның ішінде жеке дарындар шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеу жұмыстарының ерекше қарқын алғанын атап айту керек.



С. Қирабаевтың «С. Сейфуллин» (1962), Е. Ысмайыловтың «Ақын және революция» (1964), Т. Кәкішевтің «С. Сейфуллин» (1967) секілді еңбектері мен көптеген зерттеу мақалалар әкентану ілімінің негізі қалана бастағанын танытты. Жеке дарындар шығармашылығын осы кезге дейін қол жеткізген монографиялық очерк немесе портрет дәрежесінен тереңдете зерттеу шұғыл қолға алынды. Оған осы 60-жылдардың ішінде ғана жарық көрген М. Дүйсеновтің «Ілияс Жансүгіров» (1965), «Ақын мұраты» (1967), Т. Нұртазиннің «Б. Майлин творчествосы» (1966), «Жазушы және өмір» (1960), Б. Ысқақовтың «С. Дөнентаев» (1966), Ы. Дүйсенбаевтың «С. Торайғыров» (1967), Б. Наурызбаевтың «Б. Майлин прозасы» (1967), М. Қаратаевтың «М. Әуезов» (1967), Т. Әбдірахманованың «Ақын сыры» (1965) секілді монографиялары айқын дәлел. Бұлар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кемелдене бастағанын ғана емес, жеке ақын-жазушылар мұрасын тұтас, толық және жан-жақты зерттеудің үлгісін көрсетіп берді. Идеялық-шығармашылық мәселелері осы шақта жетекші болып отырған әдіснама талап-тілектеріне сай қарастырылғанымен, ұлттық әдебиеттануға үлес болып қосылған қорытындылар жасалғанын жоққа шығаруға болмайды. Ал шынына келгенде, қазақ әдебиетінің идеялық-шығармашылық мәселелері әде-

биеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларына тікелей байланысты еді. Осыған сай 20-30-жылдардағы қазақ әдебиетінде идеялық-шығармашылық принциптердің орнығу процесі де арнайы зерттеле басталды. М. Қаратаевтың «Қазақ прозасында социалистік реализмнің қалыптасуы» (1965), Б. Кенжебаевтың «20-жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1961), Т. Кәкішевтің «Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967) секілді еңбектерінің жарық көруі заман талабынан туған еді. Олардан қазіргі көзқарасқа сай қате ой-тұжырымдар табу оп-оңай. Бірақ, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолын маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына орай болса да орнықтыру жолындағы ғылыми ізденіс ретінде көрінетін тұжырымдарын жоққа шығаруға еш болмайды. Себебі, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің басқа жолға бара алмаған тұсаулы кезеңіндегі хал-жағдайын түсіне отырып, басшылыққа алынған әдіснама негізінде болса да дамытуға жол бастағанын теріске шығаратын болсақ, 1970-1980 жылдардағы көптеген ғылыми еңбектердің жазылуының барлығы дұрыс болып саналмас еді.

Орайы келгенде айта кету керек, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің XX ғасыр басындағы әдебиеттен әріге бармауының себептері де бар. Б. Кенжебаев 1959 жылғы конферен-

циядан соң іле-шала-ақ өз ұсынысын көпшіліктің ой-талқысына салу мақсатында «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады» («Қазақ әдебиеті», 1960, 22 шілде) деген ғылыми мәні зор мақаласын жариялаған болатын. Дайындалып жатқан II томның I-кітабында (1961) айтылады ғой деген токмейілсу көңіл ме, әлде даулы мәселеден қашқақтау ма, ғалым ұсынысын қолдаған бірді-екілі мақала болмаса, кең көлемде талқылауға ат салушылар шыға қоймады. Қ. Жұмалиев «Қате пікір қағидаға айналмасын» («Қазақ әдебиеті», 1960, 29 шілде) атты қарсы мақала жазып, өз концепциясын қорғап қана қойған жоқ, әдіснамалық тұрғыда негіздеп тастады. Оны кейінде айтылғандай, «Шын ғылым айтыстан тұмақ. Осы тұрғыдан келгенде академик Қ. Жұмалиев әдебиеттануды кері кетірген жоқ, қайта әдебиетімізге негіз болған ежелгі жазба жәдігерліктердің тезінен зерттелуіне белгілі дәрежеде қозғау салды» (268, 224) деп көлгірси бағалаудың жөні жоқ. Бұны біз кемелдене бастады дей отырғанымызбен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осы бағытта ізденістер жасауға мүмкіндігі бола тұрса да жан сала кіріспеген кемшілігін, әдебиетші-ғалымдардың «жоғарыға» жалтақтаудан аса алмағанын көрсету мақсатында айтып отырмыз. Міне, сондықтан да болар

қазақ әдебиетінің тарихи курсы жасауға арналған монографиялар жазу кейіндей берді. Оған 60-жылдары Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Ә. Дербісәлиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966) атты еңбектерден басқа монографиялардың болмауын айтсақ та жеткілікті.

Бұдан ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдебиеттанудың басқа салаларында соны қадамдар жасауға ұмтылысқа бармады деген ұғым тумайды. Көп томдықта (III том, I-кітап) 30-жылдардағы әдебиеттану ғылымының табысы деп бағаланғанмен, не себепті қолданудан шығарылып қалғаны түсіндірілмеген Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) секілді еңбектерден кейін қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін тұтас қамтыған іргелі зерттеу туа қоймаған-ды. Е. Ысмайыловтың «Ақындар» (1956) монографиясы, Б. Кенжебаевтің «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1955) атты кітапшасы болмаса, 1940-1950 жылдары ғылыми мақалалардан әріге бара қойған зерттеу болмады.

Міне, қазақ әдебиеттануының кешеуілдеп қалған осы саласын зерттеу жұмысы қызу қолға алынды. Қ. Жұмалиев өзінің 1938 жылғы

«Әдебиет теориясын» маркстік-лениндік әдіснамаға сай толықтырып, 1960 және 1965 жылы қайта жазып шықты да, бұл іске қозғау салды. Ә. Тәжібаевтің «Өмір және поэзия» (1960), М. Дүйсеновтің «Әдебиеттегі мазмұн мен түрдің бірлігі» (1962), М. Хасеновтің «Ұнамды образ және типтендіру» (1966), А. Нұрқатовтың «Идея және образ» (1962), «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966), М. Базарбаевтың «Қазақ поэзиясындағы еңбек адамының образы» (1961), Қ. Жұмалиевтің «Стиль – өнер ерекшелігі» (1966) секілді зерттеулері әдебиетті теориялық тұрғыда тануда жақсы ізденістердің қолға алынғанын байқатты. Бұл жеке жанр түрлерінің қалыптасу жолын ғылыми саралаған Р. Бердібаевтың «Роман және заман» (1966), З. Қабдоловтың «Жанр сыры» (1964), С. Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964), Т. Қожакеевтің «Қазіргі қазақ сатирасы мен юморы» (1966) сияқты еңбектерге, басқа да ғылыми мақалаларға ұласты. Қазақ өлеңі туралы айтылған талдауларды жүйелей және жаңаша пайымдай келе З. Ахметов «Қазақ өлең құрылысы» (1964) атты монография жазса, З. Қабдолов 1920 жылдардан бергі әдеби-теориялық ізденістерді жинақтай, қорытындылай келе «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) атты еңбегін жарыққа шығарды. Егер бұлардың қатарына жеке шығар-

маларға, кейбір жанр түрлеріне арналған ғылыми мақалаларды қоссақ, әдеби-теориялық бағыттағы ой-пікірдің шын мәнінде шешуші қадамдар жасағанын көреміз. Бүкіл әлемдік әдеби теориялық ұғым-түсініктердің ұлттық әдебиеттануда игерілуі, нақты мысалдар арқылы дәлелденуі айтарлықтай табыс еді. Олардың жоғарыда аталған еңбектерде маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына икемделе түсіндірілгенін, ғылыми сараланғанын кемшілік деп жату артық. Ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық мүддеге сай ізденістер жасауға деген мүмкіндігі болмаған уақытта кезеңдік табыс деп бағаламауға хақымыз жоқ.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдебиеттануының 1960 жылдардағы бір жетістігі деп әдеби-көркем сынның өз бағыт-бағдары мен жанрлық сипатын толық таныта алуы дер едік. Идеологияға жақын тұратын болғандықтан талай солақайшылыққа барған сын «тұрпайы социологизм» теориясынан бой тартты. Көркем әдебиеттің даму процесін ұдайы қадағалап, жақсы мен жаманын таразыға салып отыратын жауынгерлік жолына қайта түсті. Аға буын сыншылар С. Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» (1960), Е. Исмайыловтың «Сын мен шығарма» (1960), «Жаңа белеске» (1962), Б. Кенжебаевтың «Шындық және шеберлік» (1966), М. Қаратаевтың «Ше-

берлік шыңына» (1963) секілді сын-мақалалар жинақтарының шығуы оған нақты дәлел. Бұларға С. Қирабаевтың «Өрлеу жолында» (1960), Р. Бердібаевтың «Әдебиет және өмір» (1964), Қ. Нұрмахановтың «Дәстүрлі достық» (1962), М. Базарбаевтың «Әдебиет және дәуір» (1966), Б. Сахариеттің «Уақыт тынысы» (1965), Х. Әдібаевтың «Уақыт және суреткер» (1967) сияқты кітаптарының үзенгі қағыстыра жарық көруін сындың ұлттық әдебиеттанудағы жеке сала ретіндегі тұлғасын толық таныта бастауы еді.

Егер осы айтылғандарға тек 1960 жылдарда ғана бұрын назардан тыс қалып келе жатқан басқа да тың мәселелерге қол созғанын байқататын еңбектерді атасақ, қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің қалыптасу дәуірін біршама жақсы аяқтап келе жатқанын көреміз. С. Талжановтың «Көркем аударма туралы» (1966) монографиясы аударма теориясының тексеріле басталғанын дәлелдесе, ұлттаралық әдеби байланыстар мен қарым-қатынастар мәселесі С. Сейітов, Ш. Сәтбаева, К. Кереева-Қанафиева, Е. Ғабдіровтердің зерттеулері мен мақалаларында кеңінен сөз бола бастады. Сол сияқты қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік жолдарын тексерген Ә. Қоңыратбаевтың, балалар әдебиетінің тарихын қарастырған Ш. Ахметовтің еңбектерінің тың жол салған жаңашылдығын, Ү. Сүбіхан-

бердинаның библиографиялық көрсеткіштерінің тарихи құндылығын айтпай кетуге болмайды. Сонымен қатар, көп томдықта Ғ. Әбетов, Ә. Нарымбетов, Т. Кәкішевтер жасаған «Әдеби өмір шежіресінен» қазақ библиографиясының да біршама жүйеленіп қалғанын көреміз.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымы ізденістері мен іркілістері, жетістігі мен кемшілігі қатар түсіп отырған, маркстік-лениндік әдіснама қағидалары мен кеңестік идеология қыспағында бола отырса да ұлттық әдебиеттің тарихын, теориясын, фольклорын зерттеуде, әдеби көркем сынын қалыптастыруда осындай табыстарға дейін қол жеткізе алған қалыптасу дәуірін аяқтады. Әдебиет туралы ұлттық ғылым ретіндегі қалыптасу кезеңі үшін айтарлықтай жеңіс саналатын осы ізденістері арқылы келешек даму жолында мәнді арналарға бастайтын мәселелерді шама-шарқынша шешіп алды.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымы ізденістері мен іркілістері, жетістігі мен кемшілігі қатар түсіп отырған, маркстік-лениндік әдіснама қағидалары мен кеңестік идеология қыспағында бола отырса да ұлттық әдебиеттің тарихын, теориясын, фольклорын зерттеуде, әдеби көркем сынын қалыптастыруда осындай табыстарға дейін қол

жеткізе алған қалыптасу дәуірін аяқтады. Әдебиет туралы ұлттық ғылым ретіндегі қалыптасу кезеңі үшін айтарлықтай жеңіс саналатын

осы ізденістері арқылы келешек даму жолында мәнді арналарға бастайтын мәселелерді шама-шарқынша шешіп алды.

#### *Тапсырмалар мен сұрақтар*

1. СОКП-ның XX съезінен басталған жаңа бетбұрыстың ұлттық әдебиеттануға жаңашылдық ықпалы.
2. «Тұрпайы социологизм» теориясының жеңілісі және ұлттық әдебиеттану.
3. Төңкерісшіл ақын-жазушылардың ақталуы және олардың шығармашылығын зерттудегі жаңаша көзқарас.
4. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Алаш арыстары шығармашылығын ақтау жолындағы талпынысы.
5. «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркінің» тарихи маңызы.
6. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттің зерттелуі және маркстік-лениндік әдіснама.
7. Сын мен әдебиеттанудағы әдеби мұраға жаңаша көзқарас.
8. 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми конференцияның жетістіктері мен кемшіліктері.
9. 1959 жылғы конференциядағы қазақ әдебиетінің көне дәуірі туралы ғылыми дискуссия.
10. Б. Кенжебаевтың «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады» және Қ.Жұмалиевтің «Қате пікір қағидаға айналмасын» мақалаларындағы пікірталас өзегі не?
11. 1960 жылдырдағы қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселелері.
12. 1960 жылдардағы фольклортану саласындағы ғылыми ізденістер.
13. Қазақ әдебиетінің көптомдығы және ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірінің басты сипаттары.
14. «Жылымық» жылдарындағы ұлттық библиография.

#### **Негізгі әдебиеттер**

1. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1958. – 512 б.
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы. 1974.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 томдық. 6 кітап. – Алматы: Ғылым, 1960-1967.

### III БӨЛІМ. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары

4. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.
5. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
6. Р. Нұрғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. 528 б.
7. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
8. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.
10. Бушмин А. Наука о литературе. Москва. 1980.
11. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005.
12. 1940-1950 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1998. 400 б.
13. Жұмағұлов С. XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы.
14. Қарағанды: Гласир, 2008. – 552 б.

#### Қосымша әдебиеттер

1. Қазақ филологиясының мәселелері. Ред. З. Қабдолов. – Алматы: ҚазМУ баспа, 1979. – 131 б.
2. Гутаров В. И. Основы советского литературоведения. – Минск, Вышэйшяя школа, 1967. – 352 с.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – 403 б.
4. Советское литературоведение за пятьдесят лет. – М.: МГУ, 1967. – 555 с.
5. Ысмайлов Е. Сын мен шығарма. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 377 б.
6. Фридлиндер Г. М. Методологические проблемы литературоведения. – Л.: Наука, 1984. – 237 с.
7. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
8. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: ҚМБ, 1938. – 175 б.
9. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясы мәселелері. – Алматы: ҚМБ, 1940. – 216 б.
10. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1970. – 200 б.
11. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: 1960.
12. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. т. 15, Мақалалар. Зерттеулер. – 294 б.

### III БӨЛІМ. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары

13. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 695 б.
14. Николаев П. А., Курилов А. С., Гришунин А. Л. История русского литературоведения. – М.: Высшая школа, 1980. – 349 с.
15. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2 том. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 363 б.
16. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 172 б.
17. Мырзахметов М. М. Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
18. Нұрғалиев Р. Телағыс: әдеби дәстүр мен әдеби даму. – Алматы: Жазушы, 1986. – 368 б.
19. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші. – Алматы. 1 т. 1970, 2 т. 1986, 3 т. – 1997.
20. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы, 1998. – 267 б.
21. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1974.
22. Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Астана, 2001. – 310 б.

### 3-ТАРАУ. Ұлттық әдебиеттанудың 1970-1990 жылдардағы даму арналары

Қазақ әдебиеттануы өзінің ғасырларға созылған тарихи жолында 1970 жылдардан бастап даму, өркендеу кезеңіне нақты қадам басты. Негізінен алғанда ұлттық әдебиеттанудың туып, қалыптасқаннан кейінгі даму дәуірі – жекелей жан-жақты қарастырылатын мәселе. Оның басты бағыттары мен әдіснамалық мәселелері Ж. Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) монографиялары, Т. Кәкішев пен Ж. Смағұловтың «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты оқу-әдістемелік құралы (2006), С. Жұмағұловтың «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991)» монографиясы (2008), А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты еңбегі және ұжымдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) атты екі томдық академиялық басылымдарда біршама қарастырылды. Н. Жұбаншпековтің «Проблемы сравнительно – тиологиче-

ского изучения литературы» (1995), М. Маданованың «Путь Ауэзова в страну Бальзака» (1997), «Актуальные вопросы литературной компаративистики» (1999) атты еңбектері методологиялық ізденістеріне барлау жасады. Осы зерттеулердегі ой-тұжырымдарға сүйене отырып, ұлттық әдебиеттану ғылымының 1970-1990 жылдардағы басты арналарын айқындауға болады. Сондықтан ұлттық әдебиеттанудың қалыптасу кезеңіндегі табыстары ендігі даму дәуіріндегі алғашқы қадамдарындағы жетістіктеріне қандай дәрежеде негіз бола алғанын дәлелдеу мақсатында ғана қарастырамыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымының 1950-1960 жылдардағы қиын-қыстаулы жолындағы талқыдан өткен, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірді өркендетуге білімі мен біліктілігі, ғылыми сауаттылығы мен табандылығы жоғары әдебиетші, сыншы ғалымдар жасағы қалыптасқан еді. Олар өзінің туып-қалыптасу дәуірін толығымен



аяқтап, 1970 жылдардан бастап даму кезеңіне қадам басқан қазақ әдебиеттануының алдына заман алға тартқан күрделі де, көкейкесті мәселелерді шешуге жұмыла кірісті. Ол ғалым С. Қирабаев жазғандай: «1956-1966 жылдар аралығындағы он жыл ішінде жүз елуден астам сын және зерттеу кітаптарының жарық көргенін айтудың өзі жеткілікті. Мұндай өнімділік бұрынғы әдебиет даму кезеңдерінің ешбірінде болған емес. Қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттану ғылымының осы дәуірде қарқында дамуы, ең алдымен қоғамдық ой-пікірде еркіндік тууымен байланысты болды» [81, 3]. Шынында да «жылымық жылдары» аталып жүрген осы кезеңде ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өз тарихындағы «пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм» секілді қате теориялар ықпалында жіберген кемшіліктерін енді батыл түрде түзетуге бет алды. Оның негізгі қадамдарі осы қазақ әдебиеттануының даму дәуірі атап отырған кезеңде жүзеге асты.

1970-1980 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының темірқазығына толық айналған маркстік-лениндік әдіснама ықпалында болса да ұлттық әдебиетті тарихи, теориялық тұрғыдан тексеру жұмыстарында табысты қадамдар жасала бастады. Әдебиеттің тарихи курсының мәселелеріне және жеке дарындар туралы көптеген моногра-

фиялар, ғылыми-зерттеу еңбектер, мақалалар жарық көрді. Осыған сай жекелеген жанр түрлерінің қазақ әдебиетінде өсіп-өркендеу жолдары да монографиялық тұрғыда жан-жақты сөз болып теориялық мәнде нақты ғылыми тұжырымдар жасауға қол жетті. Әдебиет теориясының кеңес дәуіріне тән жалпы қисын-қағидаларына сай жазылса да ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптасуына үлес болып қосылған еңбектер көбейе түсті. Ұттық поэзия, проза, драматургияның, әдебиет сынының туу, өсу-өркендеу, қалыптасу жолдарының тарихы ғылыми сипатта кеңінен қарастырылды. Олардың ішкі жанрлық түрлері, атап айтқанда лирика, поэма, роман повесть, әңгіме, трагедия, комедия, юмор мен сатиралар арнайы зерттеу нысанасына түсті. Бұл жылдардағы ұлттық әдебиеттанудың жан-жақты өркендеуіне Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, Х. Сүйінішәлиев, С. Қирабаев, М. Дүйсенов, Т. Кәкішев, Р. Бердібаев, З. Қабдолов, М. Базарбаев, Т. Нұртазин, З. Ахметов, С. Ордалиев, Н. Ғабдуллин, Т. Қожекеев, Ө. Нарымбетов, М. Мырзахметов, Х. Әбдібаев, Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев және т.б. көптеген әдебиетші, сыншы дарындар зор үлес қосты. Бұл ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектерін тізбелей кәрсетуге, басты-бастыларына жекелей тоқталуға болар еді. Бірақ біріншіден ол көп орын

алады, екіншіден, ғылыми ортаға таныс және бағасы берілген. Сондықтан да бұл еңбектердің маркстік-лениндік әдіснамаға бой құрған тұстарынан кінә іздеу немесе ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге осындай үлес қосты деп әр қайсысын салыстыра салмақтап жату артық. Әрі-беріден соң бұл ғалымдардың көпшілігінің ғылыми шығармашылығы мақсатты түрде зерттелетін уақыт та алыс емес. Тарих табалдырығын аттаған ХХІ ғасырдың алғашғы жылдарында-ақ осы ғасырымыздың 1970 жылдарынан бергі қазақ әдебиеттануының тарихи және әдіснамалық мәселелерін зерттеу нысанына алынды. Бұл жолдағы алғашғы қадамдар басталып та кетті. Ол С. Жұмағұловтың «ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы» аталатын монографиясында жүзеге асты. Сондықтан әдеби-көркем сынның осы 1970-1980 жылдардағы жай күйі мен кескін-келбетіне де тоқталып жатуды жөн көрмедік. Себебі, оның көптеген мәселелері Т. Кәкішевтің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994) атты еңбегі мен ғылыми мақалаларында, Д. Ысқақовтың «Сынсонар», «Сын шын болсын», «Сын өнері», «Сынталқы» секілді еңбектерінде кеңінен қарастырылғандықтан қайталап жату орынсыз. Әрине, нақтылай түсетін және әдіснамалық тұрғыдан таразылайтын жайлар да жоқ емес.

Олар арнайы тексерілетін мәселелер болғандықтан және бұл саладағы білгір ғалымдарынан асыра айту мүмкін еместігінен жалпылама сөз ету артық болады деп ойлаймыз. Сол себептен де қазақ әдебиеттануының қалыптасу және даму жолына жалпы алғанда үлес болып қосылған жағдайлардан гөрі, іргелі ізденіс ретінде танылатын мәселелерге көз салған абзал.

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу көп томдықта 1959 жылғы ғылыми конференция шешімі бойынша жүзеге асқанымен, ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихында қашан да болсын игерілмей жатқан «тыңды» көтеруші болып келген Б. Кенжебаев өз ғылыми зерттеу бағыты бойынша ізденістер жасауды тоқтатқан жоқ. Ғалым өзінің «Көне әдебиет туралы» атты еңбегінде қазақ әдебиетінің тарихының арғы бастаулары туралы концепциясын енді батыл түрде жүзеге асыра бастады. Кітаптағы «Ертедегі тіл, әдебиет ескерткіштері», «Қазақ әдеби тілінің тарихы жайлы», «Жүйелі үлгі», «Қазақ әдебиеті тарихының жүйесі» аталатын проблемалық мақалалары ұлттық ғылыми ой-пікірдің зерттушілік бағытын жаңа арнаға бұрды. Ол ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге соны бағыт-бағдар сілтеп, тарихи, ғылыми және әдіснамалық мәні зор еңбектер жазып, ғылыми мектебін қалыптастыра бастады.

Ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен бастап Бұқар жырауға дейінгі қазақ әдебиеті тарихының мәселелері ғалымның «Ертедегі дәуірдегі әдебиет нұсқалары», «Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу», «Қисса-сұл әнбия», «Диван лұғат ат түрік», «Кодекус куманикус» «Мұхаббатнаме», «Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» деген зерттеулерінде ғылыми тұрғыда жүйелене бастады. Бұлар қазақ әдебиеті тарихының ертедегі дәуірлерін зерттеу мәселесін нақты қойды да, қостап-қолдаушыларға ғана емес, мақсатты түрде шұғылданушыларға кең жол ашты. М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) еңбегінің жарық көруі мен кандидаттық диссертациясы ғылыми ортада жаңа серпіліс туғызды. XV-XVIII ғасырларда жасаған ақын-жыраулар поэзиясы, яғни қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің идеялық, көркемдік, тарихи сипаты айқындалып, қазақ әдебиетінің тарихы үш ғасырға молайды.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің ұлттық әдебиетімізге қарым-қатынасы, Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұралар арнайы зерттеліп, ежелгі дәуір әдебиетінің жекелеген үлгілері жариялана бастады. 1967 жылы «Ертедегі қазақ әдебиеті» хрестоматиясының жарық көруі оны жоғарғы оқу орындарында жеке пән

ретінде оқыта бастау мәселесімен қатар, бұл концепциясының ғылыми орынға бастағанын да дәлелдейді. М. Жолдасбековтің «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» аталатын зерттеуі (1969), Х. Сүйінішәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1969), Б. Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1974), «Ғасырлар толғауы» (1977) атты ғылыми-зерттеу мақалалар жинағының жарық көруі, бұл концепцияның ғылыми дұрыстығын, жаңашылдығын, өзектілігін, практикалық қажеттігін нақты көрсетіп берді.

ҚазМУ-дің Б. Кенжебаев бастаған ғалымдары қазақ әдебиеті тарихының ерте дәуірін бірде жинақтай, бірде жеке бір әдеби мұраның табиғатын ашуды мақсат тұта отырып, төл тілімізге аудару жұмыстарын қолға алды. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бұл бағыттағы ізденістері Ә. Қоңыратбаевтың қазақ эпостарының ертедегі нұсқалары туралы, М. Жолдасбековтің «Орхон-Енисей» ескерткіштері жайындағы, А. Қыраубаеваның «Мұхаббатнаме», «Қисса-сұл әнбияны» зерттеген, Ш. Ыбыраевтың «Қорқыт ата кітабының» поэтикасына арналған ғылыми мәні зор зерттеулерінде тереңдей түсті. А. Қыраубаеваның «Қисса Рабғузи, Мұхаббат-наме идеялық-көркемдік ерекшеліктері» атты зерттеуі орта ғасырлардағы Алтын

Орда дәуіріндегі әдеби мұралардың ғылыми тұрғыда тексерілуіне жол ашты. Мысалы, осы 1970 жылдардың басынан-ақ фарабитану ілімінің ірге тасының қалануы дәлел болады. Әл-Фирабидің түркі жұртына, оның ішінде қазақ халқына қатысын тұңғыш танытқан А. Машановтың «Әл-Фараби» (1970), А. Көбесовтің «Әл-Фараби» (1971), Н. Төрекұловтың «Әл-Фарабидің әдеби мұрасы» (1975), М. Бурабаевтың «Аль-Фараби и разные науки и культуры стран Востока» (1975) және тағы да басқа зерттеулер мен мақалалар жарық көрді. Фарабитану саласында ғылыми іс-шаралар өткізу жұмыстары шұғыл қолға алынды. 1973 жылы Алматыдағы Азия, Африка елдері жазушыларының V конференциясы ұлы ғалымға арналса, 1975 жылы ЮНЕСКО көлемінде өткізілген «әл-Фараби және шығыс елдері әдебиеті мен мәдениетінің дамуы» атты конференция әлемнің «екінші Ұстазы» атанған «Шығыс Аристотелінің» даңқын әлемге паш етті.

Бұл саладағы зерттеу жұмыстары күрделене және жүйелене бастады. Орта ғасырлардағы жазба мұралар мен жәдігерлер жеке жинақ болып жарыққа шығуына байланысты ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделеу жұмыстары жүргізілді. Түркі дүниесінің әлемдік өркениетке қосқан әдеби-мәдени және ғылыми табыс-

тары тарихи тұрғыдан саралана бастады. Әл-Хорезми, Әбу әли ибн Сина, Әбу Райхан Бируни секілді ғалымдар мен «Шығыс жұлдыздары» аталған ақындар шығармашылығы кеңінен насихаттала бастады. Мәселе – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осындай келелі мәселелерді зерттеуге толық дайындықта болуында. Маркстік-лениндік әдіснаманың, оның «тұрпайы социологизмге» сүйенген әдебиеттің таптығы қағидасының құрсауынан аз да болса еркіндік алған ұлттық әдебиеттану бар мүмкіншілігінше өткен кезеңдеріндегі қателіктерін, тіпті кейде ақылға сымайтын жаңсақтықтарын нақты түзете бастады.

Бұл А. Игүнекидің «Құдатғу білік», М. Қашқаридің «Дивани лұғат ат-түрік», С. Бақырғанидің «Ақиқат сыйы» секілді еңбектерінің төл әдебиетімізге қарым-қатынасы мәселесін шешіп берді.

Жоғарғы оқу орындарында жеке пән ретінде жүргізіліп, оқу бағдарламалары түзілді, оқулықтар жазылды. Бұл іске маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеология шырмауында көбіне-көп тартыншақтаумен келген Ғылым академиясының ғалымдары да араласа бастады. Олар «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983) деген жинақтар шығарды. Бұл Б. Кенжебаевтың «Әдебиет белестері»

(1986), Н. Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), М. Жолдасбековтің «Асыл арналар» (1986), Қ. Өмірәлиевтің «VIII-XII ғасырлардағы түркі әдеби ескерткіштері» (1986), А. Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы», Х. Сүйінішәлиевтің «Ғасырлар поэзиясы» (1987) секілді қазақ әдебиеттану ғылымына үлес болып қосылған ғылыми еңбектеріне жалғасты. Оларда ежелгі дәуірдегі көне түркі жазба ескерткіштерінің ұлттық әдебиетіміздің арғы бастаулары екені ғылыми негізделіп, оны дәуірге бөлуді осы ерте кезеңнен бастап жүйелеу қажеттігі толығымен дәлелденді. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің тарихы хронологиялық тұрғыдан алғанда ежелгі дәуірдегі әдебиет, XV-XVIII ғасырдағы әдебиет, XIX ғасырдағы әдебиет, XX ғасыр басындағы әдебиет, қазақ совет әдебиеті деген дәуірлерге жүйеленді де, он екі ғасыр болып толықты. Бұл дегеніміз – ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жиырма жылғы тарта дау-дамайға түсіп келген концепцияны толық жүзеге асырған үлкен табысы еді.

Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің қалыптасу кезеңінде төл әдебиетіміздің ұлттық танымға сай тарихи бастауларын анықтап алуы, сөз жоқ, ғылыми мәні зор жаңалық болып табылады. Себебі, бұл қазақтың ұлт, халық ретінде толық

танылуын, әдебиеті мен өнерінің, ғылымының өсіп-өркендеуін Ресейге «өз еркімен қосылғаннан» бері қарай ғана қарастырып келген, тіпті Қазан төңкерісіне дейін «үш пайызы ғана хат танитын сауатсыз еді» деуді онды-солды насихаттаған европацентристік көзқарастың, нигилистік пиғылдағы пікірлердің ірге тасын шайқалтып-ақ тастады. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір енді қазақ халқының төңкеріске дейін «надан», «тағы», «туземец» болмағанын дәлелдеуге бағыт ала бастады. Оның бір көрінісі Т. Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу тарихын зерттеген еңбектерінен байқалды. Ғалым ұлттық сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің бастауларын халық фольклорынан бері тарамдата баяндап, негізгі арналары төңкеріске дейін-ақ айқындалғанын, ғасырларға созылған туу үдерісін бастан кешіріп үлгергенін ғылыми саралап шықты. Жоғарғы оқу орындарында жеке пән ретінде жүргізу дәрежесін алып берді. Қалыптасу жолындағы әрбір кезеңі, методологиялық мәселелері мен теориясы, жанрлық ішкі түрлері жекелей зерттеле бастауына жол ашты.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық мақсаттағы таным-білікке тереңдей бой ұруы 1980 жылдары толыса түсті. Кеңестік идеологиялық іріп-шірігені сондай, кейде маркстік-лениндік әдіснаманы тек қалқан ретінде ұстай отырып жазылған

еңбектер мен түрлі әдеби жинақтар бой көрсете бастады. Рас, олосы кезеңде молынан жарияланған ғылыми және сыни еңбектердің барлығында болды десек қателесер едік. Көптеген еңбектер бұрынғы айтылғандарды толықтыру, тереңдету мақсатында жарияланып отырылды. Бұл, әсіресе әдебиетші, сыншы ғалымдардың өз зерттеулерінің екі-үш томдықтарын шығаруы барысында байқалды. Ал ұлттық әдебиеттануға сол қыспақта тұрған қиын кезеңде аз да болса үлес боп қосылған тың қадамдар өріс ала берді. Төңкеріске дейінгі әдебиет өкілдерінің шығармалары молынан жариялана бастады. Мысалға 1965 жылғы «Үш ғасыр жырлайды» атты жинақтың, «Алдаспан» антологиясының (1971), енді «Бес ғасыр жырлайды» (1984) деген атпен толығып шығуы көп жайды аңғартады. Абайтану, шоқантану, алтынсаринтану жеке ілім саласы болып қалыптасып бітті, тек маркстік-лениндік әдіснамаға қайшы келетін кейбір мәселелерін нақтылау ғана қалды. Сәкентану мен әуезовтану, сәбиттану ілімі жан-жақты дами бастады. Абай, Ыбырай, Мұқтар, Сәбит тағылымдары аталатын ғылыми жинақтардың шыға бастауы оған айқын дәлел.

Фольклорлық мұраны әдебиеттің таптығы, халықтың қағидасымен бағалау бәсең тарта бастады. Оған қоғамды демократиялық жолмен

қайта құруды қолға алған уақыт талабы қатты әсер етті. Соның әсерінен қазақ фольклорының көп томдығын академиялық баспа тұрғысында шығару ісі қолға алынды. Бұрын тиым салынған халық ауыз әдебиеті үлгілерін жариялау, зерттеуге көңіл аударылды. Басқа елдер фольклористикасындағы дәлелденген методологиялық ізденістерді ұлттық фольклордан көп қинамай-ақ іздеп тауып, бір ізбен келе жатқан ұлттық фольклортану бар-жоғын түгелдеуге бет бұрды. Халық ауыз әдебиетіндегі жанр тұрақтылығын зерттейтін паремиологияда, тұтастай тексеретін кешенді және жүйелі әдістерде, семиотика саласында соны ізденістерге ден қойды. Р. Бердібаев, Б. Уақатов, О. Нұрмағанбетова, Б. Адамбаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Ш. Ыбыраев, Т. Сыдықов, т.б. жекелеген жанрлар табиғаты мен көркемдік кестесін, шығу тарихын арнайы қарастырды. Ұлттық фольклортанудың туу, қалыптасу тарихы да зерттеу нысанасына алынды. Бұрын ол көп томдықтағы ғылыми шолу мен 1972 жылғы «Қазақ фольклористикасы» деген зерттеулер жинағында ғана айтылған еді. «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979), «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988) атты ұжымдық монографиялар ұлттық фольклортанудағы айтарлықтай табыс болды.

Көне түркі жазба ескерткіштері мен орта ғасырлық әдеби мұра үлгілері төл тілімізге аударылып, рухани казынаға қосылды. Ұлттық әдебиеттің арғы бастаулары ретінде тұтастай қарастырудан гөрі енді жалқыдан жалпыға қарай зерттеу заңдылығына сай жекелеген үлгілері арнайы тексеріле бастады. Алғашқыда тілші-ғалымдар Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтардың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971), А. Ибатовтың «Хұсрау-Шырын» поэмасының сөздігі» (1974) секілді еңбектерінде тіл білімі ғылымы тұрғысынан сөз болған еді. Ал әдеби мұра ретінде зерттеу нысанына алына бастаған «Махаббатнаме» (1985,1986), «Оғызнаме» (1986), «Қорқыт ата кітабы» (1986), «Құтты біліктің (1986) қазақша жеке кітап болып басылып шығуы, Қ. Өмірәлиевтің «VIII-XII ғасырдағы көне түркі әдеби ескерткіштері» (1985) мен «Сөз атасы» (1987) атты жинақтың жарық көруі ежелгі дәуір әдебиетін зерттеудегі соны қадамдарды танытқаны анық.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір Алаш арыстарының әдеби мұрасын жариялау мен зерттеуге тайсақтай бергенімен, XIX ғасырдағы және XX ғасыр басындағы «ескішіл, керітартпа» атанған ақындар туралы қате көзқарастан айыға бастады. Оған алғаш Б. Кенжебаев өзінің «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті»

(1976) еңбегінде жол ашты. Ақмолла, Ә.Кердері, М. Қалтаев, Н. Наушабаев, Ш. Жәңгіров, М. Ж. Көпеевтерге орынсыз тағылып келген «ескішіл, діншіл, кітаби» ақындар деген атақтан арашалап алып, ағартушы дарындар екенін ғылыми білгірлікте дәлелдеп берді. Ол келді де қате бағаланып келген басқа да ақын-жыраулар шығармашылығына оң көзбен қарай бастауға әсер етті. Бұл жолдағы алғашқы қадам деп «Бес ғасыр жырлайдының» 1989 жылғы екінші басылымын атар едік. Жинақта арада отыз жылдай уақыттан соң Дулат, Шортанбай, Мұрат, Шәкәрім, М. Ж. Көпеевтердің және бұрын қалыс қалған тағы да жеті ақынның енгізілуі, өмірбаяндық мәлімет пен кенестік идеологияға нұсқан келтіре қоймайтын туындыларының берілуі құптарлық құбылыс еді. Ол біріншіден, осы дарындар шығармашылығының монографиялық тұрғыда зерттеле бастауына кең жол ашты, екіншіден, төңкеріске дейінгі әдебиет тарихының ақандақ беттерінің түзетіле бастауын жүзеге асырды.

Қайта құру, қоғамды демократияландыру, ұлттық сана-сезімнің өсуі жағдайында қазақ әдебиеттану ғылымы соны ізденістер жасады. Ол қазақ фольклоры мен әдебиетінің сан ғасырлық даму жолын ақиқат тұрғысынан қарауға кесірін тигізумен келген, маркстік-лениндік

әдіснамаға сай жоққа шығарған қате көзқарастар мен тұжырымдарды, өрескел бұрмалаушылықтарды қайта қарауды талап етті. СОКП Орталық Комитетінің 1946 жылғы «Звезда», «Ленинград» журналдары туралы және тағы басқа қаулы-қарарларының күшін жоюы, Қазақстан Компартиясын да өзінің ғылыми ой-пікірге тежеу салған құжаттарының зиянды шешімдерін түзетуге мәжбүр етті. Соның нәтижесінде Алаш арыстары Ә. Бөкейханов, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатовтардың шығармашылық мұрасы толығымен ақталды. В. И. Лениннің «әр ұлтта екі түрлі мәдениет болатыны туралы» қағидасының әдіснамалық тұрғыдан да, ғылыми және теориялық жағынан да қате екені дәлелденді. Олардың шығармаларын жариялау, зерттеу жұмыстары шұғыл қолға алынды. «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930-1940 жылдар кезеңі мен 1950 жылдар басындағы қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы ОК-нің комиссиясының қортындысы» шықты (15 желтоқсан, 1989). Бұл қорытынды мақсатты түрде назардан тыс қалдырылған, негізсіз шеттетілген фольклорлық мұра үлгілерін, тиым салынған және ғылыми айналымнан алынып тасталған зерттеу еңбектерді, орынсыз ғайбатталған жекелеген көркем шығармаларды

ақтап берді. Ш. Бөкеев, Ғ. Қарашев, С. Торайғыров, М. Ж. Көпеев, Н. Орманбетұлы, т.б. шығармашылығы туралы біржақты көзқарасты түзетті. Әдеби мұраны ұлттық таным-білікке сай тарихи және ғылыми зерттеуге зиянын тигізіп, тар құрсауда ұстап келген алты бірдей партиялық қаулы-қарардың күшін жоюы, маркстік-лениндік әдіснаманың қате қағидаларын тас талғанын шығарды.

Бұл қайта құру мен жариялылыққа сай қоғамдық-саяси ой-көзқарастың өсуі, ұлттық сана-сезімнің кемелденуінің тегеурінді әсері ғана емес, өзінің ұлттық ғылым ретіндегі қалыптасу жолын аяқтап, даму жолын бастаған қазақ әдебиеттануының талай қиын-қыстау мен шырғалаңдарды бастан өткізген күресінің де жемісі еді. Ол енді өз тарихындағы «ақтаңдақтарды» жоюға онша көп қиналмастан-ақ батыл кірісті. Оған талай жылдар бойы қалыптасқан іс-тәжірбиесі де, ғылыми тарихи, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық тұрғыдағы зерттеу әдіс-тәсілдері де мол еді.

Ақыл-парасатқа азаттық берілуі, ғылыми-зерттеушілік, сыншылдық ой-пікірдің қате қағидалар ықпалынан еркіндікке шығуы, саясат пен идеологияға тәуелді болудан құтылуы арқасында бар-жоғын түгелдеп, орын алған қателіктерді жою бағытында ұлттық мүддеге сай та-



рихи шындыққа негізделген зерттеу еңбектері жазу қолға алына бастады. Халқымыздың ғасырлар бойы күткен азаттық күні туған, егемендік алып тәуелсіздікке жеткен кезден бастап

қазақ әдебиеттану ғылымы да өзінің жетпіс жыл бойы маркстік-лениндік әдіснама құрсауында жіберген қателіктері мен олқылықтарын жоюға бет алды.

### Тапсырмалар

1. Қазақ әдебиеттануындағы алғашқы монографиялық зерттеулер.
2. Ұлттық әдебиеттануда әдебиетші ғалымдар мен сыншы кадрлар жасағының қалыптасуы.
3. Қазақ әдебиеті тарихының көне дәуірлерінің зерттелуі.
4. 1970-1990 жылдардағы фольклортану ғылымының жетістіктері
5. Б. Кенжебаевтың ғылыми мектебінің қалыптасу жолдары.
6. Әдебиет теориясын зерттеудегі ғылыми ізденістер.
7. Ұлттық әдеби сын тарихының мәселелері.

### Негізгі әдебиеттер

1. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 207 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том. 6 кітап. – Алматы: Ғылым, 1960-1967.
3. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым
4. Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.
5. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
6. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. 528 б.
7. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
8. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.
10. Бушмин А. Наука о литературе. – М.: Современник, 1980. – 334 с.
11. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005. – 317 б.
12. 1940-1950 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы. 1998. – 400 б.
13. Жұмағұлов С. XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. – Қарағанды: Гласир, 2008. – 552 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. Қазақ филологиясының мәселелері. Ред. З. Қабдолов. – Алматы: ҚазМУ баспа, 1979. – 131 б.
2. Гутаров В. И. Основы советского литературоведения. – Минск, Вышэйшяя школа, 1967. – 352 с.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – 403 б.
4. Советское литературоведение за пятьдесят лет. – М.: МГУ, 1967. – 555 с.
5. Ысмайлов Е. Сын мен шығарма. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 377 б.
6. Фридлендер Г.М. Методологические проблемы литературоведения. – Л.: Наука, 1984. – 237 с.
7. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.;
8. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: ҚМБ, 1938. – 175 б.
9. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясы мәселелері. – Алматы: ҚМБ, 1940. – 216 б.
10. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1970. – 200 б.
11. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 371 б.
12. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. т. 15, Мақалалар. Зерттеулер. – 294 б.
13. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 695 б.
14. Николаев П. А., Курилов А. С., Гришунин А. Л. История русского литературоведения. – М.: Высшая школа, 1980. – 349 с.
15. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2 том. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960, – 363 б.
16. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 172 б.
17. Мырзахметов М. М. Әуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
18. Нұрғалиев Р. Телағыс: әдеби дәстүр мен әдеби даму. – Алматы: Жазушы, 1986. – 368 б.
19. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші. – Алматы. 1 т. 1970, 2 т. 1986. 3 т., 1997.

## IV БӨЛІМ. ҚАЗАҚ БИБЛИОГРАФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

### 1-ТАРАУ. Ұлттық библиографияны жасаудағы алғашқы қадамдар

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы бүгінгі күндері өз деңгейінде қарастырылмай келе жатқан мәселе – ұлттық библиографияның қалыптасу жолы. Библиографияға ұлттық әдебиеттануда ғалымдар тарапынан берілген біршама анықтамалар мен пікірлер бар. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» ол:

«Библиография – Әдебиеттанудың жанама тарауы, әр түрлі пәндер бойынша кітаптарға, зерттеулерге анықтама – мағлұматтар беретін көмекші құралдар жасайтын жинама ғылым саласы. Библиографияға мыналарды жатқызуға болады:

1. Белгілі мәселеге немесе автор шығармаларына байланысты әдебиеттердің көрсеткіші.

2. Библиографиялық қызметтің методикасы мен теориясын жасайтын ғылыми еңбектер.

3. Жарияланған, басылып шыққан басылымдар жөніндегі пікірлер, жарық көрген газет, журналдардың бөлігі.

Библиографиялық құралдың ең басты міндеті оған енген еңбектерді дұрыстап іріктей білу» деп көрсетілген [88].

Ал профессор Ә. Нарымбетов: «Библиография – мәдениеттің, ғылымның оқу-ағартудың, өндірістің бір сөзбен айтқанда, қоғамдық өмірдің барлық жайын қамтиды және де мәдениет пен ғылымның барлық салаларының даму процесінің нәтижесін байқататын көрсеткіш іспеттес, өйткені, библиография – кітаптар тарихы мен мәдениет тарихы ғылымдарының бөлінбес жанды бөлігі», – деп жазады [25, 10].

Қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуші, профессор ғалым Тұрсынбек Кәкішев библиографияны әдеби сын жанрларының бір түрі ретінде қарастырады. Сонымен берілген анықтамалардан библиография – әдебиет тарихының, сынының даму процесінің нәтижесін байқататын көрсеткіш екендігін, атқаратын ғылыми, насихаттық

қызметі зор және де ғылым мен мәдениеттің барлық салаларын қамтитын әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы екендігін байқаймыз.

Қазақ библиографиясының түрлері және олардың жасалу принциптері туралы айта кету жөн болады. Библиография атаулының басқа салалардай, уақыт жағынан әдебиет библиографиясы да екі түрге бөлінеді: ағымдағы библиография және ретроспективті библиография. Ағымдағы библиографияға күнделікті баспасөз материалдарын летописке түсіру жатса, ал ретроспективті библиография дегеніміз өткен тарихи кезеңнің материалдарынан библиография жасау. Қазақ әдебиетінде библиографияның бұл екі түрі де бар. Қазақ ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы шығарып жүрген баспасөз, кітап летопистері осы ағымдағы библиографияның қатарына қосылады. Ал әдебиеттің өткен тарихи кезеңін қамтитын библиографиялардың барлығы да ретроспективті библиографиялар болып есептеледі.

Ішіндегі мазмұны жағынан әдебиет библиографиясы негізінен үш түрге жіктеледі: жалпы библиографиялар, персоналды библиографиялар, тақырып бойынша жасалған библиографиялар. Жалпы библиографияның міндеті – баспа бетіндегі материалдарды ешбір өзгертпей сол документтік күйінде сақтау болса,

бұл өзгертпей беру – сол материалдарды іздеушінің тез де оңай тауып алуына қиындық келтірмейді. Жалпы библиографиялар әдебиеттің белгілі бір дәуірін, жанрын қамтиды. Персоналды библиографиялар нақтылы бір ақын, жазушының творчествосына арналады. Тақырып бойынша құрастырылған библиографиялар көркем әдебиеттің белгілі бір тақырыптарының аумағын қамтумен шектеледі. Ал әдебиеттің көкейкесті тақырыптары бойынша жасалған аса көрнекті библиографияны атай қою қиын. Өйткені әдебиет библиографиясында бұл түр кең өріс алып, қанағаттанарлық дәрежеде жолға қойылған жоқ.

Алдына қойған мақсаты жағынан әдебиет библиографиясы негізінен екі бағытта дамиды. Біріншісі, көпшілікке ұсынылатын библиографиялар. Екінші түрі – ғылыми-зерттеу жұмыстарына көмектесетін ғылыми библиографиялар. Қазақ әдебиет библиографиясынан осы кезге дейін жарық көріп жүрген библиографиялардың дені көпшілікке ұсынылатын библиографиялар.

Көпшілікке ұсынылатын библиографияның толық болуы шарт емес, материалдар іріктеліп, таңдалып алынады. Ал ғылыми-зерттеу жұмыстарына жәрдемдесу мақсатын көздеп жасалған ғылыми библиографияның принциптері өзгешелеу екенін әрқашан да ескерген

жөн. Ғылыми библиографияларды құрастыруда ұсынатын негізгі принцип – қамтылатын кезеңдегі материалдарды мейлінше толық жинау.

«Белгілі бір өлкемен, облыс, ауданмен байланысты да әдебиет материалдарын қамтитын библиографиялар бар. Мұндай белгілі бір өлкенің ақын, жазушыларының шығармашылығына, яки сол өлке өмірін суреттеген әдеби көркем шығармаларға арналған әдебиет библиографиясын өлкетану (краеведческая) библиографиясы деп атайды». Бізде бұл библиографияның үлгілері де әдебиет библиографиясына өз үлестерін қосуда. Міне, библиографияның түрлері мен жасалу жолдарына қысқаша тоқталып өттік. Бүгінгі күнге дейін қазақ библиографиясы туралы, оның ішінде әдебиет библиографиясы туралы библиографтар Н. Сәбитов, Ғ. Әбетов, Ү. Сүбханбердина және Ә. Нарымбетовтер еңбегінде аз-маз сөз қозғалғаны болмаса нақты ғылыми зерттеушілік тұрғыдан бұрын-соңды толық зерттелді деп айта алмаймыз.

Бұл бөлімде қазақ библиографиясының алғашқы XIX ғасырдан бергі ізденістері мен XX ғасырдың орта шенінде туып, қалыптасып, қазіргі кездегі даму барысын көрсетуді мақсат етіп алдық. Әрине қолға түскен материалдар ғана қамтылды. Өлі де болса толық зерттеу жұмысын керек етеді.

«Әдебиет библиографиясын жасауда партиялық позицияны берік ұстап, материалдың саяси сипатына, идеялық мазмұнына үнемі мұқият назар аудару аса қажет Библиография құрастыруда объективизммен, формализммен бітіспес күрес жүргізу ұлттық библиографияның үнемі ең негізгі парызы болмақ. Мәселен, қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының ғылыми библиографиясын жасауда да біз осы методологияға сүйенуге тиіспіз. Әсіресе, 1920 жылдардың әдебиетінің библиографиясына өте-мөте сақтықпен қарау біздің ең негізгі міндетіміз», – деп Ә. Нарымбетов айтқандай 1920–30 жылдар библиографиясын жасауда көп қиындық болды. Маркстік-лениндік әдіснама мен идеология әдебиеттанудың бұл саласына да өз талаптарын қойып, қатты қадағалап отырды. Ал Ү. Сүбханбердина: «өз жұмыстарымның алғашқы жемісі ретінде 1961 жылы «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат – хабарлар» деген библиографиялық көрсеткішті Қазақ Мемлекеттік баспасынан басып шығарды. Қолжазба дайын болып, редактор қарап шыққаннан кейін Главлито тексерді, қырағы «көрегендер» кітаптың ішінен Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың, т.б. алашордашылардың материалдарын жібермей алып тастады. Бұл кезеңнің алашордаға ешбір қатысы жоқ

екенін, орыс библиографиясының тәжірибесінде төңкерістен бұрынғы материалдар түгел қамтылғанын айттып қанша шырылдасам да сөзім өтпеді. Кітап шықпай қалатын болған соң, айтқандарына көнуге тура келді», – дегені әрине, библиография жасаудағы қиын жағдайлар [89, 10]. бұл кеңестік дәуірдегі қазақ библиографиясының көрген зорлық-зобалаңы болса, қазіргі уақытта әдебиет библиографиясы өзіндік орнымен еркін дамып, жеке бір сала болып қалыптасып жатқан кезең, алашордашылардың еңбектерінің библиографиясы шыққан уақыт – қазақ библиографиясының жаңа көрінісі, мақтанш, қол жеткен жетістігі.

Бұл бөлімдегі мақсат-міндет – қазақ библиографиясының туу, қалыптасу, даму жолдарын бір жүйеге келтіру. Төңкеріске дейін қазақ библиографиясын жоққа шығарып келген қателіктерді нақтылы деректермен дәлелдеу, алғашқы іздері XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болғаннан бергі ізденістерінде XX ғасырдағы әдебиеттану мен сыны тарихында қосқан үлестерін айқындауды негізгі желі етіп алдық. Қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуші, ғалым Тұрсынбек Кәкішев айтқандай, «библиографияның әдебиеттану ғылымында өзіндік бір арнада, кең құлаш жайған, туу, қалыптасу, даму тарихы бар әдебиеттің бір үлкен саласы» екенін та-

ныту. Сондықтан бұл бөлімнің мәні мен мазмұны да осында жатыр.

Библиографияның тұңғыш қадамы XIX ғасырдың соңына қарай көрініс берген екен. Оның нақтылы да себебі жоқ емес. Ол ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде филологиялық және биография мектептерінің молырақ орын алуының әсері еді. Қазақ даласын зерттеген орыс ғаламдарының көпшілігі орыс әдебиеттануындағы осы мектептердің ықпалында болатын профессор Ә. Нарымбетовтің «Революцияға дейінгі көрсеткіштер комплексті сипатта болды. Қазақ әдебиетіне тікелей арналған көрсеткіш бола қойған жоқ. Қазақ әдебиетіндегі бар библиографиялық көрсеткіштер экономика, статистика, этнография, шаруашылық, тарих жайлы материалдардың ішінде жүрді» деп атап көрсеткендей олардың көрсеткіші жалпылама сипатта құрастырылды.

Қазақ әдебиеті туралы библиографиялық мағлұматтар мен деректерде көбірек кездесетіндері де бар. Атап айтсақ, З. М. Пенкинаның «Закаспийский край. Систематический сборник библиографических указаний книг и статей» (СПб 1888), А. Н. Харузиннің «Библиографический указатель статей, касающихся этнографии киргизов и каракиргизов 1734-1800 гг.» (Этнографическое обозрение. 1891, №2), «Кир-

гизы Букеевской орды». (1889), А. Е. Алекторовтың «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деген атпен «Оренбургский листок» газетіне 1892, 1893 жылдары, «Тургайская газетада» 1895 жылы, Қазан университеті «Хабаршысының» 1900 жылғы 16 томында жарияланған көрсеткіштер, Д. К. Зеленіннің 1913 жылы Санкт-Петербургтен шыққан библиографиялық көрсеткіштері бұл сала бойынша жүргізілер жұмыстардың ізашары болды. Бұл туралы «Қазақ кітаптары» көрсеткішінің авторлары Ү. Субханбердина мен С. Есова былай: «Орыс ғалымдары қазақ халқына жанашырлықпен өздерінің көптеген оқулықтары мен ғылыми еңбектерін сыйлады.

Қазақстан Ресейге қосылмай тұрғанда қазақ тілінде кітап бастыру атымен жоқ еді. Егерде бірді-екілі кітап бола қалса, олар араб, парсы, шағатай тілдерінде шыққан кітаптар болатын. Қазақстанда кітап бастыру Ресейге қосылғанан кейін басталды. Бірақ кітаптар Қазақстанның өзінде емес, Петербургте, Қазанда, Орынборда, Омбыда, Ташкентте басылды. Көбінесе Қазан университетінің Каримовтар мен Хусаиновтардың баспаларынан шығып тұрды. Кітап бастыру жұмысы XIX ғасырдың басынан басталса да, алғашқы кезде өте баяу жүрді».

XIX ғасырдың орта кезінде орыс ғалымдары түркі тілдес халықтар-

дың, оның ішінде қазақ халқының этнографиясын, тарихын, тілін, әдебиетін жинауға, ғылыми талдаулар жасай отырып зерттеуге кірісті. Зерттеу жұмысымен айналысатын, орысша оқыған бірді – екілі адам қазақ арасынан шыға бастады. Бұлар қазақтың ауыз әдебиет нұсқаларын, акын-жыраулардың өлең-жырларын жазып алып, кітап етіп бастыруға ұсынды. Орыс алфавитінің графикасымен қазақ тілінде кітаптар жазды. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В. В. Радлов, Г. Потанин, И. Н. Пантусов, Г. М. Мелиоранский, Н. И. Ильминский, А. Е. Алекторов және тағы басқалардың еңбектерін атауға болады.

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін, тілін, мәдениетін зерттеуде жоғарыда аты аталған ғалымдардың көбімен ғылыми қарым-қатынаста болған адам – ғалым, тілші, фольклорист, этнограф, Қазан университетінің профессоры Николай Федорович Катанов. Ол – атақты лингвист болуымен қатар, ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы, оны зерттеуші, орыс тіліне аударушы, түрлі коментариялар жазып, ғылыми құндылығын анықтап, жанрларға жіктеуші, оларды басып шығарушы. Соның ішінде қазақтың әдебиеті, мәдениеті, тілі туралы жазған А. Е. Алекторов пен П. М. Мелиоранскийдің; қазақ тілі мен эпосы туралы жазған Н. Я. Саркин мен М. Н.

Бекимовтың; тарих, этнография, фольклор жайында жазған Ә. Диваевтың; қазақ ауыз әдебиеті туралы жазған А. Д. Несторов пен Пантусовтың мақала, зерттеулерін редакциялаған, әрқайсысына алғы сөз жазып, бастырып шығаруға ат салысқан ғалым. Петербург университетінің шығыс факультетін бітіріп, ұзақ жылдар бойы бұрынғы Верный қаласында қызметте болған, Түркістан ғылыми қоғамының белсенді мүшесінің бірі Н. Пантусовтың (1849-1919) жинаған материалдарын Ғылым академиясы арқылы бастырып шығарды. Солардың бірі – «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» деген сериямен 1900-1904 жылдар арасында жарық көрген жеті кітап. Қазақтың ертегілері, мақал-мәтелдері, жұмбақтары, терме-нақыл сөздері және тарихи жырларынан құралған осы кітаптардың алғы сөзін, транскрипциясын, аудармасын жазып, бастырып шығарған – Н. Ф. Катанов.

Н. Ф. Катанов 1896-1901 жылдар арасында Қазанда шығып тұрған «Деятель» журналының «Шығыс библиографиясы бөлімінде қазақ кітаптары туралы алғашқы сын мақалаларын үнемі жариялап тұрған. Олардың ішінде қазақ әдебиеті, ауыз әдебиет нұсқалары, шыққан кітаптар, ақын-жазушылар жайында құнды пікірлер, ғылыми деректер молынан берілген. Мысалы, қазақ лиро-эпос жырларының

асыл маржандарының бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1896 жылы Қазанда басылған кітабына сын мақала жариялаған (Деятель, 1897 №4) Мақалада автор қазақтың «Қозы Көрпеш» жырының сюжетімен Европа елдері ерте кезден таныс екендігін жазған. Жырды жиырма жастағы мешін жылы туған ақын айтып отырғаны туралы дерек береді де, ақын мен айтушы (жыршы) жайындағы пікірін жазады.

Н. Ф. Катанов «Қозы Көрпеш» жырының вариант версиялары туралы ғылыми деректермен таныстырады: жырдың басы 1876 жылы Қазанда И. Березин «Хрестоматиясында» басылғанын, оның соңы Петербургте 1890 жылы шыққанын, тағы бір варианты 1870 жылы В. В. Радлов нұсқаларының III томында жарияланғанын айта келіп, алғаш жырды Қазан қаласында татарлар бастырып шығарғандығын, содан барып түркі тектес халықтар арасына мол тарағанын, 1872 жылы Радлов нұсқаларында (IV томда) жарияланған тобыл татарлары нұсқасының негізі қазақ жыры екендігін атап айтқан. Орыс тіліндегі аудармасын 1812 жылы Т. Беляев бастырып шығарғаны, 1870 жылы неміс тілінде жарық көргені туралы мәліметтер берген. Мақалада «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының қысқаша мазмұнын бере отырып, бұл нұсқада қыз әкесі Сарыбай екені,



Жетісу облысында Сергеепольдағы Қозы мен Баянның моласы туралы да дерек бар. Бұл жырдың төңкерістен бұрын сегіз-тоғыз рет жарық көріп, 1896 жылғы басылымы 10000 дана болып шыққаны халықтық негізін жоймай, ел арасына өте мол тарағанын аңғарамыз.

Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті нұсқаларының ішіндегі мол тарағаны, әрі ең көркем туындыларының бірі «Қыз Жібек» жыры жайында да Н. Ф. Катанов мақала жазған (Деятель, 1900, №10). Ол «Қыз Жібек» жырының 1899 жылғы басылымының Қазан байы Ахмед-Керімге арналғаны туралы айтып өткен.

Революциядан бұрын жеті-сегіз рет басылып шыққан, қазақ арасына кең тараған «Айман-Шолпан» жырының 1896 жылғы басылымы жайында Н. Ф. Катанов сын мақала жариялаған (Деятель, 1897, №4). Кітаптың 2400 дана болып басылғанын, бастырушы – Шамсуддин Хұсаинов. Жырды жазған Ж. Шайхисламовтың Жетісу облысы үйсін руынан екендігі туралы мәлімет береді.

Көкшетаудан шыққан атақты Біржан мен Жетісуда белгілі болған Сара қыздың айтысы – от ауызды, орақ тілді наркескендер айтысы. Төңкерістен бұрын кітап бастыру ісі балаң кезде-ақ сегіз рет жарияланған «Біржан мен Сара» айтысының тарихы әлі де зерттеліп келеді. Айтыстың

төңкерістен кейін жарық көрген екі нұсқасы бар. Бірі – «Қисса-и Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны» деген тақырыппен Қазан қаласында 19 беттік кітапша болып, 1898, 1900, 1901, 1907 жылдары Университет баспасынан, 1913 жылы Домбровский баспасынан шықты. Бұл нұсқа қазақ арасына белгілі ақын Жүсіпбек Шайхисламовтың есімімен тығыз байланысты.

Осы нұсқа жайында Н. Ф. Катанов қазақ арасынан шыққан атақты Жүсіпбек ақын жазып алған айтыстың алғаш Шамсуддин Хұсаинов пен Мусиннің қаражатына 4800 дана болып басылғанын айтып, айтыстың қысқаша мазмұнын берген (Деятель 1899, №1, 1901, №1). Мақалада «Біржан-Сара айтысы» Қазан қаласында тұратын Ахмед-Керім деген байдың тапсыруымен жазылғаны жайлы сөз болады. Араб әрпімен басылған қазақ кітаптарының мазмұнын алғаш жариялаудың өзін зерттеу жұмысының бастамасы деп қарасақ, мақалалардың құны арта түседі. Солардың ішінде шығыс сюжетіне құрылған халықтық шығармалардың бірі «Бозжігіт» жырының 1896 жылғы басылымы туралы мақала да қысқаша мазмұнын береді. «Деятель» журналының беттерінде Н. Ф. Катанов сол заманның алдыңғы қатарлы ғибратты идеяларын уағыздаған қисса-хикаяттар жайында көптеген мақала-хабарлар

жариялаған. Сондай-ақ, салт-сана, әдет-ғұрып мәселелерінен мәлімет беретін этнографиялық құны бар «Мархаба шегри рамазан», «Китаб қисса-и Наурыз» сияқты кітаптар туралы да мақалалар жариялаған. Бұл мақалалардың кейбірінде қазақ әдебиеті жайындағы алғашқы сын пікірлер берілсе, кейбірінде әдеби нұсқалар, басылып шыққан кітаптарының мазмұны берілген.

Шығыс зерттеу ғылымында аса құнды еңбектер қалдырған, қазақша кітаптардың жарық көруіне белсене араласып, ат салысқан Н. Ф. Катановтың қазақ елінің әдебиеті, фольклоры, мәдениеті саласында жазған мол мақалалары бар. Николай Федорович Катановтың қазақ библиографиясының негізі қалануына қосқан үлесі зор деп білеміз.

Қазақ елінің тарихын, этнографиясын, фольклорын, мәдениетін зерттеуші ғалым Александр Ефимович Алекторов Байтоқ ақынның Жәңгір ханның өліміне арнап шығарған өлеңін жазып алып, 1898 жылы Қазан университетінің археология, тарих, және этнография қоғамы хабарларының жеке отгискі ретінде жариялаған. Бөкей ордасында инспекторлық қызметпен жүргенде ел аузынан жазып алған бұл нұсқа халықтық әдебиет нұсқасы ретінде де, ішінде көркем сөз өрнектері мол берілген салт өлеңдерінің нұсқасы ретінде де көңіл аударатын шығарма

деп Н.Ф. Катанов кітапқа жазған алғы сөзінде айтқан болатын.

А. Е. Алекторов қазақ балаларын оқыту жұмысымен айналыса жүріп, бірнеше оқулықтар бастырып шығарды. Солардың бірі – 1891 жылы Мәскеуде В. А. Просина типографиясында басылып шыққан қазақ балаларына арналған алғашқы әліппелердің бірі саналатын «К мудрости ступенька» деген оқулығы. Кітапты құрастырушы «КО» деп қол қойған. Қазақ балаларын оқыту үшін алдымен әліппенің маңызына тоқталған кітаптың алғы сөзінде М. Трентьевтің, Ы. Алтынсариннің, Г. С. Ячниктің қазақ балаларына арналған оқулықтары туралы өз пікірін жазған. Осы алғы сөзде оқытуды алдымен әліппеден бастаудың тиімділігі мен қазақ-орыс мектептерінде сабақ беретін мұғалімдердің қазақ тілін жете білуі керектігі баса айтылған. Оқулықтың екінші басылымы 1901 жылы Қазан университетінің баспасынан шықты. Кітап сыртында құрастырушы: А. Е. Алекторов «Русско-киргизская азбука» деген тақырыппен басылған қысқаша алғы сөзден кейін қазақ әліппесі, кітап соңында қазақша-орысша сөздік берілген. Әліппеде қазақ балаларына үйреншікті, күнде көріп жүрген, әсіресе көшпелі өмірге керекті сөздер – өсімдік, жан-жануарлар, жыл, тәулік, күн аттары молынан берілген.

Александр Ефимович Алекторов қазақ балаларын оқыту жөнінде прогресшіл көзқараста болды. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқытудың пайдалы екенін дәлелдейді. Орыс пен қазақ арасын жақындату үшін қазақ кітаптарын орыс графикасымен бастырудың дұрыстығын, жалпы қазақтар үшін орыс графикасын қабылдаудың маңызын атап айтқан.

Орыс әрпімен қазақ тілінде 1898 жылы Орынборда басылып шыққан «Киргизская хрестоматия» оқулығына қазақтың 105 ұсақ әңгіме, мысалдарын берген. Бұл оқулықпен қазақ балалары талай жыл сауаттарын ашқан. Революциядан бұрын Ақмола, Семей, Орал облыстарының қазақ мектептерінде Ы. Алтынсариннің «Хрестоматиясы» мен қатар Алекторов құрастырған оқулықтар да көп жыл пайдаланылды.

А. Е. Алекторовтың 1900 жылы Қазанда басылған «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деген мазмұндалған көрсеткіші – аса құнды еңбектердің бірі. Көрсеткіште қамтылған 3000 астам мақалаларда қазақ, орыс тілдерінде төңкерістен бұрын жарық көрген кітаптар, журналдар мен газеттер бетінде жарияланған қазақ елінің тарихы, этнографиясы, тілі, әдебиеті, шаруашылығы жайындағы мақала-хабарлардың мазмұны және олар жайлы сол кезде жарық

көрген азды-көпті сыни ой пікірлер берілген. Қазақ өмірінің бар жайынан аса бай, бірден-бір құнды мағлұмат беретін бұл еңбектің әдебиет зерттеу жұмыстарында алатын орны да ерекше.

Кітапта қазақ елі жайындағы сол кезде шыққан орыс тіліндегі ғылыми еңбектерге тоқтала отырып, қазақ тілінде жарық көрген кітаптар мен мақала, хабарлар да молынан қамтыған. Қазақ тілінде орыс әрпімен басылған оқулықтар мен хрестоматиялар туралы көп мәліметтер аламыз. Көрсеткіштің соңында қосымша ретінде қазақ тілінде басылған 50 шақты кітаптың қысқаша мазмұны, қайда, қашан басылып шыққандары туралы, кейбіреуіне сын пікір берілген. Солардың ішінде 1862 жылы Қазан қаласында алғаш жарық көрген ұлттық эпостық кітап «Ер Тарғын» поэмасын араб әрпімен Н. И. Ильминский жариялағаны туралы, оны 1870 жылы орыс графикасымен қазақ тілінде В. В. Радлов оны өзінің атақты жинағының III томында бергені, кітаптың 1862 жылдан 1892 жылға дейін бес рет қайта басылғаны туралы мәліметтер бар.

Қазақ тілінде алғаш басылған кітаптардың бірі «Сейфүл-Мәліктің» 1807 жылғы басылымы туралы деректі де А. Е. Алекторовтың осы көрсеткішінен оқимыз. Онда: қазақтың бұл повестік әңгімесі Қазан татарлары мен қазақ арасына

көп тарағаны туралы айтыла келіп, жырдың қысқаша мазмұны берілген. «Мұңлық-Зарлық» қиссасының 1899 жылғы «Көрұғлы сұлтан» қиссасының 1885 жылғы, «Шортанбай өлеңдерінің» 1890 жылғы, «Шаһи зинда» қиссасының 1899 жылғы, «Шәкір – Шәкірат» қиссасының 1890 жылғы, «Жүсіп-Зылиха» қиссасының 1898 жылғы, «Мәлік – Хасан» қиссасының 1900 жылғы, «Зияда-Шаһмұрат» қиссасының 1890 жылғы, «Жәмшид» қиссасының 1897 жылғы, «Бозұғлан – Ахметбек пен Жүсіпбек» қиссасының 1889 жылғы, «Бозжігіт» қиссасының 1893 жылғы басылымдарының қысқаша мазмұндары берілген. Қазақ халқының асыл мұраларынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының 1890 жылғы басылымы Қазанда «Университет» баспасынан 10 мың дана болып шыққандығы, жырды 1812 жылы Т. Беляев орыс тіліне аударғаны, И. Н. Березиннің хрестоматиясында, В. В. Радловтың жинағында басылып шыққаны туралы деректер берілген. «Қыз Жібек» қиссасының 1894, 1896, 1899 жылғы басылымдары туралы мәліметтер бар.

Қазақ, Өзбек, Қарақалпақ халықтарының фольклоры мен этнографиясы жөнінде көптеген еңбектер жазған көрнекті фольклорист, этнограф, лингвист Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың көшпелі қазақ әйелдерінің ақыл – ойын көрсететін,

жүрек сұлулығын суреттейтін Шымкент оязы Сырдария облысынан жазып алған қазақ елінің тұрмыс-салт жырларынан жоқтауға арналған кітабы жайында А. Е. Алекторов көрсеткішінде мақала жарияланған. Мақалада қазақ халқының әдет-ғұрпының бір қырын көрсететін жоқтау салтының қазақ арасында қалай өтетіні сөз болады. Осы сияқты сын мақалалар, қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтар жазған, қазақ әдебиетінің жинақтарын құрастырған, ауыз әдебиет нұсқаларын жинап бастырған В. В. Радлов, Н. И. Илбминский, В. Катаринский, Я. Лютш, М. Терентьев, П. Мелиоранский, Б. Бақтыгереев және басқаларының еңбектері туралы Алекторовтың көрсеткішінде құнды материалдар молынан баршылық. Ал өзінің көрсеткішіне қосымша ретінде берілген 15 беттік қазақ кітаптарының мазмұндалған тізімі қазақ кітабының тұңғыш библиографиясы болуымен қатар, онда көрсетілген қазақ тіліндегі елу шамалы кітапты ғалымдар назарына алғаш ілінген, ғылыми айналымға түскен нұсқалар деп қараймыз.

А. Е. Алекторов өз көрсеткішінде қазақ елі туралы әдебиетке, мәдениетке қатысты сол кездегі жарық көрген кітаптардың мазмұнын баяндап қана қоймай, олардың көпшілігі жайында ғылыми талдаулар берген. Бұл ғылыми талдау мақалалар бір кездегі әдебиет зерттеулерінің бас-

тамасы болса, ендігі жерде қазақ әдебиеті тарихы мен сынының тарихынан құнды деректер беретін нұсқалар болып отыр.

Қазақ елінің тарихын, этнографиясын, фольклорын, мәдениетін, зерттеуші, қазақ балаларына арналған орыс графикасымен қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулықтардың авторы, қазақ библиографиясының алғашқы қадамдарын жасаушы А. Е. Алекторовтың жалпы қазақ еліне, оның ішінде қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі өлмес қамқорларымыз болып қалмақ.

Бұлардың қатарында ұлт зиялыларының қазақ әдебиеті мен фольклор туралы материалдарды библиографиялық тұрғыда жүйелеуге ұмтылыс жасауы, келешекте жүзеге асар үлкен істің бастамасы еді. Қазақ библиографиясының білгір мамандарының бірі Ә. Нарымбетов оны дұрыс бағалай отырғанымен, төңкеріске дейін осы орыс ғалымдарының көрсеткіштерінен өзге ештеңе жоқ деп тауып, қазақ баспасөзіндегі бұл бағыттары, ізденістерді елеусіз қалдырады.

Қазақ библиографиясы лениндік ұлт саясатымен түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің үлкен табысы екенін көрсету мақсатында: Революцияға дейін 2% сауатты адамы бар қазақ халқының Ұлы Октябрьге дейін ұлттық библиография туралы ойлауға да шамасы келген жоқ. Би-

блиография негізінен дамып жетілген ұлттық баспасөзбен байланысты болса, қазақ тіліндегі тұңғыш газеттер мен кітаптар XIX ғасыр аяғында, XX ғасыр басында шыға бастады. 1913 жылы Қазақстанда шыққан 13 кітаптың екеуі ғана қазақ тілінде жазылған болатын, (шындығында 48 кітап, оның 4-1 ғана орысша). 14 газеттің 3-уі ғана қазақ тілінде жарық көріп тұрды. Ұлттық баспасөздің жай-күйі осындай болғанда, библиография туралы сөз етудің мүмкін еместігі өз-өзінен түсінікті» деген тұжырым жасайды. Төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетіне, баспасөзі мен жарық көрген ірілі-уақты кітаптарға деген еуроцентристік көзқарасқа негізделген нигилистік сипаттағы бұл секілді пікірлерді көптеген ғалымдарымыз үлкен мінбелерден шабыттана айтып, өз ғылыми еңбектерінде оңды-солды келтіргені мәлім. Біздің ойымызша, қазақ әдебиеттануы өткерген қилы кезендерге тән қиыншылықтарды бірге кешкен, бүгінде осылайша менсінбей қарап жоққа шығарылуға дейін жеткен «Дала уалаятының» газеті, «Қазақ» газеттеріне жарияланған материалдардың көрсеткішін шығаруға дейін қол жеткізген қазақ библиографиясының алғашқы талпынысы төңкеріске дейін-ақ көңіл аударарлықтай сипатта таныла бастады.

1910 жылы М. Сералин қазақ журналын ашуға рұқсат берілгені туралы куәлікте «Айқап» журналын жеті түрлі саладан тұратын бағдарлама бойынша шығару көрсетілген екен. Олар: бас мақала, шет ел хабарлары, мұсылман өмірінен мәселелер, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат. Бұл жобаны М. Сералин «Айқаптың» № 1 санындағы оқушыларға жазған арнауында «Сыртқы хабарлар, мұсылмандар тіршілігіне мысалдар, уақиғалар, фельетон, кітаптар хақында һәм ғылым бабында, басқарушыға келген хаттар» деп бес бағытқа топтастырған. Осында төртінші болып аталып тұрған сала жоғарыда көрсетілген библиография мәселесі екені анық, тек қазақи ұғымға жақындату үшін кітаптар хақында деп алған және журнал оны мақсатты түрде жүргізіп отырған. Ендеше, қазақ библиографиясының тұңғыш қадамы «Айқаптан» басталған болып шығады. Жоқтан бар іздегендей болмас үшін нақты мысалдармен дәлелдеп көрерлік.

«Айқап» «кітаптар жайынан» деген арнаулы бөлім ашып «Баспашылдық дүниесінде», «Жаңа шыққан кітаптар» деген атпен қазақ тілінде жарық көрген кітаптармен жұртшылықты үздіксіз хабардар етіп отырған. Көбінде қандай кітап шыққаны, қайдан алуға болатынын хабар-

ласа, кейбір жағдайларда қысқаша түсініктеме мен сын беріп отырған. Профессор, сәкентанушы ғалым Т. Кәкішев оларды аннотациялық және жарнама сын деп атайды. Бұдан жаңа кітаптар туралы көрсеткіштік сипаттағы мағлұмат беріп отырудан туындаған журнал идеясы ұлттық сыншылдық – эстетикалық ойдың өріс алуына негіз болғанын көреміз. Шынын айтсақ, қазақ әдебиеті сыны «Айқап» пен «Қазақта» туғандығы рас қой. Ал журнал шығып тұрған кезеңде екі жүзден астам әр түрлі сипаттағы қазақ кітаптары жарық көрген. Олардың барлығы туралы мәлімет бере қоймағанмен, бұл жолдағы алғашқы талпыныстар «Дала уалаяты» газетіндегі «Жаңа кітаптар» айдарымен беріліп отырған хабарларда көрінді.

1888 жылғы бірнеше санында П. Кулешов, А. Левшин, И. Вацликлардың кітаптары басылып шыққаны туралы мәлімет берілген. 1889 жылдан бастап, қазақ халқы туралы шыққан кітаптармен жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, ақын-жыраулар шығармаларының тізімін ұдайы көрсете отырып, кейбіреулеріне сын пікір де білдірген. Мысалы, В. В. Радловтың «Словарь тюркских наречий», А. Харузиннің «Киргизы Букивский орды», Е. Смирновтың «Библиографические очерки султана Ахмета Кенесарина», М. Кафидің «Исламның

әуелгі уақыттары тарихы», Н. Гродоновтің «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области» секілді кітаптар туралы хабарламалар мен пікірлерді айтуға болады. Газеттің 1890 жылғы 32 санындағы «Ташкенттің күншығыс халқының жазулары. Ғылым хабарлары» атты мақаланы қазақ библиографиясының тұңғышы десе де болады. Онда Ташкенттің көпшілік кітапханасында өте сирек кездесетін құнды кітаптар бар екенін тілге тиек ете келіп, Фон Киуфлсонның бұйрығымен А. Кун дегеннің «орыстар Хиуа, Самарқанды басып алғанда көп кітаптар мен қолжазбаны Петербургке жібергені» мәлімделеді. Кітапханадағы кітаптар, қолжазбаларға Н. Пактусов, Д. Грамениц, Ростислав секілді адамдар ерекше назар аударғанын, Е.Кальдың «Ташкент кітапханасындағы араб, парсы және түркі кітаптары» деген көрсеткіш шығарғанын хабарлайды. Газет библиографиялық сипаттағы мәлімет беру мақсатында: «Ташкент кітапханасындағы кітаптардың көбісі парсы тілінде, 60 кітап арабтікі, алтауы-ақ түркі тілінде, бір мәнтиқ кітабы, бір ғадалат кітабы һәм шежіре. Солардың көбінен Абулғазы хан жазған Хиуа түрікмендерінің шежіресі таңсық, соны 1071 жылы жазған. Түркі кітаптарының арасында бірталай ғазел-жырлар бар және Бұқар, Қоқанның шежірелері таңсық. М. Хакімжан төре жазған

осы кітап мейлінше көп, білімділер әлі көп білмейді», – деп жазады. Бұл оянған ойдың кең өріс алып бара жатқанының айғағы және ол кейінгі баспасөз бетінде жалғаса түсті.

Журнал жартысына жуығы туралы хабар беріп сыни пікірлер білдіріп отырды. Олардың ішінен библиографиялық тұрғыда маңызы барларын атай кеткен артық емес. «Айқап» бұл жолдағы алғашқы қадамын 1911 жылғы №1 санындағы «Маса» деген бүркеншек атпен жазған автордың «Кітаптар жайынан» атты мақаласынан бастайды. Онда шығыс әдебиеті үлгілерінен «Зарқұм», «Бозжігіт», «Шәкір – Шәкірат», халық әдебиетінен «Қыз Жібек», «Айман – Шолпандардың» кітап болып шыққандарын айта келіп басылу сапасын және тіліндегі тотаризмді сынаған. Бұдан соң соңғы жылдарда кітап шығару ісінің жақсы қолға алынып жатқанын, әсіресе, өз ақындарымыздың «Қырық мысал», «Бақытсыз Жамал», «Оян, қазақ», «Гүлқашима», «Топжарған», «Шағир» секілді кітаптары шыққанын хабарлап, оларға да сын көзімен қарауды ұмытпаған. Біздің ойымызша, мақала иесі М. Сералин болуы керек. Кейінде «М.С.» деген атпен жазған журнал редакторы, алғашқы санында бірталай материалды өзі дайындағандықтан «Маса» деп алса керек.

М. Сералин журналдың 1913 жылғы №11 санындағы бас мақалада соңғы екі жыл ішіндегі жарық көрген қазақ кітаптарын санамалай көрсете келіп, «бұл секілді жаңа рухта жазылған кітаптардың дүниеге таралуы қазақ ішінде бірлі-жарым ұйқылы-ояу бастарын көтерушілердің барлығына таң қараңғысындай бір ишарат болып көрінсе керек», – деп жазады. Ал Д. Қашқынбайұлы 1912 жылғы №11 санындағы «Қазақ халқының тарихын уә шежіресін сұраушыларға» атты мақаласы 1900 жылғы А. Е. Алекторов көрсеткішінен алынған он екі кітаптың тізімін береді (Мақала қолға түспеген соң көрсете алмадық). Журналдағы жекелеген кітаптардың басылып шыққанын айқан хабарламаларды айтпағанда мына қадамдарын қазақ библиографиясының алғашқы іздері демесе болмайды. 1912 жылғы № 5 санында «Бұған да көз салыңыз!» деген атпен «Айқап» баспаханасына түскен қазақ кітаптарының тізімі берілсе, 1913 жылғы № 13, 14, 16, 17 сандарында «Брадаран Каримовтар кітапханасы» деген атпен осы баспадан жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптар тізімін ұсынған. Сол сияқты 1915 жылы № 2, 3 санында «Қазақ басқармасында сатылатын кітаптар» деген тақырыпшамен қазақ тілінде басылып шыққан он бір кітаптың тізімі берілген. Кең далаға біршама тарап, елдің қазақша ойлауына

мұрындық болған «Айқап» қазақ кітаптарының жарық көргенін хабарлап, тізімін беріп түсініктеме, ал кейде сын жазып отырғанда екі түрлі мақсат ұстанған. Оның бірі – қазақ кітаптарының ел арасына таралуын насихаттау болса, екіншісі өз бағдарламасында көрсетілген библиография істерін жүргізіп отыру еді. Журнал бетінде көрініс тапқан қазақ библиографиясының осындай ізденістерге бүгіндегі өскелең көзқараста қарап мұрын шүйіре менсінбеуді қояр уақыт жетті. Барымызды жоққа шығарудан тапқан пайдамыз шамалы.

«Айқаптың» библиографиялық сипаттағы бұл игі істері «Қазақ» газетінің бетінде де өз жалғасын тапқанымен, тереңдеп, өркендеп кете алмады. Оған ел тағдырына байланысты саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге көбірек көңіл бөлген газеттің мүмкіндігі де бола бермеген болуы керек. Сонда да болса, «Қазақ» газеті «Жаңа кітаптар», «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» және тағы басқа тақырыптарда беріп отырған хабарларында жарық көріп жатқан фольклорлық үлгілер, оқу құралдары, жеке ақын-жазушылар шығармалары туралы мәлімет беріп отырды. Мысалы, «Кітап сұраушылар ескерсін» (1915, №105) атты мақалада Ғ. Қарашов кітаптары туралы айтса, «Жаңа шыққан кітаптар» деген айдармен С. Дөнентаевтың «Уақ-



түйек», М. Сералиннің «Топжарған», М. Дулатовтың «Оян, қазақ», «Терме», А. Байтұрсыновтың «Маса», «Тіл құрал» және басқа да кітаптар басылғанын хабарлады. «Қазақтың» библиографиялық сипаттағы ізденісінде «Қазақ» басқармасында сатылатын кітаптар» деген атпен басқарма тарапынан шыққан мақалалардың мәні зор. Мысалы, 1915 жылы осы айдармен шыққан хабарда қазақша басылған он кітаптың тізімі берілген. Олар: А. Байтұрсыновтың «Әліппе», «Маса», «Тіл құрал» (1-жыл үшін), «Тіл құрал» (2-жыл үшін), М. Дулатовтың қазақша «Кирает кітабы», «Бақытсыз Жамал», «Есеп құралы» (1-жыл үшін), «Есеп құралы» (2-жыл үшін), Ғ. Қарашовтың «Аға тұлпар», Б. Өтетілеуовтің «Жиған-терген» кітаптары. Газет тізіміндегі кітаптың нақты нарқы мен почтамен жіберілгендегі бағасын қоса көрсетіп отырған. Міне, тура осындай дәрежедегі тізім газеттің он тоғыз санында шыққанын ескерсек, газет өзі шығып тұрған кездегі қазақ кітаптарының библиографиялық тізімін толық көрсетіп берді деуге негіз бар. Бұл жеке кітаптар туралы хабарларды есептемегенде. Бұған М. Шоқаевтың 1915 жылғы №156 санында жарияланған «Ә. Диваев» мақаласында ғалым бастырған этнографиялық материалдар мен фольклорлық үлгілерді «Ертегі – хикаялар», «Мысалдар», «Тарихи

қағаздар» деген топқа бөліп, толық тізімін беруін қоссақ, біршама жұмыс жүргізілгеніне куә боламыз. Негізінен газет қазақ кітаптарының басылуы мен таралуы, олардың сапасы деген мәселеге селқос қарамаған. М. Дулатов М. Тұрғанбайұлының «Пайғамбар заманы» деген оқу құралына жазған мақаласында (1915 № 139): «Бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылып, бастауыш мектептің соңғы жылына арналған. Басылуы да көркем, емлесі қазақша. Мектеп кітаптарымыз жеткіліксіз болып тұрған кезде бұл мезгілді хәм орынды шыққан жақсы бір кітап болды», – деп бағалайды. Одан соң кітап иесінің «Түрік қауымдарының ішіндегі ең сап болып тұрған жалғыз қазақ әдебиеті екен. Осы алтындай таза, гауһардай қымбат қазақ әдебиетіне қылған қызметіміз бүтін түрік қауымдарына қылған қызметіміз ғой» деген пікірін қоштай келе, бұл салада арта қалып келе жатқанымыз қазақ баспахананың, кітап бастырушының және кітап саудасымен айналушылардың жоқтығы деп көрсетеді. Осы кітапты бастырып шығарған Қ. Қоңыратбайұлынан үлгі алуға шақырады. «Қазақ» бетіндегі осы тақылеттес ой-толғамдардың молынан айтылуы, қазақ библиографиясының мәселелеріне тікелей қатысты болмағанымен сол бағыттағы жұмыстардың жандануына өз

септігін тигізгені анық. Бұдан біз қазақ баспасөзінің дамуымен бірге библиографияның да өрісті арнамен кең қанат жайғанын байқаймыз. Сонымен қоса, қазақ әдебиет сынының туу процесімен библиографияның жанрлық сипат алуына қазақ баспасөзі елеулі еңбек сіңіріп, тарихи роль атқарды.

Төңкерістен кейінгі әдебиеттану ғылымының ғылыми биіктерге қол созған ұмтылыстарын саралаған уақытта қазақ библиографиясының да өз салалары бойынша батыл қадамдар жасағанын айта кету керек. Наркомпростың қолдауымен қазақ тілінде басылған кітаптардың тізімін алу, анықтау, көрсеткіш етіп шығару жұмыстары қолға алына бастады. Ол 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде де көрсетіліп, бұрынғы шыққан кітаптардың тізімін алып, қажетті

деп тапқан таңдаулыларын қайта бастырып шығару керектігіне көңіл аударады. Ол 1926-1927 жылдары шыққан «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» және «1929 жылдың 1 августына дейін шыққан кітаптардың тізімі» (1929) деген атпен жарық көрген библиографиялық көрсеткіштер дәрежесінде көрініс тапқан. Оларды баспаға дайындаған М. Дулатов еді. Бұлар тек төңкерістен бері қарай жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптарға арналған библиографиялық көрсеткіштер болатын. Толық әрі жан-жақты жасалмағанымен бұлар қазақ библиографиясының бір қадам алға басқанын танытатыны анық еді. Бірақ «алашордашылар» мен «халық жауларын» қудалауға байланысты бұл жақсы бастамадағы игі іс еріксіз үзіліп қалды да, тек қырқыншы жылы қайта жалғасты.

### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Библиография саласының өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Библиография методикасы мен теориясы.
3. Алғашқы қазақ баспасөзіндегі библиография мәселелері.
4. Н. Ф. Катанов және алғашқы қазақ библиографиясы.
5. Орыс ориенталист-фольклористері еңбектеріндегі библиографиялық көзқарастар.
6. «Айқап» журналындағы библиографиялық ізденістер сипаты.
7. А. Е. Алекторовтың библиографиялық көрсеткішінің тарихи мәні.
8. «Қазақ» газетіндегі библиографиялық таным-білік.

### Негізгі әдебиеттер

1. Ақталған жазушылар мен журналистердің еңбектерінің көрсеткіші. – Алматы: Жазушы, 1993. – 310 б.
2. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиографиялық көрсеткіші. – Алматы: Ғылым, 1 том. 1970, 2 том. 1986. 3 том, 1997.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 193 б.
4. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1970.
5. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: «Жазушы», 1982. – 224 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. II том. – Алматы, Ғылым 1961.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. 448 б.
8. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
9. Субханбердина Ү., С.Есова. Қазақ кітаптары. – А., Мектеп, 1986. – 167 б.
10. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010. – 663 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. Қазақ филологиясының мәселелері. Ред. З. Қабдолов. – Алматы: ҚазМУ баспа, 1979. – 265 б.
2. Советское литературоведение за пятьдесят лет. – М.: МГУ, 1967. – 552 с.
3. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1970. – 200 б.
4. Қазақстан Советтік Социалистік революциясына 40 жыл. – Алматы: Жазушы, 1957. – 354 б.
5. Қазақстанның көркем әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1958. – 365 б.
6. Ә.Нарымбетов. Қазақ совет әдебиеті. I т. – Алматы: Ғылым, 1970. – 352 б.
7. Ә.Нарымбетов. Қазақ совет әдебиеті. II т. – Алматы: Ғылым, 1986. – 321 б.
8. Ә.Нарымбетов. Қазақ совет әдебиеті. III т. – Алматы: Ғылым, 1997. – 269 б.
9. Н.Сәбитов. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. Алматы: ҚМКӘБ, 1948. – 123 б.
10. Советтік Қазақстан кітаптары. I том. – Алматы: Ғылым, 1961. – 306 б.
11. Советтік Қазақстан кітаптары. II том. – Алматы: Ғылым, 1962. – 462 б.
12. Советтік Қазақстан кітаптары. III том. – Алматы: Ғылым, 1966. – 512 б.
13. Ү. Субханбердина, С. Дауытов. Айқап. – Алматы: Ғылым, 1995. – 532 б.
14. Ү. Субханбердина. Дала уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1996.

#### IV БӨЛІМ. Қазақ библиографиясының тарихы

15. Ү. Субханбердина. Қазақ. Алаш. Сарыарқа. – Алматы: Ғылым, 1996. – 300 б.

16. Әдебиет және өнер мәселелері бойынша 30-жылдар кезеңімен 40-50-ші жылдардың басында қабылданған қаулы-қарарлар жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы Социалистік Қазақстан, 1989, 9 желтоқсан.

Репозиторий Қарғу

## 2-ТАРАУ. Қазақ библиографиясының қалыптасу жолдары

Қазақ библиографиясын жасау жолындағы осы дәрежеде танылған алғашқы ізденістер 1940 жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін қалай қалыптасып, қандай дәрежеде болғанын және де даму жолдарын арнайы жекелей қарастырудың маңызы зор. 1940-1955 жылдар аралығында жарық көрген библиографиялық көрсеткіштердің басым көпшілігі негізінен ретроспективті, персоналды және ғылыми зерттеу жұмыстарына арналғанын байқаймыз. Бұл бағыттағы жаңа қадам 1940 жылы Абайдың екі томдық жинағын бастырып шығарудағы жұмыстарға орай көрінді.

Ұлы ақынның туғанына 95 жыл толғанына арналған «Абай» атты библиографиялық көрсеткішті Ы. Дүйсенбаев, Е. Ысмайылов, Қ. Бекқожиндер 1940 жылы бастырып шығарды. Осыдан бастап жеке ақын-жазушыларға персоналды библиографиялар жасау ісі қолға алына бастады. Осы кезде қазақ библиографиясының дамуына ерекше қызмет еткен Н. Сәбитов болды. Абайға

арналған алғашқы көрсеткіште сыни библиографиялық материалдар, өлеңдер қамтылған болса, ғалым Н. Сәбитов оны толықтыра, дамыта отырып 1946 жылы «Абай» атты (қазақша-орысша) өз еңбегін жарыққа шығарды. Онда ақынның 1889-1945 жылдар аралығында басылған шығармалары мен олар туралы жазылған танымдық зерттеушілік еңбектердің барлығы библиографиялық тұрғыда жүйеленді. Бұл библиографияның ғылыми мәні зор еді. Себебі Абай шығармаларын зерттеуге негіз боларлық еңбектерді бір жүйеге келтіріп қана қоймай, ақынның академиялық толық жинағына өз әсерін тигізгені анық. Абайға арналған осы екі көрсеткіш қазақ библиографиясының алғашқы іс тәжірибесі болғандықтан және абайтанудың барлық мәселелерін «ұлтшылдар» мен «халық жауларына» байланысты көзқарастың кесірінен қамти алмағандықтан толық мәнді еңбек бола алмағандығы айтпаса да түсінікті. Осы тұста 1965 жылы «Қазақстан» баспасында

М. Мырзахметов, Б. Қ. Қойшыбаева, Ф. И. Элькониналардың «Абай Құнанбаев» атты библиографиялық көрсеткішін шығарғаны және де оған қазақстанда, оған көршілес республикаларда, өлкелер мен облыстарда қазақ және орыс тілінде шыққан газет, журналдар әр түрлі хрестоматиялар мен жинақтар, ақынның мол шығармаларынан үзінділер басылған және ол туралы материалдар жарияланған бір сыпыра орталық газет, журналдар қамтылған. Алайда олар жеке ақын-жазушылар шығармаларын библиографиялық тұрғыда жүйелеуге бастама салды.

Н. Сәбитов бұл саладағы өз ізденістерін жалғастыра отырып Ғылым Академиясының хабаршысында 1950 жылғы №2 санында 118-121 беттерінде Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметіне байланысты библиографиялық көрсеткішін берсе, сол жылы Ғылым Академиясының хабаршысының №5 санында Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен ағартушылығы жайында библиографиялық көрсеткіш жариялаған. Н. Сәбитов 1862-1917 жылдары аралығында әдеби, ғылыми материалдарды бір жүйеге келтіреді де 1948 жылы Алматы Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасында «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткішін» жарыққа шығарды. Бұл библиографиялардың олқы жері: оларға әр түрлі себеп-

термен байланысты көптеген маңызды материалдардың енбей қалуында, толық болмаса да тұңғыш тәжірибелер ретінде қазақ әдебиеті библиографиясының тарихында Н. Сәбитов құрастырған библиографиялық көрсеткіштердің өзіндік орны барлығы даусыз.

Бұл аталғандардан басқа да төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетінің библиографиялық деректер беретін (оның ішінде персоналды) библиографиялық көрсеткіштер аз емес. 1959 жылы Алматыда қазақтың бірінші ғалым ағартушысы Шоқан Уәлиханов деген библиографиялық көрсеткіш жарық көрді. 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан М. Ахметова, С. Сафонова, Г. И. Семеновтар «Шоқан Уәлиханов» (Әдебиеттердің мазмұндалған көсеткіші) атты библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығарды. «Жамбыл Жабаев» творчествосына арналған Баланинаның 1950 жылы шығарған библиографиясы, «Сәкен Сейфуллин» творчествосына арналған Е. Бейбасов, Б. Қойшыбаева, Ә. Нарымбетовтердің библиографиялық көрсеткіші және де «Мұқтар Әуезов» творчествосына арналған М. Бөжеевтің библиографиялық көрсеткіштері персоналды библиографияның біршама қарыштағанын аңғартады.

1937 жылы июнь айында ҚазССР Халық Коммиссарлар советінің қаулысы бойынша ҚазССР-ның

Республикалық көпшілік кітапханасынан бөліп ҚазССР Мемлекеттік кітап палатасын құрды. Содан бастап кітап палатасы республикамыздың мемлекеттік библиографиялық орталығына айналды. 1939 жылдан бастап жылына бір рет «Кітап летописін» және «журнал мақалаларының летописін» қазақ және орыс тілдерінде шығарып тұрды. 1957 жылдан бастап бұл екі летописьтің орнына «Қазақ ССР баспасөзінің летописі» әр тоқсан сайын жарыққа шығып тұрды. «Қазақ ССР баспасөз летописіне» «Кітап летописі» енгізілді.

1940 жылы БК/б/П Орталық Комитетінің «Әділ сын және библиография» қаулысының жарыққа шығуымен байланысты кітап палатасына кеңестік баспасөздің толық есебін жүргізу, баспасөздің толық библиографиялық көрсеткішін шығару жүктелді. Осы қаулыны орындау мақсатында ҚазССР Кітап палатасының қызметкерлері және А. С. Пушкин атындағы Республикалық кітапханасының анықтамалық библиографиялық бөлімі екі бөлімнен тұратын ретроспективті библиографиясын жасауға әрекеттенеді. 1941 жылы осы еңбектің екінші бөлімі «Қазақ ССР баспа сөздерінің библиографиялық көрсеткіші» деген атпен жарыққа шықты. Бұған 1917-1939 жылдардың арасында республика көлемінде жарыққа шыққан қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек тіліндегі мерзімді баспасөз

шығармалары енді. Бірінші бөлімде кітаптар тіркелуі тиіс еді, бірақ ол жарыққа шықпай қалды. Енді ретроспективті сипаты анық ғылыми зерттеу жұмыстарына бағытталған жалпы библиографиялар жазыла бастады.

Ол алғашқыда «Әдебиет және искусство» журналындағы Ә. Тоқмағанбетовтің «Революцияға дейінгі басылған қазақ көркем әдебиетінің библиографиясы» (1940 жыл, № 7,8) атты еңбегінде біршама қарастырылған. Бұлардың қатарына 1948 жылғы «Қазақ әдебиетінің тарихының» бірінші томындағы көрсеткіш пен Ғылым Академиясының басылымдарының библиографиясын (1952) қоссақ алдындағы және бұрынғы баспасөздер мен басылымдардағы әдебиетке қатысты материалдарды бір жүйеге келтіру, пайдалану жұмыстары үздіксіз жүріп отырғанын көрер едік. Бұны айтқан уақытта 1940-1955 жылдар аралығындағы қазақ библиографиясында орны елеулі екі еңбекті атаған орынды болмақ. Олар қазақ әдебиетінде ретроспективті, тақырыптық ғылыми зерттеу жұмыстарына көмегі тиетін көрсеткіштерге тән негізгі сипататын көрсетумен құнды еді. Алғашқысы В. М. Сидельниковтың 1951 жылы қазақ ауыз әдебиетіне арналған орыс тіліндегі еңбегі. Онда қазақ фольклорына байланысты 1771-1916 жылдар аралығындағы барлық материал-

дар қамтылған, жарияланған және жарық көрген. Фольклорлық үлгілер мен зерттеу еңбектер енгізіліп бұрынғы көрсеткіштерде қамтыла қоймаған тың деректермен толықтырылып шыққан. Оған 900-ге тарта тексттердің аттары, очерктер, мақалалар, монографиялар енгені В. М. Сидельников еңбегінің құнын арттыра түседі. Негізінен орыс тілінде жарияланған басылымдар бойынша жұмыс жасау басты назарда болып, қазақ тілінде жарияланған бірталай материалдар енгізілмей қалғаны мен бұл еңбек фольклортану саласындағы да ғылыми ой-пікірлерді бір арнаға жүйелеп, библиографиялық тұрғыда нақтылап берді. Ал Ғ. Әбетовтің «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1950, қазақша-орысша) еңбегі бұл кеңес дәуіріндегі әдебиет туралы 40-жылдардағы әр түрлі сипатта және мазмұнда шыққан көрсеткіштердің барлығын ғылыми тұрғыда саралай отыра, толықтырылған библиографиялық көрсеткіш болды. Онда ақын-жазушылардың 1917-1946 жылдар аралығындағы басылған идеологиялық саясатқа қарсы көркем шығармалар және олар туралы сын мақалалар, ғылыми еңбектер енгізілген. Көрсеткіш таза әдебиет мәселесіне арналмай марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері партиялық құжаттар мен қаулы, қарарлардың орын алуын сол

кездегі заман талабы деп ұғар болсақ, бұл көрсеткіштер қазақ библиографиясының сәтті табысы дер едік.

Қазақ совет әдебиеті туралы шыққан тағы бір көлемді библиография – Қазақ ССР-нің А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік республикалық кітапханасының библиографтары құрастырған «Қазақстанның көркем әдебиеті» (1958) атты библиографиялық көрсеткіш. Бұл библиография негізіне 1946-1958 жылдар арасындағы баспасөз бетінде жарық көрген әдебиет материалдарын қамтыған. Библиография екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде қазақ тіліндегі, екінші бөлімде орыс тіліндегі материалдар берілген. Библиографияда қазақстанның төңкерістен бұрынғы әдебиеті мен фольклорынан мағлұматтар бар. Сонымен қатар, библиография Қазақстанда тұратын, әдебиет майданында қазақ жазушыларымен бірге ат салысып келе жатқан орыс, ұйғыр, тағы басқа ұлт өкілдерінің жазушыларының творчествосынан да тиісті мағлұмат берген.

Библиографияның ең негізгі бөлімі жеке-жеке жазушылардың, ақындардың шығармашылығына арналған. Онда ақын-жазушының өмірбаянынан қысқаша мағлұмат береді де, соған іле-шала оның шығармаларының қазақ, орыс және шет тілдерінде басылған нұсқалары



көрсетілген. Бұдан кейін сол ақын-жазушының шығармашылығы жайлы жазылған әдебиеттану мен сын еңбектерінің басты-бастыларының тізімі берілген. Бірақ бұл схема барлық ақын-жазушы тұсында толық сақталмапты. Мәселен, неге екені түсініксіз, библиографияда кейбір ақын-жазушылардың өмірбаянынан ешқандай дерек жоқ. Ақын-жазушылардың әр тұста шыққан коллективтік жинақтарының тізімі арнаулы бөлімде көрсетілген. Бұдан кейін библиография да әдебиеттану мен сынға арналған бөлім бар. Ол бөлімнің өзі әдебиеттің жанрларына, әдебиеттанудың негізгі мәселелеріне байланысты бірнеше тақырыпқа бөлініп жіктелген. Бұл – библиографияның алғы сөзінде атап көрсетілгендей, көпшілік оқушыларға ұсынылған (рекомендательная) библиографиялық көрсеткіш. Библиографияның алға қойған осы мақсатымен тікелей байланысты, әсіресе, әдебиеттану мен сын бөлімінде көптеген материалдар қалып қойған. Ғылыми библиография болмағандықтан, мұндай көпшілікке ұсынылатын (рекомендательная) библиографияның толық болмауы заңды. Қазақ әдебиетінің Ұлы отан соғысынан кейінгі он екі жылдық мерзімінен көптеген мағлұматтар беретін бұл көлемді библиографияның қазақ әдебиетінің сол тұстағы жай-күйімен танысқысы

келетіндер үшін де, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп жүрген әдебиетші ғалымдар мен сыншыларға пайдасы тиетіні сөзсіз.

Қазақ Ғылым академиясы жүйелі түрде шығарған қазақ әдебиетінің тарихына арналған том-том еңбектердің ішіндегі библиографиялардың да әдебиет библиографиясы тарихынан алатын өзіндік орны бар. Атап айтсақ: «Қазақ әдебиетінің тарихы». I том. Фольклор (1948), «Қазақ әдебиетінің тарихы» II том. (1961), «Қазақ әдебиетінің тарихы». III том. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» 2-ші кітап. (1966). Жалпы еңбектердегі библиографияны жинап толықтырғандар Ғ. Әбетов және Ә. Нарымбетовтер болатын. Төңкерістен бұрынғы қазақ тілінде шыққан мерзімді баспасөзде қазақ әдебиетіне қатысты көптеген материалдардың жарияланғаны баршаға аян. Соңғы кезге дейін ол материалдардың белгілі бір жүйеге түскен арнасы библиографиясы жоқ еді. Әдебиет библиографиясындағы осы бір олқылықты библиограф Ү. Сүбханбердинаның 1961 жылы «Айқап» бетіндегі хат-хабарлар мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші. Бірінші бөлім. Алматы, Қазақ Мемлекеттік баспасында шықса, «Қазақтың төңкерістен бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар» мазмұндалған көрсеткіш. Екінші бөлім. Алматы, Қазақ ССР Ғылым

академиясының баспасы, 1963 жылдары шыққан еңбектері толықтырды. Аталған библиографияда қазақ әдебиетінің төңкеріске дейінгі тарихына қатысты қыруар материалдар бар. «Әдебиет тілінің даму процесі, жекелеген ақын-жазушылардың тіл байлықтарын зерттеу – әдебиеттану ғылымының түбегейлі мәселесі», – дейді өз еңбегінде Әбділхамит Нарымбетов.

Бұл салада қазақ әдебиет библиографиясы құралақан емес. Мәселен, ғалым Ш. Сарыбаев құрастырған «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткішінде» бірінші том. /Алматы, «Ғылым» 1965/ қазақ әдебиет тіліне, ақын – жазушылардың тіл шеберлігіне қатысты көптеген материалдардың орын алғанын атап кеткеніміз дұрыс.

1957 жылы «Қазақ ССР Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығына» деген және 1960 жылы «Қазақстан советтік социалистік республикасына 40 жыл» атты библиографиялық көрсеткіштер жарық көрген болатын. Бұл библиографиялық көрсеткіштердің қазақ әдебиеті библиографиясына қосқан үлесі аз емес. «Қазақстандағы социалистік құрылыс дәуірін бейнелейтін көркем әдебиеттер» бөлімі. Ә. Әбілөвтің «Армансыздар» повесі. (ҚМКӘБ, 1964), С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романы (ҚМКӘБ, 1964), С. Мұқановтың

«Есею жылдары», өмірбаян, хикаялары ( ҚМКӘБ, 1964), «Өмір мектебі». (ҚМКӘБ, 1965) және тағы басқа да әдебиеттер берілген.

«Ұлы Отан соғысы жылдарын бейнелейтін әдебиеттер» бөлімі. Жауынгер азаматтардың еңбектерінің тізімі берілген. Мысалы: Қ. Аманжоловтың «Дауылды жылдар дәптері» өлеңдер мен поэмалар жинағы. (ҚМКӘБ, 1960), Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы (ҚМКӘБ, 1962), Б. Бұлқышов «Өшпейтін өмір» повесі («Жазушы», 1966) тағы басқа әдебиеттер берілген.

«Қазақ көркем әдебиетіндегі замандастар бейнесі» бөлімі бойынша алғанда Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романы (ҚМКӘБ, 1962), М. Әлімбаев «Менің қазақстаным» поэмасы. (ҚМКӘБ, 1960), І. Есенберлин. «Толқынды есіл» повесі («Жазушы», 1965) тағы басқа көркем әдебиеттер тізімі беріліп, бұл көрсеткіште қазақ библиографиясының өркендеуіне бір табан пайда әкелген еңбек деп санаймыз.

Соғыс жылдарынан кейін ретроспективтік библиография жұмысын жүзеге асыру мәселесі бірнеше рет көтерілді. Қазақ ССР Кітап палатасы, кітап палаталар директорларының XI кеңесінің қаулысын іске асыру мақсатымен Қазақ ССР-нің А. С. Пушкин атындағы көпшілік кітапханасы және Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық ғылыми

кітапханасы мен бірге «Советтік Қазақстанның кітаптары» деген көрсеткішті жасады.

Бұл көрсеткішке 1917-1945 жылдар арасында Қазақстан көлемінде жарыққа шыққан кітаптар және 1930 жылға дейін Қазақ республикасы үшін Орынборда, Ташкентте, Мәскеуде, Қазанда басылған кітаптар енгізілді. Бұл көрсеткіш екі томнан тұрады. Әр томы екі бөлімнен қазақ, орыс тілдеріндегі кітаптар көрсеткіші. Бірінші томда саяси – қоғамдық, көркем әдебиет және балалар әдебиеттері сол сияқты тіл білімі, өнер, баспа, библиотека, библиография жұмысы туралы кітаптар тіркелді. Көрсеткіштің әдебиеттану, көркем әдебиет, фольклор бөлімдерінде 1917-1945 жылдар арасында жарық көрген еңбектер енген. Маркстік–лениндік идеология ықпалымен жасалған бұл көрсеткішке алашордашы атанған арыстарымыздың еңбектері мүлдем енген. Аталмыш көрсеткіштің библиография бөлімінде «1929 жылдың 1 августына дейін шыққан кітаптардың тізімі» (Қызылорда, ҚазМембас, 1929), «Жаңа әдебиет» журналына қосымша, қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші (Қазақстан Мемлекеттік баспасы), мұның Ташкенттегі бөлімі, Мәскеудегі Орталық шығарған кітаптардың бәрі де осы көрсеткіштен табылды (Қызылорда, ҚазМембасп. 1926,112 бет, 2000 дана). «Қазақ

тілінде басылған кітаптар көрсеткіші». Мұнда 1926 жыл мен 1927 жылдың бірінші жарты жылында шыққан кітаптар көрсетілген. (Қызылорда, ҚазМембас. 1927). «Жаңа мектеп» журналы № 6 /21/ санына тегін қосымша. Екінші бөлім. (53 бет, 3000 дана). «Қазақ ССР баспасөздерінің библиографиялық көрсеткіштері» 1917-1939 жылдар (Алматы, ҚазМембас. 1941). Қазақ ССР кітап палатасы. Екінші бөлім периодикалық баспасөздер 100 бет, 1000 дана, «Қазақстан Мемлекет баспасының күншығыс бөлімінде сатылатын қазақ тіліндегі кітаптардың тізбесі» (каталог), (Ташкент, ҚазМембас, күншығыс бөлімі, 1925) және т.б. Жоғарыда аталған библиографиялық көрсеткіштер тізімі берілген. Жоғарыда аталған еңбектің жалғасы ретінде Қазақ ССР министрлер советінің баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР кітап палатасы 1966 жылы 1946-1955 жылдар аралығында жарық көрген кітаптар тізімін жүйелеуде «Советтік Қазақстанның кітаптары» атты библиографиялық көрсеткішінің екінші томын шығарды. Бұл библиографиялық көрсеткіштің «жалпы білім беретін мектеп» бөлімінде тіл мен әдебиетке байланысты оқушыларға арналған оқулықтар тізімі берілген. «Әдебиеттану. Көркем әдебиет. Фольклор» бөлімінде аты аталған

салаларға қатысты еңбектердің тізімі берілген.

«Советтік Қазақстанның кітаптары» – библиографиялық көрсеткіш. Бұл көрсеткішке 1966-1970 жылдары баспадан шыққан кітаптар мен кітапшаларға толық библиографиялық сипаттамалар берілген. Бұл – бұдан бұрын 1962, 1966, 1970 жылдары шыққан көрсеткіштің жалғасы. Көрсеткіштің «библиографиялық көрсеткіштер» тарауында 1966-1970 жылдар аралығында жарық көрген библиографиялық көрсеткіштер тізімі берілген. «Айдын арал» (7-8 класс оқушыларына арналған әдебиеттік көрсеткіш) құрастырған – Б. Өтепов (Қызылорда, 1970). «Бейімбет Майлин» (Әдебиеттердің көрсеткіші құрастырғандар Т. Нұртазин, С. Ақышев, Б. Карина, және басқалар. Алматы, «Қазақстан» 1968). М. Бөжеев «Мұхтар Әуезов творчествосы жайында библиографиялық көрсеткіш» (Алматы, «Мектеп» 1966 жыл) тағы басқа да библиографиялық көрсеткіштер енген. Бұл библиографиялық көрсеткіштер сол жылдардағы қазақ библиографиясының алға басып келе жатқандығын айқындайтын еңбектер болатын. 1968 жылы қазақша-орысша екі тілде шыққан «Шұғылалы белестер шежіресі», «Этапы большого пути» анықтамалық библиографияға кеңес үкіметі жылдарында қазақстанның экономикасын, ғылымы мен

мәдениетін өркендетуге байланысты шығарылған әдебиеттер көрсетілген, библиографиялық көрсеткіштің Кеңес үкіметі жылдары қазақстан еңбекшілерінің қол жеткен орасан зор табыстарын баяндайтын негізгі құралы болып есептеледі. Бұл библиографиялық көрсеткіш жоғарыда атап кеткен 1957 және 1960 жылдары шыққан библиографиялық жалғасы болып та саналады, және де бұл еңбекке 1960 жылдан бергі кітаптар, газет-журнал материалдары іріктеліп алынған. Көрсеткіштің қазақ тіліндегі бөлімін құрастырған библиографтар: Б. Карина, Б. Жүсіпбекова және М. Телешова болса, ал орыс тіліндегі бөлімін құрастырғандар: К. Бекмұхамедов, А. Кобычева, және Г. Царевтер болатын. Көрсеткіштің музыка бөлімінде қазақстан әнші-күйшілерінің, композиторларының еңбектері мен және олар турасында жазылған шығармалар, монографиялар тізімі берілген. Мысалы: А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» (Алматы, ҚМКӘБ, 1963), Н. Оразбеков «Жаяу Мұса», монографиялық очерк (Алматы, ҚМКӘБ, 1961 жыл). Бұл еңбектің «Қазақстан көркем әдебиетте», «Қазақстандағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен азамат соғысын бейнелейтін көркем әдебиеттер» бөлімдерінің әдебиетке өз үлестерін қосқан ақын-жазушылар еңбектерін қамтыған. Бұл библиографияның да қазақ библиогра-

фиясына қосқан үлесі айдан анық. Және де бұл жерде Т. Көкекова, Б. Нүсіпбекова, Ф. И. Эльконина, А. А. Кобычева, М. Әуезов құрастырған «Ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші» (Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1968) библиографиясында атап айтқан жөн. 1968 жылы А. Мусин, А. Сарсенбаев, Ә. Серікқалиевалар құрастырған (орыс тілінде), «Казахские литературные связи» «Наука» баспасы шығарған бұл еңбек қазақ әдебиетінің өзге әдебиеттермен тығыз байланысын сипаттайтын қыруар библиографиялық материалдары бар. Осы жерде атап кететін тағы бір орыс тілінде жазылған С. М. Сидельниковтың «Устное поэтическое творчество казахского народа» («Наука», 1969). Библиографиялық көрсеткіш 1771-1966 жылдар арасындағы Ауыз әдебиетіне байланысты материалдарды қамтыған және де алдында шыққан 1961 жылғы библиографиялық көрсеткішінің жалғасы болып саналады. Заманның талабына сай орыс тілінде жазылғандары болмаса бұл көрсеткіштер – қазақ библиографиясында маңызы зор еңбектер.

1970 жылдардағы қазақ библиографиясын сөз еткен де қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының мәселелерін қамтитын және қалыптасу жолдарын көрсететін 1917 жылдан 1940 жылға дейін Қазақстанда және Қазақстаннан тыс жерлер-

де орыс, қазақ тілдерінде басылып шыққан кітап, монография, газет-журнал мақалалары енген материалдар мен таныстыратын Қазақ ССР Ғылым академиясы мен М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты басшылығымен Ә. Нарымбетовтің құрастыруымен 1970 жылы Ғылым баспасында жарық көрген әдебиеттану мен сынының библиографиялық көрсеткіші «Қазақ совет әдебиеті» ғылыми зерттеу жұмыстарына жәрдемдесу мақсатын көздеп жасалған, ғылыми ретроспективті библиография.

«Әдебиет библиографиясын жасауда партиялық позицияны берік ұстап, материалдардың саяси сипатына, идеялық мазмұнына үнемі мұқият назар аудару аса қажет. Библиография құрастыруда объективизммен, формализммен бітіспес күрес жүргізу советтік библиографияның үнемі ең негізгі парызы болмақ. Мәселен, қазақ совет әдебиеттану ғылымы мен сынының ғылыми библиографиясын жасауда да біз осы дұрыс методологияға сүйенуге тиіспіз. Әсіресе, 1920 жылдардың әдебиетінің библиографиясына өте-мөте сақтықпен қарау біздің ең негізгі міндетіміз.

Қандай библиографияны жасағанда да оның партиялығы, идеялылығы, саяси бағыты дегенді үнемі де үздіксіз еске ұстау – әрбір библиографтың ең негізгі міндеті. Қазақ

әдебиеттану ғылымы мен сыны туралы осы библиографияны жасау үстінде біз де осы принципке берік сүйенуді мақсат тұттық», – деп жазады Ә. Нарымбетов [25, 15].

Бұл библиографиялық көрсеткіш 1917-1940 жылдар ішіндегі қазақ әдебиетін зерттеудің қорытындысын жинақтап беріп отыр және де қазақ әдебиетінің социалистік реализм жолында дамуын айғақтайтын көкейкесті сан қилы проблемаларын, үлкенді-кішілі ақын-жазушылардың өмірі мен творчествосын зерттеудің басты-басты кезеңдерін танытатын материалдар бар. Бұл библиографияның жиырма жылдан астам мерзім ішіндегі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының ең негізгі жетістіктерін сипаттайтыны кәміл. Оның үстіне 1917-1940 жылдар арасындағы даму жолдарын жан-жақты сипаттап ашып көрсететін көптеген орысша-қазақша кітаптарымен мақалалар қамтылды. Осы библиографиялық көрсеткішті жасауда осыған дейінгі әдебиет библиографияларының ұнамды деген жақтарын мейлінше толық пайдалануға тырыстық. Әсіресе, орыс халықтарының библиографтары А. Г. Фомин, Н. К. Пиксанов, П. Н. Берков, т.б. әдебиет библиографиясын жасаудағы қисапсыз бай тәжірибелеріне сүйенсек дейді және де бұл библиографиялық көрсеткіштің қазақша-орысша бо-

лып екі тілді берілгенін естен шығармауымыз керек. Көрсеткіште қазақ әдебиеттану және сыны туралы еңбектер хронология тәртібімен берілген, яғни 1917-1940 жылдар арасындағы материалдарды әр жыл бойынша жеке-жеке ала отырып, бірінің соңынан бірін кезекпен беріп отырған. Әдебиеттану мен сынының тарихи өсу жолын көрсету үшін хронология әдісін тиімді көрсеткен. Әр жылдар ішінде «мақалалар» деген атпен газет, журналдарда, Ғылым академиясының «Хабарлары» мен «Хабаршысындағы», жоғарғы оқу орындарының ғылыми запискаларындағы жекелеген жинақтар мен кітаптардағы, сөздіктер мен анықтамалықтардағы мақалаларды, алғы сөздер мен соңғы сөздерді бір жерге топтап бөлек беріп, соған ілешала «кітаптар» деген атпен, сол жылдардағы шыққан кітаптарды көрсеткен. Әр жылдың ішінде берілген мақалаларда, кітаптарда алфавит тәртібімен берілген. Авторы бар еңбектер автордың фамилиясымен, ал авторы жоқ мақала, кітаптар өз аттары бойынша алфавитпен түскен. Кей жағдайда қысқаша аннотация да беріп отырған. Мәселен, мақаланың артынан оның не туралы, яки кімнің творчествосы екені белгісіз жағдайда, қысқаша аннотация беріп отырған. Қазақстанда көп ұлтты мемлекет екенін ескеріп, қазақ ақын-жазушыларымен қоян-

қолтық ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан орыс, ұйғыр, неміс, тағы басқа ұлт өкілдерінің жазушы, ақындарының «Қазақстан» баспасында жарияланған олар туралы материалдарды да енгізген. Жоғарыда атап өткендей бұл библиографиялық көрсеткіш маркстік-лениндік позицияны берік ұстағандықтан, «әсіресе, жиырмасыншы жылдардың әдебиетінің библиографиясына өте мөте сақтықпен қарау біздің ең негізгі міндетіміз. Сол жылдардағы алашордашылардың, яки оларды қолдаған ұлтшыл-уклонистердің идеялық теріс бағытта жазылған әдеби шатпақтары ғылыми библиографиядан еш уақытта орын алмауға тиіс. Сондай-ақ сол жылдарда қатты адасуда болған кейбір ірі жазушылардың, әдебиетшілердің идея жағынан теріс, саяси жағынан ұстамсыз жазылған көркем шығармалары, яғни әдеби мақалалары библиографияға кірмеу керек», - дегендей тұжырымдарды солақай саясаттың салқыны деп түсінуіміз керек. Жиырма жылдық мерзімде бірнеше мың мақалалар мен кітаптар жайлы мол мағлұмат бере отырып қазақ әдебиеттану ғылымы және сынының қандай дәрежеде өсіп-өрбігенінен, ұлттық библиографияның қалыптасып, даму үстінде екенін бұл библиографиялық көрсеткіштің әдебиеттануда, қазақ библиографиясында алатын бағасы зор. Дәуір талабына сай

партиялық позицияны берік ұстап, материалдың саяси сипатына, идеялық мазмұнына үнемі мұқият назар аударса да Ә. Нарымбетовтің бұл еңбегі – 1970 жылдардағы қазақ библиографиясының қол жеткізген үлкен табысы, В. Сидельников пен Ғ. Әбетов еңбектерінен кейінгі қазақ библиографиясының үлкен бір жемісі болып саналады. Библиограф Ә. Нарымбетов 1941-1955 жылдарды қамтитын «Қазақ совет әдебиетінің» екінші томын 1986 жылы «Ғылым» баспасынан жарыққа шығарды. Бұл еңбек 1970 жылы шыққан бірінші томның жалғасы. Көрсеткіштің екінші томына қазақ совет әдебиеті мен өнері жайлы 1941-1955 жылдардың арасында қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген ғылыми-теориялық, сын мақалалар мен монографиялар енді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажетті бұл құрал жоғарыда аталған бірінші томдағы хронологиялық тәртіпті сақтап, он бес жыл арасында жарық көрген, құнды мақалалар мен кітаптар жайыннан мол мәлімет беретін еңбек.

«Қазақ ССР кітап палатасының жылнамасы» жүйелеген көрсеткішін Қазақ ССР баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет, Қазақ ССР кітап палатасы қазақша, орысша екі тілде 1971 жылдан бастап шығарды. Алғашқы еңбекті құрастырушылар – П. А. Тоқжанова, З. М. Мұсалиевалар.

Бұл көрсеткіштің библиография, библиографиятану бөлімінде әр жылдарда шыққан библиографиялық көрсеткіштер көрсетілген. Әдебиеттану және сын бөлімі де әр жылдарда әдебиеттану мен сынға байланысты шыққан кітаптар тізімі мен авторларын атап көрсетеді. Көркем әдебиет, фольклор бөлімі мен қазақ әдебиеті оның ішінде совет дәуірі бөлімі жылнамасында көрсетілген жылдардағы кітаптардың авторлары мен баспасын, тақырыбын тізіп берген. Бұл көрсеткіштен біздің қолға түскені – 1983 жылға дейінгі аралықта шыққан еңбектер. Ай сайын шығатын 1957 жылдан «Баспасөз шежіресі» Қазақ ССР мемлекеттік библиографиясының көрсеткіші ұйымдастырушысы «Қазақ ССР Мемлекеттік кітап палатасы» құрастырушылар Д. Аманжолова тағы басқа библиографтар қазақша, орысша боп екі тілде жарық көрді. Бұл библиографиялардың да қазақ библиографиясына қосқан үлесі баршылық.

1990 жылдары жарық көрген библиографиялар турасында айтар болсақ ең әуелі төңкеріске дейінгі қазақ тілінді шықпай мерзімді баспасөзде қазақ әдебиетіне қатысты көркем материалдардан мағлұмат беретін сол сияқты сол кездегі баспасөз газет-журналдардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін Ү. Сүбханбердина жүйелеп, толықтырып жарыққа шығарған болатын. 1993 жы-

лы «Қазақ, Алаш, Сарыарқа» мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін шыққан жылдарына қарай газеттерді қамтып, олардың беттерінде басылған мақалалар мен хабарларды бір жүйеге келтірген. 1995 жылы Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов пен бірігіп «Айқап» журналының толық жүйеленген, мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін көпшілік оқырманға жария етті.

1996 жылы «Ғылым» баспасынан Ү. Сүбханбердинаның құрастыруымен Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ елінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, экономикасын, заң мәселелерін мазмұндайтын «Дала уалаятының газеті» мазмұндалған библиографиялық көрсеткішіне 1888-1902 жылдар аралығында Омбы қаласында қазақ және орыс тілінде шығып тұрған «Дала уалаятының газетіндегі» материалдар қамтылған. Осынау үлкен іске ізденімпаз ғалым, халық мұрасын жинастырып, бастырушы Ү. Сүбханбердинаның қосқан үлесі өлшеусіз зор. Сонымен бірге аталған жұмыстың маңыздылығын түсініп, оны баспаға ұсынған М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының да дұрыс бағыт ұстанғанын айтқан жөн. 1997 жылы «Ғылым» баспасында шыққан, Ә. Нарымбетовтің «Қазақ әдебиеті» 3-том. Әдебиеттану мен сын және өнердің библиографиялық



көрсеткіші» жоғарыда атап өткен «Қазақ совет әдебиеті» библиографиялық көрсеткіштерінің I, II томдарының жалғасы болып саналады. Бұл библиографиялық көрсеткіште қазақ әдебиеті мен өнері жайлы 1956-1960 жылдарда қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген, ғылыми-теориялық, сын мақалалар мен монографиялар енген. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажетті бұл ғылыми библиографиялық көрсеткіштің мәні зор. Ә. Нарымбетов алғашқы 1970, 1986 жылдары шыққан еңбектеріндегі теріс кеткен тұжырымдарын түзете ме деген үміт болған, бірақ, ол турасы Ә. Нарымбетовтің соңғы еңбегінде бір ауыз сөз қозғалмапты, «қаламмен жазғанды балтамен шаппайды» дегені ме екен, кім білсін, алайда әлі де болса қазақ библиографиясындағы бұл кемшіліктер түзетілмей отыр.

1994 жылы Қазақстан Ұлттық кітапханасы «Қазақстан туралы жаңа әдебиеттер көрсеткіші» деген атпен 1971-1985 жылдарды қамтитын ретроспективті көрсеткіш шығарған болатын. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы бірігіп, Ә. Д. Құспанов редакторлығымен 1994 жылы «Қазақстанның Мәдени өмірі» деген библиографиялық көрсеткішті жарыққа шығарды. Сол сияқты осы жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық кітап палатасы қазақша-

орысша «қоғамдық ғылымдар» деген ағымды библиография тізімін құрастырса, 1986-1991 жылдарды қамтитын «Қазақ ССР Мәдениеті мен өнері туралы жаңа әдебиеттер» библиографиялық көрсеткіштері жарық көрді. 1997 жылы «Қазақстан Республикасының мерзімді және жалғасты басылымдары» 1986-1995 жылдарды қамтитын жинақталған көрсеткіш, Ұлттық кітап палатасы 1988 жылы шығарған осы аттас кітаптың (1976-1985) жалғасы болып саналады. Көрсеткішті құрастыруға Кітап палатасының қоры пайдаланылып, сол жылдар аралығында шыққан журналдар, альманахтар, бюллетеньдер, библиографиялық көрсеткіштер, еңбектер жинақталып, алфавиттік тәртіппен тіркелген. Жинаққа бір рет шығатын, «Рецензиялар шежіресі» атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік библиографиялық көрсеткішінің де қазақ библиографиясына қосар үлесі бар.

Қазақ библиографиясының бір жарым ғасырлық бастан кешкен түрлі қиыншылықтары мен қол жеткізген табыстарының көрінісін беріге ұмтылған бұл еңбекте, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті библиографиясына, жалпы қазақ әдебиетінің өсіп өркендеуіне атсалысқан орыс ғалымдарының еңбегі аз болған жоқ. Олардың бізге қалдырып кеткен, қазақ әдебиетіндегі өшпес мұралары тарихта өз бағасын жоймайды.

Ә. Нарымбетовтің еңбегіндегі көптеген теріс пікірлерді европацентристік көзқарас, замана талабы деп түсініп, қазақ библиографиясының алғашқы іздері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан яғни, сол кездегі баспасөз беттерінде бой көрсетіп, бергін келе жеке библиографиялық көрсеткіштерге қол жеткізуге тірек болғанын жасырмай айта аламыз.

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың дамыған заманында көптеген баспалардың сан мыңдаған кітаптар бастырып жатқан кезде, баспасөздің демократиялық тұрғыда ғарыштап, көптеген газет-журналдар шығарып жатқанда библиографияға аса жауапты қызмет атқаруға келіп тіреледі. Әрине, қазіргі заманда ақын-жазушыларымыздың еңбектері баспада еш қиындықсыз жарық көріп тұрған уақытта персоналды жеке ақын-жазушылардың әдебиеттерінің көрсеткіші берілсе, ол оқушы қауым мен ізденушіге де еш қиындық туғызбайды. Ғылыми библиографияның да әр тақырыптары библиографиялық көрсеткіші жарияланса студенттер мен ізденуші, оқытушыларға да ауырт-

палық түспейтіні заңды. Тағы да айта ететін бір жай персоналды библиографияның 1940-1955 жылдары кең тұрғыда дамығанын біз жоғарыда айтып кеттік. Әрине, одан бері қанша уақыт өтіп кетті. Абайға, Жамбылға, М. Әуезовке, т.б. ғалым, ақын-жазушылардың 100 жылдық, 150 жылдық мерей тойларына қарсы бірнеше монографиялар мен әдебиеттер жарық көргені белгілі.

Қазақ библиографиясының туып, қалыптасу тарихы арнайы түрде монографиялық тұрғыда зерттелген жоқ. Бұл бөлімде біз оның негізгі деп саналатын мәселелерін сөз еттік. Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері кеңес кезеңінде тиым салынған көптеген рухани қазынамыз ортамызға қайта оралды. Осыған байланысты отаршылдық саясат пен кеңестік идеологияның әдебиеттің таптығы қағидасына сай мақсатты түрде «ұмыттырған» көптеген кітаптар мен мақалаларды, басылымдарды ұлттық әдеби библиографияға қайтадан қосу бағытындағы жұмыстарды ғылыми тұрғыда жандандыру қажеттігі айтпаса да түсінікті.

### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. М. Дулатов – қазақ библиографиясының негізін қалаушы.
2. Н. Сәбитов еңбектеріндегі библиография мәселелері.
3. Ұлттық әдебиеттанудағы ғұмырнамалық көрсеткіштер тарихы.

4. Абайтанудан библиографиялық көрсеткіштердің алғашқы қадамдары.
5. Жылнамалар мен библиографиялық көрсеткіштердің айырмасы қандай?
6. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштер.
7. Ә. Нарымбетов – библиограф ғалым.
8. Ү.Сүбіханбердинаның қазақ библиографиясындағы еңбектері.
9. Қазақ библиографиясының зерттелу жолдары.
10. Қазақ кітаптары тарихының негізгі кезеңдері қандай?

### Негізгі әдебиеттер

1. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1958. – 512 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том. 6 кітап. – Алматы: Ғылым, 1960-1967.
3. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.
4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.
7. Бушмин А. Наука о литературе. – Москва. 1980. – 334 с.
8. 1940-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы. 1998. – 400 б.
9. Ақталған жазушылар мен журналистердің еңбектерінің көрсеткіші. Алматы, 1993. – 201 б.
10. Жұмағұлов С. XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Қарағанды: Гласир, 2008. – 552 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. Ахметова М., Сафонова С., Семенюк Г. Шоқан Уәлиханов. Алматы: Қазақстан, 1967. – 65 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 193 б.
3. Әбетов Ғ. Қазақ совет әдебиетінің библиограф. көрсеткіші. – Алматы., 1950. – 132 б.
4. Қазақ филологиясының мәселелері. Ред. З. Қабдолов. – Алматы: ҚазМУ баспа, 1979. – 265 б.
5. Советское литературоведение за пятьдесят лет. – М.: МГУ, 1967. – 552 с.
6. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1970. – 200 б.

#### IV БӨЛІМ. Қазақ библиографиясының тарихы

7. Қазақстан Советтік Социалистік революциясына 40 жыл. Алматы: Жазушы, 1957. – 354 б.
8. Қазақстанның көркем әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1958. – 365 б.
9. Ә. Нарымбетов. Қазақ совет әдебиеті. I т. – Алматы: Ғылым, 1970. – 352 б.
10. Ә. Нарымбетов. Қазақ совет әдебиеті. II т. – Алматы: Ғылым, 1986. – 321 б.
11. Ә. Нарымбетов. Қазақ совет әдебиеті. III т. – Алматы: Ғылым, 1997. – 269 б.
12. Н. Сәбитов. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. Алматы: ҚМКӘБ, 1948. – 123 б.
13. Советтік Қазақстан кітаптары. I том. – Алматы: Ғылым, 1961. – 306 б.
14. Советтік Қазақстан кітаптары. II том. – Алматы: Ғылым, 1962. – 462 б.
15. Советтік Қазақстан кітаптары. III том. – Алматы: Ғылым, 1966. – 512 б.
16. Ү. Субханбердина, С. Дауытов. Айқап. – Алматы: Ғылым, 1995. – 532 б.
17. Ү. Субханбердина. Дала уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1996.
18. Ү. Субханбердина. Қазақ. Алаш. Сарыарқа. – Алматы: Ғылым, 1996. – 300 б.

## V БӨЛІМ. ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕР

### 1-ТАРАУ. Т. Кәкішұлы және қазақ әдебиеті сыны тарихының зерттелуі

Өрлеу атаулының ең басты қажетті факторы, қозғаушы һәм қанаттандырушы күші – ғылым екені әлемге айдай аян екені ақиқат. Қандай да болсын көркем шығармаларды, көркемдік құбылыстарды, әдебиет тарихының бел-белестерін таразылағанда зерттеушінің қолындағы адастырмас бағдары – эстетикалық-сыншылдық талғамы. Осы талғам арқылы ғана зейінді зерттеуші әдебиеттің айнымас асыл қасиеті, алғышарты – көркемдіктің мәңгілік Темірқазығына тура бағыт алады. Ендеше эстетикалық талғам – сыншының білім-білігінің, ол аз десеңіз, интеллектуалдық болмысының көрсеткіші. Сондықтан да қандай да әдебиет ғалымы ең алдымен сыншы болуы бұлжымайтын шарт.

Әдебиет сыны көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келеді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамының өркендеу процесі уақыт

жағынан бір-бірінің ілгері-кейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге келгенде, екі себепке, атап айтқанда, субъективтік және объективтік себептерге тоқтала кеткен жөн. Түптеп келгенде, сынның эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігімен өлшенеді. Сынның кейде социологиялық, кейде эстетикалық талдауларға ден қоюының өзі де әдебиеттің қамтыған өмір шындығына белгілі дәрежеде тәуелді болатын кезін естен шығармау қажет.

Субъективтік себепті сөз еткендер, ең алдымен, сыншының білім деңгейі мен эстетикалық талғамының мол-аздығын еске алуы керек. Қай кез болмасын, әдебиеттің өрлеу кезінде де, оның кейде көркемдік жағынан да, қоғамдық пікірді ұйымдастыру

жағынан да биік деңгейден табылмай қалатын шағында да сыншының білім-парасаты мен эстетикалық талғамы санаттан шығып қалған емес. Мұның өзі – сын дәрежесін аңғартуға қажетті субъективтік себеп.

Екінші, объективтік себеп – көбіне әдебиеттің жалпы дәрежесіне тәуелді. Егер көркем шығармалар өзінің қоғамдық мәні жағынан көркем бейнелер жасау типтік жағдайларды көрініспен суреттеу, тіл байлығын игеру, оқушыны ілгері ұмтылдыратын эстетикалық идеяларды белгілеу жағынан биік деңгейден табылып жатса, онда сынның өресі биік болғаны. Сыншы әрқашан көркемдік дамудың кезеңді асуларында ойын өрбітуге қажетті дәлелдерді әдебиеттің күнделікті шындығынан ала отырып, келешекте шығар биіктерді бағдарлайды, әдебиеттің өркендер арнасын анықтайды, әдеби үрдіске белсене араласады.

Ал халық ғұмырын қастерлеп, оның өткені мен өткеліне өзгеше қарап, бүгінгі мен болашағы үшін бел шешіп, белсене араласуда жанпидалыққа жақын тұру, қажет жерінде құрбандыққа да қол арта алатын азамат болу – екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтіні белгілі.

Белгілі ғалым, профессор Т. Кәкішев қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу жолдарын нақты дәуірлерге бөле отырып зерттеу барысында сын мен әдебиеттану ғылымының

сабақтаса, бірін-бірі толықтыра отырып дамитынын ескеріп, үлкен үш кезеңге жіктейді. «Бірінші кезең – қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938-1985 жылдар аралығы» деп қарастырады. Осы үш кезеңнің әдебиет туралы ұлттық ғылымының бастан өткерген тарихи жолына тікелей қатысы бар. Себебі, әдеби сын өзінің туу дәуірінен бастап ақ ұлттық әдебиеттің тарихы мен әдеби теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл туралы В. Г. Белинский «Орыс әдеби сынының тарихи жолы мен даму кезеңдерін шолу дегеніміз – орыс әдебиетінің тарихын еріксіз шолу» десе, орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеушілердің бірі П. А. Николаев: «Попытка систематического исторического обзора знаний о литературе первоначально осуществлялась на материале критики. Вместе с теорией и историей литературы критика составляет науку о литературе», – деп жазады [3, 41].

Қазақ әдебиеттану ғылымын, ондағы әдеби-теориялық ғылыми-

зерттеушілік ой-пікірдің даму процесін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу, монографиялық еңбек болмағанмен, бізде бұл мәселені арнайы да, жанама түрде де сөз еткен мақалалар мен еңбектер біршама баршылық. Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелерін, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеген еңбектерден көреміз.

Қазақтың ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңдерін сөз еткенде ғалым Е. Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезенді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық-творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі» – деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде, «өмірдің талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне» әдеби мұраны игеру процесі мен қазақ әдебиетінің мектептер мен оқу орындарда жүргізіле бастауына сай, алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді [1, 35]. Ал академик М. Әуезов бұл турасында:

«Қазақ әдебиеттану ғылымы бүгінгі жеткен сатысымен, түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі болды... Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектептерде оқу құралын жасаудан туды», – деп жазды [1, 355].

Осы жоғарыда келтірілген пікірлерге қарасақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын кеңестік дәуірден бастап зерттеу керек деген көзқарас негізінен дұрыс болғанмен, бұл ғылым саласының туу дәуіріне дейінгі тарихи бастаулары назардан тыс қалғаны байқалады. Тарихымыз жаңаша таразыланып жатқан қазіргі уақытта европацентристік ой-пікір мен марксизм-ленинизм ілімінің және зерттеу жұмыстарына қатаң қаулы-қарарлармен үнемі бағыт-бағдар беріп отырған кеңестік идеология ықпалында айтылып, қағидаға айнала жаздаған көзқарастарға сыни тұрғыда жаңаша қарау – әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеу мәселелерімен тығыз байланысты.

Қандай да болсын ғылым саласы аяқ астынан туа салып, бірге дамып кетпейтіні дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ендеше әдебиет туралы ғылым да өзінің алғашқы адымын көркем шығарманың мәнін ұғып, рухани азық ретіндегі қоғамдық маңызын түсінуден басталатын қарапайым ой-пікірден, бағалаушылық сипаттағы алғысөздер

мен түсіндірмелерден, халық тарихынан нәр алатын деректер мен мәліметтерден, ғұмырнамалық зерттеулерден басталатын қалыптасу процесінде қиын да ұзақ жолды бастан кешіреді. Ғалым А. С. Курилов бұл турасында: «Вопрос о том, когда и как возникла и сформировалась литературная наука в той или иной стране очень существен. Это вопрос об исторических даях национального литературоведения, его самобытных истоках и источниках. Это вопрос о времени и характере его включения в региональный и всемирный литературоведческий прогресс. Это, наконец, вопрос о своеобразии перехода определенного круга знаний и представлений о литературе, свойственных каждому народу, в науке о литературе, когда данная литературоведческая мысль оставаясь национальной в своем представлении, понятии и форме выражения приходит к достижениям и открытиям, которые получают общенаучное признание, становятся всеобщим достоянием» деп жазды [4, 2]. Бұл пікір қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу тарихын зерттеу барысында назар аударуды қажет ете отырып, тың бағыттарда жұмыстар жүргізуге жетелейді.

Өзінің қалыптасу тарихын жан-жақты зерттей алмай тұрып, бірде-бір ғылымның толық мәнде қалыптасып, алға қарай дамуы мүмкін еместігі

жалпыға мәлім жай. Өйткені ол зерттеулер сол ғылымның қол жеткізген жетістіктерін жақсылап меңгеруіне көмектесумен қатар, өткен жолындағы ізденістермен іркілістерге баға беріп, зерттеу әдіснамасының негізгі принциптерін ашады, одан әрі қарай дамуына ықпал жасайды. Бұл айтылғандардың қазақ әдебиеттану ғылымына тікелей қарым-қатынасы бар. Егер орыс ғалымдары өздерінің әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу тарихын зерттеуде айтарлықтай табысқа қол жеткізген болса, кейбір белорус, мордва, татар, өзбек секілді ұлттардың әдебиеттану ғылымы әдеби сын тарихын зерттеумен байланыстылықта қарастыруда тың қадамдар жасады.

Қазақ әдебиеттану ғылымын, ондағы әдеби-теориялық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму үдерісін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу, монографиялық еңбек болмағанмен, бізде бұл мәселені арнайы да, жанама түрде сөз еткен мақалалар мен еңбектер баршылық. Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелерін, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеген еңбектерден көреміз.

Қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеу дегеніміз – көптеген ғалым-



әдебиетшілердің, сыншылардың көркем әдебиетті, оның тарихын зерттеу саласындағы жүргізген жұмыстарындағы көзқарастар сәйкестігі мен қактығысын, әр түрлі бағыттар мен теориялардан тұратын әдіснамалық зерттеу әдістерінің ізденістері мен іркілістерін тексеру. Ал кез-келген ғылым саласының туып-дамуы үшін тарихи алғы шарттар қажет. Себебі, ғылым қоғамдық сананың формасы және білімдер жүйесінің жиынтығы ретінде адамзат қоғамының белгілі бір сатысында нақты практикалық дәлелдеулерден өткен ғылыми зерттеулер нәтижесінде ғана туу дәуіріне қадам басады. Бұны қысқаша түрде тарих алдындағы кезең деп атаса да болады. Әдебиет туралы ғылым тек өзінің негізгі пәні көркем әдебиет ұлттық сипатымен толық қалыптасқан дәуірден бастап қана көріне бастауға тиісті. Осы тарих алдындағы кезеңді әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары, қайнар көзі санауымыз керек. Европоцентристік көзқараспен жоққа шығарылып келген осы тарих алдындағы кезеңді ұлттық әдебиеттану ғылымының бастауларын алғаш қарастырған профессор Т. Кәкішев болды.

Қазіргі қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттану ғылымы дүниеге келген әрбір көркем туындының идеясын, айтар ойын, эстетикалық өреге қол созғанын, қандай әлеуметтік мәселені көтергенін, нені насихат-

тайтынын саралап алуға міндетті. Әдеби сынның туу, қалыптасу проблемалары тек творчестволық қана емес, саяси-әлеуметтік мәселелермен де тікелей байланысты болғандықтан әдебиет сыны тарихында оны орағытып өту мүмкін емес. Сынның социологиялық және эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігіне тәуелді.

Төңкеріске дейінгі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірді жоққа шығарған европоцентристік көзқарас 1940 жылдардағы қате қаулылардың өзегі болып, ғылыми зерттеу жұмыстарын тығырыққа тіреп, әдебиеттің таптығы, принципі айрықша дәріптелді. Мысалы: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл – жас ғылым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құрылғанда, ол өзінің алғашқы туысымен, үгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде «өскен ғылым» дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ» деген секілді ой-пікірлер қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының арғы

бастауларын зерттеуге көп уақыт қол байлау болып келгені рас [1, 360]. Қағидаға айнала бастаған көзқарасты бұзу оңай емес. Бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарға алғаш қадам жасаған профессор Т. Кәкішевтің еңбегін, ұлттық тарихи тамырға қалам тартқан жылт еткен бір ой болса «ұлтшылдық» деп байбалам салып шыға келетін кеңестік идеология кезеңінде, үлкен ерлік деп бағаласақ, артық айтқандық емес. «Төңкеріске дейін 3 проценті ғана сауатты болды, біз барлығы үшін орыс халқына, оның революциясына қарыздармыз» деген тұжырымды қайталай-қайталай санамызға сіңіріп алған тоқырау дәуірінде төңкеріске дейін қазақ әдебиетінің сынының туғандығын ғылыми дәлелдеп шығу, бүгінде ғана айтуға оңай. Мәселе – қазақ әдебиеті сынының төңкеріске дейін туғандығын білімдарлықпен жүйелеуде ғана емес, бастысы біздің төңкеріске дейін «надан» емес екенімізді, әдебиеті мен мәдениеті өзіндік ұлттық сипатта дамыған халық екенімізді танытуға ұмтылған ұлтжандылықтың жан айқайында жатыр.

Соның нақты бір дәлелі – «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы. Ондаған жыл тірнектей зерттеген мехнатты еңбегі қазақ әдебиет сынының Октябрь революциясына дейін

туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан әбден қалыптасып, оңаша отау тіккендігін дәлелдеп беріп отыр. Оның алғашқы бөлімі 1971 жылы «Сын сапары» атты монография болып жарияланды. Екінші бөлімі – «Оңаша отау» – 1982 жылы басылды. Қазақ әдебиеті сыны саласындағы еңбегі қазір республика жоғары оқу орындарының негізгі оқу құралына айналып, оның алғашқы бағдарламасын 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табақ көлемінде оқулығын шығарды. Т. Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының тарихы саласындағы еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес болып, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы сын мен зерттеуде ғылыми мектептің негізін қалады.

Т. Кәкішевтің қазақ әдеби сыны жайлы зерттеулері – ұлттық әдебиеттануда тың жатқан келелі зерттеу нысаналарын зерттеуге бастама салуымен құнды. Бұрын қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелмей келген оның құрамдас үш бөлігінің бірі – әдеби сынды қолға алып, оның тың тарихына ғылымның түрөнін салған Т. Кәкішев екенін баса айтқан жөн. Ғалымның осы саладағы ізденістеріне көз жіберсек, үлкен ғылыми ерліктің куәсі боламыз. Әдеби сын – әдебиеттанудың аса қиын да күрделі саласы. Нәтижесінде «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982) монографиялары өмірге келді.

1994 жылы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығы, «Жанр жайлауы» (2007) атты оқу құралы жарық көрді. Қазақ әдебиеттану ғылымында «төңкеріске дейін сын болған жоқ» деген қате қағиданы жоққа шығарып, қазақ әдебиет сынының тарихына зор үлес қосты.

Халық бар жерде сол халықтың рухани қажеттілігінен туындайтын әдебиеті де болады. Өнер мен әдебиет адамдардың сұлулыққа, әсемдікке, әдемілікке, көркемдікке құштар табиғатына сай қалыптасып, белгілі бір талап-талғамдарға жауап бере отырып дамиды. Яғни, сөз өнері мен сын өнері бірге пайда болып, қатар қанат жаяды. Бірінсіз бірі жоқ. Демек, әдебиет сынының түптөркіні өнер атаулыны тудырған, оны сұлулықтың сырлы бесігіне бөлеп әлдилеген, өркендеткен халықтық эстетикада жатыр. Қазақ әдеби сынының тарихы әріден, түптамырынан бастап зерттеген «Сын сапарында» халықтық эстетика жеке тарауда арнайы қарастырылған.

Көркем табиғаттың аясында сұлулықпен суарылып өскен қазақ халқының эстетикалық талғамы да сол өзін қоршаған ортаның, төрт түлікке негізделген тіршілік көздеріне орай қалыптасқан орман-тоғайлы, ұзын аққан өзендер мен шалқар көлдер, асқар таулар көмкерген, жыл мезгілдерінде бірде жасыл, бірде сары, бірде сұр түстерге құлпырып,

өзгеріп тұратын қасиетті далада өмір кешкен қазақ халқы өзінің өскен ортасына, сұлулықтан сомдалған биік талғамдарына сай, әлемдік әдебиеттің небір озық үлгілерімен қатар тұра алатын тамаша ауыз әдебиетін жасады. «Қыз Жібек» жырындағы көштің, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысының суреттелуін көркемдік сұрыптаудың жоғары көрінісі деген зерттеушінің пікіріне сөзсіз келісесіз.

Ұлттық сыншылдық ой-пікірдің қайнар көзі туралы: «Әсемдікті танып-білу, оны ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық шығармашылығына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жоқ. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен қатар дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде, оның озық-үлгі өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі» дей келе ауыз әдебиеті үлгілеріне тоқталып, олардың эстетикалық жақтарын қарастырады [46, 13]. Қазақ халқы қашаннан бері сұлулықты, әдемілікті дәріптегенін, сол сұлулықты сөз өнерімен қастерлей білгенін ғылыми тұжырыммен негіздейді.

«Эстетика» – гректің «эстезис» деген сөзінен алынған, ол «сезімталдық, сезіммен қабылдайтын дарындылық» деген ұғымды білдіреді. Фольклордың эстетикасын анықтау –

халықтың қарапайым тәжірибесін, ой-санасын, білімін, талғамын, мәдениетін, этнографиясын білу болып табылады. Ғалым Т. Кәкішев халықтық эстетиканың үлгісін тек бір жыр бойынан қарастырмай, барлық ауыз әдебиетінің жанларынан табуды басты мақсат етіп қойған. Қазақ фольклорында эстетикалық ұғым әр алуан. Эстетикалық түсінік халық ауыз әдебиетінде қорытылған, жинақталған түрде кездеспесе де, ол үнемі аса бір ұнамды құбылыстарға зер салып, оның мәнісін түсіндіріп отырады. Зерттеуші ертегілердегі сұлулықты сөз етеді. Ол: «Пушкинді еске түсіріңіздерші, ол балалық шағында ғана емес, атақты ақын атанған соң да Арина Родинованың айтқан ертегілерін құмарта тыңдаған» деп өз ойын әрі қарай дамытады. Көрік пен келбеттің, шынайы сұлулық пен табиғи әсемділіктің тамаша үлгісі деп есептелінетін «Қыз Жібек» жырындағы көш суретін мысалға алып, оның эстетикалық маңызын оқушы қауымға қандай әсер туғызатындығын айтады. Бұл сипаттауындағы әсем де ажарлы суреттер эстетикалық әсер туғызатыны даусыз. Аталған жырда қазақ қыздарының сұлулығын суреттегенде әсемдікті түйсініп, эстетикалық талғамды қалыптастырады.

Қазақ фольклорының эстетикасын сөз еткенде, халықтың өнер тану жолы мен эстетикалық-

танымдық ойларын аша түсу мақсаты қойылады. Қазақ әдебиеті сынының қалыптасуында да халықтық эстетика өз әсерін тигізгені белгілі. Бірақ, әсер қандай дәрежеде болды? Осы сұраққа ғалым өз тұжырымын айтады. «Әдебиеттану ғылымы ауыз әдебиетінің заңдылығын зерттеп, оның әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беруде. Сын жанрының туу, даму жолдарына назар аударсақ, халықтық эстетиканы сыни ойдың бастауы деп танып, халықтың көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының өрісін байқауға болады» деген пікірі осыған дәлел [46, 10].

Өз еңбегінде Т. Кәкішев айтыс өнері туралы айтылған пікірлерді де келтіре кетеді. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің, Е. Ысмайыловтың айтыс туралы жазған еңбектеріне шолу жасай отырып, өзіндік пікірге ие болады. «...Қазақтың ақындар айтысына тек эстетикалық қана емес, тарихи-географиялық тұрғыдан қарап, арнайы зерттеу – қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті проблемасы», – деп ғалым өз ойын қорытындылай түседі. Жамбыл мен Құлмамбет, Біржан мен Сара сияқты ақындар айтысының классикалық үлгілері деп есептелінетін айтыстарға тоқталып, ондағы эстетикалық талғамдарды ашуға тырысқан. Жамбыл мен Құлмамбет айтысындағы қарсылас ақынның сағын сындыру мақсатын көздеумен қатар, сөз өнерінің

қүдіретіне қанша мән берілетінін айқындай түседі. Оның классикалық үлгілерін Біржан мен Сараның айтысынан анық көреміз деп, ғалым осы айтысқа ерекше мән береді. Сараның жүрек жарасына айналған Жиенқұл туралы айтқан Біржанға жауап қайтара алмайды. Екі ақын «екі жақсы бір жерге қосылмайды» деген халық даналығын растап, өнердің қор болғанын паш етеді дей келе Т. Кәкішев: «Ақындық дарынның қоғамдық мәнін айқындау арқылы көркем сөздің қадір-қасиеті, өнерпаздың абыройы, елге тигізер әсер-ықпалы еселене түсіп, халықтық эстетикалық мәнді принциптері қалыптасады», – деп тұжырымдайды. Осы жерде ғалымның тамаша ой қорытындысын келтіре кетуді жөн көріп отырмыз: «Халықтық эстетиканы сөз еткенде, оның ең мәнді де, айшықты көрінісін ақындар айтысынан кездестіреміз дегенде, халық шығармашылығының басқа саласына назар аударудың қажеттігі жоқ деген пікір тумаса керек. Халықтық эстетиканың сілемдері юмор мен сықақтан, әзіл-оспақ өлендерден, әжуалағыш сатиралардан, лирикалық толғаулардан да аңғарылады» [46, 19].

Сынның негізгі мақсаттарының бірі – ажарсыз бен келіссіздікті мінеу емес, ең алдымен адамның жан дүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Ендеше ауыз әдебиетіндегі талай тамаша көркемдік тәсілдерді қадірлеп, оның шын мән-мағынасын ашуға тиіспіз дейді ғалым. Негізгі айтатын ойы мынаған келіп саяды: «Халықтық эстетика – әдеби сынның бастауы, қайнар көзі».

Қазақтың сегіз қырлы өнері – поэзия. Фольклорлық поэзия халық өнерінің ішіндегі оған сіңіскен өмір арқауына айналған қарапайым өнер. Оның идеялық-көркемдік терең мазмұннан халық барынша сусындап, эстетикалық тағлым алады. Халықтық поэзиядан қуат алған адам өнер әсемдігін сезінумен қатар, өмірдегі жарастық пен сәнділікті ажырата бастайды. Т. Кәкішұлы: «Нақтылы дәлелдер, жүйелі талдау-анализдермен тұжырымдала бермесе де халықтың сыншылдық ой-пікірінің, эстетикалық таным білігінің айшықтары анық көрініп жатады. Оны сыншылдық ой жүйесінің бастауы, қайнар көзі деп біліп, әрбір көркемдік құбылысқа жіті назар аударған абзал» деген. Ғалымның айтуы бойынша сынның қалыптасуына халықтық эстетика да өз әсерін тигізген. Сын тарихын халықтық эстетикамен сабақтастыру ғалымның жаңалығы болып табылады.

Тұрсынбек Кәкішұлының еңбегіне мұқият үңілсек: «ауыз әдебиетінің қай үлгісі болмасын халықтық эстетиканы, халықтық сыншылдық көзқарасы мен парасатын танытып

отырады. Өйткені көркемдіктен ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық үлгі-өнеге бастап, жамандықтан жирендіріп отыру – халықтық талап-талғамның жемісі, сыншылдық көзқарастың нышандары», деген ойды аңғаруға болады.

Ғалым көркемдік даму мен сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің өркендеу процесін сөз ету барысында ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық сипаттағы көзқарастардың ғылыми бағалаушылық мәнде алғаш айтылу мәселелерін де қозғай отырып, ұлттық әдебиеттану ғылымының бастаулары мен қайнар көздері турасында тың зерттеулерге жетелейтін ойлар білдіреді. Негізінде сыншылдық-эстетикалық ой-пікірлер мен ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірлер арасында қытай қорғанын қоюға болмайды. Зерттеу нысанасы бір көркем әдебиет болғандықтан да олар бір-бірін толықтыра отырып өркендейді.

Бұл тұрғысынан келгенде, профессор Т. Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының қайнар көздерінің бірі ретінде көне түркі жазба ескерткіштерін алуы заңды. Олардың әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары ретінде біз сөз етіп отырған мәселеге де қатысы бар. Орыс әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеуші ғалымдар ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің ұлттық ғылыми-зерт-

теушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің арғы бастауларын «Игорь полкі туралы сөз» бен И. Федоровтың «Грамматика» оқулығымен байланыстыра қарауларының ғылыми негізі жоқ емес. Белгілі бір мұраның хатқа түсуі немесе тасқа қашалуынан көркем шығарманың ең тұңғыш бағалануы, яғни әдебиеттің адамзат қоғамындағы рухани азық ретіндегі өз орны мен ролін таныта бастауы деп ойлаған дұрыс болар. Арғысы әл-Фараби, Орхон-Енесей жазбалары мен «Құдатұғу біліктен» басталып, бергісі алғашқы қазақ баспасөзі бетіндегі ғұмырнамалық мақалаларға ұласатын төңкеріске дейін уақытты қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуіріне дейінгі пайда болу кезеңі (возникновение) немесе тарих алдындағы кезең деп атау керек секілді.

Т. Кәкішев қазақтың жазба әдебиет сынының түп-төркінін көне замандағы түрлі ескерткіштерінен, орта ғасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен көреді. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркідегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Иассаuidің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға, т.б. тоқталып,

сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырады. Сонымен қатар ғылыми, ағартушылық, эстетикалық талғамның қалыптасуында орны айрықша үш ғұламаларымыз – Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың еңбектерін айрықша атап өтеді. Соның ішінде ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдеп көрсетеді. Осы кезеңдегі Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасын, Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын», Ә. Бөкейханов, Р. Мәрсеков, М. Сералин, тағы басқалардың ғылыми-зерттеушілік сипаты басым мақалаларын әдебиет сынына байланыстыра қарай отырғанымен, профессор Т. Кәкішев: «Әдебиеттану ғылымының ауқымына кіретін зерттеу мақала (исследовательская статья) мен хрестоматия құрастыру, әдіснамалық нұсқаулар қазақ әдебиеті сынының туу дәуірінде көрініп, үлкен олжа болды», – деп тұжырымдайды.

Әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланыстылығын және жоғарыда аталған газет-журнал беттеріндегі әдеби ой-пікірлерді саралап көрсетеді. Сыншылдық ой-пікірлер, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскендігін көреміз. 1971 жылы жарық көрген «Сын сапар» еңбегінде кейбір олқылықтарын толтырып «Қазақ әдебиеті сынының тарихында» (1994) әдеби пікірлерді талдауға

көп көңіл бөлді. А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Ә. Бөкейхановтың, Р. Мәрсековтің, т.б. мақалаларының қазақ әдебиет сынының дамуындағы үлесін, биік белесін айқындап береді. Осы кезде басылып шығып жатқан жаңа кітаптар жайлы пікір білдірген материалдар баспасөз бетінде жиілей түседі. Т. Кәкішев оларды құрылымдық, мазмұндық, мақсаттық ерекшеліктеріне қарай дәйектеме сын, жарнама сын, аннотация, оқушы хаты, рецензия, айтыс мақала, публицистикалық сын, проблемалық мақала, шолу, ғұмырнама баяндама, сын мақала, зерттеу мақала сияқты жанрлық, формалық түрлерге жіктейді. Сондай-ақ бұрындары «жабық» болып келген «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналы сияқты басылымдарда шыққан сыни мақалаларға тоқталады.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, қалыптасу кезеңдерін ғылыми тексеруде арнайы көңіл аударатын проблемалардың бірі – әдеби мұраны игеру мәселелері болса, әдеби сын бұл мәселеде тысқары тұруы мүмкін емес. Алғашқыда отаршылдық саясаттың талап-тілегіне сай қазақ даласын зерттеу жұмыстары мұрындық болып, өз халқын бүкіл әлемдік өркениетке жеткізуге ұмтылған ұлт зиялыларынан қолдау тапқан әдеби мұраны жинау, жариялау, зерттеу жұмыстарында төңкеріске дейін бірталай нәтижеге қол жетті.

Фольклорлық және классикалық мұра жарияланып, халықтың рухани азығына айналды, қазақ әдебиеті жанрлық жақтан дами бастады. Қазақ әдебиеті сыны туып, әдеби мұраны сыншылдық-эстетикалық талғам таразысынан өткізе бастады, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікір ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеу жұмыстарына батыл ұмтылыс жасай бастады.

Осылайша ғылыми-зерттеушілік сипатқа бет бұрған әдеби мұраны игеру жұмыстарына қазақ даласына қанды қырғыны мен қуғын-сүргінін ала келген төңкеріс кері әсер етті, дағдарысқа түсірді. 1920 жылдардың бас кезінен бастап төңкеріске дейінгі әдеби мұраны зерттеу мәселелеріне әр түрлі бағыттағы «формальды мектеп», «пролеткультшылдық нигилизм», «бірыңғай ағым теориясы», «тұрпайы социологизм» секілді концепциялар қызу араласып, сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде өз үстемдігін құру үшін өзара тартысқа түсті. Бұлардың барлығы да маркстік-лениндік әдіснаманың көркем әдебиет туралы саясаттағы бет-бағдарын анықтап алғанға дейінгі әр түрлі бағыттағы ізденістер еді.

Бұл концепциялардың орыс әдебиеттану ғылымында орын алуын С. И. Машинский: «Поиски истины в научном исследовании никогда не

даются легко. Особенно тогда, когда они лежат в совершенно новой, неизвестной области. Эти концепции посвоему были поиском истины, но в неверном направлении. Поступательное развитие марксистско-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями», – деп жазды [39, 29]. Мәдени-тарихи, биографиялық, салыстырмалы тарихи, филологиялық, психологиялық сияқты зерттеу мектептері болған орыс әдебиеттану ғылымының өзі 1920 жылдары осы қате концепцияларға бой алдырып алған болса, әдеби сыны енді ғана туып, әдебиеттану ғылымы толық көрінбеген біз секілді ұлт республикаларына тигізген әсері өте қатты болғанына дау жоқ.

Осындай өзекті мәселеге әдебиеттану ғылымында алғаш қалам тартқан Т. Кәкішев қазақ әдебиеті сынының тарихы мен әдеби мұраны игеру мәселелеріне байланысты өз еңбектерінде жан-жақты қарастырды. Әсіресе, жоғарыда аталған қате концепциялардың сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде орын алуының объективті және субъективті себептері туралы тұжырымды ойлар нақты айтылуымен құнды. Әдеби мұраны игеру процесінде «өткендегі мұраның барлығы үстем тап мүддесін жырлайды, соларды



тарихтың қоқысына лақтырып тастап, жаңа пролетариат әдебиетін жасаймыз» деп көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы принципін жоққа шығарған пролеткультшылдық нигилизмді жақтаушы ақын-жазушылар мен сыншылардың маркстік-лениндік ілімді үйрену барысында В. И. Лениннің «әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны туралы» қағидасына сүйеніп, әдеби мұраны тек қана таптық тұрғыдан бағалауды басшылыққа алған «тұрпайы социологизм» теориясына ауысу жолындағы ұзаққа созылған қателіктері мен бұрмалаушылықтары, «бірыңғай ағым теориясының» ғылыми зерттеу жұмыстарындағы прогрессивті сипаттағы ізденістері мен іркілістері Т. Кәкішевтің ұлттық әдеби сын тарихын зерделеген еңбектерінде бұлтартпас мысалдармен дәлелденді, әділ бағасын алды.

Әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуде бұл концепциялардың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі ықпалы ыждаһаттылықпен қаралып, жан-жақты шешіп алатын басты мәселелердің бірі болса, оның өзекті проблемалары профессор Т. Кәкішев еңбектерінде болашақ зерттеулерге негіз боларлықтай дәрежеде өз шешімін тапқандығын көруге болады. Сонымен қатар, ғалым ағамыздың соңғы жылдарындағы

еңбектерінде тек өзіне ғана тән қайсар батылдықпен айтып жүрген тың бағыттағы ой-пікірлері де бар. Ол – жетпіс жыл бойы маркстік-лениндік идеология мен әдәснама ықпалында жүргізіліп келген ғылыми зерттеу жұмыстарымыздағы жетістіктер мен кемшіліктерді жаңаша саралау проблемасы. «Өзірге тындырып жатқанымыз – кеңесті жамандау, коммунистік идеологияны даптау. Тіпті ауыздағына ие бола алмайтын даңғазашылдар «совет, кеңес, әдебиет, оның көркемдік әдісі – социалистік реализм болды» дегенге аузы бармайтыны былай тұрсын, естігенде шошып тік тұратын, іргесін алыс салатындар шықты», – деген пікірінде үлкен шындық жатыр. Кеңестік дәуірде жасалды екен деп ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің бәрін қате деп тапсақ, 1920 жылдардың бас кезіндегі пролеткультшылдықтың кебін киіп шыға келетініміз анық.

Әдеби сын баспасөз бетінде өмір сүреді. Сондықтан да әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Қазақ даласында «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902) газеттерінің шыға бастауымен бірге олардың беттерінде әдеби ой-пікірлер де көрініс тапты. Алғашқы аннотациялық, рецензиялық, әдеби шолу сипат-

ты мақалалар осы басылымдарда көріне бастады. Сыншылдық ой-пікірлер, әсіресе «Айқап» (1911-1915) журналы мен «Қазақ» (1913-1918) газеттерінде жандана түсті. Сынның жанрлық белгілерінің қалыптасу үстінде жаңа кітапқа рецензиялар, шолулар, мақалалар көрінді. Мысалы, журналда шығып жатқан кітаптар жайлы материалдар ұдайы беріліп тұрған. Журналда жарияланған Нұржан Наушабаевтың, Ғұмар Қарашовтың өлең жинақтары, С. Көбеевтің «Қалың мал» романы, эпостық жырлар жайлы рецензиялар жарық көрді.

1971 жылы жарық көрген «Сын сапарында» «Қазақ» газетіндегі сын жанрлары туралы сөз болмайтын. Кейін шыққан «Қазақ әдебиеті сынының тарихында» (1994) осы олқылықтың орны толтырылып, бұл басылым, онда жарияланған әдеби пікірлерді талдауға едәуір орын берілген. А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Ә. Бөкейхановтың, Р. Мәрсекөвтің, т.б. мақалаларының қазақ әдеби сынының дамуындағы үлкен мектеп, жаңа бағыт, биік белес болғандығы жан-жақты дәлелденген. Сөйтіп, алты алаштың туын көтеріп, мұңын мұңдап, жоғын жоқтап шыққан арыстардың әдеби ой-пікірлері алғаш рет осы еңбекте ғылыми тұрғыдан зерделенді. Сондай-ақ бұрындары «жабық» болып келген «Сарыарқа» газеті, «Абай» журна-

лы сияқты басылымдардағы сыни материалдарға да орын берілген.

Әдеби сынның дамуы көркем әдебиеттің дамуымен тікелей байланысты. XX ғасырдың басында дами бастаған қазақтың профессионалды жазба әдебиеті сыни ой-пікірлердің жандана түсуіне объективті алғышарттар жасады. Басылып шығып жатқан жаңа кітаптар жайлы пікір білдірген материалдар баспасөз бетінде жиілей түсті. Зерттеуші оларды құрылымдық, мазмұндық, мақсаттық ерекшеліктеріне қарай дәйектеме сын, жарнама сын, аннотация, оқушы хаты, рецензия, айтыс мақала, публицистикалық сын, проблемалық мақала, шолу, ғұмырнама, баяндама, сын мақала, зерттеу мақала сияқты жанрлық және формалық түрлерге жіктейді.

Сыншылдық ой-пікірдің дамуында, әсіресе Абай поэзиясының орынның атап көрсетеді. Абайтанудың алғашқы қадасы қағылған 1905 жылы «Семипалатинский листоктан», «Запискиден» (Семей) бастап, әсіресе К. Ысқақұлының мақалалары кеңінен сөз болады. Ұлы Абай поэзиясының өсер сынға өріс болғандығына назар аударады.

1917 жылы Қазан төңкерісі қазақ жеріне де көп өзгерістер әкелді. Жаңа заманмен бірге жаңа талаптар өз дегенін істей бастады. Қоғамдық өмірдегі бар мәселе таптық тұрғыдан шешілген тұстарда әдебиет майда-

нында сынға партиялық бағытты жүргізу міндеті жүктелді. Әдеби сын компартияның идеологиялық құралына айналып, әсіресе белсенділік танытқан кездерде көркемдік дамуға көмектесудің орнына үкім шығарушы қатал әміршіге ұқсап кетті. Көркем әдебиеттің құндылығын оның идеясына, онда ұсынылған ой, яғни жұмысшы табы, компартия, социализм мүдделеріне сәйкес келе ме, келмей ме деген тұрғыдан бағалағанда әдеби сында көптеген асыра сілтеулер мен солақай сыншылдық орын алды.

Жалпы, Т. Кәкішевтің қазақ әдебиетінің тарихындағы күрделі кезең саналатын жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы әдеби үдерістің жай-күйін жетік білгендігі осы дәуірдегі әдеби сын мәселелерін саралағанда анық көрінеді. Әдеби сынның әлеуметтік сипаты оны сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайлармен байланыстыра қарауды қажет етеді. Сол себепті де әдеби сын сол дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайымен тығыз байланыста қарастырылған. Әсіресе, Алашорда қозғалысы, оның Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев сияқты көрнекті қайраткерлерінің әдеби пікірлеріне кеңірек тоқталып, сыншылдық ойдың дамуындағы биік белес ретінде бағаланады.

Сондай-ақ С. Сейфуллиннің, М. Әуезовтің, Ә. Айсариннің, Ә. Бай-

ділдиннің, М. Көшекөвтың, Ж. Аймауытовтың, Ғ. Тоғжановтың, Т. Арыстанбекөвтың, Д. Ысқақөвтың, Ж. Сәрсенбиннің, К. Кемеңгерөвтің, Ш. Токжігітовтің, С. Садуақасөвтың, Ы. Мұстанбаөвтың, І. Қабыловтың, Ә. Мусиннің, Х. Жүсіпбекөвтің, М. Қайыпназарөвтың, Қ. Өтеповтің, Р. Уалиахметөвтің, т.б. сол кездегі әдеби процеске араласқан көптеген сыншылардың еңбектері талданылды. Аумалы-төкпелі заманда тұсаулы ғұмыр кешкен әдебиет сыншыларының қызметіндегі артық-кем түсіп жатқан тұстарын да жасырмай жайып салады.

«Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында халықтық сыншылдық эстетикалық көзқарасынан бастау алып жатқан халық ауыз әдеби мұраларынан басталып, қазақтың тұңғыш газет-журналдары – «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды баспа сөздердің сыни ой-пікірдің тууына игі әсерін жан-жақты талдап, зерттеумен қатар әр кезеңдегі әдебиеттің партиялығы, әдебиеттің таптығы тұрғысынан баға беру және әр түрлі әдеби ағымдар «тұрпайы социализм», «бірыңғай ағым теориясы», «пролеткультшылдық»-тардың арасындағы айтыс-тартыстар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындаумен құнды. Ғалымның ғылыми еңбектеріне тән сипаттың алғашқысы әдебиет пен

тарихтың жігі ажырамастай бірлікте көрініс табуы дер едік. «Қолындағы қаламы жылжып жерге түскенше, күймесіне үміт пен күдікті қатар жегіп жүре бергенді» арман еткен жас ізденуші ә дегеннен-ақ әдебиеттану ғылымындағы өз бағытын дұрыс таңдап, тап басып тани алған секілді.

Тұрсынбек Кәкішев – арзаннан олжа тапқысы келетін жандардан емес, түренді тыңнан тереңге салатын тегеурінді ізденістің адамы. Қазақ әдебиеттануында ғылыми дарынының құпия қуаты мен белшеден кешкен бейнетінің қуәсіндей өзі ғана ашқан әдеби өңір, біртұтас дәуір бар. Ол – бұл күнде ғылыми мектептің негізін қалаған көшбасшы. Сол көп еңбекпен келген зерттеулердің бір шоқтысы – ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет жайындағы ғылыми зерттеу еңбектері дер едік. 1920 жылдардағы қазақ әдебиеті – өте күрделі кезең. Өйткені, бұл кезеңде адамзаттық тарихымызда жаңа дәуір басталды. Әрбір жаңа қоғам өмірге келгенде оны қостайтын, қостамай, қарсы тұратын түрлі саяси күштерді туғызары хақ. Арғы бастауын ХХ ғасыр басынан алған жиырмамыншы жылдар әрі саяси партиялардың, әрі әдеби ағымдардың өзара айтысқан, тартысқан, аянбай майдандасқан кезеңі.

1920-1930 жылдар әдебиеті – ғалымның әрдайым айналып соғып, әр қырынан тынбай зерттеп келе

жатқан алтын қазығы. Бұл орайда «Октябрь өркені» – ғалымның осы кезеңге қатысты басты еңбегі болса, ұстазы – Е. Ысмайылов өз тұстасы М. Дүйсеновпен тізе қоса отырып жазған «Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірі» («Қазақ әдебиетінің тарихы», 3-том, 2 кітап) аталатын байсалды тарау, «Сын сапары», «Оңаша отау» ғылыми диалогиясының (қазақ әдебиеттану ғылымында мектеп қалыптастырған еңбектің) сүбелі бір тарауы, «Қызыл сұңқар», «Сәкен Сейфуллин» сынды сәкентануға айырықша үлес болып қосылған еңбектері, С. Шәріпов, Е. Бекенов, Ж. Тілепбергенов әдеби мұрасын жинақтау, алғысөз жазу үстіндегі ізденісі басты зерттеуді толықтыра түсерлік еңбектер. Осы толымды еңбектерді өзара салыстырып қарасаңыз «Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірі» объектісін тұтастыра қарастыратын шолу, «Октябрь өркені» – көркемдік әдіс, әдеби ағымдардың табиғаты мен тағдырын талдай қарастыратын зерттеу, «Оңаша отау» – кезең әдебиеттеріне белгілі бір жанр өзегімен қараудың әдеби үлгісі, түрлі портреттер – («Дәуір суреттері») жиырмамыншы жылдар әдебиетіне жекелеген дарындар тағдыры арқылы келіп, үнілу, зерттеу нәтижелері екенін көреміз.

Осы тұрғыдан келгенде, көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев

және XX ғасырдың жиырмамыншы жылдардағы қазақ әдебиетін зерттеуші өзге де ғалымдар еңбегі бүгінгі күн мүддесіне толық қызмет етеді. Бұл орайда, өзге ғалым еңбегі бір төбе де, әдебиетіміздің осы күрделі кезеңінде бар ғұмырын сарп етіп келе жатқан Тұрсынбек Кәкішев еңбегі бір төбе. Дәуір әдебиетіне түрлі аспектіде келіп, жан-жақты зерттеген ғалым еңбегі бірнеше ерекшелігімен дараланады.

1960 жылы «Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917-1929 жж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Осы зерттеу еңбегін Т. Кәкішев 1962 жылы «Октябрь өркені» атты монографияға айналдырады. Бұл кітап жас ғалымның өткір де толымды ойларының молдығына ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи мұрағаттық деректерді пайдалану, сөйтіп дәуір шындығын ашу үшін ғылыми ізденімпаздық жолға түсу мәселелерін күн тәртібіне қойды. Сан-салалы ғылыми ізденістердің нәтижесінде әдебиет тарихында өзіндік орны бар, бірақ әртүрлі себептермен айтылмаған, ұмтылуға жақын қалған есімдерді уақыт тозаңынан тазартып, әдеби айналымға әкеп қосты. Мәселен, Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов сынды дарындар жайында Т. Кәкішев арнайы мақала жазып қана қоймай, олардың еңбектерін

жинау, жариялау ісімен шұғылданады. 1957 жылы Саттар Ерубаевтың мұраларын түгелге жақын жинап, жеке кітап етіп шығарады. Оны толықтырып 1979 жылы екінші, 1994 жылы үшінші рет жариялады. 1959 жылы Сабыр Шариповтің екі томдығын Қ. Жармағанбетовпен бірлесіп шығарса, С.Шариповтің 100 жылдығына бағыштап 1982 жылы екінші рет жариялады. 1960 жылдан бастап С. Сейфуллиннің алты томдығын шығаруға белсене қатысып, 4, 5, 6 томдарын құрастырады. 1969 жылы Жиенғали Тілепбергеновтің «Ізбасар» атты таңдамалы жинағын шығарса, Елжас Бекеновтің «Дала қоңырауына» алғы сөз жазды.

Өз еңбегімен қатар өзгенің шығармаларын ескі газет-журналдардан тауып алып, оған қайтадан өмір беру, архив ақтару машығы ғалымның өзіне ғана емес, ғылымға да олжа салғанын көреміз. Ғалым зерттеулері әменде практикалық қажеттілікпен астарласып жатады. Профессор Т. Кәкішев қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ғылыми-әлеуметтік мәні зор іске белсене араласуда «Қазақ әдебиет тарихының» үшінші томының I және II кітаптарына арнаулы тараулар мен бөлімдер жазды. Екінші кітаптың жауапты редакторының бірі болды. Е. Ысмайылов, М. Дүйсенов үшеуі бірігіп СССР Ғылым академиясының М. Горький

атындағы дүниежүзілік әдебиет институты шығарған «Көп ұлтты совет әдебиетінің» алты томдық тарихының 1970 жылы шыққан бірінші томына тарау жазды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының ұжымы «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты еңбекті француз, ағылшын, керей тілдеріне аударуға ыңғайлап, «Санат» баспасына ұсынғанда басылманың жалпы редакциясын профессор Т. Кәкішев басқарды.

Т. Кәкішев тек әдебиет тарихымен ғана емес, бүгінгі әдеби процеске де араласып, ара-тұра сын мақалалар жазып қояды. Оның мақалалары өзінің ойлылығымен, өткірлігімен көзге түседі. 1967 жылы Т. Кәкішевтің көптен бері жазып, жұртшылықтан ризашылық пейіл көрген кейбір ғылыми-зерттеу және сын мақалалары «Дәуір» суреттері» атты монографиялық этюд түрінде жарық көрді. Дала дауылпазы С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин, С. Шарипов, Ж. Тілепберген, Е. Бекенов, С. Ерубаев жайындағы толымды ойларын уақыт тезіне салып, жаңғырта баяндауда. Сол жылы «С.Сейфуллин» атты кітапшасы да жарық көрді.

1968 жылы нақты тарихи-архивтік деректер негізінде жазылған «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркі басылып шықты. Оның

қазақ әдебиеті үшін жаңалық сипаты бары талай мақала, рецензияларда орынды аталды. Автор осы еңбегін бүкіл одақтық оқушы қауымға ұсыну мақсатымен өңдей де толықтыра өзгертіп, Москвадағы «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдардың өмірі» сериясымен 1972 жылы шығарды. Ол үлкен әдеби құбылыс болды. Өйткені совет еліндегі түркі тілдес халықтарының өкіліне арналған бірінші кітап екенін ескерер болсақ, онда Т.Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин» атты еңбегінің мән-маңызы өзінен-өзі айқындала түсері хақ. Бұл кітап Қазақстанда халық сүйіспеншілігіне ие болған дарындар, мемлекет қайраткерлері, ұлы ақындармен жазушылар жөнінде арнайы серия шығару қажеттігін анық аңғартты. «Жалын» баспасының «Өнегелі өмір» сериясының серкесі 1976 жылы шыққан «Сәкен Сейфуллин» болды.

Т. Кәкішевтің сәкентануға қосқан ең зор үлесі ақын өмірі мен шығармашылығының «ақтандағын» ашу болып табылады. Яғни ақын шығармаларының табиғатын тануға ең алдымен адамдық болмысын, азаматтық тұлғасын таныту арқылы жетуге ұмтылу. Осы жолда ақын жайлы зерттеуші терең үңіліп ізденудің нәтижесінде қайталанбас еңбектер туғызды. Ұлы Сәкенді қате бағалаудан арашалап, ақынның тарихтағы орнын айқындап берді.

Қазақ совет әдебиетінің 1920 жылдарын түбегейлі зерттеген, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық өмірбаянын жасады.

Сәкеннің ғұмырнамасын зерттеп, бастыру ғалым Т. Кәкішевке көптеген қиындықтар әкелген. Бірақ зерттеуші небір қиындықтарға төзе отырып, ғылымның сара жолына түскеннен бастап көздеген мақсаты тек тарих ақтаңдағында бір жақты болып қалмай, келер ұрпаққа жан-жақты сан қырларымен сәкентану ілімінің тек шындығын айтуды, бүркеленіп қалған, әлі де болса көлеңкелі жақтарымен совет үкіметінің идеологиясында тәрбиеленген буындар үшін ащы да болса шындықты ашып айтқан, ақын ғұмырнамасына арналған туындылардың заңды жалғасы ретінде бүгіндері жазушы қаламынан «Санадағы жаралар», «Ескірмейді естелік», «Тар жол тайғақ кешу тағдыры», «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан – Сәкен», «Сандалтқан Садақ», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), (2003) еңбектері туды. Атақты ғалымның 75 жасқа толуына байланысты жарық көрген «Мерей» аталатын екі томдық (2002) сүбелі еңбекте ғалым, сыншы, ұстаз тұлғасы барынша ашылған дей аламыз.

Т. Кәкішевтің ғалымдық тұлғасының ерекшелігі – өзінің зерттеу еңбектерінде аңызына түрен

түспеген тың салаларды нақты деректер негізінде індете зерттеуге құмарлығы. Міне сондықтан оның қаламынан туған дүниелерге ғылыми қауым да, шәкірттер әлемі де, әдебиетті қызықтаушылар да құлақ түріп отырады.

Қазан төңкерісі қазақ жерінде де көп өзгерістер әкелді. Ұлы дүрбелені мол жаңа замандағы жаңа талап та өз дегенін істей бастады. Қоғамдық өмірдегі бар мәселе таптық тұрғыдан шешілген тұстарда әдебиет майданында сынға партиялық бағыт басшылық жасап, әдеби сын Компартияның идеологиялық құралына айналып кете барды. Міне осының нәтижесінде көркем әдебиеттің құндылығын тек партия мүддесіне сай келе ме, жоқ па деген тұрғыда бағалағандықтан әдеби сында асыра сілтеулер орын алды. Бұл, әсіресе, кеңес өкіметі орныға түскен 1920-1930 жылдарда ресмилік сипат алды. Бұл кезде сын әдебиеттің дамуына пайдасын тигізбек түгілі, кері сәерін тигізді. Бір жағынан жер-жерлерде мектептер ашылып, жоғары оқу орындары, театрлар т.б. мәдени ошақтары ашылып, елді жаппай сауаттандыру жүріліп жатса, екінші жағынан, ұлттық сана-сезімінің оянуына құрсау салынып, халықты идеологиялық «жазалаудан» өткізуді міндет етіп қойды. Міне, осындай қарама-қайшылығы мол қилы кезеңде әдеби сынның

жай-күйін сараптауға арналған зерттеуші Т. Кәкішевтің «Оңаша отау» еңбегі 1982 жылы жарық көрді. Бұл еңбек нақты шындықтарды саралап көрсеткендіктен, заман талабына сай келмей, ұзақ жылдар бойы баспадан шықпады. Автор «идеологиялық талаптарға» сай келмейтін мәселелермен санасуға мәжбүр болды, соның салдарынан кейбір пікірлерін таптық сипатқа бұрмалады. Бұл еңбек саясат салқынына ұрынып, бірақ кемшіліктерге бой алдырғанмен де, 1980 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін 1920-1930 жылдардағы әдеби-саяси өмірдің көп шындығын ашып берді. Ал автор бұл мәселеге 1994 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиет сынының тарихында» қайта оралып, мүлде жаңаша көзқараспен жазды. Онда алғашқы кітапта айтуға мүмкіндік болмаған қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін алысып өткен алашшылдар жайлы шындықтар ашылып, олардың қазақ әдеби сынының тарихындағы сыншылдық ой-пікірлердің маңызды орны, лайықты бағасын алды.

Аумалы-төкпелі заманда тұсаулы ғұмыр кешкен әдебиет сыншыларының қызметіндегі артық-кем түсіп жатқан тұстарында жасырмай жайып салды. Әсіресе, ақиық ақын Мағжанның төңірегінде болған әдеби айтыс туралы жолдар көп шындыққа көз жеткізді. «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар – сын

додасында» атты тарауында қазақ поэзия әлемінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желіге ала отырып, оларға тағылған сындардың сырын ашады.

Өзінің бір кездегі Мағжан туралы біржақты пікірлерін «Мағжаншылдар мен жанжалшылдардың» құрбандығына қалмау үшін «Пенделік пиғылдық әсерін жоққа шығармаймыз, бірақ оның шешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абзал» деп ескертеді. «Мағжан – бірден жарқырап шыққан жұлдыз. Оның 1912 жылы алғашқы жинағының «Шолпан» аталуының символикалық мәні бар. Мағжан Шолпан болуға ұмтылды, ниет қылды және болды да, Елі, халқы үміт артты». Мағжан жайлы «ақтандақтарды» көрген ғалым ақынның өмірі мен творчествосынан емес, Мағжан туралы шындықты айтқан Ж.Аймауытов мақаласы мен өзге солақай сындардың өресін салыстыра отырып ашып береді. Мұндай мазмұндағы ізденістің жемісі мен жеңісі, әсіресе, қайта құру, жариялылық кезеңдерінде кеңінен өріс алды. Әдебиетші ғалымның бұрын бұғауда жатқан жарқын ойлары жарыққа шықты. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларына арналған ойлы да, мазмұнды мақалалары мен зерттеу еңбектері шындыққа сусап отырған оқырмандар жүрегіннің жылуы-



на бөленді. Т. Кәкішевтің көптеген публицистік мақалалары, ірі-ірі айтулы еңбектері «Санадағы жаралардан» арылып, арыстарымызды қатарға қосу, кейінгі ұрпақтарға танытуға арналды. Бұл бағыттағы айтулы еңбектері «Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982) сияқты қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жағдайларына қатысты қомақтылығымен лайықты бағасын алды.

Өзінің алғашқы ғылыми сапарында тың да соны соқпаққа түскен ғалымның қайта құру кезеңінде, әсіресе, өтпелі дәуір тұсында азаматтық әуені айрықша естілуде. 1988 жылы «Қағидаға айналған қателерді түзетейік» атты публицистикасы «Алаштың ақиқатын ашып айтайыққа» ұласып, 1992 жылы ұлттық намысқа шырақ жағатын «Санадағы жаралар» атты кітабы жарыққа шығып, ел-жұрттың алғысын алды. Радио-теледидардан айтқан жалынды сөздерін, конференциялардағы ащы да өткір ойларын қалың көпшіліктің ынта салатындайтынын жоққа шығармау керек. Әсіресе, қазақ тілінің тағдыры жайындағы күрестің бел ортасында жүргені Т. Кәкішұлының ғалымдық келбетін саналы азаматтығы мен табандылығы ажарлай түскені айдан анық. Тарих – жақсы болсын, жаман

болсын тарих, ол тек қана шындыққа сай бағалауы керек. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеуде профессор Т. Кәкішев айтқандай: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай берушілігіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық» [90, 290]. Бұл – қарапайым да ғажайып талант иесі Т. Кәкішевтің жүрекжарды пікірі.

1990 жылы қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасы құрылды. Оны алғашқы күннен профессор Т. Кәкішев басқарды. Азғана жыл ішінде сол кафедра жанынан «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» ғылыми тобы құрылып, оның құрамды бір бөлігі – «Қазақ диаспорасының рухани әлемі» шет елдегі қазақтардың фольклорлық, этнографиялық, музыкалық, материалдық байлықтарын зерттей бастады. Моңғолия мен Ирандағы қазақ диаспораларына барған экспедицияларды өзі басқарып, «Моңғолия қазақтары» деген жинақты дүниежүзілік қазақ қауымдастығына басып шығаруға ұсынды. Т. Кәкішевтің саяхатшылығының да ғибраты тағы

бар. Ол қай елде, қай қалада болмасын қазақ халқына, оның қайраткерлеріне қатысты деректерді іздестіретіндігі «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Жасампаз өлке» (1989) кітаптарымен көрінсе, Польша, Қытай, Иран, Түркия, Моңғолия, Франция сапарлары кезінде қазақ диаспорасының жай-күйімен байланысып жатады. «Жүргенге жөргем ілінетіні» Т. Кәкішев сапарлары анықтай түседі.

Сөзімізді түйіндей келе, зерттеуші Т. Кәкішевтің бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген айрықша еңбегін көреміз. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар, зерттеушінің ұлы азаматтығы, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін «ақтандақтар ақиқатын» ашудағы табанды күрескерлігі, шыншылдығы үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде көріне білді.

«Ел, халық тағдыры осындай тар жол, тайғақ кешулерге тап бо-

лып, толқыған тұстарда оның жоғын жоқтап, күйін күйттеген, әділдік, шындық іздеп шарқұрған шырғалаңға түскен, алда ағаларымыздың аяулы бейнелері жұртшылық жүрегінде... Міне, солардың тағдыр-талайы мен тарихын тірнектеп жүріп тірілткен, өнердегі ғана емес өмірдегі ерліктерін жарқырата жалғастырушы, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, сыншы, әдебиетші Тұрсынбек Кәкішұлының өмір өткелдері де туған халқының тіршілік тынысымен тұтасып жатады» деген зерттеуші пікірімен үндеседі.

Әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы саналатын әдеби сынның тарихын бір өзі зерттеп, жазып шыққан Т. Кәкішевтің еңбегі ғылыми ерлік деуге тұрарлық. Әрине, бұл істе Т. Кәкішев жалғыз емес, артынан ерген, жолын қуған шәкірттері бар. Қазақ әдеби сынының тарихи, теориялық мәселелері түрлі қырларынан жан-жақты зерттелген іргелі еңбектер жарық көре бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымында профессор Т. Кәкішевтің салған сынтанудағы сара жолы жалғасуда.

## Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Қазақ әдебиеті сыны тарихының дәуірленуі.
2. Әдеби сынның негізгі арналары.
3. Т. Кәкішевтің халықтық эстетика туралы ой-тұжырымдары.
4. Сын жанрларын жіктеудегі ғалым көзқарасы қандай?
5. Т. Кәкішев және 1920-30 жылдардағы әдеби сын тарихы.
6. Т. Кәкішев еңбектеріндегі ұлттық әдебиет тарихының мәселелері.
7. Т. Кәкішев және әдеби сынның әдіснамалық мәселелері.
8. Т. Кәкішев және сәкентану ілімі.
9. Т. Кәкішев еңбектеріндегі Алаш ақиқаты.
10. Т. Кәкішев әдеби көркем туындылары.
11. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі Т. Кәкішевтің ғылыми мектебі

### Негізгі әдебиеттер

1. Жүсіпова А. Қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселелері және Т. Кәкішұлының ғылыми ізденістері: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. – 127 б.
2. Кәкішев Т. К. Мерей. Ғылыми-библиографиялық жинақ. Екі томдық. / Алматы, 2002. – 1 т. – 633 б.
3. Смағұлов Ж. Қ. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
4. Кәкішев Т. Ескермейді естелік. – Алматы: Жазушы, 1994. – 432 б.
5. Кәкішев Т. Дәуір суреттері. – Алматы: Жазушы, 1967. – 172 б.
6. Кәкішев Т., Дүйсенов М. Ұлы Октябрь шуағы (Қазақ совет әдебиетінің алғашқы кезеңі). – Алматы: Мектеп, 1981. – 136 б.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
8. Кәкішев Т. Дәуір суреттері. – Алматы: Жазушы, 1967. – 172 б.
9. Кәкішев Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар. // Қазақ әдебиеті, 1994, № 34
10. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
11. Кәкішев Т. Сәбең өткелдері. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 320 б.
12. Кәкішев Т. Ұстаз мерейі // Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: Жазушы, 1984. Б. – 281-285.
13. Кәкішев Т. К. Қазақстан ғалымдарының биб. материалдар / Құр. М. М. Бегманова, т.б. – Алматы, 2004. – 153 б.

## V БӨЛІМ. Әдеби сын тарихы және ғылыми мектептер

14. Кәкішев Т. Дәуір дидары: Қазақ совет әдебиетінің өсу жолдары туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 304 б.
15. Кәкішев Т. Садақ (эссе). – Алматы: Жалын, 1986. – 264 б.
16. Кәкішұлы Т. Толғам. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 527 б.
17. Кәкішұлы Т. Сандалтқан «Садақ». – Астана: Фолиант, 2002. – 448 б.
18. Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1995. – 169 б.
19. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
20. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 34 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I, II том. – Алматы: 2008. – 646 б.
2. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-II том. – Алматы: Қазақ университеті, 1997, 1998.
3. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: 2009. – 560 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 2005-2010.
5. Ысқақұлы Д. Сынталқы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 416 б.
6. Ысқақұлы Д. Сынсонар. – Алматы: Рауан, 1994. 238 б.
7. Смағұлов Ж.Қ. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005. – 232 б.
8. Ысмайылов Е. КПСС ХХІ съезі қарарларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері // Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Ғылым, 1961. 19-44 бб.
9. «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және мәдени мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жәйі және оларды жақсарту шаралары туралы». Социалистік Қазақстан. 1957, 8 маусым.
10. Ысқақұлы Д. Сынсонар. – Алматы: Рауан, 1994. 238 б.
11. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: Фолиант, 2002. – 504 б.
12. Тоғжанов.Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда: Қазақстан, 1929. – 192 б.
13. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1961. 512 б.
15. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – А. – Алматы: Ғылым, 1998. 400 б.

## 2-ТАРАУ. Қазақ әдебиеттануындағы ғылыми мектептер

XX ғасыр қаламгерлерінің өзінің алдындағы да одан кейінгі де әдебиетке қарағанда қысқа мерзімде әдеби мұра қорына, көркем әдебиет дамуына, жанрларының ұлғаюына қосқан үлестері – өз өресінде биік шың болып тұрарлық мұра. Жалпы XX ғасыр – қазақ халқының тарихындағы күрмеуі көп, шешілмеген сауалдары мол, ұлт санасында қайғы-қасіретті іздер қалдырып, дегенмен болашаққа деген үмітін жандыруға жол ашқан, ірі саяси тұлғаларды тудырып, мәдени өркендеуге бастаған дәуір. Осы ғасырдағы әдеби-көркем шығармалар және ғылыми зерттеулер туралы тәуелсіздік алғаннан бері жазылып пайымдалған ғылыми, публицистикалық, әдеби, тарихи еңбектердің саны көп, сапасы әрқилы. Ал ол еңбектердің әдебиеттану ғылымында өз бағасын алып, жарық көрген жылдарының әдеби бағыттары мен әдіснамасын анықтап көрсетуге мүмкіндік беретіндігіне қоса, қазақ әдебиеттануында тарихнаманың өркендеуіне жол ашатыны анық.

Тарихта қаншалықты заман қыспағы болса да, кезең қаламгерлерінің шығармашылығын талдап, таратып, өзіндік ерекшелігін айқындаған әдебиетшілеріміздің арқасында қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі жеткен биігін көреміз. Дегенмен, әдебиеттануда көркем әдебиетті тудырушылардың есімдері қадап-қадап аталады да, оларды танып, өзгелерге танытуда ерен еңбек еткен әдебиеттанушы ғалымдардың есімдері қалтарыста қалып отырады. Осы кезең әдебиетін қарастырған ғалымдардың ғылыми тұжырымдамаларын жеке-жеке пайымдаудың арқасында әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолындағы әр жылдар әдебиеттануының ерекшеліктері мен концепциясын, сол жылдардағы әдебиеттанудың даму өзгешелігін саралауға мүмкіндік туады. Ол өз алдына әдебиеттанудағы ғылыми тәлім, дәстүр жалғастығы, ізденіс арналасытығы, мектептердің қалыптасуы сияқты мәселелердің түйіндерін шешеді. Бұларды талдау мен

сараптаудың небір үлгілерін, шығармашылық шеберханаларын көрсете алады. Бұл – әдебиет тарихы мен теориясының ілгері дамуына қолғабыс тигізіп, әдебиеттанудың арнасын кеңітпек.

XX ғасырда қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелеп жазуда кеңес дәуірі кезінде жасалған жұмыстар аз емес. Дегенмен, оларды қазіргі күн талаптарына сай қайта қарап, таразылау аса қажет. Өйткені, ол әдебиет тарихының ақиқат таразысына түсуіне сеп болмақ. Ол үшін ұлттық әдебиеттануда кешенді зерттеу саласын қалыптастырған ғалымдардың еңбектеріндегі басты концепциялар ғылыми мектеп негізін қалағанына сай сараланып, өз бағасын алуы шарт.

Уақыт пен кеңістік өлшемін ұлттық әдебиеттану ғылымына, оның тарихы мен дәуірленуіне байланысты қарастырар болсақ, оларға лайықты деңгейдегі ғылыми пікірдің кеңдігі, биіктігі, тереңдігі мәселесі туындайды. Бұл үш санат кез келген гуманитарлық ғылымдар саласының болмыс-бітімін танытады десек, артық айтқандық емес. Ал оларды ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихи өткен жолына сай таразыласақ, мән-маңызы жоғарылай түседі. Себебі, әр ұлт әдебиеті өзіне тән ғана ерекшелікпен қалыптасатын болса, оны тексеретін ғылым саласы да басқа елдің әдебиет туралы ғылымын

қайталамайтыны сөзсіз нәрсе. Әдеби мұраны игерудегі жалпы заңдылықтары мен зерттеу әдіс-тәсілдері ортақ болғанмен әр ұлт өз әдебиетінің тарихы, теориясы, сыны, библиографиясы, текстологиясы мен тарихнамасын тек өзі ғана тексереді. Бұл жерде әдебиеттану ғылымы белгілі бір дәрежеде жоғары елдің ориенталист-фольклорист және әдебиеттанушы ғалымдарының басқа ұлт әдебиетін зерттеген еңбектері сол елдің әдебиеттануына қосылған үлес болып табылмайтынын естен шығармаған абзал. Олардың зерттеулері сол өзі өкіл болып табылатын елдің әдебиеттануына қосылатын үлес болып табылады. Сондықтан тек ұлттық зерттеушілік таным-білік аясындағы ізденістерін белгілі бір дәрежеде саралап алған соң ғана барып әлемдік әдебиеттану табыстарына көз салатыны анық.

Ендеше қандай да болсын ұлт өзінің әдебиеттану ғылымы мен сынын тудыруда және қалыптастыруда әлемдік ғылыми-зерттеушілік әдіснамалық ізденістерден шет қалуы мүмкін емес. Қандай да болсын халықтың әдебиеттану ғылымы өзіне ғана тән ерекшелікпен туып-қалыптасатынын ескеретін болсақ, әлемдік ғылыми мектептер мен теорияларға қарама-қатысы анықталар еді. Себебі олар әдеби мұраларды зерттеуде өз кезінде кеңінен таралған әдіс-тәсілдерді қолдана отырғанымен, еш-

бір ұлттың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы басқадан үйреніп барып жасалмақ емес. Әдеби және фольклорлық мұраны жинап-жариялаудағы танымдық сипатта көрінетін қарапайым жұмыстардың өзі-ақ филологиялық мектептің әдіс-тәсілдерінің алғышарттары болып табылары анық. Егер әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, онда оның зерттеу бағыттары мен салаларына сай бірнеше түрлі теориялар мен ғылыми мектептердің қалыптасқанын байқар едік. Ең көп тарағандарын атасак: а) филологиялық мектеп; ә) эстетикалық догматизм мектебі; б) биографизм; в) мәдени-тарихи мектеп; г) тарихи салыстырмалық мектеп (компаративизм); д) психологиялық мектеп; е) психо-аналитикалық мектеп (фрейдизм); ж) формализм мектебі; з) социологиялық мектеп деген атаулармен белгілі. Ал теорияларға келетін болсақ, олар фольклортануда мифологиялық және ауысып алу теориясы деп аталады. Социализм дәуірі өз идеологиясы мен саясатының ықпалын жүргізу үшін маркстік-лениндік методология деген зерттеу әдістерін, социалистік реализм деген көркемдік әдісті қолдан жасап насихаттағаны да тарихи шындық.

Әдебиет туралы ғылым әдіснамасы әдебиеттанудың салыстырмалы түрде жас саласына жатады. Поэтика ерте кезде, әдебиет тарихы мен

әдебиеттерді салыстырмалы түрде қарастыру XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысында пайда болды. Ал әдебиеттанудың спецификалық белгілерін білу мәселесі және соған сәйкес оған тән зерттеу әдістерінің міндетін, анализді, баға беруді ғылыми анықтау – ғалымдардың назарын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ғана өзіне аударды.

Әдебиеттану әдіснамасының пәні мен міндеттерін түсінуде академик А. С. Бушминнің еңбегіне назар аударуымыздың маңызы зор. Ғалым әдебиет теориясы мен әдебиеттану әдіснамасының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Әдебиет теориясы мен әдебиет туралы ғылымның әдіснамасы бір-бірімен тығыз байланысты, дегенмен өздерінің қызметтерімен міндеттері тұрғысынан ерекшеленетін теориялық әдебиеттанудың екі бөлім немесе екі аспектісі ретінде қарастырылуы керек. Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің заңдарына және категорияларына қатысты болса, әдебиеттану әдіснамасы осы заңдар мен категорияларға сүйене отырып, нақты тарихи-әдеби процестегі олардың ғылыми зертеу принциптерін анықтайды.

Теория әдебиетке қатысты болса, методология тікелей әдебиет туралы ғылымға бағытталған. Әдебиет туралы ғылым тарихында, мәселен, мынадай бірнеше әдістер қалыптасқан: филологиялық, эстетикалық, фор-

мальдык, ғұмырнамалық, тарихи-салыстырмалы, социологиялық әдістер. Осы әдістердің әрқайсысына немесе олардың қандай да бір үндестігіне сәйкес ерекше мектептер немесе бағыттар туындаған. Осы әдіснамалық бағыттар кездейсоқ пайда болған жоқ. Олар басқаларынан бөлек алынған әдеби-көркем шығармашылықтың белгілі бір ерекшелігімен шығып отырды.

Ұлттық әдебиеттанудың ішкі салаларын анықтау үшін әлемдік ғылыми мектептер мен олардың ғылыми зерттеу жұмыстарындағы негізгі бағыттары, теорияларына тоқталу қажет.

**Филологиялық мектеп** әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихында XIX ғасырдың басында пайда болды. Филологиялық мектепті негізгі тіпті бір ғана ғылыми әдіс деп қабылдаған әдебиетшілер «әдебиет тарихы ескерткіштердің формальды жағын, оның эволюциясын мәдениет тарихының мазмұнының зерттелуін қалдыра отырып қарастыруы керек» деп ойлаған. Әдебиет ғылымының міндетін осылай түсінулеріне орай, филологиялық мектептің өкілдері өздерінің бар ынтасын мәтіндерді зерттеп, талдау тәсілдеріне аударды. Текстологиялық зерттеу толық түрде әлеуметтік анализ тәсілдерін ығыстырды. Кеңес өкіметі кезеңіндегі басты орында болған маркстік әдеби ғылымда филологиялық әдіс оның

тек қана жеке әдістерінің бірі болып табылады. Алайда көптеген бұрынғы филологиялық анализ тәсілдері оның практикалық қолданылу аясында өзінің мәнін сол кездің өзінде-ақ сақтады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының жеке ғылым саласы болып алғаш танылып, туу кезеңін бастағанға дейінгі сонау ертедегі түркі заманынан басталған тарихи алғы шарттар кезеңінде XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр ерекше орын алады. XVIII ғасырдың II жартысында қазақтың әдеби мұрасы туралы орыс саяхатшыларының қолжазбалары мен сипаттамалары болмаса мардымды жүргізілген жоқ, олардағы пікірлер таныстырмалық, түсіндірмелік мәнде болды. Алайда XIX ғасыр басынан қазақ жерін түгелдей жаулап алуды мақсат тұтқан отаршылдық саясат күшпен жүргізіле бастады да, қазақ елін зерттеуге мол мүмкіншілік ашылды. Осы отаршылдық саясат әкелген елеулі жаңалықтардың әсерінен қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-санасының өсуі, орыс ғалымдарының зерттеу саласындағы ыждағатты еңбегі оқу-білімге, мәдениет пен ғылымға деген ұмтылыс ұлттық интеллигенцияның алғашқы өкілдерін қалыптастырды. Олар орыс ғалымдарының жетекшілік бағыт-бағдары көмегімен әдеби мұраны игеру проблемасына араласа бастады.



Бірақ бұл кезеңде Ресейдегі әдебиеттану ғылымының алға озып кете қойғаны шамалы еді. Әдеби-теориялық ой-пікір поэзия саласында біршама өркендегенімен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде филологиялық мектеп пен тарихи-мәдени мектеп енді ғана аяғынан қаз тұра бастаған болатын. Оның өкілдері орыс әдебиеті тарихын зерттеу мәселесін көтеріп, әдеби мұраны игеру мәселелерін енді қолға ала бастаған еді.

Біздің ойымызша, қазақ фольклорын зерттеген орыс фольклористері осы мектептің әдеби мұраны жинау, жариялау, кітап етіп бастырып шығару, жазып алған нұсқаның варианттарын салыстыру және өңдеу, басқа тілге аудару, түсініктеме жазу секілді әдістерінің шеңберінде ғана жұмыс жасады. Олардың ықпалы әдеби мұраны игеру саласында жұмыс жүргізген қазақ зиялыларына тиіп, филологиялық мектептің ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде көрініс табуына себеп болды. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы филологиялық мектептің өкілдері секілді қазақтың алғашқы фольклористері де әдебиеттің қоғамдық құбылыс ретінде даму заңдылығы мәселесін назардан тыс қалдырды. Бұлар нақты көрініс табуға ұмтылған ұлттық әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге зерттеу жұмысын жүргізуге өте мол

материал дайындап берді. Филологиялық мектептің қазақ топырағынан шыққан өкілдерінің ұлттық әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолындағы сіңірген еңбегінің маңыздылығы да осында. Филологиялық мектептің өкілдері өздерінің бар ынтасын мәтіндерді зерттеп, талдау тәсілдеріне аударды. Текстологиялық зерттеу толығымен әлеуметтік анализ тәсілдерін ығыстырды.

Әдеби мұраны жинап-жариялаудағы алғашқы ізденістер мен табыстар қазақ зиялыларының әуелі түсіндірмелік-таныстырмалық сипатта пікір айтуын туғызды да, кейін ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге ұласты. Сондықтан XIX ғасыр соңына қарай көрінген қазақ фольклористерінің халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап-жариялаумен шұғылдануымен қатар, оны ғылыми тұрғыда зерттеу жолында еңбек еткен зерттеушілерді жатқызамыз. Бұлар филологиялық мектептің зерттеу әдіс-тәсілдерінен қарағанда **тарихи-мәдени мектепке** тән бағыттағы зерттеу талабына сай еңбек етті. Батыста француз ғалымы И. Тэн (1828-1893) негізін салған бұл мектептің зерттеу әдісі Ресейде академик А. Н. Пыпин (1833-1904) тарапынан қолдау тауып, әдеби мұраны зерттеуде тарихилық принципін басты негізге алған болатын.

Осы әдеби мұраның тарихилығы принципі Мұхамедсалық Бабажанов,

Б. Дауылбаев, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, О. Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, А. Құрманбаев, Д. Сұлтанғазин, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ә. Бөкейханов, Ш. Құдайбердиев және тағы басқалардың фольклортану саласындағы тарихи-этнографиялық мақалалары мен еңбектерінде көрініс тапты.

«В истории культурно-исторической школы был период неосознанных, стихийных тенденций, когда преобладала литературоведческая практика. Эта практика наметилась еще в трудах писателей и ученых XVIII века и характеризовалась двумя моментами. Прежде всего – это был интерес к древнему периоду отечественной поэзии. Второй момент – интерес к народному творчеству. Это был период собирания и издания материалов народного творчества: песен, былин, пословиц, поговорок», – деп жаза келе ғалым Л. М. Крупчанов бұл кездегі фольклорлық мұраны игеру белгілі бір ғылыми жүйедегі зерттеу әдісі бойынша емес, оның тәрбиелік және әдеби мәнін танытуға ұмтылатын жалпыламалық сипатта болатынын ашып көрсетеді [9]. Қазақ фольклористерінің алғашқы еңбектерінде фольклортану тура осындай дәрежеде көрініс тапты.

Жалпы әлемдік әдебиеттанудағы тарихи-мәдени мектеп те басқалары секілді өзіндік сипатпен пайда болды. **Мәдени-тарихи мектеп** әде-

биеттануда тарихтың әр түрлі аумақтарындағы эмпирикалық материалдың өзіне тартар байлығымен ерекшеленеді. Бұл мектеп мәдениеттің жалпы тарихын құруды өз алдына мақсат етіп қойды және фактілі куәландырудың құқығына байланысты осы мақсатқа әдеби құбылыстарды сипаттауды бағындырды. Зерттеушілердің мұндай бағыты қоғамдық, тарихи қозғалыстың басқа жақтарынан тарихи-әдеби процестің үлкен немесе кіші шектелуіне қатысты **филологиялық, тарихи-салыстырмалы немесе психологиялық мектептерге қарсы өзінің оң бағыттағы ролін көрсетті**. Бірақ көркем әдебиетті зерттеу – оның ерекшелігіне және оған тән маңызды қоғамдық рольге байланысты мәдени-тарихи мектептің өкілдерінің еңбектерінде өзінің жеке, өзіндік мәнін жоғалтып, жалпы тарихта жойылып кетті. Басқа жағынан алғанда, жалпы тарихи дамудың объективтік заңдылығы жөнінде және жеке түрдегі көркем әдебиеттің дамуы туралы ғылыми көріністердің болмауы мәдени-тарихи мектеп жақтаушыларын тарихи материалдардың эклектикалық жиналуына алып келді. Бұл – тарихилықсыз әдебиет тарихы.

«Францияда Ж. Ж. Руссо және Германияда Г. Гердер, Ресейде А. Н. Пыпин және тағы да басқалары әдебиет туралы ғылымның туу дәуі-

ріндегі ғұмырнамалық зерттеулердің, яғни биографизмнің, әдебиет тарихын ғылыми тексеруге апаратын жетекшілік ролін айрықша атайды. Биографизм негізінен аса дарынды тұлғалар туралы болады да, әдебиет тарихының кезеңдерін айқындайды» [91, 229]. Классикалық мұраны игерудегі ендігі бір қадам ақын-жазушылардың өмір жолын жазу арқылы шығармашылық мұрасына бару болды. Демек, біраз сөз ұлттық әдебиеттанудағы **биографизм мектебі** жайында қозғалады. Ұлт әдебиетінің тарихи даму жолына көз сала бастаған алғашқы қадамдарда ғұмырнамалардың, яғни биографизмнің танымдық сипаты – белгілі бір ақын-жазушы шығармашылығын, тарихи тұрғыда зерттеудегі жолашар боларлық маңызымен құнды. Орыс әдебиеттану ғылымында да әдебиет тарихына барар жолды Державин, Фонвизин, Пушкин туралы биографиялық очерктерден басталады деп санайтыны да сондықтан. Егер ғұмырнамалық сипаттағы мақалаларды әдебиеттану ғылымының туу дәуіріне әкелер жолдағы бір саты десек, ол XX ғасыр басында Абай ғұмырнамасын жазудан басталған үлкен жолға жалғасқан ізденістердің алғашқы соқпағы еді. Әрине, оларда сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дәрежесіне сай таныстырмалық, халық мәдениеті мен әдебиетіндегі орнына қарай

бағалаушылық көзқарас басым жатты. Бірақ мәселе – олардың ғылыми сапасында емес, ұлт әдебиетінің өкілі туралы тарихи танымдық бағыттың басталуын дәлелдеуінде.

XX ғасыр басында К. Ысқақов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен шығармашылығын танытуға деген талаптілек те анық көрінді. Сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерген және сыни мақаламен салыстыра қарағанда, бұла ғұмырнамалық негіздегі ғылыми-зерттеушілік сипаты нақты танылатын еңбектер. Сол себептен де ұлт әдебиетінің дарынды өкілдері Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаев шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалауда, әдебиет тарихындағы және мәдениетіндегі орнын белгілеудегі алғашқы қадам деп қарасақ, классикалық мұраны зерттеудің бастауы мен сара жолға апарар негізгі соқпағы Қазан төңкерісіне дейін-ақ көріне бастады деген тұжырымға келеміз. Себебі, әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі алғашқы еңбектердің ғұмырнамалық сипатта болуы заңды. Орыс сыншысы В. Г. Белинский «источник творческой деятельности поэта есть его духа, выражающийся в его личности, и первого объяснения духа и характера его произведений должно искать в его личности», – деп жазған

болатын. XX ғасырдың басындағы ғұмырнамалық зерттеулердің кейінгі әдеби-тарихи бағыттағы монографиялық еңбектерге жолбасшы болғандықтан, қазақ әдебиеттану ғылымын тудырудағы тарихи маңызы зор еді. Францияда Ж. Ж. Руссо, Германияда Г. Гердер, Ресейде А. Н. Пыпин және басқалары әдебиет туралы ғылымның туу дәуіріндегі ғұмырнамалық зерттеулердің, яғни биографизмнің, әдебиет тарихын ғылыми тексеруге апаратын жетекшілік ролін айрықша атайды. Биографизм негізінен аса дарынды тұлғалар туралы болады да, сол арқылы әдеби дамудың басты кезеңдерін айқындайды. Бұл – әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу проблемасына апарар бірден-бір жол. Сонымен қатар ақын-жазушылар ғұмырнамаларының жазыла бастауы, олардың шығармашылығына баға берілуі көркем шығарманы әдеби-теориялық тұрғыдан талдауға әкеледі.

А. С. Бушмин өзінің аталған еңбегінде әдебиеттанудағы келесі мектеп – **формализм мектебі** жөнінде былай дейді: «Бізде тек аздаған ғалымдар ғана біздің ғылыми әдіснамамызға формализмнің жау екендігін ашық қарсылық білдіруге тырысуда. Бірақ формальды концепцияларға деген ұмтылыс оған тән емес 1920 жылдардағы табыстарды жатқызуда кездесіп қалады.

...Тарихилық принциптен алыстау объективті түрді бір ғана нәтижеге алып келеді: формальды мектептің қара күйелі әдіснамасында ретроспективті реабилитация өтеді. Соңғысы өзінің нақты тарихилық түрінде емес, ағымдағы сәттің есебі бойынша, «жақсартылған» бейнеде көрінеді.

Әрине, толық түрдегі әдіснаманың қаншама қателігі болса да, жеке табыстардың болуы да мүмкін. Бірақ бұл табыстар кейбіреулер ойлайтындай әдебиеттанудың жалпы әдіснамасына емес, ең алдымен нақты поэтика сұрақтарын талдауға, стиліне, өлең техникасына зерттеу әдісіне жатқызылуы керек. Формалистер өнердің әлеуметтік негізделуіне назар аудармай, әдебиеттанудың міндеттерін формальды поэтика, тәсілдері зерттеу, көркем шығарманың технологияларымен шектеді. **Абстрактылы ойлайтын әлеуметтанушылар** өнер спецификасына назар аудармай, көркем әдебиетті және әдебиет туралы ғылымды әлеуметтанудың қосымшасына айналдырды. Екеуінің де әдіснамасы ғылыми емес, формализм мен тұрпайы социологизмді ақтау – марксизмнен бас тарту арқылы ғана оларды әдіснамалық бағыт ретінде қабылдауға алып келеді».

Ғалымның бұл мектеп жөніндегі ой-пікірлерімен дәлелдемелерінен біраз жайды ұғынуға әбден бола-

ды. Сондай-ақ маркстік әдіснамаға сай әрі сол кезеңге байланысты әдебиетті зерттеуші ғалым кенестік тұжырымдарға көп жағдайда өз жұмысындағы ой-пікірлерін бағындыруға мәжбүр болды деп ойлаймыз. Алексей Бушмин «Наука о литературе» еңбегінде әрі қарай былай дейді: «Бұл әдебиеттанудағы мектептердің өкілдерінің жеке табыстарын жоққа шығаруға болмайды, олардың жұмыстарында барлығы жарамсыз емес. Бірақ бұл құптарлық нәтижелер олардың таңдаған әдіснамасының дұрыстығын айғақтамайды. Олар әдіске тәуелсіз, кейбір кезде осы әдіс толық түрде дұрыс болмаса да, бақылаудың тар аумағында өзін жеке тәсіл ретінде ақтап, жоғарыда айтылғандай нәтижелерге жеткен» [5, 90].

Ғылыми мектептердің келесі бір түрі – **психоаналитикалық мектеп (Фрейдизм)**. Біз бұл мектептің қырсырын З. Фрейдтің «Психоанализге кіріспе» еңбегін қарастыру арқылы ұғынар едік. Зигмунд Фрейдтің «Психоанализге кіріспе бойынша дәрістер» кітабы оның әдеби еңбектерінің ішінде негізгі орынды алады. «Дәрістердің» бірінші және екінші бөлімі 1915-1917 жылдары жазылған. «Дәрістердің жалғасы» 1930 жылдарға жатады. Сондықтан да бірінші бөлімі Фрейд негізін құрған тұжырымдама, психоанализ әдісі мен теориялық принциптерді сипаттау, сондай-ақ психоаналитикалық зерт-

теулер нәтижесінде алынатын берілгендерді талдау тәсілдері ретіндегі ядро есебінде қарастыруға болатын мәселелерді қамтиды. Екінші бөлімі невроздың психоаналитикалық теориясының жалпы принциптеріне арналған. Ал үшінші бөлімі көпшілікпен, яғни сыншылармен де, Фрейдизмнің аспектілерімен де оның соңғы нұсқасының оралымы түрінде талданады. Батысқа аса зор әсер еткен Фрейд клиницистен әлеуметтанушы мен философқа, дүниетанымның негізін салушыға бірте-бірте белгілі бір Рубикон түріне айналды.

Фрейд үшін негізгі болып қоғамдық дамудың заңдары емес, адамдардың іс-әрекетін басқаратын иррационалды психикалық күштер болып табылады. Интеллект – мәңгі және жасырын соғыстың жағдайында болатын индивид пен әлеуметтік ортаға терең құрылған шындықтың активті бейнесінің құрамы емес, осы күштердің (иррационалды психикалық күштер) маскировкасының құрылғысы болып табылады.

Фрейд ХХ ғасырдағы идеализм өкілдері секілді өзінің зерттеуінің негізіне тарихтан тыс, өзгермейтін, биологиялық заңдылықтармен өмірі басқарылатын тірі ағза ретінде адамды қарастыру салынды. Бұдан бүкіл «фрейдистік» әдебиеттану бағытталған антитарихылық және антиәлеуметтік бағыттар туындайды. Ол адамзат психикасының мазмұнын

сондай-ақ әдебиет мазмұнын мәңгіге берілген қарапайым тұрақты психологиялық «комплексдердің» аздаған мөлшеріне жатқызылды. Мұндай «комплекс» болып Фрейд және оның ізбасарлары үшін «эдип комплексі» (бұл – сәбидің әкесіне деген санасыз түрдегі қызғанышы) және оған туыс басқа да комплекстер табылады. Олар өздерінің трагедиялық мәніндегі бастапқы, «жалпы адамзаттық» психологиялық қалыптасулар болып саналады. Фрейд үшін психика «элементтерін», «мәңгі» және ұсақ, бөлінбейтін бірліктерді солар құрайды. Міне, осы себептен, психолог пен әдебиетшінің міндеті болып мәңгіге берілген психиканың өздерімен зерттелетін күрделі құбылыстарының бөлінуі болып табылады.

Тарихи түрлілік пен күрделілік Фрейдтің өзгермейтін әдісінің қарапайым мен бір қалыптылығы, гениальды идеологиялық құрылымды невроздар мен басқа ауру психиканың патологиялық құбылыстарға жатқызылуы – 1900-1910 жылдардың өзінде Фрейдтің кейбір шәкірттерін оның әдісін «іштен» реформа жасауға талпынуға алып келді. Бірақ Фрейд әдісінің негізгі теріс жағы – адамзат психикасының мазмұнын тарихтан тыс, тарихилық константты биологиялық элементтерге деген талпыныс – ұстазымен келіспеген шәкірттерінде де өзгертілген жоқ. Бұған

нақты куә болып, К. Г. Юнгтың көзқарастары табылады. Айтылған жайттарға көз жеткізу үшін әлемге белгілі психиатр және психолог З. Фрейдтің тікелей еңбегіне тоқталу керек.

«Біз зерттеулерден бастайық. Оның нысаны болып аурумен байланысы жоқ, кез келген сау адамда байқалатын әрі жиі кездесіп, өзін көп қызықтырмайтын құбылыстар табылады. Бұл адамның қате іс-әрекеттері (Fechlleistungen) деп аталады: шатаса, қате айту (оговорки) – біреу бір нәрсе айтқысы келіп, бір сөздің орнына басқа сөзді қолдана айту; қате оқу (очитки) – басылған немесе жазылғанды басқаша оқу; қате есту (ослышки) – адам оған айтылғанды емес, керісінше, басқа, бұл жайтқа қатысы жоқ сөздерді есту» [92,119]. Ақынның қате айту (оговорки) немесе басқа қате іс-әрекеттерді көркем құрал ретінде қолдануы жиі кездеседі. Әрине, бұл өзінің қате жазған сөзін ақынның өзінің кейіпкеріне қате айту түрінде кейіннен қалдыру емес. Ол қате айтуды бізге бір нәрсені түсіндіргісі келеді және біз нені білдіретінін, нұсқап тұрғанын ойлануымыз керек: ол кейіпкердің шаршағанын немесе бей-жай күйде болуын нұсқағысы келіп тұр ма? Әрине, ақынның қате айтуды белгілі мәнге ие түрінде әрқашан да қолданады деу асырайтқан болады. Шындығында, ол мәні жоқ психикалық кездейсоқтық бо-

луы мүмкін және сирек жағдайда ғана ақын оны өзінің мақсатына қолдану үшін оған мән үстеуге құқылы. Сол себептен бізді қате айту жөнінде филолог пен психиатрдан гөрі, ақыннан көп естуіміз таң қалдырмайды» деген көзқарасты ұстанған ғалымның бағыты әлемдік әдебиеттану жаңа арна тудырды..

3. Фрейд осы көзқарасына орай көркем шығармашылықты талдауда психоанализдің негізгі өкілдерінің бірі О. Ранк бізге Шекспирдің «Венециялық көпес» драмасынан дәлмедәл үлгі көрсетіп берді. З. Фрейд ол туралы былай деп жазады: «Көркем мотивацияланған және техникалық нақ пайдаланылған қате айту – ақындардың қате іс-әрекеттердің механизмі мен мәнін жақсы білетінін және олардың тыңдаушыда да түсінілетін дәлелдейді. Шекспир «Венециялық көпесінде» (3-ші акт, 2-ші көрініс) біз соған тағы бір үлгі табамыз. Порция әкесінің еркіне сай, бақытты алған адамға ғана тұрмысқа шыға алады. Ол тек бақытты кездейсоқтықтың арқасында ғана өзі сүймейтін күйеу жігіттерден құтылады. Бірақ Порция өзіне ұнайтын Бассанионы кездестіргенде, бақытсыз бола ма деп қорқады. Ол оған бұл жағдайда оның махаббатына сенімді болуын білдіргісі келеді, алайда әкесіне берген антымен байлаулы.

Ақын таңғаларлық психологиялық тереңдікпен ісі келгенін, мең-

зегісі келгенін ашық айтқызады. Ол таңдау мезгіліне дейін ғана оны сүймейді, мәңгіге сүйетінін жасыруы керек еді, бірақ осы шебер тәсіл арқылы сүйген жігіті мен оған тілектестік білдірген көрерменді таңдау соңына дейін ауыр белгісіздіктен шығарады. Порцияның оның қате айтуының нәтижесінде бақытына ара тұрған жағдайдан шығып, өзінің қате айтқанының дұрыстығын түбінде растайды. Осылай медицинадан қашық ойшыл кейде өзінің бір ғана ескертуімен қате іс-әрекеттердің мәнін ашып, бізді түсіндірмені тыңдаудан құтқарады». Міне, Фрейд осындай мысалдардың негізінде оқырманды осындай әрекеттердің қайсысы да өзінің мәніне ие екенін, өзінің белгілі мағынасы бар екенін көрсетіп береді және субъектіде ұмтылыстар, тілектердің түсініле бермейтінін, бірақ шынайы екенін де айтады.

Орыс ғалымдары Ф. В. Бассин мен М. Г. Ярошевский өз мақалаларында: «Фрейдтің осы жалпы түсініктерінің көптеген және әр түрлі эпизодтарда ұсынылғанын және психоанализдің сыншыларында айтарлықтай қарсыласулар тудырмағанын айта кету керек» деп бағалайды. Сонымен, З. Фрейдтің ой-пікірлері әлемдік әдебиеттануда қандай өзіне көзқарас тудырды? Жалпы және клиникалық психология мен психотерапия, психиатрия аумағында ешбір интел-

лектуалды ағым мұндай баға беруде де, пікірталаста да Фрейд негізін салған ой-пікірлерге деген әр түрлі көзқарасты тудырмады деп нық сеніммен айтуға болады. Бір жағынан батыс еуропалық және американдық баспаларында Фрейд идеялары батыс адамның психологиясына Коперник, Дарвин, Эйнштейн ой-пікірлерінің әсіресе тең болғанын құптайтын көптеген мәліметтер бар. Д. Оурифи: «Батыста осы күндері шығып жатқан психология, философия және өнер туындыларының көбі белгілі бір деңгейде Фрейдизм белгісіне ие» десе, С. Цвейг: «Психоанализдің дәстүрлі сызбасы батыс мәдениетінің «қанына» енгені соншалықты, оның өкілдеріне оны елемегеннен гөрі, онымен ойлау анағұрлым оңай» деп жазады. Екінші жағынан, әр түрлі елдерде бірінші рангтың ғылымдары фрейдизмді сынайды және кейде оның әлеуметтанулық және медициналық негіздерінен толығымен бас тарта отырып, алыстауға тырысатыны факт болып қала береді. Осындай фрейдизмге түрлі көзқарасты немен түсіндіруге болады? «...Фрейдизмнің адам әрекетінің жасырын сарындары проблемасын шешуде (және клиникада да осы фактордың ролінде) алғашқы тұжырымдамалардың бірі болып табылуы – ақиқат. Бұл әдіспен адамның ішкі әлеміне, тілек пен міндет арасындағы қарсылыққа на-

зар аударылды... Фрейдизм терең рухани сұраныстарға (солай көрінуі де мүмкін) қарсы жүрді, яғни соны қолдады. Сондай-ақ Фрейд ой-пікірлерінде (бұл теорияның ерте кездегі қалыптасуында оның қызу жақтаушысы болғандардың жағынан да психоанализ теориясына қатынасты қиындатты әрі күрделендірді) ішкі қарама-қарсы пікірлер болды».

Міне, осы себептен фрейдизмге деген түрлі қатынас таңғаларлық емес. Қазіргі кезде бұл З. Фрейд негізін салған әдіске қарсы пікірлер айтылуда. Дәрігерлер мен медицина ғалымдарының біразы мұны қабылдамақ тұрмақ, мәнін түсіне бермейді. Өйткені мұнда күмән туғызатын мәселелер жетерлік деп ойлау керек. Ал әдебиеттанудағы ғылыми мектеп ретінде де жоғарыда айтылғандай екі жақты көзқарас тудырады.

Қорытындылай айтқанда, әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми мектептер ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуында аса зор рөл атқарады. Мәселен, қазақ әдебиеттануының жеке ғылым саласы ретінде қалыптасып, даму жолында филологиялық, ғұмырнамалық (биография), формализм, мәдени-тарихи, тарихи-салыстыру (компаративизм), эстетикалық догматизм, психологиялық, психоаналитикалық, социологиялық мектептер тарихи алғы шарт немесе дамытушы күш болып саналады. Осы мектептердің



әрқайсысына немесе олардың қандай да бір үндестігіне сәйкес ерекше әдістер мен бағыттар туындаған. Алайда ұлттық әдебиеттану ғылымында ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді осы ғылыми мектептермен байланыстылықта қарастыру жағы кенжелеп қалуда.

Әлемдік әдебиеттанудағы осы ғылыми мектептері мен ғылыми зерттеу жұмыстарындағы негізгі теориялары белгілі бір дәрежеде кез келген ұлттық әдебиеттануда орын алуын ғылыми заңдылық деп тану қажет. Бұл ғылыми мектептердің өзіндік ерекшеліктері, жаңашылдық сипаты мен кемшіліктері және олардың қазақтың әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолындағы, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдеби мұраны игеру саласындағы ізденістеріндегі көрініс табуы да сондықтан. Әдеби мұраларымызды ғылыми игеру жұмыстары мен зерттеуде осы теориялар мен мектептердің әдіснамалық тұрғыдағы бағыттарының қайсысы сирек, қайсысын жиі қолданғанымыз туралы ой толғайтын уақыт шын мәнінде жеткен секілді. Жалпы алғанда ұлттық әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері мүлде жабық жатыр демесек те, нақты қолға алынған жағдаяттары аздық етіп отыр. Ғалым атанып әдебиет туралы ұлттық ғылымда азды-көпті үлес қосқан әдебиеттанушылардың әрқайсының өзі

қалыптастырған ғылыми мектебі бар дей алмасaq керек. Егер де шын мәнінде ғылыми мектеп атауының түптөркініне үңіліп тарата баяндасақ, ұлт әдебиетін зерттеуде басты арнаға айналған бағыттарды ғана атау қажет.

Кешегі тоталитарлық-әкімшілік жүйеге негізделген коммунистік идеология заманында ұлттық әдебиеттану, оның тарихы мен дәуірленуі мәселесі Қазан төңкерісінен әріге бара алмағаны да белгілі. 1959 жылы өткен «Әдеби мұра және оны зерттеу» аталатын қазақ әдебиеті тарихының негізгі проблемаларына арналған конференцияны қорытындылар сөзінде М. Әуезов: «Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым біздің барлық мәдениетімізді тәрізді жас ғылым. Осында отырған көбіміздің жас кезімізде бұл ғылым басталар-басталмас қалыпта еді. Революциядан бұрынғы кез-кезеңдерін алсақ, онда қазақ әдебиеті мұраларын әдебиеттану ғылыми жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинауға арналатын. Ал, міне, бүгін «Қазақ әдебиеті тарихы» деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиеттану ғылымы туғанын көреміз. Кемшіліктері бола тұрса да біздің әдебиеттану ғылымымыз жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз» деген болатын [1, 359]. Ал Е. Ысмайлов болса «Қазақ әдебиеттануының тарихына көз жі-

берсек, оның негізінен екі кезеңді бастан кешіргендігін байқауға болады. Бірінші – үрену, идеялық, творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі, яғни қалыптасып, даму дәуірі» деген сипаттағы деңгейде ой толғаған болатын. Міне, осы екі пікір негізге алынғандықтан соның нәтижесінде 1960-1967 жылдар аралығында жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» көптомдығында ұлттық әдеби сын мен әдебиеттану ғылымы екшеуге түсіп кетті. Сондықтан 2, 3 томдарындағы «Әдебиеттану және сын» аталатын тарауларында шолу дәрежесінде қалуға мәжбүр болды. Оның өзінде таптық идеология қағидаларына сай келетін ғана зерттеушілік ой-пікір есепке алынды. Көркем әдебиеттегі ақын Т. Жороков айтқандай, «өзім де қумын ғой, Ұлы Октябрьден арғыға аяқ баспаймын» дегендей кертарпа көзқарас әдебиеттанудағы ғылыми зерттеу жұмыстарына да ауысып, тіпті тенденцияға айналып кете жаздады. Сондықтан «мүйізі қарағайдай» академик ғалымдардың ғылыми мектеп қалыптастыра алмағанының себепсалдарын олардың ғалымдық тұлғасынан емес, заман ағымынан іздеген абзал.

Бізде ғылыми мектептер ұғымын саналы түрде демесек те біл-

местікпен немесе пендешілікпен шатастырушылық орын алып отыр. Академик ғалымның жетекшілігімен қорғап ғылыми атақ алғандардың барлығы бірдей сол адамның ғылыми мектебінің шәкірттері деп танушылық бар. Шынына келгенде, бұл – қате тұжырым. Себебі ол әлемдік әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептердің қалыптасу үрдісі мен үдерісіне қайшы келеді. Себебі тек белгілі бір ғана бағыттағы ғылыми мектеп қалыптастыру үшін көкейкесті және кешенді мақсатта ғана зерттелетін проблемалардың қамтылуы керек. Яғни, сол ұлттық әдебиеттану үшін ортақ мақсат-мүддедегі, бір ғана бағыттағы зерттеулердің кендігі, биіктігі, тереңдігі танылатын болса ғана ғылыми мектептің дәрежесіне жете алады. Бұл ғылыми мектептердің туып-қалыптасуы үшін басты шарт.

Ұлттық әдебиеттануымызда осы проблема туралы алғаш пікір білдірген академик З. Қабдолов болды. Ғалым ҚазМҰУ-дағы қазақ әдебиеті кафедрасының ғылыми мектептер қалыптастырудағы үрдісін айта келе, бұл турасында: «Қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиет тарихы саласында өзі ашып тұрақтандырған үш түрлі ғылыми мектебін айрықша атап айтқан жөн» деп көрсетеді. Ал нақтылауға келгенде «Олардың бірі – қазақ әдебиеті тарихының көне және орта ғасырлардағы тарихы

(негізін қалаған профессор Б. Кенжебаев). Бұл мектеп бойынша басы Х. Сүйіншәлиев болып, Қ. Сыдықов, М. Мағауин, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаева секілді ғалымдар алпысыншы жылдарға дейін Бұқар жыраудан басталып келген қазақ әдебиетінің тарихын мың жылға әрі жылжытып, VIII ғасырдан бастау алғызды» деп жазады [93, 314]. Б. Кенжебаевтың өз тұсында керітартпа көзқарастағы кейбір тұстастарымен айтыса-тартыса жүріп қалыптастырған осы ғылыми мектебі шын мәнінде де ұлттық әдебиеттануда іргелі салаға айналып отыр. Ол егемендік алғаннан кейінде А. Егеубаев, Т. Еңсегенов, М. Иманғазиев, Қ. Сейітжанов және тағы басқалардың зерттеулерімен толықты. Ұлттық әдебиеттің арғы бастауларын анықтауда және сол кезеңдегі әдеби-мәдени байланыстар мәселесінде жаңашыл толымды бастамалар жасады. Енді оның жекелеген және ішкі проблемаларын ғылыми зерделеу мәселелері қолға алынып жатыр.

Негізінен әдебиет тарихының белгілі бір кезеңін санаулы адамдар ғана жасамайтыны – тарихи шындық. Үлкенді-кішілі әр дарын қадір-халінше қызмет етеді. Сол арқылы өз кезеңіндегі әдеби дамудың көркемдік процесіне, әр жанрдың өсуі мен келуіне үлес қосады. Ғылыми зерттеулерде олардың барлығы қамтылғанда ғана сол дәуір әдебиетінің

барлық болмыс-бітімі ашылады. Бұл тұрғысынан келгенде, Сәкен, Ілияс, Бейімбет мұраларының алды кітап болып шығып, шығармашылығы зерттеу нысанасына нақты алына бастаған 50-жылдардың ортасында ғылыми-зерттеушілік ой-пікір сол кезең әдебиетін жан-жақты тексеруге ұмтылыс жасап бақты. Міне, осы мақсатта, яғни 1920-1930 жылдардағы қазақ әдебиеті тарихын ғылыми тұрғыда сөз етуге тұрарлық барлық өкілдерін қамти отырып жүйелі тексеру деген жаңаша бағытта ой қозғаған Б.Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» мақаласы (1957, 25 қаңтар) кеңестік идеологияның саяси айып таққан ауыр соққысының астында қалды. Оны жариялаған «Қазақ әдебиеті» газеті жазаланды. Шындығында мақалада совет өкіметінің ірге тасын қозғайтындай ешқандай саяси немесе ұлтшылдық пікір жоқ еді. Тіпті 1937 жылғы «халық жаулары, ұлтшыл-фашист» атанғандардың бірде-бірінің аты-жөні де аталмаған. Керісінше, осы кезеңдегі кеңестік идеология талаптарына сай шығармалар жазып, қудалауға ілікпей, өз ажалынан өлген, яки соғыста оққа ұшқан Ш. Иманбаева, Е. Бекенов, А. Сегізбаев, С. Ерубаев, Б. Бұлқышев, А. Жұмағалиев, Р. Малабаев секілді ақын-жазушылар шығармашылығын зерттеу, қалдырған мұрасын жариялау, әдебиет тарихында алатын орнын белгілеу секілді дәуір талап

етіп отырған проблема көтерілген еді. Бірақ, бұлардың қатарында «алашордашылардың жақтасы болған, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгендіктен саяси сенімсіздікке ұшыраған» С. Садуақасовтың да аталуы қырағы көздердің назарына бірден ілікті. Кеңестік идеология бұл мақала үшін бұрынғыдай дау-дамай ұйымдастырып қаулы қабылдамағанымен, авторға қатаң ескерту жасап, газет редакциясын жазалауы арқылы әдебиеттану мен сынға тым еркінсі бермеу керектігін мықтап ескертіп, тізгіндеп қойды.

Міне, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің төңкерістен кейінгі әдебиет тарихын тексеру жолындағы әр түрлі деңгейдегі осындай ұмтылыстарды әдеби мұраны зерттеу мәселесіндегі әр қилы көзқарастарды бір арнаға салудың қажеттігін көрсетіп берді. Бұл 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастырып өткізуге басты себеп болды.

Бұл конференцияның қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихындағы маңызы туралы пікір айтқандардың барлығы да ғылыми-зерттеу жұмыстарына кедергі болып келе жатқан көптеген мәселелердің беті ашылғанын, біраз ілгері басу болғанын, қазақ әдебиеті тарихын жүйелі тексерудің жолға қойылғанын атап көрсетеді.

Біздің ойымызша, конференцияның басты бағыт-бағдары мен әдіснамалық жүйесі идеялық тұрғыдан дұрыс, партиялық тұрғыдан әділ болуы жоғарғы жақпен ақылдасып бекітілген. Оны С. Бәйішевтің «Халқымыздың әдеби мұраларын зерттеу мен пайдалану жайында» аталған кіріспе сөзінің және Е. Ысмайыловтың «КПСС ХХІ съезі қарарларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері» атты баяндамасының мазмұнынан көруге болады. Екеуі де маркстік-лениндік әдіснамаға сүйене отырғанымен, С. Бәйішевте кінәлау жағы басым түскен де, Е. Ысмайыловта ғылыми зерттеу жұмыстарында жіберіліп отырылған «кемшіліктердің» себебін ашып ақталу жағы көп.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда баяндаманың ең жаңашыл жері – қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесін сөз етуіне орай ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолына баға берілуі дер едік. Ғалым «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізінен екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші – үйрену, идеялық, творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасып даму дәуірі», – деп көрсетеді. Бұл – біз ғылыми қарастырып отырған тақырып тура-

лы бірінші айтылған пікір. Алғашқы кезеңінде фольклор мен әдебиет тарихының материалдарын жинау-жариялау процесін өткергені, оны зерттеуде айтыс-тартысқа да баруға тура келгені, оқулықтар жасау тәжірибесін бастан кешіргені, ол жолда маркстік-лениндік теориямен қарулана отырып, зерттеу жұмысында іс-тәжірибе жинақтауда ұлтшылдық-буржуазияшылдық көзқарастарға соққы беру арқылы жүзеге асқанын дәлелдеу мақсатында айтылғанымен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістері мен іркілістері тұңғыш рет сын таразысына түсті. Әсіресе осы ұлтшыл-буржуазияшыл көзқарастың зиянды әсерін ашу Е. Ысмайыловқа «Тұрпайы социологизм» мен «бірыңғай ағым» теорияларының қазақ әдебиеттануында орын алуын кенірек сөз етуге мүмкіндік берген. Конференцияда партияның көрегендік саясаты арқасында деп табылғанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір «тұрпайы социологизмнің» бет-пердесін ашуға қол жеткізді. Өйткені, партия мен кеңестік идеология өз қаулы-қарарлары мен нұсқауларында «тұрпайы социологизмді» қазақ халқының ұлттық мүддесіне қарсы шеберлікпен пайдаланып отырғаны даусыз шындық. КазАПП-тың әпербақандығы тұсында да, 1937 жылдың зобалаңы мен 1950 жылдың басында да «тұрпайы социологизм» маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің

таптығы, халықтығы қағидаларын бетке ұстап, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жақсы ізденістерін үнемі жоққа шығарып келгені оған дәлел. Бұған қоса конференцияда сынға ұшырағанымен, Дулат, Шортанбай, Шәңгерей және тағы басқаларының мұрасын бағалауда тағы да «тұрпайы социологизмнің» пайдаланылып отырылғанын айтсақ, сөзіміз дәлелсіз емес. Рас, баяндамада бұл теорияның ықпалындағы көзқараста болғандардан М. Қайыпназаровтан басқасының аты аталып, түсі түсетелмесе де ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуында, әдебиет тарихының жан-жақты зерттелуінде жасаған бұрмалаушылықтарына тұңғыш рет баға берілді. Сонымен қатар буржуазиялық көзқарастағы теория ретінде «бірыңғай ағымға» алғаш анықтама беріліп, «принципті түрде» сыналды. Ұлттық әдебиеттанудың туу, даму жолында осы теорияның орын алғандығынан, «жеке ақын-жазушылар творчествосындағы идеялық қайшылықтар батыл әшкереленбей келгендігіне» ерекше тоқталынды. Е. Ысмайылов «партиялық сын» тұрғысынан қарап, бұл теорияның М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев және тағы басқалардың, тіпті өзінің де еңбектерінде орын алғанын атап көрсетті. «Біз ешқайсымыз да осы теорияға әдейі, мақсат етіп барғамыз жоқ, әйтеуір әр халық, әр ел өзінің

әдебиет тарихын жасап отыр ғой, біз де сондай әдебиет тарихын қомақты етіп жасайық деген ізгі ниетпен кіріссек те қателесіп кеттік», – деп ақталуда әдіснамалық тұрғыдағы үлкен мән жатыр.

Ұлт әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірдегі жазба ескерткіштерден бастау керек деген Б. Кенжебаевтың үлкен білгірлікпен ұсынған жобасы қабылданбай қалды да, XVIII ғасырдың II жартысынан, яғни Бұқар жырау шығармашылығынан бері қарай ғана қарастыруды дәлелдеп баққан Қ. Жұмалиевтің концепциясы негізге алынып кетті. Қайта-қайта сөз алып, өз ұсынысын ғылыми талқыға салуға шақырған Б. Кенжебаевты қолдаушылар шыға қоймады. Тіпті М. Әуезовтің өзі қорытынды сөзде бұл мәселені айналып өтіп, қағыс қалдырды. Тек В. Сидельников қана ғалым көтерген мәселенің дұрыс екенін атай келе, шығыс славяндардың ертедегі мұрасының белорус, украин, орыс әдебиеттеріне ортақ екенін, оны кезінде Бертельс көтергенін, Б. Кенжебаев дер уақытында қозғап отырғанын атап өтті. Бірақ конференция қабылдаған шешімде қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қана зерттеу керек деген тұжырым қабылданды. Алайда өз әдебиеттерінің тарихына Қ. Яссауиді бірде қосып, бірде қоспай жүрген өзбек ағайындар ғалым ұсынған дә-

уірге бөлу жобасын көкейлеріне мықтап түйіп әкетті де, көп кешікпей ұлттық әдебиетінің негізін ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен бері қарай зерттеу жұмысын ертерек қолға алды. Қазақ әдебиеттануы біраз уақыт XVIII ғасырдан бергі дәуірді ғана қарастыруға душар болды, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиеттің қайнар бастауларына барлау жасауына шектеу салынды. Қ. Жұмалиев концепциясын бекітіп берген конференция қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді осылайша шала-шарпы қалдырды. Оған маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеологияның қағидаға айналған бағыт-бағдары да өз әсерін тигізбей қалмады.

Ұлттық әдебиеттану конференциядағы осы дәуірге бөлген қазақ әдебиеті тарихы кезеңдерінің өзін тұтастай және толық түрде жүйелі зерттеуді жолға қоюға қол жеткізе алмады. XIX ғасыр әдебиетінен Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындардың шығармашылығы сын тұрғысынан қарау керек деп табылып, жоғарғы мектепке ағартушылық, халықтық әдебиеттің керітартпа, ескішіл-реакцияшыл бағыттың осындай өкілдерімен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін ғана алынды. Сол секілді Ә. Күдері, Н. Наушабаев, XX ғасыр басындағы әдебиеттен М. Қалтаев, Ш. Құдайбердиев, О. Қарашев, М. Ж. Көпеев шығармашы-

лықтары да әдебиет тарихындағы қайшылықтарды жан-жақты ашып көрсету үшін ғана аталынып, шығармаларындағы идеялық мазмұн мен бағытты әлі де болса айқындау қажет деп атап көрсетеді. Бұл аталған ақындардың барлығын да орта мектепте оқыту қажетсіз деп табылды. Ағартушы-демократ ақын-жазушылардың мұрасы біршама зерттелгені ескеріле отырылып, керітартпа, діншіл бағыттағы ақындардың дүниетанымдық көзқарастарындағы қайшылықтарын ашу жолындағы зерттеу жұмыстары тез арада қолға алынсын деген байлам жасалды.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ХХ ғасыр басындағы әдебиеттен әріге бармауының себептері де бар. Б. Кенжебаев 1959 жылғы конференциядан соң іле-шала-ақ өз ұсынысын көпшіліктің ой-талқысына салу мақсатында «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады» («Қазақ әдебиеті», 1960, 22 шілде) деген ғылыми мәні зор мақаласын жариялаған болатын. Дайындалып жатқан II томның I-кітабында (1961) айтылады ғой деген тоқмейілсу көңіл ме, әлде даулы мәселеден қашқақтау ма, ғалым ұсынысын қолдаған бірді-екілі мақала болмаса, кең көлемде талқылауға ат салушылар шыға қоймады. Қ. Жұмалиев «Қате пікір қағидаға айналмасын» («Қазақ әдебиеті»,

1960, 29 шілде) атты қарсы мақала жазып, өз концепциясын қорғап қана қойған жоқ, әдіснамалық тұрғыда негіздеп тастады. Оны кейінде айтылғандай: «Шын ғылым айтыстан тұмақ. Осы тұрғыдан келгенде академик Қ. Жұмалиев әдебиеттануды кері кетірген жоқ, қайта әдебиетімізге негіз болған ежелгі жазба жәдігерліктердің тезінен зерттелуіне белгілі дәрежеде қозғау салды», – деп көлгірси бағалаудың жөні жоқ. Бұны біз кемелдене бастады дей отырғанымызбен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осы бағытта ізденістер жасауға мүмкіндігі бола тұрса да жан сала кіріспеген кемшілігін, әдебиетші-ғалымдардың «жоғарыға» жалтақтаудан аса алмағанын көрсету мақсатында айтып отырмыз. Міне, сондықтан да болар қазақ әдебиетінің тарихи курсы жасауға арналған монографиялар жазу кейіндей берді. Оған 1960 жылдары Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Ә. Дербісәлиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966) атты еңбектерден басқа монографиялардың болмауын айтсақ та жеткілікті.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды Б. Кенжебаев ұлттық әдебиеттану ғылымында ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиеттану ғылымында тарихи мектептің негізін қалаушы ретінде танылуға тиісті.

Әдеби мұраларды көне дәуірден бастап зерттеу идеясын алғаш көтеруші ғана деп емес, осы сала бойынша монументальды еңбектер қалдырып, қазақ әдебиеттануында өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Профессор Б. Кенжебаевтың жоғарыда сөз еткен еңбектерінің негізінде және қазақ әдебиетінің тарихының арғы бастауларын ғылыми тексеру жолында ғалымның жетекшілігімен қорғалған М. Мағауиннің «XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы» аталатын кандидаттық диссертациясы ұлттық әдебиеттің тарихын үш ғасырға алға апаруы шын мәнінде ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде үлкен жаңалық болды. Ғалым бұл бағыттағы ізденістерін өзінің ғылыми мектебіндегі шәкірттеріне жетекшілік жасау арқылы ыждахаттылықпен тереңдете түсті. Оған М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов, А. Қыраубасвалардың ежелгі дәуір әдебиеті тарихын зерттеу саласындағы ғылыми еңбектері мен зерттеулері дәлел. Бұл түркі халықтарының VI-XIV ғасырлардағы әдеби мұрасының ғылыми тұрғыда зерттеліп, әдеби-тарихи мектептің қалыптасуына себеп болып ғана қойған жоқ. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап Қ. А. Яссауи шығармаларына дейінгі ұшантеңіз классикалық мұраның халықтың рухани азығына айналуына жол ашты. М. Қашқари, Ж. Баласа-

ғұни, А. Игүнеки, З. Бабыр, Н. Рабғузи, Қ. А. Яссауи және т.б. еңбектерінің ұлт тілінде басылып шығуы мен зерттелуінің жан-жақты қолға алынуын қазіргі кездегі ұлттық әдебиеттанудың мол табыстарының бірі десек, артық айтпаған болар едік. Ұлттық әдебиеттану ғылымының білімпазы, атакты ғалым Б. Кенжебаевтың негізін қалаған ғылыми мектебінің шәкірттері ұлттық әдебиеттің тарихын тұтас толық және кешенді түрде зерттеуде тың бастамалар жасау жолында соны ізденістерге толы ұмтылыстар жасап жатыр.

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы «екінші мектеп (жетекшісі З. Қабдолов) бойынша әдебиет теориясының түбегейлі мәселелері кең зерттеліп, терең талданып, жоғарғы мектепке арналған оқулық жазылды» деп нақтылай келе З. Қабдолов: «Қазақ әдебиеттануының бұл саласы сонау А. Байтұрсынов еңбегінен (Әдебиет танытқыш) бастап, Қ. Жұмалиев (Әдебиет теориясы), Е. Ысмайылов (Әдебиет теориясының мәселелері) еңбектеріне жалғасатын. Соңғы кітапта (Сөз өнері) осылардың тәжірибесі пайдалана тұра, әдебиет теориясы бұрынғындай тек терминдер маңында ғана қисынқағида қалыптастырумен тынбайды, әдебиеттің ең бір өзекті теориялық мәселелері жазушының шеберлігі және әдеби шығармашылықтың психологиясымен тығыз байланыста



байыпталып, түбегейлі тексеріледі және талданады» деген пікір түйеді. Оған мысал ретінде Р. Нұрғалиев, Ж. Дәдебаев, Б. Майтанов, Б. Кәрбозов секілді әдебиетшілерді атайды. Негізінен автор тек өз кафедрасындағы ғалымдарды ғана атап отыр. Бұл тізім кейінде З. Ахметов бастаған теоретиктермен және А. Исмақова, Г. Пірәлиева, Е. Тілешов, К. Ахметов және басқа да есімдермен толықты. Әсіресе, ақыл – парасат азаттық алғаннан беріде Алаш арыстарының ғылыми және әдеби мұраларын зерттеуге мүмкіндік туғаннан соң бұл ғылыми мектеп барынша қанат жая өркендеу үстінде. Бірақта А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі мен 1920-1930 жылдардағы әдеби теориялық бағыттағы зерттеу мақалаларды ескере қарайтын болсақ, бұл екінші мектептің негізін қалыптастырған А. Байтұрсынов екендігіне дау болмаса керек. Оны жоғарыдағы пікірінде «осылардың тәжірибесі пайдалана тұра» деп З. Қабдоловтың өзі де жоққа шығармайды. Сондықтан ұлттық әдебиеттануда теория саласы бойынша ғылыми мектепті қалыптастырушы А. Байтұрсынов болды десек, ақиқаттың ауылынан алыс кетпес едік. Оған мысал ретінде кеңестік тоталитарлық жүйе ғылыми айналымнан шығарып тастағанмен «Әдебиет танытқыштың» Түркия мемлекетінде әдебиет теориясынан

бірден бір құрал ретінде пайдаланылып келгенін атасақ та жеткілікті. Біз еңбектің алдыңғы тарауларында А. Байтұрсыновтың әдеби-теориялық зерттеулерін жан-жақты қарастырғандықтан, қайталап жату артық санаймыз.

Егерде А. Байтұрсынов өз еңбегін жазғанға дейін ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір бұл салада мүлдем ізденіс жасаған жоқ десек, тарихи шындыққа қиянат жасаған болар едік. Ол, яғни, әдеби теориялық ой-пікір ізденістері, әр түрлі сипаттағы сыни және ғылыми ғұмырнамалық мақалаларда белгілі бір дәрежеде жүріп жатты. Мәселе А. Байтұрсынов өз еңбегін жазған уақытта бүкіл түркі әлемінде табан тірей басшылыққа алатын бірде бір ғылыми зерттеудің болмауында жатыр. Қалай дегенмен де А. Байтұрсынов Еуропа және Ресей әдебиеттануындағы теориялық қисындарға арналған зерттеулерді толық меңгергендігіне дау жоқ. Және қандай кезеңде десеңізші?! «Ұлтшыл-алашордашыл» атандырылған тапшылдардың кез келгені көзге шұқып отырған аласапыран заманда «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп келешекті ойлаған Ахаң ұлы емес пе! Ең маңыздысы сөз өнері туралы Аристотельден бері келе жатқан теориялық қисындар мен ұғым түсініктерге тек ұлт әдебиеті өкілі ретінде ғана қарауында жатыр. Қазір бір мақала жазсақ, он-

нан астам ғылыми еңбекке сілтеме жасауға дағдыланып алдық. Белгілі бір дәрежедегі өз пікірінді айтуың үшін белгілі ғалымдар еңбегінен цитат келтірмесен болмайтын ауруға ұшырадық. Өйткені, талап солай.

Ал А. Байтұрсынов өз еңбегінің «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» аталатын екінші бөлімінде жақшаның ішінде «нұсқалықтың 1 номерін қара» деген ескертпелер келтіріп отырады. Бұл – ахметтанушылар назарынан тыс қалып жүрген мәселе. Ұлт ұстазы осы «нұсқалықты қара» дей отырып, оның санын 1-ден 197-ге дейін көрсетеді. Сонда бұл нұсқалық деп отырғаны не нәрсе? Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқыштың» «Нұсқалық» аталатын хрестоматиялық қосымшасы болған. Тарата айтсақ, Ахаң сөз етіп отырған теориялық қисын бойынша мысал дәрежесінде алынған көркем шығарма мәтінін белгілі бір жүйеде топтастырып беріп отырған деп ұғу керек. Алаш арыстары алғаш ұсталғанда жоғалды ма, әлде қолды болды ма, ол жағы бізге беймәлім. Қалай дегенмен де осы «Нұсқалық» төңірегінде зерттеу жұмыстарын жалғастыру керек секілді.

Академик З Қабдолов ұлттық әдебиеттанудағы ендігі ғылыми мектеп «профессор Т. Кәкішевтің мектебі» деп көрсетеді. Оны: «Үшінші сала – әдеби сын. Бұл проблеманы басында профессор Т. Кәкішев бір

өзі жеке дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдебиеті сынының оқулығын (Сын сапары) жазып шықты», – деп нақтылайды. Қазіргі ұлттық әдебиеттануда қарышты қадамдар жасап отырған бұл ғылыми мектептің негізі профессор Т. Кәкішевтің «Сын сапары» (1972), «Оңаша отау» (1982) атты монографияларынан бастау алды. 1970 жылдарға дейін жоғарғы мектепте тек арнаулы курс ретінде оқытылып келген әдеби сын тарихы дербес жеке пән дәрежесін алды. Ғалым оны «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), (2003) оқулықтары, «Сандалтқан «Садақ» (2002), «Жанр жайлауы» (2007) және тағы басқа да аталатын зерттеулерімен толықтыра түсті. Жалпы алғанда проф. Т. Кәкішевтің кез келген зерттеу еңбегі ұлттық әдеби сын тарихының келелі мәселелеріне соқпайтыны жоқ десе де болады.

Тәуелсіздік алғаннан бері басқа қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар саласы сияқты қазақ әдебиеттану ғылымы өз бастан өткерген тарихи жолын жаңаша көзқараста саралап жатыр. Соның арқасында ұлттық әдебиеттануда сара бағыттар мен келелі тақырыптағы мәселелерді кешенді түрде зерттеген ғалымдардың да сіңірген еңбегіне баға беру жұмыстары қолға алынуда. Ал бұл

болса біздің әдебиеттануда ғылыми мектептердің қалыптасуы туралы пікірлердің айтылуына себепкер болды.

Алайда бізде ғылыми мектептер ұғымын саналы түрде демесек те білместікпен немесе пендешілікпен шатастырушылық орын алып отыр. Академик ғалымның жетекшілігімен қорғап, ғылыми атақ алғандардың барлығы бірдей сол адамның ғылыми мектебінің шәкірттері деп танушылық бар. Шынына келгенде, бұл – қате тұжырым. Себебі ол әлемдік әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептердің қалыптасу үрдісі мен үдерісіне қайшы келеді. Себебі тек белгілі бір ғана бағыттағы ғылыми мектеп қалыптастыру үшін көкейкесті және кешенді мақсатта ғана зерттелетін проблемалар қамтылуы керек. Яғни, сол ұлттық әдебиеттану үшін ортақ мақсат-мүддедегі, бір ғана бағыттағы зерттеулердің кеңдігі, биіктігі, тереңдігі танылатын болса ғана ғылыми мектептің дәрежесіне жете алады. Бұл – ғылыми мектептердің туып-қалыптасуы үшін басты шарт. Мерейтойлық баяндамалар мен мақалаларда асыра бағалап, көпірте мақтау ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кеңінен зерттеп бағалаған тұжырымы емес.

3. Қабдолов «Арна» (1988) атты еңбегінде проф. Т. Кәкішұлының ғылыми мектебі туралы: «Сынның

туу, қалыптасу тарихын зерттеуге Т. Кәкішев өзінің саналы ғұмырын түгел арнап келеді. Сарыла ізденіп, жалпы жұртқа беймәлім көл-көсір көп материалды түп-төркінінен қопарып, қағып-сілкіп, ақтарып-төңкеріп, екшеп-сұрыптап, даму тарихына арна болар өзек жасап, оның кемерін кейде сарғыш, кейде көгілдір (кейде лайсаң, кейде таза) толқынмен толтыруы және сол толқынды көп жағдайда бір өзі білек сыбана жалынан сүйреп, сонау жылап аққан жіңішке бастауынан мынау сарқып құяр кең сағасына қарай жылжытып әкеле жатуы – айтарлықтай үлкен еңбек», – деген сипаттағы алғашқы ойды түйіндей жазған болатын.

3. Қабдолов алғашқы екі ғылыми мектептің өкілдері деп елімізге танымал біршама әдебиетшілерді атаса, Т. Кәкішевтің ғылыми мектебіне келгенде ізбасарлары ретінде ешкімді атай қоймаған. Ал бұл турасында Т. Кәкішұлы өзінің «Толғам» (2004) атты кітабында: «Дандай Ысқақов «Қазақ сынының ғылыми негіздері, Жандос Смағұлов «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» деген тақырыпта менің ғылыми жетекшілігіммен докторлық диссертациялар қорғаулары, атақты сыншылар жөнінде еңбектер жазылуы, ізденістер жасалуы ғылыми мектептің іргесін бекіте түсері хақ» деп қарапайым қалпынан таймаған [94, 10]. Сондықтан оны толықтыруға

тура келеді. Бұл ғылыми мектептің шәкірттерінде Қ. Ергөбек, Д. Ысқақұлы, Ө. Әбдимаңұлы, К. Ахмет, А. Жүсіпова және жеке сыншылар шығармашылығынан қорғаған тағы басқалар бар. Ұстаздың қарағандылық шәкірттері Ж. Смағұлов, С. Жұмағұлов, С. Шакиров, Қ. Қалыбекова, Ж. Жұмагелдин, Б. Рахымберлиналар ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы мәселесін осы ғылыми мектептің жеке саласы ретінде дамыту жолында еңбек жасап жатыр. Бұған қоса Т. Кәкішұлының ғылыми мектебі қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудағы сәкентану және мұқановтану ілімдеріне байланысты өнімді қадамдар жасап жатқанын да атап айту қажет.

Бір кезде «қызмет істеуге қабілеті жетпейді» деген үкім шығарып, «қара шармен» жұмыстан қуған Ғылым академиясы қазір Т. Кәкішұлының сын мен әдебиеттану саласындағы ғылыми мектебінің зерттеу нысанының көкейкесті ғана емес, өміршендігін кеш те болса аңғарып отыр. Ғалым А. Ісімақованың табандылығы мен білгірлік басшылығы арқасында ғана академия «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) атты екі томдық еңбекті жарыққа шығарды. Бұлар тек Т. Кәкішұлының ғылыми мектебінің атақ-абыройы үшін ғана емес, барша қазақ халқының және әдебиет

туралы ұлттық ғылымның мерейін өсірген еңбектер болды десек, артық айтқандық емес.

Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоя білген А. Ісімақованың өзі «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі зерттеу еңбегін жазды. Онда: ...Біз болсақ, өзіміздің кеңестік білімімізбен ғылымға баяғы шектеулі көзқараспен қараудамыз. Осыдан он жыл бұрын қорғалған Ж. Смағұлдың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты докторлық диссертациясын құлатуға бар күшін салған бір ғалым ағамыздың әрекеттері еске түседі. Оның ойынша ғылым міндетті түрде үйреншікті кеңестік қалыппен жүруі тиіс. «Қолында билігі бар жеке адам ғылымға қиянат жасай алады» дегеннің осылай іске асуына куә болдық. Әрине, бұл ғалымсымақтың білімі жетіспей тұр деп дәлелдеу – біздің емес, уақыттың еншісі. 10 жыл бұрын қазақ әдебиеттану ғылымына төңкеріс жасаған Ж. Смағұлдың бұл еңбегін бүгін ғылыми қауым үн-түнсіз пайдаланып келеді» деген жүрекжарды пікір тарихи шындықтан алыс жатқан жоқ [95, 15]. Т. Кәкішұлының ұлттық масштабтағы мәні бар бастамасына кесе көлденең тұрушылар осы шәкіртінің ғана емес, ғалымның ғылыми мектебінің дамуына тұсау салды. Соның кесірінен қазақ әдебиеттануының библиографиясы, текстологиясы, тарихнамасы (историография) және әдісна-

малық мәселелері секілді салаларының қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстары он жылға кешеуілдеп қалғанын ашық айту керек. Мәселе кімнің ұтып, кімнің ұтылғанында емес. Бұл – қазақ әдебиеттануы бастан кешкен оқиға. Жоғарыда айтылған 1959 жылғы конференцияда өз концепциясын М. Әуезовтің беделімен өткізген Қ. Жұмалиев қазақ әдебиетін ежелгі дәуірден бастап зерттеу идеясын 10 жылға шегерді. Ал оны осы конференцияда естіп біліп кеткен өзбектер өз әдебиетін бірден VI ғасырдан сол 1960 жылдары-ақ бастап кетті. Сонда қазақ әдебиеттануынан басқа кім ұтылды!? Ал проф. Б.Кенжебаевтың ғылыми мектебінің іргетасы осы кезден басталғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Бүгінде осындай кешенді түрдегі зерттеу нысанына айнала бастаған ғылыми мәні зор тақырыпты «тұрпайы социологизм» теориясымен қаруланған өз қатарластарынан Т. Кәкішұлы қара үзіп шығып алғаш бастағанын әлі де мойындағысы келмейтіндердің бар екені өкінішті. Қазақ әдебиеттануында маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай ғылыми жұмыс қорғап атақ алғандар кейін сол кездегі тұжырымдарын өз әлдерінше түзетуге тырысқандарымен Т. Кәкішұлындай әлі де болса ағынан жарыла ақиқат айта қойған жоқ.

Тарих – жақсы болсын, жаман болсын тарих, ол тек қана шындыққа сай бағалауы керек. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеуде профессор Т. Кәкішев айтқандай: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай беруіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық». Осы ғылыми мектептердің қалыптасу жолындағы кеңестік идеология мен саясат ықпалынан болған кемшіліктер мен бір кезде қағидаға айнала жаздаған қате пікірлердің себеп-салдарларын анықтайтын мүмкіндікті ғасырлар бойы аңсаған егемендіктің арқасында ғана қол жеткенін ашық айту қажет.

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы осы үш ғылыми мектеп туралы ойын қорытындылай келе З. Қабдолов: «Қазақ әдебиеті кафедрасында туып-қалыптасқан әдебиеттанудың үш (тарих, теория, сын) саласындағы үш түрлі ғылыми мектебінің сыр-сипаты осындай», – деген ой қорытады. Бұған алып-қосарымыз жоққа тән. Негізінен алғанда, осы ғылыми мектептердің қалыптасу тарихын зерттеп-зерделеудің уақыты жетті.

### Тапсырмалар мен сұрақтар

1. Әдебиеттану ғылымының әдіснамасы.
2. Әлемдік ғылыми мектептер және олардың түрлері.
3. Филологиялық және биографизм мектептерінің әдістері.
4. Мәдени-тарихи мектеп және тарихи салыстырмалық мектептердің (компаративизм) әдіснамалық сипаты.
5. **Психоаналитикалық мектептің (фрейдизм) қағидалары.**
6. Қазақ әдебиеттануындағы ғылыми мектептердің өзіндік ерекшеліктері.
7. А. Байтұрсынұлы – ғылыми мектептің негізін қалаушы.
8. Б. Кенжебаевтың ғылыми мектебінің негізгі бағыттары.
9. Т. Кәкішев ғылыми мектебі және сын тарихы мен әдебиеттану **ғылымының мәселелері.**
10. Әдебиеттану ғылымының зерттелу тарихы.

#### Негізгі әдебиеттер

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1961.- 376 б.
2. Курилов А.С. Формирование русского литературоведения как науки. Москва: Наука, 1982. 50 с.
3. Фридендер Г. М. Методологические проблемы литературоведения. – Ленинград: Наука, 1984. – 238 с.
4. Машинский С. Классика и литературная наука. – Москва: Знание, 1970. 163 с.
5. Бушмин А.С. Наука о литературе. Проблемы, Суждения, Споры. – Москва: Современник, 1980. – 334 с.
5. Кәкішев Т., Смағұлов Ж. Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 30 б.
6. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. 448 б.
7. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
8. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
9. Ысқақов Д. Сын өнері. – Астана: Фолиант, 2001. 289 б.
10. Николаев П. и др. История русского литературоведения. Москва, 1980.
11. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции. – Москва: Наука. 1989. – 456 с.
12. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.

### Қосымша әдебиеттер

1. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті, Алматы: Ғылым, 1997. – 400 б.
2. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым, 1998.
3. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: Атамұра, 2008. 384 б.
4. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана: Күлтегін, 2002. 528 б.
5. Жүсіпова А. Қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау мәселелері және Т. Кәкішұлы ғылыми ізденістері. Фил. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. 127 б.
6. Төрекұлов Н. Профессор Бейсембай Кенжебаевтың творчестволық өмірі. – Алматы: Қазақ мемлекеттік университеті, 1974. – 64 б.
7. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ демократ жазушылары. – Алматы: Қазмембас, 1958. – 308 б.
8. Кенжебаев Б. Жиырмамыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті. – Алматы: ҚМКӘБ, 1961. – 120 б.
9. Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995. – 169 б.
10. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
11. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1992. – 350 б.
12. Жұмағұлов С. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. (1956-1991 ж.ж.). – Қарағанды: Гласир, 2008. – 551 б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Халқымыздың тарихындағы ежелгі дәуірінен бастап ояна бастаған әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің ғылыми-зерттеушілік сипатқа ие болу, ғылыми талдау принципіне орай кемелдену жолын қарастыру барысында біз қазақ әдебиеттануы өзінің ұлттық ғылым ретінде туу, қалыптасу жолында қиын да күрделі жолды бастан кешіргеніне көз жеткіздік. Көне жазба ескерткіштерді әдеби мұра ретінде бағалап алғаш хатқа түсірген кезеңнен басталған қадамдары тарихи сабақтастық принципіне сай өсіп-толысу, эволюциялық даму сипатында болғанын байқадық. Ол ХІХ ғасырға келгенде орыс ориенталист-фольклорист ғалымдарының еңбектерімен ғана шектелмей ұлттық зиялы қауым өкілдері Шоқан, Ыбырай, Абай, Әлихан, т.б. тұлғалары арқылы өзіндік мәнге ие болып, жеке ғылым саласы болып туу дәуіріне дейін жетуге мүмкіндік алды. Яғни, тарихи алғы шарттардан тұратын тарих алдындағы кезеңіне тән эволюциялық тұрғыдағы ояну, өсіп-жетілу кезеңін бастан өткерді.

Әдеби мұраны ғылыми тұрғыда игерудегі барлық талап-тілек пен әдіс-тәсілді меңгеруге дейін қол созған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ХХ ғасыр басынан бастап әдебиет тарихы мен теориясын зерттеуде, әдеби сынды тудыруда ғылымдық және эстетикалық биіктіктерге ұмтылды. 20-жылдары әдеби мұра керек пе, жоқ па деген мәселеде пролеткульшылдық нигилизмге қарсы күресе отырып, әдеби мұраны игеруде «бірыңғай ағым теориясының» оң бағытын пайдаланып, оны жинау, жариялау, ғылыми тұрғыда бағалау, дәуір талабына сай пайдалану, творчестволық үйрену секілді өзекті проблемаларды шешіп алды. Ал 1930 жылдары «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалындағы қателіктерге ұшырай отырса да, фольклор мен қазақ әдебиетінің сан ғасырлық даму жолын тарихи тұрғыдан тану, зерттеу және дәуірге бөлу секілді келелі мәселелерге батыл бара білді. Сонымен қатар, осы уақыт аралығы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін ғылыми-зерттеу әдіснамасын меңгеру, идеялық, шығармашылық принциптерді игеру кезеңі де болды. Ұлттық әдебиеттану



ғылымының туу дәуірі тап келген бұл мезгіл республика тарихындағы өте ірі оқиғалар мен орны толмас қателіктерге толы кезең еді. Халық ағарту ісінің жолға қойылуы, мәдениет орындарының ашылуы, баспасөздің өркен жаюы, зерттеу институттарының ашылуы т.б. әдеби-мәдени іс-шаралар әдеби мұраны игеруге қолайлы жағдай туғызғанымен, қызыл империяның құрылғаннан бастап қолға алған қанды қырғыны, ұлт саясатының бұрмалануы, жеке басқа табынушылық, маркстік-лениндік әдіснаманың тапшылдық, партиялық қағидалары кері әсер етті. Атап айтқанда, «ұлтшылдық-алашшылдарға» қарсы күрес қазақ әдебиеттануының ізашарларын, 37-жыл зұлматы тәжірибесі қалыптасып қалған әдебиетші-ғалым мамандарды, бүкіл ұлт зиялыларын түгелге жуық жазықсыз жазалап, қуғын-сүргінге ұшыратты, ғылыми жұмыспен еркін шұғылдануға мүмкіндік бермеді. Осындай қиыншылықтарға қарамастан, орны толмас құрбандықтарға бара отырса да қазақ әдебиеттану ғылымы соғысқа дейінгі 1900-1940 жылдар аралығында туу дәуірін аяқтады.

Кеңестік идеология мен маркстік-лениндік әдіснама қағидалары құрсауына ұшыраған қазақ әдебиеттануы 1940 жылдары бұрынғы ізденістерін жалғастыра отырып біршама жетістікке қол жеткізді. Қазақ әдебиет тарихын дәуірлеуде, жеке ақын-жазушылар шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеуде, фольклортану мен әдебиет теориясының мәселелерінде көңіл аударарлық соны қадамдар жасады. Бірақ, партиялық қаулы-қарарлар ұлттық мүддеге сай бағыт алған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге тағы да тоқтау салды, көрнекті әдебиетші-ғалымдарды қуғынға ұшыратты. 50-жылдардың орта кезінен басталған жаңа бетбұрыс жеке басқа табынушылықтың зардаптары мен бұрмалаушылықтарды түзете бастағанымен, қазақ әдебиеттануының ұлттық мақсат-мүддеге сай ізденістер жасауына еш мүмкіндік бермеді. Маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидалары, оның «тұрпайы социологизмді» ұтымды пайдаланып отырған саясаты, ұлттық нигилизмнің өріс алуы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің адымын аштырмады. Өйтсе де кеңестік дәуірдегі әдебиетті тексерудегі зерттеулер мен монографиялардың көбеюі, қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының шығуы, әдебиет теориясы мен әдебиет сынының зерттеу нысанасына алынуы, төңкерістен бұрынғы әдебиет тарихының ежелгі дәуірден бері зерттеле бастауы, тағы да басқа өзекті де көкейкесті мәселелерді шешіп алуы, қазақ әдебиеттануының қалыптасу дәуірінде қол жеткізген табыстары болды. Ұлт әдебиеті тарихындағы «ақтандақтарды» жоюға дейінгі жетістікке жетуі қалыптасу дәуірі үшін аз табыс емес еді. Біз мұны маркстік-лениндік әдіснама мен тоқырау заманындағы идеологиялық катал бақылауда болғандығын ескере отырып айтып отырмыз.

Қорытындылай айтқанда, XX ғасырда қазақ әдебиеттануының туу, қалыптасу дәуірлерін бастан өткеру барысында төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

– бүкіл түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірдегі әдеби мұраны игеруден басталған сыншылдық-эстетикалық, әдеби-тарихилық, әдеби-теориялық сипаттағы ізденістер ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дәрежесіне дейін көтерілді;

– әдеби мұраның өте мол қоры жинақталды, көптеген үлгілері жарияланып, жинақтар, көп томдықтар болып шығу арқылы қалың жұртшылықтың рухани азығына айналды;

– қазақ фольклортану ғылымы жеке сала болып онаша отау тікті, оның жазба әдебиетпен байланысы, кеңес дәуіріндегі фольклордың тарихи жан-жақты зерттеліп, түйінді тұжырымдар жасалды;

– төңкеріске дейінгі және одан кейінгі әдебиет тарихының көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылық мұрасы ғылыми тексеріліп, монографиялық тұрғыда тұтас және толық қарастырылды, абайтану, шоқантану, мұхтартану, сәкентану ілімдері қалыптасты. Алайда, «ұлтшыл-алашшылдарға» байланысты көзқарас әсерінен ұлт әдебиетінің біршама беттері «ақтандақ» күйінде қалды;

– әдебиетті теориялық тұрғыда зерттеу алға басты, бүкіл әлемдік теориялық ұғым-түсініктерді ұлттық сипатта меңгерумен қатар, жеке жанр түрлерінің туып-өркендеу жолдары маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай болса да жан-жақты сөз болды;

– қазақ әдебиетінің сыны жеке жанр ретінде қалыптасты, көркемдік дамудағы жетекшілік рөлі артты, эстетикалық өрелі биіктіктерге көтерілді, әдебиеттанудың жеке пәні ретіндегі кескін-келбетін анықтады;

– әдеби мұраны игеру мәселесіне сай ғылыми-зерттеу әдіснамасы, теориясы, тарихилық принципі біршама дұрыс шешілді;

– қазақ әдебиеті мектептер мен жоғары оқу орындарына жеке пән ретінде жүргізіліп тұрақты оқу құралдарымен қамтамасыз етілді;

– ғылыми-зерттеушілік ой-пікір кеңес дәуіріндегі әдебиетті теориялық, методологиялық тұрғыдан тексеруде, сыншылдық тұрғыда бағалауда бүкіл әлемге таныта алатындай дәрежеге көтерілді;

– кеңестік идеология мен маркстік-лениндік ілімнің әсерінен түрлі бұрмалаушылықтарға барған теріс тұжырымдарын түзетіп тарихи тұрғыда әділ, ұлттық сипатта дұрыс, ғылыми бағытта терең зерттей алуына кең жол ашты;

- ұлттық библиографияның туып, қалыптасу тарихы ғылыми зерделенді;
- қазақ әдебиеттану ғылымында ғылыми мектептер қалыптасты.

Сонымен, көне дәуірден алғашқы бастауларын алған қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің тарих алдындағы алғышарттарға сай өсіп-өркендеу және жеке ғылым ретінде туу, қалыптасу дәуірлерін бастан өткеріп, еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап даму және өркендеу жолындағы жаңа қадамдар жасауға бет алды. Егер әдебиет туралы ғылым өзінің сандық және сапалық мәніндегі сипатын өз тарихындағы бар-жоғын түгелдеп алғанда ғана толық таныта алатын болса, оның әлі де нақтылай тексеріле түсетін мәселелері аз емес. Олар, әрине, алдағы күннің міндеті деп ойлап, оқулықтағы зерттеу нысанасына алынған тақырыптар туралы көңіл аударарлық ой-тұжырымдар айта алсақ, алға қойған мақсаттың орындалғаны.

## ӘДІСТЕМЕЛІК ДӘЙЕКТЕМЕЛЕР

### 1. Реферат тақырыптары

1. Ш. Уәлиханов және әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері.
2. Фольклорлық мұраны игерудегі мифологиялық мектептің әсері.
3. XX ғасыр басындағы ұлт әдебиеті тарихы мен теориясының мәселелері.
4. А. Байтұрсынов және қазақ әдебиеттануының мәселелері.
5. Көркем әдебиет туралы 1920 жылдардағы айтыс және ұлттық таным.
6. Б. Кенжебаев және қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселелері.
7. Қазақ әдебиеті сынының әдіснамалық мәселелері.
8. Қазақ әдебиеті сынының зерттелу тарихы.
9. 1940-1950 жылдардағы қазақ әдебиеттануының әдіснамалық ізденістері.
10. Қазақ әдебиетінің көп томдық тарихындағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір.
11. 1970-1980 жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы және маркстік-лениндік әдіснама.
12. Қазақ әдебиеттануында көне дәуір әдебиетінің зерттеу тарихы.
13. «Абай жолы» эпопеясы және қазақ әдебиеті сыны.
14. Алаш әдебиеттануы.
15. Қазақ әдебиеттануындағы әдеби ағымдар туралы ұлттық таным.
16. Социалистік реализмнің теориялық негізделу тарихы.
17. Кеңестік идеология және қазақ әдебиеттану ғылымы.
18. С. Мұқанов және қазақ әдебиеті тарихы мәселелері.
19. Қазақ әдебиеті библиографиясының тарихы.
20. Қазақ әдебиеттануындағы текстология проблемалары.
21. Қазақ әдебиеті тарихының дәуірлену проблемасы.
22. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептер.
23. А. Байтұрсыновтың ғылыми мектебі.
24. Б. Кенжебаевтың ғылыми мектебі.
25. Т. Кәкішевтің ғылыми мектебі.
26. Қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі кездегі көкейкесті мәселелері.
27. Маркстік-лениндік әдіснама және ұлттық әдебиеттану.
28. Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының зерттелуі.
29. Т. Кәкішев еңбектеріндегі қазақ әдебиеттану ғылымы тарихы мәселелері.
30. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануы.
31. Қазақ библиографиясы тарихының зерттелуі.

- 32. Қазақ текстологиясының өзекті мәселелері.
- 33. Қазіргі ұлттық әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері.
- 34. Салыстырмалы әдебиеттану методологиясы.
- 35. Е. Ысмайылов – әдебиеттанушы ғалым.

## 2. Тест сұрақтарының үлгілері

**1. Қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы бастауы қай кезден басталады?**

- A. VI ғасыр;
- B. X ғасыр;
- C. XII ғасыр;
- D. XX ғасыр;
- E. VII ғасыр.

**2. Теориялық тұңғыш зерттеу авторы:**

- A. М. Қашқари;
- B. А. Құнанбаев;
- C. А. Байтұрсынов;
- D. Ж. Баласағұни;
- E. М. Қаратаев.

**3. «Өлең өнерінің қағидасы» трактатының авторы:**

- A. С. Бақырғани;
- B. Яссауи;
- C. Қашқари;
- D. Әл-Фараби;
- E. Ж. Баласағұн.

**4. Қазақ өлеңін алғаш жанрлық түрге бөлген кім?**

- A. Ә. Бөкейханов;
- B. Ш. Уәлиханов;
- C. А. Құнанбаев;
- D. Ы. Алтынсарин;
- E. Қ. Аманжолов.

**5. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді ғылыми арнада дамытушы:**

- A. Абай;
- B. Шоқан;
- C. Ыбырай;
- D. Ш. Ибрагимов;
- E. Ә. Бөкейханов.

**6. Қазақ әдебиеттануында ғылыми әдіс-тәсілдерді алғаш қолданушы:**

- A. Яссауи;
- B. Абай;
- C. Шаһмардан;
- D. Шоқан;
- E. Ә. Бөкейханов.

**7. Орыс ориенталист ғалымдары әдеби мұраға қандай көзқарас ұстанды?**

- A. Эстетикалық.
- B. Миссионерлік.
- C. Зерттеушілік.
- D. Танымдық.
- E. Теориялық.

**8. Ғылыми тұрғыда XIX ғасырда терең көңіл аударылған сала?**

- A. Фольклор;
- B. Әдебиет тарихы;
- C. Әдебиет сыны;
- D. Әдебиет теориясы;
- E. Эстетика.

**9. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірін ата.**

- A. VI ғ. – 1900 ж.;
- B. XIX ғасыр;
- C. XX ғ. I жартысы;
- D. XX ғасыр;
- E. 1920-1930 ж.

**10. Қазақ әдебиетін тарихи тұрғыда алғаш дәуірлеген кім?**

- A. Ә. Бөкейханов;
- B. А. Байтұрсынов;
- C. P. Мәрсекөв;
- D. M. Дулатов;
- E. C. Сейфуллин.

**11. 1920 жылдар басындағы төңкерісшіл ақын-жазушылар ұстанған ғылыми теория:**

- A. Тарихи.
- B. Пролеткульт.
- C. Тұрпайы социологизм.
- D. Маркстік-лениндік әдіснама.
- E. Формализм.

**12. 1900-1940 жылдарда қазақ әдебиеттану ғылымы қандай дәуірді бастан өткерді?**

- A. Туу;
- B. Қалыптасу;
- C. Даму;
- D. Жетілу;
- E. Өркендеу.

**13. Ұлттық әдебиеттануда әдебиет теориясы туралы іргелі еңбек авторы?**

- A. Қ. Кемеңгерөв;
- B. M. Әуезөв;
- C. A. Байтұрсынов;
- D. C. Сейфуллин;
- E. X. Досмұхамедөв.

**14. Пролеткультшыл «Қара тақтаға ілініп қалмаңдар, шешендер» мақаласының авторы:**

- A. Сәкен;
- B. Сәбит;
- C. Ғабит;
- D. Жүсіпбек;
- E. Мұқтар.

**15. ҚазААП қай жылы құрылды?**

- A. 1920;
- B. 1922;
- C. 1923;
- D. 1925;
- E. 1908.

**16. Төңкерісшіл ақын-жазушылар ұстанған қате теория:**

- A. Салыстырмалы әдебиеттану;
- B. Пролеткульт теориясы;
- C. Компаративизм;
- D. Бірыңғай ағым;
- E. Формализм.

**17. Ұлттық әдеби сынның тарихын дәуірге бөлуші, зерттеуші:**

- A. Т. Кәкішев;
- B. З. Қабдолов;
- C. Д. Ысқақов;
- D. Ә. Нарымбетов;
- E. С. Сматаев.

**18. «Бірыңғай ағым теориясын» жақтаушылар:**

- A. Алаш арыстары;
- B. Төңкерісшілдер;
- C. Футуристер;
- D. Тапшыл әдебиетшілер;
- E. Коммунистер.

**19. «Тұрпайы социологизм» қандай теория?**

- A. Қате;
- B. Дұрыс;
- C. Бір жақты;
- D. Негізсіз;
- E. Ғылыми.

**20. XIX ғасырдағы әдеби ағым?**

- A. Сентеминтализм;



- В. Зар заман;
- С. Символизм;
- Д. Классицизм;
- Е. Футуризм.

**21. 1920-1930 жылдары төңкерісшілдер ұстанған теория?**

- А. Тұрпайы социологизм;
- В. Символизм;
- С. Бірыңғай ағым;
- Д. Бұқарашылдық;
- Е. Халықшылдық.

**22. Алаш арыстарының әдеби мұраға ұстанған теориясы?**

- А. Пролеткультшылдық;
- В. Бірыңғай ағым;
- С. Тұрпайы социализм.
- Д. Тапшылдық;
- Е. Халықшылдық.

**23. Кеңес дәуірі әдебиеті ұстанған қағида?**

- А. Алашшылдық;
- В. Әдебиеттің таптығы;
- С. Бұқарашылдық;
- Д. Ағартушылық;
- Е. Әдебиет сыны.

**24. Алаш арыстары ұстанған негізгі бағыт?**

- А. Бұқарашылдық әдебиет;
- В. Әдебиеттің партиялығы;
- С. Әдебиеттің таптығы;
- Д. Бұқарашылдық;
- Е. Ағартушылық.

**25. Кеңес дәуірінде 1930 жылдан бастап ұстанған көркемдік әдіс?**

- А. Романтизм;
- В. Реализм;
- С. Сыншыл реализм;

- D. Социалистік реализм;
- E. Символизм.

**26. Абайды Ресей арқылы әлемге танытушы кім?**

- A. М. Ж. Көпеев;
- B. М. Дулатов;
- C. А. Байтұрсынов;
- D. Ә. Бөкейханов;
- E. М. Жұмабаев.

**27. «Қазақ» газетіндегі мақалалардағы басты ғылыми әдіс-тәсіл:**

- A. Биографизм;
- B. Климпаративизм;
- C. Формализм;
- D. Психологиялық;
- E. Филологиялық.

**28. Алаш арыстары 1920 жылдары ұстанған ғылыми-зерттеушілік теория:**

- A. Бірыңғай ағым теориясы;
- B. Пролеткульт;
- C. Тұрпайы социологизм;
- D. Маркістік-лениндік әдіснама;
- E. Формализм.

**29. «Тұрпайы социологизмді» теориялық негіздеген кім?**

- A. В. Ленин;
- B. К. Маркс;
- C. А. Луначарский;
- D. Л. Троцкий;
- E. И. Сталин.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961. – 376 б.
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. 448 б.
3. Николаев П. А. Предмет и принципы исследования // Возникновение русской науки о литературе. – М.: Наука, 1975. – С. 3-20.
4. Курилов А. С. Формирование русского литературоведения как науки. автореф. на соискание ученой степени док. фил. наук. – М.: 1982. – 50 с.
5. Бушмин А. С. Наука о литературе. Проблемы. Суждения. Споры. – М.: Современник, 1980. – 334 с.
6. Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Т.5. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 542 с.
7. Гришунин А. Л. Культурно-историческая школа // Академические школы в русском литературоведении. – М.: Наука, 1975. – С. 100-201.
8. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. 430 б.
9. Курупчанов Л.М. Культурно-историческая школа в русском литературоведении. – М.: Просвещение, 1983. – 777 с.
10. Әдеби мұра. (Құр. Ү. Субханбердина) – Алматы: Жазушы, 1970. – 256 б.
11. Чернышевский Н.Г. О поэзии. Сочинение Аристотеля. Полн. собр. соч. т. II. М.: Госиздат, 1949. – 944 с.
12. Академические школы в русском литературоведении. – М.: Наука, 1975. – 514 с.
13. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 560 б.
14. Ішкі хабарлар. Қазақ, 1914, № 44.
15. Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. – Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б.
16. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 290 б.
17. Қазақ. 1914, № 87.
18. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек. Қазақ әдебиеті, 1989, № 16.
19. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан. 1993. – 167 б.
20. Белинский В. Г. Полн.собр.соч. Т.VII. – М.: Изд. АН СССР, 1953. – 740 с.
21. Қазақ. 1915, № 113.
22. Борн И. М. Руководство к русской словесности. – Спб., 1808. – 133 с.
23. Пыпин А. Н. История русской литературы. Т.2. – Спб., 1902. – 170 с.
24. Айқап. 1913, № 19, 20, 22.
25. Нарымбетов Ә. Қазақ совет әдебиеті. Әдебиеттану мен сынның библиограф. көрсеткіші. 1917-1940. 1 т. – Алматы: Ғылым, 1970. – 352 б.

26. Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 367 б.
27. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 т. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1967. – 644 б.
28. Жыл құсы. 1928, №2. Б – 37-98.
29. Байтқарсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
30. Тоғжанов Ғ. Әдебиет мәселелері. Жаңа әдебиет, 1928, № 3-4.
31. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
32. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 300 б.
33. Садуақасұлы С. Әдебиет әңгімелері. Еңбекші қазақ, 1927, № 37.
34. Кеменгерұлы Қ. Көркем әдебиет туралы. Еңбекші қазақ, 1927, № 291.
35. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
36. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 175 б.
37. Сейфуллин С. Шығармалары. 4 том. Алматы: ҚМКӨБ, 1962. – 392 б.
38. Ғабдуллин М. Тыңнан түскен жол. Қазақ әдебиеті, 1965, 29 қаңтар.
39. Машинский С. И. Классика и литературная наука. – М.: Наука, 1970. – 63 с.
40. Қамзабекұлы Д. С. Садуақасұлы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 б.
41. Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы. Қазақ әдебиеті, 1989, 26 мамыр.
42. Қазақ әдебиеті, 1989, 27 қаңтар.
43. Казахская литература. Литературная энциклопедия. Т. V. – М.: Изд-во Коммунист. Акад., 1931. – С.18-22.
44. Еңбекші қазақ, 1926, 1 желтоқсан.
45. Еңбекші қазақ, 1927, 15 ақпан.
46. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 172 б.
47. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 200 б.
48. Ысқақов А. Мектепте ана тілі мен әдебиетті оқыту жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының міндеттері туралы. – Алматы, 1957. – 79 б.
49. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. – Қызылорда: Қазақстан, 1932. – 458 б.
50. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. – Қызылорда: ҚМКӨБ, 1935. – 72 б.
51. Мұқанов С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 т. – Алматы: Қазан, ҚМКӨБ, 1936. – 203 б.
52. Жолдыбаев М., Әуезов М. және Қоңыратбаев Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет оқу кітабы. 7-жыл үшін. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 192 б.

54. Сейфуллин С., Тұрманжанов Ө. Көркем әдебиет. – Қызылорда: Қазақстан, 1934. – 209 б.
55. Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: ҚБМБ, 1941. – 120 б.
56. Социалистік Қазақстан, 1938, 3 қыркүйек.
57. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдебиеті туралы. Әдебиет және искусство, 1940, № 9. – 57-67 бб.
58. Мұқанов С. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдебиеті туралы. Халық мұғалімі, 1941,
59. № 6, №8, № 9, № 11.
60. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихы туралы. Социалистік Қазақстан,
61. 1941, 15 маусым.
62. Орманбайұлы Ж. Қаракөз. Жыл құсы, 1928, № 2. – Б. 37-38.
63. Кемеңгерұлы Қ. Көркем әдебиет туралы. Еңбекші қазақ, 1926, №181.
64. Ақжол, 1925, 1 мамыр.
65. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. – 447 б.
66. Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліпбиі //Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 3-8 бб.
67. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
68. Пospelов Г. Н. Закономерности исторического развития литературы // Введение в литературоведение. – М.: Высшая школа, 1983. – 326 с.
69. Горький М. Романтизм және Жуковскийдің халықтығы туралы //Литературная критика, 1937, № 6.
70. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 330 б.
71. Троцкий Л. Литература и революция. – М.: Политиздат,1991. – 399 с.
72. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы,1970. – 352 б.
73. Тоғжанов Ғ. Абай. – Алматы-Қазан: ҚКӘБ. 1935. – 161 б.
74. Зеленский К. Поэзия как смысл. – М.: Федерация, 1929. – 223 с.
75. Литературная газета, 1936, 15 март.
76. Советское литературоведение за пятьдесят лет. – М.: МГУ, 1967. – 555 с.
77. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мәселелері. – Алматы: ҚБМБ, 1941. – 56 б.
78. Исмайылов Е., Бекқожин Қ., Айтмұқанов С., Сейітов С. Қазақ совет әдебиеті. Орта мектепке арналған оқу құралы. 4-бөлім, 10 класс үшін (редакциясын басқарған Е. Исмайылов). – Алматы: ҚБМБ, 1942. – 191 б.
79. Исмайылов Е. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы, ҚБМБ, 1946. – 220 б.
80. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдебиеті туралы. Әдебиет және искусство, 1940, № 9. – 57-67 бб.

## Пайдаланылған әдебиеттер

81. Авторханов А. Загадка смерти Сталина (исследования). Подвиг. Спб. – М.: Прибой, 1992. – С. 5-16.
82. Әдебиет және искусство, 1947, № 2. – Б. 1-12.
83. Қабылов І. Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны. Ақиқат, 1992, № 12.
84. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы. Әдебиет және искусство, 1951, № 7. – 64-65 бб.
85. Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1951, № 5. – 18-26 бб.
86. Әдебиет және искусство, 1951, № 12. – 89-96 бб.
87. 40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 400 б.
88. Кәкішев Т. Ескірмейді естелік. – Алматы: Жазушы, 1994. – 432 б.
89. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1958. – 512 б.
90. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 400 б.
91. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 193 б.
92. У. Субханбердина. Дала уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1996. – 569 б.
93. Кәкішев Т. Мерей. Ғылыми-библиограф. жинақ. Екі томдық. – Алматы, 2002.
94. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
95. Фриндлендер Г.М. Методологические проблемы литературоведения. – Л.: Наука, 1984. – 237 с.
96. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1992. – 350 б.
97. Т. Кәкішұлы. – Толғам. Алматы: Қазақ университеті, 2004.
98. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.

*«Жоғары білім» сериясы*

**Жандос Қожахметұлы Смағұлов**

**XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ**

*Оқулық*

Репозиторий Қарғу

**Редакторы** Айгүл Абдрахманова  
**Техникалық редакторы** Эльмира Заманбек  
**Көркемдеуші редактор** Жеңіс Қазанқапов  
**Дизайнері** Вячеслав Козлов  
**Корректоры** Назгүл Бимағанбетова  
**Компьютерде беттеген** Динара Канапинова

Басуға .10.17 қол қойылды.  
Пішімі 70x90  $\frac{1}{16}$ . Қағазы офсеттік.  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 30,0.  
Тапсырыс № . Таралымы дана.

«Фолиант» баспасы.  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13  
«РЕГИС СТ-Полиграф» баспаханасында басылды